

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Оқулық

11

Қоғамдық-гуманитарлық
бағыт

Шартты белгілер:



– автор түсіндірмесі



– негізгі мәтін



– сұрақтар мен тапсырмалар



– оқырман ойы



– оқырман пікірі



– оқырман сыны



– жеке жұмыс



– жұптық жұмыс



– топтық жұмыс

Құрметті оқушылар!

Бұл оқулықта сендер ұлттық әдебиеттің ХХ–ХХІ ғасырлардағы жауһарлары – Сәкен Сейфуллиннің «Сыр сандық», Ілияс Есенберлиннің «Қаһар», Асқар Сүлейменовтің «Бесатар», Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы», Смағұл Елубайдың «Жалған дүние», Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы», Тұманбай Молдағалиевтің «Бауырлар», Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы», Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» шығармаларымен танысасыңдар. Көркем шығарма арқылы эстетикалық сұлулықты бойларыңа жинақтап, қазақ халқының әр дәуірдегі көркем шежіресін жасаған туындыларды оқи отырып, өткен тарихымыз бен бүгүніміз туралы пайымдайтын боласыңдар. Өлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың көркем бейнеленуіне сыни тұрғыдан баға беруге бейімделесіңдер. Қаламгерлердің туындылары арқылы ұлттық әдебиеттің жеткен биігін бағалауға қадам жасайсыңдар.

Әдебиет пәнінің мақсаты – ой-өрісі дамыған, көркем шығармадан түйгендерін өмірмен ұштастыруға қабілетті, алған білімдерін көркем тілмен жеткізетін, ойын әдеби нормаларға сай еркін жазатын, өз бетінше шешім қабылдай алатын, эстетикалық деңгейі, адамгершілік ұстанымы жоғары тұлға қалыптастыру. Шығарманы идеялық жағынан мазмұндас өлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдауға, сыни тұрғыдан бағалауға дағдыландыру. Поэзиялық шығарманы проза тілімен, прозалық шығарманы драмалық шығарма тілімен жазуға үйрету.

Әдебиет пәнінің міндеті – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды ғаламдық мәселелермен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан шешіп, заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетаным қалыптастыру. Көркем шығармалардан алынған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолданып, алған білімдеріңді өлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын жазуға баулу.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасына сәйкес жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы кешендерімен (Хрестоматия, Әдістемелік нұсқаулық) бірге берілген. Әдістемелік нұсқаулықта мұғалімге арналған ұзақмерзімді, ортамерзімді және қысқамерзімді сабақ жоспарларының үлгісі мен белсенді әдіс-тәсілдер ұсынылған. Сондай-ақ, көркем шығарманы талдау жолдары, сыни мақала жазу үлгілері, графикалық органайзерлерді қолдану аясы және бөлім бойынша жиынтық бақылау жұмыстары берілген. Хрестоматияда оқытылатын көркем шығармалардың мәтіндері жинақталған. Көлемді шығармалардан ықшамдалған үзінділер берілген. Сонымен бірге қаламгерлердің басқа да туындылары қосымша ретінде ұсынылған.

Іске сәт, оқушылар!



Бұл бөлімде:

✓ С.Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңімен танысып, шығармадағы көркем құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдап, автор стилін анықтайсыңдар;

✓ І.Есенберлиннің «Қаһар» романын оқып, әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдайсыңдар, кейіпкерлер жүйесін жинақтау, даралау арқылы өмір шындығын көрсетесіңдер;


✓ А.Сүлейменовтің «Бесатар» повесімен танысып, көркем туындының тарихи және көркемдік құндылығын бағалап, ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып сыни баға бересіңдер;

✓ шығармалардың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра отырып әдеби сын, әдеби эссе жазасыңдар.

Әдебиет – тарихтың көркем шежіресі. Қаламгер өзі өмір сүрген дәуірді, не болмаса ұлттың сан ғасырлық тарихын зерделей отырып, халық басынан өткен тарихтың өздерін мазалаған өзекті мәселелерін көркем шығармаларына негіз етеді.

Тарихи құжаттар мен мұрағат деректері жеткіліксіз болған жағдайда, атадан-балаға ауызша жеткен аңыз-әңгімелерді пайдаланып, тарихи шындықтан көркем шешім жасайды. Ұлт тарихынан үлкен орын алатын тарихи оқиғалар арқылы әдебиетке ұлттық қаһармандар келіп, қазақ әдебиеті күн санап хандар мен бишешендер, батырлар мен баһадүрлер образымен толығыда.

«Тарихтың шертіп пернесін» атты I бөлім оқытылатын туындылар арқылы тарихтан сыр шертеді.



СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН¹

(1894–1938)



Сәкеннің жалғыз ғана арманы – қорлық көрген халықтың туын ұстап, әділдік жолын іздеп, бостандық, кеңдік, байтаққа күн-түн қатып жету еді... Сәкен – ары таза, жүзі жарқын, абырой-атағына дақ түспеген өрен тұлғалы азамат.

Тұрсынбек КӘКШЕВ



Көрнекті қаламгер, қоғам қайраткері Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин 1894 жылы 15 қазанда қазіргі Қарағанды облысы, Шет ауданы, Қарашілік қыстағында дүниеге келген. Сәкеннің әкесі Сейфолла саятшы, домбырашы болған. Қазақ халқының ауыз әдебиетінің бай мұрасын жетік білген анасы Жамал Сәкеннің өлеңге, әдебиетке деген құштарлығының оянуына ықпал етеді. Бала кезінен зерек болған Сәкен Нилдідегі орыс-қазақ, Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде (1905–1908), қалалық училищеде (1908–1913) оқыған.

Сәкеннің қоғамда болып жатқан өзгерістерге демократтық көзқарасының қалыптасып, әдеби шығармашылық ізденістерге ден қоя бастаған кезі Омбының мұғалімдер семинариясында М.Жұмабаевпен бірге білім алған уақытымен (1913–1916) байланысты. Жалынды жас патша өкіметінің озбыр саясатына қарсы күресе отырып, өз халқының болашағы тек оқу-білімде екенін терең түсінді. Ол осы мақсатта құрылған қазақ жастарының «Бірлік» атты ұйымы жетекшілерінің бірі болды. 1914 жылы Қазан қаласында Сәкен Сейфуллиннің «Өткен күндер» деп аталатын тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрді.

Омбыда білім алып жүрген Сәкен Ф.Березовский секілді төңкерісшіл жазушылармен танысып, еңбегі қаналған жұмысшылардың патша өкіметінің әділетсіз шешімдеріне деген наразылығын көреді.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске ниеттес болған ақын санақ жұмыстарына қатысты. Сілеті-Бұғылы ауылында мектеп ашып, бала оқытты. 1917 жылы «Жас қазақ» ұйымын құрып, «Тіршілік» атты газет шығарысып, 3 айлық педкурста сабақ берді. Қоғамдық-саяси өмірге белсене араласқан Сәкен Сейфуллиннің азаматтық көзқарасы «Кел, жігіттер!», «Асығып тез аттандық» және т.б. өлеңдерінде айқын көрініс тапты. 1918 жылы 1 мамырда Сәкен қаламынан туған «Бақыт жолына» атты пьесаның премьерасы болды. Мақсаты айқын, өз көзқарасын өткір, қаймықпай білдіретін Сәкен қазақ халқының азат, іргесі

¹ С.Сейфуллин өмірбаянына байланысты деректер Қазақстан Ұлттық энциклопедиясынан алынды. 7-том. Алматы, 2005.

берік, тәуелсіз мемлекет болуын армандады. Осы жылы Ақмолада ақ гвардияшылардың бүлігі орнап, ол азаттық жолындағы күрескерлермен бірге атаман Анненковтің азап вагонында 47 күн ажалмен алысты. Тұтқынға түскен С.Сейфуллин одан 1919 жылы қашып шықты. Алайда бұл қиындықтардың қай-қайсысы да Сәкенді шыңдамаса, сағын сындыра алмады. Ол патшалық империяның бұғауынан босатып, кедей-кепшік пен жұмысшыға теңдік әпермекке уәде еткен жаңа өкіметтің нығайып, халық сенімінен шығуы үшін қай саладағы жұмысына да дайын болды. С.Сейфуллин Кеңес өкіметі нық орнағаннан кейін Қазақстан Орталық Комитетінің төралқа мүшесі (1920), «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы (1922), Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы (1922–1925) секілді мемлекеттік қызметтерді абыроймен атқарды.

Сәкен Сейфуллин үкімет басшылығында жүрген кезінде қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде жариялауды, ісқағаздарды қазақ тілінде жүргізуді, қазақ тілінде кітаптар мен газет-журналдар шығаруды мақсат етіп, ірі шешімдер қабылдады. Ол Кеңес өкіметі орнаған тұстағы Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуына да үлкен үлес қосты. Қаламгер Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылыми орталықтың төрағасы, Қазақтың пролетар жазушылары ассоциациясының төрағасы, Өлкелік комитеттің партия тарихы бөлімінің жетекшісі, Қызылордадағы Халық ағарту және Ташкенттегі Қазақ педагогикалық институтының директоры қызметтерін атқарған жылдары да өзінің іскерлік, ұйымдастырушылық қабілетімен танылды. Сонымен бірге мектеп оқушыларына арналған қазақ әдебиетінен оқулықтар жазу, әдеби кадрларды дайындау ісіне де басшылық жасады.



«Еңбекші қазақ» газеті редакциясы, 1925 ж. Солдан оңға қарай:
Сегізбаев А., Ғабдуллин К., Жолдыбаев М., Құлжанова Н.,
Сейфуллин С., Арыстанбеков Т., Мұқанов С.

С.Сейфуллин 1927–1928 жылдары «Жыл құсы» және «Жаңа әдебиет» журналдарының шығуына атсалысты. Сондай-ақ әдеби жәдігерлерді жинау ісін ұйымдастырып, соның негізінде құрастырылған «Ескі әдебиет нұсқалары» (1931), «Батырлар жыры» (1933) т.б. атты еңбектер рухани құндылықтарымыздың сақталуына зор ықпал етті.



С.Сейфуллин демалыста

Сәкен қоғамдық өмірге, әсіресе әдебиет пен өнерге қатысты мәселелерге өз пікірін білдіріп, оның даму бағыттарын айқындауға, өркениетті елдермен терезесі тең тұруына зор үлес қосты. Оның «Әдебиет һәм оның бағыттары» (1922), «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» (1924), «Ұлы театр туралы» (1928), «Әдебиет майданында» (1928) және т.б. сыни-зерттеу мақалалары да талантын жан-жақты даралай түсті.

Сәкен қоғамдық қызметтерде жүрсе де, шығармашылық жұмыстан алыстаған жоқ. Оның қаламынан «Асау тұлпар» (1922), «Домбыра» (1924), «Экспресс» (1926), «Тұрмыс толқынында» (1928), «Көкшетау» (1929) атты өлең-поэмалар жинағы, «Қызыл сұңқарлар» пьесасы (1922) туды. Кейінірек «Альбатрос» (1934) атты кітаптары жарық көрді.

С.Сейфуллин проза жанрында да өнімді еңбек етіп, мол мұра қалдырды. Оның өз өмірі мен тұтас бір уақыттың шындығын тарқатқан «Тар жол, тайғақ кешу» (1927) атты мемуарлық романымен қатар «Жұбату» (1917), «Айша» (1922) атты әңгімелері, «Жер қазғандар» (1927), «Жемістер», «Сол жылдарда» (1935) повестері бар.

Азаттықты аңсаған қаламгердің қай шығармасы да өмірді шынайы бедерлеген, уақыт тынысын боямасыз суреттеген, қоғам диагнозын дәл қоя білген туындылар. Ол әдебиеттің қай жанрына болсын батыл қадам басты, жаңаша ойлады. Саяси-әлеуметтік лирикасы болсын, нәзік сезімнің қылын шерткен махаббат лирикасы болсын, жүректен шыққан сырлы сөзі өз оқырманымен тез қауышып жатты.

Табиғат пен адамның ішкі сезімінің терең астарына үңілген, мөлдір махаббат пен адалдықты дәріптеген «Аққудың айырылуы», «Ақсақ киік», «Лашын әңгімесі», «Отарба терезесінен» т.б. секілді туындылары ақынның өнерпаздық, сыршылдық тұлғасын биіктете түсті.

С.Сейфуллиннің бірнеше әндері бар. Оның сөзін де, әуенін де өзі жазған. Мысалы, «Тау ішінде», «Біздің жақта», «Көкшетау» т.б.

Өкінішке орай, кеңестік биліктің сұрқай саясаты, отаршылдық пиғылдан арылмаған екіжүзді әрекеттері көптеген қазақ зиялыларымен бірге Сәкен Сейфуллинге де жазықсыз жала жауып, асыл азаматтың армандарының орындалуына жол бермеді. Ол 1937 жылы «халық жауы» ретінде тұтқынға алынып, 1938 жылы ату жазасына кесілді.



1. Сөкенің әдебиетке деген қызығушылығының артуына ықпал еткен кім?
2. Оның азаматтық көзқарасы көрініс тапқан өлеңдерін атаңдар.
3. Жазушының мемуарлық романы не туралы және ол қалай аталады?
4. Әдеби жөдігерлерді жинау ісіне қосқан үлесі қандай?
5. Жазушының ұстанымы шығармаларында қалай көрініс тапқан?
6. Сөкенің жазықсыз «халық жауы» атануына не себеп болды деп ойлайсыңдар?



1. Қазақ әдебиетінің «Үш бөйтерегі» атанып кеткен С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіровтің өмір жолдары, азаматтық ұстанымдары, шығармашылық ұқсастығы мен даралығына талдау жасап, «Үш бөйтерек – үш ғұмыр» кестесін толтырыңдар.

Талдау нысаны	С.Сейфуллин	Б.Майлин	І.Жансүгіров
Өмір жолы			
Шығармашылығы			
Азаматтық ұстанымы			

2. Сөкен Сейфуллиннің өмір сүрген уақыты ел тарихындағы қай кезеңмен тұспа-тұс келеді? Бұл тарихи дәуірге «Қазақстан тарихы» оқулықтарында қандай сипаттама берілген? Төменде берілген кестені толтырып, «Сөкен өмір сүрген заман келбеті» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырыңдар.

Ақын өмір сүрген кезең туралы тарихи деректер	Ақынның төңкеріске қатысуы, революциялық іс-әрекеті	Төңкерістен кейінгі саяси, әдеби, мәдени, ағартушылық қызметі	Құғын-сүргінге ұшырауы



Сөкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы туралы тереңірек білгілерің келсе, «Әдебиет порталы» сайтынан «Сөкенің саз өлемі қайда қалды?» мақаласын оқып, ақынның Затаевичке «Қазақтың 1000 ән-күйін» жинақтауға қосқан үлесі туралы мәлімет жинақтаңдар. «Сөкенің ән сандығы» тақырыбында шағын зерттеу жұмысын жүргізіңдер. Зерттеу барысында С.Оспановтың «Сөкен Сейфуллиннің музыкалық мұрасы» кітабын басшылыққа алыңдар.

Зерттеу жұмысының құрылымы	
Зерттеу сұрағы, тақырып объектісі	Сөкенің ән сандығы
Тақырыптың өзектілігі	
Зерттеу нысаны	
Зерттеу нәтижесі	



Сөкен Сейфуллин туралы түсірілген «Туған жер. Сөкен Сейфуллин» деректі фильмімен танысып, менталды карта құрастырыңдар.

- 1-топ. Сөкен Сейфуллиннің туған жері, өскен ортасы.
- 2-топ. Сөкен Сейфуллиннің шығармашылық жолы.
- 3-топ. С.Сейфуллиннің қазақ елінің, тілінің тағдыры жолындағы күресі.
- 4-топ. Ақынның күрес жолы.



«Сыр сандық» өлеңі

(Досқа жазған хаттан)

1926 жылы жариялаған «Сыр сандық» өлеңін ақын «Досқа жазған хаттан» деп атаған. «Сыр сандықты ашып қара» деп басталатын өлең жолдарының әр сөзі әуезді, жеңіл оқылғанмен, шығарманың айтар ойы терең. Ақын пайымдауында әр адамның ішкі сыры берік қойма тәрізді, сол қойманың түкпірін нағыз дос қана ақтара алатыны айқын. Ал амал достың тірлігі – жемі таусылса, жалт беретін тауыққа ұқсас. Нағыз дос – бір-біріне бүкпесіз сыр ақтарып, сол сырларын сақтай алатын, қандай қиын сәттерде де бір-бірінің жанынан табылатын жандар. Ақын адамға осындай жан дүниенді терең түсінетін жан, сырлас керек екенін өлеңмен кестелеген. Адамның жан дүниесін биік шыңдағы сыр сандыққа теңейді. Сол шыңда түрлі қойма барын суреттеу арқылы ақын өз оқырманын адам бойындағы асыл қасиеттерге үңілдіреді, адаспауға шақырады. Қойманың іші қымбат жасауға, асылға толы деп суреттегені – жанның байлығы. Адам жанына, оның сырына үңілген ақын осы өлеңімен ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясына жаңа бір леп, серпін әкелді. Өлеңде метафора, эпитет және еспе қайталау сынды бейнелеу құралдары айрықша берілген. Нағыз дос өмірдегі адастырмас темірқазығың іспетті. Жанның нәзік пернелерін басып қарау, сырына үңіле білу де адал достың еншісінде.

Осы өлеңі туралы: «Сәкеннің көңіл күй лирикаларының ішінде «Сыр сандық» атты өлеңі көрнекті орын алады. Адамдар арасындағы адал достық пен сезім тазалығын шерткен бұл шығармада ақын адамның рухани дүниесін биік құздың басына тығылған кілттеулі сыр сандығына балайды. Екіншісі сол құздың басына шығып, сыр сандықты аша алмайды. Оны жан сырын терең ұғынған адал достар ғана аша алмақ. Сыр сандығын ашып, адам жанының сым пернесін басқанда ғана дос көңілі, сыры шертіледі», – дейді академик Серік Қирабаев¹.

Адам, ең алдымен, өз жүрегін тыңдап, соны сөйлетеді. Айнымас серік, адал дос табу – адам өміріндегі маңызды қадам. Жағдайыңды барлап, күні үшін дос болуға ұмтылатын аярлықты ақын:

Шыр айнарлар шіркін тауық,
Жемің болса қолыңда.
Қайдағысы сені тауып,
Топырлайды жолыңда.

Досыңмын деп ант береді,
Жем іздеген жанам.
Жем таусылса жалт береді,
Сенерлік дос санам, –

деп өткір сынайды.

Ақын өлеңі халқымыздың «дұшпан күлдіріп айтады, дос жылатып айтады» деген даналық қағидасын еске түсіреді. Әр адам – өзінше бір әлем, ашылмаған сыр.

Әр адамның ішкі сыры,
Берік қойма сақталған.
Сол қойманың бір түкпірін
Достың досы-ақ ақтарған.

Кейде ашуға сол түкпірді,
Іздейді жан жақынын.
Шертеді жан сырлы жырды,
Сырлас жанын шақырып, –

¹ Қирабаев С. Қазақ әдебиетінің тарихы. 7-том. Алматы: ҚАЗАқпарат, 2004.

деп тарқатқан С.Сейфуллиннің пайымында бүкпесіз құпиямен бөлісе алатын, әділ де жанашыр досыңның болуы – өмірдегі ең үлкен, ең шынайы байлық. Осындай адал достыққа сызат түсірмеу бізге сын.

Сыр сандығы бай адам өмірден өз жолын адаспай табары, оның айналасынан дос көңілін ұсынар адал жандардың толастамасы да анық.



1. Ақын достың қай түрлерін жырға қосып отыр?
2. Адал дос пен арам досқа төн қасиеттерді санамалап айтып беріңдер.
3. Берік қойманың ішінде не болуы мүмкін?
4. Адам ішкі жан сырын кімге ақтара алады?
5. Доспен сырласу, құпиямен бөлісу қаншалықты маңызды деп ойлайсыңдар?



Тағылым тамшылары

Сәкеннің болмысы қандай болған?

Сәкеннің адамды сыйлау әдеті қызық болатын. Оны дәреже емес, тек адамның басы ғана билейтін. Өзіне ірілік көрсетпек болған адам Сәкеннің сый-құрметінен құралақан қалатын. Ал өзін тең көргендерге жолым, жасым үлкен деп маңғазданбағандарға



Сәкеннің жүзі де жылы, инабаты да мол болатын. Арысымның тағы бір мінезі мен үшін ыстық. Ол менің сөзімнен не ісімнен бір нәрсені ұнатпай қалса, соның терістігін көбіне әзілмен ескеріп отыратын. Сәкеннің енді бір ерекше мінезі әсемдікке, сұлулыққа құштарлығы еді. Ол өз бойының сәні мен тазалығын қатты қадірлейтін. Оның кербездігі ақ жанының сыртқы айнасы еді. Олпы-солпы жүруді мейлінше ұнатпайтын, үй ішінде мұнтаздай тазалық пен тәртіптілік, әсемдік пен жарасымдылық болуын талап ететін.

Сәкеннің жары Гүлбахрамның естелігінен.

«Сыр сандықты ашып қара...»



Ішкі сырды мысал етіп,
Біраз ғана жырлайын.
Суреттеуге тауға кетіп,
Суретті ептеп сырлайын.

Сарыарқаның бір тауы бар –
Бір тауы бар сымбатты.
– Сол таудан сен сыр тауып ал,
Сыр тауып ал, қымбаттым.

Қалың зеңгір, құзды шаттар,
Құзды шаттар қалың ну.
Сарқырайды мұз бұлақтар,
Мұз бұлақтар уда-шу.

Нуда бір шың тіп-тік сұңғақ,
Тіп-тік сұңғақ бір биік.

Тірек сөздер

ішкі сыр
суреттеу
тау
мұз бұлақтар
шың
қақпа
жасау
қолсандық
перде
сырласым
алтын сарай

Шың суретті бейне жұмбақ,
Тұрғандай көп сыр жиып.



Нұр-Сұлтан қаласындағы С.Сейфуллиннің мұражайы

Шынды айналған құзды шаттар,
Құзды шаттар аққан су.
Сылдырайды мұз бұлақтар,
Мұз бұлақтар уда-шу.

Сөзім мысал, достым, тыңда,
Тыңда, достым, ойлап ал.
Түрлі сыр бар сол бір шыңда,
Сол бір шыңда қойма бар.

Қойма шыңның нақ басында,
Нақ басында қақпасы.
Алтын жазу қақ басында,
Қақпаның тас тақтасы...

Бір сандық бар емес түрде,
Емес түрде көрнекті.
Бір түкпірде беті перде,
Беті перде өрнекті.

Бір сандық бар ол сандықта,
Ол сандықта бір сандық.
Сырдың кілті қолсандықта,
Қолсандықта сыр сандық.

Сандық іші қызыл-жасыл,
Жасыл жібек перделі.
Толған қымбат сақтаулы асыл,
Асыл сым бар пернелі.

Сұлу жанды сұлу сүйген,
Сұлу сүйген сыршылым.
Жібек талдап түйін түйген,
Түйін түйген түршілім.

Сыр сандықты ашып қара,
Ашып қара, сырласым.
Сым пернені басып қара,
Басып қара жырласым!

Сұлу сымда перне өуені,
Перне өуені жыр айтар.
Көңіл ашар тербеу өні,
Тербеу өні сыр айтар.

Шыққанбыз дос, шыңға талай,
Талай сырды ойланып.
Ақтарарлық алтын сарай,
Алтын сарай қойманы.

Лұғат

Зеңгір – 1) зор сұмдық, алапат, керемет, жойқын; 2) көк, көкшіл, аспан түстес.

Бұл жерде: поэтикалық қолданыста биік, заңғар, асқар деген мағынада.

Қойма – бұл жерде: ауыспалы мағынада құпия, бүкпе, жасырын сыр деген.

Қолсандық – жол жүргенде қажетті заттар салынатын, төрт бұрышты, аузы құлыпталатын сандықша, кішкентай қобдиша. *Бұл жерде:* поэтикалық қолданыста сыр сақтаушы сандық деген түсінік береді.



1. Алтын қойма қайда жасырылған?
2. Ақын Сарыарқаның бір тауы деп нені айтып отыр?
3. Сырдың кілті қандай сандықта? Неліктен?
4. Нағыз дос қана аша алатын берік қойма барлығында бола бере ме?
5. Дос таңдауда қалай қателеспеуге болады? Өз ойларыңды айтыңдар.



1. Өлең тақырыбы мен идеясын анықтаңдар. *Сыр сандықтың* құпиясы неде?
2. Шығарманың композициялық құрылымына сәйкес көтерілген мәселені талдаңдар.
 - а) Жалған дос.
 - в) Сым перне.
 - е) Шын дос іздеу.
 - г) Сыр сандықтың кілті.
 - б) Шың басындағы қойма.
3. *Сым пернені басу* дегенді қалай түсінесіңдер? Өз ойларыңды білдіріңдер.
4. Достың адам өміріндегі маңызы қандай? «Достарыңның адал болуы адамның өзіне тікелей байланысты» деген пікірмен келісесіңдер ме? Хрестоматияда берілген өлең шумақтарын қарастырыңдар.
5. Достықтың үш түрі болады: *адал дос, арам дос, амал дос*. Төмендегі өлең шумақтарында достың қай түрі сипатталған?


*Шыр айналар шіркін тауық,
Жемің болса қалыңда.
Қайдағысы сені тауып,
Топырлайды жолыңда.*

*Досыңмын деп ант береді,
Жем іздеген жанам.
Жем таусылса жалт береді,
Сенерлік дос санам.*

6. «Нағыз достың жүрегі берік қойма төрізді» дейді ақын. *Шынайы достық* деген ұғымды қалай түсінесіңдер? Өз сырыңды бөлісетін, қуанышта да, қайғыда да қасыңнан табылатын достарың бар ма?
7. *Лирикалық кейіпкер* кім?



1. Өлеңнің құрылысына талдау жасаңдар. Өлең қандай ұйқасқа құрылған? Өлеңді *шумақ, тармақ, бунақ* пен *буына* ажыраты, өлең құрылысына талдау жасаңдар. «Сыр сандық» өлеңінің хрестоматияда берілген бөлігінен мысал келтіріңдер.
2. Өлеңде кездесетін *кейіптеуді* анықтаңдар. Олардың атқарып тұрған қызметі қандай?
3. Шығармада ақын қолданған *эпитет* пен *метафораға* мысал келтіріңдер. Қызметін анықтаңдар.
4. *Қайталаудың* неше түрі бар? Өлеңде қайталаудың қай түрі қолданылған? Өлеңнен тауып, үзіндіні жазып алыңдар.
5. *Уақыт достарды ұрлайды* деген пікірмен келісесіңдер ме?
6. Ақын достың ішкі сырын неге теңейді? Оны қайдан іздейді? Пирамиданы толықтырыңдар.
7. «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» тақырыбында сыни пікір жазыңдар.
8. «Сен маған досыңды көрсет, мен сенің кім екенінді айтып беремін» деген тақырыпта эссе жазыңдар.



1. Шығарманы М.Мақатаевтың «Дос болам десең» өлеңіндегі бір шумақ оймен салыстырып, достық тақырыбының өзектілігіне сыни баға беріңдер.

*Дос болам десең,
Досымды сыйла, қымбаттым!
Досыңа сонда,
Досыммен ғана қымбатпын.*

*Дос болам десең,
Мендегі доспен достасқың,
Сендегі доспен дос болып
сонда тұрмақың.*

2. С.Сейфуллин өлеңі мен XX ғасыр басындағы орыс әдебиетіндегі футуризмді байланыста қарастырыңдар. Ортақ үндестік пен дүниетанымды айқындап, сараландар. Мысалы, В.Маяковскийдің өлеңдері.
3. «Сыр сандық» өлеңіндегі барша адамзатты толғандыратын құндылықтар тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.
4. Г.Потанин мен Шоқанның достығы екі ел арасындағы мәдени қарым-қатынастың кепілі екенін дәлелдеп, зерттеу жұмысын жүргізіңдер.
5. Достықтың берік болуы неге тәуелді? Үзіндідегі пікірлерді талдап, «Сыр сандық» өлеңіндегі идеямен байланыстырып, әдеби сын жазыңдар.
 - Парсы жазушысы Қабустың «Қабуснама» кітабынан: «Бір данышпаннан: «Дос пен ағайынның қайсысы жақсы?» – деп сұрағанда, данышпан: «Дос жақсы», – деп жауап беріпті. Сол үшін достарыңның ісі жайында ойла, оларға сәлем-сауқат жіберіп тұр және қамқор бол. Себебі өркім өз досын жадында тұтпаса, достары оны есінде сақтамайды, ақырында ол доссыз қалатын болады»;
 - Өйгілі неміс философы Артур Шопенгауэр «Өмірлік данышпандықтың афоризмдері» атты еңбегінде: «Нағыз шынайы достық адамдардың бір-бірімен терең, таза, адал қарым-қатынасты қажет етеді. Бұл дегеніміз – досыңыздың қайғысы мен қуанышына ортақтаса білу. Осының бәрі адамның табиғи өзіншілдік, өркөкіректік қасиеттерін жояды».



1. *Сыр сандық* – символ дәрежесіне көтерілген тұрақты образ. Өлеңдегі ақын тұспалдап, бүкпелей бейнелеп тұрған құбылысты не бейнені анықтаңдар. Ақын символды қандай мақсатта қолданған? Жұпта талқылаңдар.
2. Хрестоматиядан С.Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы» дастанымен танысып, М. Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» (8-сынып) поэмасымен салыстырыңдар. Шығармаларда сыңарынан айырылған аққудың күйі қалай сипатталған? Шығармаларды талдап, табиғаттағы үндестікті бұзудың соңы орны толмас трагедияға алып келетіні жөнінде үндеу жазыңдар.



Қосымша ақпарат көздерінен С.Сейфуллин туралы естеліктермен танысып, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Естеліктерден ақын мінезіне тән ерекшеліктерді жинақтап, өз сөздерімен сипаттап жазыңдар. Қай қасиетін үлгі тұтар едіңдер? Неліктен?

2-топ. Ақынның өсемдікке, сұлулыққа, тазалыққа, жарасымдылыққа құштарлығын немен байланыстыруға болады? Бұл қасиет барлық ақын-жазушыларға тән бе? Берілген үлгі-сызбаға қарап, ақын-жазушыларға ортақ мінез-құлық жиынтығын құрастырыңдар.

3-топ. Ақынның қоғам қайраткері ретінде қалыптасу жолында авторлар естелігінің ықпалы қандай болды? Түрлі дереккөздерге (газет-журналдар, әдеби сайттар, естелік кітаптар, энциклопедиялар) сүйеніп, бұл тұлғалардың ақын өміріндегі рөліне тоқталыңдар.



Кері байланыс: «Білім пирамидасы»

Есте сақтайтын ең қажет ақпарат
 Менің көбірек білгім келетін екі мәлімет
 Мені қызықтырған үш ақпарат
 Мен білген төрт мәлімет



ІЛІЯС ЕСЕНБЕРЛИН

(1915–1983)



Ілияс Есенберлин шығармалары – әдебиетіміздің қоржынындағы асыл мүліктің бірі. Оның он жеті романы... жазушының ең қиын шақта, партиялық, мемлекеттік қатаң бақылауға қарамастан, көркемөз ағысын ұлттық тақырып арнасына бұруын ең бағалы жетістік деп бағалауымыз керек.

Шериаздан ЕЛЕУКЕНОВ



ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, жазушы Ілияс Есенберлин 1915 жылы 10 қаңтарда қазіргі Ақмола облысының Атбасар қаласында дүниеге келген. Оның балалық шағы аштық жылдарымен тұспа-тұс келді. Бес жасында жетім қалған Ілияс балалар үйінде өседі. Кішкентайынан зерек, шығармашылыққа бейім болып, мектептегі қабырға газетіне өлеңдерін жариялап тұрады.

І.Есенберлин Қазақтың мемлекеттік тау-кен және металлургия институтын бітірген (1940). Жас инженер маман ретінде еңбекке араласа бастаған шағында Екінші дүниежүзілік соғыс басталып, Ілияс та соғысқа аттанды. Алайда қанды майданнан ауыр жарақат алып, елге оралады.

Майданнан оралған Ілияс Есенберлин 1942–1947 жылдары Қазақ филармониясының директоры, 1953–1954 жылдары Қазақстан Геология министрлігінде аға инспектор, 1954–1955 жылдары Ақтөбе облысындағы Берсүгір шахта басқармасының бастығы, 1955–1957 жылдары Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасының аға редакторы, 1958–1967 жылдары Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасының редакторы, 1958–1967 жылдары «Қазақфильм» киностудиясының аға редакторы, 1967–1971 жылдары «Жазушы» баспасының директоры, 1971–1975 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы қызметтерін атқарды. Ол қай қызметте жүрсе де, елі мен жерінің тағдырын, ұлтының мүддесін бөрінен биік қойды. Осындай жауапты қызметтерді атқара жүріп, шығармашылық жұмыстан қол үзбеген Ілияс Есенберлин әдебиеттің түрлі жанрларында өнімді еңбек етті. Оның тырнақалды туындылары 1940 жылдардан бастап баспасөз беттерінде жариялана бастады. Әдебиетке алғашқы қадамын өлеңмен бастаған Ілияс Есенберлиннің 1945 жылы «Айша», «Сұлтан» дастандары, 1949 жылы «Адамгершілік жыры» атты жыр жинағы жарық көрді.

Сан қырлы талант иесі Ілияс Есенберлин қаламынан туған «Айқас», «Ғашықтар», «Қатерлі өткел», «Алтын құс», «Маңғыстау майданы», «Алтын аттар оянады», «Көлеңкемен қорғай жүр», «Алыстағы арпалыс», «Аққу құстар қуанышы», «Махаббат мейрамы» және т.б. шығармалар – қазақ әдебиетіндегі роман жанрының дамуына зор үлес

қосқан, тың серпін әкелген, образдар галереясы кең, сюжеті шымыр, оқырманның ыстық ықыласына бөленген туындылар.

Ілияс Есенберлин – кеңестік идеологияның өктем көзқарасы тұсында қазақ халқының тарихын өз шығармаларымен қалың оқырманға жеткізе білген санаулы қаламгерлердің бірі. Аз ұлттардың тарихи жадын ұмыттырып, рухани құндылықтарын барынша шығармауға, насихаттамауға тырысып баққан кеңес билігі тұсында оның 1969 жылы «Қаһар», 1971 жылы «Алмас қылыш», 1973 жылы «Жанталас» романдарын жазуы, осы тақырыпқа баруы ерлікке пара-пар болатын. Бұл шығармаларда XV ғасырдан XIX ғасырдың ортасына дейінгі қазақ мемлекетінің қалыптасу тарихы, халықтың қасіреті мен үміті, азаттық үшін жоңғарлармен арпалысы мен атамекенге жау аяғын бастырмауға бекінген батырлар ерлігі баяндалды. Сонымен бірге аумалы-төкпелі уақыттағы ел билеген хандардың көреген саясаты мен көрші Қытай, Хиуа, Бұхара, Ресей империясымен дипломатиялық қарым-қатынасты нығайту жолдары, адамгершілік пен аярлық, алауыздық пен мәрттік те жан-жақты ашылған. 1976 жылы қаламгер бұл туындыларын «Көшпенділер» трилогиясы деп біріктіріп жариялады. «Көшпенділер» трилогиясы әлемнің көптеген тілдерінде жарық көріп, сан мәрте қайта басылды. 2005 жылы трилогияның негізінде «Көшпенділер» атты тарихи көркем фильм түсірілді.

Артына өшпес мол мұра қалдырған Ілияс Есенберлин 1983 жылы Алматы қаласында дүниеден озды.



Бірінші қатарда (солдан оңға қарай): Ғафу Қайырбеков, Хамит Ергалиев, Сейітжан Омаров, Әлжаппар Әбішев, Ілияс Есенберлин; екінші қатарда: Сырбай Мәуленов, Дүкенбай Досжан, Тұрған Тоқтамов, Дмитрий Снегин, Сайын Мұратбеков, Қалтай Мұхамеджанов, Тұманбай Молдағалиев



1. Илияс Есенберлиннің өмірбаянына шолу жасаңдар.
2. Жазушы өдебиетке деген алғашқы қадамын қай жанрдан бастады?
3. «Көшпенділер» трилогиясы қазақ тарихының қай кезеңдерін қамтиды?
4. «Қаһар» романы қай жылы жарық көрді?
5. «Көшпенділер» көркем фильмі туралы айтып беріңдер (қашан, қайда түсірілді; режиссері, актерлері кімдер; өз көзқарастарың және т.б.).

«Қаһар» романы



«Қаһар» – 1969 жылы жарық көрген тарихи роман, «Көшпенділер» трилогиясының үшінші кітабы. Бұл шығарма көптеген тарихи деректердің негізінде жазылған. Автор 1836–1847 жылдардағы қазақ даласында болған тарихи оқиғаларды суреттейді. Романның басты мақсаты – қазақ халқының азаттық жолындағы күресін, ерлігін бейнелеу, тарихи тұлғалардың кемел болмыстарын айшықтап, шындықты суреттеу. «Қаһардағы» негізгі оқиға өз халқын бодандық бұғауынан азат етуге ұмтылған Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс жайлы өрбиді. Шығармада көтерілістің негізгі себебі, барысы, жеңілу себептері тарихи шындық негізінде суреттеледі. Бұл жөнінде академик Рахманқұл Бердібаев: «Қаһар» романында тарихи шындық, қаһармандар келбеті нанымды мүсінделген. Мұнда халықтың азаттық жолындағы күресін, ересен ерлігін бейнелейтін жарқын беттер мол. Автор, бір жағынан бостандықты аңсаған, бірақ оған жетуге жағдайы жоқ халықтың басындағы трагедияны таныстыра алған. Шындығында бұл – жерден, еркіндіктен айырылған қазақ елінің стихиялық бұлқынысы, аласұрып айбат шегуі, тұяқ серпуі туралы хикая», – дейді.¹

Автор оқиғаларды баяндау барысында отарлаушы елдердің түпкі көздеген мақсаттарын, халықтың рухын әлсіретіп, кіріптар еткісі келген арам пиғылдарын бүкпесіз жазды. Кенесарының парасат-пайымы мен ерлігі, ұлт мүддесі сынға түсер шақтағы қаталдығы да романда әсерлі, нанымды бейнеленген. Қаламгер тарихи оқиғалардың тізбегін көркем кестелей отырып, бұл тақырыпты зерттеуге саналы өмірін арнағанын аңғарамыз. Бұған шығармадағы Кенесарының Ақмола бекінісін алғанда көрсеткен ерлігі, баласы Сыздықтың батырлығын сынауы, Наурызбайдың қолындағы құсты аттырып билік айтатын тұстары айрықша дәлел. Шығармада Ағыбай, Иман, Төлебай, Басықара, Жанайдар, Бұхарбай сынды батырлардың ерлік іс-әрекеттері де қазақтың соңғы ханының тұлғасын толықтыра түседі.

Шығармадағы негізгі қаһарман – халық. Жазушы өз елінің терең тарихын, халықтың басынан өткерген қасіретті оқырманға жеткізуді мақсат етті. Ата-бабаларымыз ұлан-байтақ өлкеде азаттықтың ақ таңы туатын күн үшін қан төтті. Ұлтын сүйетін ұрпақ тарихтың тарам жолын жадында сақтап, ұмытпайтыны ақиқат. Бұл сөзімізді профессор Тұрсын Сыдықов пікірімен қорытындылаймыз: «Шығарманың бас қаһарманы – азаттықты, теңдікті аңсаған халық. Сондықтан «Қаһар» романында суреттелетін проблема – жалпыадамзатқа ортақ».²

¹ Бердібаев Р. Он томдық шығармалар жинағы, 6-том. Алматы: РПБК «Дәуір», 2018.

² Сыдықов Т. Қазақ өдебиетінің тарихы, 9-том. Алматы: ҚазАқпарат, 2005.

Есенгелді мен Саржан

Қазақ даласына көз тігіп, анталаған дұшпанның екпіні күннен-күнге күшейіп, ең шұрайлы жерлерді тартып ала бастады. Әсіресе патшалық Ресейдің 1822–1824 жылдары Орта жүз бен Кіші жүзге енгізген басқару ережелері қазақ халқының қалыптасқан дәстүрлі басқару жүйесін жойып, ел зиялыларын тығырыққа тіреді. Әскери бекіністер салынып, төрт түліктің жайылымдары тарылды. Бұдан басқа алым-салық түрлері де себепсіз көбейіп, халықтың ашу-ызасына тиді. Ресей үкіметінің отаршылдық пиғылы да үдей түсті. 1822 жылдан бастап Абылай ханның ең кіші ұлы Қасым сұлтан өзінің балаларымен Ресейге қарсы күрес жүргізді. Ел басына күн туған шақта Қасым сұлтанның балалары да атқа қонды. Осы көтерілістердегі қазақтың соңғы ханы Кенесарының ерліктері тарих бетінде мәңгілікке жазылғаны да белгілі. Оның бауырлары Саржан мен Есенгелді алмағайып заманның сұм саясаттың құрбаны болды. «Ресейге қарсы көтерілісте бір боламыз» деген Қоқан билеушілерінің астыртын іс-әрекеттері, аярлықтары ұлт бостандығын армандаған атпал азаматтарды ажал құштырды. Саржан мен Есенгелді де осындай зұлымдықтың кесірінен қаза тапты.



Ол дәл осы сәтте Есенгелді мен Саржанның өлімін Мәделіханға жауып, өзін Қасым төренің алдында айыпсыз етіп көрсете алатынына сенді. Бірақ бұл қанды оқиға осы түнмен ғана бітпеді. Ләшкәр мен Бегдербек күшбегі: «Сенің балаларыңның ажалына біз айыпты емеспіз, Мәделіхан айыпты, кел, өзара келісейік», – деп Қасым төрені алдап шақырды. Созақтағы Телікөл жағасында Ләшкәр өз қолымен басын кесіп Ташкентке алып келді. Бұл қантөгіс бір жылдан кейін болды. Ал қазір... Мәделіхан мен Қасым төренің балаларының бірдей қақпанына іліккелі тұрғанына күшбегі мейлінше шаттанды. Ол дым көрмеген адамдай аяғын асықпай басып қонақ қабылдайтын үйге қайтып келді. Бегдербек өзін күтіп отырған жеңдеттерге:

– Есенгелді мен Саржан мырзаларды хан шақырып жатыр деп ертіп келіңдер, – деп әмір етті. – Бірақ Саржанның беліндегі семсерді күнібұрын алыңдар. Ханмен кездесерде қару тағып кіруге болмайды дедер.

Жеңдеттер келгенде Есенгелді, Саржан, Ағыбай, Ержан төртеуінен бөтен жігіттердің бәрі өздеріне берілген бөлмелерінде ұйықтап қалғанды. Хан әмірін естіп, Есенгелді мен Саржан киіне бастады. Белбеуіне семсерін тағып жатқан Саржанға ақ сәлделі, қатқан қара Ешік-аға:

– Ханзадаға қарумен кіруге болмайды. Сондай төртіп бар, – деді жайбарақат. – Тастап кетіңіз... Қайтып келген соң тағарсыз.

Ешік-ағаның «қайтып келген соң...» деген сөзінен Саржанның көңілі сәл орнықса да, іштей семсерін шапанының астынан бағана байлай алмағанына жаман өкінді. Сұлтандарды, әрине, ешкім де тінтпейтін еді ғой, ал алда-жалда қауіп туып қалғандай кез болса, қанды жүзді алмас семсер ең жақын серік емес пе?..

Тірек сөздер

қанды оқиға
күшбегі
кездесу
өкіну
сегіз жеңдет
екі дана
кекете күлу
зындан
ауладан шығу

Саржан семсерін баласына ұсынып:

– Беліңе тағып ал... – деді де, бірдеңе айтуға оқталып барып кілт тоқтады.

Бұлар далаға шықса, аулада тағы алты адам тұр екен. Бәрі де қарулы. Бағанадан бері үн-түнсіз жүрген Ағыбай кенет бірдемеден сескенгендей болды. «Жау тиетінін жылқы ішіндегі жорыққа мінетін ат ең алдымен сезеді» дейді қазақ, үнемі айқаста өскен Ағыбай бірдемеден сескенді ме, кетіп бара жатқан сұлтандарға:

– Біз де еріп барайық, – деп соңдарынан жүре түсті. Бірақ Ешік-аға алдын кес-кестеп:

– Хан ием тек Есенгелді мен Саржан мырзаларды ғана қабылдайды, – деді тағы да жайбарақат үнмен, – өзгелерің ұйықтай беріңдер.

– Әй, сен өзің... – деп Ағыбай ананы қолымен кейін сырғытып тастап, сұлтандардың соңынан жүре берем дегенде, Ержан қарынан ұстай алды да:

– Хан бұйрығы солай болса, жамандасып қайтесіз, Ағыбай аға, – деді қобалжып тұрғандарын жеңдеттерге сездіргісі келмей, – одан да ат жақты шолып қайталық.

Ағыбай бөгеліп қалды. Аналар ұзап кете барды. Батыр тісін қайрап тұр. Неге екенін өзі де білмейді, бір мезет анау Есенгелді мен Саржан мырзаларды қоршап кетіп бара жатқан ақ сәлделі, қанжар асынған адамдарды қуып жетіп, семсерін оңды-солды сілтеп, бастарын қағып алғысы келді.

Ержан ойға беріліп кеткен Ағыбайдың жеңінен ақырын тартып:

– Ағыбай аға, аттарды бір шолып қайтайық, – деді.

Бұлар жылқы жаққа бұрылған кезде, сегіз жеңдеттің қамауындағы Есенгелді мен Саржан қонақ қабылдайтын бөлмеге кіре берді. Тәрде тәспі тартып тұрған құшбегіне бастарын ие сәлем берді. Дәл осы сәтте сұлтандардың екі жағында тұрған екі жеңдеттің жалаңаш өткір қылыштары жарқ етіп жоғары көтерілді де, сыр етіп төмен ақты. Төмен иілген екі бас көтерілместен домалап жерге түсті. Бастарынан айырылған екі дене екі-үш аттап барып сылқ құлады. Екі-үш аттап барып аунақшып барып тынды.

– Ел болып бас қосуды көксеп жүргендеріңде, өз бастарыңнан айырылдындар ма, сабаздарым, – деп құшбегі кекете күлді. Сөйтті де жерде жатқан Есенгелді мен Саржанның бастары мен денелерін көрсетіп: – Бір-екеуің мыналарын зынданға апарып тастаңдар! Ал қалғандарың ұйықтап жатқан жігіттерін жайғастырыңдар, – деді.

Топ жеңдет әр бөлмеде алты адамнан жатқан үш бөлменің бірінен соң біріне кіріп, он сегіз жігітті қойша бауыздап шықты. Тек Ағыбай мен Ержан аман қалды. Олардың бағына жеңдеттер ат қора жағына бармады. Ешік-аға сыртқы есікті күзетіп тұрған мосқалдау келген жасауылды шақырып алып:

– Сен барып әлгі екеуіне «сұлтандар келді» деп хабар бер, – деді.

Өздері есік алдында күтіп қалды. Қарулы Ағыбаймен кең аулада кездесуге жүрексінді.

Мосқал адам ерте кезде қазақ арасынан Қоқан хандығына сатылып келген құл болатын. Ағыбайды бауыр тартып, жасырын бір-екі рет тілдесіп те қалған. Ол көрші аулаға барысымен Ағыбайға болған уақиғаның бәрін айтты. «Алысқанмен құр қаза боласыңдар, тез аттарыңа мініп қашыңдар», – деді. Ендігі айқастың орынсыз екенін түсінген батыр жендеттермен ұрыспақ боп қылышын суырып алып жұлқынған Ержанды еркіне қоймай соңынан ертіп, аттарға жайдақ міне сап ауладан шыға берді... Ұйқысынан шошып оянып, шылбырына жабысқан күзетші жігітті томардай аяғымен теуіп жіберіп, шалқасынан түсірді...

Лұғат

Құшбегі – көне сөз. Белгілі бір аймаққа (қалаға) билік жүргізушінің лауазымы.

Сәлде – діни сөз. 1) Мұсылмандардың, молдалардың өз діни салтын көрсету белгісі ретінде киіп жүретін, яғни бастарына орайтын ақ мата; шалма; 2) кейбір мұсылман мемлекеттерінде билеушілердің және діни қызметтегі тұлғалардың қызметтік баскиімі, қызметтік сыртқы түр-тұлғасының маңызды да міндетті атрибуты.

Тәпсі – діни сөз. Діни адамдар Аллаға сиыну дұғаларын жаңылмай оқу үшін қолдарына ұстап, санап, аударыстырып отыратын моншақтар тізбегі; таспиқ.



1. Есенгелді мен Саржанды шақыртқан кім?
2. Ержан мен Саржанға кім қиянат жасады? Мұндай іске неліктен барды?
3. Ағыбайлар қалай аман қалды?
4. Қасым төре туралы берілген мәліметтерді айтып беріңдер.



1. Әр бөлімдегі басты оқиғаларды анықтап, оқиға тізбегін құрыңдар. Оқиға желісін басшылыққа алып, шығарманы көркем тілде баяндап беріңдер.

Есенгелді мен Саржан	Кенесары	Наурызбай	Қоңырқұлжа	Әшірап	Бекіністі алу	Сыздық	Генс	Хандықты аңсау	Кенесарының түсі

2. Қасымның ұлдары мен құшбегі ұстанымдары неліктен бір-біріне қайшы келді? Құшбегі әрекетінің себебін түсіндіріңдер.

Талдау нысаны	Қасым төре	Есенгелді мен Саржан	Бегдербек құшбегі
Болып жатқан жағдайға көзқарасы			
Ұстанымдары			



Автордың Бегдербек құшбегінің жоспары туралы айта келіп, бір жылдан кейінгі Қасым төреге жасалған қастандықты қоса баяндап кетудегі мақсатын анықтаңдар. Авторлық шегіністің қолданылуына талдау жасаңдар.



1. Саржан мен Есенгелді Ташкент құшбегісіне қандай ниетпен барды? Топта бірнеше болжам жасаңдар. Саржан көтерілісі туралы нақты деректер іздестіріп, тарихи шындықты көркем шындыққа айналдырудағы жазушы шеберлігіне баға беріңдер.

Саржан мен Есенгелді Ташкент құшбегісіне не мақсатпен барды?

Болжам

Тарихи шындық

2. «Қаһар» романының хрестоматияда берілген бөлімін оқып, Сейтен мен Жоламан көшіне, Иман батыр қолына сипаттама беріңдер. Үш кейіпкерді байланыстыратын ортақ мәселені талқылаңдар. Бұл мәселенің Саржан мен Есенгелді бөліміне қатысын анықтаңдар.

Талдау нысаны	Сейтен көші	Жоламан көші	Иман батыр қолы
Көштің сипаты			
Тарихи деректер			
Ортақ мәселе			

Кенесары

1822 жылы патша өкіметі Орта жүз қазақтарын басқару туралы арнаулы жарлық шығару арқылы ел билеу ісіне өзгеріс енгізеді. Бұл іс жүзінде хандық биліктің жойылуына әкелді. Енді қазақ жерін ағасұлтандар биледі. Бір жағы, патша өкіметінің озбыр саясаты, бір жағы, Қоқан-Хиуа билеушілерінің өктемдігі мен ынсапсыздығы қазақ халқын тығырыққа тіреп, қалың қапасқа салғандай болды. Бұған шен-шекпенге сатылып, ел намысын аяқасты қылған болыс-сұлтандардың алауыздығы, ашкөздігі де қосылды. Кешегі Абылай бабасының көреген саясатын, асыл қасиетін бойына сіңірген Кенесары Қасымұлы осы тығырықтан шығып, елді қайта бір тудың астына жинауды мақсат еткен болатын. Романда Кенесары бейнесі жан-жақты ашылған.



Бұл – орта бойлы, кең жауырын, арықтау тарамыс денелі, жатаған келген ат жақты сары сұр кісі. Сәл қызғылт тартқан қыран көзді, жуан балуан мойынды. Ашық жүзіне жараса біткен сәл келтелеу қыр мұрнының астында шағын ғана мұрты бар. Қою шоқша сақалы сүп-сүйір. Сақал-мұрты күңгірт сары. Басында жарғақ тысты құндыз тымақ, қара мақпал жеңіл құндыз ішігінің сыртынан бозғылт түйе жүн шекпен жамылған. Аяғында атқа минуте ыңғайланып тігілген орта қоныш, көксалмен өрнектелген саптама етік. Отырған отырысында, тұрған тұрысында Ілтипаттық пен төкашпарлық қатар аңғарылады. Сәл шегір тартқан өткір қырағы көзі қарағанда адамның ту сыртынан өткендей. Сараң қимылы, жұмыла біткен жіңішке еріндері аз сөйлеп, көп тыңдайтын адамды сездіреді. Егер тұлғасына, көңіл райына қарасаң, ішінде тұнып жатқан үлкен ақыл, бұлқынып сыртқа шыққысы келген жігер барын ұғасың.

Бұл Абылайханның немересі, Қасым төренің ортаншы ұлы Кенесары еді. Қасым төре жолды өзiрге Саржан мен Есенгелдіге бергенмен, түбі Абылай жолын алып жүрер ортаншы ұлы Кенесары мен кіші баласы

сұр кісі
ту сырты
үміттену
қасқырлар тобы
басыңды имеу
мақсат
басқосу
ескі егес
санасу
арман

Наурызбай болар деп те үміттенетін. Қасым төре Есенгелді менен Саржаннан бір айдан бері хабар ала алмай іші бітеу жараға толы еді. Суық хабар сумаңдап әп-сәтте-ақ тарайды ғой. Еш жаманаттың естілмеуі Саржан мен Есенгелді сау дегендей жұбанып беретін.

Кенесары батыр қазақтардың өз тәуелсіздігінен айырылуының ең басты себебі – «ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деп қарайтын ел ағаларының ауызбірлігі жоқтығынан деп білетін. «Сол қазақтың басын қосуға бола ма?» деген сұраққа өзі де жауап бере алмайтын.

Тек соңғы кезде ғана бір жауаптың ұшығын тапқан тәрізді. Ол ұшық Абылай атасының заманы мен қазіргі ел жағдайында жатқан секілді. Абылайдың тұсында Россия патшасы Сарыарқаны төңіректеп бекініс салғаны болмаса, бөлендей ішіне кіре қоймаған-ды. Сондықтан атасы Абылай біресе Россияны еміндіріп, біресе Қытайды дәмелендіріп екі ортада бостандығын сақтап жүре берген. Ал қазір қазақта ондай мүмкіншілік жоқ. Бір жағынан, әбден орын теуіп алған патша әскері болса, екінші жағынан, қазақ жерінің бүкіл оңтүстігі мен Сыр бойын басып алған Қоқан мен Атырау, Арал тұсынан Үстірт, Маңғыстауға дейін өкімін жүргізген Хиуа хандықтары тұр. Абылай кезіндегіден қазір қазақ елінің басын қосудың қиындығы да, жеңілдігі де осында деп түсінеді Кенесары.

Абылай ханның қай қатынынан тараған ұрпағын алсаң да, тастай берік, ұйымшыл. Әсіресе Қасым төре ұлы-қызы: Есенгелді, Саржан, Күшік, Мұса, Кенесары, Наурызбай, Әбілғазы, Кенесарының апасы батыр Бопай, олардың балалары Құдайменді, Ержан, Иса, Қошқарбай, Әбілпейіз. Қасымның інісі Дайырдың балалары Тәті, Әті, Сатыбалды, оның баласы Қалдыбай – бәрі өзен қайда құйса, тамшы да сонда құяды дегендей, үлкені қайда бастаса, өзгесі соңынан еруге бар. Нағыз бір ұялы көкжал қасқырлар тобы дерсің. Тек аталас Күшік қана бозөкпелеу. Әкесінің айтқанына тек қатыгез бауырларынан қорыққанынан ғана көнетіндей. «Бір биеден ала да туады, құла да туады, бір шіріген жұмыртқа кімді бүлдірер» дейсің дейді ішінен Кенесары.

Аға алдына түсу Қасым төре балаларының арасындағы дәстүр емес, сөйтсе де ағалары Саржан мен Есенгелдінің қылығына Кенесары түсінбейді. «Нәсіне Ташкент күшбегісінің алдына барып тізе бүкпек? Қас дұшпаннан тіленіп не табады олар? Қастың аты қас, сенің дос емес екеніңді Ташкент күшбегі білмей ме, басыңды име. Одан да өз керегіңді өзің көк найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен тартып ал. Сонда ғана жауың сеніменен санасады, ал қолыңды жайып, тізе бүксең, сені ол құл санайды. Құлдың тілегін кім орындаған? Жоқ, билік өзіме тиер болса, бұның бірін де істемеймін. Не болса да дұшпандарыммен алысып өлемін. Ағаларыма да соны айтам... Тек өздері сау қайтса екен!»

Кенесары тағы да ойға шомды.

«Абылайдың жолын қуу – бүкіл қазақтың басын қосып, Үш жүзді билеу деген сөз. Үш жүзді билеу – сұлтан атаулыны аяғына жығылтып, Әбілқайыр, Сәмеке, Нұралы, Бөкей, Серғазы, Уәли ұрпақтарын өзіне табындырып, барлық қазақты аузыңа қарату. Үш жүздің баласын қойдай өргізіп, қозыдай көгендеу. Сонда ғана Абылай ханның қалмақ әйелі Хочадан өрбіген ұрпақтарының ежелгі арманы орындалады. Қазақ елінің жаудан жерін, еркіндігін қорғау мен Үш жүзге Қасым төре балаларының үкімін жүргізу – қазір бір тілек, бір мақсат. Ал осы тілек, осы мақсаттың орындалуына ең қолайлы кезең – бүгінгі кезең. Өзінің тәуелсіздігін қорғауға көтерілгелі тұрған халық, егер бастай білсең хандықты, Үш жүзді билеуді саған өзі алып бергелі тұрған жоқ па?!» «Бұдан былай қарай мұндай сәтті кезең тумауы мүмкін. Россия патшасы, Қоқан, Хиуа хандықтары төрізді жауларымыз халықтың еңсесін мықтап тұрып бір түсіріп тастаса, қызба қанды қазақ қайтадан бас көтере алмайды. Жоқ, бүгінгі күн – ең қолайлы күн. Тәуекел, не болса да айқасты бастау керек! Бірақ айқасты қай тұстан бастаған жөн?! Үш дұшпанның қайсысының бізге салғалы тұрған шырғысы берік, ең алдымен соны үзу керек!»

Кенесарының соғысты, ең алдымен, Россия патшалығымен бастауды қалап алуына басқа да себептері жоқ емес. Патша солдаттарының бекініс, зеңбірек, карабин штуцерлері болса, қазақтың далиған жалпақ даласы бар. Егер тығылар жыңғыл, жықпыл сайы көп болса, қыр қоянын арлан тазы да ұстай алмайды. Арқаның жері мол, бір шеті Қарқаралыдан Ақжайыққа, екінші шеті Қызылжардан Бетпақдалаға дейін созылып жатыр. Қалай ойыссаң да жер жетеді, тек үзеңгің берік, қайтпас қажырың болсын. Ал зеңбірек сүйреткен патша әскерінің мұндай мүмкіншілігі жоқ. Оның үстіне, Орта жүз көп ел. Бәрін бірдей көтере алмасаң да, соңыңнан еретіндер табылады. Өлің жетпей қуғынға түсер күн туса, батырлықты құрмет тұта білетін қазақ, кейбір ішіндегі өзәзілі болмаса, көрер көзге ұстап бермейді. Ең болмаса Абылай ханның аруағын сыйлайды. Ал Қоқан мен Хиуа жерінде бұндай жағдай жоқ. Сыр бойы, Үстірт, Маңғыстау, Арал маңындағы көшіп жүрген қазақтардың шынтуайтқа келгенде басын қосу оңай іс емес. Қоқан, Хиуа хандарын жеңу үшін Жетісу, Алатау, Қарақалпақ өңіріндегі ағайындардың да бас көтеруі керек. Оған сену қиын. Үйсін, Дулат, Алатауды жайлаған көп қырғыз, Арал бойын мекен еткен қарақалпақ сенің сөзіңді сөйлеп, жоғыңды жоқтай ма? Өз ошағының басы аман болса, сенің қан төккеніңде несі бар? Қоқан, Хиуа хандарының да күштілігі осында жатқан жоқ па, олар кімнің жүрегінің қалай соғатынын біледі. Қырғыз, қазақ, қарақалпақ бірігіп бас қоспайтынын сезеді...

Кенесарының Арқаға оралғысы келуіне тағы да бір себеп бар. Ол – кек. Сәмеке, Бөкей, Уәли тұқымдарынан шыққан ағасұлтандарды

Қасым балалары өртеп жіберуге бар. Бұл ескіден келе жатқан ескі егес, ел билігіне таласудан шыққан бақастық. Өсіресе Қасым балаларының өші Құдаймендінің Қоңырқұлжасында, Уәлидің баласы Шыңғыс пен оның шешесі Айғанымда, Бөкей тұқымынан шыққан Тәукенің Жамантай, Құсбегі мен Жантөренің Ахметі мен Арыстанында. Бұл ағасұлтандар Кенесарының да ең аямас жаулары. Балық басынан шіриді, қазақ жерін ақ патшаға беріп отырған осы ағасұлтандар деп кектенеді Кенесары.

Бірақ олар Кенесарыға оңайлықпен бой бере ме? Олардың да соңынан ерген қыруар ел бар. Қолдарында қару-жарақты жүздеген жасағы, сарбаздары тұр. Оның үстіне, қол ұстасқан ақ патша әскерлері де қастарында, Кенесарының бір тірелгені – ең алдымен осы ағасұлтандар мен патша әскерінің арасына ши жүгіртіп көру. Шамасы келсе, Сібір мен Орынбор губернаторларын өзмен санасатын етіп алу.

Абылайдың алдында ғана Орта жүз хан көтерген қырық мың жылқы айдаған Сәмекеңің ұрпақтары Құдайменді балалары десе, Кенесары ұйқысынан шошып оянады. Ағасұлтан Қоңырқұлжа мен Кенесары арасында тек қана ежелден келе жатқан ел билеу, қоныс тебуден туған ата дауы емес, бастары көрге кіргенше кешірілмейтін уыты қанға сіңген өшпендік бар. Сол өшпендік, кешірілмес қастықтың енді ақ патша мен қазақ елінің арасындағы үлкен саясатқа да ықпалы тимек. Кенесары орнынан түрегеліп, сәл ерсілі-қарсылы жүрді де, қайтадан ой шумағын тізе берді.

«Хандыққа таласудың екі жолы бар. Оны сан айқастан өткен Кенесары жақсы біледі. Бірі – саған хан билігін өперем деген халықтың артында тұрып басқара білу. Екіншісі – соңынан ерген қолдың алдында жүріп, ерлігіңмен өзіңе тартып алу.

Хандыққа жүз бен жүз, ру мен ру таласса, жұрттың арт жағында тұрып елді қырғынға айдап салып, ақыл-айламен, зұлымдық-жауыздықпен мұратқа жетуге болады. Ал бүгінгі таластай, қалың бұқараның тәуелсіздігін қорғау арманы мен сенің жұрт билігін қолға алам деген көкейкесті тілегің ұштасып жатқанда, соңыңнан ерген қолдың артында емес, алдына шығу қажет. Сонда ғана саған қара халық сенеді, соңыңнан ереді. Бұқара өз басыңның қамы үшін емес, халқың үшін алысып жүргеніңді көзбен көргені жөн. Сөйткен күнде ғана арманыңа жетесің. Халық өзі арманыңа жеткізеді!».

Осындай шешімге келген Кенесары кенет тізесін бүгіп, беліндегі Исфаған шебері соққан наркескенін суырып алып, қылшылдаған суық жүзінен сүйді.

– Анадан қорқақ болып тумап едім, – деді кенет дауысы дірілдеп кетіп. – Арманыма жеткенше қорқақтық білдірсем өз қанымды өзім ішейін, осы сертіме, түсі суық наркескен, сен куә бол!

Лұғат

Көксал (көксауыр) – көк бояуға боялған сапалы көн, былғары.

Бітеу жара – адам ағзасындағы тіндер мен мүшелердің қабынуы салдарынан аузы шықпай іріңдейтін жара. *Бұл жерде:* іштегі күйік-шер.

Бозөкпе – 1) буыны қатпаған, жас; 2) ауыспалы мағынада жуас, ынжық, жасық, былжыр; 3) бос, мәнсіз; 4) қойда болатын ауру; 5) құсқа жем ретінде беруге арнап үрленген мал өкпесі. *Бұл жерде:* екінші мағынада берілген.

Шырғы – *диалект сөз:* көсеу, от көсейтін құрал. *Бұл жерде:* ауыспалы мағынада басқа түскелі тұрған қауіп-қатер, қиын іс, яғни бұғау, қамыт.

Ши жүгірту – біріне-бірін айдап салу, араздастыру.



1. Кенесары бейнесі қалай сипатталған?
2. Қасым төренің өз балалары туралы ойын айтып беріңдер.
3. Атасы Абылайдың ел билеу ісі туралы қандай түйін шығарады?
4. Кенесары кімдерді дұшпан санап, олармен айқасудың жоспарын қалай құрды?
5. Қасымның балаларына қатысты автор көзқарасы қандай?



Тағылым тамшылары

Кенесарының монологі

Жерім таусылды. Өріс тарылып болды ма деймін... Нем қалды? Енді сенер кім қалды?.. Желік басылып бітті. Сөнді. Азғана ұшықтаумен-ақ басында желп еткен жігер қайта құлады. *(Біраз отырып.)* Кім ұқты? Кім қажымай, еруге шыдады? Мені қара қайрат алған жоқ. Кескілесіп қарсыласқан ісі жауым да емес... Сырттың күші жығатын болса, әлдеқашан жықпас па еді? Бәрі де ала алған жоқ. Мені іштегі дерт жығып отыр... Менің жауым... мұршам жетпеген жалғыз жауым... Өңшең азғын арам бездер! Солар ала қылды, солар адастырды елді де... Менің күйігім де, ажалым да солардан... Бірақ мені жыққан сол жауыздар жұртты қоса жыққанын ұға ма екен? Ойлар ма екен? Алатаудың баурында Кенесары жығылса... Түсінер ме соны? Өкінер ме? Менің жығылғаным арман емес. Жалғыз-ақ ел болар ма деген елімнің көші қайда қалды? Қайда қалдың, қайран елім, не боп қалдың? *(Басын төмен салып, шөккендей, үн шығармай, маңдайына қылышын таянып отырып қалады.)*

М.Әуезовтің «Хан Кене» драмасынан үзінді.



1. Көшбасшы қандай болу керек? Көшбасшыға төн қасиеттерді бойына жинақтаған, қоғамға өзгеріс алып келген әлемдік ел билеушілерді еске түсіріңдер. Оларға ортақ қасиет қандай? Кенесарының бойында қандай көшбасшылық қасиеттер кездеседі? Тізімін жасап көріңдер.
2. Төменде берілген екі пікірмен танысып, жұпта талқылаңдар. Қай кейіпкерге қатысты айтылған? Қай пікірмен келісесіңдер? Қай пікірді жақтайсыңдар? Неліктен? Дәлелді жауап беріңдер.

Кенесарының ойы	Халық мақалы
«Бір биеден ала да туады, құла да туады, бір шіріген жұмыртқа кімді бүлдірер дейсің?»	«Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді»



Кенесары портреті берілген үзіндіні тауып оқыңдар. Кенесарының портреті арқылы оның қандай мінезін тани алдыңдар? Адамның мінезін, ақыл-парасатын, ерік-күшін сыртқы келбеті арқылы қаншалықты бағамдауға болады?



- Кенесары монологімен танысыңдар. Төмендегі тапсырмаларды орындаңдар.
- а) Қалай ойлайсыңдар, мәтінде қандай астарлы ой жасырынған? Хан Кененің ішкі және сыртқы жаулары кімдер? Топта талқылаңдар.
- ә) «Қаһар» романынан осы үзіндіге сөйкес келетін сюжетті анықтаңдар. Бұл үзіндіден Кенесары бейнесін басқа қырынан тануға болады ма?
- б) Түрлі дереккөздерден (энциклопедиялардан, «Қазақстан тарихы» оқулықтарынан, e-history.kz сайтынан) көтеріліске қатысты мәліметтер жинақтаңдар. Кенесары көтерілісінің жеңілуіне қай күштің ықпалы басым болды? Сыртқы жаудың ба, әлде ішкі жаудың ба? Кенесарының ішкі және сыртқы жауларының көбеюіне себепкер факторларды қарастырыңдар. Жинақталған мәліметтерді таразылап, топтың ұстанымын дәлелді түрде қорғап шығыңдар.
- в) Кенесары жауларының (ішкі және сыртқы) арасында қандай да бір байланыс болды ма? Ішкі ірікті тудырушылардың бұндай сатқындыққа баруына не себеп болуы мүмкін? Шығармадан мысал келтіріп, өз дәлелдеріңді басқа топқа ұсыныңдар. Топтардың дәлелдерін салыстырып көріңдер.

Наурызбай

Шығармада ұлт азаттығы үшін күрескен Наурызбай батыр образы да сәтті сомдалған. Ұлт-азаттық күресте ерекше ерлігімен көзге түскен Наурызбай Қасымұлы – Абылай ханның немересі, Кенесарының туған інісі. Ол қазақ даласына озбыр саясатын жүргізуге тырысқан патшалық Ресейге, Қоқан билеушілеріне қарсы соғыстардың барлығында ағасы Кенесарымен бірге атқа қонды. Ол әскерді азық-түлікпен және қару-жарақпен қамтамасыз етіп, барлау жұмыстарын ұйымдастырған. Сөзге шешен, өнерлі Наурызбай балуандығымен, құсбегілігімен де танылған. Ол туралы 9-сыныпта оқыған Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанымен танысыңдар. Ел ертеңі үшін күрескен Наурызбайдың көркем бейнесі Қалижан Бекхожиннің «Батыр Науан» атты поэмасында да бейнеленген. Қазақтың соңғы ханы Кенесарының бауыры әрі үзеңгілес серігі болған Наурызбай батыр образын «Қаһар» романында автор оның ұстанымдары арқылы сол кездегі тарихи жағдайларды, саяси ахуалды терең зерделей отырып, оқырманға ұсынады.



Дәл осы кезде бұлардың жанына Наурызбай келді. Бұл жиырма екіге жаңа шыққан келбетті жігіт. Бір әке, бір шешеден туса да, бітімі Кенесарыға мүлде ұқсамайды. Сұңғақ бойлы, екі иығына екі кісі мінгендей құлаш жауырын, тіп-тік келген, ат жақты, екі бетінен қаны тамған ақ құба түсті. Мұрын, көз, қас-қабақтары қазақ жігіттерінікінен гөрі мол пішілген, танадай жалтыраған сопақтау келген үлкен қоңыр көздері адамға ілтипатпен қарайды. Қызылды-жасылды меруерт өрілген айдары самай тұсынан салбырап түсіп тұр. Жаңа тебіндеп келе жатқан қоңыр мұртты. Басында қызыл барқытпен тыстаған құндыз бөркі, үстінде құйыршықтары мен тырнақты аяқтары салбыраған қара қасқа күзен ішік. Ішігінің жағасына, жеңіне, шетіне қара қоңыр құндыз ұстаған. Беліндегі күміс белбеуіне былғары қынды селебе таққан.

Тірек сөздер

келбетті жігіт
найзагер
туған жер
жұмбақ жол
аға-жеңге
екі салт атты
суық хабар
жоқтау

Наурызбай ұрысқа да осы киімімен шығатын. Білегіне дейін сыбанып түріп алған оң қолында бауыры қорғасын, бес батпан зілдей ауыр қара найзасын тудай көтере ұстап, астындағы сарғылт қылшықты ақ боз атын ойнақтата «Абылайлап!» шапқанда, жан қарсы келе алмайтын. Және зілдей қара найзамен ешкімді қос қолдап шаншып көрген емес. Оң қолында төрт жігіттің күші бар дейтін жұрт. Наурызбай асқан найзагер, заманында бұл соғыс қаруынан өзіне пара-пар келетін жан кездестірмеген. Және жауға шапқанда қабағы қарс жабылып, жүзінде ерекше қаһар пайда болатын. Ал жайшылықта Наурызбайдан ақжарқын жан жоқ. Ол мұндайда өрі өнші, өрі өзілқой. Ал қазір Наурызбайдың қалың қабағынан қынжылған рең байқалады. Көзі тереңдей, қас-қабағы кіртіге қалған.

Оған себебі де бар еді.

Наурызбай соңғы кезде өзі туып-өскен Көкшетау туралы көп ойлайтын болған. Мұндай кездерінде Арқаның жасыл шалғынды, көк майсалы даласы, жақпар-жақпар күз тасты, өн бойы өрби біткен қалың қарағай басқан түйе өркеш шағын таулары, көк толқыны жар кемерін тынбай соғып жатқан шалқар көлдері, мол сулы өзендері оның көз алдында елестейтін. Кенет Бурабайдың көз жасындай көгілдір толқыны шулағандай, кереге қанат қыран бүркіт қалықтай ұшқан Оқжетпестің басында ойнаған ерке жел жылағандай, дымқыл иісі аңқыған Кенесары үңгірі күңіренгендей құлағына бір қайғылы үн келетін. Сол үн өзін шақырғандай болатын. Наурызбай мұндай кезінде көктем сөнін, жұбайы өнін аңсаған жыл құсындай, іші-бауыры елжірей, туып-өскен Көкшетауын сағынатын. Өйткені асыр салған балалық шағы бөрі де осы Көкшенің көгілдір құшағында өткен. Наурызбайға Көкше деген құр ғана туған жер емес. Ол кейде өзінің жыл құсы болып жаратылмағанына өкінетін. Егер жыл құсы болса сол Көкшені әр көктемде бір шарлап ұшпас па еді! Мұндайда Наурызбайдың жүрегі удай ашып, жанын қоярға жер таба алмайды. Сол бақыттан, сол қуанышынан айырған сонау темір киген дұшпандарымен алыса түскісі келеді. Өттең не керек, Наурызбай да бір, тұғырда тұрған бала бүркіт те бір, ұшарға қанаты бар, бірақ аяғындағы жібек бау жібермейді, құр қайрат мезеп шаңқ-шаңқ шақыруға ғана дәрмені келеді.

Қаратаудың жыңғылы мен баялышы Көкшенің тобылғысы мен қарағанына жетпес, бозы менен көдесі, жұпар аңқыған көк шалғынына пара-пар келмес. Сонда неге жүр бұлар Сырдың сұрғылт даласында? Жан сақтау ма, әлде хандық па көксегендері? Егер жер кегі болса, таласпай ма сол жер үшін сол туған жердің өзінде? Сырда жүріп Арқаны қалай алмақ? Наурызбай осы жәйттерді ойласа, ештеңеге түсінбейді. Әкесі Қасым төре, ағалары Есенгелді, Саржанның бұл жөнінде ұстаған жолы оған жұмбақ.

Наурызбайға мың Қоқан хандығынан Сарыарқасының бір жайлауы артық. Осы қайғы кеше Құдайменді батыр келгеннен бері тіпті үдей

түсті. Қазіргі қабағының қатуына да себеп осы. Аға-жеңгесінің төбе үстінде оңаша тұрғанын көріп, сөйлесуге әдейі келген. Наурызбайдың реңінен көңілінің қапалы екенін аңғарған Күнімжан оған күле қарап:

– Кіші төрем, неден жүдей қалғансың? – деді, – бір жерің ауырғаннан саумысың?

Наурызбай қапалана жауап қайырды.

– Ауру екенім рас, жеңеше... Жаным ауырады, көкірегім ауырады, жүрегім ауырады...

Інісінің немен дертті екенін көптен бері сезетін Кенесары үндеген жоқ. Күнімжан енді жігер бере сөйледі.

– Қара бұлттан күн де шығар, бұл аурулардан айығар заманың да келер.

– Қашан?!

– Оны жүйрік аттың шабысы, ер жігіттің намысы біледі.

– Намысқа шабар алысымыз болып тұр ма? Біз қазір апан-апанға келіп тығылған бөрі тәріздіміз. Қанша бөрі болсаң да, тығылған жерің құр түкпір...

Кенесары кенет інісіне қарады.

– Апаннан атылған бөрі жауына қауіпті екенін білмейтін бе едің?

Қол-аяғыңды бауырыңа жинап атылуға дайындала бер, Науанжан...

– Жоқ, Кене аға, апанынан бөрі тек ажалына ғана атылады.

– Кейде жауын да мерт етпей ме?

– Маған ондай итжығыстың керегі жоқ. Наурызбай ағасына кішілік мінез көрсете ақырын сөйледі, – маған жауымды аңдып басар Көкшенің ыңғыл-жыңғыл жартасы, соңымнан жел де қуып жете алмас ұшы-қиыры жоқ Арқаның кең даласы керек.

Кенесары інісінің өзімен пікірлес екенін бұрын да білетін, бұ жолы да ойлаған жерінен шыққан соң іштей қуанып қалды. Сөйтсе де қатты мінезіне салып:

– Ұясынан ерте ұшқан қыран тез қартаяды, – деді, – алдыңда ағаларың барда жол таңдамай тұра тұр.

Наурызбай Кенесарыны өзге ағаларынан артық сыйлайтын, сондықтан қарсы сөзге келмей:

– Құба-құп, – деп төмен қарады.

Дәл осы кезде күншығыс тұстағы белестен ойдағы ауылға қарай көтерілген шаң көрінді. Өрі-беріден соң тау ішінен екі салт атты сытылып шықты. Қырағы көз Кенесары тесіле қарады да:

– Ойпырым-ай, мынау Ағыбай болмаса етті, – деді кенет қобалжи, – астындағысы Ақылақ тәрізді...

Наурызбай да тесіле қарады.

– Ие, Ағыбай көкем! Ал жанындағысы кім? Ат жалына жабысқан түрі Ержанға ұқсайды.

– Иә, солар.

Сөйткенше құйындата шапқан екі атты жетіп те қалды. Енді олардың «ой бауырымдаған» айқайы да естілді.

Кенесары сазарған қалпынан қозғалған жоқ. Наурызбай мен Күнімжан шыдай алмай келе жатқандарға қарсы жүгірді.

Ағыбай пұшпағына дейін терге батқан атынан қарғыш түсіп, белбеуін мойнына салып, қазақтың жамандықты естіртетін көне дәстүрі бойынша, екі қолын көкке көтере, тізерлей отырып ағыл-тегіл жылаған қалпы суық хабарды естіртті.

– Батыр Кене, қос боздағымыздан айырылды, он сегіз асылдан айырылды. Ташкент құшбегі қолынан Есенгелді, Саржан ағаларың қаза тапты. Қыршын жігіттерімізді де тегіс бауыздады.

Кенесарының түрі күреңітіп, ерні бозарып кетті.

– Қашан? Қалайша?

Ағыбай бетінен сорғалаған жасын сүртпестен, ауызы кемсеңдей:

– Осыдан екі күн бұрын. Жауыз құшбегі бізді алдап шақырған екен, Мәделіхан келген күні түнде Есенгелді мен Саржан сұлтанды диуан сарайына шақыртып алды. Сендердің Қоқан хандығына қарсы шығатын ойларың бар екен деп бастарын алдыртыпты. Ержан екеуміз төрелердің жарлығы бойынша керуен сарай ауласындағы аттарды қарауға кеткенімізде рабатта ұйықтап жатқан өзге жігіттерді жендеттері келіп бауыздапты. Біз өздері құтылды.

Өлсіреп қалған Ержанды Наурызбай мен Күнімжан сүйеп тұрған. Суық хабарды естісімен Күнімжан басындағы үкілі сөукелесі мен күлгін торғын шөлісін жұлып алып, қара шашын жая, екі белін таянып жоқтау айта жөнелді.

Қапыда кетті қос арлан,
Аямады қас дұшпан

Жау сөзіне бос нанып,
Батырып қанға кек алып...

Жамандық хабар соққан желмен бірдей, іп-лезде бұл сұмдықты барлық ауылдар да естіді. Шаштарын жұлып, беттерін тырнап боздаған ана, егіл-тегіл еңіреген бала, үй-үйдің қасында жоқтау айтып топтанған қатын-қалаш, көзінің жасын сүртіп күрсінген шалдар, ашулы көздері оттай жайнап кіжінген жігіттер. Ойпатта отырған бар ауыл көл үстінде тып-тыныш жүзіп жүрген қаз-үйрекке ителгі тигендей әп-сәтте азан-қазан болды да қалды...

Лұғат

Селебе – 1) көне сөз: ұшы қанжар сияқты, қос жүзді, үлкен өткір қылыш; 2) қиын-қыстау кезең, ауыртпалық, апат; 3) қатты жауған жауын, сел. Бұл жерде: бірінші мағынада.

Баялыш – алабұталар тұқымдасы, сораң туысына жататын шөлді, шөлейт жерге өсетін, биіктігі 40–100 сантиметр сұр я боз түсті тікенекті өсімдік, бұта.

Пұшпақ – малдың аңның тізеден төменгі сирақ терісі.

Рабат – көне сөз: орта ғасырлардағы қала шетіндегі қосымша елді мекен.

Ителгі – құйрық қанаты ұзын, мойны ақжағал, кішкене қыран құс.



1. Наурызбайдың мінезі несімен ерекшеленеді?
2. Кенесары інісіне қандай ақыл айтады?
3. Ағыбай мен Ержан қандай хабар өкелді?
4. Есенгелді мен Саржанды кім өлтірді?
5. Кенесары мен Наурызбайдың ендігі әрекеті қандай болмақ деп ойлайсыңдар?
6. **Жоқтау** деген не? Ауыз әдебиетінен оқығандарыңды еске түсіріңдер.



Наурызбай мен Кенесары бейнелерін салыстыра талдаңдар. Наурызбай бейнесінен қандай ерекшелікті байқадыңдар? Аға мен інінің мақсат-мүддесі бір жерде тоғысады ма? Аға ретінде Кенесарының, іні ретінде Наурызбайдың көтерер жүгі қандай?



1. «Наурызбай» бөлімінде кездесетін ажарлау мен құбылтудың түрлерін анықтап, қызметін талдаңдар. Автор стилін анықтаңдар.

Көркемдегіш құралдар	Мысалдар	Қызметтері

2. Көкшетау өңірінің табиғатын сипаттауда жазушы қандай тәсілді қолданған? Бурабайдың, Көкшетаудың сұлулығы қай шығармаларға арқау болған? Еске түсіріңдер.



1. «Кенесары-Наурызбай» қозғалысы жайында тарих не дейді? Шығармадағы көтеріліс пен тарихтағы көтеріліс арасындағы сабақтастықты талдап, тарихи деректердің қолданысына баға беріңдер.
2. «Қаһар» романының алғашқы атауы «Кенесары» болған. Роман атауының ауыстырылуына не түрткі болуы мүмкін? Өз көзқарастарыңды тарихи дерекпен салыстырыңдар.



Қазақ халқының *өлімді естірту, жоқтау айту* секілді әдет-ғұрпына тән ерекшеліктер Есенгелді мен Саржан өліміне қатысты қалай сипатталған? Жоқтаудың *элегия* ұғымымен байланысы қандай? Көшпенділер мәдениетіне, өркениетіне тән жөн-жоралғылар жоғалып бара жатқан жоқ па? Кестені басылыққа алып, шағын зерттеу жұмысын жүргізіңдер.

Зерттеу нысаны	Естірту	Жоқтау
<ul style="list-style-type: none"> • жоқтау мен естіртудің тарихы; • жоқтау мен естіртудің тарихи үлгілері; • жоқтау мен естіртудің зерттелуі; • жоқтау мен естіртудің ғұрыптық мәні 	<ul style="list-style-type: none"> • Үмбетейдің Абылай ханға Бөгенбайдың өлімін естіртуі; • Жошыға ұлының өлімін «Ақсақ құлан» күйі арқылы естіртуі; • Жиренше шешенге Қарашаш сұлудың қазасын естіртуі т.б. 	<ul style="list-style-type: none"> • «Қорқыт ата» кітабындағы Дерсеханның жалғыз Бұқашты анасының жоқтауы; • Қодан тайшының ұлы Дайырқожаны жоқтауы; • Жамбылдың Алғайдайы жоқтауы; • Абайдың Әбдірахманды жоқтауы

1822 жылы Ресей империясы хандық билікті жойып, әскери бекіністер сала бастады. Ғасырлардан берік жүйесі қалыптасқан, өзіндік дәстүрі бар хандық институтты ыдыратқаннан кейін ел билеу ісінде ауызбіршілік кетіп, наразылықтар көбейді. Болыстыққа, сұлтандыққа таласу, шен-шекпен алуға ұмтылу секілді бұрын қазақ арасында байқала бермейтін жаман қасиеттердің ақыры ел ішіне іріткі салды. Автор романда халықтың басындағы ауыр кезеңдерді баяндай отырып, осы мәселелерге де ерекше көңіл бөледі. Сұлтандар арасындағы жер үшін, билік үшін күрес ушыға түсті. Бірі бекініс салуға қатысты патша бұйрығына бүйрегі бұрып, биліктен дәмеленсе, енді бірі оның соңы бостандықтан түбегейлі айырылуға апарарын сезеді.

Шығармада Сәмеке ханнан тараған сұлтан Қоңырқұлжа Құдаймендіұлының бейнесі, ой арпалысы арқылы сол заманның тынысын, салқын саясатын айқын аңғарамыз.



Күн сәулесі түндіктен төгіле түссе де, Қараөткелдің ағасұлтаны Қоңырқұлжа өлі тұрған жоқ. Ақ мамық күстөсектің үстінде қос жастыққа көміліп қалың ойға кеткелі көп болған. Бір мезет Қоңырқұлжа аунап түсіп шалқасынан жатты. Енді мойылдай қап-қара кішкентай көздері дәл тұсындағы сырлы уыққа қадалып, мысықтың мұртындай түксиген сирек қасы едірейе қалды. Қамшының алақанындай жалпақ келте мұрны пысылдап, кебежедей жуан қарны дем алған сайын көтеріле түсіп ырқ-ырқ етеді. Салпы ерінді аузын қисандата шайнағанда саршұнақтың құйрығындай жіңішке ұзын мұрты едірең-едірең ете қалады.

«Абылай ұрпақтарынан менің нем кем, дейді ол ішінен, атағым ба, бағым ба, дәулетім бе? Олар сияқты мен де Шыңғыс ханның өулетімін. Ұлы бабам Орта жүздің ханы Сәмекеге қырық мың жылқы біткен. Бұдан жүз жыл астам бұрын Кіші жүздің ханы Әбілқайыр Россия патшасына бағынам деп хат жазғанда сол жылы Орта жүздің ханы менің атам Сәмеке де хат жазған. Тек патшаның қарамағыма алдым деген Указы шыққанша дүние салды... Орта жүз содан кейін барып Түркістаннан келген Сабалаққа – Әбілмансұрға ауған жоқ па? Өз өкем

Құдайменді сұлтанға да отыз мың қара көк пен күрең бітті емес пе... Әбілмансұрмен хандыққа таласуға қуаты жетпесе оған ол айыпты ма? Менің өкем Құдайменді қабылан болса, Әбілмансұр – Абылай айдаһар еді. Айдаһардың қабыланды жеңуі ғажап па? Бірақ Абылай айдаһар болса да Құдайменді қабыланды жұта алмады. Сәмеке ханның ұрпағы деп Омбы генерал-губернаторы үнемі араша түсті. Соның арқасында атамекен жерімізді де, қарамағындағы қалың арғынды да Құдайменді ешкімге берген емес-ті.

Тірек сөздер

күстөсек
хат жазу
араша түсу
бақ, дәулет
жүт
арғымақ
жарлық
міндеттер
бекініс

Бақ деген күйкентай құспен пара-пар, қай жерде жем болса, соған қонады. Әкеме бітпеген дәреже маған бітті. Бүкіл Қараөткелге ағасұлтан боп Абылайдың балалары емес, мына мен, Құдаймендінің Қоңырқұлжасы сайландым! Ал дәулет десең, менің дәулетім кімнен кем? Жиырма мың қылаң мен бараным бар. Тек салықты аз төлеу үшін қағазға он екі мың деп көрсеткем. Сегіз мың жылқымды жасырып қалдым. Бүкіл Россияның қазынасын иемденген патша ағзамға сегіз мыңнан түсер пайда мақтағанда бір күнгі салтанатты қонағасына жетер. Ал маған... Сексен жылқы сегіз ауылдың игі жақсысын сатып алуға жарайды».

«Өңгіме сексен жылқыда емес, елді билей білуде ғой.

Менің қызметіме ақ патша да, Омбы генерал-губернаторы да риза. Ал халық ше? Халық деген бір кеңе жас бала, оны алдай алсаң болғаны, соңынан ере береді... Менің сол қасиетім ғой, осы уақытқа дейін жұртты уысымнан шығармай келгенім?»

Өткен мешін жылғы қыс қатты болып, Балқаштың арғы бетінде малын айдауға көшіп келе жатқан Кенесарыдан жасқанып, Арқада тебінге қалған Ақмола өкірігінің жүз қырық мыңдай қарасы шөп жетпей жұтқа ұшыраған. Оның үстіне, ақпан-қаңтарда Ташкент құшбегісінің қарақшылары жүдеп отырған біраз ауылды шауып, Есіл, Нұра қазақтарының шаруашылығы әбден күйзелген.

Жаңа устав бойынша Ақмола өкірігі қазақтары осы биылғы тауық жылынан бастап жасақ төлеуге тиісті болатын. Жұрттың күйін көрген Қоңырқұлжа, салық жинау қиындығынан қашып, бар халықтың атынан салықты Көкшетау, Қарқаралы өкіріктерімен қатарласа, екі жылдан кейін төлеуді өтініп қағаз жазған. Бұл қағазбен қоса кешкі серуеніне мінсін деп, Бірінші Николай патшаның өзіне арнап мойны қудай иілген алты ақ боз арғымақ жіберген.

Арғымақтың сұлулығына риза болған патша, Ақмола өкірігінің қазақтары қырқыншы жылға дейін салықтан босатылсын деген арнаулы Указын шығарған. Бұл Указ жүдеп қалған жұрттың көңілін көтерумен қатар ағасұлтан Қоңырқұлжаға өзге сұлтан, билердің алдында үлкен абырой әперген. Қоңырқұлжаның осал кісі емес екенін өзге жұрт та түсінген. Бұрын қыңыр қарап жүрген кейбір ауылдар енді қара суықтан ықтаған көтерем қозы-лақтай Қоңырқұлжаның қолтығына кіре түскен. Ағасұлтанның міндет етіп отырғаны осы жайт.

Қоңырқұлжаның қабағы кенет тікірейе қалды. «Апат демекші, апат келе жатқан төрізді ғой, айлакер болсаң, құтылып көрші енді осы апаттан!»

«Иә, шешелерінің жатырынан найза ұстап туған Абылайдың қанды балақ ұрпақтары, бір жағынан бастары алынып жатса да тәубе етер емес.

Бегдербек құшбегі былтыр Есенгелді мен Саржанды өлтірсе, биыл Ләшкәр паруаншы алдап шақырып Қасым төренің өзінің басын алды. Ал бірақ бұдан кейін тоқтаған қайсы бар? Жараланған қасқырдай Қасымның Кенесары, Наурызбайы тіпті долданып алған жоқ па? Былтыр

бес жүз үй болып ел шетіне келгеннен бері кең даланы күңдіретіп жатыр. Бұлардың жеткені өзге елге қырсық болып тиді-ақ қой. Патшаға қарсы шығуды осы жұрт Қасым балаларынан үйренеді, осы уақытқа дейін кейбір қоқан-лоқысы болмаса, негізінде тыныш жатқан қалың Арғынның арасына да іріткі мықтап түскен секілді. Өзі де шығуға таяу тұрған көз еді дегендей, Кенесарының қайтқаны кесір болды.»

Ақтау бекінісінің неге салынып жатқанын есіне түсірейін дегендей Қоңырқұлжа бас жағындағы кілем боқшантайына қолын созып қызыл сафьян мұқабадан қалыңдығы бір елі, екі басты самұрық құстың суреті салынған қағаз алды. Бұл осы жылы он бесінші маусым күні Бірінші Николай патша қол қойған Ақтау бекінісін салу жөніндегі жарлық еді. Қоңырқұлжа көз жүгіртіп оқи бастады:

«Омбы облысына жататын сырт округтердің Ақтау деген жерінде бекініс салынсын. Бұл бекіністің бастығы-коменданты етіліп полковник не подполковник шеніндегі адам тағайындалсын. Комендант мынадай міндеттер атқарсын:

Ақмола, Қарқаралы, Аягөз округтерінің ішкі тыныштығын бақыласын.

Осы үш округ ауылдары оңтүстіктегі Бетпақдалаға дейін көшкенінде, солардың қорғаншысы болсын.

Шекараны үнемі бақылап тұрсын. Қазақтарды шекарадан әрі қарай бөтен жаққа өткізбесін. Басқа жұртты да шекарадан бері қарай кіргізбесін.

Осы үш округтің жерімен көшкен керуенді ұры-қарыдан, шапқыншылардан қорғасын.

Осы төрт міндетті орындау үшін жоғарғы аты аталған үш округтің әскерлері Ақтау комендантына бағынатын болсын. Және комендантқа біздің бекіністерімізге, не қол астымыздағы қазақ ауылдарына шабуыл жасайтын қастар табылса, оны Шу өзенінің бойына дейін қуып, қару қолданып тыйым салуға рұқсат етілсін».

Қоңырқұлжа Указды оқып шығып, оның маңызына жете түсінейін дегендей сәл үндемей жатты. Аздан кейін ғана барып тағы да сәл күлімсіреді. «Асықпаңдар. Тек осы Ақтау бекінісі салынып болсын. Сонда көрерміз қайсыңның қалай тырп еткендеріңді!»

Ал Кенесары дегеніңіз кекілікті Ілуте әккі болған кезқұйрық төрізді, сотқар әкесі мен тентек ағаларының соңынан жүріп әбден шынығып алған, ұрысқа бірден кіріп кетпей, Чириков есаул секілділер басқарған кішкентай жасақтарды қағып тастап, күш жинауда...



1. Қоңырқұлжа мен Кенесары арасындағы өшпенділік қашан басталған еді?
2. Қоңырқұлжаның мансабы мен кімге қызмет етіп жүргенін баяндап беріңдер.
3. Ол арғымақты кімге және ненің құрметіне сыйлады?
4. Қоңырқұлжаның халық туралы пікірі қандай? Ал Кенесары туралы қандай ойда?
5. Патша жарлығында не туралы айтылған?

Лұғат

Күйкентай – тұрқы 29–33 сантиметр, салмағы 140–190 грамм шамасындағы жыртқыш құс, ағашы аз орманды алқаптарды мекендейтін құс; сұңқар тұқымдасының бір түрі. Бұл сөз кейде ауыспалы мағынада күші жоқ, әлсіз адам дегенді білдіреді.

Боқшантай (оқшантай) – жоғарғы жағын сүйірлеу, етек жағын доғалдау етіп келтіріп, былғарыдан тігіп, белдікке тағып, оқ-дәрі салып жүретін қалта.

Кекілік – көбінесе таулы, тасты жерлерді мекендейтін, тұрқы 25–30 сантиметрдей, екі бүйірі ақ, көкшіл сұр түсті, тауықтәрізділер отряды, қырғауыл тұқымдасына жататын әдемі құс.

Кезқұйрық – ұсақ жәндіктермен, өлекселермен қоректенетін, тұрқы 70 сантиметрдей, құйрығының ұшы екі айрық, қара қоңыр түсті, сұңқартәрізділер отряды, қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс.



Жазушының Қоңырқұлжа бейнесін сипаттаудағы ерекшелігіне тоқталыңдар. Қоңырқұлжаның қай образға жататынын берілген сызбаны пайдалана отырып, шығармадан мысалдар келтіру арқылы дәлелдендер. Автор бұл бейне арқылы қандай жайттардан хабар берді? Қоңырқұлжа бейнесінің сол заман шындығын көрсетудегі рөлі қандай?



Қоңырқұлжаның өзімен-өзі сырласқан, өткенге шолу жасап, келешекке жоспар құрған тұстарын тауып оқыңдар. Кейіпкер монологіне төн ерекшеліктерге талдау жасап, қызметін түсіндіріңдер.

- Аудиториясы.
- Мақсаты.
- Функционалдық-коммуникативтік қызметі (сипаттау, баяндау, өңгімелеу).
- Риторикалық сұрақтар, тілдік бірліктер.

Образ түрлері

романтикалық образ

реалистік образ

эпикалық образ

сатиралық образ

трагедиялық образ

фантастикалық образ

батырлық образ

лирикалық образ

драмалық образ



1. Жазушы Кенесары бейнесін қалай бағамдайды? Бұл Қоңырқұлжаның берген бағасымен сөйкес келеді ме? Шығармадан тауып оқып, салыстырмалы талдау жасаңдар. Өздерің қандай баға берер едіңдер?



2. Ақтау бекінісін салу жөніндегі патша жарлығымен танысып, төмендегі тапсырмаларды орындаңдар.

а) Ақтау бекінісі туралы берілген тарихи деректерді жинақтаңдар. Оны салудағы патша өкіметінің жоспарын анықтаңдар.

ә) Бұл бекіністің Қоңырқұлжаға берері не? Ал Кенесарыға қандай қауіп тудырмақ? Топта жарлықтың мазмұнын талқылап, саралаңдар. Өз болжамдарыңды ұсыныңдар.

Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілісте қазақ батырлары ел мен жер үшін жанқиярлықпен қасық қана қалғанша күресіп, ерлік жасады. Азаттық жолындағы соғыстарда талай ерлер шейіт болды. Соғысу техникасын жетік меңгерген және мылтық, зеңбірекпен қаруланған патша әскерімен соғысу оңай емес еді. Кенесары сарбаздарына зеңбірек құя білетін адамдар өте қажет еді. От қарулар үлкен соғыстарда шешуші рөл атқарды. Шығармада бейнеленген Әшірап – бауырлас башқұрт халқының батыры Салауат Юлай бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан; зеңбірек құя білетін жігіт. Кенесары үшін алдағы болар ұрыстарда Әшірап айтқан айла-амалдар да маңызды...



«Жоқ, жоқ, қайткен күнде де Ақмола бекінісін алу абзал. Бірақ бес жүзге таяу жасағы, зеңбірек, карабин, іштесер қаруы бар, биіктігі бес сажын қорғанды, жан-жағын қоршай қазған терең орлы бекіністі Қоңырқұлжа мен Қарапұшық Иван оп-оңай бере сала ма? Айлаң жетсе, бермеймін дегеніне қоясың ба, аласың!.. Башқұрт Әшірап айтқан бекіністі алу айласы Кенесарының бұрынғы ойына ой қосты емес пе? Иә, сөйтті. Өттең, дүние-ай, Әшірап екі күн өтпей жоқ жерден мерт болды. Бірақ айтқан ақылы көкірегімде сайрап тұрған жоқ па? Ай, Қараүлек-ай, қолың гүрзіден де ауыр-ау, сорлы башқұрттың мойын омыртқасын бірден үзіп жіберіпсің. Сәл жеңіл қимылдасаң нетті, жазығы қамал алуды үйреткені ме? Нойыс неме, менің ойымды дұрыс түсінбегенсің ғой. Саған Әшірапты ертіп жібергендегі ойым қарамайды дұрыс қайнатуды үйретсін дегенім еді ғой. Ал сен менің бұрынғы тәсілімнен шыға алмапсың... Өлтіріп жіберіпсің. Өлу – өмір заңы. Енді оқасы жоқ. Өлтіргенің дұрыс та. Қарашының ақылымен қамал алғанымды жұрт білсе, менде қандай абырой қалады? Енді ол әдісті... Жоқ, жоқ, ең алдымен бар батырымнан бекіністі қалай алу керек екенін сұраймын, әрине әрқайсысы әрқилы жолға сілтейді... Ең соңында барып, өз ойымды айтамын. Ел бастайтын қаһарманның аузынан шығатын сөзді айтуым керек. Бұның өзі маған ерген жұрттың бірден көңілін көтеруі сөзсіз. Содан кейін мен айтқан әдіспен Ақмола бекінісін алсақ, одан артық абырой болар ма?! Соңымнан ерген жұрт құрмет тұтса, хан тағының да жақындай түскені».

Тірек сөздер

Әшірап ақылы
әдіс
зеңбірек құю
көрік
қазылған ор
ақым
ажал

Осыдан үш күн бұрын Ақмола бекінісін қалай алуды ойлап, ордада жалғыз отырғанында Кенесарының үстіне Жоламан батырдың жасағынан Байтабынмен бірге келген Әшірап деген башқұрт жігіті кірген. Дәулетші екеуі зеңбірек құя біледі дегеннен кейін, Кенесары осы башқұрт жігіттерімен жиі кездесіп тұратын. Өзінің ордасына да әлсін-әлсін шақырып, зеңбірек құю жайын әңгімелесетін. Сөйлесе келгенде зеңбірек құюды білетін Дәулетші,

ал Өшірап – Салауат Юлаевтың көтерілісіне қатынасқан, белгілі жауынгерлердің бірінің баласы боп шыққан, әкесінің айтуы бойынша бекіністерді алудың әдісінен хабардар екенін аңғартқан. Кенесары зеңбірек құйғызамын деп бірнеше ауылдың қазан-ошағын жинатып, Дәулетшінің қасына қазақтың асқан шебер бес ұстасын қосып, Қорғасынды дейтін жерден көрік ашқан. Ал Өшірапты жанына алып қалған Кенесары оған Ақмола бекінісінің қандай бекініс екенін айта келіп, осындай қамалдарды Салауат Юлай қалай алды екен деп сөз тастаған.

– Өздеріңіздің қандай ойларыңыз бар? – деген Өшірап.

Кенесары жасырмаған.

– Қалың әскер жүздік, мыңдық саппенен көдімгі жарды ұруға келе жатқан толқындай лек-лек боп, барынша айқайлап ұран сап, бірінің соңынан бірі қамалға шабады, – деген ол. – Мұндай жағдайда гүлдеген, шуылдаған, атой қойған қалың топты көріп, қамал қорғаншылары шыдай алмайды, қарадай зәре-құты қашып, қамалды қорғамақ түгіл, бекініс үстінде де отыра алмай, көбісі-ақ қаша жөнеледі. Бұл әдісті ата-бабаларым ежелден қолданып келеді.

– Мұндай ескі әдіспен зеңбірегі бар, жақсы қаруланған әскерге толы Ақмола секілді қазіргі заман бекінісі алынбайды, – деген Өшірап.

– Неге? – деп Кенесары оған тесіле қараған.

Өшірап түсіндіре жауап берген.

– Жаңа өзіңіз айттыңыз ғой, Ақмола бекінісін қоршап қазылған ор бар деп. Лақылдап келе жатқан сарбаздарыңыз сол орға келгенде амалсыз тоқтайды. Алдыңғы қатарын артындағы шауып келе жатқандары итеріп, кейбіреулері орға құлап, қалың қол іркіліп қалады. Дәл осы кезде қорған үстіндегі жауларыңыз төрт зеңбіректі бірдей атып, мылтық біткеннен жаппай оқ жаудырып, бар әскеріңізді жусатады да салады. Сондықтан бұл әдіс қазіргі жағдайда бекініс алуға келмейді. Басқа жол табу керек...

– Қандай жол?

– Бекіністің ішінде ағаш үйлер көп... дедіңіз ғой. Салауат Юлай ұлы бір амалды осы жағынан ойлаған болар еді...

Өшірап мұндайда Салауат Юлай ұлы менің әкемнің айтуы бойынша былай істер еді деп өзінің ойын айтып берген. Оның айтқаны Салауат Юлай ұлы ғана емес, көне сақтардың беріректегі қыпшақтар мен моңғолдардың қамал алу әдісі еді.

Башқұрт жауынгерінің ақылы Кенесарыға өте ұнаған. Шындап қимылдаса Ақмола бекінісінің алынатынына көзі анық жеткен. Еңсесі көтеріле бастаған. Бірақ көңілінде жанын жегідей жеген бір күдік туған. «Сонда қалай болады, деген ол ішінен, Ақмоланы алуда... мен қарашының ақылынан аса алмағаным ба?»

Үш күннен кейін дүлей, мылқау, алпамсадай зор денесіне қарап жұрт Қараүлек деп атап кеткен Кенесарының бас жеңдетімен бірге тоғай ішінде қарамай қайнатып жатқан Өшірап «ағаш құлап» ажал тапқан. Ел болып аққа орап Өшірапты құрметтеп жерлеген. Зират басында сұлтанның өзі де болған. Күйзеле «топырағың торқа болсын» деп, ең бірінші боп қашқын жігіттің жас қабіріне біруыс топырақ тастаған. «Кешір, азаматым, Қараүлекке ойымды анық түсіндірмегендіктен сенің ажалыңа мен айыптымын» деген ол ішінен. Өшірап ажалы жайында Кенесары одан әрі қынжылмаған. Қалай қынжылсын, «қанішер Абылай» атанған қанды көйлек арғы атасы кісі ажалы мен қой бауыздағанды тең көрген. Бергі атасы хан Абылай құлдық кезімнің куәсі болып, бетіме шіркеу келтіреді деп, ажалдан аман алып шығып, ерлік жолға қайраған Ораз құлды өз қолымен бауыздаған. Өз әкесі Қасым төре анасынан қолына қан шеңгелдеп туған. Осы үшеуінің ұрпағы Кенесары кімді аяйды? Ел билеймін деген адамға кейде жазықсыз ажал жазықты ажалдан құнды. «Адамды аяу – әлсіздіктің белгісі» деп ұғады ол.

Қазір Кенесары Өшірап туралы ойлап тұрған жоқ. Сол Өшіраптың айтқанын қалай пайдалануды ақылға салуда, оны толықтыра түсуде...

Лұғат

Іштесер – найза тәрізді қарудың бір түрі.

Сажын – үш кезге пара-пар ұзындық өлшемі. Кез шамамен 70–80 сантиметрдей.

Көрік – металл мен қорытпаларды қыздыруға, балқытуға, керамика бұйымдарын күйдіруге арналған пеш. *Бұл жерде: қару-жарақ жасайтын орын.*

Шіркеу келтіру – атына кір келтіру, ұятқа қалдыру.



1. Ақмола бекінісін алу жоспары қалай құрылды?
2. Өшірап кім? Оның бекіністі алу туралы қалай кеңес бергенін өз сөздеріңмен баяндаңдар.
3. Кенесары Қараүлекке қандай тапсырма берді?
4. Өшіраптың көзін жоюдағы Кенесарының мақсаты қандай?
5. Қалай ойлайсыңдар, Кенесары Өшіраптың жоспарын жүзеге асыра алады ма?



«Бекіністің ішінде ағаш үйлер көп... дедіңіз ғой. Салауат Юлай ұлы бір амалды осы жағынан ойлаған болар еді...» деген Өшіраптың сөзінің астарында қандай ой жатыр? Жүп болып Өшіраптың бекіністі алу жоспарын түсіндіріңдер.



1. Жоңғарларға кітап басуды, зеңбірек құюды Ренат Иоганн Густав үйреткені тарихтан белгілі. Бұл «Ақтабан шұбырынды» оқиғасымен тікелей байланысты еді. Ренат Густав туралы қосымша ақпараттар жинақтап, Өшірап бейнесімен салыстырып көріңдер.
2. Кенесарының Өшірапқа қатысты ісін талдаңдар. Қарсы топтың ой-пікірін жоққа шығарып, өз көзқарастарыңды дәйектеу арқылы сендіре біліңдер.
Жақтаушы топ: Кенесары ісін қолдаймыз. Қарашаның ақылымен бекіністі алды деген қауесет ел көшбасшысына сын болушы еді.
Даттаушы топ: Кенесары ісін қолдамаймыз. Оның Өшірапқа жасағаны опасыздық. Кенесарының ісі хан тұқымына төн аяусыздықтың белгісі.

Бекіністі алу

Ресей патшалығы қазақ даласындағы өз саясатын түрлі заңдармен бекітіп, айла-амалдарға барғаны тарихтан белгілі. Қазақтарды шұрайлы жерлерден ығыстырып, ел билеу жүйесін түбегейлі өзгертті. Атакәсібі малшаруашылығы болған қазақ халқы төрт түлігін жаятын өрісі тарылып, тығырыққа тірелді. Алым-салықтардың да түрі көбейіп, халықтың еңсесін баса түсті. Тартып алған шұрайлы жерлерге Ресей жағынан жіберілген мұжықтар қоныстандырыла бастады. Бұл мәселені Ресей патшалығы қазақ даласында әскери бекіністер салуға қатысты жарлықтар арқылы жүзеге асыра бастады.

Шығармада Кенесарының Ақмола бекінісін алуы баяндалады. Қаламгер бекіністі алу барысындағы Кенесарының айла-тәсілдерін, тапқырлығын, қазақ батырларының ерлігін шебер баяндайды.



Кенесары Ақмола бекінісіне шабуылды осы тамыздың жетісі күні таң сәріден бастады. Ең алдымен бекініс оңтүстіктен солтүстікке дейін иілген тағадай үш шақырымдай жерден қоршалды. Бекіністің күншығыс жағы бос – жарты шақырымдай жерде Есіл өзені. Содан кейін барып қолдың сегіз тұсында сегіз батыр тұрып алған. Оң жағында Кенесарының өзі, одан кейін Ағыбай, Ағыбаймен үзеңгілес Бұқарбай. Қолдың шаңқай ортасында Басықара. Басықарамен қатарлас Төлебай. Төлебаймен үзеңгілес Құдайменді. Құдаймендіден солырақ Жанайдар. Сол қанатта – Наурызбай. Таң құланиектеніп келе жатқанда бес мың атты әскер «Абылайлап» бекініске лап берді. Бір ғажабы қалың қол үзеңгілесе ат қоймай, дорбадан шашып жіберген бұршақ секілді, әр салт аттының аралары он-он бес құлаштай тымтырақай шауып келеді. Екінші ғажабы, шапқыншылардың алдыңғы қатары зеңбіректер нысаналанған орға жақындамай, садақ оғы жетер жерден оқтарын ата сала кейін қарай бұрылып шаба жөнеледі. Бекініске тіпті ұмтылмайды. Көкпар, сайысқа үйренген қазақ бірі кейін шапса, бірі алға ұмтылып, оқты қардай боратты. Алдыңғы қатары орға жетпей кейін шегінгенде, көк жиектен лықылдап көрінген артқы жағындағы бытырай шауып келе жатқан қалың қол ұшы-қиыры жоқ құмырсқаның илеуі тәрізді. Мұның тағы бір кереметі, қамалдағылар қол бастаған батырларды жекелеп нысанаға алайын десе, төгілген тарыдай жер қайысқан жанның қайсысының басшы, қайсысының қосшы екенін ажырату қиын. Бәрі бірдей киінген. Өр топ өз батырларын тек өздері ғана біледі. Қорған басында тұрған Қоңырқұлжа мен Қарапұшыққа Ақмоланы қоршаған мынау қара нөпір қол – бес мың емес (солай деп Ожар күнібұрын хабар берген), бес жүз мың адамдай боп көрінді.

– Япыр-ай, – деді таңданған Қоңырқұлжа, – мына Қасымның көкжалы Үш жүздің бас көтерер жігітін тегіс жиған ба?

Тірек сөздер

үзеңгілес
қалың қол
зеңбіректер
қарамайлы білте
өрт
шегіну
рулар

Қарапұшық ағасұлтаннан да бетер сасуда еді. Оның ойынша Кенесары сарбаздары лықылдап келіп алдыңғы қатары орға тірелгенде, артқы қатары оларды орға құлата-мұлата өздері амалсыз топырлап тоқтауға тиісті еді. Сол сәтте төрт зеңбірек бірдей оқ жаудыруы керек. Қарапұшық күнібұрын зеңбіректерді де әдейі осы ордың арғы қабағына көздетіп қойған.

Ал Кенесары сарбаздары оның бұл ойынан шықпады. Орға келіп тірелмек түгіл, тіпті оған жуымай, анандайдан садақтарынан жебе қарша боратқан қалыптары жалт береді. Бір қызығы, сарбаздар оқты қанша атса да, бірлі-жарым солдатқа ғана тигені болмаса бәрі бірдей асып кетіп, бекіністің ішіне түсіп жатыр. Егер қолдарынан келері осы болса, мейлі, оқтарын жаудыра берсін! Әйтсе де Қарапұшық өте сасуда еді. Бұл оның көрмеген соғысы. Ол қазақты зеңбіректің аузына байлап атып үйренген. Ал мына қу Кенесары оны істетер емес. Зеңбіректі сонау тым-тырақай ерсілі-қарсылы шауып жатқан сарбаздарға атқаныменен қаншасын қирата алады? Әр салт аттының арасы он-он бес құлаш, көп болса екі-үш адамды оққа ұшырады. Ал зеңбіректі оқтап, білтесіне от беріп атудың өзі қаншама уақыт алар бір қияпат іс!

Қарапұшық Кенесарының сарбаздары осылай құр текке шауып жүрген жоқ-ау деген ойдан да күдікті еді. Көп кешікпей бұл күдігі де анықталды. Кенет Қоңырқұлжаның:

– Ойбай, үйлер жанып жатыр! – деген үрейлі даусы шықты. Осы сәтте Қарапұшықтың дәл қасына кеп қорған ернеуіне бір садақ оғы шаншыла түсті. Қарапұшық қолын созып суырып алды. Қауырсынына қарамайлы білте шүберек байланған. Заматта білте шүберектегі кіп-кішкентай қызыл шоқ пысылдай жана бастады. Қарапұшық енді түсінді! Жүрегі бір сұмдықты текке сезбеген екен! Кенесары сарбаздары бағанадан бері садақты босқа беземепті.

Олардың атқандары мынау оқ тәрізді, әдейі бекініс ішіндегі ағаш үйлерге өрт салуға арналған оқ боп шықты. Қарапұшық бекініс ішіне қарап еді, әр жерден көкке лаулай көтерілген өртті көрді. Халдерінің қиынға айнала бастағанын енді түсінді. Өрт молайса оқ-дәрі, азық-түлік қоймасын да алады, онда бұлардың шаруасы біткені! «Зұлым Кенесары қулығын асырды! Бірақ тұра тұр өлі, көресіңді көрсетермін!»

Қарапұшық бағанадан бері Кенесары сарбаздарына оқ жаудырып жатқан солдаттарының қырыққа таяуын амалсыздан өрт сөндіруге жіберді. Қалғандарына жолдастарын жоқтатпауды бұйырып, зеңбірекшілерге:

– Зеңбіректеріңді ордың ернеуінен алып, анау қалың қолдың дәл ортасына меңзеңдер, – деп ақырды.

Бес минут өтпей зеңбірекшілердің:

– Дайынбыз! – деген дауыстары естілді.

– От! – деді ызаланған Қарапұшық қолын төмен сілтеп.

Аралары елу метрден қойылған төрт зеңбірек, бірден күндей күркіреп гүрс-гүрс етті.

– Солай ма екен! – деді қуанып кеткен Қарапұшық.

Түс кезі болып қалған-ды. Ортадағы зеңбіректің оғы дәл тиген бір атты сарбаз ат-матымен көкке ұшқанын Қарапұшық анық көрді. Екі-үш жігіт шет жақтан лап түсті. Өз тұсынан да екі жігіт ат-матымен омақаса оққа ұшып қаза болды. Қарапұшық зеңбіректерді тағы да аттырды. Бірақ бұ жолы оның оғы далаға кетті. Өзі де түсінбей қалды, бұ не ғажап! Зеңбірек даусы шыққаннан кейін, сарбаздар қорқып кейін қашудың орнына, кенет бес қатар боп бірінің соңынан бірі тізбектеліп, араларын тағы да он-он бес құлаштан салып, бекініске лап қойды. Бұ жолы олар нағыз бір шыр көбелек айналған құйын төрізді, көпшілігі ордың арғы қабағын қоршай шауып, қауырсын жебелерді тағы да қардай боратты. Жақын жерден көзделген мерген оқтары қорған үстіндегілердің басын көтертер емес.

Бағанадан бері құр садақ тартып, мылтық атып, алыстан тиіп-қашып жүрген Кенесары сарбаздары да, енді қамалға кірудің мүмкіншілігі барын көрді. Бәрі бірдей лап қоюға қақпаның алдындағы жол жіңішке, жау бар зеңбіректерін, қаруын осы араға меңзер болса, топырлап шапқан жұрт босқа қырылады. Осыны ойлаған Кенесары, ұрыстың түйіні шешілетін жерге өзі келіп:

– Қайсың барсың жүз адамменен бекініске кіретін? – деп айқай салды.

Атын ойнатып Басықара батыр шыға келді.

– Жолың болсын! – деді Кенесары. Өзге батырларға да: жау көңілін бұру үшін, сендер де бекіністің жан-жағынан оқ жаудырыңдар деп бұйырды.

Басықара батыр Кенесарының ризалығын алысымен өзінің мың әскерінен таңдап жүз сарбазды бөліп алып, жау қамалына қарай лап қойды. Өзі ат жалын құшып, ер үстіне еңкейе жатып алды. Астындағы кер төбелі қалың шөпті бауырлай ұшқан күс төрізді. Соңынан құйындата шұбырған жүз сарбазы. Басықараны мұндай шапшаң қимылдайды деп солдаттар да ойламаған болуы керек, мылтықтарын оқтап кезенгенше, Басықара сарбаздарын соңынан шұбырта, бекіністің ішіне кіріп те үлгірді. Қақпаның дәл қарсы алдындағы үйілген қапшықтан кер төбелін секірте өтіп, қарама-қарсы келіп қалған бір-екі солдатты кеспелтек сойылмен доптай қағып қайта оралғанында, ұзын бойлы қара бұжыр солдат орнынан ұшып тұрды да, мылтығын шапшаң кезеп Басықараны дәл көкірек тұсынан дәлдеп атты. Аңғал батыр сауытсыз еді, «қош бол елім» деп ат үстінен сүйретіле біраз жер барды да, сылқ етіп құлап түсті.

Қол бастаған батырларының оққа ұшқанын көрген жүз жігіт кейін қарай шаба жөнелді. Қашқан жауға қатын да ер, сондарынан атылған оқ бұлардың да он шақтысын алып қалды.

Шегінген тобырдың соңынан иесіз ойнақтап шыққан Басықараның кер төбелін көргенде Кенесары шыдай алмай:

– Тастамаңдар! Басықара батырды жау қолына! – деп тұлғасы бөлек көк бурыл бестісін ойната өмір беріп, ешкім шықпаса өзім шабайын деп ыңғайланғанша, қамыс құлақ, бөкен сан, бүкіл Арқаға өйгілі «ортеке» аталған сөйгүлігімен Төлебай батыр жұрттан сытылып шығып жеке сала берді. Бұл кезде Кенесарының қасында өзге батырлардың ешқайсысы да жоқ еді. Наурызбай да, Ағыбай да, Бұқарбай да бөтен шепте болатын. Екі жүз қадамдай жерде жеке кетіп бара жатқан Төлебайды көргенде Кенесарының өзі де шыдай алмады. Көкбурылдың үстіне тік түрегеліп тұра қалып «Абылайлап» қамалға қарай құйындата жөнелді. Көкбурылдың үстінде ажалдан қорықпай түрегеліп шауып бара жатқан Кенесарының көргенде өзгелері де орындарында тұра алмады. «Абылай!», «Ағыбай!», «Атығай!», «Қабанбай» деп ұрандап бекініске лап қойды. Айқай-шудан жер сілкінеді. Күн батып қара көлеңкеленіп бара жатқан кез еді. Таң сөріден нәр татпай күні бойы Кенесары сарбаздарымен екі жақтан алысқан ержүрек солдаттар да, енді шыдай алмады, біріндеп шегініп үй-үйді тасалап атысуға мәжбүр болды. Өйтсе де белдесіп келгенде қаптаған сойыл, сыңсыған найза қоя ма, түн ортасы аумақ Ақмола бекінісінің әскері жеңілді. Тек қара түнді пайдаланып азғантай әскерімен Қоңырқұлжа Қарапұшық бекінісінің Есіл жақтағы қақпасынан қашып шықты.

Жеңіске мастанған қатыгез жауынгерлер қорғансыз қалың қойға тиіп қанға құныққан аш қасқырлардай, жұрттың жазықты-жазықсызына қарамай, түні бойы ойран салды. Таланбаған мүлік қалмады. Қандай ұрыс болса да, ең алдымен бүліншілікке ұшырайтын халық. Бұл жолы да солай болды. Жыламаған бала, боздамаған ана жоқ. Бұл қырғын тек таң ата ғана толастады.

Сөйтіп Кенесары сарбаздары Ақмола бекінісінің үйлерін тегіс өртеп, қорғанын құлатып, жермен-жексен етіп, орларын топырақпен бітеп, кешегі Шығыс Сібірдің отаршылық қамалы тұрған жерді тып-типыл етіп, ертеңіне қайтадан Ұлытауға қарай шегінді.

Осы жолы Ақмола бекінісін алуда еткен қаһармандық қайраты үшін Кенесары Төлебайды Жеке батыр атады. Көп кешікпей Ағыбай, Наурызбай, Бұқарбай, Жеке батыр бастаған Кенесары сарбаздары Ақтау, Ортау бекіністерін алды.

Зеңбірек пен карабинді, ағасұлтан мен старшинды жеңуге болатынын көрген, өзiрге үндемей келген кейбір рулар енді Кенесары ордасына қарай ағыла түсті. Кенесарының абыройы да, қадірі де артты. Бірақ жан аямас қаталдығы көп елді өзінен үркітті. Алайда соңынан ерген батырлары оны ұлт қаһарманына айналдыруға тырысты. Ал Кенесары өзі болса «Аяз, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл» дегендей, әлі де ақ патшамен шын белдесіп күресуге күшінің жеткіліксіз екенін жақсы түсінді. Енді ол бұлаң құйрық түлкі құлыққа салып патша солдаттарымен жата-жастана ұрысып, қазақтың ереуілге қосылмай жатқан басқа руларын өзіне тартуға кірісті.



1. Ақмола бекінісіне шабуыл қашан басталды?
2. Кенесары сарбаздарының қандай айла-тәсіл қолданғанын айтып беріңдер.
3. Қарапұшық пен Қоңырқұлжаны састырған не?
4. Кенесары қолы Ақмола бекінісінен кейін қай бекіністерді алды?
5. Кенесарының абыройын арттырған не?



Тағылым тамшылары

Кенесары Қасымұлының І Николай патшаға жазған хаты

Генерал-губернатор мырзаға Абылай ханның ұрпағы Кенесары Қасымұлынан

«Сізге хабарласайын деп отырғаным екі елдің халқы бейбіт өмір сүрсін деген ойым. Біздің аудандарымызды өзіне қаратып алды деп маған күдікпен қарайтын көрінесіз. Керісінше, сіздер менің атам Абылайдың иелігіндегі жерлерге округтік дуандарды құрдыңыз, қырғыз халқынан салық жинап, қысым көрсетудесіз. Біздің ренжуіміз орынды, сіздің қарамағыңызда өмір сүру мүмкін емес. Мен өз жағымға тек Баянауыл, Қарқаралы және Ақмола халқын тартып қойғаным жоқ. Қазақ халқының көне замандағы жағдайының өзгермегендігін құптаймыз. Онда біз де, сіз де тыныштықта өмір сүрген болар едік... Дуандардың басшылары қырғыздардың жақсы жылқыларын тартып алуда. Қазақтар өздеріне асқа күніне үш қойын сояды. Дуандардың басшыларының бассыздығына қарсы қырғыздардың шағымдары жауапсыз қалады. Патша ағзамның біздің жылқыларымызды өлтіруге, тартып алуға тыйым салғаны сөз жүзінде ғана. Сізбен ғұмырлық достықта болу үшін: Ақтау бекінісін жоюды, Ақмола дуанын таратуды, қырдағы басқа да бекіністерді жоюды сұраймыз, түрмедегі адамдарымызды босатыңыз».



Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы: көп томдық, Т. 18. Астана: Астана Полиграфия, 2010.



Кенесарының шайқас тактикасы, әскери өнердің ұтқыр тәсілдерін меңгеруі көшпелілердің сақ дәуірінен келе жатқан далалық ұрыс тактикасының жалғасы екенін дәлелдеңдер.

жау әскер	қатаң төртіп	сүрлеу-соқпаққа бағыттау	адастырып кету
артиллерия	әскер үйрету ісі	тұзаққа түсіру	шегініс жасау
садақ ату	сарбаздар киімі	көкпар	атты әскер



Кенесарының хатын мұқият оқып шығыңдар. Төмендегі тапсырмаларды орындаңдар.

- а) Кенесарының хат жазуына түрткі болған себептерді талқылаңдар. Жазушы романда бұл мәселені қалай баяндаған?
- ә) Хатта айтылған аймақтарға географиялық сипаттама беріңдер.
- б) Кенесарының «Абылайдың иелігіндегі жерлер» дегені Қазақстанның қай өңірін қамтиды? Бұл өңірде қандай тарихи оқиғалар орын алған еді? Тарихи деректерді еске түсіріңдер. Дуан сөзінің мағынасын түсіндіріп, қолданысына талдау жасаңдар.
- в) Патша өкіметі бекіністерді неліктен бұл жерлерге салғызған? Жүп болып ақылдасып, үш түрлі болжам ұсыныңдар.

1-болжам	2-болжам	3-болжам

Шығармада Кенесары бейнесі тек ұрыс барысында ғана емес, оның тапқырлығы, өмірлік ұстанымдары арқылы да шебер бейнеленген. Соның бірі – баласы Сыздықты сынауы. Баласына «Өткір кездіктің үстіне кеуденді төсей құла!» деп шарт қойған сұлтан оның елі үшін күресе білетін, сын сәттерде сүрінбейтін жүректі ұлан болуын тілейтін. Шығармадан берілген осы бір үзіндіде Сыздықтың да болашақ азаттық жолындағы үлкен күрестердің басынан табылатын тұлға болары аңғарылады. Тарих беттерінде Сыздық төренің ұлт тәуелсіздігі жолында әке жолын жалғастырып, Түркістан, Шымкент қаласын қорғағаны, Ресей басқыншылығына, Бұхар әмірлігіне қарсы күрестері туралы жазылған еңбектер көп. Сыздықтың ерлік істерін Жамбыл, Майлықожа ақындар жырға қосқан.



Кенесары кейінірек қалған Қараүлекті қолын бұлғап шақырып алды да, беліндегі күміс кездігін суырып:

– Ұшын жоғары қаратып мынаны ана жерге көм, – деді.

Құл айтқанындай етіп алмас кездіктің ұшын ғана қылқитып тегіс топыраққа көмді.

Кенесары енді баласына бұрылып:

– Батыр болғың келе ме, Сыздық? – деді.

Баланың жүзі жайнап кетті.

– Наурызбай көкемнен де асқан батыр болам.

– Онда жүгіріп келіп, мына өткір кездіктің үстіне кеуденді төсей құла! Егер қорықпасаң, батыр боласың.

Бала көзінде сәл сескенгендік бір сезім жарқ етті де, заматта сөне қалды.

– Кеудеме кіріп кетпей ме кездік?

– Батыр болар адам кеудеме кездік кіреді деп қорқа ма?

Сыздық теріс бұрылды да, жүгіріп келетін жерге қарай жүре берді. Жүсіп терлеп кетті. «Япыр-ай, мұндай да тасжүрек әке болады екен-ау! Бес жасар баланың батырлығын жалаңаш кездікке құлатып сынай ма екен кісі? Жазым болса қайтеді?.. Жоқ, баланың көңілі дауаламас!»

Сыздықтың жүрісі сылдыр, әлі жерден басын бір көтерместен кетіп барады. Кенесары кенет тез қимылдап кездікті суырып алды да, орнын кездік тұрғандай томпайта қойды. Жүсіп енді ғана «уф» деп демін алды. «Бәсе, неше бүгін тасбауыр болса да, әке деген көрер көзге өз баласын пышаққа жығар ма! Енді түсінікті. Өйтсе де балаға бұл үлкен сын екен. Өкенің қатыгез мінезін біледі, расымен жүрегі дауалап кездікке құлар ма екен? Құламаса, өрине, Кенесарыға бұл баланың еш қадірі қалмайды. Ондай баланы ол балам деп санамауы мүмкін. Сұлтан тұқымы қасқыр тектес деп жұрт неге айтатынын енді ұқтым. Бұлар қатарларында тек күштілерін ғана сақтайды екен...»

Тірек сөздер

күміс кездік
сұлтан тұқымы
көкжал болу
түс
тұқым
түс жору
ақ патша
көзі жету
арман

– Жетеді, Сыздық, – деді дауыстап Кенесары. – Көне жүгірі!

Бала дереу бұрылды да, жүгіре жөнелді. Тоқтар емес, жайшылықта серіктерімен жарысқандай ағып келеді. Жүсіп байқап тұр, тек таяй беріп, кездік шаншылған томпиған жерді мөлшерлеп қараған кезде ғана көзінде сескенгендік бір сезім пайда болып сәл жұмылып кетті де, өзінің осы бір болмашы қорқақтығына ызаланғандай, екі көзі қайтадан шоқтай жайнап алға қарай атыла түсті. Сол жүгірген бетінен тоқтамастан томпайған жердің үстіне дәлме-дәл жетіп көкірегін төсей құлады. Құлағаны аз болғандай, бір-екі рет аунап-аунап жіберді де түрегелді. Кенесары баласының ерлігіне риза болғанын жасыра алмай, жанына барды. Бірақ сүйген жоқ, тек ұзын саусақтарымен маңдайынан бір-екі мәрте сипап:

– Апаңа бара ғой, – деді.

Сыздық нағыз бір желіден босанған құлындай ауылға қарай ойнақтай жүгіре жөнелді. Кенесарының ымына түсінген Қараулек те енді ауылға қарай беттеді. Төбе басында тек сұлтан мен хатшысы ғана қалды. Жүсіп өзін-өзі ұстай алмай:

– Нағыз көкжал болады! – деді зымырап жүгіріп бара жатқан Сыздықтың соңынан қарап.

Кенесары мырс етіп күліп жіберді.

– Неге күлдіңіз?

– Өзім де Сыздықтан көп үміттімін. Өзге балаларым бір төбе де, Сыздығым бір төбе. Ал күлген себебім: Абылай атамның түсін жорыған Бұқар жыраудың сөзі есіме түсіп кетті. Сенің Сыздықты көкжал бөрі болады дегенің сол кісінің айтқанына дәл келіп тұр...

Жүсіп – Иосиф Гербурт қазақ арасында сан алуан ертегі, ұлағатты сөздің көп екенін бұрыннан білетін. Және оларды құмарта тыңдайтын. Реті келсе жазып та алатын. Бү жолы да сондай бір жәйттің шеті көрініп қалғанына қуанып кетті. Төре тұқымы өздерінің құпиясын басқа жұртқа кеп айта қоймайтынын білсе де:

– Қандай түсті айтасыз? Бұқар жырау не деген екен? – деді сұлтанды сөйлеткісі келіп.

Кенесары бәлсінген жоқ, әңгімесін бастап кетті.

– Атамыз Абылайды Үш жүздің игі жақсылары боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ киізге орап, хан ғып көтерген күнінің түнінде ол бір ғажайып түс көріп шығыпты. Бұқар жыраудан жоруын сұрапты...

«Астымда Жалынқұйрық жүйрігім бар. Сарыарқада серуендеп келе жатыр едім, – депті хан Абылай, – алдымнан бір арыстан тұра қашты, қуып жетіп, алдаспаныммен ішін жарып жіберіп едім, арыстанның ішінен бір жолбарыс шықты да тұра жөнелді. Жолбарысты да қуып жетіп аш бауырынан орып жіберіп едім, ішінен бір көкжал қасқыр шыға келді де тұра қашты. Көкжал қасқырды да қуып жетіп, ішін тіліп жібергенімде, одан бір қызыл түлкі ата жөнелді. Қызыл түлкіні

де қуып жетіп қарнын осып қалғанымда ішінен құрт-құмырсқа, бақашаян, жылан-кесіртке ақтарыла түсті... Бірақ бұлар менен қашпады, бөрі быжынай келіп, атымның сауырына, жалына жабыса бастады. Шошынғанымнан айқайлап жіберіп, оянып кеттім. Жоруын айтшы осы түсімнің, жырауым», – депті Абылай хан.

Сонда Бұқар жырау былай деп жорыған екен:

«Жалынқұйрыққа мінгенің – хан тағына мінгенің. Ал алдыңнан арыстан қашса, сенен арыстандай айбарлы ұл туады екен. Одан туған бала да жолбарыстай қайратты, жүректі болады екен. Жолбарыстан туған шөберең де көкжал қасқырдай жүректі жаратылады екен. Ал көкжал қасқырдың баласы, төртінші ұрпағың қызыл түлкідей заманына қарай қу, төсілқой келеді екен. Ал қызыл түлкіден әрі қарай тараған тұқымың бақашаян, құрт-құмырсқа, жылан-кесіртке секілденіп уақтанып кетеді екен», – депті.

Егер Абылайдан туған арыстан менің әкем Қасым төре болса, одан туған жолбарысты өзім десем, менен туған көкжал қасқыр әлгі Сыздық емес пе? Жаңағы қылығы Сыздықтың көкжал бөрі болатынын көрсетпей ме? Өзің де соны аңғарып қалған жоқсың ба?

Кенесары әлденеге көңілі бөлініп, кенет тоқтай қалды. «Ал көкжал қасқырдан түлкі тууға тиісті ғой, түс жоруы дұрыс болса, солай тәрізді... Өзіңіз соған сенесіз бе?» – деп сұрауға Жүсіптің батылы бармады. Ол, әрине, дәл осы минутте Сыздықтан туған Жүністің қызыл түлкідей қу келетінін қайдан білсін, тек Бұқар жыраудың Абылай түсін әлгідей жорығанына таңғалуда еді. «Түс жоруы дұрыс. Қасым төре – арыстан, одан туған Кенесары – жолбарыс, ал бұл Жолбарыстан туған әлгі Сыздық шын көкжал болғалы тұр. Одан кім туады? Шыныменен, Бұқар жырау айтқандай, күнін көру үшін заманына қарай бейімделген, жалтарма бір қызыл түлкі дүниеге келер ме екен?» Жүсіптің ойын тағы Кенесары бұзып жіберді.


– Жә, Бұқар жыраудың әңгімесін қоя тұрайық, – деді ол кенет, көптен бері көңілінде жүрген бір сырды қозғағысы келіп, төбе үстіне жантая жата беріп, – сен де отыр, Жүсіп, – деді. Сөйтті де әңгімесіне қайта кірісіп кетті. – Сен бөтен жұрттың баласысың, Жүсіп... Жасың кіші болғанмен көпті көрдің... Ақ патшаның таяғын Белше халқы қазақтан бұрын жеген тәрізді. Сондықтан сендер бізден гөрі білгірсіңдер... Білгір болмасаң, Россия патшасы сені сонау ит өлген жерден мынау қу далаға айдар ма еді...

– Күш қолында тұрғанда өзіне қарсы адамды патша неге аясын...

– Иә, ол солай ғой... Ал мен сенімен кеңескім келеді. Шын дос болсаң ойыңдағыны жасырмай айт.

– Сұраңыз. Жалған айтпауға ант етейін.

– Жоқ, антыңның керегі жоқ. Мен саған онсыз да сенемін. Өйткені екеуміз де Россия патшасынан қорлық көрген жандармыз. Тілегіміз



бір, ниетіміз бір, бірімізді-біріміз алдауға тиісті емеспіз. Ал сұрайын дегенім... Өзің көріп жүрсің, Жүсіп, от сала білсең патшаға қарсы қазір бүкіл Сарыарқа көтерілуге бар... Ереуіл жалыны бұдан да өршіл кетуі мүмкін...

– Дұрыс айтасыз.

– Ал біз де ширьға түсеміз. Егер Орта жүз тегіс көтеріліп, оған Кіші жүз қосылса... Бұның өзі қыруар күш қой. Сөйтсе де... – Кенесары ойын айта алмай тағы да үндемей қалды. Тек аздан кейін ғана барып қинала: – Осынымыздың бәрі түбі босқа қан төгу болмай ма? – деді. – Жарайды бар қазақ бірлестік делік, сонда ақ патшаға айтқанмызды істете аламыз ба?

Кенесарының бұл күмәндануы бос күмәндану емес екенін Жүсіп бірден түсінді. Әрине, осы биылғы жаздағы жеңістерден кейін басқа адам болса, лепірген үстіне лепіре түсер еді. Ал Кенесары... Жоқ, жоқ, бұл жай қазақ емес, бұнда бір елге аға боларлық ақыл бар. Өттең! Өттең! Елі кішкентай жұрттың ардақты ұлдарының даңқы да кішкентай. Дәл осы шоқша сақалды, шегір көз қазақ, Еуропа елдерінің қолбасшыларының қайсысымен салыстырсаң да батырлық, айлақорлық жағынан кем соқпас еді, бірақ кішкентай халықтың ұлы... Ал жері көп... Сол көп жерді осынау азғана жұрттың басып отыра алмайтынын білмей ме бұл? Бұлардың ажалдарының өзі де осы қорғап жүрген жерлерінде емес пе? Бүгін үйтіп-бүйтіп аман алып қалғанмен, ертең бәрібір сол жерден айырылады. Өйткені бұлар саны аз халық... Осыны неге түсінбейді бейбақ? Дос жылата айтады, дұшпан күлдіре айтады. Шын көңілден сұрап отыр ғой, не болса да шындықты алдына ашып салайын.

– Ақ патшаға, – деді Жүсіп Кенесарының сөзіне жауап беріп, – бәрібір айтқандарыңды істете алмайсыңдар.

– Неге?

– Қазіргі Россия бұдан жүз жыл бұрынғы Россия емес. Қазір ол қазақ жеріне әбден бауыр басып алған. Қаруы да, әскері де көп. Қазақ халқы қанша ержүрек халық болғанменен, Россия патшалығына қарағанда аждаһа алдындағы кәжек тәрізді, қалай жұтам, қашан жұтам десе де қолынан келеді. Сенің ереуіліңе қарсы айына бес жүз солдат шығарып, он жыл күресу де, әлдебір жолы он мың әскер шығарып бір айда құрту да – оған бәрібір. Сендер көгендеулі қойсыңдар, қай уақытта сойып жегісі келсе ақ патшаның еркі. Дәл бүгін Россия патшасы сенің көтерілісіңе шын мән беріп отырған жоқ, тентек бала әрі ойнайды, бері ойнайды, сосын қояды деп ойлайды. Сені ол шын қауіпті жау санамайды. Сондықтан хаттарыңа да жауап бермейді. Бәрібір түбі жеңетініне оның көзі анық жетеді.

– Өзім де солай ойлаймын...

– Онда неге ұрыс аштың?

Кенесарының көзі кенет жарқ етті.

– Сонда сен маған бауыздағалы тұрған қой тәрізді үн-түнсіз өле ғой дейсің бе? Жоқ, мен олай өле алмаймын. Жолбарыс қой емес. Ең болмаса жауына шауып ажал табады. Егер мен Айшуақ, Құдайменді, Жантөре, Уәли балалары секілді үн-түнсіз Россия патшасына мойынсынсам, ертең үрім-бұтағым не дейді? Мені де сатылған көп сұлтанның бірі еді демей ме? – Кенесары кенет шаршап кеткендей көзін жұмды. – Қазір жеңіліп ажал табуға бармын, бірақ ұрпақтарым алдында атымды адал сақтағым келеді. Жүсіп мырс-мырс күлді.

– Үш жүздің басын қосып қазағымды жеке мемлекет етемін деген арманыңыз үшін ұрпақтарыңыз алғыс айтады деп сенесіз бе?

– Сенемін. Сол үшін жан беруге бармын. Өлде менің мұным қате ме?.. Менің ерлігіме ұрпақтарым қарғыс айтады деп ойлайсың ба?

Жүсіп тіке жауап қайырмай, ақырын күрсінді.

– Меніңше Абылай ханның түсін Бұқар жырау дұрыс жорыған тәрізді.

– Жоқ, – деді Кенесары кенет түнере түсіп, Абылай атам Үш жүздің басын қосып, қазақтың еркіндігін сақтап, жеке ел етемін деген хан, – оның түсіне де осы халық тұрғысынан қарау керек.

– Иә, сонда?

– Абылай ханның алдынан қашқан арыстан – ол баласы Қасым төренің кезіндегі халық. Оның ішінен шыққан жолбарыс – ол мынау менің кезімдегі батыр жұрт. Бұл жұрттың жолбарыстай жүректі екені бәріңізге де аян... Бұдан кейін өлгі Сыздық тентегімнің ержетіп, жауымен алысқан кезінде де қазақ халқы елдігін де, ерлігін де жоғалта қоймайды... Көкжал қасқырдай жауына талай шабады. Бірақ қасқыр арыстан да, жолбарыс та емес, қанша көкжал болса да ауыл-аймақтан

ұзай алмайды... Одан кейінгі өлім «сабасына қарай піспегі, сақалына қарай іскегі» дегендей заманының ықпалына қарай түлкі болмасқа амалы бар ма? Ал ол түлкі қулықты өлімнен кейінгі ұрпақ бақа-шаян, құрт-құмырсқа, жылан-кесіртке тәрізді көкір-шүкірге айналады. Ол – ол ма, Абылай ханның осы бесінші ұрпағы кезіндегі осы құрт-құмырсқа, бақа-шаян, жылан-кесіртке секілді жұрт ертең осы менің ісіме қарсы шабады. Сондықтан қазір халқымның уақтанбай тұрған жолбарыстай қажырлы кезінде армансыз қимылдап қалуым керек!

Кенесарының көзі қанталап, ақ сары жүзі күреңітіп кетті. Жүсіп баяу жауап қайырды.

– Бұқар жырау Абылай ұрпағының бесінші буыны уақтанып кетеді десе, ол бірсәрі. Хан ұрпағы десек те, ол болжау бір тұқымға ғана жатады... Ал бүкіл қазақты сондай болып кетеді деуге қандай себебіңіз бар? Егер себебіңіз жоқ болса...

Кенесары өзіне қарсы келген қашқын сөзіне ашулана қалды.

Ал ашу үстінде Кенесарыға қан төгу оңай шаруа екенін Жүсіп жақсы біледі. Сабырмен сөйлеп:

– «Болғанда ашу пышақ, ақыл таяқ. Сол таяқ кеми берер жонған сайын». Батыр, ашуды ақылға жеңгізіңіз! Мен тұтас бір халық уақтанып, ержүректігі жойылып, илеген терідей болбырап кетеді дегенге сенбеймін... Тікенек шыққан жерге тікенек шығады, гүл өскен жерге гүл өседі.

– Ал гүл жайылымын арамшөп басып кетер болса не істеу керек?

– Онда... отау керек.

– Дұрыс айтасың. Өзіме ермеген ауылдарды шапқанымда мен де сол арамшөптерді отап жүрмін деген ойдамын. Бірақ өз саусағыңды өзің тегіс кесе аласың ба? Оның да бір жауабы бар емес пе?

– Әрине.

Кенесары күрсінді.

– Ал жауаптан қорықсаң, жеріңді арамшөп басып кетеді.

– Өйтсе де, – деді Жүсіп, – алмас наркескенді қанша бөлшектесең де, әр бөлшегі сол алмас қалпында қалады. Батыр елден батыр ер туады. Бірақ өңгіме онда емес, басқада. Көп қорқытады, терең батырады. Сол көптің қорқытатынын алдын ала болжаған қарт Асан-қайғы да түсінген. Қол бастаған ақылды, батыр Кенесарының қалай ұқпайтынына таңғалам. Россия империясы қазір Қытай, Қоқан, Хиуа, Бұхардан анағұрлым күшті. Және қазақ жерінің дені қолында. Түбі, әрі кетсе бір елу жылда бүкіл Сарыарқа, Сыр бойы, Маңғыстау, Үстірт, Жетісудың бәрін бауырына басатыны сөзсіз. Сонда не дейсің? Кім күшті болса, жұрт соның сөзін сөйлейді. Ал күшті кім? Ақ патша! Ол өзіне қарсы сойыл көтерген Кенесарыны мақтай ала ма? Әрине, мақтамайды, жамандайды. Патша жамандаған адамды Абылай ұрпағының бесінші буыны да жамандауға мәжбүр болады. Өйткені кімнің қолында күш болса, өзгенің соның сөзін сөйлеуі өмір заңы, қоғам заңы. Тек бұл қасіреттен

құтылудың бір-ақ жолы бар. Ол жол – уақ халықты қанаушы патша үстемдігін Россияның өзінде жою. Ал ол күн қашан келеді? Міне, әңгіме қайда! Оған дейін Абылай хан атаң тәрізді патшаға бағындым деген сөзбен көз бояп, қазақ елінің тәуелсіздігін сақтатып, жеке мемлекет етемін деуің құр бос қиял. Ондай еркерлікті қазіргі заман көтермейді.

Лұғат

Кездік – мүйізбен сапталған, қыңға салып алып жүретін кішкентай пышақ.

Желі – бұл жерде: ірі қара малды сауған кезде төлдерін (құлын, бұзау) байлау үшін екі қазыққа кере тартып байлаған қыл не кендір арқан.

Сауыры – малдың бел омыртқасынан құйымшақ тұсына дейінгі жерінің үсті.

Сойыл (көтеру) – қолға ұстауға ыңғайлап жонған, қару ретінде пайдаланылатын мықты, ұзындығы 2–2,5 метр, диаметрі 6–7 сантиметр қатты ағаш. Бұл жерде: саяси мағынада бір-біріне қарсы шығу, қарсы келу, жауласу деген.



1. Кенесары баласы Сыздықты қалай сынайды?
2. Сыздықтың әрекетіне қарап Жүсіп оны неге теңейді?
3. Абылайдың түсі мен Бұқар жырау қалай жорығанын айтып беріңдер.
4. Кенесары жайында Жүсіпте қандай пікір қалыптасты?
5. Кенесары мен Жүсіп диалогінен қандай ой түйдіңдер?



Тағылым тамшылары

Сыздық сұлтан жайлы әңгіме

Жүзге жуық азаматпен қарсы шықтық, Сыздық төре жасы 14-те. Тұрысқан жеріміз Созақ маңайы. Екі жақ та ту көтеріп, айқасып қалғанда Сыздық төре Қанағатшамен шаппа-шап келіп қалып, Қанағатшаны мұрттай ұшырды, найзамен шаншып түсірді. Сарт мергендері оқты жаңбырдай жаудыра бастады.

Сыздықтың туын ұстаған Уақ жігіті еді, оққа ұшты. Сыздық сол жігіттің сүйегін жерде қалдырмаймын деп ат үстінен өңгеріп, алдына ала бергенде, қолының байланып, өзінің біреуді алдыма өңгеріп аламын деп айналып қалғанын көрген біреу найзамен өндіршегінен шанышқанда найза шарт етіп сынды да, ұңғы темір Сыздықтың денесінде қалды. Сыздық қолға түсті.

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы: көп томдық. Т. 9. Астана: Астана Полиграфия, 2008.



Абылай ханның түсіне қатысты Бұқар жыраудың болжамын, Кенесары мен Жүсіптің пікірін талқыға салып, бүгінгі ұрпақ бейнесімен байланыста талдаңдар. Кімнің сөзі шындыққа жанасымды? Бұл түстегі жағдайдың қайсысы үміт, қайсысы күдік тудырады?



Сыздық сұлтанға қатысты тарихи мәліметпен танысып, тапсырмаларды орындаңдар.

- а) Сыздық төреге қатысты романдағы сюжетті тауып оқыңдар. Екі көріністегі Сыздық бейнесін салыстырыңдар. Қандай тұжырым жасар едіңдер?
- ә) Сыздық туралы Кенесары мен Жүсіптің пікірін талқылаңдар. Кенесарының бала Сыздықты сынаудағы мақсаты неде деп ойлайсыңдар? Кенесарының үміті ақталды ма? Пікір білдіріңдер.



б) Мәтіндегі Сыздықтың әрекетін немен байланыстыруға болады? «Қанына тартпағанның қары сынсын» деген нақыл сөзбен келісесіңдер ме? Әлде ер-азаматтың елді, жерді қорғаудағы парызы, міндеті ретінде қарастырасыңдар ма? Жұпта екі пікірді талдап, ортақ қорытынды шығарыңдар.

1-пікір	2-пікір
Қанына тартпағанның қары сынсын	Ер-азаматтың парызы, міндеті

Генс

Ресей патшалығы өз саясатын толыққанды жүргізу жолында жергілікті халықтың салт-дәстүрін, дүниетанымын, мінезіндегі ерекшеліктерді де жете зерттеді. Шығармадағы Перовский мен Орынбор шекара комиссиясының председатели генерал Генстің арасындағы кездесуде «Сөз жоқ, батыр халық! Тек бастары бірікпейді. Ру-ру боп үнемі таласады да жатады. Көрінгенге бағынуларының бас себебінің өзі де осында» деп айтылатын пікір – елдің ішкі мәселелерін жетік білетін отарлаушылардың тұжырымы. Орыс шенеуніктері қазақ рулары арасындағы араздықты өз мақсаттарына шебер пайдалана білді. Болыс-сұлтандарды бір-біріне айдап салып, керек кезінде бірін қолдап, енді бірін тығырыққа тіреу арқылы өз мақсаттарын толықтай жүзеге асыра алды. Генерал Генс те Кенесарының ел ішіндегі тістескен жауларын жақсы біледі...



– Сөз жоқ, батыр халық! – деді Перовский. – Тек бастары бірікпейді. Ру-ру боп үнемі таласады да жатады. Көрінгенге бағынуларының бас себебінің өзі де осында... – Василий Алексеевич кенет картаға бұрылды. Есіне патша ағзамның Кенесары Созаққа бір жетінің ішінде жетіпті деген сөзі түсті. Ол картадан көзін алмай: – Орта жолда Бетпақдала, атпенен осынау жерді олар қалай бір жетіде алды? – деді.

Генс сөл тоқтап, картаға қарады да:

– Ұмытып бара жатыр екенмін ғой. Жаманқорған мен Бөтеш қыстауының арасында мынау Шұңқырқұдық деп аталатын үш құдық жатыр. Бұл құдықтардың суы тұщы, мөлдір, бірақ ішінде шылау шөп көп. Оларда түрлі микробтар, инфузориялар бар. Байтабын батыр бастап келе жатқан қол ыстыққа шыдай алмай осы құдықтарға тоқтап су ішкен екен, шетінен ауырыпты... – Ауырған әскерінің көбін Қызылжыңғыл бойына қыстауға келген найманның Бағаналы еліне Кенесары қалдырып кетіпті.

Генстің жас кезінде жағрафиялық экспедициямен осы араны сан кезгенін білетін Перовский оның сөзін бөлген жоқ. Тек тыңдауда болды.

– Бетпақдала алыстан қараған адамға жан-жағынан он бес сажындай биіктен көтеріліп, бір тұтасқан қызыл күрең жар секілденіп көрінеді. Алғашқы көрген кісіге ол біртүрлі суық, сұсты... Тек ішіне

Тірек сөздер

Бетпақдала
құдықтар
қойдың құйрығы
тұщы су
Созақ датқасы
бағыну
хат
жау санау

кіргенде ғана аздап көңілің орныққандай болады. Сөйтсе де ұшы-қиыры жоқ тақыр адамның зәресін алмай қоймайды, – деді Генс сөзін қайта бастап, – осындай ешбір өсімдігі жоқ құм мен тақырды басып жүріп отырсаң, жетпіс шақырымдай өткенде Терісаққан деген суы құмға сіңіп кеткен сайға кездесесің. Одан жиырма шақырымдай жерде алдында Айдарлы құм сайы жатады. Бұл арада ошаған, түйежапырақ секілді аздаған өсімдік кездеседі. Дәл осы жерде Шыңырау деп аталатын терең құдық бар. Суы мол. Бірақ Кенесары әскері бұл араға кідірмей, болдыра бастаған аттарына түрікмендерше қойдың құйрығын жегізіп...

– Қу далада құйрықты қайдан алып жүр? – деді Перовский. – Өлде бұл арада ел бар ма?

– Жоқ. Олар жүз атқа жүз қой таңып алып жүріпті... Содан Бетпақдаланы көктей жүз жиырма шақырымдай жер өткенде көлденеңдей кездесетін Шу өзенінің Бесқұлан деп аталатын өткеліне келіп тоқтапты. Ар жағында Сырдария жері. Бірақ өлі де құм, өлі де тақыр. Суы ащы, шөбі аз. Бесқұланнан он алты шақырымдай жерде Ақжайық көлі бар. Бұ да ащы көл. Одан Иней мен Құланқабак адырларын басып отырып он жеті-он сегіз шақырымдай жердегі мына Қосқұдыққа келесің. Бұның да суы ащы, шөбі мардымсыз. Қосқұдықтан отыз шақырым барқанды құмды басып отырып, мына сусыз Шұбар деген сайдың бойындағы Жаманқұдыққа жетесің. Бұның суы сәл тұщылау, бірақ түйе болмаса жылқы ішуге келмейді. Бұдан жиырма бес шақырымдай жерде Берді би моласы бар. Бұл арада тұщы сулы кішкентай сай бар. Жағасында азын-аулақ өсімдік те жоқ емес. Кенесары қолы Бесқұлан өткелінен кейін кідірмей жүріп отырып, тоқсан шақырым құмды, шөлді жерді күннің ыстығына қарамай бір-ақ күнде алған. Осы кейде Берді би моласы, кейде Құл деп аталатын сайда ат шалдырып, өздері түні бойы тынығып, таң ата ар жағында жиырма бес шақырым жердегі Созақтың түбінен бір-ақ шыққан. Күн шықпай бекіністі қоршап алыпты. Созақ датқасы Бабажан тіпті қаннен-қаперсіз жатса керек, бір нөкері келіп «Жау келіп қалды, тұрыңыз!» десе, «Созаққа Кенесарыдан бөтен жан бата алмайды. Кенесары қайда? Созақ қайда?!» деп жауап беріпті. Нөкері: «Келген сол Кенесарының өзі!» – десе: «Шырағым, жылағысы келген бала әкесінің сақалымен ойнайды. Ұлытауда хандығын тойлап жатқан Кенесары құс болып ұшып келмесе, қайдан келеді, ойыныңды қой!» – деп ақырыпты.

– Қазақ жерінде не көп, мола көп. Және бөрінің де аты бар. Жақсы көрген адамын атаусыз тастамайды, – деді Перовский, – өлген соң бізге де жер атын қояр ма екен? – Кенет ол қолын сілтеді. – Мейлі, өлгеннен кейін не десе о десін... Ал өзiрге... тірі жүрген кезімізде патша ағзам алдындағы борышымызды дұрыс атқаралық. – Енді Перовский сөзін тұжыра сөйледі. – Ең алдымен, Бұхар ханы мен Қоқан ханының арасындағы соғысқа неге кірісті, сол жайында Кенесарыдан түсінік

сұраңыз. Ал Кенесарының бұл ісі Россия империясының оңтүстіктегі сауда-саттық жұмысына орасан зиян келтіреді. Сондықтан біздің хатымызды алысымен Қоқан хандығына қарсы ұрысын тыйып, Россия жеріне тез қайтатын болсын.

– Бұған Кенесары сұлтан ренжімей ме? «Өз бетіммен қимылдауға мүмкіндік бергілері келмейді екен» деп ойлап қалмай ма?

– Ойласа ойласын. Бүйту, ең алдымен, Кенесарының өз басы үшін керек. Россия патшалығына өз еркімен бағыну деген сөз өз еркіменен жауларынан кек алу деген сөз емес. Россия патшалығына бағыну – тек Россия мүддесін ғана көздеп қана өмір сүру. Мұны Кенесары дұғадай жаттап алуға тиісті.

– Жақсы.

Генс сәл ойланып тұрды да, стол үстінде жатқан өзінің папкасынан бір қағазды алып Перовскийге ұсынды.

– Бұл не?

– Менің хатыма Кенесарының жауабы.

Перовский мен Кенесарының бітімге келгенін естісе де, Батыс Сібір генерал-губернаторы шекарадағы Кенесарыға жататын ауылдарды шабуын тоқтатпаған. «Қасым төре қарақшылары Россияға бағындым деп құр алдап жүр, ал дұрысында патшаға қарсы әрекетін күшейтуде», – деп соғыс министрі Чернышевке арыз да еткен. Өбден ызаланған Горчаков өзінің бір хатында Перовскийге: «Кенесарыны Сібір шекаралығынан мүлдем алып кет, не болмаса маған оны өзінің ұясында құртуға рұқсат ет», – деп жазған. Бұған Перовский: «Сұлтанды кінәлі деген қорытындыға келе алмаймын, өйткені ол Орынборға қарағаннан бері қол астымдағы жұртты ашуландырар ешбір іс істеп жүрген жоқ. Оны ел тонады деген сөз бір-екі қазақтың көрсетуіне ғана негізделген. Бұл дүдәмал куәліктер Кенесарының айыпты екенін дәлелдей алмайды», – деп жауап берген. Бірақ Орынбор шекара комиссиясының председателі генерал Генс анығына жеткісі келіп: «Горчаковтың сізге тағып отырған кінәсі рас па?» – деп Кенесарыға түсінік беруін сұрап арнаулы хат жіберген.

Қазір Генстің Перовскийге берген қағазы сол хатқа қайтарған сұлтанның жауабы еді.

Перовский қағазды алып даусын шығара оқи бастады:

– «Патша ағзам берген манифестен кейін мен Россияға қарсы қол көтерген емеспін. Бү жағынан адал екеніме бір құдайдың өзі куә. Жауларым мені сіздің алдыңызда қаралағылары келеді. Егер керек десеңіздер, үкімет алдында өзімнің тіпті кінәсіз екенімді дәлелдеп шығуға бармын. Жауларым мені өте жек көреді, менің сіздермен тату болғанымды көргілері келмейді», – Перовский қағазды Генске қайтарып берді, – Кенесары шынын айтып тұрғаны сөзсіз. Бірақ жауы тым көп... Түбі оның жазығы болмаса да жазықты етеді. Бұны тек

князь Горчаков қана емес, ең алдымен қазақ сұлтандарының өздері-ақ атқарып шығады.

– Сондықтан да Кенесары сегіз адамды өзіне өте қас санайды. Алғашқы жазған хаттарының бірінде солай деген...

– Кім-кім сонда олар?

– Батыс Сібір генерал-губернаторлығына жататын Құдайменді ұлы Қоңырқұлжа, Күшік ұлы Құлжан, Кішкентай ұлы Аққошқар, Жауқашар, біздің Орынбор губерниясына жататын Жантөре ұлы Ахмет, Жаппастың биі хорунжий Жанғабыл, Жағалбайлы биі Күкір, Созақ датқасы Бабажан... Бұларды ол тек қазақты Россия мен Қоқанға сатты деп жек көрмейді, өз бастарының қамы үшін елге тым қаталдықтарын да еске алады. Және өзге сұлтандардай, байлардай бұл сегізі Кенесары жағына шығып көрген емес, көтерілісшілердің шұу дегеннен-ақ табан тірескен жаулары. Өсіресе Қоңырқұлжа мен Ахмет.

– Бұл екеуінің жан аяспас жау болатындары да түсінікті, Кенесары Батыс Сібірдегі ереуілін Қоңырқұлжа ағасұлтан болып отырған Ақмола приказын шабудан бастаса, Орынбор жерінде сұлтан-правитель Ахмет Жантөриннің еншісіне тиген Торғай, Ырғыз өзендерінің бойына туын тігіп отыр.

– Кенесарының да тістескен жауы осы екеуі. Өзге сұлтандарды жек көрсе де, ел бірлігін сақтаймын деп немесе өз жағына тартуға тырысып онша тие қоймайды. Ал бұл екеуінің атын естігенде... – Генс сәл езу тартты, – Кенесары өз ордасында отырғанның өзінде де, қылышын қынабынан суырып алады деседі көрген жұрт.

Лұғат

Ошаған, түйежапырақ – үлкен жапырақты, домалақ дәнді, ірі тікенекті өсімдіктер.

Көктей – бұл жерде: тікесінен кесіп өту, тікелей өту деген мағынада.

Дүдәмал – шын емес, жорамал, шүбә, күдік, күмән, яғни сеніп-сенбеуге болмайды деген мағынада.



1. Генс пен Перовскийдің өңгімесі не төңірегінде өрбиді?
2. Кенесары Созаққа неше күнде және қалай жеткен?
3. Созаққа аттануына не түрткі болғанын баяндаңдар.
4. Генстің хатына Кенесары не жауап қайтарды?
5. Кенесарының қас санайтын сегіз адамы кімдер?



1. Генстің өңгімесі бойынша Бетпақдала жеріне географиялық сипаттама беріңдер. Бұл аймақ туралы Қазақстан географиясында берілген мәліметпен толықтырыңдар.
2. Генстің Қазақстан жеріне жасаған жағрафиялық саяхатының мөнісін түсіндіріңдер. Қазақстан аумағын физикалық-географиялық тұрғыдан зерттеудегі Ресей патшалығының жоспары туралы ой бөлісіңдер. Қазақстан жерін зерттеуші ғалымдарды, олардың еңбектерін еске түсіріңдер.



1. Романда көрсетілген тарихи кезеңнің қазақ өміріндегі маңыздылығын талдап, заман көрінісін сипаттап жазыңдар.
2. Романда Кенесарының патша өкіметіне жазған хаттары көптеп кездеседі. Хат мазмұнын талдап, қандай тақырыптардың сөз болғанына назар аударыңдар. Автор стилі негізінде шығарманы оқу барысында туындаған сұрақтарыңа жауап алу мақсатында Кенесарыға хат жазыңдар.



«Қаһар» романындағы тарихи деректер мен фактілер» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.

Хандықты аңсау

Алты алаштың басын қосып, бір тудың астына біріктірген Абылайдың ұрпағы Кенесарының бар арманы қазақтың азаттығы еді. Қарақан басының амандығы емес, ұрпақ тағдырына алаң қамкөңіл жайын түсінетін адам бар ма? Ел ертеңі қалай болмақ? Мақсат – хан болу емес, сол бабалары жеткізген ата дәстүрін, құт-берекені, ынсап пен абыройды қорғау. Бабалары салған хандық жол ел іргесін шайқалтпай, тұнығын лайлатпай отырды емес пе? Олай болса, басқа жұрттармен терезесі тең болуға ұмтылып, тәуелсіздік үшін күресу – күрестердің ұлысы болмақ. Кенесарының арманы да осы.



Жүсіп бар әлемді ұмытқан: өзінің қайғылы халін де, Кенесары ереуілін де, қымбатты Польшасын да, тек өлең дүниесіне, шабыт дүниесіне кіріп кеткен. Осындай халде отырғанында кенет біреу иығына қолын салды. Жалт қараса, Кенесары екен. Анандай жерде Қараулек тұр. Жүсіп шошынайын деді. «Не жазып қалдым?» Енді өлең дүниесі де, қиял, шабыт, өсем сәнді сезім әлемі де бірден ғайып болды.

– Қорықпай-ақ қой, – деді оның ойын түсіне қалған Кенесары, – сенің еш күнәң жоқ, – сөйтті де Қараулекке «кет» дегендей қолымен ишарат етті. Анау бөтен жаққа көңілі ауған жайылып жүрген атан түйедей аспай-саспай бұрылып, шатырға қарай балпаң-балпаң басып жүре берді. – Сені көрген соң әдейі бұрылдым. Сөйлесейін деп едім... Шыныңды айтшы, туған еліңді сағындың ба?

Жүсіп шынын айтты.

– Сағындым. Өттең, алыс, қашып кетер едім...

– Қашып кетер едім? Бұрын бұндай сөз айтпайтын едің ғой, әлде біздің көтерілісіміз сені қызықтырмайын деді ме? Өзімнің туған жерімде қалған арманымды сендерден таптым деп едің ғой. Сол сөзің әлі есімде.

– Ол сөзді мен қазақ елі өзінің еркіндігі үшін күресіп жүрген кезде айтқам. Польша бұқарасы Россия патшасының отаршылық ісіне қандай қарсы болса, мен келіп қосылған шақта қазақ халқы да сондай қарсы еді. Сендердің күрестерің маған

Тірек сөздер

өлең дүниесі
еркіндік
жарық күн
билеу, билік
қыру, жоқ ету
Жапнас елі
Шекті елі
кек

ұнаған. Польшада қалған арманымды осында тапқандай болғам. Ал қазір...

– Иә, қазір?.. Әлде сен бізді түскен жолымыздан адасты деп ойлайсың ба?

Жүсіп не болса да шынын айтуды мақұл көрді. «Мүмкін менің сөзім ой салар», – деді ол ішінен.

– Иә, Кенеке, – деді Жүсіп тікелей қарап, – сен өзінді хан етіп ақ киізге көтерткізгеннен бері ұстаған жолың да, алдағы мақсатың да басқаша... Сенің күресің енді байлардың үстемдігін қорғайтын хандықты сақтау күресіне айналып барады. Бұдан қалың бұқараға келер қандай пайда бар? Кедей жұртқа өз ханына бағынды, не орыс патшасына бағынды не, бәрібір емес пе? Бұрын өзінің күнкөрісі болған шұрайлы жерін, балықты көлін орыстың князь, генерал, графтарынан қорғап, қолына сойыл алған ереуіл бір басқа да, Абылай заманын көксеп, қазақты орыстан бөліп алып, қанын жеке сорамыз деген сұлтан, би, ақсақал, хан үшін күресу бір басқа. Бұл күрес тіпті зиянды, ол орыс пен қазақ халқының жақындасуына бөгет болады! Ал екі бейнетқор халықтың бірігуінде, жақындасуында олардың бар болашағы, бар алдағы жарық күні тұр.

Жайшылықта сөзге сараң, ұстамды Кенесары кенет бұлқан-талқан боп ашулана қалды.

– «Қаны басқаның – жаны басқа» деген осы. Абылай атамның жолын қуып арпалысқа шыққанымда орыс пен қазақты біріктіру үшін шықты дейсің бе? Жоқ, Жүсіп, Россия – дария, біз кішкентай ғана мөлдір бұлақпыз. Мөлдір бұлақ суы дарияға құйғанда несі қалады? Дария суы ащы болса, бұлақ суы да ащы болады, дария суы тұщы болса, бұлақ суы да тұщы болады. Бұлақтың бар болашағы тек дарияның ғана еркінде қалады. Менің күткенім сондай өмір ме? Жоқ, бұлақ дария болмай-ақ өз бетімен аға берсін дедім. Біз Россия патшасына бағынсақ, ел деген аттан айырыламыз. Жоқ, қазақ бұрын Абылайханға бағынса, енді оның немересі Кене ханға бағынады. Өзім билеймін...

– Қалай билейсің? Жерінен, суынан айырылған жұрт ертең қайтара алмайтынына көзі анық жеткен күні сенің соңыңнан еруді қояды. Кенесарының хандығын сақтаймын деп бостан-бос қырыла бере ме?

Кенесары кенет шабатын барыстай жиырыла қалды, шегір көздері қанталап, оң қолы беліндегі наркескеннің сабын кенет қыса ұстады.

– Сенің дос екеніңді білмесем... – деді ол енді сөйлеп, сөйтті де қолын наркескеннің сабынан қайта алды. – Еліңді қалай билейсің дейсің бе? Россия патшасы бізді қалай билемек болды? Зеңбіректің оғыменен, жалаңаш қылыштың жүзімен емес пе? Мен де сөйтем! Дегеніме көнбеген елді аттың сауырына, қамшының бауырына аламын. Кімдекім айтқаныма көнбейді екен, Кенесарының жасыл туының астында жүргісі келмейді екен – ол менің жауым. Россия губернаторы қандай

қасым болса, о да менің сондай қасым. Не оларды өз дегеніме жүргізем, не біржолата қырып, жоқ етем. Екі шешім болуы мүмкін емес. Жауын өзі аяған өзі мерт болады. Бұрын жұртты жер-суыңды алып беремін деп ертсем, енді хандығыңды қорғаймын деп ертемін. Күшпенен қорқытып ертемін! Дәл осы айтқанымды ертең Жаппас руынан бастаймын. Бір үйін бос тастамай, түндігін қылышпен турап, тайлы-таяғына дейін қалдырмай айдап алам!

Қыс Сырды мекендеп, жаз Торғай бойын жайлап көшіп жүретін Жаппас руының билері Көбектің Алтыбайы мен Төлегеннің Жанғабылы көптен бері Кенесарыға екіжүзділік көрсетіп келген. Қолдан келер қуат жоқ, іш қазандай қайнайды, сондықтан амалсыз жүрген. Доспыз деп ауыздары айтқанмен, іс жүзінде қастықтарын көрсете берген. Ел басын біріктірем деген Кенесары бұл билердің өз руларында ықпалды екенін еске алып, жеңіл-желпі күнеларын кеше салатын. Ал бұл билер ауылдары Сыр бойын жайлап, Торғайды қыстайтын. Жылқысын Мұғажар тауының ығына тебінге айдап, қойларын Орынбор шекарасында казак-орыс жерінде ұстайтын. Кенесары Торғайға көшіп келгелі жайылымымыз тарылды деп екеуі бірдей наразы болатын. Кейде зекет те төлемей қоятын. Осыдан барып Кенесары мен билер арасында қырбайлық күшейе түскен еді. Оның үстіне, биыл Торғайды қыстап қалған Алтыбай ауылының он шақты жігіті жер білмейтін Сотников жасағына жол көрсетіп, Күнімжан мен Ақсақал төбедегі Кенесары ауылдарын шабуға қатынасқан. Бұны естіген Кенесары билерге өшігуде. Сұлтанның қазіргі кіжінуі сол өштіктің салдары.

– Жаппас ауылдарының қандай жазығы бар? – деді Жүсіп Кенесарыны тым ашуландырып алмайын дегендей, қаймыға сөйлеп. – Жазығы жазғы жайлауын Арқадан көшіп келген елдердің жайлағаны ма?

– Ал Арқа елдерінің қандай жазығы бар? Жерін орыс губернаторлары тартып алғаны ма? Күнімжан ханша мен Ақсақал төбедегі аулымды шапқан Сотников жасауылдың өскерін кім басқарып келді? Жаппас жігіттері екенін білмейсің бе?

– Басқарып келген бір он шақты жігіт шығар. Ал қатын-қалаш, басқа жұрттың қандай күнәсі бар?

– Өзгесі күнәсіз болса, күнәкарларын өздері неге жазаламайды? Бәрі Алтыбай бидің адамдары. Серкесі қайда бастаса, жұрты соңынан ереді.

– Онда Алтыбайдың көзін жой. Өзге жұртқа тиюдің қандай қажеті бар?

– Алтыбайдың да Алтыбай болып отырғаны соңынан ерер елі болған соң емес пе? Егер соңынан ерер жұрты жоқ болсыншы, көрейін мен оны!

– Сондықтан жазықсыз елді құрту керек пе? Одан да Алтыбайдың өзінен алу керек өшті.

– Жоқ, елі де жазықты. Жазықсыз болмаса, Алтыбайдың соңынан неге ереді?



Есіл жағасындағы Кенесары ескерткіші (Нұр-Сұлтан қаласы)

– Мүмкін, қорыққанынан еретін шығар? Айтқаныма көңісі келмейтін елді дегеніме қорқытып жүргізем деп сіз де айтып тұрған жоқсыз ба? Қайдан білесіз, Жаппас руының қарашысы сізге ергісі келетін шығар, тек Алтыбайдан қорыққасын амалсыз оның дегенінен шықпай отырған болар.

– Алтыбайдан қорқып Жаппас Кенесарыға қосылмай отыр дейсің бе? Сенің айтқаныңды дұрыс делік... Шынында да, қазақ қорыққанын сыйлайды. Бүгін Жаппас руын шапсам, ертең Шекті өзі келіп қосылады.

– Онда Жаңбыршы ұлы Балғожа би неге келіп қосылмады? Сіз ол ауылды бір емес, екі рет шаптыңыз ғой.

– Балғожа би қорқау қасқыр секілді қорқақ. Ол орыстан қорқып отыр, содан маған қосылғысы келмейді. Жалпы алғанда, қара қазақ – қорқақ жұрт, Балғожа би де қарадан шыққан.

– Кене хан, бұныңыз қате секілді. Мен көрген қазақ – батыр халық. Қорқытып соңымнан ертемін деп жүргеніңізде оларды өзіңізден қашырып алмаңыз.

Кенесары кенет тұнжырап кетті. Шықшыттағы күретамыры бүлкілдей ойнап, демін өзер-өзер алды.

– Сен Таймастан да, Әбілғазыдан да ақылды екенсің, – деді Кенесары сәл булығы сөйлеп. – Бірақ енді халықты қорқытып қосудан басқа қандай жол қалды? Биыл жиналатын он мың әскермен Россия патшасы түгіл, Қоқан ханын жеңе алмайсың. Қоқанның өзіндегі таңдаулы галабатыр әскерін былай қойғанда бір ғана Эрмазар қорғанында он екі мың жауынгері бар... Оған Наманған, Андижан, Ош, Тақты Сүлеймен, Шархия, Ангара, Құрама, Ходжент, Ұратөбе, Ташкент әскерлерін қосып көр. Біздің Сыр бойындағы жұртпенен бас қосқандағы

күшіміз жетері бар болғаны Ташкент. Бұның өзіне де рұқсат беріп отыр ма, өзіңе белгілі. Орынбор бастықтары мені Аллақұл ханнан он бес мылтық, бір арғымақ алды деп кінәлап еді. Ол өліп еді, оның баласы Рахманқұл ханнан ер-тоқымы, алтындатқан үш арғымақ, үш қылыш, он екі мылтық, екі бас қорғасын сыйлық келді. Маған жіберілген тарту-таралғыға қарап Орынбор бастықтары мені Хиуа ханын жақтамақ болып жүр дейтін көрінеді. Хиуа мылтықтары жақсы, үш жүз қадам жердегі құсты құтқармайды. Ал «Көктолғай» секілді ақалтеке арғымақтары тек жауға мінуге жаратылған. Бірақ жұрт Кенесарының кім екенін білмейді. Мен Хиуа ханының жұмсауына жүруден гөрі, Хиуа ханының өзімнің жұмсауымда жүргенін жақсы көретін адаммын. Хиуаға ұзын-ырға сенім білдірген болсам, оның маған сеніп Бұхар ханымен өштесе түссін дегенім. Қазаққа Бұхардың да, Хиуаның да, Қоқанның да күшейгені керек емес. Үш қасқыр бірін-бірі таласын, мүмкін, үшеуі бірдей өлсіреген кезде бізге де пайда түсер? Енді өзің ойлашы, он бес мың салт атты сарбазбен Россия патшасын да, Қоқан ханын да жеңе алмайсың. Ал Орынбормен қан төгіспей бітімге келеміз деген ниеттің неге апарып соққанын өзің де көріп отырсың. Күнімжан мен екі баламнан айырылғаннан басқа не таптым? Енді не істеу керек? Қой секілді үн-түнсіз аяқ серіппей бауыздала бер дейсің бе? Ең болмаса ешкі тәрізді бақырып өлген құрметті. – Кенесары кенет сұстана қалды. – Бірақ мен ешкі де, қой да болмаймын. Ажал табар болсам, батырларша ажал табам. Көшіп-қонар жеріміз әлі де бар, әлі де алысам. Бұрын құр ғана ереуілшіл ел болсақ, енді хан билеген елміз. Жауымыз бізбен санасуға мәжбүр болады. Ал мұны істей алмасаң...

– Оны істей алмайтыныңызға көзіңіз әлі де жеткен жоқ па? – деді Жүсіп Кенесарыны кенет аяп кетіп.

– Көзім әлі әбден жеткен жоқ. – Ол кенет шаршап кеткендей болды. – Бірақ сен дұрыс айтасың... Жерін алып бере алмайтынына көзі жеткен қазақ әлі-ақ ертең тарай бастайды. Ал оларды таратпау керек.

– Қалай таратпайсың?

– Күшпен таратпаймын! – Кенесары кенет ызалана дауыстап жіберді. – Күшпен басын қосамын! Көнбеген ауылды шабамын, қарсы келгенінің басын аламын. Көнбей көрсін!

– Өйтіп жұртты қырып хандық құрудың қанша қажеті бар? Өз елін, өз жұртың емес пе?..

– Кенесарының жасыл туының астына кіргісі келмеген жұрт жұрт емес! – Ол бұрынғысынан да сұрлана түсті. – Ондай елдің мейлі қаны судай ақсын, мейлі бөрі қойдай бауыздалсын, егер оған қабағымды шытсам, Абылай атамның аруағы атсын!

Жүсіп Кенесарының мұндай түрін бұрын көрген емес. Және оның нағыз шын сырын дәл қазіргідей шешіле айтуын алғашқы рет естуі. Кенесарының айтқанын орындайтынына Жүсіп күмәнданған жоқ.

Өйткені төре тұқымдарының халықты қоймен тең көретінін, қаныпезерліктің арқасында қалың бұқара тағдырын ойыншық санайтынын бұрын да білетін. Ал Кенесарының ойлаған мақсатына жету үшін қара халық түгіл, өзінің туған әкесін де құрбан ете алатынына талай рет көзі жеткен. Мұндай жауыздық қаракетпен арманға жету әдісі Шыңғыс ханнан, Ақсақ Темірден қалған. Шыңғыс хан қанішерлікте болат қанжар болса, Кенесары сол қанжардың кішкентай сынығы. Болат қанжардың қанға суарылған сынығы. Араларында алты ғасыр өтсе де қанқұмарлық түбі бір. Одан қайда кетеді? Жүсіп енді әбден ашынған Кенесарының ешкімді аямай, дегеніне көнбеген елді қанға бойайтынына шек келтірмеді.

Лұғат

Қырбайлық – араздық, келіспеушілік.

Серке(сі) – 1) бес-алты жастағы тарттырылған теке; 2) ауыспалы мағынада соңынан жұрт ерткен ел ағасы, беделді азамат. *Бұл жерде:* екінші мағынада.



1. Хан атанған Кенесарының ендігі жоспары қандай?
2. Жүсіп пен Кенесары пікірлеріндегі қайшылық неге қатысты туындайды?
3. Жүсіп Кенесарының қай ойына наразылық білдіргенін айтып беріңдер.
4. Кенесары мен Жүсіптің диалогінен қандай қорытынды шығаруға болады?
5. Жүсіп үшін хан Кененің тағы қандай қыры ашылады?



1. Кенесары көтерілісінің түпкі мақсат-мүддесі қандай? Халық мүддесі мен Кенесары мүддесі бір арнада тоғысқан ба? Салыстыра отырып, ортақ түйінді ой білдіріңдер.
2. Кенесары бейнесін *типтік бейне* ретінде қарастыруға болады ма? Кейіпкерлердің (Жүсіп, Қоңырқұлжа, Генс) Кенесары туралы ойларын жинақтап, азаттықты аңсаған ұлт көшбасшысы бейнесін құрастырыңдар.



Кенесары Жүсіпке ерекше сенім артып, болашақ жоспарымен бөлісіп отырады. Ханның сеніміне кіретіндей Жүсіптің бойында кездесетін қасиеттер тізімін құрастырыңдар. Тарихқа шолу жасап, ел басқарушылардың қасында жүретін ақылшы, жолсілтеуші тұлғаларды еске түсіріңдер.



1. Қазақ жерінде патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы көтерілістер орын алып жатқанда әлемде қандай тарихи өзгерістер белең алды? Ол өзгерістер қандай бағыттарды қамтыды? Салыстырмалы кесте құрастырыңдар.
2. «Кенесарының ел басқару ісіндегі ерекшеліктері» тақырыбында шағын жоба жасаңдар. Романдағы хронологиялық кестені басшылыққа алыңдар.

Кенесарының түсі

Кенесары Абылай бабасы салған ата дәстүрді берік ұстады. Елді бір тудың астына жинап, еңсесін көтерсем деген ұлы мақсат жолында атқа қонды, жауына ымырасыз болды. Ол осы жолда талай батырлық пен сатқындықты, адалдық пен аярлықты көзімен көріп, көкірегіне тоқыды. Бабалар аманат еткен қазақтың кең-байтақ даласын талан-таражға салып, иемденгісі келіп отырған отарлаушы елдердің саясатын да терең сезінді.

Романда хан Кененің ішкі ой-арпалысы, қуанышы мен қайғысы, шешімге келуі әсерлі берілген. Үлкен істерде ақылдасатын ең сенімді серіктері Таймас пен Әбілғазы да әрқашан хан жанынан табылатын. Кене хандық дәстүрдегі жолмен оң жағында отыратын Таймасты Маймене, ал сол жағынан орын алған Әбілғазыны Майсара еткен. Бүгін де хан шақыруымен жиналған серіктері алдағы істердің алқалы кеңесі болар деп ойлаған. Алайда Кене бұл жиында өзінің түсін баян етті...



Осындай бір төбе басындағы тас обаның жанында үш адам отыр. Бірі – Кенесары. Қасындағылары – Таймас пен Әбілғазы.

Қасым хан дәуірінен бастап қазақ жерінде таққа отырудың өзінің ерекше дәстүрі болған. Тақта отырған ханның оң жағындағы адамды Маймене, сол жағындағыны Майсара деп атаған. Маймене мен Майсара ең беделді рулардан, ханның оң қолы мен сол қолы тәрізді сенімді адамдардан сайланған. Қасым ханнан бастап Абылайға дейін қазақ хандарының Маймене орнына арғын, Майсара орнына қыпшақтан шыққан беделді би, бекзадалары отырып келген.

Кенесары хан болғаннан бері тек Абылайдың ала туын өзінің жасыл туына айырбастағаны болмаса, көбіне ата дәстүрін берік ұстауға тырысқан. Сондықтан Маймене мен Майсараны хандық, соғыс істерінде ең жақын, ең сенімді серіктері Таймас пен Әбілғазыға берген. Таймас арғын руынан болғандықтан оны Маймене, сұлтан тұқымынан шыққан өзінің немере інісі Әбілғазыны, нағашы жағынан қыпшақ болғандықтан Майсара еткен. Бұл екеуі қай жерде жүрмесін, осы тәртіпті бұзбайтын. Міне, қазір де Таймас ханның оң жағында, Әбілғазы сол жағында отыр.

Тамыздың бас кезі болса да, бүгін күн шілдедей тым ыстық еді. Қазір күн батуға таяп қалған кез. Кеш бола төбе басында салқын жел соғып, оба қасындағы үш адам демдерін еркін алғандай. Төменде Ырғыз өзенінің өреме тұсында жаудан тасаланған хан ауылы жатыр.

«Жалайырда қой көп, Жанғазыда ой көп» деп өзінің үндеместігіне сылтау тапқан жалайырдың Жанғазы деген байындай емес, Кенесары, шынында да, сөзге сараң, тұйық, бірақ көп ойланатын-ды. Ал өткен жылғы жеңістерінен кейін тіпті аз сөйлейтін болып алған. Хандықты басқаруда ең жақын деген бір табақтан ет жеп, бір дастарқаннан шай ішіп жүрген Таймас пен Әбілғазыға да ол ақырғы кезде андасанда ғана сырын айтатын. Таймас пен Әбілғазы хандарының бұл қылығын «тұтқындағы бәйбішесі мен балаларын сағынған шығар. Қайсар мінезіне салып бізге айтқысы келмей, құр іштен тынған түрі ғой» деп ойлайтын. Бірақ биылғы жылдың ортасында генерал Обручевпен жүргізілген келісім

Тірек сөздер

оба
Маймене
Майсара
қайғыға түсу
түс көру
қырғыздар
соғыс
қару

бойынша тұтқындар айырбасталып, Күнімжан балаларымен үш жылға таяу Орынборда болып, осыдан екі ай бұрын сау-саламат қайтып келген.

Алайда Кенесары бір-екі күн ақжарқын жүрген де, қайтадан қайғы теңізіне түсіп кеткен, түнере бастаған. Ханның бұлай ұзақ тұнжырауын екі ақылгөй түсіне алмай-ақ қойған. Кенесары қандай қайғы келсе де, үш күннен кейін ұмытатын. Ұмытпасқа өмірдің өзі де қоймайтын, күнде аттаныс, шабуыл, бір қайғыны күн салмай басқа қайғы жеңіп жатқан кез. Былтыр Байтабын батыр өлгенде де, ел арасын татуластырудың шешені Әлім Ягудин мен бүкіл кеңсе жұмысын, алым-салық істерін басқарып жүрген Оспанұлы Сидәк Қожа қолға түскенде де үш-ақ күн қайғырған. Төртінші күні қайтадан көкбурылға мінген. Бұрынғысынан да қатулана түскен. Биыл Кенесары онша күйзелердей апат ел басына туған жоқ. Тек бұрынғы Елек өзенінің бойына көшіп барған руын иесіз тастамайын деп, жаз басында Жоламан батыр хан қасынан көшіп кеткен. Кенесары құшақтаса қол алысып қош айтысқан. Жоламанның еліне қайтуына өзі рұқсат берген. Ал жақында бөтен ұлттан жалғыз сырласы Иосиф Гербурт – Жүсіп үшті-күйлі жоқ болып кеткенде, тұнжырай отырып: «Айдыныма келіп қонған аққуым еді, сірә, көлім тайызданайын деген екен, жолынан жарылқасын. Ұлтым бір дейтін еді, тек Бесонтиінге барып қосылмаса болғаны», – деген де қойған. (Бесонтиін деп қазақтар Сібір казактарының басқармасы бастығы, заты поляк, генерал-майор Вишневскийді айтатын).

Осындай жағдайда жүрген Кенесары бүгін ең жанашыр екі серігін алып оба қасына келген. Ертең осы араға Кенесарының қарамағындағы ел билеп отырған батырлары, билері жиналмақ. Алдағы уақытта не істеу керек, соны ақылдаспақ. Өздерін хан шақырғанда Таймас пен Әбілғазы сол мәжіліс туралы кеңеспек болар деп ойлаған. Бірақ Кенесары сөзін тіпті бөтеннен бастады.

– Мен кеше бір түс көрдім... Түс емес-ау, өзімнің ажалымды көрдім. Соның жоруын сұрайын деп едім, – деді ол басын көтермей, жерді шұқылап.

Әбілғазы жасы кіші болғандықтан, Кенесары өзі сөйле демесе үндемейтін. Әдет бойынша мұндай жағдайда сөз Таймасқа тиетін. Ол сол әдетіне салып:

– Түс түлкінің боғы деген, хан ием, оны жорытып не қыласыз, – деді, Кенесарының «ажалымды көрдім» дегенінен шошып.

– Жоқ, түсім демендер, өңім деңдер...

– Жақсы. Айтыңыз.

– Біз, қалың қазақ осы арадан босып Балқаш барып, Қамал аралында қыс өткізіп, одан Меркені алған екенбіз. Қырғыздың манаптары Сарбағыш Орман мен Жантайға: «Ағайынды екі жұрт бірігіп, Қоқан ханын жойып, жеке ел болайық», – деп хат жазыпшын.

– Жөн ғой. Қырғыздар біздей Россия патшалығының қорлығын көрген жоқ қой өлі... Қоқан ханының қиянаттары болмаса, елі де, жері де сау, ақ патшаға қарсы келмейді...

– Орман өзі хан болғысы келеді екен, ол «сен маған бағын, сөйтсең бірігуім мүмкін, өйтпесе өзіңді ұстап берем. Сенің басыңа Бесонтиін үш мың сом күміс ақша мен алтын медаль бергелі тұр», – дейді. Мен не дегенімді білмеймін, осы арада шым-шытырық бірдемелер басталды. Қалиғұл манап келіп, өзара татуласып, бір-бірімізге тимейтін болып бітім істеген тәріздіміз, бірақ ол бітімді, менің басымды сатып шен алмақ болған манағы тар уәдесін бұза ма, келісім сұрап барған Саурық батырды өлтіріп, Күнімжанның інісі мен Жанасты қолға түсіріп, көп төлеу сұрай ма, қалай, өйтеуір біз олармен соғысуға бел байлаппыз...

– Түсіңізге тағы соғыс кірсе қиын екен. Ел тым күйзелуде ғой.

– Иә, бұл тек түс болсын де. Содан қантөгіс басталыпты. Екі жақтан бірдей жазықты, жазықсыздар қырылып, жылаған бала, қатын-қалаштың ойбайынан жер түршіккендей...

– Япыр-ай, ә... Онсыз да төгілген қан аз емес еді ғой...

Сайып келгенде, біз Орман манаптың әскерімен бетпе-бет келіппіз. Екі жақ Шу өзенінің бойындағы Қара қоныс жазығының күншығыс шеті Кекілінтау етегінде кездесіппіз. Кекілінің «әулие шыңы» аталатын басында Орман қолы. Ежелден қан жосыған жер деп саналатын Майтөбе адырының басында біз... Сол жағымызда қалың бұйратты Алмалысай жазығы. Одан өрі Шу өзені... Олар биікте, біз төмен. «Әулие шыңының» басындағы Пішпектің құшбегі Әлішер датқа мен Орман манапты өңімдегідей анық көріп тұрмын. Манаптар «Бәлем, тұра тұр!» деп жұдырықтарын түйеді. Күншығыс жағымыздан, атын білмеймін, тағы бір қарлы биік шың елестейді. Оның басында Бесонтиін. Ол Орман мен Әлішерге қол бұлғайды. «Кенесарыны тез құрт. Жәрдемге бір атқанда мың адамды қыратын қаруы бар жүз әскерімді жібердім», – дейді. Етекке қарасам, Бесонтиіннің сөзі жөн секілді. Екі сыпай самаурынға ұқсас буы бұрқыраған бірдемеден оқты қардай боратып тұр...

Лұғат

Оба – 1) дөңес жерлерге тастан, топырақтан үйіп жасалынған меже, белгі; 2) өлген адамдар жерленіп, үйінді, төмпешік түрінде жасалған орын; 3) өте жұқпалы ауру, индет, дерт. *Бұл жерде:* бірінші мағынада.

Төлеу – 1) ақша яки заттай мөлшерленген баға, құн, ақы, төлем; 2) қайтарылған қарымта, өтеу; 3) бөгде сөздің айтылған қалпын сақтамай, өзгеріске ұшырап, тек мазмұнының сақталған түрі (лингвистика); 4) төле етістігінің қимыл атауы. *Бұл жерде:* бірінші мағынада.

Сыпай – көне сөз. *Бұл жерде:* сырт бейнесі Дешті-Қыпшақ сыпайларына ұқсайды деген.



1. Қазақ халқында таққа отырудың қандай дәстүрі қалыптасқан?
2. Кенесарыны ой тұңғығына батырып жүрген не?
3. Төбедегі жиында қандай мәселелер талқыланбақшы?
4. Кенесарының түсін баяндап беріңдер.
5. Түсіндегі оқиға өңінде орын алуы мүмкін бе?



1. Шығармада көтерілген маңызды деген үш мәселені анықтап, оның себебі мен салдарын көрсетіңдер.



2. Шығармада берілген әр кейіпкердің бейнесін ашатын үзінділерді тауып, олардың ұстанымын, өмірлік мақсатын, болып жатқан жайтқа қатысты көзқарасын анықтаңдар.

Кейіпкер	Ұстанымы	Өмірлік мақсаты	Көзқарасы	Үзінді
Кенесары				
Наурызбай				
Қоңырқұлжа				
Жүсіп				
Генс				



1. Шығарманың негізгі идеясын анықтаңдар. Автор заман шындығын қалай бейнелеген? Автор қиялынан туған қандай оқиғалар, бейнелер кездеседі? Көркем туындыда тарихи шындықтан бөлек жазушы қиялының орын алуын немен байланыстыруға болады?

Суреткер ойы

Тарихи шындық

Прототип

Жазушы қиялы, ойы

2. Романда кездесетін көркемдегіш құрал түрлеріне талдау жасап, үлгі-кестені пайдаланып, қызметін анықтаңдар.

Көркемдегіш құралдар	Үзінділер	Қызметтері
Метафора		
Метонимия		
Синекдоха		
Теңеу		
Эпитет		

3. Кейіпкерлер портреті бейнеленген үзінділерді басшылыққа алып, олардың бейнелерін суретке түсіріңдер. Суреттің сыртына кейіпкерге қатысты қалыптасқан көзқарастарыңды жазып, неліктен екенін түсіндіріңдер.



1. Кенесарының іс-әрекетін талқыға салыңдар. Ол хандықты аңсағандықтан кейін ғана осындай көтерілісті ұйымдастырып отыр ма? Әлде шын мәнінде еркіндікті аңсау ма? Сыныпта пікірталас ұйымдастырыңдар.

Бірінші ұстаным: Кенесары – Абылай жолын жалғастырушы, хандық билікті аңсаушы.

Екінші ұстаным: Кенесары – халық мүддесін жақтаушы, ел бостандығы үшін күрескен тұлға.

2. «Қаһар» романы – халықтың азаттық жолындағы күрес шежіресі» тақырыбын басшылыққа алып, еркіндік үшін күрескен ерлердің ерлік ісіне және қара басының қамы үшін патша өкіметіне жақтасқан адамдардың іс-әрекетіне сыни баға беріңдер.

3. Л.Толстойдың «Бірінші Петр» романының қысқаша мазмұнымен танысыңдар. Шығармалардың идеясын «Қаһар» романымен салыстыра талдап, әдеби сын жазыңдар.



«Қаһар» романында түс көру сарыны шығарманың идеясын ашуда үлкен рөл атқарады. Мысалы, Абылайдың, Кенесарының түс көруі. Қазақ прозасындағы түс көру тәсілін зерттеп, «Түс көрудің әдебиеттегі көркемдік қызметі» тақырыбында зерттеу жұмысының тезисін құрастырыңдар. 10-сыныпта өткен Ө.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» шығармасын еске түсіріңдер.



Кері байланыс: «Білім кемесі»

Кеме желкенін сөйкес түске бояп, Лияс Есенберлиннің «Қаһар» романы бойынша өз жетістігімізге баға берейік.

Жасыл түс – толық түсінік пен белсенділік.

Сары түс – қиындық пен толқыныс.

Қызыл түс – түсініксіздік пен алаңдаушылық.

АСҚАР СҮЛЕЙМЕНОВ

(1938–1992)



Қазақ әдебиеті, мәдениетінің тек қазіргі жолайрық шағында ғана емес, келер ғасыр өзегінде, бұдан былайғы тарихи даму жолының қандай белеңінде де өзінің тұлғалық тектілігімен, парасат-байлығы, қаламгерлік шеберлігімен ұрпақ ырыздығына дәйім қызмет етер жазушылардың бірі – Асқар Сүлейменов.

Зейнолла СЕРІКҚАЛИУЛЫ

Алпысыншы жылдары қазақ әдебиетінің киелі көшіне сөз өнерінің құдіретін танытуға ұмтылған бір топ жас қаламгер қосылды. Академик жазушы Мұхтар Әуезов «Жыл құсындай жаңалық күтеміз» деп бағалаған осы шоғырдың көпшілігі қазақ әдебиетінің классиктеріне айналды. М.Мақатаев, Қ.Мырза Әлі, Ж.Нәжімеденов, Т.Молдағалиев, Қ.Жұмаділов, С.Мұратбеков және т.б. түрлі жанрда өнімді еңбек етті. Ақын-жазушылардың оқырман ықпалына



өдебиетін жасауға, болашақтың сұранысына жауап беруді көздегені айқын аңғарылды.

Асқар Сүлейменов 1938 жылы бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданындағы Шорнақ ауылында дүниеге келген. Созақ ауданында орта мектепте білім алған. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих-филология факультетін, оның аспирантурасын тамамдаған. Оның қаламынан туған «Бесін», «Адасқақ», «Бесатар» атты прозалық жинақтар – жалаң ұраннан, идеяшылықтан ада, адам жанын терең түйсінуге арналған туындылар. Психологиялық иірімдері мол, оқырманнан терең дайындықты қажет ететін туындылары – қоғам тынысын, оның диагнозын анықтаған соны еңбектер. Бұл жөнінде Нәзигүл Мұсаева: «А.Сүлейменов – адамның бекзат болмысын, оның барлық қыры мен сырын терең игерген, суреттеген бірден-бір ойшыл. Белгілі бір әдеби-философиялық бағытты жақтап, арнайы үкілемесе де, соңғы ғасырларда көзге түскен көрнекті ағымдардың жекелеген белгілері оның шығармашылығында мен мұңдалап тұруымен терең философиялық толғаныс, эстетикалық ләззат тудырады», – дейді.¹

А.Сүлейменов – қазақ театрының репертуарын байытқан тың идеяларға толы «Арғымақ пен шабандоз», «Кек», «Жетінші палата» атты драмалық жинақтардың да авторы. Қаламгерге «Ситуациялар» атты үштаған драма-диалогтері үшін («Жетінші палата», «Қыздай жесір – штат қысқарту», «Төрт тақта жайнамаз») ҚР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Оның пьесалары кейіпкер әлемі арқылы адалдық пен аярлықты, қасиет пен қасіретті, махаббат пен зұлымдықты түсіндіреді. Сонымен бірге Б.Брехттің, Е.Шварцтың, М.Булгаковтың, Э.Хемингуэйдің, Т.Уильямстің пьесаларын қазақ тіліне тәржімеледі.

А.Сүлейменовтің сын жанрындағы тұжырымдары қазақ әдебиеті мен мәдениетінің бағыт-бағдарын айқындауға, жетістіктері мен кемшіліктерін саралауға зор үлес қосты. Терең талдаулары «Парасат падишасы», «Болмыспен бетпе-бет» атты сини-эстетикалық еңбекте-

¹ Мұсаева Н. Жұлдыз журналы. №1, 2014.

рінде, жүзден астам мақалаларында жарияланды. Сонымен бірге ол қазақ көрерменінің ыстық ықыласына бөленген «Құлагер» фильмінің киносценарийін жазған.

А.Сүлейменов 1992 жылы қайтыс болды.



1. Асқар Сүлейменов қазақ театрының репертуарын қандай шығармалармен толықтырды?
2. Жазушының «Парасат падишасы», «Болмыспен бетпе-бет» еңбектері қай жанрда жазылған?
3. Жазушы шығармаларының тақырыптарына ортақ дүниені атаңдар.
4. «Бесатар» повесі қай кезеңдегі тарихи оқиғаны сипаттайды?
5. Бұл шығарманың басылуына кім себепші болған еді?

«Бесатар» повесі

Асқар Сүлейменовтің «Бесатар» атты повесі – оқырман қауымның ыстық ықыласына бөленіп, сыншылар тарапынан да лайықты бағасын алған кесек туындылардың бірі. Бұл шығармада автор қазақ халқының тарихында үлкен зобалаң туғызған 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс пен Созақ көтерілісін суреттейді. Роман жөнінде Ғ.Мүсірепов былай ой қорытады: «Асқар қозғалыстың сырт көріністерін, оқиға тізбектерін алмаған: ішін аша білген соң, сыртқы көріністер өзінен-өзі көз алдыға тізбектеле береді».¹

Шығарма қос арнада өрбиді. Оның бірі – қазақ қолына түскен орыс офицері Иноземцев пен Мұқағалидың, ал екіншісі – Сәруар мен Крейгельдің арасындағы диалог. Автор осы аласапыран кезеңді өз кейіпкерлерінің ішкі әлемі, өмірге көзқарасы арқылы шебер бейнелеген. Оқырман Төрехан ақсақалдың, оның қалада оқыған баласы Сәруардың, батыр тұлғалы Мұқағалидың ой-толғаныстарынан қазақ халқының басындағы қасіретті, әділдік үшін күрескен ел азаматтарының тағдырын терең сезінеді. Ал отаршыл Ресейдің сұмпайы саясатын қазақ даласында жүргізген Иноземцев, Крейгель секілді офицерлердің әр сөзінен, іс-әрекеттерінен астамшылық байқалады. Мысалы, Крейгель Достоевскийдің өзі төмен, тағы халық санайтын қазақ арасынан шыққан Шоқан Уәлихановпен достығын түсіне алмауы, тіпті түсінгісі келмеуі де осыны аңғартады. Бұл офицерлер – өздерінен басқа жұрттың мәдениеті, тарихы, тілі, дәстүрі туралы білмейтін, патшалық Ресейдің үстемдік ауруын бойына жұқтырған саясаттың қолшоқпарлары. Шығарма соңында Крейгель көмекшісі Голоножкинге Сәруарды атуға бұйрық береді. Автор осы сәттегі Голоножкиннің «Жоқ, ата алмаймын. Өйткені мен олардың жерінде тұрмын» деген сөзі арқылы саясаттан да жоғары тұратын адамгершілік, достық деген ұлы қасиеттерді оқырман алдына шығарады.

Бұл шығарманың кеңестік жүйенің үлкен саяси-идеологиялық сүзгісінен аман өтуіне және басылуына ұлы жазушы Ғ.Мүсіреповтің алғы сөзін жазуы да себепші болды. «Бесатар» – алаш арыстары жүзеге асыра алмай кеткен асыл армандарды жаңғыртқан, ұлт тағдыры мен болашағын терең зерделеген шоқтығы биік туынды.

¹ Мүсірепов Ғ. Кітапта: А.Сүлейменов. Бесатар. Алматы: Жазушы, 1997.



1. Автор шығарманы неліктен «Бесатар» деп атаған? Топта ой бөлісіп, өз болжамдарыңды ұсыныңдар.
2. «Шығарма қос арнада өрбиді» дегенді қалай түсіндіңдер? Оған қандай факторлар әсер етеді деп ойлайсыңдар? Бұл «Бесатар» повесінде қалай көрініс табуы мүмкін?



1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс туралы «Қазақстан тарихы» оқулықтарынан, энциклопедиялардан, e-history.kz сайтынан тарихи деректер жинақтап, төмендегі кестені толтырыңдар. Бұл жағдайды шығармаға арқау етудегі автордың мақсаты қандай? Пікір білдіріңдер.

Көтерілістің сипаты, шығу себебі	Көтеріліс ошақтары	Көтеріліс басшылары	Көтерілістің салдары, жеңілу себептері

Перзент парызы

Ресей патшалығының отарлау саясаты түрлі айла-амалдармен, жарлықтармен жүзеге асып, қазақ халқын тығырыққа тіреді. Түрлі алым-салық, бекіністер салу, шұрайлы жерлерге орыс мұжықтарын орналастыру секілді қалың бұқараның ашу-ызасын, наразылығын туғызған әрекеттер күннен-күнге үдей түсті. Отарлау, қанау саясаты орыс шенеуніктері, офицерлері арқылы жүргізілді. Шығармада бейнеленген орыс офицері Крейгель де солардың бірі. Оның алдында тұтқында отырған Төрехан ақсақалдың қалада оқып жатқан ұлы Сәруар отыр. Крейгель – кәнігі, көпті көрген, өмірлік тәжірибесі бар офицер. Төрехан ақсақалды қамауына қазақтардың Иноземцевті тұтқынға алуы себеп болды. Сәруар да шамасы келгенше әкесін босатып алуды мақсат еткен. Бұл істің оңай шешіле қоймасын білсе де, тәуекел еткен.



... Төре орнына, төрге қайта жайласқан екен. Тағы да ерегескендей қазақ аулының әдет-дағды, қимыл-қылығын жаттап өскен сыңайда сырлы зеренді қос қолдап қаусырып апты. Қымызды да төңкере салмай дәмін алып, талмап отыр.

Мәмленің мамық дауысы бос зеренмен шоңқиып қалған Сәруарға қайтадан жетті:

– Менің осы өңірде туып-өскенім рас болса, сенің жұртың жеме-жем сәттерде сөзді тоқетерден бастайды. Мана айттым ғой: тұлкібұлан неме керек.

Тірек сөздер

қымыз
офицер
жылы сөз
кітап ақтары
Төрехан
түнемелі түрме
қатқыл дауыс

Крейгель ой бауын қашырып алғандай қымыз жұтып сәл аңырып қалды да қияқтап қойған жирен мұртының жиегін сұртті.

Адам, асылы, кім-кіммен сөйлескенде де тереңнің теңдігін түпқазық қып ұстауға керек. Биеден ала да тумас, құла да тумас деп өздерің айтасың. Ел үстінен күн көргесін, шалқақ иық кей ұлық, кері шаптырар дерт табады. Сұхбаттасы кергігенде қазақтай шамшыл елдің иіле қоюы қиын нәрсе,

өріне. Указдың үстінде оның мән-жайын халыққа түсіндіру деген мәселе туып еді. Әлгіндей тайқы зерде, тайыз ой атарман-шабармандардың кесірінен елді үркітіп алдық. Сол себепті де өлкенің басына ағайынның қантөгіскеніндей қайғылы хал туып отыр, бала... Аты-жөніңді білмедім, – деді сонсоң ұзын сирақ офицер.

Деді де сары ала зеренді шиіріп жіберді. Сары ала зерен сары ала текеметті жабу пішкендей дөңгелеп сызып шығып енесіне, сабаға тартты.

Құдауөндө, әкесінің де шай кесені осылай бездірері бар еді.

– Сәруар.

– Сен жаңағы бұзық шалдың баласысың ғой?

– Иә.

– Жігіттер сені кеше қалада деп келіп еді.

– Иә.

– Ташкендемісің?

– Шымкентте.

– Қашан келдің?

– Кеше.

– Ауылыңа соқтың ғой?

– Түлкібұлаң неме керек, Крейгель мырза, – деді Сәруар. – Ауылға соқпасам апақ-сапақта ат сабылтып атам өлді ме?

– Оқа емес, – деді Крейгель. Сәруардың сәл-пәл тістенгенін елемеген сияқты. – Оқа емес. Мауқыңды сағынып келген ауылыңа, бүгін болмаса ертең барып басарсың. Бұл да өз ауылың.

Сәруар мысқыл түрте ме деп төренің бармақ батардай боп шүңдейген ұртын бағып еді, Крейгель сыр бермеді.

– Бүгіндері ауыл қалды деймісіз, – деді Сәруар. Сонау тереңнен ойнап келген қос уыс сөздің алдын ораған жоқ, берденкенің босағадағы ұйлыққан үйіріне көзі тағы түсті, дәл осы сәт, манағы секем кеудесіне қайта соқты. Бү жолы және де шабыныңқырап келіпті. Секем емес үрей боп соқты.

Көпшік тастап отырған ештеңем жоқ, Крейгель мырза. Шынымды айтайын, қазақ баласымен дәл сіздей сөйлескен ұлықты бұл өңірден бірінші көруім, ал бар деп естіген емеспін. Ұстатпай жатып қолқа деп дейді. Бір-екі ауыз жылы сөзіңізге, қазақы қираһатіңізге гүрс етіп құлай кетсем, жағымпаз адамға жиреніп қарайтын сізге, алдымен обал болар еді. Құрақ ұшқыш қазақты аз көрмеген шығарсыз. Семірсе семірген көзіңіз болар. Көздің еті іскіш келеді. Парасат көзі көңілде ғой.

Жауап сөзінің оқыс өркештеніп кеткеніне Сәруардың өзі таңданды, сөз аяғын бірақ, кешірім сұрап күлтелеген жоқ.

– Ауылдан адам әкетіпсіз. Оның кім екенін сізге менің тәптіштеп жатқаным жөннен кетіп, жосықтан асқан ділмәрсү болар еді. Сіз деп кесіп айтам. Себебі, құрық кісінің қолын ұзартса, жаңа бірде ғана өзіңіз атаған атарман-шабарман сіздей төренің құлашына құлаш боп

жалғанбақ. Құрықты жазғыратын ештеңе жоқ. Көп болғанда оған реніш қана айтасың. Құрыққа реніш – қолға кек.

– Да, – деді Крейгель. – Да.

– Құптағаны ма, тосын сөзге кезігіп тосырқау білдіргені ме, құлақ түбінен тер шыққан Сәруар оны ажыратқан жоқ.

– Да, – деді Крейгель, сонсоң тағы да. – Байқап отырсың, мен өзі тілмаш ұстамайтын ұлықпын. Тілмәш жарықтық бидайдың ұнынан жүгері шелпек пісіреді ғой. Айтқаныңды ұқпады деп қалма. Сол, ұққаным рас болса өкең өзіңнің о жақ, бұ жағыңда болуға керек.

– Мүмкін. Мен, бірақ, керісінше ме деп ойлап қап ем. Бізде, атадан бала мысқал кем тұмақ дейді.

– Сенің өкеңнің, бірақ Ташкент барып кітап ақтарғанына куәлік айта алмас ем.

– Мықтылық пен мығымдықтың белгісі кітап ақтару екеніне кепілдікті мен де бере алмаймын, Крейгель мырза. Оған қоса, о кісінің ақтарған кітабын сіздің көрмеуіңіз де ғажап емес.

– Солай ма, – деді Крейгель. Сұраудың орағы боп иілуге, ілінуге келе жатқан дауыс кенет енжар-марғау тартты. Соның өзінде жалғыз сөз бен екі харіп жаңағы зеренше зырылдап, шіріліп кеткен екен. Шаншылып қалай отырса, шаншылып солай қадалған Крейгель бусана бастаған Сәруардың бетін лез қайырып тастады. Түндігі қиялап қана ашылған үйдің ауасы, сонсоң құйынның лебі ұрғандай дір ете қалды. Сәруардың қиналған тұстарында сол қолдап шеке сығар әдеті бар-ды; әлгі дірілді зайыр сезгені сонша, көтере берген қолы бір сәтке – мана төре кіріп келгендегідей – көз алдында қаңтарылып қалды.

Сырт көзге ұзын сирақ офицерден қорғанған бір сыңай боп та ұғылады екен.

– Солай ма?

Жалғыз сөз бен екі харіп, төренің аузынан екінші өргенде, орыс орақ боп иілгеніне қоса шалқалап туған жаңа айға да ұқсады.

Қариялар шалқалап туған айдан қорық деуші еді...

Зікірге жоқ Крейгель, аңдап қараса, зілге бар екен... Осы сәттен бастап Сәруар шашылып-шалқып сөйлейтін дағдысымен қош айтысуға тура келерін тітіреп бір сезді де, қасқарған жалғыз ізді қалың жымға қуып тығып жоғалтып алған бала тазыдай шоңқып қалды...

Үлкенді сыйлап өскен ізетті жігіт, енді жарау төренің нұсқаған жағына құлап, апыл-құпыл тіл қатқысы келді. Әйтеуір тіл қатпай, әлгі бірдегі асыңқырап-тасыңқырап сөйлегеніне кешірім өтінуге де дайын екен. Бірақ тас құдайдай қатып қалған Крейгельдің көктұқыл бетінен сөз даритын ең таба алмады. Көзіне қоса төренің беті де шыныланып апты.

Бірақ Крейгель қатып қалды деп мұның қақшия беретін реті жоқ. Қолды боп отырған себебі оның сөзі жұмсақ, көзі мұз Крейгельдің әкесі емес, мұның далада дырдай, қалада жәутік Сәруардың әкесі – Төрехан.

– Төрехан, – деді Крейгель кенет. Сәруардың әкесін есіне қайта алар тұсын аңдып отырған, біліп отырғандай екен. Қымыз сінді ауа қайтадан дір ете қалды.

– Төрехан, – деді Крейгель сонсоң тағы да. Қолына бейне құс қонып, қонып қалған сол құсты үркітіп алмайын дегендей сыбырлап бастады. Жарау төренің сақтықтан тұншыққанын, әлде ызаға буынғанын Сәруар ажырата алған жоқ.

Төрекең дейсіңдер ғой сендер о шалды. Мен біраз ойланып байқадым. Жаңағы бір айтқаның дұрыс. Құрық, расында да, қолдың жалғауы екен. Бұрын естімеген сөзім еді. Сосын тосын көрінді. Өзімнен жасырмағанда сенен жасырып қайтем. Рас, өкеңді алдырған мен. Бірақ, есаул Иноземцевті алып қашқан да Төрехан ғой. Не дейтін еді әлгі? Ах, да баш на баш. Вот именно, баш на баш. Вот именно.

Маналы бері тебініп отырған Сәруар бұл жолы, тағы да үндей алған жоқ. Үндегенде не десін – жарау төренің айтып отырғаны рас. Осыдан екі күн бұрын, он мылтық боп тау бөктерлеген каратель отрядты төтесінің он жігітпен қылтадан басып, алтын иық біреуін тартып ап кеткенін кеше ауылдағылар айтқан. Алтын иық ұлықтың түнемел түрмесін де ұмытқан жоқ – Қазықұрттың Келес жақ сыртындағы... дүлей борандарда үйір-үйірімен арқар паналайтын таса...

– Сен, бала, қысылма. Білем, жай түскендей төтен жағдайға тап болғанда адам есеңгіреп қалады. Азаматтың, бірақ болмасқа мұқалғаны жарамайды. Еңсеңді көтеріп отыр, – деді Крейгель, сонсоң текеметтің үстіндегі картузын шекелетіп киді де орнынан тұрды.

– Төрехан саған әке болса, Иноземцев маған дос. Бесіккертпе дейсіңдер ғой сендер. Қаздиып табуреткада сен отырсың, қылжиып төрде мен жаттым. Азаға – жә, жарайды, азаның беті аулақ – ойға сен де күпті, мен де күпті. Төреханның тағдыры менің қолымда, Шураның тағдыры Төреханның қолында. Өкенің қолы – баланың қолы, Шураның тағдыры сенің де қолыңда. Қаздиган мен шолжиғаннан басқа не айырمامыз бар? Ну? – деді Крейгель есікті қиялап ашып тұрып.

Төренің дауысы бүгіндікке алғаш рет қатқыл естілді.

Лұғат

Зерен – 1) ағаштан жасалған шұбат, қымыз құятын сәнді ыдыс-аяқ; 2) жұптұяқтылар отряды бұғы тұқымдасына жататын прокапра туысы; 3) алтын, күмістің тезден өткен сымдары қосылып тоқылған матадан тігілген әшекейлі, сәнді киім; 4) өсімдік. *Бұл жерде:* бірінші мағынада.

Зайыр – 1) адамшылық, адамгершілік; 2) мән, мағына, мәніс; 3) деңгей, дәреже, шама; 4) анық, айқын, ашық. *Бұл жерде:* төртінші мағынада.

Қылта – мағынасы өте көп. *Бұл жерде:* бұрылысты, қалтарысты тар жер, шатқал.

Бесіккертпе – бесіктен бала шошынып ұйықтай алмаған кезде я болмаса жаңа бесікке баланы бөлемей тұрып, арқалығын қыздырған темірмен бірнеше жерден күйдіріп, қаритын ырым.



1. Сәуар мен Крейгель арасындағы өңгіме туралы айтып беріңдер.
2. Сәуардың сөздерінен не байқадыңдар?
3. Крейгель Сәуардың өкесін неліктен ұстап отыр?
4. Сәуарға қандай талап қойылды?



1. Крейгель мен Сәуарға қатысты берілген мінездеулерді тура және жанама мінездеуге жіктеңдер. Кейіпкерлердің ой-пікірін, сөйлеу өдебін, ішкі болмысы мен дүниеге көзқарасын, іс-әрекетін жинақтап, мінездеме беріңдер.

Кейіпкер	Тура мінездеу	Жанама мінездеу	Менің мінездеме
Сәуар			
Крейгель			

2. *Бердеңке* деген сөздің мәнін ашып, мәтіндегі қызметін түсіндіріңдер.



1. Крейгельдің сөзіне талдау жасап, автор стилін анықтаңдар. Қандай ерекшелікті аңғардыңдар? Төмендегі кестені толтырыңдар.

Кейіпкер сөзі	Бұл сөз қай оқиғаға қатысты айтылды? Сөздің мән-мағынасын ашыңдар	Жазушының кейіпкерді сөйлету стиліне тән қандай ерекшелікті аңғарамыз?
«Түгкібұлаң неме керек?»		
«Биеден ала да тұмақ, құла да тұмақ деп өздерің айтасың»		
«Мен өзі тілмаш ұстамайтын ұлықпын. Тілмаш жарықтық бидайдың ұнынан жүгері шелпек пісіреді ғой»		
«Жаңағы бір айтқаның дұрыс. Құрық, расында да, қолдың жалғауы екен»		

2. Осы үзіндідегі мәселенің себеп-салдарын, шешу жолын көрсетіңдер. Сәуар мәселені қалай шешуі мүмкін? Үлгі-сызбаны пайдаланып, тапсырманы орындаңдар.



Крейгель

Шығармада Крейгельдің бейнесі оның ішкі әлемі, өмірге көзқарасы арқылы шебер бейнеленген. Ұлық деңгейіне жеткен оның өн бойынан отаршылдық, астамшылдық, жергілікті ұлтты менсінбеушілік айқын аңғарылады. Тіпті қазақ халқының асыл перзенті Шоқан Уәлихановтай тұлғаға да тәкаппарлықпен қарайды. Әсіресе, өзі білетін Ф.Достоевскийдің осындай өзі кем көретін халықтан шыққан адаммен достығына таңы бар. Өздері отарлауға кіріскен халықтың тілі, дәстүрі, мәдениеті бар дегенді естерінен шығарған. Әр ісіне сақ, әр сөзін абайлап айтатын Крейгельдің бейнесі Сәуармен арадағы диалогте сәтті сомдалған.



Жас жігіттің кенет әлем-тапырығы шыққанын, оның соңсоң қаша тартып, қаша айтысып кеткенін Крейгель байқап қалды. Қашсаң қаш деп отыр. Айырым белгіні іздеп бас қатырма. Қойыла салған қызыл көбік сауал ғой әншейін. Қашсаң қаш.

Қашқан, әрине кім-кімге де сор. Бірақ құтылып кететін де қашыс бар. Қашып көрмегенмен Крейгель мұнан хабардар.

Қуғанға қашқан тең боп па? Қуғанға не жетсін. Бірақ жер соқтырып кететін де қуыс бар екен. Қуып көрген себепті Крейгель мұны да біледі. Арықты іргелеп, бұлақтың бас жағынан қазған терең кепедегі бес өлік, дәл бұл тұста. Крейгельдің аузына жалған сөз салғызбауға керек-ті. Крейгель, алайда мұны ойлап отырған жоқ. Әрбір адамның өз өре, өз тұғырынан кеп сөз өрбітіп, ой шашары рас болса Крейгельдің, ұлық басымен дау-дамайдан басы ашық ақиқаттарды айғақтап жатар зауқы жоқ. Айғақтап жатса сүйегіне мін болар еді. Зауқы жоқ, сонсоң шыны керек, уақыты да шамалы. Езуі жырық жылқыдай елпілдек Баранчукті екі бұрап бір-ақ қылғытпай отырса, оның басқадай себептері бар. Ол себеп – Иноземцев.

Әрине, бес солдатты екі-екіден теңдеп келгені үшін Фольбаум бастаған дуанбасылардың маңдайынан сипай қоймасы Крейгельге белгілі. Солдаттың аты, бірақ солдат. Тексіз өлді деп тектінің аза тұтқанын көрген емес. Фольбаум көп болса қалың қабағын бір шытып, анау-мынау мұртқа бергісіз өсік қасын бір қағар. Ал Иноземцевтің жөні, әрине бөлек. Петербургтегі оқуын тастап, майданнан бассауғалап Ташкентке, банкир әкесінің қолтығына кеп тығылған Иноземцев, жаман айтпай жақсы жоқ, қазақтың қолынан жазатайым жазым болса, Крейгельдің мансап жолындағы көп үмітіне қарға сарғымақ. Верныйдың полиция басқармасына бастық боп кетуге жағдайы бар-ды.

Сонсоң да Крейгель кеше, тоғыз бірдей солдат Иноземцевтен айырылып ілбip қайтқанда, ойланып-толғанып жатпай-ақ Төреханның ауылына аттанды. Аттанғанмен шапқан жоқ; басқа ауылдар сияқты туырлығын тіліп от қойып, ауыл адамдарын өңменінен оқпен тізген жоқ. Ауылда еркек кіндік онсыз да жоқтың қасы екен. Ауыл ағасы Төреханды трапшенкеге отырғызып ап кетті. Ұлардай шулап дауыс салған ауыл адамдарына жөнін де айтқан.

Үлкенді-кішілі соғыстың, аңдысу-атысудың атам заманнан келе жатқан заңы барын, Иноземцев аман-есен қайтқан күні Төреханды өз қолымен осы арбаға отырғызып әкеп тастарын су таза қазақша түсіндірді. Төреханнан бірақ қатты шошып қалған екен. Кеше, осылай қайтып келе жатқанда қилы-қилы орағытып кеп Төреханды сөзге талай тартты. Өлкені мақтап, қазақты мақтап, өзбекті шенеп мынау указ, мынау қан-жоса қырғынның түсініспес

Тірек сөздер

қашу мен қуу
бес өлік
мансабы
Төрехан ауылы
үш бекініс
бунтшылдар
құтқару
алты күн

бір жағдайлардан бас алып кеткенін қанша бипаздағанмен Төрехан тіс жарған жоқ-ты. Баранчуктың әкесі балта жүзін майырар емен кездігін кеше аямай көрсетіп еді, мана тағы байқады – өлі сол қалпы екен. Ол қақбас мойымай Шураның қолға тимесі Крейгель үшін дәл қазір, тайға таңба басқандай. Сонсоң да жарау төре мына баланың боркемдігін біле тұра қышыған аузын төк-төктеп отыр. Бірасым етке құмартып лақ атқаннан гөрі лақты паналап құлжаны көздеген жақсы, – деді Крейгель. Баранчуктың діңкесін, төреханшылап үндемей құртқанда Қазықұрттың кекілігін үркітіп маңырасын деп отыр.

Бүгін дүйсенбі. Кешке қарай, сәті түссе Витька Софроновтың қырық солдатты келмек. Мосли¹ кезенген қырық солдатқа тас басы бір қазақ болса да төтеп бермек емес. Осы Рабатқа ірге тепкен төрт күннен бергі жинаған хабарына қарағанда, бұл баурайдағы бунтшылардың ұясы үш жерде. Келер солдат қырық болса, мұнда Иноземцевтің тоғыз жетімегі бар, ал өзінде он солдат, сонда бақандай алпыс адам. Алпыс мылтықпен, түн жамылып жіберіп үш ұяны бірінен соң бірін қан қақсатам десе мұның қолын қағар кім, мұның аяғын құшпас кім бар.

Қарпыңқырап кеткен екен, Крейгель ах, да деді. Ах, да, үшеу емес, екеу. Үшеу екені үшеу әрине, бірақ үшіншісін өзiрге біле алмай жүр. Бір ұя – мына, Қазықұрттың қарсы бетіндегі Айтас, екінші ұя – мына Ташкент жақ беттегі Қазақбайдың қыстауы, Қосмола. Ал үшінші ұя осы Рабатты қыстайтын Мұқағалидың ауылы ма деп жорамалдап еді. Ол тігулі үйін де жықпай көшіп кетіпті. Ал көп тақымға Иноземцев көкпар боп кеткелі бері Төреханның ауылынан да күдер үзді – Сарапханада ылғи кәрі-құртаң қалған екен. Төрехан мен мына баранчукқа ділгір боп отырған бір орайы да осы – Иноземцев аман-есен қайта келген күнде үшінші ұяның да беті ашылуға керек. Иноземцевті сонда қайтіп құтқармақ – Крейгельдің мына баланы ұзын арқан кең тұсаулап отырған себебі де осы болатын. Зерде мен зейінді айтсын, ата мен баланы, айырым белгіні айтсын, ұлық ұғым ата деп өмірді, кішік ұғым бала деп намысты айтсын – Крейгель бір жағынан сөйлеп, екінші жағынан өз сөзімен өзі жарысып Иноземцевті құтқарудың жолдарын да ойлап отыр еді. Қазақтың ақкөздігін көп орайда бауырмалдықтың жеңіп кетерін Крейгель біледі. Ішкі есеп ышқыр жорамалында, кеше бұл Төреханды алып кеткен бетте Қазықұрттың арғы-бергі етегіндегі қазақ атаулы қан сиіп қалуға керек. Сонсоң олар аһлап-үһлеседі, сонсоң итіне дейін өлік күзеткендей ырылын тыйып томсарып қалуға керек, сонсоң барып тапталған аруақ, қашқан Қызыр, атылған, асылған азаматты айтып атқа мініседі. Ауыл-ауылдың арасында қоқаң-қоқаң шабыс көбейіп, қызу-қызу сөздер айтылады. Сонсоң – Крейгель жымынып алды да қос алақанын аузынан тосып кеңсіріктен келген жұпар түтінді қайта жұтты –

¹ Мосли – ағылшын винтовкасы.



сабасына түседі. Сақтық ойласып қулыққа басады. Сонда көрегендеу біреуі Төрекенді, әлгі алтын иық көк көзге айырбастауды айтпайды деймісің. Жарайды, деді Крейгель. Жарайды. Сделайте одолжение. Айырбасқа сен келіссең, мен дайын. Баш на баш.

Бұл енді Крейгельдің сырттан, аңғал жаудың өзінен күтер көмегі. Бірақ жауға сеніп қамсыз қалуға жөн жоқ. Қол қусырып өздері келіп жатса Крейгель қарсы емес; құдай, алайда сақтансаң сақтамақ. Өз тарапынан ұрымтал бір шешімдерге келіп қойғаны жақсы. Ол шешімі құрғыр өзiрге жонын көрсетпей отыр. Төреханның ауыл-аймағын, көрі-құртанды айдап келуге болады, әрине. Мұндайда, бірақ жағдай қиындап кетеді екен. Әкесі мен шешесін арқалап жүріп бағуға бар мол қазақ, өлгеніне қарамай алақандай Рабаттың аяғын аспаннан келтіруі мүмкін. Оның үстіне, кепілге тұтқын ұстағанда сан емес сапа керек. Екі қап сүзбеден тай саба қымыз артық. Төрехан, сол, тай саба сары қымыздың өзі. Ол аз дегендей құла қайың тегене боп дөңгелеп мынау тағы келді. Ендігі шаруа, осы аталы-балалы екеуін шошытып алмай, таға игендей қыздырып-қыздырып икемге келтіру. Баланың беті өзiрге теріс емес, ал шал, шал болса...

Баранчуктың жұтынып бір қалғанын байқады. Бірін оған да берді. Осы баланың үшінші бекіністен хабары бар-жоғын Крейгель біле алмай отыр. Әкесінің айтпауы да мүмкін екен-ау. Жә, бұл тұста үш сыңай бар, – деді Крейгель Баранчукке шырпы шиырып. Сөзге сараң қақпастың өздігінен айтпауы мүмкін – бір. Мынаның сұрамауы мүмкін – екі. Ал үшінші сыңай осы екеуінің ортасынан шықпақ – мұның сұрап, көрі айғырдың айтпауы мүмкін.

Төртінші сыңайды – Сәруардың үшінші бекініс жөйлі ауылдан құлақтанып келуі мүмкін екенін Крейгель ескерген жоқ.

Сұрап көрсе ме екен, әлде? Айта қойса жақсы, біле қойса жақсы. Онда шабуылды, Софроновты күтіп ап сол үшінші ұядан-ақ бастар еді. Жо, – деді Крейгель. «Асықпаған арбамен қоян алар» өздерінің сөзі ғой, бұларды да бір тыңдасын енді. Бұл сұрауын сұрап ап, ол айтпай, не білмей қалса, онсыз да пышақ үсті мәселені қиындатып алар. Бұл сөз, сонсоң ана шалға жетіп, қырысына қырыс қосып ол қалса ылғи пораспен қай өбүйірін жабады. Подлец шалдың, бірақ білмейтіні жоқ. Иноземцев пен үшінші ұяның сыртында да біраз нәрсені білуге керек.

Крейгель қалтасынан ылғи тастамай жүретін киік кенейді шиіріп жіберді. Бала кезінде, Черняевканың талай тақырында тәйкелеткен кеней еді. Бұ жолы шік түсті.

Уақыттың тарлығын-ай. Жалғыз үміт енді мына балада қалды. Төреханды кешке дейін, не өрі кеткенде таң ата көндіріп берсе киік кенейдің алшылағаны. Іс әйтпесе қиындап кетпек. Шабуылды ертең түске, ертең кешке қалдырар-ақ еді, Фольбаумның бұйрығы бірақ басқадай; ақпарды арғы күні таңертең күтіп отыр. Үш ұяны ертең түнделетіп баса қойғанның өзінде Ташкентке ақпар жетіп үлгермейді екен.

Крейгель жастыққа қисайды.

Майдан – бір, Ташкенттің, Торғайдың, Жетісудың қазағы – екі, Алатаудың қырғызы – үш; бұл үшеуі аздай-ақ, бесінші жылдан бері құрып кеткен большевик деген қарақұлақ тағы шықты... Петербург пен Москва жетпегендей, Түркістанда не әкелерінің құны бар екен.

Ташкенттің көшесінде құйрық-жалы біруыс, текежәуміт торы ат мініп жүретін Фольбаум қай күнгі жиналыста:

– Қазақ-қырғыздың бүлгі большевиктердің құлағына жетсе өлкенің емес, алдымен өз халдарың қиындайды, офицер мырзалар. Мерзім алты күн. Жетінші күні мен Петербург жүрем, – деп еді.

Бүгін алты күннің төртіншісі.

Әй, Шура-ай, – деп қалды Крейгель. Иноземцевтің бейқам жүретін дарақылығына наз айтты. Өттең, уақыт аз қалды. Бірақ соған орай бір тұтқын менде де бар. Біреу еді, құдай айдап екіншісі тағы келді.

Тұтқын екеу, бірақ уақыт тар.

– Ну, – деді Крейгель манағы шығар алдындағы «нуына» жетек қосқандай. Кенейін де қалтасына қайта салды. – Көп ойландың ғой. – Жарау төре, сонсоң сүйем жарым өңеші бар дүрбінің шынысын айналдырып отырып қыбын тапты. Асуға тағы дүрбі сап, Софроновтың отряды тағы көрінбесе артынан қуғын жібермекке бекініп еді.

– Ойлануға уақыт жетеді, әрине. Бірақ, келер шешімге ертерек келгеніміз дұрыс. Менің не айтпағымды онсыз да түсінеді ғой деп ойлаймын. Есті баласың ғой.

Сұр пүлішпен тыстаған тыңқиған құсжастық Төрехан мен Крейгельдің қолтығынан өтіп, әбден зорыққан екен – Крейгель тұрып кеткенде қыртысын жазып болса да тұяқ серпе алмады.

Үйдің оң жаң қапталындағы жасыл кілемнің бетіне сирақты мылтық, қынына күміс қаптырған қайқы қылыш пен қабан қанжар ілініпті. Крейгель қылышты алды, сонсоң доғал еркектің бала жұбатқанындай қос алақанына сап салмақтап көрді де, тырнағын жонып байқады.

– Бунт, – деді сонсоң қылышты қынына сарт сүңгітіп жіберіп. – Айтсам айтты дейсің ғой. Бунт неңді алған сендердің. Қынға бұққан қылыштарына дейін төршіл тағы да.

Крейгель қылышты орнына ілді де, дүрбісін алып шығып кетті. Бір шеті ғана ашық түндік іле түгел ашылды. Күн ауған ба, жұмсақ сары аспан бар екен.

Үйдің бұрыш-бұрышын бір сөтке қара көк мұнарт басты...



1. Иноземцевтің басын аман алып қалу Крейгельге не берді?
2. *Үш ұя* деп отырғаны не? Бұларды анықтау олар үшін қаншалықты маңызды?
3. Офицер қазаққа төн қасиеттердің ішінде қайсысына ерекше мән береді?
4. Баранчукке қатысты мәліметті айтып беріңдер.
5. Фольбаумның берген бұйрығы Крейгельді неліктен алаңдатты?



Тағылым тамшылары

Созақ көтерілісінің шығу себептері

1. Тап тартысының күшеюі. Байлар, қожа-молдалар, бұрынғы би-болыстар бірден жаңа құрылымның қырына ілікті. «Шолақ белсенділер» көбейіп кетті. Теңдік, бостандық туралы сенімге сызат түсті.

2. 1928 жылы 27 тамызда Қазақстан үкіметінің ірі байларды кәмпескелеуге байланысты Қаулысынан кейін қазақ жерін шаруашылықтың түрлеріне қарай нақты түрде «көшпелі» және «жартылай көшпелі», «отырықшы» аудандарға бөліп көрсету күн тәртібінде тұрды. Көтеріліс болып өткен Созақ, Сарысу аудандарының халқы таза көшпелі өмір салтын берік сақтаған болатын. Олар Арқа жайлап, Шу қыстап жүрген елдер еді. Сол себепті 1928 жылы жедел жүргізілген кәмпеске, аудандастыру, отырықшылық мәселелері халыққа төтен келген апаттай көрінді.

3. Халыққа салынған жөнсіз салықтар елді естен тандырды. Бір салықтан құтылмай жатып, екіншісі жамалып жатты.

4. Ірі байларды, жартылай феодалдарды жер аудару жөнінде шыққан атақты қаулы бойынша кәмпескелеу былай қалып, ендігі жерде туып-өскен жерден аулақтату санаға сыймайтын жағдайға жеткізді.

5. Бұрындары малға ен салынса, енді оларға шығғыртып таңба салынды. Мешіттерді бұзу басталды. Көбісін қоймаға айналдырды. Елдің игі жақсылары атанған азаматтардың тақымындағы тарлан боздары тартып алынып, шолақ белсенділердің мініс атына айналды. Әсіресе бұл орталықтан шалғайда жатқан Созақ сахарасында тым сорақы жағдайда жүзеге асты. Болмашы нәрсені сылтау етіп елдің арысын алдына айдап кету, жігерін құм ету көбейді. Осының бәрі намысты ту еткен елдің ұланының зығырданын қайнатты.

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы: көп томдық. Т. 21. Астана: Астана Полиграфия, 2011.



Луғат

Кепе – бұл жерде: жартылай жерден қазылған, қабырғалары балшықтан не шымнан қаланып, төбесі қамыс немесе шөппен жабылған шағын лашық.

Трапшеңке (трашпенке) – үсті жабық, төрт доңғалақты жеңіл арба.

Кездік – мүйізбен сапталған, қынға салып алып жүретін кішкентай пышақ.

Кеней – 1) ертеден келе жатқан, ежелден пайдаланылып келе жатқан домбыра; 2) асық ойынында ұпайға тігілетін кішігірім асық. Бұл жерде: киік асығы.



1. Сәруар мен Крейгельге қатысты оқулық пен хрестоматияда берілген мәтіндермен толық танысып, оқиға картасын құрыңдар. Оқиға картасын басқа топпен алмастырып, толықтырыңдар.
2. Автор мен кейіпкердің қазақ халқына берген бағасы жөнінде не ойлайсыңдар? Шығармадан мысал келтіріңдер. Бұл сөздерден қазақ халқына тән қандай мінезді тануға болады?

Автордың бағасы	Крейгельдің бағасы



Шығармада кездесетін мақал-мәтелдерді жинақтап, қызметіне талдау жасаңдар. Мақал-мәтелдер қай кейіпкердің сөзінде жиі ұшырасады? Неліктен?



Крейгельдің құрған жоспарына кедергі болатын жағдайларды топта талқылаңдар. Крейгельдің іс-әрекетіне баға беріңдер. Ол Иноземцевті мансап жолында ғана азат етпекші ме? Әлде офицерлік міндетін адал атқарғандық па?



Сөзак көтерілісі туралы тарихи мәліметпен танысыңдар. Мәтінге қатысты берілген тапсырмаларды орындаңдар.

а) Шығармадағы басты оқиғалардың орны мен уақытын кестеге түсіріңдер. Бұл Қазақстан тарихындағы қай кезенді қамтиды? Дәлел келтіріңдер.

Мекен	Уақыт

ә) Сөзак көтерілісінің шығармамен байланысы қандай? Көтеріліске шығуға себеп болған жағдайларды шығарманың қай бөлігі хабардар етеді?

б) Халықтың бастан кешіп жатқан жағдайын шығарма кейіпкерлерінің сөзін жинақтау арқылы сипаттап беріңдер.

Төрехан

Орыс офицері Иноземцев қазақтардың қолына түскеннен кейін Крейгельдің солдаттары Төрехан ақсақалды қамаққа алған. Бірнеше күннен бері тар қапаста жатқан Төрехан ел азаматтарының орыс отарлаушыларына қарсылығын ұйымдастырмаса да, оларға іштей тілекші. Әттең, тек бабалардан қалған атақонысын, діні мен ділін аяққа басып, таптағысы келген дұшпанға қылар қайран жоқ. Қаруы мықты, айласы зор патша әскерлері бас көтерген азаматты аямасы анық. Төрехан ақсақал да соны сезіп, біліп отыр.



Бұлақтың қыр жақ бетіне тіккен бүлдіршіндей ақ отаудың түрүлі іргесінен құлын құйрық майда леп соқты. Төрехан нығындағы түйе жүн шекпенді сырып тастап бешпентшең қалды.

Сонсоң көрлен кесені бөкене сары солдатқа дөңгелетіп жіберді.

Аты солдат демесең өзі бір тындырымды неме екен және де есті тазыдай қабақ тани ма – Төреханға қуырдақ әкеп бір қарап, қымыз әкеп екі қарап, бұл үмсына қоймағасын томпаңдап кетіп қалды да толскей самауырмен қайтты. Төрехан бірден таныды. Сол Мұқағалидың сұр бәйбішесінің он летрлік ақ самауыры. Темір тиген бе, оң жақ бүйірінің никелі ұшып қабысыңқырап қалыпты.

Осы шәйі құрғырға қай кезден бастап құныққанын білмейді... Аққұйрық деген сөзді алғаш сонда, атасының аузынан естіп пе еді? Бір білері: осы аққұйрықты, әйтеуір қысырақтың қымызына айыр-бастамайды... Есіне анау айуандап салған қырық құлаш көк шатыр там, бейге торы тұратын анау ат қора, мынау шағаладай аппақ екі отаудың иесі, осыдан төрт күн бұрын жылқыдан басқа мал-мүлік, дүние-жиһазды талақ етіп аттанған Мұқағали тағы түсті, Төрехан сонсоң қолын жайып аңтарылып қалды да, ұзақ күбірлеп бетін сипады. Қызтау... шатқалындағы азғана қолға оң сапар тілегені екен. Бетін Төреханға ілесіп, бөкене сары да сипап еді, Төрехан ниет-аятын қайтадан оқыды, сары солдат бұл жолы әлдене түсінді ме – қосылып шапқан жоқ.

– Әй! Сен қазақша білемісің осы?

– Біледі, біледі, – деді сары солдат.

– Аты-жөнің кім?

– Голоножкин, бабайка.

– О не пәле тағы да?

– Жалаңаяқ деген.

– Е, ей, бейшара-ай, – деді Төрехан Голоножкиннің аяғына қарап.

Қай баласың деп сұрағысы кеп еді, бұлардың ел-жұртты білеріне көзі жетпеді. Жалаңаяқ тартпа өретін шикі сары қайыстан қисық табан етік киіпті. Малдың іш майын шылқыттып жаға берген бе, шаңнан көрінбейді.

– Анауың кім? – деді сонсоң Төрехан Сәруар қалған үлкен үйді иегімен нұсқап.

– Бастық, – деді Голоножкин. Сонсоң сәл ойланып қалды да шегіне жетіп түсіндіргісі келгендей: – Начальник, – деп қосты.

– Аты-жөнін айтам.

– Мырза Крейгель:

– Шені қалай?

– Офицер следователь.

«Солай де», – деді Төрехан ішінен. Қазықұртқа үш өтрәт шықты деп естіп еді. Бір өтрәттің керуенбасы осы екен ғой. Аузына апара берген

Тірек сөздер

солдат
аққұйрық шай
керуенбасы
жалаңаяқ
Қазықұрт
қапырық
отряд

кесесін жерге қойды. Жаңа байқады – жалаңаяқ мына солдаттың дастарқан деп жайғаны бір жібі жібек кере құлаш сарғыш шәлі екен. Осы өткен сәуірде Мұқаштың тұңғышы сүндетке жатқан. Соған жалына қол батпайтын құнаншығар жетелеп, шашу шаша келгенде кемпірінің қоржынынан көрдім бе деп отыр.

Солай де, жалаңаяқ. Онда да сұр переннің өзі демеймісің. Жүрегім жарылып кетпес. Жарылса, жарыла қойсын, тәйірі. Көмусіз қалып жатқан көп жұлыннан нем артық сондай-ақ.

Төрехан кесе түбіндегі шәйді ашық іргеден шашып жіберді де кесені Голоножкинге тастады.

Дұрыс науетегім. Көрінген күшігенге жем болғанша қаныңды таз қараның өзі ішкені жақсы. Соның өзі жақсы. Шибөрі тартқан ісектен көкжал жеген теке артық. Мен де бір – амалдағы бөкеннің сасай болған текесі дә.

Түрулі іргеден Қазықұрт жаққа тесіліп ұзақ қарады. Мана Сәруар екеуін үлкен үйге әкеле жатқанда Қазықұрттың төсінен құзғынның қарақұрым бұлтын шырамытып еді. Көмілмей қалған қай ауыл екенін әлі ажырата алмай отыр.

Тесіліп қарағасын көзі талды ма, жас әлде шынымен келді ме – жанары суланды.

– Қазықұрт кеткен кімнің өтреті?

Голоножкин бір елі ауызға бес елі қақпақты көрсетіп аузын басты. Төрехан аққұйқа бастағы ақ жібек орамалмен көзін сұртті де ұқтым дегендей басын изеді. Сен пақырдың қолыңда тұрған не бар? Шауып бар да қырып кел мырзаңа сен де бір, келтек те бір. Келтек болғанмен бесатарың бар төбетсің-ау, сен шірік.

Етектегі сай-жыраның қойын-қойнауына селдір көк көлеңке ұялапты, бұл күннің төбеден екіндіге құлағаны; ал өзінің болса бейне қажыдан қайтқандай жағасы жайлауда, есіне қай-қайдағы атасы мен аққұйрықты, набат пен құрманы алып, майы кеппеген су жаңа бердең-кесінің құлып ұңғылын құрттаған жалаңаяқтың шөйін сыздықтап отырған Төрехан: «Ау, менің мұным нақұрыс бір тірлік екен ғой» деп қалды.

Табанасты бұлақтың сызы шапқан жалаңаш жыра жылқының қақтаған қара етіндей екен. Қара жырамен Төрехан талған көзін жұбатып, бірауық аймаласып алды.

Бұл өңірде ерте туатын шілденің әлгі бірде ауған күні, сөз бар ма, баршаға ортақ. Төрехан бірақ осы отырысында, осынау фәнидің таскешуін тобығын мүжітіп кешкілеп жүрген өркімнің, жүде мына жалаңаяқтың да өзіндік тағдыр күні, ырзық шұғыласы бар-ау деп отыр. Соңғы жұмадағы байқауында өзінің осы тағдыр күнінің ылдифа бет алып, ырзық шұғыласының құптан жұтқан ақшамдай сүлелене бастағанын зайыр сезеді. Кедей болғанмен жағасына қол, кеудесіне тізе,

тізесіне сойыл дарытпай өскен Төрехан өз ғұмырының енді жамырай қояр самы жоқ па дейді. Қазықұрт жаққа тесіле-тесіле көрі тостағын бұлалап алған қазіргі сәтте осы бір сезніске қайта көздікті.

– Әй, – деді Төрехан кенет, – жанарың шынылау немесің ғой. Қарашы, Қазықұрттың төсінде құзғын бар ма?

Голоножкин басын шайқады.

Төреханның шілде десе, шілденің қапырығы десе қаны қараятыны да осы. Берденкенің дүрсілін қыр асырмай жұтып қояды, пәдеріңе нәлет. Шіркін, ешкі түшкіріктің өзін жаңғыртып алып кететін қауыстың қызыл шұнақ аязы болар ма еді дейді. Аяз болса қашып атысқан, көрінбей атысқан төрт-бес жігіттің соңынан шатқал-шатқалға емініп еріп келген қалың карательді лақша бақыртып шықшыттан атуға да мүмкіндік бар екен. Аяз жоқ бірақ; ал, оның есесіне, киіз көмей, маңқа мақау қапырықтың тұнып тұрысы мынау; ал күн болса екіндіге ауып кетті, ал аққұйрық құмар өзінің таспигтан жаңылған саусақтай абдырап қалған түрі осы. Сонда, бірақ не істемек?

Шәй сұйыла бастапты – Төрехан аққұманға қарап қабағын қақты, Голоножкин күректей қолын шәй құтыға созды. Төмпекей мына денеге күректей мына қол жараспайды-ақ екен.

Сонда бірақ не істемек?

Ауылдағы сойыл соғар дәрмені бар жігіт-желең мен отағасын... аттандырып, жүз үйлі ауылдың қатын-қалаш, бала-шағасына өзі бас боп қалғалы бері каратель отрядтың ат тұмсығын кеудесіне ертелі-кеш өйтеуір бір тірерін Төрехан біліп те жүрген. Сонсоң да кеше ұзын сирақ төре қара сафьянмен қаптаған солқылдақ пәуеске мініп келгенде күдігінің бағы жанып жеңілейіп қалып еді. Істің артын бағып, езіліп ойлауға құлқы қашаннан аз Төрехан сары ала отряд сау ете қалғанда қуанбағанмен қиналған да жоқ. Ертелі-кеш өйтеуір алатын болғасын алыс-жақын жақсының қан сиіп шыңғырғанын көрі құлаққа нығыздай бергенше өтіп те кеткен, кетіп те қалған парыз ғой деп еді. Бұл пейілін Төрехан, бірақ фәниден безініп өлімге асығу деп жорымайды. Осы өлкенің өткен-кеткенінен біраз хабары бар, талай жаугершілікте талай атты зорықтырып, мықтымын деген талай босқынның бұғалығына қанжар жүгірткен көрікөз шал, шау тартқан мына шағында азалы елдің ендігі өксігін көтере алмасын қатты байқап еді. Арқыратып ат мініп, ақырып шығар шамасы жоқ. Көпкен қызыл жыңғылды екі бұрап су тамызар баяғы қыршын жасы мен қайраты жоқ. Бірақ көрілігі, жілігінің жұқарғанын саудалап қарап та қалғаны шамалы. Бұл орайда Төрехан үлес деп қосқан азғана мал-мүлкін, сон-а-ау бір жылдары өкесін құндап барғанда, мына Шыланзардағы өзбектен алған тайтұяғын айтпайды. Айтары лұғатты ұранның үстінде бассауғалап бұқпағаны. Сөзі өтерге сөзін салды, қорқарына, қорқауына қамшы жұмсады, ақырында аттанған қолдың артын бағып карательдің қарауылында

жалғыз қалудан да бас тартқан жоқ. Оның үстіне, осы өткен сенбіде бір топ қыз-қырқынды... тағы аттандырып қайтып келе жатқан бетте, кездейсоқ кезіккен отрядқа, он жігітпен тосыннан тиісіп жез жағалы біреуін алып қашқаны тағы бар. Ойлап қараса осы қимылы тұшынуға, әсіресе тұрғандай екен. Енді... азғана қолдың басшылары қыбын тауып қимылдай алса, бір отряд емес осы төңіректегі бар отрядпен шарт қойып, шалқалап сөйлеуге мүмкіндік алмақ. Мына жалаңаяқтан шым-шымдап сөз тартып отырғаны да осы: Алла жазып құтыла қояр күн болса, каратель отрядтың қадау-қадау бекіністерін Өтеп пен Мұқағалиға айта да бармақ еді. Оларды да, бірақ қолын қартаға малып қарап отыр деп ойламайды. Бұл өңірдің жетелі қазағы алдын кеспейтін мына Созақ үстіндегі Мәлік батырға кісі шаптыру керектігін, қайбір күні Өтеп те айтып отырған. Шаптырса құба-құп, – деді Төрехан. Жер шалғай болғанмен намыс шалғай, көңіл шалғай емес, құдайға шүкір. Біріксе тізе бірігер, бірікпегеннің өзінде ұран қосылса аз боп па? Құлыным-ай, – деді сонсоң Төрехан есіне баласы түсіп кетіп.

Көшелі жігіт боп өсіп келе жатқан баласына мына сойқан қатер болмаса игі еді деп отыр.

Қазықұрттың төсіне тағы қарады. Қос өркеш қоңыр шоқы сағымнан арыла бастаған екен.

Лұғат

Күшіген – бұл жерде: ауыспалы мағынада қолайлы сәтті күтіп, осал жерінен соғатын әлсіздікті, қорғансыздықты пайдаланып, тән мен жанды жара-лайтын адам.

Құланшығар – үш жасқа аяқ басқан жылқының тарттырылған еркегі.

Сасай – бұл жерде: ауыспалы мағынада түкке жарағысыз деген.

Көшелі – байсалды, ой-өрісі кең, көпті көрген, жөн-жосықты білетін деген.



1. Төреханда солдат туралы қандай ой қалыптасты?
2. Голоножкинмен әңгімелесуде қандай мәліметтер алды?
3. Төрехан солдат жайған дастарқаннан неге шай ішпегенін айтып беріңдер.
4. Қазақ даласына келе жатқан үш отрядтың мақсаты қандай?
5. Босап шықса, Мұқағалиға қандай ақпаратты жеткізбекші?



Шығармада Төрехан бейнесі қалай сипатталған? Төреханның мінезі, дүниеге көзқарасы суреттелген үзінділер негізінде кейіпкерге мінездеме беріңдер. Хрестоматиядағы мәтінде берілген сипаттамалармен толықтырыңдар.



1. Төреханға таныс заттар орыс солдаттарының қолына қайдан түсуі мүмкін? Бұл заттар Төреханға несімен құнды? Жұпта пікір алмасыңдар.
2. Бөлімде берілген оқиғаны үш бірлік тұрғысынан талдап, заман бейнесі мен өмір шындығына қатысты тұжырым жасаңдар.

Оқиға орны	Уақыт кезеңі	Мәселе

Әкесін тұтқыннан босатып алсам деген Сәруардың үміт оты әлсіреп келеді. Крейгель Сәруарға апанына өзі келіп түскен жемтіктей бассалуға дайын отыр. Сәруардың да оңайлықпен алдыра қоймасын сезген. Әкесін босатсам деп келген көзі ашық, оқыған Сәруардың сөз саптауы, көзқарасында азаттық үшін жанын берер азаматтың үні бар. Екеуінің іштей де, сырттай да арпалысы ұзаққа созылды.



Мынау бунттың бастау себептерін кенет түсінгендей түйсік оянып еді – жарау төре сол жақ езуін үшбұрыштап мырс етті.

Бақса, Черняевтан кейін бұл елдің туырлығы тілінбеген екен.

Бұлардың құтырып жүрген бір себебі осы ма деп ойлайды. Дала үстінен оқ атылмаған елу жылдың ішінде жілік майлары бітеуленген болу керек. Қоқаң-қоқаң ат мініп, бір сөзге екі сөзбен жауап қайтарып, терезе теңестіретін себептері де осы. Бетімен кеткені. Өкімет те әйтеуір жоқ жерде өбексігіш боп алған. Ату үшін, асу үшін себеп керек пе екен? Ел деген ол – сүт. Көксу еткің келе ме, көкми еткің келе ме – қазанның беті көкшенің қабығындай торлана бергенде қарма да отыр. Қалт етпей, дембіл-дембіл қармау керек. Қоңырауын қайдағы бір Герцен қақты деп мұрны қисайған Черняев жоқ – деді Крейгель. Қос қолы қайтадан жұдырық боп түйіле бастады: Есіне ақ шал түсіп еді, жаһаннамға жанын Черняевтың заманында тапсырып жіберетін қақпас емес пе ол. Онда Иноземцевті кім ұрлайды; дүниеге мына шілтік қайтіп келеді? Өзі тағы бас көтермек. Ал көтере ғой, көтере ғой, ал. Қыл мойныңды қорғасын қырықса, бассыз сен қаласың, менің нем кетеді.

– Сонымен енді не айтасың маған?

– Не қалайсыз?

– Болмашыға кекесін қыстырып керегі не? – деді Крейгель. – Мені тыңдасаң жөнге көшелік.

– Сіздің жөн айтып, менің дау айтқан жерім бар ма еді?

– Мен сәскеден бері тек жөн айттым ғой деп ойлаймын.

– Мүмкін – деді Сәруар, – онда бірақ қалған өңгіменің ретін көре алмай отырмын, мырза. Сіз жөн айтыпсыз, мен дау айтпаппын. Қартақештер мұндайда квіт болдық дейді.

– Итжығысқа сен келіссең, мен қарсы болмай-ақ қояйын, – деді Крейгель. – Бірақ итжығыс үшін ат сабылтудың қаншалық керегі бар еді. Менің ұға алмай отырғаным осы. Қарсы болмасаң, қартаны қайта үлейік.

– Қайта үлеп, порасқа қайта көмем дейсіз ғой.

– Оны бағыңнан көр. Қарта да мансап – көрсоқыр болмақ. Соқыр мансап сені көрмеді деп буынып

Тірек сөздер

түйсік ояну
қармақ
шаршау
ат-шапан айып
ығыр қылған
есіне түсу
сүтті сыйламау
погон
қымыз, саба
ескерту

өлейін бе енді. Бірақ бір нәрсені есіңнен шығарып отырсың. Порасқа менің де көмліуім мүмкін.

– Мен шаршадым, Крейгель мырза, – деді Сәруар. Шынын айтып еді. Бағана бірдегі зіл батпан жүкті арқасынан қайта тапты. Сөз таластыруға да зауқы жоқ екен. – Ғұмырымда дәл осылай шаршап көрген емеспін. Оны мен түсінем, сіз білесіз.

– Әрине, – деді Крейгель, – көп болса мақтанды деп ойларсың. Менің сен туралы білмейтінім өсте шамалы. Мысалы, сен қазір өкеңді босатудың талай-талай жолдарын саралап шықтың ғой. Алып қашу, мысалы. Өтірік деші қані?

Сәруар үндеген жоқ.

– Құмнан лай илеп керегі не. Менің айтарым, бірақ бұл емес, Сәруар. Сені мен менің дәл бүгін шаршауға құқымыз жоқ. Түн қатқанды ер көтереді. Ерден асып ат көтереді. Қарала үшеуміз көтереміз.

– Төтемді босатыңыз, – деді Сәруар. Жарау төрені тағы да тайпалып кете ме деп қорыққан екен. Киіп кетті.

– Менің де ойым сол. Үстінен түстің. Менде қазір осыдан басқа ой да жоқ өзі. Күні-түні ойлайтыным жалғыз осы: өкеңді босатудың қамы, – деді Крейгель. Жаңада ғана қан теуіп жіби бастаған жүзінің қайтадан тырыса бастағанын сезді.

– Жай босату отряд басқарған кез келген офицердің қолынан келеді. Мен әйтеуір офицер емеспін. Оны мана өзің де айттың. Өтірік болса көріп ал: мен сенің өкеңді ат-шапан айып тартып аттандырам. Айтпады деме – ат-шапан айып тартып. Талай бұратанадан сый көріп жүріп, бір бұратанаға сый жасамап ем. Реті келген сияқты, келген осы ретке бейне, өйелім босанғандай қуанып отырмын, – деді Крейгель.

Баранчукке бармақ батырамын деп отырып өзінің жарасын осып алған екен. Есіне отасқандарына он жыл болған... қайқы бел келіншегі түсті. Мұның бойдақ Иноземцевпен тізе қосып, Ташкенттің Чиланзар жақ бетіндегі қызыл шамдарға барғыштап жүргенін біліп қойды ма, соңғы кездері казак қоңыр көздерін көлеңке көмкеріп түн баласында солқылдап шығатын бір әдет тауып еді. Крейгельдің жүрегі ысыды, көмейіндегі кекесінің бірақ жіберген жоқ.

– Сенің өкеңе сый сыймайды дедім бе? Қашан айттым? Қашан, қашан айттым? Айып кескінді сый солғанмен, сыйдың аты сый. Сенің өкеңнен басқа менің сыйыма лайық адам көріп отырғам жоқ қазір. Менің алдымнан талай адам өткен. Мен бұл елдің бай-жарлысының бәрін білем. Өкеңнің кедейлігін де білем. Бірақ менің сыйыма лайық жалғыз адам, ол – сенің өкең. Сенің өкеңнің, себебі Түркістан қауымы алдында көрсеткен қызметі бар. Иноземцев, себебі Түркістан қауымы құтыла алмай жүрген офицер еді. Кірпік астынан шыққан теріскендей бүкіл қауымды ығыр қылған мазасыз офицер болатын. Сондай офицерді тапа-тал түсте жым-жылас жоғалтып жіберген адамға сый көрсетпей

есімнен адасты деймісің мені. Ат-шапан айыпты оған бермегенде, ана шоқай киген Голоножкинге берем бе? Бір түн ұйқысынан қап, бір күндік намазын қаза қылған екен. Оған себепші болған мен екем. Кейін кездескенде айта бар. Кешірсін мені. Айтсаң айт, айтпасаң өзімнің де шамам келеді. Кешірсін мені, кешірсін мені, кешірсін мені, – деді Крейгель.

Есіне... қай күнгі алқымынан мытып тұрып өз қолымен құлақ-шекелетіп атқан еңгезердей қара жігіт пен бұлақтың жағасындағы апанда жатқан бес солдат түсті. Крейгельдің сонсоң жүрегі шаншыды. Жүрегінің, әсіресе осындай ашу қысты сәттерде сәлем беріп кететін шаншымасы бар-ды. Бірақ бармағын шайнардай боп қызынып алған ақ төре оны елеген жоқ. Айтқан мына сөзі мен шашқан мына кекесіні сәскеден бергі құрған тор, қазған апанына, бір ыңғайда, қатер де екен. Аяғын інге тығып көрген жылқыдай сақтанып шабары бар-ды. Бұл жолы онысын да ұмытып кетті. Қатер болса болсын, – деді. Арбасып, айтысып отырғаны асы сүйек текті болса бір сәрі, ал мына сияқты бұратана Баранчуктың алдында айтқан сөзді қайтып ап қырық құбылу тілдің ұшына келіп қалған қақырықты қайта жұтқанмен бірдей көрінді. Құдай сақтасын, тексізге тектінің мінезін көрсетем деп шындыққа аунай алмайтын шығар.

Өліппені жөндеп тани алмай жатып осқырынып отырған баранчукты біржола шыжғырып жібермек ой да кетіңкіреп қалыпты...

...Көзіңізге қан толған болуы керек.

Салқын дауыс Крейгельге талып жетті. Баранчуктың үндемей қалғанына қарап, оның сөзінің соңын ғана қармап үлгіргенін оңай түсінген Крейгель бірақ абдыраған жоқ.

– Толса ше, – деді. – Қан толмаған көз бар ма қазір?

– Бар, – деді Сәруар іле. Сонсоң сәл кідірді де, көзін босағадағы үйінді винтовкаға тікті. – Жұртпен кекесін мен кекке, оқ пен отқа сүйеніп сөйлесуге болмайды. Мақсұт кетісу болса өңгіме басқа. Бірақ ішінде сіз де бар, өзім көрген көгі ауғанның құлқынын мен білем. Өлсе кетер бұл әлкеден. Осы себепті де ел үстіне өңгіртаяқ ойнатып, елдің өңменіне бесатар кезену еміп отырған үрпіні шайнағанмен бірдей. Дәмнен үлкен, ақтан үлкен нәрсе жоқ. Үрпіні сыйламағанның өзінде сүтті сыйлауға болмас па? Бұл бір, офицер мырза.

Мырза деген сөзді бүгіндікке алғаш рет құлықсыз айтты. Жоқ, әлде құлықсыз айтқанын алғаш рет қазір байқады ма?

– Екіншіден, кекесін мен кекке мелдектеу, алдымен өзіңіз айтқан тайқы зерделерге хас мінез болуға керек-ті. Осы мінезді сізден көріп өкінем, Крейгель мырза. Үшіншіден, адам алып қашты дейсіз. Адам ұрлаған адам атқаннан ерсі боп па, адам атқаннан кешелік боп па? Сонда неге ұрлайды? Қышыма тиген қол болса жез жағадан басқа да үйкеп алар нәрсе көп.

– Шалқыма, бала, – деді Крейгель жұлып алғандай. – Шалқыма, бала.
– Кешіріңіз мені, кешіріңіз мені, кешіріңіз мені, – деді Сәруар.

Крейгельдің бөксесін көтергенін көріп орнынан бұл да тұрды. Манағыдай жұдырыққа жүгінер болса қапыда қалмайын дегені екен.

– Айта білген адамға тыңдай білген мін емес, Ваше благородие, Ваше высокоблагородие, Ваше сверхвысокоблагородие. Кешірсін мені, кешірсін мені, кешірсін мені деп үш қайтара тістенгенде көрдіңіз, жарылған менің өтім жоқ. Кешірім өтінгенге жарыла қояр, сіздің өтті де жұқана деп білмеймін. Кешіріңіз мені, кешіріңіз мені, кешіріңіз мені, Ваше благо, высокоблагое, сверхвысокоблагородие. Терезенің теңдігін көп күйттейтін ұлық екенсіз. Есіңізге салайын. Осы теңдікті еріккенде, тіліңіз бен тісіңіз қышығанда емес, ылғи ұстаныңыз. Менің офицерлік погоным жоқ әрине, – Сәруар қос қолын айқастырып жіберіп иығын мытты. – Бірақ өмір алды, шындық алды сондай-ақ погон ба екен? Погоннан артық, офицердің погоны мен болыстың қарғысына ғұмыр берген ұғымдар, түсініктер бар. Жоқ әлде бұ дүниеге погоныңыз жарқырап киімшең түсіп пе едіңіз? – деді Сәруар. Крейгель сабаға кеткен екен, соңғы сөйлемі оның желкесіне түсті.

Френчтің алқым түймесі ағытылмаған ба, сұңғақ желке қызара бөртіп ісініп кетіпті. Тік жағаның желкеге батқан жиегін өз сөздерінің тұзағындай көріп Сәруар бір сәтке тұшынып қалды.

Крейгель үндеген жоқ. Сабаның алдында состиып біраз тұрды да, сары ала зеренге шүпілдетіп қымыз құйды. Әрі жүрегі талып, әрі шөлдеп қалған екен: қымыздың исі бүрқ ете қалғанда Сәруардың қос ұрты төтті сілекейге шомылды.

Крейгель бұрылған жоқ. Сөзден тосылған бір тұсын шөміштен қағып қайырмақ екен, Сәруарға қымыз ұсынбады. Сары ала зереннің ернеуін, теріс қараған бойы ұзақ өбіп тұрды да есікті ашты. Ішке қарай еңкейтіп құрған жез тұтқалы, екі жақпар емес есік жұмсақ сықырлап кеп қайта жіктесіп еді, Крейгель босағадағы алаша жапқан көп берденкенің екеуін алып тіреп қойды. Үйдің ішіне ас тасқын боп лап қойған мол жарық айна тепкен шұғыладай өткір екен. Сәруар көзін жұмды.

– Вот что, – деді Крейгель сонсоң. Байланып кеткен сабаның аузын қайта шешті. Бет алауын басқысы келіп еді. – Сені дәл осы қазір атып тастауға менің шамам келеді. Оған күмөнің болмасын. Бірақ бағың бар екен, менің ондай жендеттігім жоқ. Адам атты деп бір кеттің мана, елдің еңмені деп тағы сорғып жатсың. Оны, жарайды қызыл сөз дейін. Сонда да ескерткенім дұрыс. Сөз сөздің шабын түртпек. Ашу алды сөз болса, ашу соңы жендеттік. Андап сөйлемесең істің насырға шабуы мүмкін.

Крейгель сонсоң өкшесінен өкшесін айырмай кілт бұрылды да, оң жамбастағы кобурасын ағытты.

Лұғат

Үле – үлестіру, таратып беру.

Порас – ескі сөз: нашар, әлсіз.

Әңгіртаяқ – 1) балалардың таяқ лақтырып ойнайтын ойыны; 2) ауыспалы мағынада қоқан-лоқы, зобалаң. *Бұл жерде:* билеп-төстеді, үстемдік етті, күн бермей, қорлық көрсетті деген.

Мелдектеу – қатты тою, аузы-мұрнынан шыға ішу; лықа тою.

Кобура – тапанша салып қою үшін былғарыдан жасалған қапшықша.



1. Сәруар өкесін қалай босатып алмақшы болды?
2. Төрехан туралы офицерге қандай ой келді?
3. Крейгель Иноземцевтің орнына қандай сый бермекші?
4. Офицерді ашуландырған Сәруардың сөзін тауып оқыңдар.
5. Сәруардың сөздерінен ол туралы қандай ой түйдіңдер? Ол қандай кейіпкер?



1. Сәруардың кейбір сөзі өктем шықса, кей тұстары жасықтық танытып, именіп қалып жатататыны неліктен? Бұл осалдық Крейгельден де байқалады. Сәруар мен Крейгельдің сөз қақтығысында кімнің салмағы басым түсті? Таразылап көріндер.
2. Крейгель мен Иноземцевтің қазақ халқы туралы ойлары қандай? Олардың қазақ халқына деген көзқарасын қалай байқауға болады? Шығармадан мысал келтіріп, талдау жасаңдар.



А.Сүлейменов шығармасындағы ұлттық дүниетаным, философия, салт-дәстүр мен сана-сезім тақырыбына өдеби талдау жасап, қорытынды шығарыңдар.

Мұқағали, Иноземцев

Шығармада батыр тұлғалы Мұқағалидың ой-толғаныстарынан қазақ халқының басындағы қасірет, әділдік үшін күрескен ел азаматтарының мақсат-мүддесі айқын аңғарылады. Оның жігіттері патша саясатын қазақ даласында жүргізсем деп келген орыс офицері Иноземцевті тұтқынға түсірген. Қазақты қор санап, тағы деп қарайтын Иноземцевтің тағдыры енді Мұқағали бастаған елі мен жері үшін күрескен ерлердің қолында. Крейгель секілді оның да іс-әрекеттерінен астамшыл Иноземцев әп-сәтте мүсәпір күйге түскен...



А-а-ал, батыр, – деді екі иығына екі кісі мінгендей қызыл бет қазақ. Иноземцев дәл мұндай бояу атаулыдан құралақан құрғақ дауысты бұрын естімеген сияқты – өтінгенін, не бұйырғанын аңдай алмады. Бұлақтың жағасындағы дәл осы екі қойтастың жанына кеше де алдырып еді – жарты таба нан, бір зерен қымыз берген. Бірақ сөйлескен жоқ-ты. Бір жігіт аттан жығылды ма, өйтеуір шу шыққан үш үй жаққа кеткен. Көйлекшең қап жайласып отырғанына қарағанда бүгін жауап алатын сыңайы бар екен.

Иноземцевтің шамына мынаның батыр дегені батып еді. Аузы қалып ап кеткен сөзі болса өзі біледі, алайда шырайы қызыл жалпақ бет қазақ «а-а-ал, батыр» деп алып мұның ұйпа-түйпасы шыққан шалбарына қадалып қалғанда, Иноземцев қай күнгі жасыл төскей,

Тірек сөздер

қызыл бет
жауап алу
беттесу
өдейі шақыру
қарману
Рейімнің ауылы
тандырға жығу
күйік иісі
бұйрық

танауы парылдаған ақжал айғыр, өзінің бір топ жасыл шапанның ортасына сөміп кіріп барғанымен тағы да беттесті, беттесті де жүні жығылып қалды.

Қызыл бет қазақ шашын осы бір-екі күннің жүзінде ғана сыпырып тастағандай екен – жуан тілген таспадай көгілдір тамыр ақ құйқаны айқыш-ұйқыш шандып апты. Баланың жұдырығы – баланың жұдырығындай қос шекеден құлақтың үстімен қарақұсқа кетіп жатқан қос көк тамыр Иноземцевке қысқа түйген тізгіндей байқалды да, оның есіне сонсоң қылпылдаған ұстара түсті. Дөңкиген мына падланың¹

қайратты шашын құрғақ қау орғандай ұшыртып келе жатып, тізгін тамырды кірші-кірші қырқып жіберсе кенеп көйлектің түймесін салмай алқам-салқам отырған аю төстің қалай-қалай кекеткенін, қалай-қалай тыпыршырын көріп алар еді. Алайда, амал нешік, пышаққа жүтінген түгіл шалқып сөйлеп, шалқалап мінез көрсетуге де жағдай жоқ...

– Иә-ә, батыр, – деді аю төс қазақ тағы да. Тағы да бейне шырты түкіре салғандай-ақ енжар айтты, шекесіндегі көк тамыр тағы ісінген де, бүлкілдеген де жоқ. Ат кісінескенше, адам сөйлескенше. Қараңғы үңгірді жайлағаннан сере шығар сүбең болса шыққан шығар. Кеше шаруа киіп кетті. Бой сергітсін деп өдейі шақырттым. Сөйлей отыр.

Аю төс қазақ сонсоң аюлығы ұстап кетті ме, астындағы қойтасты аунатып жіберіп, жалпақ жағын үстіне қаратты. Иноземцев бір сәт, өңкиген мына денені көтеріп жүретін ат, бір құшақ мына құйрықты құшақтап отыратын ерді көдуілгідей аяп қалды.

– Маған бастық керек, – деді Иноземцев аю төс қазақтың бұлшығы білем-білем күрең кеудесін шайнап тастардай боп шабынып алған ендігі сәтте. Суық тиген бе, дауысы қарлығып қапты. Менмендіктің бар салмағын үш сөздің арқасына артып-ақ жіберіп еді, ол зілді, алайда... дауысы, естіп отыр, ерсі жіңішкеріп шықты...

– Бастықты басына қоямысың, – деді қызыл бет, бұл жұдырығын аузынан алар-алмаста. Деді де екі аяғын бұған қарап созып жіберіп қос тізесін шомбал жұдырықпен алма-кезек дүңк-дүңк соққылап алды; қонышын тілерсекке жетер-жетпесте тіліп тастаған тұзу табан қара етік бұл жайғасқан тасқа кеп тірелді. – Иноземцев шегініп отырды. Табиғат, асылы қара күш берген пендесіне ақыл-ойдан үлес қалдырмай ма деп еді. Ақылдан ада қара күш көктемгі бетбақ тасқындай; жөн сұрайтын, жол сұрайтын ол жоқ, қарсы кезіккенді қағып ап аға береді.

Қызыл бетке қарсы отырғанын Иноземцев жаңа байқады.

– Қайда ағады сонда? Тазарып барып құйылар арнасы болса бір сәрі, мына қазақ екі иығын қай жетіскенінен жұлып жейді?

¹Падла – автордың (А.Сүлейменов) жеке сөздік қолданысы. Орыстың «подлец» сөзінің қазақша ауызекі тілде қолданылуы.

– Мен офицермін ғой, – деді сонсоң Иноземцев. Офицерлігіне дәлел айтқаны ма, оң қолымен сол жақ иығындағы погонын басты.

– Обал-ай, – деді қызыл бет қазақ етігін шешуге ыңғайланып, – обал-ай, қара басып тағызым етуді ұмытып кеткен екем ғой. Бірақ айыпқа бұйырма, батыр. Сенің алдыңда мына денеммен арбаңдап-қорбаңдап жатқаным сондайлық келісім болмас, Құдай басқа салғасын амал нешік. Көнесің де.

Иноземцев өзі де байқамай жалма-жан жанын қарманды, пистолетін қай күні қап-мабымен шешіп алғандары есіне жаңа түсті, бірақ тіленіп барған қолдың бос қайтқаны жаман екен. Иноземцевтің қолы галифенің қалтасынан жарты уыс қиыршиқ пен орамал алып шықты. Осы тұста қызыл бет мына қазаққа, «сен» мен «сіздің» бірін еншілер сәттің желкесінен осылай төніп қалғанын тағы да сезді. Сіз деп қиылу құдай түгіл адамның алдында да күнә, ал табан астынан кергіп ап сенге кетуге жүрегін дауалата алмай отыр. «Боже мой, деді Иноземцев ішінен, боже мой, менің енді осыдан қорыққаным ба?» Ойын бірақ аяқтай алған жоқ – жалпақ бет қазақ оң аяғын мұның тізесіне салды...

– Сенің Рәйімнің ауылына бармағаныңа да сенем. Рәйімнің екі інісі мен үш баласын сен емес, Рәйімнің өзінің атқанына да сенем. Бес азаматты қабаттап қойып, қаншасын тесіп өтер деп алды-артынан оқ жүгірткен сен емес, Рәйім болатын. Аш өкпенің тұсынан зымырап кетті қорғасын, қарақұстың тұсынан зымырап кетті қорғасын, алдында екі інісі, артында екі ағасы – Нұрғазының ортада аман қалғанына да сенем. Тапаншаның оғын құшқан жігітке арман бар ма? Бағы жанған жігіт қой. Рәйімнің сосын аман да қалған жалғыз Нұрғазыға тапанша кезеп аузынан атқанына да сенем.



...Жанарын жас баураған Мұқағали сәлге дейін түшкірік күтіп отырып қалды.

– Атқан мен емес, мырза, – деді Иноземцев. – ...Мен емес, құдай жазғырсын, мен емес...

Мұқағали далиған көк орамалмен сүртініп бітер-бітпесте Иноземцев тағы да:

– Мен емес, мырза, мен емес, – деді.

– Мен, – деді Мұқағали. – Біз десе іші-бауырыңның бала сүйгендей елжіреп кетерін білем ғой. Сен емес әлбетте. Нұрғазыны екі солдатқа сүйретіп апарып, жер тандырға жыққан мен. Сен емес, мен. Мен, Рәйім екеуміз әлбетте. Марқұм әкейдің жалғыз қалған бастасы еді. Тіріде қалған жалғзызын о дүниеге өз қолынан аттандырғысы келгенде аянып қалған қайратты асыма шашам ба? Нұрғазыны екі солдатқа сүйретіп апарып қызыл шоққа жыққан мен. Мен – Рекең екеуміз. Қара ормандай сыңсып туған, сыңсып тұрған жұртпыз ғой: біз үшін бала зәру боп па? Марқұм әкейдің жалғыз қалған бастасы Рекең, баласы Нұрғазының оң қолын шынтағынан, мен жолдасым Нұрғазының сол қолын шынтағынан қайырып алдық та, қойдың қиы жайнаған жер тандырға аттық та жібердік. Біз үшін бала зәру, азамат зәру, жолдас зәру боп па – аттық та жібердік. Өзі де бір, Нұрашты айтам, шыбық тимес шыңқ етер екен. Кеңсірікке дүммен соғып тандырға жыққанда шыдап жата алмады. Оны сен бірақ көрген жоқсың-ау, батыр. Оны сен көрген жоқсың-ау. Жайлаудағы ақ үйлерден ерулік жеп отырған мол арқардың майбүйрек лағын аулап жүрген сен, Рекеңнің ауылында не болып, не қойып жатқанын қайдан білесің? Білмейсің әлбетте. Үйтілген Нұрғазының қалай-қалай тулағанын, аңсыраған жас батыр сен қайдан білесің? Білмейсің, әлбетте... Жігітке нелер келіп, нелер кетпес... Күйген деген сөз боп па? Тандырдағы қойдың қиына жауырынын төсегенді былай қойып, сендей асыл батырлар маздаған шоқты қос уыстап асап та жүр ғой, маздаған шоқты қос уыстап асап қоюға да мүмкін. Асап па ең? – деді Мұқағали, шарасы кең қой көздерін бу қапқан осы сәтте. – Асап па ең? – деді, бірақ қолұсыным қарсысында отырған тұтқын офицерден жауап күткен жоқ, офицерді жөндеп көре алған да жоқ; бу қапты көздерін шөжім көйлектің етегімен сүртіп тастады да: – Асамасаң, асарсың, – деді. – Үмітсіз шайтан деген, асамасаң асарсың. Дәл бұл тұста және де қам жемей-ақ қой – мойныма өзім алам. Қи табылмас деп тағы жабықпа, жас батыр. Өзің шыққан үңгірден арқардың бір етек қиын өзім әкелем.

Отырған орнынан алға қарай сырғып-сырғып дәу қара тасты шекелеп қалған Иноземцев:

– Мен емес, мырза, құдай ұрсын мен емес, – деді тағы да.

– Мен, – деді Мұқағали. – Мен. Сен атты, ошаққа сен жықты деп отырған мен бар ма? Атқан да, жыққан да мен, Рекең екеуміз.

Қара ормандай сыңсып тұрған жұртпыз ғой, бес ағашқа – бес жігітке қалтырап құдай атты деймісің... Жігітке нелер келіп, нелер кетпес. Кей ғазапты кей жігіт, айта берсең, қуанышқа айырбастамайды...

Адамның еті күйгенде қозы күйқа сөз бе екен. Сен оны бірақ көрген жоқсың-ау. Көрген мен айтып отырмын, нан маған: қос шынтағы ырсып жер тандырдан осылай тұрып келе жатқан Нұрғазыны көргенде Рекең екеуміздің төбеміз көкке жетті. Пендеңіз төбесі, қанша тасығанда көкке екі елі жетпейді екен ғой. Бірақ жалғыз бала, жалғыз жолдасыңды отқа күнде күйдіріп, қарауылға күнде алып жатқан жоқсың – ол көкке біздің төбе жетпей сенің төбең жете ме... Біздің шалдардың бас жағында жайнамаз жатса, жамбасында тапанша жүреді. Қос шынтағы шоққа жидіп осылай тұрып келе жатқан Нұрғазыны мен арқасынан сүйей бергенде, Рекең жарықтық, қара тапаншаны жалғызының аузына көмейлетіп тығып жіберіп сырт-сырт екі басты: қолтығынан қолыма асылып Нұрғазы қалды, Нұраш қалды сонда. Осынша қызықтан құр қалып, аңғалсың-ау, жас батыр. Қайран қорғасынды арқардың ерулік жеген лағына қор қылғанша, бізбен бірге азамат атысып, азамат асысып рахат-ләззәттің ұшпағына шықпаған аңғалсың-ау.

– Мен емес, мырза, құдай ұрсын мен емес, – деді Иноземцев, шаң қапқан ашаң бетінің айғыз-айғызын шығарған қара терді жеңімен сүртіп. – Болыс бұйырса құлақ аспайтын қай шамаңыз бар, мырза? Қолға түссе көзінен тізіп ат деген губернатордың бұйрығы бар, мырза, мен қайтейін енді, мырза.

Иноземцев аяғын құшардай боп жүрелеп қалған екен, Мұқағали оны алқымынан бүріп алып сәл көтерді де, ыңқ еткізіп орнына, тасқа тастады.

– Әлбетте, бұйрыққа құлақ астың. Бұйрық болғасын ғана аттың. Сен, жүдә, атқан жоқсың. Сен деген мен бар ма? Сен атты деген мен бар ма? Қашан айттым? Қашан, қашан айттым? Қашан дейім?.. Атқан сен емес. Сүйеп тұрған мен, көмейлеп атқан Рекең. Сүйеп тұрғаным Нұрғазы, оқ жұтқан да Нұрғазы. Мылтықты әркім атады, бірақ оқ жұтқызған жан көріп пе ең? Әлбетте, көрген жоқсың. Лақ аулап жүрген жас батыр Рекеңнің ауылында не болып, не қойғанын қайдан білсін? Ол ол ма, Нұрғазыны оққа қақалтып тастай берген соң Рекеңді де бір жайлы қылған мен. Қан толған көзден қатер көп – жолдасымды аямағаннан кейін өкемнің жолдасы еді деп, оның өкесін аяйын ба?! Көңкиген қара шалды ақжал айғырдың құйрығына байлап ап, Керегетастың тұмсығына қарай сүйрегенде, қатын-қалашқа да жан керек екен, үзеңгіме Рекеңнің кемпірі мен келінінен басқа жабысқан жан болған жоқ. Қан аңсаған көкірек қоян бүрген қырандай – шашын жайған бір кемпір мен бір әйелді өңмендетіп тепшеске қандай ғана шара бар? Сен оны көрген жоқсың-ау. Қос қайны мен үш баладан қас пен көздің арасында айрылған кемпір, қас пен көздің арасында қос

қайны мен қос қайнаға аздай-ақ жарынан қоса айрылған жас жесірдің жалғыз қалған ұстыны Рекеңе араша түскенін көрген жоқсың-ау, сен. Қызық қой, бұдан асқан қызық бар ма? Дүниедегі мен білетін үш қызық: атаның баласын – Рекеңнің Нұрғазыны атқаны, жігіттің досын – менің Нұрғазыны атқаным, сосынғы қызық – жылаған қос жесірдің өңменінен тепкен ғой.

– Менің атқым келген жоқ. Құдай ұрсын, менің атқым келгені рас болса, мықты бол да арашаға түсіп бақ. Өттең, Төрекем ғой қолды байлап отырған, әйтпесе мына шібіш бөксеге қайнатып ап қорғасынды құймас па ем.

Мұқағали тұтқын офицерді тақымынан суырып алды да бос қалған оң қолымен оның қарақұсын бүріп-бүріп, мытып-мытып жіберді. – Жат, – деді сонсоң Иноземцевті тізесінен сыпырып тастап. – Өлмейсің. Төрекеңді құтқармай тұрып сенің обалыңа қалардай доңыздың миын жегем жоқ. Сенің тіліңді Сәруар табады. Хабар жетіп Сәруар келсін, өзiрге жата тұр. Жаубүйректі сосын асайсың.

Жасыл шұға шалғынға етпетінен түскен Иноземцев, бірақ тұяқ серіпкен жоқ.

Лұғат

Сере – 1) бір сүйем ұзындыққа тең өлшем; 2) сере қазы – этнографиялық атау. Семіздігі бармақ пен шынашақ аралығына тең қазы. Бұл жерде: бірінші мағынада қолданылған.

Сүбе – бұл жерде: адам қабырғасының астыңғы тұсы.

Аңсыраған – бұл жерде: қантөгісті, адам өлтіруді аңсаған, құмартқан, көксеген деген мағынада қолданған.

Жаубүйрек – жаңа сойылған малдың, аңның бүйрегінен, етінен қуырып пісірілген ұлттық тағам.



1. Иноземцевті ұстап отырған кімдер екен?
2. Оған Мұқағали қандай кiне тағып отыр?
3. Офицердің қазақтарға жасаған қиянаты қандай?
4. Мұқағалидың оны тергеуі туралы айтып берiндер.
5. Иноземцевтің тағдыры не болды?



1. Шығарманың тіліне төмендегі реттілік бойынша талдау жасаңдар.
 - а) Автор қолданған теңеулер мен эпитеттерді жинақтаңдар. Қолданысын түсіндіріңдер.
 - ә) Повестегі фразеологиялық тіркестердің, мақал-мәтелдердің қолданысын талдаңдар.
 - б) Шығармадағы кірме сөздердің қолданылу аясына тоқталыңдар.
 - в) Уақыт, мезгілге қатысты қолданылған сөздердің атқарып тұрған қызметін талдаңдар.
2. Мұқағали мен Иноземцевтің диалогі арқылы автор нені жеткізгісі келді? Осы үзіндідегі автор бейнесін анықтаңдар.



Рабиға Сыздықтың «Бесатардағы» ой-сана тартысы – зиялылардың өзара пікірталасы емес, ұлттық намыс пен империялық өктемдік арасындағы арпалыс» деген пікірін дамытып, шығармадағы заман көрінісіне талдау жасаңдар.

Үміт оты үзілді. Көңілге кірген күдік алдамапты. Крейгель қазақтың жерін қанға боямақ ниетінен айнымапты. Крейгель бас көтергенді атып, асып үйренген патша ұлықтарының әдетінше Сәруарды да қара ниетінің құрбандығына байлады. Бұл Сәруар басына түскен қаза ғана емес, ұлттың еңсесін езген, қасіретті жылдардың қаралы шежіресі еді...



Крейгельді көп күттік. Қос қолымды сауырлатып таңып тастап еді – көзіме құйылған терді сүрте алмадым. Жейдесіндегі қос кресі сылдыраған қаба сақал көшірдің орынына отырды. Қымыздан ба, шыжыған ыстықтан ба, шұқырлап шешек ойған құла бет қызара бөртіп кетіпті. Үлкенді-кішілі ұлықтың елге көрсетіп жүрген құқайын жаттап өскесін бұл да паң: өлгі-і-і бірде, мені қара трашпеңкенің түкпіріне итеріп тастағанда, «пах-пах, баранчук» деп не кіжінгені, не таңданғаны белгісіз бір ыңғайда жалғыз ауыз сөз айтып еді, сонан бері жұмған аузын ашқан жоқ. Ат тұяғы нөпіріп шығарған үйалды топырақтан балық аулаған сыңайы бар ма – бишігі қармақ, салбыратып аяғын асқан трашпеңке жар сияқты.

Кешігіп жатқан Крейгельдің иегін көтергені есіме тағы түсті. Иттің баласы, иегін мені алып шығарда көтерген. Анау-мынау мұртқа бергісіз күрең қас шөй үстіндегі тыншуынан кенет айрылып айқыш-үйқыш ұстасып қалғанда мынау, шешекке күйген мына қызыл бет ұшып тұрып еді. Ұшып тұрып желкемнен мытқан. Бірақ қолда күш барда желкеге кім шүйлігіп, жағаға кім жабыспайды. Айғырсыз қалған үйірге құқай мен қоқан-лоққыны сәурік екеш сәурік те жасамақ.

Мен трашпеңкенің шынтақ басарына көзімді сүрттім, сонсоң сәл алға лықсып жан-жағымды шолдым.

Қателеспепін – сол, айна-қатесі жоқ Мұқағалидың қыстауы. Рабат. Кеше, Рабатқа өкетті дегесін далақтап шауыппын да кетіппін. Рабатты кім қыстайды, оның иесі кім деп сауалға қалатын уақтым да болмап еді. Иә, мынау Мұқағалидың қыстауы екен. Жаңылыспасам, анау көк шатырлап салған үй Мұқанның өз үйі. Былтыр осы ауылда той боп Қараланы бөйгеге әкелгенде үлкендерге сәлем берем деп кіріп те шыққам. Мейманханасында үш жерден ілген аспалы, күміс шамы бар-ды. Анау бұлақтың арғы бетіндегі кішірек көк үй інісінің – Әлібектің отауы. Сарапханадан жол тартқан мол топтың кішік-күшіктері еленіп келгенде солай айдалып еді. Қараланы су кешпесін деп жоғарырақ барып, бұлақтың еңсіз бір тұсынан секіртіп өткенім де есімде.

Кіші көк үйді етектеп тай шаптырым шым жасыл көл жоңышқа жатыр. Көрпе боп қалған екен, екінші ораққа жетпей-ақ кеткені ғой. Екінші ораққа

Тірек сөздер

жалғыз ауыз сөз
иегін көтеру
қыстау
қалшиған солдат
қарала ат
арба
сұлы
айғай тығылу
зорға тұру
жыллап тұру

сен жетпессің, бірінші оқтан мен кетпеспін дедім ішімнен. Крейгель айтқан шеңгел ойыма қайта оралып еді, жүрегім бірақ шәй үстіндегідей суылдаған жоқ. Шамасы, атылам-ау деген күдікке бойымды бермеген болуым керек.

Есігі жабық ат қораның алдынан орыс ердің екеуін бір-біріне ерттеп мінген солдат көрінді, ол маған қараған жоқ. Солдаттың қақшиғанына қарап төтемнің іште екенін байқап ем. Мен о кісінің мына қалпымды көрмегеніне қуандым, жапалақ сары осы сәт, ақ үйдің алдына Қараланы әкелді. Шомылдырған екен – құйрық-жалы әлі кеппепті. Үстінен өзімнің ерімді көрдім. Басы құйма күміс, керсенін үш елі кәкпазбен қаусырған қоқан ер көзіме оттай басылды. Іштен сыптай тартынып алған Крейгель шықты. Жапалақ сары қолтығынан демейін деп еді, Крейгель Қараланы жетектеп кетті де өзі мінді...

Анадайдан Керегетастың тұмсығы көрінгенде мен қалжырап бітіп ем. Ұйқымның келгенін білем, алайда көзімді іле алғам жоқ. Сонсоң Керегетасты басыма көтеріп шыңғырғым келді, солықтап шекем тартты, бірақ даусым шықпады. Сонсоң мен арбадан түсіп қалмақ боп талпына бергенде қаба сақал үш ақбоздың басын тежеді.

...Крейгель қамшы ұстаған қолын көтерді, қаба сақал үш ақбоздың басын тартты. Тоқтаған жеріміз Керегетастың қақ тұмсығы екен. Шүйгініне әлі тіс тимепті. Танауыма еркектеп кеткен жалбыздың исі ұрды. Қаба сақал трашпенкенің арқасындағы қораптан орта қапшық жем суырды, сонсоң мені көтеріп алып көктің үстіне қылжита салды да, үш ақбозға ат дорбаны құлақтатып сұлы ілді. Қатар тұрған үшеуі ақ сұлыны күртілдетіп кеткенде ұртыма сілекей ұйыды, неге екенін білмеймін, асағандары сұлы емес қарта сияқты көрініп еді.

Шөкелей беріп байқадым: тақымнан кетіп қамытқа жеткен үш қазақы ақбоздың үшеуі де бір айғырдың баласы екен. Сұлыға бас қойған бұл үшеуі қай бір жылдары осы Керегетастың балғынын жайлаған құлдырақ құлындар болуға мүмкін-ау деген ой шапты да, менің көңілім босады. Бірақ елден есе қашып жатқанда өрісін танып оқыранардай жылқы сорлыда ес қалды деймісің? Бұларға жем болса болды, ал бұлардың жемі қашан да жолда. Ұлықтың қамы себебі, оның көлігінің қамы. Үш ақбоздың мына күрсілдеткені Мұқағалидың сұлысы, айдаушысы қаба сақал, алып келгендері мен. Мен, бірақ неге әкелді, маған бұлар не істемек деп басымды қатырғам жоқ, қатыратын бас та қалған жоқ-ты. Ойыны болса да, шыны болса да бітсе екен деп ем.

...Мені көкке қылжитқанда Крейгель тұмсықты айналып кеткен, енді қарасам Қараладан ол да түсіп жатыр екен. Қараланың сырын қалайша ұққанын қайдам – оны байлаған жоқ, қаңтарды да, шылбырын бос тастады, сонсоң кеп менің қолымды айналдырды. Шикі қайыс шиеленіп қапты. Сол жақ бүйіріндегі күміс қынды қанжармен орып жібере ме деп ем – ормады, тізерлеп отырып көп ысылдап тісі-

мен шешті, сонсоң мені тастай берді де, Қараланың барып төс тартпасын босатты, ердің басына тізгін бастырып үзеңгі ілді, ал менің қайтадан байланғым келді. Жан кетіп өлі мүшедей салбырап қалған қолымды ғана емес аяғымды да шандып тастаса деп ем. Сол жақ қолым мен аяғымды қазықбау шалып бір тастап, оң жақ қолым мен аяғымды қазықбау шалып бір тастап, қазықбау шалынған екі аяқ пен екі қолды тас метім ғып түйіп тастағанын қалап ем. Бұл тілегімді Крейгельге айттым да. Бостан-бос тұрып оққа ұшқан, жылқыны жықпай бауыздағандай көрінді. Крейгель басын шайқады, сонсоң мені Қараладан қарсы бетке ұзатып алып кетті. Мен қаржасқам жоқ, қарсылық көрсетер құлқым да жоқ еді, қасқыр жетелеген бұзаудай томпаңдап ере бердім. Он бес қадымдай жүргенсін Крейгель қылышын суырды да, оны жерге қадады. Маңдай алдымнан мұнартып Қазықұрт көрінді. «Вот и все» деді Крейгель, менімен бірге Қазықұртқа тесіліп сәл тұрған соң. «Өкінем, өрине, бірақ амал нешік». Сонсоң жымылып күлді. Кектен де, кекесіннен де ада, шыны таза күлкі екен. Көмейіме қол басындай айқай тығылып еді, Крейгель мені арқамнан қақты да қайтадан кері, трашпеңке жаққа кетті.

...Жер құшқым келді ме, аяғым талды ма білмеймін – Крейгель кобурасына қол созғанда мен етпетімнен түстім. Крейгель «встань!» деді. Буынымда әл қалмапты, екі-үш талпынып зорға тұрдым. Көмейім айқаймен тағы ісінді, дауысым тағы шыққан жоқ, қашсам ба деген ой тағы келді, бірақ қозғалсам құлайды екем. Сауданың біткенін мен сонда ғана түсіндім. Қазықұртты іздеп ем, ол көрінген жоқ.

...Крейгель маузерін жапалақ сарыға ұсынды. Жапалақ сары атын да байламапты. Оң қолында тізгін, маузерге сол қолын созды. Крейгель тізгінді өзі алды да, маузерді оның сол қолынан оң қолына ауыстырып берді. «Ну, Голоножкин, – деді сонсоң, – очередь твоя, отличишься». Маузері тізесіне түскен Голоножкин қозғалған жоқ. «Ну» деді Крейгель тағы да, ал Голоножкин маған қарады, сонда ғана байқадым – жылап тұр екен. Өжімі мол сары бетті жуып кеткен мол жасты, өсіресе күтпеген ем – тісімнің сақылдағаны да қойды, Голоножкин сонсоң, «Я не могу, Ваше благородие» деді, «Что не можешь?» деді Крейгель, «Я живу на их земле» деді Голоножкин, осы сөз – маузерді қалай жұлып алғанын білмеймін – Крейгельдің қолы түтеді, іле шөкелеп мен қалдым. Крейгельдің қолы түтегені, менің шөкелеп қалғаным, Голоножкиннің мұрттай ұшып түскені рас, мен бірақ мылтықтың дауысын естігем жоқ. Сол аяғымнан шөкелеп ем, жалма-жан ұшып тұрып қара саныма жабыстым, қолыма сықырлап тізе қақпағым ілінді. Алақаным шиіе уыстағандай қызыл ала екен. Қолыма жұққан қанды өңіріме сүрте берген ендігі сөтте маузердің дауысы естілді, көз ұшындағы Қазықұрт дауыл шайқаған тұт ағаштай теңселіп кетті, теңселіп кетті, теңселіп кетті де оң жақ иығым тыз ете қалды, іле

шырқырап Қазықұрт шыңғырды, құлын дауысымен шырқырап Қазықұрт шыңғырды, шыңғырған әлде Қарала ма – білмеймін. Есімде бар қалғаны: Голоножкинге жетіп жығылсам деп ем, бірақ сүйретіліп қалған сол жақ аяғым мен қанша кіжінгенмен қыңбай-ақ қойды, мен сонсоң оң жамбасыма құлап, жер бауырлап жылжи бергенде жасыл бетегеге қан жауды, жасыл бетегені сұлы асаған үш ақ боз бен томпиған Голоножкиннің денесін, бір орнында шиыршық атқан Қараланы, айналайын менің Қараламды, Қараламды менің қан қызыл шәйі көмді, қан қызыл шәйі көмді, қан қызыл шәйі...

Лұғат

Керсен – бұл жерде: атқа салатын ердің артқы басы.

Жалбыз – сыздауыт жерде өсетін хош иісті дәрілік, тағамдық, сәндік өсімдік.

Тас метім – екі жақ қол-аяғын біріктіре байлағандағы адам денесінің ұсқыны.

Қаржасу (қам жоқ) – 1) егесу, тартысу, тайталасу; 2) алысу, жулысу; 3) сөз жарыстыру, айтысу, таласу. Бұл жерде: қарсылық көрсеткенім жоқ деген.



1. Сәруарды қайда алып келді? Бұл жер қалай аталады?
2. Оны тұтқын етіп ұстаудағы Крейгельдің мақсат-мүддесі қандай?
3. Офицердің берген бұйрығын Голоножкин неліктен орындамады?
4. Жалаңаяқ Сәруарды атпағаны үшін қалай жазалаңды?
5. Сәруардың соңғы сөздерінен өздерің қорытынды шығарып көріңдер.



1. Шығармаға композициялық талдау жасап, оқиға шиеленісін кеңінен қарастырыңдар. Оқиға шиеленісі шешімге қалай әсер етеді?
2. Шығарма тараулары неліктен кейіпкерлер есімімен аталған деп ойлайсыңдар? Әр тараудағы басты оқиғалар тізбегін құрастырыңдар.
3. Голоножкин Крейгельге «Я не могу, Ваше благородие, я живу на их земле» деп қашан және неліктен айтып еді? Бұған Крейгель қалай жауап береді? Екеуінің арасындағы диалогтен қандай қорытынды шығарар едіңдер? Не себепті Голоножкин бұлай деді?



1. Повестің тақырыбы мен идеясына талдау жасаңдар. Шығарма тақырыбы бүгінгі күнде өзекті ме?
2. Хрестоматиядан Сәруар мен Крейгель диалогін тауып оқыңдар. Неліктен Крейгель Сәруарды шеңгелге теңейді? Топта талқылап, Крейгель жұмбағының мәнін ашыңдар.
3. Шығарманың соңындағы Сәруардың өлімі неден хабар береді? Автор жасырған астарлы ойды анықтаңдар.
4. «Бесатар» повесіндегі заман бейнесі тақырыбында өдеби эссе жазыңдар.



1. Сәруар бейнесіне қатысты «Тұлғаның екіге жарылуы» ұғымын қарастырыңдар. Қазақ әдебиетіндегі Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» шығармасымен салыстырып көріңдер.
2. «Бесатар» повесіндегі халықтың басына түскен қасіреттің психологиялық көрінісін, мылтықтың атқарып тұрған ролін талдап, өдеби сын жазыңдар. Осы мәселені Джек Лондонның «Өмірге құштарлық» шығармасымен салыстырып көріңдер.

Кері байланыс: «Зерде»

А.Сүлейменовтің «Бесатар» повесін оқу барысында алған ақпараттарымызды тұжырымдап, өз жетістігімізге баға берейік.

Білім – тақырып бойынша алған ақпараттарым.

Эмоция – сабақтағы көңіл күйім.

Баға – жетістігіме беретін бағам.

Сын – өз бойымда нені дамытуым керек?

Идея – маған келген жаңа ой.



I БӨЛІМГЕ АРНАЛҒАН ТОҚСАНДЫҚ ЖИЫНТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Тест сұрақтарына жауап беріңдер

1. Берілген өлең жолдарында қайталаудың қай түрі қолданылған?

Сұлу жанды сұлу сүйген,

Сұлу сүйген сыршылым.

- а) анафора; б) еспе қайталау;
ә) эпифора; в) жай қайталау.

2. «Жау тиетінін жылқы ішіндегі жорыққа мінетін ат ең алдымен сезеді» дейді қазақ». Бұл ой қай кейіпкерге қатысты айтылған?

- а) Саржанға; б) Кенесарыға;
ә) Арыбай батырға; в) Жоламан батырға.

3. Берілген сөйлемдерді сәйкестендіріңдер. Қай кейіпкердің сөзі?

	Жанарың шынылау немесең ғой.
	Итжығысқа сен келіссең, мен қарсы болмай-ақ қояйын.
	Түн қатқанды ер көтереді. Ерден асып ат көтереді.
	Сен атты, ошаққа сен жықты деп отырған мен бар ма? Атқан да, жыққан да мен, Рекең екеуміз.

- а) Сәруар; ә) Төрехан; б) Мұқағали; в) Крейгель.

4. Ақтау бекінісін салу жөніндегі І Николай патша жарлығында қандай міндеттер жүктелген?

- а) Осы аймақтарға басқа ұлт өкілдерін қоныстандыру;
ә) Қазақтарды шекарадан әрі қарай бөтен жаққа өткізбесін. Басқа жұртты да шекарадан бері қарай кіргізбесін;
б) Ақмола, Бетбақдала, Аягөз округтеріне басшы тағайындау;
в) Кенесары көтерілісіне қарсы әскери күш дайындау.

5. «Бесатар» повесіндегі оқиғаның шарықтау шегін анықтаңдар.

- а) Сәруардың өлімі;
ә) Сәруардың әкесін босатып алу үшін Крейгельге келуі;
б) Мұқағали мен Иноземцевтің диалогі;
в) Төреханның тұтқынға түсуі

Төмендегі сұрақтарға 7-8 сөйлеммен жазбаша жауап беріңдер

1. Қоңырқұлжаның «Бақ деген күйкентай құспен пара-пар, қай жерде жем болса, соған қонады» деп айтуына қандай оқиға себеп болды? Кейіпкердің осы сөзімен келісесіңдер ме? Адамның бағы қолдағы байлығына тәуелді ме? Шығармадан мысал келтіріп, дәлелді жауап беріңдер.



2. «Бесатар» повесіндегі Сәруар мен Қараланың өлімі арқылы автор қандай тұжырым шығарғысы келеді? Өздерің қандай қорытынды шығарар едіңдер? Осылай тұжырым жасауға нені негіз етіп алдыңдар?

3. «Қазығұртқа үш атрәт шықты деп естіп еді. Бір атрәттің керуенбасы осы екен ғой» деген үзіндіде айтылған деректер қандай тарихи оқиғамен байланысты? Қазақ жеріне әскери отрядтардың неліктен әкелгендігін тарихи дереккөздерге сүйеніп түсіндіріңдер.

4. «Сырдың кілті қолсандықта,

Қолсандықта сыр сандық» деген өлең жолдарындағы «қолсандық» сөзінің қолданысын талдаңдар. Автор өлеңде сандық сөзін неліктен жиі қолданады? Бірнеше мысал келтіріп, талдау жасаңдар.

5. Кенесары неліктен қазақтардың өз тәуелсіздігінен айырылуының басты себебін «ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деген түсінікпен байланыстырады? Сол кездегі халықтың тарихи және әлеуметтік жағдайын ескере отырып Кенесары ойының мәнін ашыңдар.

Жазба жұмысын орындаңдар

Осы тарауда оқыған көркем туындыларда қазақ халқының ел тәуелсіздігі, еркіндігі жолындағы күресі суреттеледі. Екі шығармадағы халық мүддесінің бір тұста тоғысуын жан-жақты талдай отырып, «Қаһар» романы мен «Бесатар» повесіндегі ел қорғау мәселелері» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.



ПАЙЫМ МЕН ПАРАСАТ

Бұл бөлімде:

✓ Қ.Аманжоловтың «Өзім туралы» өлеңін талдау арқылы ғаламдық мәселелерді терең түсініп, ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырасыңдар;

✓ көркем шығарманың жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдайсыңдар;

✓ көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсетесіңдер;


✓ С.Елубайдың «Жалған дүние» романын оқып, үзінділерді ғаламдық тақырыптармен байланыстырып, шығармашылық жұмыс жазасыңдар;

✓ автор стилін, автор бейнесін анықтап, шығарманың негізгі идеясымен байланыстырып, мазмұндас әлем әдебиеті үлгісімен салыстырып, әдеби сын жазасыңдар.

Парасат пен пайым – көркем шығарманы қабылдауда үлкен қызмет атқаратын ұғым. Көркем туындыны парасатпен қабылдау, өз пайымынан өткізу – әрбір оқырманның міндеті.

Әдебиеттің негізгі міндеттерінің бірі – оқырманға эстетикалық тәрбие беру. Кез келген қаламгер өзін толғандырған өмір шындығын парасат-пайымынан өткізіп, көркем туындыларымен оқырман жүрегіне ізгілік дәнін егуге тырысады. Көркем шығарманың негізгі кейіпкерлері жүріп өткен жол, олардың өмір тарихы мен қилы тағдыры оқырманға ой салуы, өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруы, ізгілікке тәрбиелеуі тиіс.

Бұл бөлімнің «**Пайым мен парасат**» аталуының себебі де осыдан.



ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ

(1911–1955)



Қасым Аманжолов қазақ кеңес поэзиясының жасыл жайлауына өз ауылын, Қасым ауылын мәңгі қондырғанша тынымсыз ізденіс шеккен ақын... Қасым жаңалығы – ол осы халықтық бейнелі сөзді жаңа жағдайда жаңа мағына, жаңа мән беріп қолданған.

Тұрсынхан ӘБДІРАХМАНОВА



Қазақтың көрнекті ақыны Қасым Аманжолов 1911 жылы 10 қазанда қазіргі Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы Қызыларай қыстауында дүниеге келген. Жастайынан ата-анасынан жетім қалған Қасым ағасының қамқорлығында болып, кейінірек осы ауылда ашылған мектепте сауатын ашады. Ол 1924–1927 жылдары Семей қаласындағы интернатта тәрбиеленіп, білімін жалғастырды. 1927 жылы Семейдегі малдәрігерлік техникумында оқиды. Ақынның алғашқы өлеңдері осы кездері жазылған. Қасым 1930 жылы Алматыға келіп, біраз уақыт «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде қызмет атқарды. 1931 жылы Ленинградтағы Орман шаруашылығы институтына оқуға түскенмен, бірер жылдан соң денсаулығына байланысты елге оралып, Орал қаласындағы «Екінді құрылыс» газетінде қызмет істейді. Орал қаласы Қасымның ақын ретінде, азамат ретінде қалыптасуына үлкен ықпал етті. Оның жалынды жырлары, оқырманның ыстық ықыласына бөленген өлеңдері осы қалада жазылды. Жастайынан өнерге жақын, бірнеше музыкалық аспаптарды шебер ойнайтын Қасым 1935 жылы Орал қаласында театр труппасын ұйымдастырды. Бұл труппа көпшілікке аз уақыт ішінде танымал болып, театр болып қайта құрылды. Қасым осы театрды ұйымдастыра жүріп өншілік, артистік қырларымен де танылды.

1936–1941 жылдары Қасым Алматыға оралып, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан»), «Лениншіл жас» газеттерінде, Жазушылар одағында қызмет атқарды. 1938 жылы ақынның «Өмір сыры» атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрді.

Қасым ақынның отты өлеңдері – Отанды сүюдің, туған жерді қадірлеудің, ұлттық құндылықтарды қастерлеудің шынайы үлгісі, жарқын мысалы. Оның шығармалары адамның жан дүниесіне үңілдіріп, аярлық пен адалдықты, зұлымдық пен ізгілікті, қасірет пен қасиетті жырға қосты. Белгілі қаламгер, сыншы Төкен Әлімқұлов бұл жөнінде: «Қасым поэзиясынан халық жанының батырлығын, жомарттығын, бауырмалдығын, мархабаттылығын, алғырлығын мол табамыз. Бұл поэзияның тәрбиелік күші де көбінесе осы жағында.

Қасымның мейлінше жағымды, лепті, күйлі, сыршыл поэзиясы – әр ұрпақтың да көңіл серігі бола алатын, ұзақ жасайтын поэзия...» – деген пікір айтады. Ақын Абай, Махамбет мұрасын өз шығармашылығының темірқазығына балаған. Қасым орыс және әлем әдебиетінің озық үлгілері саналатын А.Пушкин, М.Лермонтов, Дж.Байрон және т.б. әлем әдебиетінің асыл жауһарларын жазған ақындардың шығармаларын ана тіліне тәржімеледі.

Қасым Аманжоловтың «Нар төуекел», «Бурабай толқындары», «Дауыл», «Көкшетау», «Орамал», «Сұлтанмахмұт туралы баллада», «Өз елім», «Ғашық едім қайтейін» сияқты тамаша туындылары мен «Құпия қыз», «Бикеш» секілді алғашқы поэмалары оның шығармаларындағы тақырып аясының кеңдігін, көркемдік-идеялық ерекшеліктерінің тереңдігін айқындай түсті.

Қасым – лирик ақын. «Дүние қандай жап-жарық», «Сақыпжамал», «Күйім тасып барады, күйім тасып», «Жаным, сәулем, еркешім, қызыл гүлім» атты өлеңдері Қасымның сезім сырына сызат түсірмес салмақты ойының дәлелі болса, «Ақын елімі туралы аңыз», «Боран», «Біздің дастан», «Жамбыл тойында» атты поэмаларында ол ғасырлар үшін жеткізген эпик жыраулардың дәстүрін дамыта түсті. Ақынның «Орал», «Сарыарқа», «Байкал», «Өтіп бара жатырмын» секілді салиқалы терең ойдың өзегіндей болған өлеңдері де қазақ поэзиясының алтын қорына қосылған тамаша туындылар. Қасым поэзиясы жөнінде профессор Есмағамбет Ысмайылов былай дейді: «Қасым творчестволық қиялында толғағы жетіп піскен ойлары келген де қаламға ерік беріп, күйі тасып, өлеңді зор шабытпен жазатын».



Бірінші қатарда солдан оңға қарай: Нұрлыбек Баймұратов, Нұрпейіс Байғанин, белгісіз, Естай Беркімбаев, белгісіз. Екінші қатарда оңнан солға қарай: Иса Байзақов, Қасым Аманжолов, Қалижан Бекхожин және т.б.



Қасым, қызы – Дариға, жары – Сақыпжамал

Қ.Аманжолов адамзат баласына үлкен қасірет әкелген Екінші дүниежүзілік соғыстың басынан аяғына дейін қатысты. Қайсар мінезді қаламгер Отан алдындағы қасиетті борышын адал атқара жүріп, жауға деген кегін, өр рухын қалам қуатымен де дәлелдеді. «Елге хат», «Ұлы күтіс», «Үстімде сұр шинелім», «Подполковник Өлпинге», «Қапанға», «Сәбитке», «Ғалиға жауап», «Қызғалдақ», «Сен фашистің, мен

қазақпын», «Дариға, сол қыз» секілді өлеңдері мен әйгілі «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы – дұшпанмен ымырасыз күрескен ақынның айнымас серті.

Ақын майданнан оралғаннан кейін де «Достар», «Туған жер», «Құрбыма», «Домбыра», «Май келді» т.б секілді қазақ поэзиясын түр, мазмұн, көркемдік тұрғысынан байыта түскен ғажап өлеңдер, сын мақалалар жазды. Өкінішке орай, ақын 1947 жылдан бастап сырқатқа шалдығады. Алайда ауыр науқастың зардабын тартып жүрсе де Қасым ақын қаламын тастамай, бірнеше өлеңдер мен аудармалар жасады. 1952 жылы ақынның таңдамалы шығармалары жарық көрді.

Қ.Аманжолов 1955 жылы 17 қаңтарда ауыр науқастан қайтыс болды.



1. Ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы мен поэмалары қалай аталды?
2. Қасым Аманжоловтың өлеңдері жөнінде Т.Әлімқұловтың пікірі қандай?
3. Қасым Аманжоловты неліктен лирик ақындардың қатарына жатқызамыз?
4. Ақынның қан майданның ортасында жүріп жазған жырларын атаңдар.
5. Ақын соғыстан кейінгі өлеңдерінде қай тақырыптарға қалам тербеді?
6. Қасым Аманжоловтың өмірбаянына шолу жасаңдар.



Ақын өмір сүрген кезең мен жырларындағы үндестікті анықтаңдар. Сол заман келбеті қалай көрінеді?

Тарихи кезең	Жырларындағы көрінісі
Екінші дүниежүзілік соғыс	
...	
...	

«Өзім туралы» өлеңі

Ақын туындыларының ішінде өзінің азаматтық үнін, мәрт мінезін, шығармашылық ғұмырбаянын танытқан «Өзім туралы» өлеңінің орны ерекше.

Өзге емес, өзім айтам өз жайымда,
 Жүрегім жалын атқан сөз дайымда.
 Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді,
 Тербетіп, тулатып бір қозғайын да... –

деп басталатын бұл туынды ақынның өзіне өлеңмен қойған мәңгілік ескерткішіне айналды. Шығарманы ақын алғашында «Сыр» деп атаған. Бұл өлең – ақынның қуанышы мен қайғысын, сырлы сезімін, адамдық қасиеті мен болмысын бар қырынан танытқан ғажап туынды. Әсіресе:

Өкінбем мен де бір күн өлемін деп,
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп, –

өлеңге өзгеше құрметпен қарауы оның ұлы мақсатын айқын танытады. Аталған өлең туралы профессор Бекен Ыбырайым былай ой қорытады: «Өзім туралы» – Қасым Аманжоловтың өз өмір жолын философиялық ой елегінен өткізуі, өз болмысын тануға және танытуға деген асқақ талпынысы, заман мен келешекті шолуы һәм таразылауы, алдағы күнге деген үміті, арман-сенімі, кім-кімнің де көкейінде тұнған сырды терең бейнелеуі, әрі болмысты философиялық-көркемдік тұрғыдан байыптауы».¹



Өзге емес, өзім айтам өз жайымда,
Жүрегім жалын атқан сөз дайында.
Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді
Тербетіп, тулатып бір қозғайын да...

Аманжол Рақымжанның Қасымымын,
Мен қалған бір атаның ғасырымын.
Біреуге жұртта қалған жасығымын,
Біреуге аспандағы асылымын.

Шарлаған жолым жатыр жер бетінде,
Көрінер көлеңкесі келбетімде.
Қай жерде үзіледі қайран сапар,
Түйін боп өмірдің бір шетінде?..

Дүние, жалт-жұлт еткен кең мекенім,
Көре алмай көп жеріңді мен кетемін.
Арпалыс алақұйын заманалар
Арбасып тұрып алды, мен не етемін?!

Өмір жоқ түскен жерде бір арнаға,
Көп күттім, көп тіледім құмарлана.
Қайтейін, жетер емес қысқа өмірім,
Алыстан көрінгенмен мұнарлана.

Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ,
Қараймын елесіңе мен таңырқап.
Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде,
Көрпемді мен жатармын қырда қымтап.

Тірек сөздер

дауыл күй
жасық, асыл
көлеңке
екінші өмір
алақұйын замана
жер сарайы
мейман
қара түнек
өлең

¹ Ыбырайым Б. Қасым Аманжолов. Оқу құралы. Павлодар: ПМПИ, 2007.

Жүзінде көрі жердің әжімі көп,
Ізімді табарсыңдар өзер іздеп.
Оқырсың сонда, мүмкін, бұл жырымды,
«Досың да, туысың да біздерміз» деп.

Ризамын туғанымға адам болып,
Өкінбен қаламын деп бір күн солып.
Адамзат сапарының мейманымыз
Бір мезет жер бетіне кетер соғып.

Екі көз – екі жұлдыз маңдайдағы,
Көруші ең құбылысты қай-қайдағы.
Япыр-ай, сен де бір күн сөнермісің
Қап-қара түнек болып маңдайдағы?!

Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.

Лұғат

Жасық – 1) көк бақа, семіз емес, арық; 2) асыл емес, суарылмаған, өтпейтін; 3) уытсыз, тартымсыз. *Бұл жерде:* ауыспалы мағынада ешкімге керексіз деген.

Алақұйын – 1) күтпеген жерден, аяқастынан тез басталып, тез тоқтайтын ұйтқып соққан қатты желдің айналма қозғалысы; 2) айналмалы, құбылмалы мінез; 3) айнымалы, құбылмалы кез, уақыт, мезгіл. *Бұл жерде:* үшінші мағынада.



1. Ақын кімнің ұрпағымын дейді?
2. *Бастармын ба екінші өмір* деп нені меңзеп тұр?
3. Ақынмен арбасқан заман қай заман?
4. Келер ұрпақтан қандай үміт күтеді?
5. Ақынның өкініші қандай?



Тағылым тамшылары

Ақынның арманы

Сырбай ақынның естеліктерінен: «...Ол арманшыл жан еді. Қайтыс боларынан жиырма күндей бұрын бір кіріп шыққанымда Қасым:

– Енді менің дәмімнің таусылатын уақыты жақындап қалған сияқты. Қанша өлмеймін деп құлшынсам да ауру шіркін күннен-күнге жанға батып, меңдетіп барады. Өлім үшін өкінбеймін. Өйткені екіншісі бірі өледі ғой. Бірақ кеудемде орындалмаған ойым, жүзеге аспаған қиялдарым бірге кетіп бара жатқанына өкінемін. Үш нәрсені армандап бұл дүниеден мәңгілік аттанып бара жатырмын. Оның біріншісі – Абайдан асамын ба деп едім, аса алмай бара жатырмын. Екіншісі – қазақтың «Евгений Онегинін» жазамын ба деп едім, оған да ажал шіркін жеткізбейтін түрі бар... Үшіншісі – көшеге шыққанын бүкіл Париж аңдып тұратын Виктор Гюгоның құрметтелгеніндей қошеметке бөленсем бе деп едім, бұл да арман болып қара жерге менімен бірге көмілетін болды», – деді.


Қасым Аманжолов туралы естеліктер. Т. 3. Астана: Елорда, 2001.



«Сен қандай бақытты едің, келер ұрпақ» деген ақынға тәуелсіз елдің ұланы ретінде хат жазыңдар. Жырдан үзінділерді тиімді қолданыңдар.



Өлеңге сатылай кешенді талдау жасаңдар. Ерекшелігіне тоқталыңдар.



Абай, Мағжан, Қасым өлеңдеріндегі үндестік қандай? Үш ақынның өлеңіндегі үндестікті талдап, әдеби сын жазыңдар. Бұдан басқа да өлеңдерімен салыстырып талдаңдар. Мысалы, Абайдың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?», Мағжан Жұмабаевтың «Жан сөзі» өлеңдеріндегі ақын тағдыры.

Абай Құнанбайұлы	Мағжан Жұмабаев	Қасым Аманжолов
Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.	Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты, Қырандай күшті қанатты, Мен жастарға сенемін.	Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ, Қараймын елесіңе мен таңырқап. Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде, Көрпемді мен жатармын қырда қымтап.



Сырбай ақынның естелігімен танысыңдар. Қасым Аманжоловтың осы үш нәрсені армандауына не негіз болды? Ақынның арманы «Өзім туралы» өлеңінде байқалады ма? Ақынның ер арманына жеке тоқталып, тұжырым жасаңдар.

- Қасым ақын неліктен Абайды үлгі тұтты?
- Ақынның шығармашылығындағы «Евгений Онегиннің» образы туралы не ойлайсыңдар?
- Ақынның ерекше қолшеметті қалауын қалай түсіндіресіңдер?

«Барым да, бақытым да осы өлеңім...»

«Өзім туралы» – ақынның жеке тағдырын ұлт тағдырымен байланыстыра отырып, биікке көтерген философиялық лирика. Бұл шығармада бәрі бар: ақын рухының биіктігі, қайсарлық, өлеңнің өлместігіне сенім, өмірдің күнгейі мен көлеңкесін таразылаған ащы шындық.

Қасым тағдыр тауқыметіне, қиындықтарына сынған жоқ, қайта мойымай көтерді. Ол:

Дүниеге келер әлі талай Қасым,
Олар да бұл Қасымды бір байқасын.
Өртке тиген дауылдай өлеңімді
Қасымның өзі емес деп кім айтасың! –

деп елінің ертеңіне, жарқын болашағына, жас ұрпақтың өз шығармаларын жан азығына, өмірлік мұратына айналдырарына сенді.



Барым да, бақытым да осы өлеңім,
Жақыным, жүрегімнің досы өлеңім.
Өмірге келгенім жоқ бостан-босқа,
Мен қайтіп босқа жасап, босқа өлемін?!

Гүрлдеп жалын атқан кеудем – көрік,
Сөз соғам құлашымды еркін керіп.
Суарып шынықтырам күйге малып,
Болсын деп әрі әдемі, әрі берік.

Құя алман үгітілген балшық өлең,
Көңлімде көл жасамаң тамшыменен.
Серінің семсеріндей сертке таққан
Өлеңнің өткірін бір алшы менен.

Ежелден ерке-бұлан Қасым едім,
Бұлқына тасып едім, басып едім.
Жүзім – жаз, көңлім – көктем, кеңпейілді,
Жақсының жүрегіне ғашық едім.

Сөзім – жыр, лебізім – күй, ерке едім,
Өз жерім, өз елімде еркеледім.
Өмірдің алтын сарай аспанына
Қиялым қақты қанат ерте менің.

Кең жайдым құлашымды дүниеге,
Білдім мен қайғыра да, сүйіне де
Әйтеуір, әрі-сәрі болғаным жоқ,
Ұқтым мен көңлімнің күйі неде...

Аяған жүрегім жоқ жолдасымнан,
Сый көрді небір сараң мол Қасымнан.
Жолдастың жүзін қайта алдым жинап,
Айрылсам алакөңіл он досымнан...

Тірек сөздер

өткір өлең
ерке-бұлан
алтын сарай
ұғу
сырласың
ән-күй
дәурен
шартарап
домбыра
мұра

Боламын ақын Қасым әлі де мен
Өлеңін бөбегіндей әлдилеген.

Қанатын қағып жылдам келер жылдар,
Бәрін де қарсы аламын ән-күйменен.

Бір күн от өмірім қалса өшіп,
Қайран ел туған жерден кетпес көшіп.
Торқадай жамылып ап топырағын,
Жатармын өз жерімде бір төмпешік.

Дариға, о, дариға, шіркін дәурен,
Басымнан таярмысың бір күн, дәурен?!

Жалт беріп жоғалар ма нажағайдай,
Жүзінде шалқып тұрған күлкім, дәурен...

Түсірген ой сөулесін шартарапқа,
Ақылдың алты оты сөнген шақта,
Бұл күнде саңқылдаған сұнқар үнім,
Кетерсің судай сіңіп табиғатқа.

Сондықтан ап кел бері домбырамды,
Кеудеме күй қанатты қондыр өнді.
Берейін өмірімнен өлең жасап,
Шашайын оңды-солды мол мұрамды.

Дүниеге келер әлі талай Қасым,
Олар да бұл Қасымды бір байқасын.
Өртке тиген дауылдай өлеңімді
Қасымның өзі емес деп кім айтасың?!

Лұғат

Көрік – 1) темір балқытатын пештің отын үрлеп тұру үшін былғарыдан не теріден жасалған желдеткіш құрал; 2) металдарды қыздыруға, балқытуға, керамикалық бұйымдарды күйдіруге арналған пеш; 3) өң келбет, сән, ажар. *Бұл жерде:* ауыспалы мағынада кеудесін, жүрегін, болмысын пешке теңеп тұр.

Ерке-бұлан – әлпештеген, қағу-соғу көрмеген, ерке өскен деген.

Алақөңіл – дегбірсіз, алаңдаған, көңілі күпті. *Бұл жерде:* ауыспалы мағынада көңілі дұрыс емес, ниеті онша емес, яғни жақсы емес дегенді білдіреді.



1. Ақынның өлеңге қоыр талабы қандай?
2. Қаламгер дос пен дұшпанды қалай саралайды?
3. Ақын көңілінің күйі неде?
4. Ақынның өзіне берген бағасы қандай?
5. Өз жырларын кімге аманат етеді?



1. Өлеңде *адам тағдыры* мен *ақын тағдыры* егіз. Өлеңде сипатталған адам мен ақын тағдырына төмендегі реттілік бойынша талдау жасаңдар. Ақын мұратын анықтаңдар. Өз ойларыңды білдіріңдер.
 - адам өмір сүрген заман тынысы;
 - адамның көрген жақсылығы мен жамандығы;
 - адамның арманы;
 - адамның болмысы.
2. «Әдебиеттегі поэзия тақырыбы» айдары бойынша қазақ ақындарының поэзияға арнаған өлеңдерін жинақтап, әдеби талдау жасаңдар. Төменде берілген өлең шумақтарының авторлары мен шығарма атауын табыңдар. Жазба жұмыстарыңда берілген үзінділерді қолданыңдар. Өздерің білетін басқа да шығармаларды қоса талдаңдар. Мысалы, А.Құнанбаевтың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», М.Мақатаевтың «Поэзия, менімен егіз бе едің?» т.б.

Ұстаным

Өлең – сөздің патшасы,
сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер
данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке
жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін
айналасы.
Бөтен сөзбен былғанса
сөз арасы,
Ол ақынның білімсіз
бишарасы.

Қадам

Құя алман үгітілген
балшық өлең,
Көңілімде көл жасамаң
тамшыменен.
Серінің семсеріндей
сертке таққан,
Өлеңнің өткірін бір
алшы менен.

Нәтиже

Қалқам,
Мен Лермонтов, Пушкин
де емен,
Есенинмін демедім
ешкімге мен.
Қазақтың қара өлеңі –
күдіретім,
Онда бір сұмдық сыр бар
естілмеген.

3. Ақын неге өкініп, неден үміт күтеді? Қалай ойлайсыңдар, ақын тағдыры мен өлең тағдырындағы тығыз байланыстың сыры неде?



1. Ақынның ұстанымын жырдан үзінді келтіре отырып анықтаңдар. Ойларыңды дәлелді жеткізіңдер.



2. Өлеңдегі көркемдегіш құрал түрлерінің қызметіне талдау жасаңдар.
3. Өлеңдегі идеяны жалғастырып, Қасым Аманжоловты өздеріңше таныстырып көріңдер. Тақырып: «Қасым және ақын тағдыры».

*Ей, тәкаппар дүние!
Маған да бір қарашы.*

*Танысың ба сен мені?
Мен қазақтың баласы!*

4. «Қасым поэзиясының ХХІ ғасырдағы өзектілігі» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар. Дәлел, дәйексөз келтіріп, өз пікірлеріңді негіздеңдер.




1. Жастардың қоғамдағы рөлін, қызметін шығармадағы идеямен салыстырып, «Жастар – қоғамның байлығы» тақырыбында шағын мәтін құрастырыңдар.
2. Ақын поэзиясы жайында академик С.Қирабаев «Ақынның туған жер тақырыбына жазған өлеңдерінің мазмұнында жалпы Қасым поэзиясына тән өрлік, ерлік жатады» деген пікір білдіреді. Хрестоматияда ұсынылған ақын өлеңдерімен танысып, «Қ.Аманжолов поэзиясындағы туған жер тақырыбы» атты шағын зерттеу жұмысын жүргізіңдер.



- Жалпы Қасым Аманжолов туралы не білесіңдер? Ойларыңды ортаға салып, пікірталас өткізіңдер.

Кері байланыс: «321»

- 3 факт
2 көзқарас
1 тұжырым



СМАҒҰЛ ЕЛУБАЙ

(1947 жылы туған)



Смағұл Елубайдың «Жалған дүниесі» – тек психологиялық пландағы ғана емес, философиялық сипаты да көрініп тұрған, заманауи көркем ойдың өзгерістеріне ілесе білген роман.

Нүрдәулет АҚЫШ



Көрнекті қаламгер Смағұл Елубай 1947 жылы 9 наурызда Түрікменстанда дүниеге келген. 1961 жылы атамекенге қоныс аударған. 1971 жылы С.Киров (қазіргі әл-Фараби) атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика мамандығын бітіреді. Бұдан кейін Мәскеудегі сценаристер даярлайтын жоғары курстан білім алды. Осы курсты тамамдағаннан кейін ол 1976–1992 жылдар аралығында «Қазақфильм» киностудиясында еңбек етіп, қазақ руханиятына қатысты тың дүниелердің жарыққа шығуына үлес қосты. Бұдан кейін Чехияда, Америкада журналистік қызметін жалғастырды. Қаламгердің шығармашылық ізденісінің нәтижесінде «Сұрапыл Сүржекей», «Батыр Баян», «Кек», «Өтелмеген парыз», «Ай астындағы үй» секілді көрерменнің ыстық ықыласына бөленген көркемсуретті фильмдердің сценарийлері дүниеге келді.

Қаламгер қаламынан туған «Ойсылқара», «Саттар соқпағы», «Білте шамның жарығы», «Жарық дүние» секілді шығармалары да оқырман жүрегіне жол тапты.

Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» трилогиясы – қазақ халқының басына түскен ашаршылық нәубетін, сталиндік қуғын-сүргінді уақытының айқын көрсете білген шоқтығы биік шығармалардың бірі. Тәуелсіздікке дейін жабық тақырып болған қасіретті кезеңнің тарих қойнауында бұғып жатқан сырларын ашуға ұмтылған автор бұл туындыны жазуға үлкен дайындықпен келді. Трилогия «Ақ боз үй», «Мінәжат», «Жалған дүние» атты үш романдан тұрады. Шығармалардағы Пахриддин, Лабақ ахун, Шеге, Хансұлу образдары оқырман жүрегіне берік орныққан бейнелер. Бұл романдар – бір ауыл адамдарының басындағы қасірет арқылы тұтас ұлттың тағдырына жазылмас жара салған, аштық пен соқыр саясаттың құрбанына айналдырған сұрапыл кезеңнің айнасы.

Автор алдыңғы екі кітаптың жазылуы туралы баяндай келіп, осы шығармада көтерілген мәселелерге былайша тоқталады: «...Содан кейін тағы сол ауылдың дамыған социализм деп аталған Брежнев заманындағы, яғни тоқырау жылдарындағы ақ жаулықты аналар мен ақ сақалды қарияларға дейін арақ ішіп, той тойлайтын елдің бір рухани азғындаған, діннен безген кезі туралы кітап жазылды.

Мектептер жабылып, ұлттық дәстүрлерден ажырап, халқымыз түгелдей орыстануға бет бұрған 80-жылдардағы рухани тоқырау туралы жүріп жазған үшінші кітабым «Жалған дүние» деп аталды».

Смағұл Елубайдың бұл шығармалары – қазақ халқының басынан өткізген ауыр тағдырын суреттеген құнды еңбектер. Адыра қалған армандар, бірізін нанға зар болған күндер, ұлтым деген адамдардың «халық жауы» болып атылуы, адамгершілік пен сатқындық, рухани құндылықтардан ажырап бара жатқан қоғам – қаламгердің жан дүниесіндегі ұрпаққа жеткізсем деген ойдың темірқазығы.



1. С.Елубай сценарийін жазған фильмдерді атаңдар.
2. Жазушы трилогияның үшінші кітабы туралы не айтты?
3. Жазушының басқа қандай шығармаларымен таныссыңдар?
4. С.Елубайдың өмірі мен шығармашылығына шолу жасаңдар.

«Жалған дүние» романы

Трилогияның соңғы кітабы «Жалған дүние» романы кеңестік жүйенің іштей іріп-шіріп, «тоқырау заманы» аталған уақытқа арналған. Тоталитарлық билік берекесі кетсе де, әлі де басқа ұлттарды тұқыртып, уысынан шығармауға жанталасты. Әсіресе, одақ құрамындағы ұлттардың тағдырына қатысты кеңес идеологиясына сәйкес келе қоймайтын деректердің жариялануы әлі де мүмкін емес еді. Қолдан ұйымдастырылған аштықтан қазақ халқының көпшілігі құрбан болды. Бұдан кейінгі сталиндік репрессия да алты алаштың кең даласын аласапыран қылып, арыстарын жалған жаламен оққа байлады.

«Жалған дүние» – «Ақ боз үй», «Мінәжат» романдарының заңды жалғасы. Алдыңғы кітаптарда ел басына түскен зұлмат, өкіметтің соқыр саясаты, туған жерден бассауғалаған ауыл адамдарының өмірі шебер суреттелсе, бұл кітапта осы ащы шындықты жарыққа шығарсам деген Едігенің ерік-жігері сөз болады.

Автор алдыңғы екі кітаптың жазылуы туралы баяндай келіп, шығармада көтерілген мәселелерге былайша тоқталады: «...Содан кейін тағы сол ауылдың дамыған социализм деп аталған Брежнев заманындағы, яғни тоқырау жылдарындағы ақ жаулықты аналар мен ақ сақалды қарияларға дейін арақ ішіп, той тойлайтын елдің бір рухани азғындаған, діннен безген кезі туралы кітап жазылды. Мектептер жабылып, ұлттық дәстүрлерден ажырап, халқымыз түгелдей орыстануға бет бұрған 80-жылдардағы рухани тоқырау туралы жүріп жазған үшінші кітабым «Жалған дүние» деп аталды».

Көрнекті қаламгер Смағұл Елубайдың бұл шығармалары қазақ халқының басынан өткізген ауыр тағдырын суреттеген құнды еңбектер. Адыра қалған армандар, бірізін нанға зар болған күндер, ұлтым деген адамдардың «халық жауы» болып атылуы, адамгершілік пен сатқындық, рухани құндылықтардан ажырап бара жатқан қоғам – қаламгердің жан дүниесіндегі ұрпаққа жеткізсем деген ойдың темірқазығы. Роман туралы профессор Шериаздан Елеуенов былай дейді: «Жалған дүние» ХХ ғасырдың 60-70 жылдарындағы азды-көпті тоқ, тыныштық кезеңді суреттесе де, ел шырғалаңы таусылмағанын паш етеді».¹

¹ Елеуенов Ш. ХХ ғасыр өдебиетіндегі төуелсіздік идеясының көркем шешімі (ұжымдық монография). Алматы: Арда, 2011.



Төмендегі сұрақтар мен кестені басшылыққа алып, топта талқылаңдар. Ортақ тұжырым шығарыңдар.

- Жазушының осы шығарманы жазудағы мақсаты не?
- Шығарманы жазуға қандай жағдайлар түрткі болған?



Брежнев басқарған кездегі халықтың жағдайы туралы пікірлер екіге жарылды. Сол жылдарда өмір сүрген адамдардан сұхбат алыңдар. Халықтың пікірін тарихи деректермен салыстырып, бір пікірдің дұрыстығына көз жеткізіңдер.

1. Қазақстанның экономикасы өсіп, білім, денсаулық саласына ерекше көңіл бөлінді. Жұмысшылар мен шаруалар құқығы қорғалды.
2. Халық азық-түлік тапшылығын бастан өткерді. Баспана мәселесі белең алып, қазақ тілінің беделі құлдырап бара жатқан заман ретінде есте қалды.

Хансұлу

Талай зұлматты жылдардың куәсі болған Хансұлу науқастан төсек тартып жатыр. Өмірден түйгені көп кейуананың алаңдайтыны – елінің, ұрпағының тағдыры. Ұлы Түгелханның отбасынан ажырасып, ащы суға әуес болуы, күйеу-баласы Тоқтардың жұмбақ өлімі, қызы Үміттің ендігі тағдыры Хансұлуды мұңға батырып, арпалысқа салуда. Көз алдына кешегі шерлі жылдардың шежіресі келеді. Өмір – сынақ. Сол сынақтан сүрініп, қара басы үшін бәрін сатып жіберуге дайын пенделер де жер басып жүр. Мына жалған дүниеде адам атына дақ түсірмеу үшін де үлкен жүрек керек...



Сансыраулы санасы еш нәрсені зерделеп ұға алар емес. Құм үстінде талмаусырап жатқан Хансұлудың біршама уақыт өткен соң, шым-шымдап есі кіре бастады. Алдымен есіне екінді әлегінде, осы құм шағыл үстіне шығып, бұзау қарап тұрғаны түсті. Содан бері, астапыралла, осы төбе үстінде жатқаны ма? Талып жатқаны ма? Өне бойы дел-сал. Басы өңкі-төңкі. Зіл батпан қорғасын құйып қойғандай. Қозғалтпайды. Солқылдап алып барады. Өткен жылдан бері өзінің қан қысымы көтеріліп жүргені бар еді. Дәрігерлердің ақыл-кеңесін тыңдап, күтініп жүрсе, соншалықты алып-жұлып бара жатқан ауру тәрізді емес еді. Екі-үш рет талып құлап, ауруханаға да жатып шыққан. «Үйреніскен жау атыспаққа жақсы» деп, бұл ауруға да еті үйренгендей еді. Тоз-тозы шыққан ойларының ішінен іліп алары осылар болды. Ақыл-есі бір қойыртпақ көжеге айналғандай. Ыстық бетін үлбіреп қоңырсалқын түн лебі сипады. Көз алдында кең керілген мол жұлдызды түнгі аспан. Осындай бір түпсіз тұңғыық кеңістікті Хансұлу жаңада ғана кезіп

Тірек сөздер

қан қысымы
ой
дауыс
дәрігер
екі, үш жеті
бастық
үш немере
тасжол
баскөз болу
көңіл сұрау

шыққан жоқ па?.. Бірақ ... түсім болар деп ойлады. Десе де, бір сұрапыл дауылдың өзін соғып өткенін, шала-жансар санасы аздап болса да сезіп жатыр. Алайда ол әлеметтің не екенін, түстеп-танып ажыратуға дәрмені жоқ.

Осы жерге жеткенде ойы жел айдаған ұшпа бұлттай божырап, қопырай берді. Талықсып барып, тағы есін жиды. Сонда ғана, санасын бір ой осып өтті. «Осы шіркін, алқымнан алған ажал шіркіннің өзі емес пе?» деген. Сол ойдан бойына үрей шапты.

Жәпелдемеде тілін кәлимаға келтірмек болды. Сөйтсе, тілі мүлдем икемге келер емес. Аузында тіл емес, оның орнында бір жапырақ бір нәрсе жатқандай.

– Апа-а-а!!! – деген айқай тағы шықты. Бұл жолы дауыс жақыннан төбе астынан естілді.

– Апа-а-а!!! – дейді, мынау Түгелханның дауысы ғой. Ұлының дауысы. Ырсылдап жүгіріп келеді. Бір сұмдықтың болғанын Хансұлу сонда зерделеді.

– Содан қыр басында ес-түссіз жатқан Хансұлуды ұлы мен қызы көтеріп ауылға, ауыл шетіндегі үйіне алып келді. Қызы жылап жүр. Хансұлу үйге келгеннен кейін де есін жиі алмай талмаусырап, талықсып жатты. Бір кезде танның о жақ, бұ жағы болуы керек аудан орталығынан үстінде ақ халаты бар, тапалтақ, шойын қара бала дәрігер келді. Білегін ұстап көрді. Қан қысымын өлшеді. Ине салды. Шеткерірек барып тұрған Түгелхан, Үміттер өзара бөсең үнмен күбір-күбір сөйлесті. Есін шала-пұла ұғып, тілден айырылып жатқан Хансұлу «әңгіме төркіні бұны ауруханаға жатқызу болар» деп тұспалдап, Үмітке қарап басын шайқады. «Бармаймын» дегені еді. «Өлсем үйімде өлейін» дегені еді. Дәрігер бала:

– Апа, қапаланбаңыз! Үміт төгейге дәрі қалдырып кетем... Ине салып тұрады. Көп ұзамай тұрып кетесіз. Қорқатын түгі де жоқ! – деп, бұны жұбауратып. Хансұлу бас изеді.

Біраздан соң, өлгі тамырға салынған дәрі дариын деді ме, кім білсін, манағы зілдей басы жеңілдеді. Көз ұясын, кірпігін торлап басып тұрған бір ауыр жүк түскендей. Созылып төсекте жатыр. Екі бөлмелі, шағын саз кірпіш үйінің төргі бөлмесінде, қабатталып төселген құрақ көрпеше үстінде, басында қос көпшік, үстінде ақ шытыра көйлек, самай шашы қырау шалған арық Хансұлу аруақтай созылып жатыр. Ұсақ әжім шытынай із салған, нұр балқыған өлпіндегі әдемі қырлы мұрыны сәл жоталана түсіпті. Табиғатынан таза, тұнық қара көзі сонау маңдайшадағы бір белгісіз нүктеге қадалған, кірпік қақпай, қобырап пышыраған ойларын жинақтауға тырысады. Не болып, не қойғанын пайымдағысы келеді.

...Өттең, бұл ажал осыдан небәрі екі, үш жеті бұрын неге келмеді екен! Екі-үш жеті бұрын ғой, Хансұлу мүлде қабақ шытпастан-ақ, «Ей, Алла, осы бергеніңе шүкір, енді алдымнан жарылқай гөр!» деп, жазмыштың бұл бұйрығына мойынсұнған болар еді. Өйткені, Хансұлудың осыдан екі жеті, небәрі екі жеті бұрынғы өмірі мүлдем басқа еді. Хансұлу ауыл шетіндегі өзінің екі бөлмелі, кішкентай қызыл шатырлы үйінде, азын-аулақ қой-сиырына ие болып, жұрт қатарлы жайбарақат қоңыр төбел тірлік кешіп жүріп жатқан. Өлімге де іштей дайын еді. Өлсе несі бар, о дүниеде бұны күтіп жүрген Шегесі бар. Қырық жылдан бері көз жазып қалған Шегесі, Құдай қосқан қосағы. Шеге 1944 жылы «халық жауы» болып үшінші рет ұсталғанда, Түгелхан он үште, Үміт сегізде қалды. Шеге кетерде артында қалған қос қарашығы бүгінде өсті, өнді, жетілді. Түгелхан астына машина мінген, бала-шағасымен сонау Алматыда тұратын дардай бастық. Тірі жесір Хансұлудың баласы сондай үлкен дәрежеге жетті. Жалғыз-ақ Үміттің бағы жанбады. Байғұстың бас қосқаны... өзін де, өзгені де, қажытып жүріп... өлді. Хансұлу күрсінді. Сөйтіп, Үміті сәбиін құшақтап, жас басымен жесір қалды. Хансұлуда бүгінде, Құдайға шүкір, үш немере бар. Түгелханнан – екеу, Үміттен – біреу. Олар да ержетіп, қылтиып өсіп келеді. Бүгінгі қуаныш-қызығы солар. Көз жұмсам алдымнан о дүниеде Шеге шығар деп ойлайды. Өлімнен қорықпайтын себебі де сол. Шегені көру – арман. Тілдесу – арман. Байғұс Шеге бұған тапсырып кеткен көзінің ағы мен қарасындай ұл мен қызын сұрар-ау, алдымен. Сонда, Хансұлу сөйлер-ау! Шегеден айырылғалы бастан кешкен сұрапыл заманды, жесір басына түскен ауыр күндерін ақтарып айтар-ау! Бәрін айтар-ау. Түгелхан мен Үмітін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай сүйрелеп жүріп, қалай өсіргенін, адам еткенін жыр қылар-ау.

Өстіп Шегеге айтар жыр-сырын көкейде тоқып жүргенінде, осыдан екі жеті бұрын Хансұлудың өмірін астан-кестен еткен бір оқиға болды.

Бұл оқиға Сарытауқұм етегіндегі кішкентай Аққұм ауылы үшін де осал емес еді.

Қазақ «ұзынсары» атайтын шілде айының дүниені қуырған Күні нарттай қызара толықсып, батыс көкжиекке қонғалы тұрған шақ еді. Бұндай кезде ауыл адамдары өрістен қайтқан мал алдына шығып, өріп сыртта жүретін өдеті. Хансұлу да сол күні кешкісін күйбеңдеп есік алдында жүрген. Сонау түстік тұс ауыл алдындағы сары жазықты көлденең кесіп өтіп, қайыстай созылған «Алматы-Қарағанды» тасжолының бер жағында ауылға қарай бейуақта біреу келе жатты, жалғыз шошайып. Қолында – шабаданы. Өлгінде өткен автобустан түсіп қалған жолаушыға ұқсайды. Күн ұясына қона бере әлгі жалғыз жолаушы ауыл шетіне де ілікті.



Ауыл дегеннің өзі күйкентайдың ұясындай бір кеңшардың бөлімшесі ғана. Жалғыз құмсақ көшенің екі жағына шашырай қонған жиырма шақты үй. Хансұлудың үйі сол жалғыз көшенің арқа тұсында, шағыл жақ шетте.

Жолаушы сол Хансұлудың үйін тура бетке алып келеді. Аулада, тас ошақ маңында, қазанда қайнаған сүтті сапырып Хансұлу тұрған. Жүрегі су ете түсті. «Әй, мынау Түгелхан ғой!» деп. «Әй, ол бүйтіп ауылға жаяу келмейтін еді ғой! Бастық баласы ылғи есік пен төрдей «Волга» мініп келуші еді ғой!».

Кешкі алакөлеңкемен үйіне жақындай берген жалғыз жаяуға Хансұлу шұқшия қарап тұр, өзі шынымен Түгелхан ба деп. Сөйтсе, дәл өзі! Түгелхан! Қолында – шабадан.

Хансұлудың іші шым етті, бір жаманатты сезіп.

Жасы елуді алқымдап қалған Түгелханның соңғы жылдары бұлтиып қарыны да шыға бастаған. Өйтпесе, жастау кезінде бойшаң, сылыңғыр қара, тура айнымаған Шегенің өзі еді. Бастық болғалы бері қысы-жаз иығынан костюмі, мойнынан галстугі түспейтін. Бү жолы... Бү жолы соның біреуі де жоқ. Үстінде шолақ, жеңсіз боз жейде. Шалбары да мыж-мыж төрізді... Алакөлеңкеде жақындай берген баласының тісі жарқырай күліп сәлем берді...

Түгелхан есік алдындағы сөкіге сылқ түсіп отыра кетіп, көлдей орамалымен бетін сүрткіштеді. Баласының түріне шоши қараған Хансұлу:

– Ие... Амансыңдар ма? – деді ішкі сезігі дірілдеген дауысынан сезліп, үрпип жанына кеп, тізе бүге беріп.

– Апа! Бір шай болса! Шөлдеп келдім... – деді Түгелхан шешесінің қадалған сұрағынан тайсақтап.

Сөйткенше іргелес тұратын Үміт те жүгіріп жетті. Ағасының келгеніне қуанып, дөңгеленіп жүріп шай қамдады. Үміт үшеуі оңаша жайылған дастарқан басында тізе бүккеннен кейін ғана Түгелхан шешесі мен жалғыз қарындасына болған жайдан қысқаша хабар берді...

Ажырастық, – деді қысқа ғана, кеседегі ыстық шайдан еңкейіп сораптай беріп, жүзін көтерместен. – Партиямен де, қызметпен де қоштастық...

Осындай бір сұмдықты есітерін бұлар ол айтпаса да іштей сезіп отырған. Хансұлу мен Үміт екеуі отырған жерлерінде қалшынып, тас-мүсіндей қатты да қалды. Ауыздары аңқиып қалған, не айтарын білмей. Түгелхан бұлардың жан дегендегі жалғыз тіректері еді. Аtpал азамат, білдей бастық Түгелханның басына бұндай сорақы күн туады деп кім ойлаған?! Түгелхан 5-6 жылдан бері Алматыдағы машина жөндейтін стансаның бастығы еді...

Шәй үстіндегі өңгіме осымен бітті...

Қараңғы үйде тілі байланып жатқан Хансұлудың қос самайын сызып, жып-жылы жас ақты. Ішін жалаған өрт күрсінгенде аузынан жалын болып шықты. «Көрмегенім осы еді енді!» деп көкірегі қарс айбырлды. Бұған дейін Хансұлу байғұс жас ұлғайып, күш қайтып, төрінен көрі жуықтаған шақта іштей Аллаға шүкіршілік етер еді. Соңында азамат болған ұлы Түгелхан қалып бара жатқанына шүкіршілік етер еді. Шегеден тараған азын-аулақ ұрпаққа бас-көз боларлық азамат емес пе! Енді сол жалғыз тірегі сынғандай. Күйреп опырылғандай... Шегенің сонау аштық-жалаңаштық жылдары, одан кейінгі сталиндік қуғын-сүргін, соғыс жылдары талай шайқалған, шайқалса да шағылмаған шаңырағы ел аман, жұрт тынышта өстіп опырылып ортасына түскені ме?! О, Жасаған!!! О, құдіреті күшті Құдайым! Бұған не шара? Енді көрмегені осы ма еді! Енді қайтіп, қалай ғана тыныш көз жұмар? Ана дүниеде жолын тосып жүрген Шегеге не айтар? Не деп барар?

Көзі қабырғадағы беті әйнектелген төрткүл жақтаудағы суреттерге түсті. Оның ішінде де бір томпиған қыз бала суретіне ерекше қадалды. Бүгінде Алматыда инстөтке сын тапсырып жатқан немересі Бөпенай. Анау Бөпенайдың бір жастағы суреті, балапандай талпынып отырған. Қаршадайынан бауырына басып өсірген осы қызы дегенде Хансұлудың шығарға жаны жоқ.

«Байғұс, балам-ай! – деп, қамыға бастады Хансұлу, – Алматыдағы арқа сүйер жалғыз ағанның түрі мынау. Жат қалада басыңа жалғыздық түсіп, жылап жүрмесең нетті? Түгелханның бұлай боларын білгенде өжең сенің жағдайыңды Едігеге тапсырар еді ғой... Туыс болмаса да Хансұлудың туған қайнысындай болып кеткен, баяғы Балқия мен Бұлыштан қалған жалғыз тұяқ, бүгінде белгілі жазушы Едігеге айтар еді ғой! Өттең-ай... «Сенің жолыңда өлсем арманым жоқ» дейтін өжеңнің түрі мынау ...»

Суреттегі немересіне қарап Хансұлудың көңілі бұзылды. Қамықты. «Енді өжең сені қайтып көре ала ма, жоқ па!» деп.

Ойы осы жерге жеткенде көмекейіне лықсып келіп, кештеліп қалған өксікті ірке алмады. Көз жасына ерік берді. Абырой болғанда үйде өзінен басқа жан жоқ еді. Соңғы күндері көкірегін езгілеген ауыр шеменді өстіп көз жасымен жуып еріткендей болды. Жаны жусап, біраз шер тарқатты.

Өлдекім терезе алдынан жүгіріп өтті. Тауықтар қыт-қыттады. Ауыл шетінде, аулағырақта трактор тарылы естіледі.

Хансұлу жүзін қызыл шүберек перде тартулы тұрған терезеге бұрды. Мезгіл қай шама екенін білгісі келген еді. Бірақ терезе шүберегі тартулы тұрғандықтан ба, мезгілді топшылай алмады. Төсек тартып жатқалы бері Хансұлу күн мен түннің есебінен жаңылған. Мезгіл шамасын әлсін-әлсін пысықтап жүретін әдетінен айырылып қалған еді. Оған қоса, осы күндері Хансұлудың өзі бір бөлек әлем де, өзге дүние бір әлем тәрізденіп, араға жік түсіп, екі бөлініп қалғандай. Тіптен, тыстан жеткен үндердің өзі әнтек доғалданып, аулақ, жат дүниеден күңгірлеп естілетіндей. Тоқтаусыз, тіршілік көші толассыз жөңкіліп жатқан сырт дүние мен Хансұлу арасында бір жұмбақ перде тартылған. Хансұлу үшін бұл бәр тың құбылыс. Кеше ме, алдыңғы күні ме, осы ауылдағы замандастары көңілін сұрауға келді. Есінде қалғаны тек, ішінде құрдасы Қозбағар, бәйбішесі Бибажар бар, бір-екі кемпірдің келгені. Олар не айтып, не қойғаны есінде жоқ. Тек, төсек тартып жатқан бұған қадалған көздерінде әйтеуір бір жанашырлық, аяу-есіркеу болғаны есінде. Күнде көрген жерде шүйіркелесе кететін, қалжыңдаса кететін осынау қатар-құрбы жандармен Хансұлу тілдесе алмады. Тілдеспек тұрмақ, өңі не түсі екені белгісіз, тірі не өлі екені белгісіз, бір екіталай халде жатты. Жер басып жүрген ол жандармен бұның арасында бір белгісіз перде тұрды. Қол созым жердегі құрдасы Шонай мен жағалай отырған кемпірлер Хансұлу үшін бір алыс, қол жетпес қиянда отырған жандардай еді. Олар тіл қатса, өзге бір іргесін жырақ салған дүниеден тіл қататындай. Назар салса, өзге бір дүниеден назар салатындай...

Лұғат

Әлет – мезгіл, мерзім, кез, уақыт.

Кәлима – діни сөз. Аллаға деген сенім нышаны ретіндегі қысқа сиыну сөзі.

Шытыра – 1) баскиім мен аяқкиімге, түймелерге, ағаш бұйымның бетіне, ертұрманға салынатын асыл тасты не асыл тассыз алтын-күміс әшекейлер; 2) өрнектің түрі; 3) қырау, қар; 4) биіктігі 15–20 сантиметрге жететін, көлбей өсетін біржылдық өсімдік. *Бұл жерде:* матаның бір түрі.

Қарашық (ғы) – 1) көз алмасының ортасындағы қара түсті кішкене ноқат, яғни көздің негізгі көру қызметін атқаратын бөлігі; 2) ауыспалы мағынасында жанына балаған баласы, әлпештеген сәбиі. *Бұл жерде:* осы екінші мағынада.



1. Хансұлу неліктен ауруханаға барғысы келмеді?
2. Үміт кім? Бұл бөлімде автор ол туралы қандай ақпаратпен таныстырады?
3. Шегенің халық жауы атану себебін түсіндіріңдер.
4. Хансұлудың тыныштығын алған не?
5. Төрехан қандай қызметте істеген еді?



1. «Өттең, бұл ажал осыдан небәрі екі, үш жеті бұрын неге келмеді екен?» деген Хансұлу өкінішінің туындауына себепкер факторларды көрсетіңдер.
2. Хрестоматиядан Хансұлудың түсінде ауылды көретін эпизодын тауып оқыңдар. Хансұлудың түсіне кіретін ауыл несімен ерекшеленеді? Бұл ауыл шын мәнінде қандай кейіпте? Сипаттап беріңдер.



1. Хансұлудың жанына тыныштық бермей, мазалайтын ойларды өрмекші торына түсіріңдер. Оның төсек тартып қалуына себепкер факторларды қарастырыңдар.
2. Хансұлудың өмірлік ұстанымын, көзқарасын оның өмір сүрген кезеңімен, жүріп өткен жолымен, тағдырымен байланыста қарастырыңдар.



Өмірлік ұстанымы	Дәлел	Шығармадан мысал	Қорытынды

Тоқтасынның жұмбақ өлімі

Хансұлу жалғыз қызы Үміттің қанша сездірмейін десе де қамкөңіл жүрген күйін талай байқаған. Іштей бәріне шыдап бақса да, соңғы рет күйеубаласының қызына жұдырық жұмсағанынан әбден көңілі қалды. Алғаш рет дауыс көтеріп, Тоқтасынды қуып шыққан болатын. Сол кеткеннен көрінбей кеткен Тоқтасынның өлі денесін екі күннен соң тракторшы Мотобай тіркемесіне салып алып келді. Хансұлуға күйеубаласы Тоқтасынның жұмбақ өлімі ауыр соққы болды. Реніші болса да жүрегі жамандыққа қимаған. Әке-шешесі мал басында жүрген Тоқтасынның өз ажалына өзі ұмтылуын біреулер қыста ауылға құлап, аштан қырылған ақбөкендердің етін жегендіктен десе, тағы бір қауесет кеңестік әскерде жүргенде жүгенсіз кеткен әлімжеттік кезінде басқа алған ауыр соққыдан көреді...



...Тоқтасынның өз ажалына өзі ұмтылып аласұрған, өмірінің соңғы сәті түсті есіне. Марқұм күйеу баласы. Сорлы бала өз ажалына өзі ұмтылды-ау! Неге өйтті екен? Үміттей шылауына оратылған келіншегі бола тұра, өзінің аузынан түсіп қалған Бөпенайдай баласы бола тұра, неге өйтті екен? Неге, өйткені, бірақ әлі күнге жұмбақ. Өркім өртүрлі айтады. Біреу: «Әскер қатарында жүргенде жолдастары сабап миын шайқапты» десе, екінші біреу: «Сол жылғы қыста ауылға келіп аштан қырылған бөкендердің етін жегендіктен» дейді. Бөкендер жұрттың айтуынша, аштан емес, Арқада жарылып жатқан бомба кесірінен кеселге шалдығып қырылса керек. Жүк

Тірек сөздер

жұмбақ
бөкен еті
өдет шығару
Бөпенай
жұлқылау
қашу
суық хабар

мәшинесін айдайтын Тоқтасынның, шынында, бөкенді көбірек аулайтыны рас еді. Өйтеуір, байғұс бала жолға шықса болды, салақтатып бір киік атып алып келетін. Сол бөкен етінен ауырды дейін десе, бөкен етін жемеген жан бар ма бұл ауылда?! Хансұлудың өзі де жеді, ана жатқан Үміт те жеді. Айналып келгенде, «қырық күн қырғын болса да ажалды өледі ғой». Әскерден оралғасын көп ұзамай мінезі қатты өзгерді, сорлы баланың. Осы ауылда

өзімен әскерде бірге болған Жарас дейтін бала, өзімен кетсін, жесір Айшаның сабаудай үш қызының ортасындағы жалғыз ұлы еді, сол бала әскерден келгесін көп ұзамай суға кетіп өлді. Досының өлімі жұрттан бұрын осы Тоқтасынға батты. ...жыны Үмітке түсетін болды. Ұратынды шығарды. «Жастар ғой» деп Хансұлу сабыр сақтап, олардың үй ішіндегі шаң-шұңға көпке дейін араласпай жүрді. Үміт те бір адамдай шыдамды жан ғой. Қабағы кірбиіп жүрсе де шешесіне күйеуін жамандап сыр ашуды білмейтін. Үміт қанша тістеніп жасыруға тырысқанмен бұл бәрін көріп-біліп отырды...

Бұл ауылдың еркегі бір айлығы бір айлығына жетпей отырса да, көрістердей тұқшындап жер шүкуды өздеріне ар санайды. Сөйте тұра, көріс Югайдың қауын-қарбызы піскен күні содан үзіп-жұлып жеуге келгенде алдарына жан салмайды.

Марқұм Тоқтасын да солардың бірі еді. Өлерінің алдында мынадай оқиға болды. Жерде алақанат қар жатқан жазғытұры шақ еді. Тал түстің кезі. Соның алдында ғана Тоқтасын кеңшардың бас инженерінің қаһарына ілігіп, айдап жүрген машинасынан айырылып қалған. Жұмыссыз жүрген... Күнде ішіп келетін өдет шығарды. Бір күні Үміт бұнымен оңаша отырғанда қылықтарын айтып, көз жасын сығып-сығып алды. «Қол сынса – жең ішінде» деп жүре беретін Үміттің төзімі де ақыры таусылғаны байқалды.

Сол күні түсте, тілі енді ғана былдырлап шыға бастаған Бөпенай сиыр қораны тазалап жүрген Хансұлуға қарай «Әже-әжелеп» балапанша қанатын жайып ұшып келе жатты. Хансұлу шошып кетті. Өзіне қарай зәре-құты жоқ, түсі қашып, ұшып келе жатқан Бөпенайға қарсы ұмтылып, қармап көтеріп алып, «Бісіміллә!» «Бісіміллә!» деп бауырына басты. Бармақтай нәрестенің жүрегі дүрсілдеп, кеудесінен шығып барады. Нәресте сақауланып, көрген нәрсесін айта алмай «ап», «ап» дей береді, артына қарай саусағын шошайтып. Хансұлу кенет нәрестенің «ап», «ап» деп Үмітті айтып тұрғанын түсінді. Бөпенай Үмітті «апа» дейтін. Сөйткенше болмай кішкентай Бөпенай бұлқынып жерге түсіп кетті. Үміттің үйіне қарай сүріне-аттап жүгірді. Бөпенай тымпындап аула шетіндегі Үміттің тура есігінің алдына алып келді. Нәресте тыпырлап есіктің тұтқасына ұмтылды. Бірақ, тұтқаға қолы

жетпей әжесіне қарай есі шығып, «ап», «ап» деп шүйкілдеді. Хансұлу ентигіп есік тұтқасын тартып еді, есік іштен бекітулі екен.

– Үміт! – деп, дауысы тарғылданып есікті жұлқылады Хансұлу. Үн жоқ.

Кім бар, әй, ашыңдар! – деді, есікті дүрс-дүрс ұрып. – Үміт! Тоқтасын!

Бірақ есік ашылмады. Іштен шыққан бір ыңырсу үнді Хансұлудың құлағы шалып қалды. Жаны қыдырып не істерін білмей, енді үйді айналып терезеге жүгірді. Сүріне аттап терезеге жете ішке үңілді. Қараса, шашы тікірейіп кеткен Тоқтасын бөлме ортасында шабынып тұр! Терезеге жалт қарады. Көзі қанталап кеткен... Өмірде дауыс көтеру дегенді білмейтін Хансұлу со жолы қатты ышқынды. «Есікті аш!» деп, терезені төмпештеді. Енді болмаса, өйнекті быт-шыт сындырып, ішке түсуге бар еді... Сол-ақ екен, Тоқтасын есікті теуіп ашты да, тайраңдап тұра қашты далаға. Шырылдаған Бөпенайды көтеріп, үйді айнала жүгірген Хансұлу айқара ашық қалған есіктен ішке жүгіріп кірді. Үмітте жан жоқтай, былқ-сылқ... Үміт естен танып қалыпты. «Бісмиллә!» «Бісмиллә!» Хансұлу үй ішінде зыр қағып жүріп, су өкеліп Үміттің бетіне бүрікті. Үміт байғұс, сонда ғана кірпігін қозғап ыңырсыды. Хансұлу қызының басын құшақтап, Жаратқанға жалбарынып, әулие-әнбиелерге сиынып зарланды. Оған Бөпенайдың боздауы қосылып, аула ішінің табан астында азан-қазаны шықты. Көрші-қолаң үркісіп жиналып қалды. Не керек, Хансұлудың ауласында болған бұл оқиға, табан астында Аққұм аулына жайылып, ауылды дүр сілкіндірген соңғы жаңалық болды.

Ал Тоқтасын болса, сол күні кешке үйге оралмады. Оны іздеген жан да болмады. Тоқтасынның әке-шешесі қойшы, мал басында болатын. Екінші күн дегенде суық хабары дүңк ете түсті. Суық хабары емес-ау, Тоқтасынның тура өлігі келді үйге. Трактор айдайтын Мотобай деген бала оны тележжасына салып алып, үйге өкелді...

Лұғат

Шылау (шылауына оратылған) – 1) көне сөз: шаужай; 2) ырық, ықпал; 3) біреудің ықпалындағы жалшы; жоқ-жітік; 4) сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып тұратын сөздер тобы; 5) су ішінде өсетін өсімдік, балдыр; 6) тамшы, шық, ылғал; 7) белгі, топ, із; 8) балшық; 9) балық сыртындағы шырын; шырыш. *Бұл жерде:* айтқанына көнген, жанында жүрген деген мағынада.

Сабау (дай) – 1) жүннің ұйысқанын жазып, қопсыту үшін қолданылатын жіңішке тал шыбық; 2) ұрып-соғу. *Бұл жерде:* сын есім, ұп-ұзын, салалы, бойлы деген.



1. Тоқтасынның уайымға салынып кетуіне әсер еткен факторларды атаңдар.
2. Үмітке төнген қауіптің алдын алған кім?
3. Бөлімдегі кейіпкерлер туралы қандай ой түйдіңдер?



Үміт бейнесіне талдау жасаңдар. Автор кейіпкер мінезін қалай сипаттайды? «Қол сынса, жең ішінде» деген мақалдың Үміт бейнесін ашудағы алар орнын анықтаңдар.



Төменде берілген мәселелердің қайсысы Тоқтасынның күйзеліске түсуіне себепкер болуы мүмкін? Қосымша мәліметтер іздестіріп, пікір алмасыңдар.

- Өскердегі өлімжеттік.
- Арқа жерінде бомбалардың жарылуы.
- Жұмыссыздық.

Маусымжан

Маусымжан – Едігенің ширек ғасырлық ғұмырын бірге өткізіп келе жатқан жары. Құдай қосқан қосағы Едігенің алдына қойған үлкен мақсаты – қазақтың басынан өткен ашаршылық зұлмат туралы қалам тербеп, соны кітап етіп жарыққа шығарсам, ащы шындықты жеткізсем деген ниетіне тілеулес, осы жолдағы кедергілерді де бірге көріп келеді. Қиын кезде сүйеу болып, көңіліне кірбің түсірмеуге-ақ тырысады. Бірақ тұрмыс тауқыметі де қыспаққа алуда...



Бүгінгі түні Ай астында көз ілмей отырған Хансұлудан да басқа бір жан бар еді.

Ол Маусымжан еді. Едігенің Құдай қосқан қосағы. Алматыдағы бесінші қабаттағы өз үйінің балконында отырып, осынау жасы елуді алқымдап қалған, ашаң жүзді, ақ құбаша әйел Едігемен өткен ширек ғасырлық ғұмырын ой елегінен өткізеді.

Өмір туралы Маусымжан бұрын да ойлайтын. Бірақ бүгінгі ойла-нысы бөлектеу.

Маусымжан, жасыратыны жоқ өзін бұл өмірге тек бақ-береке үшін келген жан деп есептейтін. Олай ойлауына негіз де жоқ емес. Маусымжан қаршадайынан жоқшылық көрмей, ағыл-тегіл молшы-лықтың ортасында өсті. Республика шығысында біресе кеңшар, біресе аудан басқарып, өмір бойы аттан түспеген әке арқасында Маусымжан-ның миына, сірә, «мына тіршілікте таршылық болады-ау» деген ой кіріп те шықпады. Өзі қалаған жігітіне бас қосса, одан кейінгі өмірде сол бұрынғы қалпымен мұңсыз-қамсыз, сән-салтанатымен аға беретін сияқты көрінген. «Ең бастысы – махаббат» деп білетін Маусымжан. Ол оқыған әдебиет, көрген кино, дәріс алған мектеп қай-қайсысы болмасын Маусымжанның осы көзқарасын растайтын да, нақтылайтын да отыратын. Бірақ өмір Маусымжан күткендей болмай шықты... Рас, жар таңдауға келгенде Маусымжанның қолын қаққан ешкім болған жоқ. Ауданды билеп тұрған арыстандай әкесінің өзі Маусымжан тұлдыр жетім Едігені жетектеп үйге алып келгенде, «Бұның не?» деп беттен қақпады. Тек «Бақытты бол!» деді. Бірақ, той өтер-өтпестен Едігеге көңілі қалды әкесінің. Той өткесін көп ұзамай, әкесі Едігені оңаша шығарып алып, ауыл шетінде сөйлескен еді. Әкесі университетті кеше

ширек ғасыр
өке
жар таңдау
оңаша шығару
бетін қағу
болмайтын бала
деу апа
шығарма жазу
сенім, романтика
кертартпа

бітіріп, республикалық бір газетте жұмысқа енді орналасқан Едігеге екі өтінішін айтады. Бірінші өтініші – Едіге желкесіне таман түсіңкіреген шашын дереу қысқартуы керек.

– ...Ел-жұрттан ұят. Мына шашыңды реттесең қайтеді?! – дейді. Қайын атасының бұл өтінішіне Едіге үн қатпайды. Сыпайылық сақтайды. Екінші өтініші – Едігенің мамандығына қатысы болады.

– Екінші өтінішім – Жоғары партия мектебіне түссең! Мына қызметіңді тастасаң! – дейді әкесі қабақ шытып, үйреншікті билеп-төстеп сөйлейтін әдетіне басып.

– Неге? – дейді, Едіге үркіп кетіп.

– Ертенді ойлау керек!.. Тіршілікті ойлау керек, тілшілікті емес.

– Рақмет! – дейді бұндайды күтпеген Едіге, бұ жолы даусы жарық-шақтанып.

Қайын ата ажырайып, Едігеге қарайды:

– ... Бұны қалай түсіндік?

– Ұсынысыңызға рақмет! – дейді Едіге.

Содан кейін-ақ, қайын ата мен күйеу бала әңгімесі жараспай-ақ қояды. Орман шетінде екеуі біршама үнсіз жүреді. О кезде жасы алпысты алқымдап қалған әкесі Едігеден оның болашақ жоспары туралы да сыр тартады. Едіге алдағы жылы тұңғыш әңгімелер жинағының шығатынын, одан кейін де бірдемелер жазуды жоспарлап жүргенін айтады.

– Дұрыс екен... – дейді қайын ата біраз үнсіз қалып. – Жарайды, мамандығыңды өзгертпесең өзгертпей-ақ қой. Бірақ, онда... партия қатарына өтуді тездет! Редакторыңа құлаққағыс етейін!..

– Жо-оқ, рақмет!!! – деп, ыршып түседі Едіге. – Рақмет...

Ақ басты қайын ата бұ жолы беті шалбарланып, іркіліп, «мінез көрсете бастаған» күйеу бала бетіне тіп-тіке шақшиып қарайды. Өзі-өз болып, «Айтан Таңжарықович» атанып, ат жалын тартып мінгелі бері бетін бүйтіп ешкім қағып көрмеп еді.

Бүкіл ауданды бір шыбықпен айдап отырған «біріншінің» сөзін аяқасты еткеніне Едігенің өзі де кәдімгідей абыржып қалады. Бірақ сырт көзге ол «қасарысып қалған» болып көрінеді. Арада тағы үнсіздік орнайды. Қайын ата біраз үнсіздіктен кейін:

– ... Сонда саған... партбилеттің керегі жоқ па? – дейді, дауысы мүлдем өзгеріп, біртүрлі бәсеңси қалып, түнгі көкжиекке қабағы шытыла қарап тұрып.


Едіге күрсінеді, бірақ жауап қатпайды. Қайын ата сонда ғана өлденені ұққандай болып:

– ... Бімм... – деп, ыңылдап бір нәрсеге көзі жеткендей болып, бас шұлғи береді.

Едігенің болашағы туралы әңгіме осымен бітеді. Қайын ата бұдан былай Едігенің жұмысы, болашағы туралы әңгіме қозғамайтын болады.

Әкесі сол түні-ақ шешесіне «Мынау – болмайтын бала» дегенді айтады. Той өтер-өтпестен күйеу бала мен қайын ата арасына жарықшақ түскеніне қайғырған байғұс анасы бұл әңгімені қинала отырып, күрсіне отырып, Маусымжанға жеткізді. Оны есіткен Маусымжан ауылдан Алматыға көңілісіз қайтқан еді. Пойыз үстінде Едігенің өзі-ақ қайын атасымен болған әңгімені Маусымжанға түп-түгел мәлдіретіп айтып берді. Табиғатында біртоға Едіге шабыты келгенде әңгімешіл болып кететін. Сол қасиеті ғой о баста Маусымжанның басын айналдырып жіберген... Едігемен алғаш кездесіп жүргенде осы Маусымжан бір нәрсеге таңғалатын. Жас жігіттің өмірде көрмегені жоқ тағдыр талайына таңғалатын. Сөзіне жас бойжеткеннің елтуі де Едігеге қанат бітіретін тәрізді еді.

Едіге өмірге келмей жатып, әкесі мен шешесі – Бұлыш мерген мен Балқия сұлу тағдыр төлкегіне ұшырайды. Қылышын сүйретіп қырға келген Кеңес өкіметі Едігенің өке-шешесін «банды» деп, «баспашы» деп, қудалай бастайды. Қудалағанда да тура жапан түзде киік қуғандай өкшелеп ізіне түседі. Бірақ «қызыл жағалылар» қанша құнтыып қуғанымен, Бұлыш пен Балқия қолға түспейді. Бұлыш мерген Атырау, Арал арасындағы ел ішінде аты аңызға айналған аңшы екен. Едігенің әжесі Дәу апа да осал жан болмапты. Қапсағай ұзын, ер мінезді Бұлыштың шешесін жұрт пошымына қарап «Дәу апа» дейді екен. Әжесінің шын атын тіптен Едігенің өзі де білмейді. Едіге үш жасқа



толғанда әкесі баспашылардың қолынан қаза тауып, шешесі бұл қазаны көтере алмай жынданып кетеді. Бұлардың ауылы Қарақалпақстанның құмында көшіп-қонып жүріп, 32-ші жылдың аштығына ұшырайды. Қырылғандары қырылып, қалғаны Жем бойындағы елге оралады. Сонда елге оралғандардың ішінде Едіге мен әжесі де болады. Бірақ сұм тағдыр бұған жанашырдан қалған жалғыз әжесін де қимайды. 1937 жылы НКВД әжесін «Кеңес өкіметіне тіл тигіздің» деп, апарып абақтыға жабады. Бұл қорлыққа шыдай алмаған қайсар мінезді Дәу апа абақтыда дәм сызбай бір апта жатып көз жұмады. Өстіп, Едіге жасы 8-ден аса бере, не әке-шеше жоқ, не қамқор әже жоқ бір шаңырақта шошайып жалғыз қалады.

Маусымжан бұндай өмір жолы шырғалаң жанды кітап, киноларда кездестірмесе, өмірде кездестіре қоямын деп ойламап еді. Сондықтан Едігенің өмір тарихына құлақ түрген сайын Маусымжан өзін бір роман кейіпкерімен қатар жүргендей сезінді. Маусымжанның көзінде Едігенің осындай романтикалық бейнесі сомдала түсті. Едігеде зерде десе, зерде, алдына қойған мақсат десе, мақсат бар. Қаламгер ретінде Едігенің арманы 30-шы жылдардағы қазақ басына түскен зобалаң-ашаршылық жылдар туралы көлемді шығарма жазу. Бірақ Едігенің бұл жолында күндіз-түні қалғымай, қылышын қынаптан суырып цензура тұрды. Едіге қырыққа шейін ұсақ-түйек шығармалар жазып жүрді де, қырықтан аса өзіне арман болған әлгі кітапқа кірісті. Одан бұрын ол өз ауылының отызыншы жылдары кәмпескеден қашып, Жем бойынан үдере көшіп, сонау Қарақалпаққа шұбырып, Үстірт асқан жолымен жүріп өтті. Осы жылдар дүрбелеңін көзбен көрген көнекөз қариялармен жолықты. Сондай сапардан келген сайын Едіге үйге өзіне бір жаңалық аша келетін. Отызыншы жылдар ашаршылығы туралы «Ол ашаршылық, оқулықтар жазғандай «кездейсоқ қуаңшылықтан» немесе «жергілікті белсенділер жіберген кейбір қателіктерден» емес, түп-тура сол кездегі Кремльден бастап Қазақстанға дейін партия жүргізген саясаттан болған дегенді айта бастады. Оның бұл сөзінен Маусымжанның төбе шашы тік тұрды. Зәре-иманы ұшты. Мына сөзі КГБ құлағына жетсе не болды? Өз жолын өзі кеспей ме Едіге?! Маусымжан «антисоветчиктің» әйелі атанып, партиямен де, институтпен де қоштаспай ма?!

Өстіп қорқып-үркумен 3-4 жыл өтті. Алматының батыс тұсындағы бір сайға киіз үй тігіп алып, Едіге содан ойға алған кітабын жазуға отырды. «Кедейлік құрығынан... қашан құтыламыз!» деп Маусымжан қыңқылдай бастаса, Едіге «Сәл шыда» дейді шырығып.

– Қашанғы шыдаймыз!!! – дейді, бұл шытынап.

– Сәл... Сәл шыда!!! – дейді Едіге. Дауысы нығыз шығып. Өз бастаған ісіне деген сенімі берік жанның үні. «Үмітсіз – шайтан» деген. Қайтеді, шыдады Маусымжан. Бірақ бұл шыдағанмен, өмір шыдап тұра ма?! Соның алғашқы соққысы шекелеріне өткен жылы тиді. Бұлардың

жоспары бойынша, Едігенің үш жыл жазып аяқтаған кітабы өткен жылы баспадан шығып, Бағдагүлдің тойы мен жасауының шығынын көтеруге тиіс еді. Соған бейімдеп той болатын күнді құдалармен келісіп те қойған. Кенет, күтпеген жерден Едігенің кітабы тақырыптық жоспардан шығып қалды...

Жастау кезінде өзі дәулетті үйде өскен Маусымжанға Едігенің «байлық», «мансапқорлық», «тоғышарлық» дегеннің бәрін итжемге апарып тастайтын философиясы бұған қызық, ерекше көрінетін. Құлағына тосын естілетін. Ол философия «мансап», «дүниеқоңыздық» дегендерді мансұқ еткен, жоғары идеалдарды төбесіне көтерген, өршіл жас ұрпақ үніндей естілетін. Жаңа заман лебіндей есетін. Маусымжан о кезде сондай тоғышарлар тобырынан оқшау тұрған, дүниеге соны, өз көзқарасы бар ұрпақ өкілінің қолтығында келе жатқанына мәз болатын. Кедей жігіт, жетім жігіт, бірақ заманының жаңашыл тұлғасы, қаламгер Едігемен қол ұстасып, қиындықпен күресіп өмір кешу, өзінше бір ғанибет шығар деп сенетін. Өзінің «тоғышарлар» тобында жоқтығына іштей шүкіршілік етер еді. Бірақ есейе келе, Маусымжанның көзқарасы өзгере берді. Бұрын өнер адамымен өмір сүрудің өзі бір романтика шығар деп келсе, ендігі жерде сол сенімінің күлі көкке ұша бастады.

Күндіз-түні шұқынып, ақ қағазды шимайлағаннан басқа Едігенің қолынан түк келмейтін, бейшара жан екендігіне көзі жетті. Айналасына қараса, бұлардан басқа жұрттың бәрі тырбанып жүріп, өз үй жағдайын, бала-шағасының жағдайын дөңгелентіп жасап алыпты. Бірі – бастық, бірі – балпаң, бірі – бай. Кейбіреулері ыңыранып сенімен өрең сөйлеседі. Демек, өмір кімнің «дұрыс», кімнің «бұрыс» екенін дәлелдеп, соған лайықты әркімге өз бағасын бергендей. Ал өнерден басқа ештеңені мойындамайтын Едігенің де кім екенін өмір көрсеткендей. Яғни, «ешкім емес» екенін дәлелдегендей. «Қырық адамның бір жақ, қыңыр адамның бір жақ» екенін дәлелдегендей. Рас, Едіге қыңыр адам. Осы тұла бойғы тұңғышы Бағдагүлді мектепке беретін жылы екеуінің бір мықтап сілкісіп алғаны бар...

Бұрынырақ Маусымжан осы Едігенің «байлық», «мансапқорлық», «тоғышарлық» дегендеріне жаны қас болып, бар зейінін кітапқа, қағаз-қаламға қоюын оның озғандығы шығар деп ойлап келсе, бүгіндері көзі бір нәрсеге жетті. Едігенің жаңашыл жан емес, нағыз ескішіл, кертартпа жан екендігіне көзі жетті. Әйтпесе ол бүкіл еңбекші халық көсемі Лениннің халық үшін қан кешіп жүріп құрған Коммунистік партиясына тіл тигізер ме еді? Партиядан басқа тиісетін бұ дүниеде еш нәрсе қалмағандай. «Коммунистік партия 30-жылдары қазаққа зорлық-зомбылық жасады» дейді. Жарайды партия тарапынан кейбір асырасілтеушіліктер болған шығар. Бірақ Едіге дәлелдегісі келгендей «Кеңес өкіметі түгел бір халыққа қиянат жасады» дегенге кім сенер?! Маусымжан өлсе сенбес ондай сандыраққа. Жо-жоқ! Керісінше, қазақты

қазақ қылған, қой соңында жүрген қараңғы елді, небәрі 10-20 жыл ішінде түгел сауатты елге айналдырған кім? Білсең, Коммунистік партия! Білсең, Кеңес өкіметі, Едіге жолдас! Едіге, сен неге Кеңес өкіметі мен Компартияның халық үшін жасаған қыруар еңбегін көргің келмейді? «Көрмес түйені де көрмес» дегендей... Егер Кеңес өкіметі болмаса, тұлдыр жетім Едіге сенің өзің кім болар едің?! Жоғары білім алып, жазушы бола алар ма едің? Қолыңа қалам ұстар ма едің? Жоқ, таяғыңды ғана құшақтап қала берер едің! Дұрыс емес, Едіге бұның сенің! Дұрыс емес, көпке, партияға, заман ағымына топырақ шашқаның! Дұрыс емес, өзіңді адам еткен Кеңес өкіметіне тіл тигізуің! Оны қаралайтын деректерді жинап-теріп кітап жазғаның! Шын әділетшіл адам болсаң, өйтпес едің! Талай кітабың, киноң шықты. Соның бәрі біле-білсең кімнің арқасы? Кеңес өкіметінің арқасы! Просто сен қыңыр адамсың! Өмір сүре білмейтін қыңырсың!..

Лұғат

Шалбарлану – бұл жерде: бет терісі әжім-әжім болу, қыртыс-қыртыс болып құрысып, яғни ашулану; біртүрлі болу.

Жарықшақ – 1) жарық жер; 2) жарылып, сызат түскен жерлер арқылы бөлектеніп тұрған бүтіннің бір бөлігі; 3) темір, ағаш, тас, сүйек сияқты қатты заттың сынығы; 4) қаюу, кірбің, кикілжің; 5) ауыспалы мағынада жарылған, тілім-тілім болып кеткен. *Бұл жерде:* төртінші мағынада.

Итжем (итжеме) – қорлық азап, ешкімге керегі жоқ болушылық, сұраусыздық. *Бұл жерде:* керек емес, қажеті жоқ деген.



1. Маусымжан мен Едігені табыстырған не?
2. Маусымжанның өкесін алаңдатқан не?
3. Қайын атасы екеуінің арасындағы өңгіме қалай аяқталды?
4. Едігенің зерттеп жүрген тақырыбының өзектілігі неде?
5. Маусымжан мен Едігенің көзқарастары арасындағы қайшылық қай эпизодтарда көрінді?



Едіге мен Маусымжанның шыққан тегін, өскен ортасын, өткен өмірін қатар қойып, салыстыра талдаңдар. Едігенің партия билетінен бас тартуының мәнісін түсіндіріңдер. Маусымжан үшін Едіге қалай романтикалық бейнеге айналды?



Едігенің ұстанымына, айналысып жүрген ісіне, мінезіне кім тарапынан баға беріліп отыр? Маусымжанның үні ме? Әлде автор үні ме? Соңғы абзацтың айтар ойына талдау жасаңдар.



Ашаршылық трагедиясын зерттеу ісі қашан басталды? Отызыншы жылдардағы ашаршылыққа «кездейсоқ қуаңшылық», «жергілікті белсенділер жіберген қателік» деген баға берілген. Тарихи деректерге жүгініп, бұл оқиғаға қазіргі көзқарас тұрғысынан баға беріңдер.

Отызыншы жылдардағы ашаршылық

Кездейсоқ, қуаңшылық, жергілікті белсенділер жіберген қателік және т.б.

Шын мәнінде...

Бір кездері Ждақай секілді шолақ белсенділердің заманы туып, көпшілікке күн көрсетуден қалған. Саясаттың қолшоқпары болған Ждақай сияқтылар, басқаны былай қойғанда, өз ауылдастарына, замандастарына да қиянат жасаудан арланған жоқ. Шамасы келсе ел-жұртты тұқыртып, қорқытып, өз дегенін істеуге тырысты. Талай жұрттың әсіресе Шеге мен Хансұлулардың басына зобалаң тудырған Ждақай бұл күндері қартайып, мүләйім күй кешкен. «Бәріне уақыт төреші» дегенмен, Ждақай жасаған опасыздық Хансұлудың жүрегінен ешер ме екен?..



Төсек тартып әл үстінде жатқан Хансұлудың дүниені шарлап сарсылған санасы түн ортасы ауа бере шалдығып, сансырап, саябыр тапқаңдай болды. Сабылған ойы өстіп шаршаған төрізденгенімен, сезім-түйсігі әлі сергек жатыр. Жібек орамалдай үлбіреген түн лебін сезеді. Таң алды суырылған қоңырсалқын еспеге төс керген шөл өлкесінің ұйқылы-ояу маужырауын сезеді. Көз алдында далиған айлы-жұлдызды түпсіз тұңғиық көк аспан көгі. Соны көріп жатыр. Өзінің әлі жарық дүниеде жатқанын сезеді.

Хансұлу, кенет жанына келіп сүмендеп отыра берген бір шалдың елесін байқады. Тарғыл бет, басында жапырайған қара сұр тақиясы бар, иығына көнетоз шапан ілген, төртбақ, көкшіл көзді шал. Ждақай. Ждақайдың неге келгенін іші сезе қойды. Тағы да кешірім сұрау ниеті. О, жәдігөй! Шегенің басын жұтқан көззап. Сібірге Шегені бір емес, бірнеше рет айдатқан көззап осы. Хансұлудың өмірін дозақ еткен жәдігөй. Баяғыда 43-ші жылдың күзінде осы Ждақай соғысқа аттанғанда, Хансұлу бұ көззапқа сол қаптаған жау оғы да дарымас деп топшылап еді. Ойлағаны келді. «Жаңа жолдан» соғысқа аттанған ер-азаматтардың ішінде ауылға жеті мүшесі сау оралған жалғыз осы Ждақай болды. НКВД-ға домалақ қағаздарды боратып, талайдың басын допша домалатқан бұ кісәпірге, сөйтіп немістің оғы да дарымады. Бірақ Ждақай соғыстан өзгеріп оралды. Басына тақия, үстіне шапан киіп, қолына Құран ұстап, мүләйімсіген молда кейіпке түсіп келді. Молда

атаулыны кешегі отызыншы жылдары өз қолымен отаған Ждақайдың бұл тақуалығына жұрт сенсе де, Хансұлу сенбеді. Хансұлуды көрсе, Ждақайдың құты қашатын. Именшектеп не істерін білмей, өзінен-өзі абдырайтын. Бұл тақуа Ждақай, баяғы жылдар басқа шауып, төске өрлеген, белсенді Ждақайдың көлеңкесі іспетті еді. Елуінші жылдардың ортасында «Жаңа жолды» тастап Хансұлу осы Жетісуға көшкелі жатқанда ойламаған жерден сап етіп, осы Ждақай жетіп келді. Есік ашылып шоқша сақал, шапанының өңірін қаусыра қымтаған Ждақай үн-

Тірек сөздер

елес
көззап
соғыс
тақуа
кіне
кешірім
Алланың алды
екі дүние
ғайып болу

түнсіз, сүметіліп, табалдырықтан аттай берді. Бұл үйдің табалдырығын Ждақай аттар деп күтпеген Хансұлу оның бұл келісінен жаман тіксінді. О, ұқсамасаң тумағыр! Хансұлу дәл осы сәт есік алдында Ждақайды емес, Ждақайдың әкесі – баяғы Жорға Күренді көріп тұрғандай болды. Шақырылмаған қонақ бүгежектеп келіп, төрге домалаң етіп отыра кетті. Төмен қарап тұқшыып, шоқша сақалын тұтамдап, біраз үнсіз қалды. Содан кейін:

– ...Хансұлу! – деді, жүзін көтермеген күйі. – ...Сенің алдында кінәм Қаптың тауындай... Енді қайтып... бұ фәниде көрісе аламыз ба... жоқ па... Кешіре алсаң... кеш! – деді.

Хансұлу не айтарын білмей, біразға шейін ашуға тығылып, тырсыып отырды да:

– Ждақай! – деді сазарып, қаздып қалған қалпы. – Мен кештім не, кешпедім не, болар іс болған соң... Жауабыңды енді... Алланың алдында берерсің! Бәріміздің де барар жеріміз .. сол ғой!..

Осыны айтып Хансұлу қаздып отыра берді. Орнынан тұрып, қонақ алдына дастарқан жайып қызмет жасамады. Өңгіме осымен біткен еді. «Халық жауының әйелі» Хансұлу, сөйтіп атажұртты артқа тастап, сонау жер арқасы қияндағы Жетісуға жалғыз үй көшті де кетті. Одан бері де, мінеки, жүйткіп 30 жыл өтіпті. Бірақ Хансұлу өткен күндердің елесінен өлі де құтыла алмай келеді. «Бір аяғы көрде, бір аяғы жерде» жатқан Хансұлудың жанына Ждақайдың елесі сүметіліп тағы келді, мінеки. Жерге қарап, шоқша сақалын тұтамдай береді. Тіс жарып ештеме демейді. Айтпаса да неге келіп отырғаны түсінікті. Кешірім сұрайды. Істеген зұлымдығы үшін енді Құдай бетін көруге қорқады. Бұл ұзынды-қысқалы өмірінде Хансұлу талайды кешірген. Бірақ... Ждақай сенің... кішкентайдан құлын-тайдай тебісіп қатар өскен Шеге мен Хансұлуға жасағаныңды кешіре алмас! Екі дүниеде кешіре алмас! Аулақ! Аулақ! Өзәзіл!

Елес ғайып болды. Содан Хансұлудың тынысы кеңейіп сала берді...

Лұғат

Жәдігөй – бұл жерде: сұмырай, алдамшы, жексұрын, кінәлі, енді кешірім сұрап отыр, яғни жәдігөйсіп отыр деген.

Кісәнір – 1) қалтаға түсетін ұры; 2) өз құлқынын көздейтін арамниетті қу, сұм, залым адам. Бұл жерде: кінәсі өте көп, өтірік айтып талайдың обалына қалған қанішер деген мағынада.



1. Төсек тартып жатқан Хансұлу кімнің елесін байқайды? Елес не айтпақшы?
2. Хансұлу Шегенің өліміне кімді кінәлайды?
3. Соғыстан қайтқан Ждақай қалай өзгеріп келді?
4. Хансұлу Ждақайды кешірді ме?
5. Хансұлу қайда қоныс аударады?



Ждақайдың соғысқа дейінгі және соғыстан кейінгі бейнесіне талдау жасаңдар. Оған қолындағы білігін асыра пайдалануға кім мүмкіндік берді? Оның бойындағы өзгерістің орын алуына қандай жайттар ықпал етуі мүмкін? Ждақай істеген ісіне қаншалықты өкінеді?

Соғысқа дейін	Соғыстан кейін



Ждақайдың өрекеті туралы қандай пікір қалыптасты? Бұндай шолақ белсенділерді қалыптастырған қоғам ба, әлде оның шыққан тегі, отбасы тәрбиесі өсер етті ме? Жұпта мәселені талқылап, пікір алмасыңдар.

«Отыз екінші жылдың» қолжазбасы

Кеңестік биліктің қасаң саясаты өзі бағынышты еткен ұлттардың тілі мен салт-дәстүрін, тарихын санадан біржола өшіруге, дүбара қылуға бағытталды. Осы мақсатта еш нәрседен де тайынған жоқ. Әдебиет пен мәдениетке, тарихқа қатысты жарияланатын кітаптар да, ғылыми еңбектер де, тіпті кино мен театр өнерінің туындылары да орталықтың қатаң сүзгісінен өтетін. Бұл шығармалардағы ұлттық құндылыққа қатысты деректер қысқартылып немесе мүлде алынып тасталынатын. Мұндай тақырыпты жарияламақ тұрмақ, сөз ету басын бәйгеге тіккенмен бірдей. Шығарма кейіпкері Едігенің де өз халқының басынан өткен осы ауыр кезеңді, қолдан жасалған аштықты жарияласам деген мақсаты сол жүйенің кедергісінен шыға алар емес...



Таң қараңғысын жамылып, Ай астына қарай алыстай берген ол жұмбақ сұлба Едіге болатын. Тақта үстіне салынған кең төсектің астынан су шыққандай дөңбекшіп-дөңбекшіп ұйықтай алмай, ақыры таң алдында киініп тұрып кеткен еді. Жанындағы Түгелхан әлдеқашан ұйықтап қалған. Жатардың алдында Едіге ұйықтататын дәрі ішті. Бір емес, ерегісіп екі түйірін ішті. Жобалауынша өрі кетсе 15 минуттың ішінде тырапай асуға тиіс еді. Бірақ олай болмады. Санасын сары масадай талап сапырылысқан ойдан сонда да құтыла алмады. Іші иттей ұлып, көз іле алмай түн ауғанша жатты да, ақыры түрегеп кетті. Көз алдынан сол бір көрініс кетер емес. ЦК-ға барғаны, қалың бет Хатшы даладай кең столына қос білегін төсеп, иегін көтеріп, қазық жұтқандай қаздырып отырды. Салтанатты мәжілістердің төрінде Хатшының өстіп, қаздырып отырғанын талай көргені бар-ды. Шаршы топтың алдында Республиканың идеологиялық сарбазы өзін-өзі осылай ұстауы керек шығар деп ойлайтын, партияның оң көзі болғандықтан да... оң көз қалғымауға тиіс қой. Партия қырағылығын көрсету үшін әдейі істейтін шығар деп ойлайтын. Сөйтсе «Қалың бет» өз кабинетінде де дәл сол күйі отырады екен. Алдындағы Едігеге емес, сонау маңдайшадан көз алмай ойланады. Өлден уақытта:

– Балқаш комбинатының тарихы туралы бір фильмге госзаказ бар. Сіздердің бастыққа тапсырылды ... – деді...

хатшы
идеология
кітап жайы
партия
қателесу
өпенді
еңбегі еш болу

– Ие. Айтқан... – деді Едіге, Хатшының әңгіме тақырыбын өзгертіп жібергенінен секем алып. Хатшы бұ тұста толық денесімен бұған қарай бұрылғандай болды.

– Ендеше сол... кезек күттірмейтін тақырып! Сценарийді тездету керек, – деді бұ жолы Хатшы Едігеге кішкентай түйме көзін қадап. Сұғы тікенектей өткір екен.

– ...Тездету керек! – деді тағы да жұмсақ қоңыр үнмен. Едіге тамағын кенеп қозғалақтай берген. Хатшы:

– Түсініп отырмын. Кітабыңыздың жайы ғой!.. – деді. Едіге болмашы бас изеді.

Хатшы тіктеліп отырып, тағы да маңдайшаға қарап қазиды. Осы бір үнсіздік... жылдай созылған тоң-торыс... Едігенің үмітін біржола үзіп тынды. Маңдайы жіпсіп сала берді.

– ...Қолжазбаңыз туралы... естігем... Ол бір... Халық басына түскен қасіретті жылдар ғой... Оны айтар мезгіл... емес қой!.. – деді, әрбір сөзі ернінен әрең үзіліп. Маңдайшаға қадалған Хатшы қасын керіп тағы үнсіз қалды. Әңгіме осымен біткен еді.

– Рақмет! – деп, Едіге серпіліп орнынан тұра берді. Хатшы бұған жалпақ алақанын ұсынды.

Едігенің күн-түн қатып, 4-5 жыл жүріп жазған кітабының тағдыры осылай бірер минутта біржолата шешілді.

Бұл кітабының тағдыры шамамен осылай болатын шығар деп жобалайтын өзі де. Бірақ кітап цензурадан өтіп кетер деген үміті де жоқ емес-ті. Сол үшін, яғни сауысқандай сақ редакторларды шатастыру үшін кітапта біраз тұлкібұлтақтар жасаған. Тіптен цензорлар мен редакторлардың құлағына майдай жағатын Ленин есімін де бір кейіпкерінің ауызына салып, марапаттап қойған. Ленинге малданған редакторлар мен цензорлар кітаптың қалған кінәсін кешер деп ойлаған. Ондай «башна-башқа» бармаса, ашаршылық туралы кітаптың бүгінде еш жерден өтпейтіні белгілі еді. Оны білмейтіндей Едіге бала емес... Бірақ кітапты оқыған редакторлар Едіге күткендей аңқау болмай шықты.

Жұмсақ ұйыған таң қараңғысын жамылып, баяу аяңдап, ауылдан шығып барады Едіге. Болмашы қылаңыта бастаған шығыс аспан етегінде семсердей сүйірленіп, қарауытқан бұлт көрінеді. Мөлдір тұз ауасы, аспан астын жайлаған жайбарақат тыныштық қазір адам жанын өлділеп, риясыз рақатқа бөлесе керек еді. Бірақ Едіге жаны тыншым таба алар емес. Бір үлкен майданда, бүкіл ғұмырын бөйгеге тіккен әдебиеттегі күрес майданында тағдыр бұны оңдырмай омақастырып, шалқасынан түсірді. Қайдан қателескенін білмейді. Қолдан кел-

мейтін шоқпарды беліне қыстырған бұның қателігі ме, әлде бұның қолындағы шоқпарды қағып түсірген партияның қателігі ме? Білмейді. «Отыз екінші жылдың оқыған азын-аулақ қаламдастары кітапты» түгелдей саяси қателіктен тұратынын да айтқан. Бетіне басып-басып айтқан. «Бекер шаршап қайтесің, бұдан да басқа тақырып толып жатыр емес пе?» деп, мүсіркеп кеңес берген. Едіге кезінде айтылған сондай ақыл-кеңестерді алмады. 4-5 жыл өмірін сарп етіп, ойға алған шығармасын жазып шықты. Енді бүгін сол жанашыр қаламдастарының айтқаны келді. «Шаршайсың!» дегендері расқа шықты. Жұрттың көзінде, әсіресе әйелінің көзінде бұл бір бас пайдасын білмейтін, құрғақ қиял қуып, өзін де, өзгені де босқа өурелеп жүрген әпенді көрінді. Жай әпенді емес, қашан маңдайы тасқа тигенше ақылы кірмейтін тоңмойын әпенді көрінді. «Маңдайың ақыры тасқа тиді ме, пәлем! Саған керегі де сол» деушілер де аз болмас. Соның бірі – өз әйелі. Жұрт сияқты қопыратып ақша тауып, алдымен отбасының жағдайын жасап алмай тұрып, шықпайтын кітапқа 4-5 жыл жұмсағанына күйінеді әйелі.

Күйінбегенде қайтсін, қуансын ба, Құдай қосқан қосағының бар үміт артқан еңбегінің еш болғанына. Өмір шындығы Едігенің «қырық кісі ақылын тыңдамаған қыңыр кісі» екенін дәлелдеді. Сонымен «қырық кісі» жеңді. Қыңыр кісі жеңілді. Едіге жеңілді. Аяқасты болды. Езілді. Тапталды. Тапталғаны сол, Едіге енді жақын болашақта жазушы ретінде ес жиып, еңсе көтере алмақ емес. Қайта қалам ұстай алмақ емес. Ол анық. Осыны ойлағанда қараптан-қарап тұрып тынысы бітеледі. Жағаға шығып қалған балықтай аласұрады. Ауызымен ауа қармайды. Қазір де солай болды. Бусанып маңдайынан тері шықты.

Жүзін көтеріп, алға көз жіберіп еді... тік жар төрізді ұйып тұтасып тұрған қараңғыдан өзге түк көре алмады...

Лұғат

Тоң-торыс – тымырайып қатып қалған, томаға-тұйық қыңыр. *Бұл жерде:* ұзақ уақыт үнсіздік, тыныштық деген мағынада.

Цензура – баспасөзге дайындалған, сахнаға қоюға әзірлеген шығармаларға бақылау жасайтын орын. *Бұл жерде:* Кеңес өкіметі тұсындағы бақылауды айтып отыр.

Әпенді – 1) қожанасыр, мәжнүн, алаңғасар адам; 2) көне сөз: мырза, оқымысты, құрметті адам. *Бұл жерде:* ауыспалы мағынада әпендіге ұқсап босқа әуре болу дегенді меңзейді.



1. Едігенің мазасын алған қандай мәселе?
2. Қолжазба қай жылдардың оқиғасына негізделіп жазылды?
3. Едіге кітабын саяси цензурадан қалай аман алып қалмақшы болды?
4. Бұл кітапты жазуға қанша жылын арнады?
5. Бұл тақырыпты етене зерттеудегі Едігенің мақсаты не?

«Ашаршылық құрбандарына ескерткіш» монументі

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандары мен ашаршылық құрбандарын еске алу күні. 2012 жылдың 31 мамырында алапат ашаршылық құрбандарының рухына тағзым ретінде «Ашаршылық құрбандарына ескерткіш» монументі ашылды. Дөңгелек жерошақ сипатындағы шеңбердің ішінде зұлматтан шаңырағы шайқалған әйел-ана мен жас бала мүсіні қойылған. Ана үмітпен көкке қолын жайып көмек сұрап, ұрпағына ғұмыр тілеп тұрғандай. Қасындағы балбал мүсіндер ашаршылық кезінде дүниеден өткендер мен тірілер арасындағы байланысты көрсетеді. Монументтің артында киіз үйдің керегесі бейнеленген «Қасірет керегесі» тұрғызылған.



Едігенің ел мүддесі жолындағы күресі қалай аяқталды? Бұл жолда қандай кедергілерге тап болды? Кейіпкер еңбегі еленіп, ескерілді ме? Оның бұл іс-әрекеті айналасындағы адамдарға қалай әсер етті?



«Жалған дүние» романындағы әлеуметтік-моральдық мәселелер тақырыбында шығарма жазыңдар.



Мәтінмен танысып, төменде берілген тақырыптар жөнінде мәліметтер жинақтап, пікір алмасыңдар.

1-топ. Саяси қуғын-сүргін азабы, ашаршылық қасіреті, демографиялық соққы.

2-топ. Монументтің мазмұны.

3-топ. Зұлмат заманның қасіретін ұмытпау, жазықсыз жапа шеккендердің рухына тағзым ету.

4-топ. Тарлан тарих тағылымын, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақты сабақтастыру.



Кнут Гамсунның «Аштық» романының қысқаша мазмұнымен танысыңдар. Шығармада басты кейіпкердің аштыққа тап болу себебін анықтаңдар. Қазақ әдебиетіндегі ашаршылықтың себебі мен салдары көрініс табатын шығармаларды еске түсіріңдер. «Ашаршылық: тарихи және көркемдік шындық» тақырыбында әдеби сын жазыңдар.

Қайғы

Қаршадайынан ел басына түскен нәубетті көзімен көріп, талай рет адалдық пен аярлықтың, мейірім мен зұлымдықтың алдында бетпе-бет қалған Хансұлу дүние салып, мәңгілік сапарға аттанды. Хансұлудың өмірден озуы бір шаңыраққа ғана түскен қайғы емес. Шерлі күндердің шежіресі болған ана жүрегінің мына жалған дүниеге – аумалы-төкпелі заманда адам баласының ар алдындағы халіне, жан дүниесі жұтаңданып бара жатқан жас ұрпақтың тағдырына айтары бар еді.



...Хансұлу таң алдында талықсып жатып ұйықтап кетті. Түс көрді. Түсінде студент болған Бөпенайын көрді. Түн екен дейді. Қала екен дейді. Той ма, ойын-сауық па, әйтеуір қаланың қарақұрым халық жиналған бір алаңында салтанат өтіп жатыр. Шуылдасып ойын-сауық құрып жатқан өңшең қылқандай жастар. Арасында Бөпенай жүр. Өрімтал қыз-бозбала қол ұстаса жүгіріп, дөңгелене билейді. Хансұлудың жүрегі жарылардай қуанды. «О, Жасаған! Қызының қатарға қосылғанын көретін де күн бар екен ғой! Жаным-ай! Күнім-ай! Құлыным-ай! Енді өліп кетсем де арманым жоқ!»

Ет-бауыры езіліп кетті Хансұлудың. Көзден аққан бақыт жасы омырауын жуды. Бірақ қуанышы ұзаққа созылмады. Алаңда ойын-сауық құрып жатқан жастар салтанатының, кенет табан астында тас-талқаны шықты. Солдат па, мелиса ма, әйтеуір бір қара шоғыр қарулы топ, өлгі жастар құрамын бықпырт тигендей қылды. Шетінен ұстап жатыр. Қолдарын қайырып жатыр. Сүйрелеп әлдеқайда әкетіп жатыр. Осы ойдан жаны мұрын ұшына бір-ақ тақады Хансұлудың. Көз алдында өнеки солдаттар қашқан жастарды қым-қиғаш қуалап жүр. Хансұлу Бөпенайын ойлап иманы тас төбесінен шықты. «Ойбай!», «Ойбай!» деп сарнады. Жаны қыдырып бебеулеп кетті. Сөйтсе Бөпенай аласапыран жұрттың арасында аңырап, жан-жағына жалтақтап қарап тұр. Үстінде ақ көйлегі. Осы биыл мектеп бітірерде киген ақ көйлегі. Жай тұрған жоқ, екі езуі екі құлағында, мез болып тұр. «О, сорлы болған аңқау балам-ай! Ойбай, қашсайшы!» Жан ұшырып ұмтылды Хансұлу, өз аяғына өзі сүрніп мұрттай ұшты.

– Ойбай қаш! – деп айқайлады. Дауысы да шықпады тұншығып. Көз алдында, сөйткенше екі мелиса қызының екі қолтығынан шап беріп ұстап алып, дырылдатып сүйрей жөнелді. Бөпенай сонда ғана бұлқынды. Қызының:

– Әже!! – деп шырқыраған үні шыққанда Хансұлу:

Ай! Ай-и!! – деп жанпөре ышқына ұмтылды. Бірақ Хансұлудың үні шықпай, болмашы ғана қорқырады. Екі қолын ербеңдетіп алға созған қалшы, төсегінен жартылай шығып барып «дүрс» етіп етпетінен түсті.

Тірек сөздер

түс көру
қала
өрімдей жастар
қара шоғыр
ұстап алу
қараңғы қуыс
ақ шүберек
көңіл айту
ит тірлік
жай табу

Сол-ақ екен, көз алды лап етіп аппақ жалын шашты. Не болып, не қойғанын түсіне алмады. Жаны балдай шырын ләззат күйін татқандай болды. Ащы ішектей шұбататылған қараңғы қуысқа зымырап түсіп алып, өзінің бір шоқ сөулеге айналып ағып бара жатқанын байқады. Ін-үңгірдің арғы тұсында теңгедей жарқырап дөңгеленген шығар ауыз көрінеді. Солай қарай сынапша сырғып құйыла зымғайды. Бірақ қараңғы қуыс таусылар емес. Бір кезде жарық ауыздан зымғап шыққан пәруана жаны далиған жайқын аспанға көтерілді.

Ауру-сырқат, қайғы-қасірет мүжіп, кеміріп, әбден ит жыртқан терідей тозығы жеткен байғұс денесі, өнеки төменде, кішкентай үй ауласында қанатын жайып, жер құшып жатыр.

Шыбын жаны шымшықша құлдырап, азат кеңістікті бойлай ұшып, әуелеп барады. Жер бетінің бұйығы таң қараңғысын артқа салған шыбын жан, қырмызы шапақ керелеген таңғажайып нұр мұхитын парлап кезеді...

Едіге марқұм Хансұлуды оң қолтығынан ұстады. Көз жасы сорғалаған Үміт шешесінің екінші қолтығына жармасты. Марқұмның қол буындары сіресіңкіреп қалған екен. Төсегіне жатқызғаннан кейін қолдарын жазып, бетін ақ шүберекпен бүркеді. Содан кейін ішкі бөлменің еденін жалаңаштап, Хансұлудың денесін ақ кебінге орап, екеулеп жүріп сонда апарып қойды.

Қайдан естігенін Құдайдың өзі біледі, көп ұзамай ауылдың Қозбағар бастаған көрі-құртаңы шұбырып аулаға жинала бастады. Алдымен таяғына сүйеніп қаңқиған кемпірлер, қаураған шал-шауқандар келді. Іште дауыстап жылап отырған Үміт байғұсқа көңіл айтып шыққан жұрт сыртта, үй іргесіндегі орындықтарға қаз-қатар отыра бастады. Жастар қорадан бір қойды сүйреп алып шығып, аула сыртына апарып аяғын буып жатыр. Аула ішіне өлдеқайдан киіз үйдің ағашын көтеріп әкелген келіншектер енді жапырласып кереге кере бастаған. Жерошақ маңында дүрсілдетіп отын жарған бозбалалар. Есік алдында тізіле қалған самауырлар төңірегінде баяу күбірлесіп бойжеткендер тұр.

Осының бәріне үнсіз көз тастап, шеткеріректе Едіге мен Түгелхан отыр. Түгелханның беті қалқып іскен. Көзі қызарған. Аздап жылап алса керек.

– Марқұм иманды екен... – деді Едіге Хансұлудың қиналмай көз жұмғанын еске алып. Түгелхан бас изеген болды.

Үй түбінде қатар отырған бұларға келіп, қол беріп амандасып, көңіл айтушы ауыл кісілерінің қатары жиілей бастады.

Шалдар жағы, ішінде Қозбағар да бар, марқұмның түнде қайтқанын нақтылап алғаннан кейін:

– ...Е, марқұм, өз үйінде бір күн түнеген екен ғой... Ендеше, бүгін шығара берсе болады, – десіп, Хансұлуды бүгін жерлеуге шешім қабылдады. Марқұмның ет-бауыр жақынынан шетте жүрген Алматыдағы жалғыз немересі Бөпенай еске алынып, оған телефон шалуға тапсырма берілді.

Осының бәріне үнсіз қарап отырған сияқтанғанмен, Едігенің ойы өзге бір толқында еді. «Жұрт ұйықтап жатқан кезде, тып-тыныш жүріп кеткен Хансұлу неткен иманды жан еді!!!» дейді іші. «Тек бір ғана нәрсе, Хансұлудың төсегінен шығып, ұмтылып барып құлағаны несі екен?»

Сол ғана жұмбақ. Бетіне ақ шүберек жабар алдында марқұмның сарғыш тартқан жүзіне назар іріккен еді. Хансұлу қабағын шытып көз жұмған екен. Қабағын шытып не нәрсеге ренжіді екен? Бү пәнидегі соңғы демін жұтар алдында неге налыды екен Хансұлудай ғазиз жан? Бірақ неге ренжіді деуге бола ма? Бар тірегі, азамат болған жалғыз ұлының түрі мынау болса! Оның арғы жағында «халық жауының әйелі» атанып, өмір бойы көрген азабы тағы бар. Едігенің көз алдынан кезінде жалпақ елге «кербез келіншек» деген аты шыққан, қазір ішкі үйде ақ кебін оранып жатқан Хансұлудың қым-қиғаш өмір жолы жүйткіп өтті. Отызыншы жылдар басында «бай» делініп, әкесі қуғын-сүргінге ұшыраса, одан кейінгі жылдары Құдай қосқан қосағы Шеге «халық жауы» атанып, қудаланудан көз ашпады. Соғыс тұсында тірі жесір Хансұлудың мойынында Шегенің кәрі шешесі мен шиеттей жас балалар қалды. Соларды аш-жалаңаш қылмаймын деп, Хансұлу қолына ақ таяқ алып, қысы-жазы қой соңында салпақтады. Шолақ белсенді Ждақай Шегенің басын түрмеге тығып тастап, енді оның панасыз қалған жас жары Хансұлуға қол салғысы келді. «Жаңа жол» ауылын «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстаған Ждақайға Едіге ол жылдары қыз-келіншектерге хат таситын почтальон болғаны бар. Сол қызметін жөнді атқармағаны үшін емес пе, Ждақайдан өлімші болып таяқ жегені. 14-ке енді ғана толған бала Едігенің түйемен сонау қияндағы Қарақалпаққа қашуы да содан басталды емес пе?! Бү жарық дүниеде сондай сұрқия заманның табанында иленіп, дозағында қақталған жанның бірі Хансұлу болса, ол байғұс неге бұл ит тірліктен оп-оңай құтылғанына шүкіршілік етпеуге тиіс? Марқұмның өмір бойы шырыл қаққан шыбын жаны жай тапса, о дүниеде енді ғана жай тапқан шығар. Мәңгілік тапқан шығар...

Лұғат

Жаны қыдыру – жаны шықты, не істерін білмеді, қатты састы деген.

Жанпәре – *диалект сөз*: жан ұшыра, жанталаса, жан дәрмен деген мағынада.

Пәруана – *діни сөз*. Бұл жерде: адам жанының ұшып кетуі жайлы айтқан.

Шолақ белсенді – дәрежесі төмен болса да, асыра сілтеуші, тым белсенді, яғни шаш ал десе, бас алатын адам.



1. Хансұлудың түсіне кірген Бәенәй оған кім болып келеді?
2. Өліп бара жатқан Хансұлу қандай күйге түсті?
3. «Марқұм иманды екен» деген сөздің мағынасын ашыңдар.
4. Халық Хансұлудың өлімінен нені жұмбақ көрді?
5. Едіге неліктен Ждақайдан таяқ жеген еді?



1. Шығармадағы символдық белгілерді анықтап, олардың маңызына, мәніне талдау жасаңдар.
2. Романдағы бір эпизодты таңдап алып, оны бүгінгі уақытпен сипаттап жазыңдар. Кейіпкерлер тағдырында қандай өзгеріс орын алды? Уақыт өзгерісі кімге тиімді, кімге тиімсіз болар еді?

Қазақты қынадай қырған 1932 жылғы ашаршылыққа дерек іздеп, кітап жазсам деген Едіге – осы жолға бар өмірін, саналы ғұмырын арнаған адам. Басынан өткен талай қиындықтарға мүлде мойыған емес. Қылышынан қан тамған қызыл империя қазақ басына түскен қиын тағдырды ешқашан айтқызғысы келмейді. Қасақана жасалған қылмыстың беті ашылып қала ма деп өлердей қорқады. Бірақ Едіге үшін халықтың тағдыры, шындық бәрінен қымбат...



Бағытым – ауыл алдындағы шаңыта бастаған кең алап. Жарықтық, ала жаздай тамшы тамбай ерні кезерген ұшы-қиырсыз, тұлдырсыз, кең, сұрқай жазыққа қарап келемін. Тегіс, көз сүрінер белгі жоқ. Назарың тек сонау адыраспанды сарыжағал төбе басында ұйысып, шоғырланған қызғыш тамды ауыл зиратына ғана сүрінеді. Өзірше, баяу басып, жүзімді желге тосып, өз ойыммен өзім келемін. Осы келе жатқан қалпымда кеудемде жан жоқтай. Сол жанның болмағаны қандай жақсы деймін, бір есептен. Болса, сыздар еді ғой, ауырар еді ғой! Алматыға өзірше беттегімнің келмеуі де содан. Алматыға барсам... Әйел, бала-шаға, жақын-жуық, достарым, жолдастарымды көремін. Олар менің соңғы жылдары көз майымды тауысып жазған кітабымның жолы кесілгенін, бес жылғы еңбегімнің еш болғанын естіп-біліп отыр. Соны әңгіме қылып, есіркеп-мүсіркемек. Бейшара болған жазушы Едіге Бұлышұлын, сөйтіп аямақ, мүсіркемек. Бұның басына түскен ауыртпашылық соған лайық екені де рас. Аяуға тұрарлық. Талай жыл толғатып, жазушының жазған кітабының жабылуы, кісісі өліп қаралы болғаннан несі кем?!

Бұл қорлықты жалғыз өзі көріп қана қойса бір сөрі.

Қиналатыны, бұ қорлықты Құдай қосқан қосағы да, жазықсыз бала-шағасы да бірге көріп, бірге жер болды-ау!

Сен, сөйтіп өзіңмен кетпей кесіріңді әйел, бала-шағаңа тигізіп отырсың! Сенімен бірге олардың да еңсесі түсіп отыр. Жүні жығылып, қор болып отыр. Соның бәрі сенің... Едіге сенің арқаң. Сенің заман ырқымен жүрмей, сыңарезулкке салынуыңнан!

Осыны ойлағанда жүрек байғұс, тағы запыран жұтты. Кеудесіне сыймай тыпыршыды. Бір ыстық толқын бетін қарыды. Саусақ ұштарына дейін ысып барып, қайта суыды.

Жанын қоярға жер таппады. Ал аяқ... аяқ байғұс болса қайда бара жатқаны белгісіз, әйтеуір беталды тартып барады. Қаптал тұсында қураған дүзген бұта бас шұлғып, шуыл қағады. Сарнау шуылы сезімді құлазытып, көңілісіз күй кешеді. Бұта біткен азынау желге емпең қаға үн қосады.

Тірек сөздер

ауыл зираты
кітап, еңбек
заман ырқы
күм
дала
ой
өктем үн
кітапхана
өділет

Жерге кәдімгідей жарық түскен. Екпіні қатая түскен шаңыттан Күн көзі ашыла алмай буалдырлана бастаған.

Күм етегінде әр жерде шашырай қалқиған дүзген, қараған, бұта арасында келеді. Солардың гуіл-шуылы, бас шұлғи теңселісі бұның көңіл күйімен әнтек үндесе, жан пернесін баса үйлеседі. Тілдеседі. Бұзылған ауа райы бүгінгі тірлік сықпытындай елестеп, терең ойға жетелейді. Бала күнінде, осындай желді күндерде, гуілдеген бұта түбінде бүрісіп отырғанды немесе бұғып жатқанды жақсы көретін. Ауылдан алыста мал қарап жүріп шаршағанда кейде осындай желді күндері дүзген түбін ықтап жатып ұйықтап қалатын. Жарықтық, Жем бойы, Үстірт, түрікпен құмдарының айқай желі ерекше ғой. Дауылдың көкесі со жақта. Мына шаңдауылдың қазіргі сыңсуы сол алыс қалған балалық шағын аралатқандай. Со жақтан жеткен етене таныс дос лебіздей. Толассыз бұта үліне ден қояды. Жүре түсіп тоқтайды. Ызғыған жел бүкіл даланы тірілте қозғап, оятқандай. Биік аспан асты, Жер үсті, алыс-жақын көзге көрінгеннің бәрі ызы-шу, қым-қуыт, бір әбігер қозғалысқа түскендей. Тура бұның соңғы күндеріндегі аласапыран көңіл күйіндей.

Неге жүріп келеді? Қайда барады? Ұқса бұйырмасын. Шынтуайтына келсек, тірліктің өзі осы тақылеттес. Пешенесіне жазылған құйттай ғана ғұмырында, әйтеуір қыбырлай беріпті. Жұрт оқып жатқаннан кейін, бұ да оқыпты. Жұрт мақсат қуып жатқаннан кейін, бұ да қуыпты. Бірақ сол мақсатының қаншалықты маңызы барына көзі толық жетпепті. Мақсатыма жетсем, халқыма қызмет етсем деп арман еткені рас. Осымен өзін-өзі жұбатыпты. Осы жолда саналы ғұмырын сарп етіпті. «Отыз екінші жыл» – соның айғағы. Ал енді нәтижесі не болды? Кісінің ала жібін аттамаған бұ байғұс, кісі баласына жамандық жасамаған бұ байқұс, өз халқының жоқшысы болам деген бұ байғұс... тағдыр төлкегіне түсіпті. Қалған жұрт алға озыпты. Атқа мініп, адам болыпты. Бұндай күйге түсердей Едіге кімге, не жазып еді, не қателік жасап еді?!

Манадан сыңсумен тұрған шаңдауыл кенет ышқына күшейіп, шабына ысқырғанда бұны ұшырып кете жаздады. Қалың ойдан серпіліп, көз ашып, төңірек әлемге қарады. Бірақ күм суырған жел көз аштырар емес. Әлгі гулеп соққан долы құйын маңайды шаңдатып, борасындатып, бұны біраз жұлқылап алып, зытып барады. Бұл төлтіректеп барып, өрең тоқтады. Ал өзге әлем астын-үстің төңкеріліп, тұс-тұстан зымырап ағып жатыр, шығысқа қарай жарыса жеңкіліп жатыр. Бұта бастары «шашын жұлып» жел екпініне жаппай жапырыла құлап шыңғырады. Бұның күткені де осы еді. «Бәрекедді» дейді іші, ие, Едіге бұл өмірден өтер күн жәй күн болмаса керек-ті. Бір өзгеріс болса керек-ті. Сол өзгеріс басталғандай. Табиғат ананың мына тұлған тұтқан кейпі неткен ғажайып!!! Осы сөт мына дүлей

табиғатпен қайымдасып, араласып, бір бөлшегіне айналып кеткендей толқиды. Ана орнына анам болған, әке орнына әкем болған далам-ай! Ару далам, асылым, алтын бесігім! Дүниеде жалғыз ғажайып көрдім десем, ол сенің бейнең болды десем, жұрт сенер ме?! Сұлулықты тек, өз бойыңнан іздеп, өз бойыңнан таба алдым десем, жұрт сенер ме?! Бірақ, жырлап тауыса алмаппын. Тіптен, сенің ала жаздай ылғал тамбай қаңсыған мына кейпің де, жусанды жондарыңа, сабанды сайларыңа да тең келер өзге әлем таба алмадым! Саған, тек жалғыз саған ғана тән мол даналық, кеңдік, жүрек қылын қозғар көусар тазалықты еш жерден іздеп таба алмадым. Қамшының сабындай мына қысқа тірлікте кең дүниені көріп тауыса алмасам да бір нәрсеге шүкірлік етер едім...

Алдын-артын түгел шаң дауыл орап алған. Аспан жаққа назар жіберсе, сәскеге беттеген Күн көзі түгел шағырмақтанып, алабұртып алыпты. Арт жағына бұрылса, құм етегіндегі шағын ауыл көрінер емес. Алды-артын ораған шаңытқан көзге шалынар жер шеңбері тарылып қалыпты. Шаңның көз аштырмай құтыруы ғана мазалайды. Шашы қопырай бергесін майкесін шешіп алып, басына орап алды. Жейдесінің ілгегін ағытқан күйде ашық қалдырды. Сол-ақ екен, жейдесінің «қос қанаты» желбіреп, сатырлай бастады. Бүйтіп жейдесін жел кеулемегені қанша заман. Дұрыс болды. Бұта арасында тізе бүкті. Жаппай жамырап, қосыла гулеген бір шоқ бұта арасында бүк түсіп, көзі жұмулы отыр. Өлдеқайда жел өтінде домалаған ескі шелек даңғыры құлаққа шалынды. Дала кезген көп қаңбақпен жарысып домалап бара жатқаны көзге елестеді.

Көзін тарс жұмып отырған күйі ойланады. «Бұ не жүріс?» «Бұ не отырыс?» «Қайдан келіп, қайда барады?» «Жер бетінде осы қайдан пайда болды?» «Және бұ жүрісте не мағына бар?» Жан баласы жауап бере алмас мазасыз сауалдар. Сана! Барлық пәле сенен, сана! Осы бір сенің кірпік іліп, жағың қарысар күнің бар ма?! Күні-түні қалғымай титықтаттың! Кісінің басқан қадам, жүрген-тұрғанын, айтқанын жіпке тізген күзетіңнен шаршадым! Адам пақырдың барлық соры сен болмасаң нетті! Қалғымай, екі күн қатар миымды кемірумен келесің! Өкшелейсің де отырасың! Тыныштық берер түрің жоқ!!

Өктем Үн: – Тағы да қателестің, Едіге! – деді. – Бұл өмірді қайғы-мұңсыз сүру үшін «бокен болып желу» немесе «қара жерді қарс айырып, ағаш болып шығу» шарт емес. Қарапайым коммунизм құрылысшысы болсаң да жетеді. Төңірегіңе қарашы! Анау мал қайырған шопан мен сонау қырда шөп шапқан механизаторға көз жіберші! Солардың бірде-біреуі сендей сарыуайымға салынып жүрген жоқ. Тіптен қайғы дегеннің не екенін де білмейді! Рас айтам, білмейді. Кезінде ғой, сен осыны ұққың келмеді! Өйтпесе, кезінде мен саған ескерткем! Сен күн-түн қатып, кітапханалардан шықпай жүріп, қайдағы бір қуыс-қуыстардан буржуазиялық кітаптарды тауып алып оқи бастағанда-ақ

ескерткенмін! Осының түбі жақсылыққа апармайды деп. Бүгін, міне, саған құлақ түрсем, сол буржуазиялық авторлардың зиянды ықпалы мүңкіп тұр. Егер сен баяғы студент кезіңде мен айтқан ақылды алып, жібі түзу комсомол болып шыққан болсаң, бүгінде мынадай масқара тығырыққа тірелмеген болар едің. «Отыз екінші жыл» тәрізді Партия линиясына қайшы келетін кітап жазып, шалыс қадам жасамас едің. Сенімен құрдас, курстас жігіттерге қарашы! Бүгінде солардың көбі ірі-ірі партиялық қызмет құлағында жүр, аяқты алшаң басып. Ең болмағаны шалқайып бір-бір баспа, редакция тұтқасын ұстап отыр...

– Сол бақыт өзіңе несібе етсін, Өктем Үн! Мен сенен қызмет сұрадым ба?!

– Жазған-ау, енді не керек саған?

– Оны сен ұқпайсың, Өктем Үн!

– Ұқтыр... ендеше! Мүмкін... бір септігім тиіп қалар!

– Әділет керек. Басқаның керегі жоқ.

Өктем үн тағы бір нәрсе айтпақшы болып еді. Бұл тыңдағысы келмеді.

Лұғат

Көз майы таусылып – сарғайып көп оқыды, сарыла ізденді, бір іспен айналысып шұқшиып ұзақ отырды, бар өмірін сарп етті деген мағынада.

Дүзген (жүзген) – шөл және шөлейтті, құмды жерлерде өсетін тамыры ұзын, құрғақшылыққа төзімді аласа бұталы өсімдік.

Шағырмақтану – 1) күннің қызуы мол, шуақты кезі; 2) ауыспалы мағынада дәмді, ащы емес. *Бұл жерде:* керісінше күннің бетін бұлт торлап, дала шаңытып, құмды дауылдың алдындағы ауыл келбеті берілген.



1. Едіге қайда бағыт алды?
2. Неліктен Алматыға барудан бас тартып отыр?
3. Оны мазалаған, миын жегідей жеген қандай ойлар?
4. Зерттеп жүрген тақырыбының тағдыры не болды?
5. Ғұмырын сарп еткен оқиғаның ақиқаты қандай?



1. Шығармада көтерілген мәселелерге кейіпкерлердің көзқарасы қандай? Бір мәселені анықтап, соған қатысты кейіпкер көзқарасын, өз көзқарастарыңды білдіріңдер.

Мәселе	Кейіпкердің көзқарасы	Менің көзқарасым

2. Ойларыңды аргументтермен, мысалдармен дәйектендер.



1. Автор неліктен Хансұлудың қартайған шағындағы өмірін суреттейді? Автор бұл арқылы не айтқысы келді? Қысқа уақыт ішінде Хансұлу өмірі туралы қандай ой түйдіңдер? Топта талқылап, кейіпкер өмірінің мәнін түсіндіріңдер.
2. Едіге мен Хансұлу өміріне ортақ дүние қандай? Екі тағдырды не байланыстырады? Екі кейіпкер тағдырындағы үндестікті талдаңдар. Осы арқылы авторлық идеяны анықтаңдар.

3. Хансұлу, Едіге, Ждақай бейнелерін даралау мен жинақтаудағы автор стиліне талдау жасап, төмендегі кестені пайдаланып, көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын анықтаңдар.

Хансұлу	Едіге	Ждақай	
<ul style="list-style-type: none"> • автор стилі • көркемдегіш құралдар • айшықтау амалдары 	<ul style="list-style-type: none"> • автор стилі • көркемдегіш құралдар • айшықтау амалдары 	<ul style="list-style-type: none"> • автор стилі • көркемдегіш құралдар • айшықтау амалдары 	
Талдау нысаны	Хансұлу	Ждақай	Едіге



1. Кейіпкерлердің өмір сүрген уақытының ерекшелігі неде? Хансұлу мен Едіге өз өмірлеріндегі қай кезеңді еске алады? Ол кезеңнің кейіпкерлер үшін маңыздылығы неде еді? Шығармадан мысал келтіріп, өз бағаларыңды беріңдер.
2. «Жалған дүние» романындағы адам тағдыры, өмірдің мәні ұғымдарына өдеби талдау жасаңдар.



1. Төмендегі кейіпкерлердің арман-тілегін, мақсат-мүддесін анықтап, өз ойларыңды жазыңдар. Олардың ұстанымы қандай? Олар қоғам туралы не ойлайды? Сұрақтарға жауап беріңдер.

Кейіпкерлер	Арман-тілегі	Мақсат-мүддесі	Қоғамға көзқарасы
Едіге			
Хансұлу			
Маусымжан			
Ждақай			

2. Шығарманы хрестоматиядан толық оқып, кейіпкерлерге қатысты мәліметтерді толтырыңдар.

Кері байланыс: «Жер қыртысы»

Смағұл Елубайдың «Жалған дүние» романы бойынша жинаған білім қорымыз, тапсырмаларды орындау барысында қандай көңіл күйде болғанымыз, топта, жұпта қалай жұмыс жасағанымыз туралы ой қорытайық.



II БӨЛІМГЕ АРНАЛҒАН ТОҚСАНДЫҚ ЖИЫНТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Тест сұрақтарына жауап беріңдер

1. «Өзім туралы» өлеңі қай буын түріне құрылған?

- а) он бір буынды; б) алты буынды;
 ө) сегіз буынды; в) аралас буынды.

2. Отыз екінші жылдың қолжазбасын кім жазды?

- а) Тоқтасын; б) Едіге;
ә) Шеге; в) Түгелхан.

3. Өлең жолдарында қолданылған көркемдегіш құралды анықтаңдар.

*«Сөзім – жыр, лебізім – күй, ерке едім,
Өз жерім, өз елімде еркеледім».*

- а) эпитет; б) метафора;
ә) синекдоха; в) метонимия.

4. Хансұлудың өмірін астан-кестен еткен жайтты атаңдар.

- а) Шегеден айырылып қалуы; б) Ждақайдың ісі;
ә) Тоқтасын оқиғасы; в) Түгелханның қаладан оралуы.

5. Маусымжан көзқарасының өзгеруіне не себеп болды?

- а) Едігенің философиясына қызығушылық танытуы;
ә) Едігенің өңгімелер жинағының шығуы;
б) Едігенің өткен өмірі;
в) «Қырық адамның бір жақ, қыңыр адамның бір жақ» екеніне көзі жетуі.

Төмендегі сұрақтарға 7-8 сөйлеммен жазбаша жауап беріңдер

1. Берілген өлең жолдарын Сөкеннің «Сыр сандық» өлеңімен салыстырып талдаңдар. Екі ақын адам өміріндегі достықтың маңызын қалай жырлайды?

*Аяған жүрегім жоқ жолдасымнан,
Сый көрді небір сараң мол Қасымнан.
Жолдастың жүзін қайта алдым жинап,
Айырылсам алақөңіл он досымнан.*

2. «Ашаршылық құрбандарына ескерткіш» монументінің ашылуындағы Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың сөзімен танысыңдар. Едігенің 30-жылдардағы қазақ басына түскен зобалаң-ашаршылық туралы көлемді шығарма жазу жөніндегі арманымен сабақтастырып, кейіпкердің ашаршылық туралы пікірін тарқатып жазыңдар. Неге бұл ашаршылыққа «жасанды зауал» деп баға береді? Неліктен әлі де зерттеуді қажет етеді?

«Кеңес Одағы аумағында 1932–1933 жылдары болған ашаршылық адамзат тарихындағы ең қасіретті кезеңдердің бірі. Қазақ – сондағы жасанды зауалдан ең қатты зардап шеккен халықтардың бірі. Тек 1932–1933 жылдары ең кемі бір жарым миллион қазақ аштықтан ажал құшты. Бұны әлі де зерттеу керек, әрине. Аман қалған қандастарымыздың тағы 600 мыңнан астамы жансауғалап, шет мемлекеттерге босып кетті. Сол жылдары нәубетке ұшырамаған, аштық тауқыметін тартпаған қазақ қалған жоқ».

3. «Өзім туралы» өлеңіндегі негізгі ойды ақын өмірінің түрлі кезеңдерімен байланыстырып, ақын бейнесіне талдау жасаңдар. Өлеңдегі ең маңызды деген үш мәселені қарастырыңдар. Сұраққа дәлелді жауап беріңдер.

4. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда – қазан». Шеге өлгеннен кейін Хансұлудың өмірінде қандай өзгерістер орын алды? Заман қалай өзгерді? Осы аралықтағы өзгерісті сипаттап, Хансұлу өмірінің құбылмалығын түсіндіріңдер.

5. Мәтінмен танысыңдар. Хансұлу уайымының себебі неде? Үзіндіде айтылған тарихи кезеңдер Шеге мен Хансұлудың шаңырағына қандай ықпалын тигізді? Бүгінгі Хансұлу уайымының сол кезеңдердегі қиыншылықтардан да басым түсуін қалай түсіндіресіңдер?

«Шегенің сонау аштық-жалаңаштық жылдары, одан кейінгі сталиндік қуғын-сүргін, соғыс жылдары талай шайқалған, шайқалса да шағылмаған шаңырағы ел аман, жұрт тынышта өстіп опырылып ортасына түскені ме?! О, Жасаған!!! О, құдіреті күшті Құдайым! Бұған не шара? Енді көрмегені осы ма еді! Енді қайтіп, қалай ғана тыныш көз жұмар? Ана дүниеде жолын тосып жүрген Шегеге не айтар? Не деп барар?»

**Төмендегі мәтінмен танысып, 250–300 сөзден тұратын
сыни мақала жазыңдар**

«Ана тілі» газетіне берген сұхбатында: «Өткен ХХ ғасырдың 20–30-жылдарында болған ұлттық апаттың рухани-мәдени салдары да сұрапыл болды. Біз дінімізден, тілімізден, ұлттық рухымыздан айырылып қала жаздадық. Ұлтқа деген рухани сатқындық 1970–1980 жылдары өзінің шырқау шегіне жетті. Рухани құлдырау асқындады. Азу деген осы емес пе? Сондықтан 1930 жылдардағы апаттың саяси, рухани, мәдени салдары дәл бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Қазақ өзінің ұлттық қалпына түскен жоқ», – дейді жазушы Смағұл Елубай.

Осы пікірді «Жалған дүние» романымен байланыстыра отырып, «Жалған дүние» романында ұлттық қасіреттің салдары қалай көрініс тапқан?» тақырыбында сыни мақала жазыңдар.



ҒАСЫРЛЫҚ ТУЫНДЫ

Бұл бөлімде:

✓ Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын оқып, сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы көтерілген ғаламдық мәселелерді терең түсінесіңдер, қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырасыңдар;

✓ көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау, даралау арқылы өмір шындығын көрсетіп, ғасырлық туындының тарихи-көркемдік құндылығына баға бересіңдер;

✓ шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтайсыңдар;

✓ қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпы-адамзаттық құндылықтарды анықтап, талдау жасап, үзінділерді шығармашылық жұмыс жазуда қолданасыңдар;

✓ шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра отырып, әдеби сын, әдеби эссе жазасыңдар.

Бала күнінен Абай өлеңдерін жатқа айтуға ынтық болған бала Мұхтар уақыт өте келе ақын поэзиясын, ол өмір сүрген дәуірді зерттеуге ден қойды. Нәтижесінде ақын мұралары туралы зерттеулер мен бір дәуірдің шындығын арқау еткен кең көлемді эпикалық туынды жазылды.

Жазушы романда сол дәуірді шынайы қалпында бейнелеп, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ өмірінің көркем шежіресін жасады.

«Абай жолы» эпопеясы жоғары бағаланып, қазақ ұлты мен ақын Абайды әлемге танытты. Қазақ халқының этнографиялық тарихын жасаған, әлем классиктерінің оң пікірін алған эпопея әлем әдебиетінің таңдаулы үлгілерінің қатарына қосылды.

Әлемнің 116 тіліне аударылған «Абай жолы» роман-эпопеясы **ғасырлық туынды** деп аталды.



МҰХТАР ӘУЕЗОВ
(1897–1961)



Ұлт туралы толық та тұтас түсінікті бізге жазушының өнері береді... Мұхтар Әуезов өзінің «Абайымен» менің қазақ халқы туралы түсінігімді толықтырды, мен енді ғана хош иісті самал ескен даланың жұпар ауасын жұтып, қазақ болып кеткен тәріздімін...

Константин ФЕДИН

Өмірі мен шығармашылығы. Көрнекті жазушы, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1897 жылы 28 қыркүйекте бұрынғы Семей уезі, Шыңғыс болысындағы Қасқабулақ деген жерде дүниеге келді.



Ел ішіндегі ауыздан-ауызға тараған ертегі-жырларды, аңыз-әңгімелерді жатқа айтқан бала жастайынан әдебиетке құмарлығын танытады. Алғашында Семей қаласында медреседе, одан кейін бес сыныптық орыс мектебінде білім алған ол 1915–1919 жылдары мұғалімдер семинариясынан дәріс алды. Осында жүріп 1917 жылы халық аңызы негізінде «Еңлік-Кебек» пьесасын жазды. Оның осы пьесасы драматургиядағы тырнақалды туынды болса, 1921 жылы жазған «Қорғансыздың күні» әңгімесі проза жанрындағы тұңғыш шығармасы еді. Алғашқы қадамын екі жанрда қатар басқан оның жазушылық жолы осылай басталды. Аталған екі шығарма жазушының әдебиетке үлкен дайындықпен келгенін байқатты. «Еңлік-Кебек» пьесасында Еңлік пен Кебек арасындағы үлкен сезімнің трагедиялық жағдайға ұшырауын нанымды бейнелей білген жазушы авторлық ұстанымын Абыздың аузына салуда ұтқырлық танытқан. 1918–1919 жылдары жазылған «Ел ағасы», «Бәйбіше-тоқал» пьесалары ел арасына кеңінен тарап, Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі жастардың драмалық үйірмелерінің репертуарынан үлкен орын алды. Жазушының прозалық, драмалық шығармаларына сол тұстағы ел ішіндегі толғағы жеткен мәселелер арқау болды. «Қорғансыздың күні» әңгімесінде қазақ арасындағы қайғылы хал суреттелген. Атқамінерлердің бас иесінен айырылған қаралы шаңырақтың мүшкіл халін көре отырып, бар үміт артар жас періштесіне жасаған айуандығын бейнелеу арқылы сол тұстағы өмір шындығын қазақ әдебиетіне алып келді. Осы шығармалар жазушының қандай тақырыпқа да еркін бара алатынын, өмір шындығын шынайы бейнелейтінін, көркем шығармаға тән талаптарды



Жас Мұхтар, 1925 ж.

шебер игере алатындығын байқатты. Болашақ жазушының қадамы осылайша сәтті басталды.

Семейде, Орынборда әртүрлі қоғамдық қызметтер атқарып, Әлихан Бөкейханов бастаған алаш қайраткерлерімен тығыз байланыста болды. 1923–1928 жылдары Ленинград университетінің тіл мен әдебиет факультетін бітіріп, Ташкенттегі Орта Азия университетінің шығыс фольклоры бойынша аспирантураға түседі. Бұл қазақтың оқыған зиялы азаматтарының Ташкентке топтаса бастаған кезі еді. Әртүрлі саяси айыптармен қудалау көрген ол 1930–1932 жылдары Алматы қаласында қамауда отырды. Тар қапастан ашық хат жазу арқылы құтылады.

Шығармаларының жинағы 1967–1969 жылдары 12 томдық, 1979–1986 жылдары 20 томдық болып жарық көрсе, 100 жылдық мерейтойы қарсаңында 50 томдық академиялық ғылыми жинағы 2011 жылы толығымен қолға тиді.



1. Жазушының өмірбаянына шолу жасаңдар.
2. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты туралы не білесіңдер?
3. Жазушы тұрған үй қай жылы мұражай болып ашылды? Ол қай қалада?
4. Жазушының тырнақалды туындыларын атаңдар.

Көркем шығармалары



Эпикалық «Абай» романы – XX ғасырдағы ең мәнді романдардың бірі.

Луи АРАГОН

Жиырмамыншы жылдардан бастап әдебиетке белсене араласқан жазушы қаламынан әртүрлі тақырыптарды арқау еткен неше алуан туындылар туды. Ол «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Үйлену», «Ескілік көлеңкесінде», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу» әңгімелері мен «Көксерек», «Қараш-Қараш», «Қилы заман» повестерін жазды. Бұл жылдардағы әңгімелеріне жазушы қорғансыздар өмірін, әйел теңдігін, отаршылдық зардаптарын, оқығандар өмірін арқау етті. «Қорғансыздың күні» (1921), «Жетім» (1925) әңгімелері аянышты өмір көрінісіне арналған. «Қорғансыздың күні» бейкүнә Ғазизаның Ақан болыстың қорлауына төзе алмай, өз басын еріксіз өлімге тігуімен аяқталса, «Жетім» әңгімесіне қорғансыз, жетім бала өмірі арқау болған. Әңгіменің негізгі кейіпкері Қасым – жуандардан жапа шегіп, жас өмірін қой соңында өткізіп, ішер тамақ, киер киімге зар болып жүрген бейкүнә жан. Бұл әңгімелердің идеясы – теңдік, бостандық, бақыт. Жазушы осы жылдары жазылған әңгімелері

мен «Бейбіше-тоқал», «Қарагөз» сынды драмалық туындыларында кез келген мәселені типтік дәрежеге көтере алатындығын байқатты. «Бейбіше-тоқал» драмасы мен «Қарагөз» трагедиясында сол тұстағы аса өзекті мәселенің бірі – әйел теңдігі баяндалады.


«Қараш-қараш оқиғасы» тарихи оқиғаға құрылғандықтан, негізгі кейіпкерлері өмірде болған адамдар. Жұматай өмірде болмаған әдеби кейіпкер болса, Жарасбай – Шығыс Талғар болысы Саймасай Үшкөмпіров. Ал Сәлмен – өмірден алынған дерегі бар болыс. Оқиға Іле Алатауының шығыс-солтүстігінде өткен. Повесте барымтаның құрбаны болған Тектіғұл бейнесінен қанаушыларға деген наразылықтың шегіне жетуін көреміз.

М.Әуезов – қазақ драматургиясының қалыптасып, дамуына мол үлес қосқан драматург. Оның қаламынан туған «Бейбіше-тоқал», «Еңлік – Кебек», «Хан Кене», «Қилы заман», «Айман-Шолпан», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Қарагөз», «Түнгі сарын», «Тас түлек», «Тартыс», «Алма бағында», «Шекарада», «Ақан-Зайра», «Бекет», «Дос – Бедел дос» сынды драмалық туындылар – қазақ драматургиясын мазмұны мен түрі жағынан байытқан шығармалар. Бірде махаббат, бірде өнер, бірде тарихи тақырыпқа барып, енді бірде бүгінгі замандас бейнесін жасай білген драматург бір-бірін қайталамайтын ер алуан кейіпкерлерді қазақ сахнасына алып келді. «Хан Кене» пьесасында Кенесары бастаған көтерілістің Жетісу өңіріне келіп, Алатау баурайындағы сәті суреттелсе, «Қилы заманда» 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұсындағы ел өмірінің шынайы картинасы жасалды. Жазушының отызыншы жылдары қудалауға түсуіне «Хан Кене» мен «Қилы заман» шығармаларында өмір шындығының шынайы бейнеленуі де себепкер болды. Себебі осы шығармаларға тыйым салынып, кейін «Хан Кене» 1981 жылы шыққан 20 томдыққа енсе, «Қилы заман» повесі алғашқы басылымнан кейін ұзақ жылдар жарияланбады. Тек 1972 жылы «Новый мир» журналында басылып, одан кейін неміс тілінде жарияланғаннан кейін ғана жариялану мүмкіндігіне ие болды. Осындай мысалдар жазушы шығармаларының кеңестік әдебиеттің тарихи тақырыпқа бару, өмір шындығын шынайы бейнелеу туралы талап-тілектерінен шығып кеткендігін байқатса керек.

1916 жылғы халық көтерілісіне 1934 жылы жазылған «Түнгі сарын» атты пьесасында қайта оралды. Жазушы осымен бірге отызыншы жылдары «Қасеннің құбылыстары», «Іздер», «Шатқалаң», «Құм мен Асқар», «Бүркітші» өңгімелерін жазды.

«Абай жолы» арқылы қазақ халқын әлемге танытқан қаламгер өмірінің соңғы жылдарында жазылған «Өскен өркен» романы – жазушының бүгінгі замандас бейнесін жасай білген кесек туынды.

Қаламгердің қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегінің бір қыры оның зерттеу еңбектерінен байқалады. Қазақ әдебиетінің тарихын жасау



И.Исабаев. Мұхтар Әуезов, 1967 ж.

сынды іргелі мәселелер М.Әуезов есімімен байланысты. Жиырмамыншы жылдардан бастап қоғамдық қызметтерге белсене араласқан жазушы ел өміріндегі өзекті мәселелерді мерзімді басылым беттерінде көтере білді. Сонымен бірге ұлттық әдебиеттану ғылымының фольклор, әдебиет тарихы, кеңес дәуіріндегі әдебиет тәрізді жекелеген салаларына да қыруар еңбек сіңірді. Оның «Эпос және қазақ халқының фольклоры» (Л.Соболевпен бірігіп жазған), «Қазақ эпосы және революцияға дейінгі фольклор», «Ертегілер», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Айтыс» сынды еңбектері – қазақ фольклортануына қосылған қомақты дүниелер. 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» мен «Қазақ әдебиетінің тарихы» (3 том, 6 кітаптан тұратын ұжымдық еңбектің фольклорға арналған I томы) атты іргелі зерттеулері мен Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы еңбектері, қазақ әдебиетіне қомақты үлес қосқан ақын-жазушылардың мұралары жөніндегі тың тұжырымдары – қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған соны үлес. «Әдебиет тарихы» еңбегі XX ғасыр басында жазылғандығымен құнды. Зерттеуші мұнда ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, XVIII–XIX ғасыр аралықтағы қазақ поэзиясына толық зерттеу жасады. Ауыз әдебиеті үлгілерін мазмұны мен түріне қарап жіктей отырып, Абайға дейінгі қазақ поэзиясындағы

дәстүр жалғастығын көрсете білді. А.Құнанбаевтың көркем бейнесін қазақ әдебиетіне алып келген қаламгер ақын мұрасының зерттелуіне де ерекше үлес қосты. Жиырмамыншы жылдардан бастап жазылған шағын мақалалар легі жинала келіп, үлкен зерттеулерге ұласты. Ғалымның «Абай Құнанбайұлы» монографиясы – қазақ әдебиеттану ғылымында жекелеген ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын зерттеудің үлгісін қалыптастырған еңбек.

М.Әуезов – қазақ әдебиеті ғана емес, барша түркі халықтарының мұрасына зор құрметпен қараған білікті әдебиетші. Оның бір мысалы – қырғыз халқының «Манас» жыры. Кеңестік дәуір тұсында екіұдай тартысқа түскен шығарманың бірден-бір жанашыры да, оны араша-лаушы да М.Әуезов екендігі тарихтан белгілі.

Қазақ әдебиеті мен қазақ халқын әлемге танытқан дарынды жазушы қаламынан туған озық үлгідегі шығармалар – қазақ әдебиеті ғана емес, әлем әдебиетіне қосылған үлкен қазына. Бұл туралы профессор Белгібай Шалабаев: «Әуезов – шеберлігі толысқан және өте талантты қаламгер. Ол ұлы қазақ ақыны Абай туралы аса құнды шығарма жазды. Бұл шығармада Абайдың өмірі халық өмірімен тығыз байланыста көрсетіліп, дәуір шындығымен шынайы қабысып жатыр», – дейді.¹



1. «Көксерек» фильмінде Құрмаштың рөлінде ойнаған актер туралы не білесіңдер?
2. Тыйым салынған «Қилы заман» повесі қандай журналда, қай тілде жарияланды?
3. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы халық ақындарының қандай шығармалары бар?
4. М.Әуезовтен кейін Қарқарадағы Албан көтерілісі деген атпен тарихта қалған осы көтеріліс туралы роман жазған жазушы бар ма? Болса, ол кім?
5. Жазушының өңгімелеріне қандай тақырыптар арқау болды?
6. М.Әуезовтің қазақ драматургиясына қосқан үлесі қандай?
7. Жазушының әдебиеттану ғылымына қатысты еңбектерін атаңдар.



Роман мен роман-эпопеяға қатысты теорияны әдебиеттану сөздігінен қарап, естеріңе түсіріп, ерекшеліктерін ажыратыңдар.

Роман	Роман-эпопея



Аударма – екі мәдениетті байланыстыратын көпір. «Абай жолы» роман-эпопеясын соңғы рет қазақ жерінде дүниеге келген, қазіргі уақытта Ресейдің «Сөз өнері» академиясының академигі Анатолий Ким тәржімелеген. Сұрақ: Неліктен «Абай жолы» роман-эпопеясын орыс тіліне қайта аудару қажеттілігі туындады? Өр топ өз болжамын ұсыныс.

болжам

болжам

болжам

болжам

¹ Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы. Алматы: Жазушы, 1990.

БІРІНШІ КІТАП

Қайтқанда

1



Алты жасар шағымда үлкен әкемнің киіз үйінде бір күні қағазға жазылған өлең көрдім. Үлкендер әндетіп, бала атаулы өзіміз шырқатып жүрген ән сөзі қағаз жүзіне үнсіз, жым-жырт қонып жатыр дегенге таң болдым. Атам бұл сөз Абай ақын өлеңі дегенде, әсіресе қайран қалдым...

Мұхтар ӘУЕЗОВ

Отызыншы жылдары Абай мұрасы шырғалаңға түсіп, кереғар пікірлер айтылып, қоғамдық өмірде қызу дау-дамай жүріп жатқанда ақын мұрасын арашалауға ат төбеліндей адам қатысты. Сол топтың бел ортасында М.Әуезов те болды. Жазушы ақын бейнесін қазақ әдебиетіне алып келу мақсатында 1937 жылы «Татьянаның қырдағы әні» мен 1939 жылы Л.Соболевпен бірігіп «Абай» трагедиясын жазып, Мәскеуде бастырып шығарды. Бұлардың қатарын жазушының кейінгі жылдары жазған зерттеулері мен роман-эпопеясы, опера либреттосы мен киносценарийі толықтыра түсті. Абайдың Пушкинмен рухани байланысын көрсету мақсатында жазылған «Татьянаның қырдағы әні» көпшілік ықыласына бөленді. Кейін бұл «Абай жолы» атты роман-эпопеяның бір тарауы қызметін атқарды. «Абай жолы» эпопеясы туралы академик З.Ахметов: «Эпопеяда қоғамдық өмір жан-жақты, кең қамтылғаны талассыз. Әрине, эпопея елдің тарихы мен тұрмыс-салтының көл-көсір көп суреті ғана емес, сол өмірдің философиясы мен поэзиясы да...» – дейді.¹

Жазушы жазба поэзияның негізін қалаушы ұлы ақынның сом тұлғасын жасауға жиырма жылдай уақытын арнады. Осы қыруар еңбегі еленіп, алғашқы екі кітабы үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығының, «Абай жолы» роман-эпопеясы үшін Лениндік сыйлықтың лауреаты атанды. Луи Арагон, Андре Силь, Николай Погодин, Бенджамин Матип, Николай Тихонов, Александр Фадеев, Альфред Курелла, Константин Федин сынды қаламгерлер тарапынан жоғары бағалануы шығарманың құнын арттыра түсті.



...Осы ауылдың шеткі үйлерін сырттап, кешкі жайылымға, батыс жаққа қарай жаңа өріп бара жатқан бойдақ қойдың ішін аралап, ортадағы үлкен үйлерге қарай беттеп келе жатқан үш аттыны бұл ауыл тез таныды. Әсіресе, қораның ортасында қосақталған қойды сауып отырған қатындар бұрын көрген екен. Етектерін белдеріне қайырып түріп алған, алжапқыш тартқан қалыптарымен, қолдарына шелектерін ұстасып, жүргіншілерге қарап:

Қалашылар, қалашылар келеді!

Анау Абай, Абай ғой, айналайын-ай! Апасына айтайыншы, – деді бір қартаң қатын.

¹ Ахметов З. Тақдамалы. Әдеби зерттеулер. Алматы: Ана тілі, 2008.

үш аттылар
шешелер
өке
бала
атшабар
бетінен сүю
өке
үшкіру
өлең

Бесе, Телғара ғой... жаным-ау, мынау... Телғара! Өпкеме айтайыншы, – деп, тағы бір жас қатын, жеңге де үлкен үйге қарай ұмтылысқан.

Сағынған баласының келер мөлшерін Байтас кеткеннен бері шешесі Ұлжан да есептеп, осы бүгінге ұйғарып жүр еді. Қырықтың ішіне жаңа кіріп, семіз тартып қалған сары-қызыл бөйбіше жаңағы дауыстарды түгел естіді. Өз үйінен шығарда, төрде отырған енесі Зерені де хабарландырып, сүйемелдеп ерте шықты.

Құлағы көптен мүкіс тартқан көрі әжесінің ең бір жақсы көретін немересі Абай-ды. Оны есінен шығармай, дұғасына кіргізіп, тілеуін тілеп отыратын.

Аттылар үйдің сыртына келе бергенде алдарында, сол үлкен үймен күншығыс жағына тігілген қонақүйдің екі арасында бұларды күткен бір топ жан түр екен. Жаңағы шешелерден басқа: жеңгелер, көрші үйлердің қатындары, бірен-саран тыста жүрген шал-кемпір, онан соң осы ауылдың барлық үйлерінен шығып, жүгірісіп, келіп жатқан балалар бар. Бұл топқа қарай ауылдың үлкендері де жан-жақтан дабырлап сөйлеп, ағылып келіп жатыр.

Осы жиынға қараған бетімен, екі жолдасынан озып кеп бұрын түскен Абайдың атын біреу алып кете берді. Бала көп ішінен, ең алдымен өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Өй, шырағым, балам, әуелі ар жағыңда өкең тұр... Сәлем бер! – деді.

Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анадай жерде, қонақүйдің сыртында қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыздықпен қысылып қалған бала, шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды. Байтас пен жорға Жұмабай да анадайдан аттарынан түсіп жаяулап жетектеп, Құнанбайға қарай келеді екен. Бірақ өңі сұп-сұр, зор денелі, бурыл сақалды Құнанбайдың жалғыз көзі бұларда емес. Батыс жақтан 4-5 атты жолаушы келеді екен. Арты Қыдырдан шыққан жолаушылар төрізді. Өздері өңшең толық денелі, үлкендер сияқты. Құнанбайдың бүгін әдейі тосып отырған адамдары болу керек. Ол соларға қарап тұр.

Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп қалып еді. Үшеуі бірдей жамырай сәлем берді. Құнанбай тез бұрылып сәлемдерін алды да, қысқа ғана амандық сұрады. Тұрған орнынан қозғалған жоқ. Баласын қасына да шақырмады. Азғантай уақыт Абайға қарап алып:

– Балам, бойың өсіп, ержетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойыңдай боп білімің де өсті ме? – деді. Кекету ме? Жоқ күдік пе? Немесе шынымен жай білімің де өсті ме?

Бала ес білгеннен бері қарай әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын баққан көрі бақташыдай бағып, танып өскен. Әкесі де бұл баласының



Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданындағы «Зере» ескерткіші

сондай сезгіштігін өзге балаларынан артық санаушы еді. Ұялғанды, жауап айтпағанды кешірмейтін әке мінезі Абайға мәлім. Ол сабырлы, момын пішінмен:

– Шүкірлік, әке, – деп біраз тұрды да, – ат барған соң, дәрiс төмам болмаса да, қазiреттiң рұқсатын, фатикасын алып қайттым, – дедi.

Тiптi ересек адамша сөйлеп қапты. Баланың бұл ерте өзiрлеген жауабы едi.

Әкесiнiң қасында тұрған Майбасар мен соның атшабары екен. Майбасар – Құнанбайдың тоқал шешесiнен туған iнiсi. «Төрт тоқал» туысқандарының бiр тоқалынан осы Майбасар. Бұны биыл

Құнанбай өзi ағасұлтан болғаннан кейiн, осы Тобықтыға болыстық старшын еткен-дi.

Майбасар Абайдың жауабын ұнатып тұрып:

– Өзi, тiптi көшелi кiсi боп қапты! – дей берiп едi, Құнанбай оның сөзiн аяқтатпастан Абайға:

– Бар, ана шешелерiң жаққа бар, амандас, балам! – дедi.

Абайдың күткенi де сол едi. Әлi тосып, бар қозғалысын алыстан қарап, әңгiме етiп тұрған шешелерге қарай бұрылғанда, Абай қайтадан өзiнiң жасына лайық қуанышты бала қалпына келе қалды. Арт жағында жорға Жұмабай Абайдың бүгiн оны қорқытқанын әңгiме қып жатты. Бала ендi асығып, өз шешесiне қарай жақындай берiп едi, Жұманның қатыны, Қалиқа деген бiр жеңгесi:

– Телғара! Айналайын Телғара! Соқталдай азамат боп кетiпсiң-ау! – деп, мойнынан құшақтай алып, бетiнен сүйдi. Тағы бiр жеңгесi – Ызғұттының қатыны Тобжан да сүйдi. Содан кейiн үлкен қатындар және осы топтағы үлкен еркектiң, ағалардың да бiр-екеуi сүйiп жатыр. Абайды шын балаға айналдырып жiберген осы сүйiстер едi. Ол қысылып қызарғанмен, қашып құтыла алатын емес. Наразы боларын да, құптарын да бiлмедi. Бiрнеше үлкен қатындардың көзiнен жас та көрiндi.

Барлық үлкеннiң құшағына амалсыз кезек-кезек кiрiп болып, ендi сытылып, шешесiне қарай баса бердi. Абайдың өз шешесi Ұлжан мен екiншi шешесi, сұлу жүздi – Айғыз қатар тұр екен.

Бала топтан шыға бергенде, Айғыз күлiп:

– Пай, жаман қатындар сiлекейлеп, баламыздың бетiнен сүйер жер де қалдырмады-ау, – деп паңдана күлдi де, Абайды көзiнен сүйдi.

Кезек өз шешесiне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бiр қысып, бауырына басып тұрды да, маңдайынан иiскедi. Абайдың әкесiндегi

тартымды салқындық шешесіне де көптен бергі мінез болған. Бала осыдан арғыны күтпеуші еді. Бірақ бауырына басқанның өзінде де Абайдың жүрегін қатты-қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінді. Ана құшағы!.. Ұлжан көп ұстаған жоқ.

– Әжеңе бар, әнеки! – деп, үлкен үйдің алдына қарай бұрып жіберді. Көрі әжесі Зере бөйбіше таяғына сүйеніп, ұрсып тұр екен.

– Жаман неме, маған бұрын келмей, әкеңе кеттің-ау! Жаман неме! – дей беріп, қасына, құшағына немересі барғанда, «жаман неменің» артынан лезде: – Қарашығым, қоңыр қозым... Абай жаным... – деп кемсеңдеп, жылауға айналып кетті.

Әжесі құшақтаған бойында үлкен үйге кірген Абай ымырт жабылғанша осында болды. Шешелері бұған біресе қымыз, біресе тоңазыған ет, біресе шай ұсынып тықпалай берсе де, баланың бойына ас батпады. Жөндеп ішкен де жоқ. Күні бойғы аштығы да ұмытылған сияқты.

– Ас бере отырып, бойлары үйреніскен сайын шеше, жеңгелері баладан:

– Елді сағындың ба, кімді сағындың?

– Молда болдың ба?

– Оқып болдың ба? – деген сияқтыларды қайта-қайта сұрасады.

Абай өзге сұрақтарға жөнді жауап берген жоқ. Жалғыз-ақ кімді сағындың дегенде:

– Оспан қайда? Ол қайда жүр? – деп өзінің кіші інісін? Тентек Оспанды бірнеше рет сұрап еді.

Ұлжан басында ол сұрауын елеусіз қалдырып, артынан тағы бір айналғанда:

– Е, жүр-дағы, жынды неме. Бүгін осында маза бермеген соң, әжең екеуміз қуып шыққамыз, – деп әжесіне нұсқады.

Әжесі өзіне байланысты бір нәрсеге ишара қып отырғанды көріп:

– Не дейді? Не деп жатырсыңдар, естімедім, – деп еді, Абай Оспан жайын айтып кеп, қатты сөйлеп:

– Әже-ау, былтыр мұндай емес ең... Құлағыңа не болған, неге естімейсің? – деді. Көптің ортасында отырса да, еріксіз жапа-жалғыз боп оқшауланып қалған әжесіне жаны ашып, құшақтап алдына жантайды.

Әжесі түсінді де, азғана босаңсып:

– Балам-ай, әжеңде қуыс кеуде болмаса, не сымбат қалды? – деп, өзінің дағдылы мұң-шыңына қарай беттеп еді. Баласы қимады.

– Жазыла ма өзі? Емдесе қайтеді? – деді.

Үй іші де, әжесі де құр күліп қана қойды.

Көрі шеше күле отырып, баласының талайы қайтпасын дегендей қып:

– Үшкірсе, кейде ашылып қалады. Үшкірген жағады, – деді.

– Үшкірсе, мына балаң молда боп келді ғой. Үшкірт балаңа, – деп Айғыз күлді.

– Үшкірсін, баласы үшкіріп берсін.

Сорлы көрінің көңіліне о да болса демеу ғой!.. – деп үйдегі үлкендер, әсіресе, жеңгелер Абайдан шын бірдемені дөметкендей.

Абай бұған ішінен ыза болды. «Үшкіру, ішірткі жазу, қасида оқу» молдалықтың ел үйренген дағдысы екені рас. Бала көңіліне қатты жиренішті көрінетін балгер, құшынаш сияқты, бақсымен тең молда, қожа аз емес. Абай соны еске алып, өз жайын мысқылдағандай болып, аз күлімсіреп отырды да, бір кезде оқыстан, әжесінің басын құшақтай ап, сыбырлай күбірлеп, бір нәрсені шұбырта жөнелді. Жұрт аңыра қарап отырып, басында дұғалық оқып жатыр екен деп еді. Кәдімгі молдадай шарт жүгініп алып, түсін томсартып жіберіп, шешесіне төніп отырып:

Юзі раушан, көзі гауһар,
Лағылдек бет ұшы ахмар,

Тамағы қардан әм биһтар,
Қашың, құдрет, қолы шига, –

деп, көпшілік ұға қоймайтын өлеңді шұбырта беріп... көзін жұмып, ернін жыбырлатып, әжесінің құлағын ашып «су-ф!» деп қойды. Бұл өзінің биыл осы көктемде Науаи, Физулиді оқып жүріп жазған өлеңі болатын. Отырғандар әлі де дел-салда. Күдік етушіден де, шын дұғалық екен деушілер көп. Бала солардың шама-шарқын танып, мысқыл еткендей боп алдаңқырап келді де, енді шынын танытпақ боп, даусын ашық етіп қатайтып алды. Тағы да көзін жұмып, түсін томсартып, құран аударған молдадай, ілгері-кейін теңселе беріп:

Ұшады бозша торғай көдені ықтап,
Басасың аяғыңды нықтап-нықтап,
Көрі әжем естімейді, нана берсін,
Берейін өлеңіммен шын ұшықтап... –

деп кеп, тағы да «су-ф-ф!» деп қойды. Үйдің іші енді сезіп, ду күлісті. Соңғы өлеңнің тұсында әжесі де түсінген. Ол үні өшіп, сүйсініп күліп, баласын арқаға қағып, маңдайынан иіскеді.

Абай күлместен, мысқылдай қарайды. Әжесіне жабысып отырып:

– Қалай, құлағың ашылды ма? – деді.

– Е, жақсы боп қалды. Өркенің өссін, балам! – деп әжесі алғыс айтты.

Үлкендер бала мінезіне бір күліп, бір таңданып сүйсініп қалды. Қара сұр бала көптің көзі бір өзіне қадалғанға енді қысылыңқырап, қызарып еді. Бірақ көзінде жайнай жанған от білінеді. Өзге балаларының ажарынан бөлек, қызулы, саналы оты бар сияқты.

Лұғат

Бақташы (дай) – 1) мал бағушы, малшы; 2) ауыспалы мағынада бағып-қағушы, тәрбиелеп-өсіруші; 3) қорғаушы, қамқоршы. *Бұл жерде:* ауа райын бақылап отыратын, алдын ала болжау айтатын қария.

Фатиха – Құран Кәрімнің бірінші сүресі. *Бұл жерде:* бата, тілек.

Көшелі – 1) көшесі бар; 2) байсалды, ой-өрісі кең, көпті көрген, жөн-жосықты білетін; 3) қомақты, үлкен; 4) дене тұрқы ұзын. *Бұл жерде:* екінші мағынада.

Атшабар – *көне сөз:* ұлықтың, би-болыстың үкім-жарлығын халыққа жеткізетін хабаршы, шабарман.

Үшкіру – дем салу, дұға оқыттыру, су бүрку.



1. Абай Құнанбайұлы туралы қандай шығармалармен танысыңдар?
2. Абайдың туып-өскен өлкесі туралы не білеміз? *Көкүйірім мен Буратисен, Тақырбұлақ* деген жерлер туралы не айта аласыңдар?
3. *Бөрінің бөлтірісі* дегенді қалай түсінесіңдер?
4. Жеңгелерінің Абайға қойған аты кім?
5. Құнанбай мен Ұлжан бойындағы балаға деген салқындықты қалай түсіндіресіңдер?
6. Бала Абайдың алғаш білім алып келуі туралы өңгімелеп беріңдер.



1. Абай мен Құнанбай бейнесін ашатын сөздер мен сөз тіркестерін жинақтап, «Екі жақты күнделікті» толтырыңдар. Бұл бөлім Құнанбай мен Абай бейнесіне қатысты қандай пікір қалыптастырды?

Кейіпкерлер	Кейіпкер бейнесін ашатын сөздер мен сөз тіркестері	Неліктен бұл сөзді жаздыңдар? Қандай ой тудырды?
Құнанбай бейнесі		
Абай бейнесі		

2. М.Әуезовтің «Абайдың сөзіндегі салқын ақыл өкеден, ащы тілді мысқыл шеше жағынан деуге де бола ма дейміз» деген сөзін Ұлжан бейнесімен байланыста талдаңдар. Ұлжанның шыққан тегі туралы мәліметтер жинақтап, «Алып анадан, арғымақ биеден туады» деген пікір төңірегінде сөз қозғандар.



1. Бөлімде қазақ халқының дәстүрлі отбасылық құндылықтары қалай көрініс табады? Жазушы қазақ шаңырағына ғана төн туыстық қарым-қатынасты, бауырмалдық, мейірім секілді қағидаларды қалай жеткізе білген?
2. « – Әй, шырағым, балам, әуелі ар жағында өкең тұр... Сөлем бер!» деген Ұлжанның сөзінен қандай қорытынды шығарар едіңдер? Осы көріністегі ұлттық және жалпыадамгершілік құндылықтар өлем халықтарының отбасылық дәстүрінде қандай сипатқа ие? Салыстырмалы талдау жасап, ой бөлісіңдер.

Қайтқанда

2



«Абай» романдарындағы ұлттық тұлғаның биік үлгілерінің бірі – Құнанбай. Ол – Абайдың жас кезіндегі қазақ қоғамының ең ірі қайраткері, феодалдық құрылыс пен әдет-салттың мықты тірсігі, оны күшпен қорғаушы. Өмірдегі Құнанбай мен романдағы әдеби образға айналған Құнанбайдың айырмашылықтары жөнінде қазір арагідік сөз болып қалып жүр. Өсіресе еліміз тәуелсіздік алғаннан бері мұндай әңгіме жиі естіледі. Көркем шығармада ондайлар бола беретіні даусыз...

Серік ҚИРАБАЕВ

Құнанбай Өскенбайұлы 1804–1886 жылдары өмір сүрген. 1849–1853 жылдары ағасұлтан болған. Ол – Қарқаралыдан мешіт салдырған қажы. Оның атының шығуы – Көкшетауда әкесі Өскенбайға ас беруі. Романдағы Құнанбай – сан қырлы күрделі характер. Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін Құнанбай бейнесі

біржақты бағаланғаны белгілі. Алайда жазушы Құнанбай бейнесін жан-жақты ашуға ден қойды. Романда болыс, ағасұлтан болған Құнанбай өз заманынан оза туған, болашақты болжай білген жан ретінде бейнеленген. Ол жөнінде поляк халқының көрнекті демократ-революционері, көсемсөзші Адольф Янушкевичтің: «Құнанбай сөйлеу үшін жаратылған машина ғана емес, ол тек бұрамағанда ғана тоқтайтын сағат дерсің. Төсектен тұрысымен-ақ сөйлей бастайды, содан көзі ұйқыға кеткенше толассыз сөйлеп береді. Минут сайын ақыл сұрап қазақтар оған келіп жатады. Қос қолын мықынына таянып, екі-үш сөзден кейін-ақ шарифаттан үзінді келтіріп, ол абызша сұңқылдап кетеді. Оның жадында сақтау қабілеті таңғаларлық, үкіметтің барлық указдары мен жарлықтарын кітаптан оқып отырған адамша жатқа айтады», – дейтіні бар. Осының өзі-ақ Құнанбайды ісі қазақ қана емес, өзге ұлт өкілдері де құрмет тұтқанын байқатады. Бұл жолдардан оның өмірден тоқығаны көптігі, көп білетіндігі, заң-законды жан-жақты игерген терең қабілеті көрініп тұр.

Құнанбайдың көрегендігінің бірі – Абайды Семейге медресеге беріп, оқу-білімнің заманы келе жатқанын алдын ала түсінуі. Құнанбай мен Абай бейнесінің толыға түсетін тұсы – Қодар – Қамқа өлімі. Бұл оқиға Құнанбайдың қатыгездігін танытса, Абайдың өмір, қоғам туралы көзқарасы қалыптасып, әке ісіне сын көзбен қарай бастайды. Қазақтың арғы-бергі тарихында кездеспеген, адам айтса нанғысыз жайтқа аузы дуалылардың барлығы дерлік шешім таппай тығырыққа тірелгенде Құнанбай дін жолына сүйенеді. Бұл да оның қысылтаянда жол таба білген данышпандығы деп түсінгеніміз абзал. Құнанбайдың тағы бір қыры Меккеге барып мінәжат етіп келуімен толыққан. Енді ол пендешіліктен жоғары көтеріліп, имандылыққа бет бұрады. Оны автор Құнанбайдың көпшілікке араласпай, Аллаға мінәжат етіп отыруымен суреттеген. Ислам діні – гуманизмнің бастау бұлағы болса, Құнанбай өмірінің соңы дінге бет бұруымен ерекшеленеді.



Қонақүйде, дөңгелек үстел үстінде қызғылт, күңгірт сәулесі бар тас шам жанып тұр. Оқтың-оқтың іргеден соққан жел лебімен әлсіз шам кейде ұйтқып, шалқи түсіп, кейде лапылдап, жалпылдай жанады. Қырын отырған әкесінің үлкен, кесек пішіні Абайға жартылай ғана көрінеді.

Түсі суық. Қара сұр жүзіне бозғылданып түгі де шығып қалыпты. Жалғыз өзі ұзақ сөйлеп отыр. Зор даусында ыза мен зіл бар. Кейде Абайға қызық көрінетін бір мақалдар, мөтелдер айтылып кетеді.

Абай әкесінің сөз желісін, түп мәнісін түсінген жоқ. Кейбір мақалдарын ғана таңдана шешіп отыр. Осы бар үлкеннің мұндай жердегі салты бойынша, әкесі де тұспалдап, орағытып, ұқтырмай сөйлейді. Бір сөзімен бір сөзін жалғастыруға Абай үлгірмей, адасып қап отыр. Өзіне салса, жаңағы көңілді үйге, шешесінің жанына қазір кетер еді. Бірақ әкесі шақырған соң енді шығып болмайды.

Сондықтан бір уақыт ол әке сөзінің сыртын, ағымын тыңдайды. Кейбір өзі білмейтін қиын, жаңа сөздерін ұстап қалады. Өлдекімге қаптап, зіркілдеп сөйлеп отырған әке сөзі кейде бұған бір жортуыл, шабуыл

Құнанбай
Сүйіндік
Бөжей
Жиренше
Қодар
шариағат жолы
жаза

үстіндегі шұбырынды, ұзақ сарын сияқтанады. Кейде ұғымсыз сөзден іші пысып, әкесінің пішін, тұлғасына қарап, қадалып қалады.

Тегінде, ертекші, өлеңші не басқа әңгімеші адамға талай уақыт тапжылмай тесіле қарап қалу Абайдың кішкентай күнінен бергі әдеті еді. Адам пішіні ердайым бұған бір тамаша, өзгеше қызық сурет тәрізденетін. Әсіресе, әжімі мол үлкендер пішіні бір қызық хикая тәрізді. Ол кей адамның айғыз-айғыз әжімінен, салбыраған ұртынан, қыртыстанған маңдайынан немесе бояуы оңған көздерінен, ер алуан сақал-мұртынан – өзінше неше түрлі жанды, жансыз дүние сипаттарын көргендей болатын. Қына басқан сызаты көп тас па? Я, селдір тоғай ма? Не көде-көкпек пе? Кейде мал мен аң бейнесі ме? Бөріне де ұқсап кетіп отыратын адам мүсіндері болады.

Әкесінің ат жақты келген, ұзын сопақ басының құлақтан жоғарғы жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Онсыз да ұзын, үлкен бетіне ұп-ұзын боп дөңгелей біткен сақалы қосылғанда, басы мен беті бір өңірдей. Сонда Құнанбайдың жалғыз сау көзі, оның көтеріңкі жал-тұмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады. Қоя берсін, салғырттығы жоқ сергек, қатал күзетші.

Жалғыз көз шұңдет емес, томпақша. Тесіле, сыздана қарайды. Кірпігін де сирек қағады. Иығына бота ішігін жамылып, шалқия отырып сөйлеген Құнанбай осы үйде әркімге қарамайды. Қарсысына таман отырған Сүйіндікке ғана қадалып сөйлейді.

Сақал-шашы бір рендес, қара бурыл Сүйіндік оқта-текте бір қарап қойғаны болмаса, Құнанбайға тесіле қарамайды. Көзін төмендете береді. Абайға оның пішіні – көп кездесетін, әңгімесі аз пішін сияқты. Бөжей де оншалық өзгеше емес. Түсі ақ сұр келген, өзі қоңыр сақалды, кесек мұрынды Бөжей – осы отырғанның бөрінен де сұлу. Бетінде әжімі де аз. Бірақ Абайдың көзін оған көп тартатын бір нәрсе – бұның бітікшелеу, кішкене келген көздері.

Құнанбай ұзақ сөйлеп отырған кезде Бөжей қыбыр етіп қозғалған жоқ. Көзін де төмен салған қалпынан бір көтермеді. Сондықтан оның ұйықтап отырғаны, я ойланып отырғаны мәлім емес. Қалың етті, салбыраңқы қабағы кішкене көзін көрсетпей, тасалап алған сияқты.

Құнанбайға бұлардың ішінен көз алмай, қырандай қарап отырған – дәл төрдегі Байсал. Қызыл жүзді, жирен сақалды Байсалдың денесі ірі, қапсағай. Көкшіл түсті үлкен көздері – әрі сыр берместей сабырлы.

Бұлардан басқа барлық салқын, томсарған жандар ішіндегі ең жандысы, ең шапшаң, қағылезі Қаратай мен Абай қасындағы Майбасар.

Үлкендер тобына бір жақтан, әкеден төмен отырып, телміре қараған Абай болса, дәл осы тәрізденіп, барынша бой салып қарап отырған – ана шеттегі жас жігіт Жиренше.

Бұл – Көтібақ ішінде Байсалдың жақын туысқаны Шоқаның баласы. Байсал әрдайым қасына ертіп жүреді. Әрі жігіті, әрі сөз ұғып, адам болар деген жасы. Ол әңгіме атаулыны көп біледі. Қызық қып айтады. Өзі күлдіргі. Абайды еркелетіп те қоятын кезі бар-ды. Қазіргі осы жиында Абайдың оңаша кездесуді іздейтін жалғыз ыңғайлы көрер адамы осы.

Бірақ оның шыны ма, я әдейі үлкендерге көз қыла ма, әйтеуір қазір Құнанбай сөзінен басқа бар дүниені ұмытқан. Сонымен бірге Абайды да былай қоя тұрған сияқты.

Жиренше қабағын бір шытып, қозғалақтап қалды. Абай енді байқады, әкесі сөзін аяқтап келеді екен.

– Қодар сұмның қылығы сырт елдің алдында менің бетіме салық болса, осы елге, өз келеңе келгенде, осы отырған бөрімізге салық. Мынау отырған сендерге салық! – деп аз тоқтап, Сүйіндікке қадалып отырған жалғыз көзін енді төрдегі Байсалға аударды. Одан өзінің оң жағында отырған Бөжейге қадалды.

Бірақ Бөжей мен Байсал мызғыған жоқ. Өзге отырғанның барлығы сөздің салмағы мен түйінін өз арқаларынан сезгендей боп қозғалақтап, ырғалып қалысты.

– Ендеше өлімнен ұят күшті. Ел көрмеген сұмдыққа, ел көрмеген жаза керек! – деп Құнанбай байлауын айтты. Қайта босар түрі жоқ. Тастүйін боп бекініп, түйіліп алған көрінді.

Отырғандар осы күйді танып қалды. Құнанбайдың бұлай беттеп алғанда қайта оралар қайырымы жоқ, оны бөрі біледі.

Не айтысып, шарпысып кету бар. Немесе іштен қоштамаған уақытта Байсал, Бөжейдің бір тәсілі: міндет, мысалды Құнанбайдың өзіне бастатып, артын өзіне тастап кететін әдеті бар-ды.

Жан күйер жер болмағанда, олар осы соңғы мінезді көп қолданатын. Екеуі де жарытып, тіс жарып сөйлемейтін.

Бірақ Құнанбайдың мына сөзі үндемеске де қоймайды, үндеуге де жібермейді. Дел-сал етті. Үй іші бірталай уақыт жым-жырт отырды.

Қодарды Абай білмеуші еді. Оған бұл ат әуелі – «Қозы Көрпеш-Баянның» Қодарын елестетті. «Сұм» дегеніне қарағанда да, былтыр Байкөкше ақын бұның шешелеріне жырлап берген Қодардың бейнесі сияқты. «Қодар деп соған ұқсаған біреуді әдейі сол атпен айтып отыр ма» деп ойлады.

Жым-жырт жиынның ішінен алдымен сөйлеген – майысқақ Қаратай. Ол:

– Сұмдық екені рас. Ұлы-қызыңның басына бермесін. Шын болғанда, көпір қауымында кететін іс қой бұл, – деп, «Қодардың айыбы

шын ба, бекер ме?» деген өз ойларындағы күдікке ештеп қана бір соғып, қиялап салды. Қодардың бұл жиындағы аталасы – Сүйіндік. Құнанбай бағанадан зіл салғанда, әдейі соған шүкшиған. Оны да жұрттың бәрі біліп отыр. Қодар қылығының орайын алдымен өз туысына «айыпты», «сорақы» дегізіп, өз аузынан айтқызып алу Құнанбайға да керек.

Ал Сүйіндік сол сөзді оп-оңай, бір айналмай айтып салса, ертеңгі тауқымет бұнда. Және алдымен Қодардың сол Құнанбай айтқандай айыптылығына да көзі жеткен емес. Ол Қаратайдың шапшаңдығынан бір пайда да тапқандай болды. Әсіресе, оның «шын болғанда» деген босаң тастаған жерін ұстады да:

– Осы айыбына көз жетсе, тұрғызып қойып бауыздайық. Бірақ сол шынына жеткен жан бар ма?.. – дей беріп еді. Құнанбай серпіліп, ілгері ұмтыла түсті.

– Ей, Сүйіндік, – деп киіп кетіп ұрыса сөйледі, – албасты да қабаққа қарай басатын. Қыры жоқ, қасиеті жоқ басшы болса, ыбылыс, жың иектемей нетеді. Адал десек, аман десек, жан берейік, ақтайық, ақыретте айыбын өз мойнымызға алайық. Бірақ менің екі бірдей жаным жоқ. Майысар болсаң, жаныңды да берерсің. Беремісің, жаныңды?! – деп, сарт етіп өзіне жабыса түсті.

Сүйіндік Құнанбайдың бағанадан бергі зіліне енді ызалана бастап еді.


– Е, тастай алмай жүрген жаным жоқ! Терге демесем, жанымды ала қой деп кепілге келіп пе екемін, – деп томсарып қалды. Мұның қолынан келген бар қарсылығы осы еді. Баж еткенмен ықтап кеткен сықылды. Құнанбай сезді де, енді жүйемен ұтпақ боп, қуғынға салды.

– Тергесең, Қодар сұмдығын аңыз қып, көпке жайып өкеткен елді терге. Ел тұрсын, кешегі жиында бетімізге былш еткізіп, жарып айтқан жатты терге. Соған да жеткен. Бар да «өтірік» деп соны иландырып келші. Ел аузына қақпақ болып көрші. Бірақ ол қолыңнан келмейді. Ендеше, не ер бол да, ақта! Немесе илан да, жазала! Тек, жарықтығым, дүмбілезіңді көрсетпе, былқыл-сылқылыңды аулақ өкет! – деді.

Енді Сүйіндік те үндей алмай қалды. Аз бөгелген соң бағанадан Құнанбайға сыр алдырмай, салқын ғана қарап отырған Байсал:

– Қара деп жазалаған күнде, мұның жазасы не болмақ, – деп еді, Құнанбай:

– Жазасы – шарифат жолы. Шарифат не бұйырса, сол болады. Мұндай сұмдыққа қазақ айтқан жол жоқ. Тегі, алдыңғы ата бізден бақытты да. Бұндай лағынетті өз тұсында көрмепті. Кесігін де айтпапты, – деді.



Қарағанды облысы,
Қарқаралы қаласындағы
Құнанбай қажы мен бала
Абай ескерткіші

Құнанбай бұған шейін ашумен, зілмен кеп, енді осы тұста күйзелгендік күй көрсетіп, осымен жиынның қабырғасын қайыстырғысы келген.

Бері де тіреліп қалды. Ат тұмсығы бір бітеу, меңіреу қабырғаға тірелген сияқты. Жалтара алмады да, үндеспеді.

Аз ойлағанда Бөжей өз ішінен «шариғат та жөнге, шынға қарайтын шығар, ақай жоқ, ноқай жоқ, көрінгенге бұйда бере бермес» дегендей.

Бірақ бұл ойын айтса, Құнанбай тағы бойлап тартып кетеді. Сондықтан үндеген жоқ. Тағы да шапшаң Қаратай:

– Ал шариғат бұл Қодар қылығына не бұйырады екен? – деді. Құнанбай бағанадан төмен отырған жорға Жұмабайды енді ғана еске алғандай бұрыла қарады.

– Мына Жұмабай қалаға барып, Ахмет Риза хазіреттен фатуа сұрап келді. Жазасы дарға асу депті.

– Дарға? – деп Қаратай үркіп қалды.

Бөжей Құнанбайға ажырайып, тіксіне қарап еді, аямас түсі айқын екен.

– Барлық байлау осы болғаны ма? Ит те болса, бауыр емес пе еді? – дегенде, Құнанбай қынжыла түсіп:

– Оны бауыр дегеннің бауыры езілсін! Шариғатпен шарпыспақпыз ба? Қодар емес, құтпаным болсын, қайтпаспын да, тынбаспын, – деді. Енді бұғалық өкететін, бойлауық жеріне жеткен екен. Бөжей іші мұздай отырып:

– Көзің жетсе, мейлің білсін, – дей салды да, ойдағысын ішке бүгіп қалды. Байсал үн қатпаған күйде жым-жырт. Құнанбайды ақтамаса, Бөжейді де құптаған жоқ.

Сүйіндік те осы топтың дағдылы мінезіне басты.

– Ел де сенікі, ел ішіндегі тентек те сенікі. Қашқанның да, құғанның да келетіні өзіңсің. Тек, не бұйырсаң да тергеп алып, бұйырғайсың. Қалғанын өзің біл, – деді. Бұл Бөжейдің қабағын баққан болатын. Өзі қалай көшерін айқын біле алмай, «соның бір білгені бар шығар» деген есеппен жалт берді.

«Тергеп алып, білгеніңді қыл» дегенді, аяқтап келгенде әрқайсысы да бір-бір қайырған-ды.

Лұғат

Көде – 1) сұлы тұқымдас өсімдіктердің бір түрі; 2) бір байлам, бір буда бау; үйілген шөп, мая.

Көкпек – шөлді жерде өсетін ащы, қатты шөп.

Шүңет – 1) ойыс, ойдым жер, шұңқыр; 2) ауыспалы мағынада түбі, тереңі; 3) ішіне кіріп кеткен, шүңірейген. *Бұл жерде: шүңет емес деген мағынада.*

Келе – 1) келешілердің бәйге атына жаңашалап қосылатын жері; 2) бір топ түйе, бір қора түйе; бір үлектің не бураның үйірі; 3) ел арасы, көп іші, орта; 4) жиын, кеңес. *Бұл жерде: үшінші мағынада.*



1. Жазушы Құнанбай бейнесін не үшін біржақты, яғни жағымсыз кейіпкер етіп суреттеген?
2. Құнанбайдың Қодар мен Қамқа оқиғасына жасаған шешімі дұрыс па?
3. Романдағы және «Құнанбай» фильміндегі Құнанбай бейнесін салыстырыңдар.
4. «Құнанбай» фильмі туралы не білеміз?
5. Фильм туралы пікірсайыс өткізіңдер.



Өкесінің Абайды адам тағдыры талқыға түсіп жатқан жиындардан қалдырмаудағы көздегені не? Үй ішінің сүреңсіз алақөлеңке келбеті мен Құнанбай портретін Абай сезімі арқылы берудегі жазушының мақсатына талдау жасаңдар.



1. Кейіпкерлердің портретін беруде автор қолданған айшықты сөз амалдарына талдау жасаңдар. Автор стилін анықтаңдар.

Ажарлау мен құбылтудың қолданысы	Қызметі

2. Төменде берілген екі пікірдің қайсысын қолдайсыңдар? Пікірталас ұйымдастырыңдар. Өз ұстанымдарыңды дәлелдендер.
 - а) «Мен көк ит болсам, сендер көп итсіңдер. Жабыларсың, таласарсың да жерсің». Қодар мен Қамқаға жасалған жаза әділетсіз.
 - ә) «Жазасы – шариғат жолы. Шариғат не бұйырса, сол болады. Мұндай сұмдыққа қазақ айтқан жол жоқ» деген Құнанбайдың үкімі дұрыс.



Автор суреттеуі бойынша Құнанбайдың портретін суретке түсіріңдер. Салған портреттеріңді көркемсөз оралымдарын қолдана сипаттап, сыныпқа таныстырыңдар.

Шытырманда

1



*Зере – әжселердің үлгісі; салқынқанды сарабдал, сабырлы ақыл иесі
 Ұлжан – аналардың үлгісі; «сылдырлаған шолпысы әлдеқандай былдырлаған
 тілмен» бар сыры мен назын Абайға ғана құпия баян ететін... ару Тоғжан –
 алыстан арайлайтын қол жетпес арман секілді махаббат таңының үлгісі;
 әні сәніне, сәні әніне астақан асыл, аяулы Әйгерім – жас жігіттің нақсүйер
 сұлу жарының үлгісі...*

Зейнолла ҚАБДОЛОВ

Романда бір-біріне мүлде ұқсамайтын әртүрлі жастағы кейіпкерлер қатары жеткілікті. Сан алуан әйелдер бейнесін жасауда жазушының көп еңбектенгені рас. Автор Зере мен Ұлжан бейнесін ел анасы дәрежесіне көтерген. Олар жоғары оқу орнын бітіріп, қолына диплом алмағанмен, халық университетінен өткен жаңдар. Абайдай бала тәрбиелеген аналардың өмірден тоқығаны мол. Дара ақынның қалыптасуына да аналар тәрбиесінің септігі жетерлік.

Зере әженің ел іргесінің сөгілмеуін, ағайын арасының алшақтамауын күзеткені Бөжей асы тұсында даралана түседі. Кәмшат оқиғасына қатысты Құнанбайды сөзбен тоқтатуы – ел басқарған баласының үстіне әмірін жүргізуі.

Ал оның бала тәрбиесіне аса жауапкершілікпен қарауы немересі Абайға қатысты оқиғалармен толықты.

Күңке, Айқыз, Ділдалар – аналар образының жиынтығы. Жазушы аталған кейіпкерлердің барлығының бейнесін толық ашқан. Мәселен, Айқыз бейнесі Кәмшат оқиғасына қатысты толықса, Ділде Әбіш пен Мағаштың қайғылы қасіреттері тұсында дараланған. «Аталатсаң да, боталатпа» деген қазақ даналығы, екі бірдей балапанынан айырылып, аңырап қалған қасіретті ананың шерменде күйімен бейнеленген.

Үмітай, Керімбала, Салиқалар тағдырлас болса, Нұрғаным, Салтанат, Қуандық бейнелерінде ұқсастық бар. Жазушы әрбір кейіпкердің өзіндік ерекшелігін сөйлеген сөздері, істеген істері, өмір туралы көзқарастарымен дараландыруда шеберлік танытқан. Кейіпкерлер бойындағы психологиялық иірімдер шаттық пен қуаныш, қайғы мен қасірет тұсында айшықтала түскен.

Малшаруашылығымен айналысатын қазақ үшін жер мәселесі қашанда өзекті. Сондықтан да жер дауы қай дәуірде де тоқтаған емес. Осы айтқанымызды ғалым Айқын Нұрқатовтың пікірі растайды: «Абай» романында автор ұлы ақынның жеке өмірін, күресін ғана суреттеп қоймайды, сонымен бірге ақын өмір кешкен сол дәуірдің шындығын мейлінше мол әрі терең бейнелейді. Абайдың өмірі мен күресін шынайы суреттеу арқылы жазушы бүкіл халықтың өмірі мен тағдырын, күресі мен ілгері ұмтылуын және соның тарихи перспективасын ашып көрсетеді».¹ Құнанбай ел ішіндегі жерге қатысты даулы мәселелерге Абайды жұмсап, баласын іргелі істерге араластыра бастайды. Соның бірі – Құлыншаққа қатысты Бетқұдық жайы. Борсақтан босаған жерді иемденген Ақперді Құнанбайды араға салып, Құлыншақтан Бетқұдықты сауғаға сұратады. Бала Абай осылайша әке сәлемін жеткізіп, ел ішіндегі шешімін таппай жатқан өзекті мәселелерге араласып, жер жайымен таныса бастайды.



Абай Қарқаралыдан қайтқан соң атқа мініп, ел аралаған жоқ. Көбінесе Жидебайдағы ауылда шешелерінің қасында болды. Көктемге шейін күндіз-түні кітап оқуға салынды. Медреседен қайтқалы кітапқа анықтап оқталғаны осы еді. Араб, парсы тілін, бірталай сөздерін ұмытыңқырап, қарайып қалған екен. Алғашқы бір жұмадай Ғабитханның төпсіріне қарап, бұрынғы білген тілдерін қайта құрастырып алды. Содан әрі мұның қолына түскен әрбір қалың кітап соншалық бір қатты сағынып жолыққан ыстық, қымбат досы тәрізді болды. Ғабитхан да кітап оқығыш болатын. Соның кітаптарының ішінен өзін қызықтырған көп-көп асыл бұйымдар тапты. Мұнда Абұлқасым Туси-Фирдоуси, Низами, Физули, Науаи, Бабырлар бар. «Жәмшид», «Сеидбатгал Ғазі», «Мың бір кеш», «Табары жазған тарих», «Жүсіп-Зылиқалар», «Ләйлі-Мәжнүндер», «Көрұғлы» сияқты хикая дастандар да бар. Абайдың бас алмай оқығандары осылар. Аздан соң, кешкі шайдан асқа шейінгі мезгілде Абай кейбір оқып шыққан кітаптарын үй ішіне әдемі әңгіме қып, айтып беріп отыратын әдет тапты. Бұған әжесі себеп болды.

¹ Нұрқатов А. М. Әуезов (монографиялық очерк). Шығармалар жинағы, 1-т. Алматы, 2010.

кітап оқу
Айғыз
сөуір
отамалы
әліара
құлыншақ

Зере Абайдың кітапқа берген ықыласын байқап бір күні кешке:

– Қарағым, осының ақыл. Ішкен менен жегенге мез боп, мойны-басы былқылдап, ақылдан да, өнерден де кенде боп жүрген бай баласы аз ба? Осы ала қағазыңнан айырылма! Ұқсама аналарға!.. – деген.

Әжесі кітап қадірін жақсы айтқанға Абай ырза болып, жаңағы сөзден соң, күн сайын бір тамаша әңгіме айтатын болды. Шешелер, малшылар, балалар боп – баршасы телміре тыңдайтын. Анда-санда Айғыз да кеп естуші еді. Ол Кәмшат кеткелі қатты жүдеу. Үлкен қара көздері аларыңқырап, барлық жүзі сұрланып ақшыл тартыпты. Шеке тамырлары көкшілденіп, өдемі жүзіне уайым көлеңкесі түскен тәрізді. Үнсіз уайымдаған ана қаралы. Абай бұл шешесінің күйін қабақпен таниды. Ол келген кештерде әңгімесін ерекше ықыласпен айтады.

Абай әңгіме айтуға біртүрлі шешен, шебер боп барады. Ғабитхан тіпті өзі оқып шыққан кітаптарды Абай хикая қып айтқанда, бар бейлімен, жақсы ілтипатпен тыңдайтын.

Бір жаманы, жалғыз-ақ көктем болып, мал төлдей бастаған уақытта қызық кітаптың бөрі тегіс оқылып, бар әңгіме айтылып қалды.

«Әңгіме, әңгіме» деп, Абайға емініп отыратын үй іші енді алғаш Абай айтқан әңгімелерді кейбір малшы қатынға немесе балаларға қайта айтқызып, қайта тыңдасатын болды.

Бірақ олардың айтуы Абайдай емес, дәмсіз, үстірт.

Үлжан соларын сезіп, кейде тоқтатпақ боп:

– Қыс өтті, жаз шығып, мал төлдеп қалды. Ертектің кезі өтті. Өйтпесе, қыс аяғы кетеді. Қой-ақ қой! – деп қалжың етіп, тоқыратып тастайтын.

Бірақ шешелер оңашада Абайға жақсы кітаптың жақсы хикаяларын қайтадан ескерте беруші еді.

Ғабитхан мен Абай екеуі маңайда кітабы бар молда сүрей, көрден, шала сопылардан бірен-саран кітап тапқызып алысты. Тағы бір кезде Ғабитхан әдейілеп тұрып, Қарашоқыға, Күнкенің аулына барып, екі қоржын басы кітап әкелді.

Құнанбай Қарқаралыда Хасен молда арқылы, тағы басқа оқымысты кісілер арқылы үйде отырғанда оқып отырам деп, бірталай қызық кітаптар алғызған еді. Оны елге де жеткізген. Бірақ Абай бір рет:

– Бізге беріңіз! – деп сұрағанда:

– Қасымда отырып, өзіме де естіртіп оқып бер! Сүйтсең берем. Өйтпесе, қызығын өзім көріп, өзім ғана білем дегеніңе бермеймін! – деп бергізбей қойып еді.

Абай өке қасына барғысы келмегендіктен, ол кітаптардан да құр қалып жүрген. Ғабитхан соның есесін тауып, бірер күн сұрап жүріп, алып келді. Үй іші де, Абайға да Ғабитханның табысы үлкен олжа еді.

Бірақ дәл осы кітаптар келген күннің ертеңінде Абайға шақырту кеп, Қарашоқыға жүріп кетті.

Күнкенің аулына Абай келісімен, Құнанбай мұны Құлыншақ аулына жұмсады. Өкесінің Құлыншаққа айтатын сөздерін Абай ұғынып ап тысқа шыққанда, мұнымен бірге барғалы Қарабас өзін түр екен.

Құлыншақ аулы алыс емес болатын. Қарашоқының күнбатыс жағы, бұрынғы Қодар қыстауының арғы жапсары Торғай руына тиісті. Құлыншақ – сол Торғайдың басты кісісінің бірі.

Қарашоқыны бөктерлеп, Аймаңдай аттың жол жорғасымен жүріп отырып Абай:

– Шыңғыстың бөктері тегіс көктепті-ау! – деп, айналаға көз жіберіп келе жатты.

Аласа ала күрең бетеге даланы да, бөктер, беткейді де тегіс көгертіп, жасарта бастаған. Бірақ аспан ашық емес.

– Жалғыз-ақ, осы бір суық жел мен бұлт айықпайды екен! – деді.

Екі-үш күннен бері бұл өңірде күн бұлыңғыр болған. Және қыстың соңғы салқын тынысы сияктанып бір суық жел білінуші еді.

– Е, сәуір жаңа туды ғой. Сәуірдің басы осылай бұлтты суық болатын әдеті ғой! – деп, Қарабас қыстыгүні қар болатынын айтқандай, мерзім айтты.

– Неге? Сәуір қыстың айы емес! Жаздың айы емес пе? Жылда бүйтед деймісің?

Жылда сүйтеді. Сәуірді, осы, жұлдызша не дейді?

Апрель дейді.

Ендеше, сол апрелің осы. «Сәуір болмай, тәуір болмас» деп, бұрынғылар текке айтпаған. Сәуірдің басындағы суық бітпей, жаз шықпайды дегені, – деп, Қарабас Абайға ай-айдың мәнін айта бастады.

Бұл жөнде Қарабас атшабарда Абай сезбей жүрген көп білім бар екен. Сәуір – бұл айдың арапша аты. Қазақша – мамыр. Одан соң маусым... Абай қазақша ай атының бәрін сұрап, қайта-қайта қайырып жаттап алды.

Бірақ сәуір турасындағы жаңағы сөзді алғаш есіткені осы еді. Жазға салымның ең жайсыз кезін өнеугүні әжесі «отамалы» деп атап еді.

– Осы «отамалы» немене? Не деген сөз өзі? – деп, Абай соны сұрады.

– Отамалы көкек айының он бірінде кіріп, он жетісінде шығады. Желсіз, борансыз өтпейді. Қыстың ең соңғы зәрі сонда. Отамалы деп атанғаны бір байдың Отамалы деген қойшысы болған екен. Сол бақыр күн қайырады екен-ау! Көкектің суығы басталған уақытта, әлгі: «Қойды жайылысқа шығармайық, боран болады. Қойдың қыстан титықтап шыққан кезі, малыңнан айырыласың», десе, байы бір діні қатты көпір екен. «Сен тоғышарлық қып алдап отырсың» деп, Отамалыны сабап-сабап, қойды жайылысқа шығартады. Сол күні, құдай көрсетпесін, бір қатты боран басталып, тақ үш күн, үш түн соғып, бар қой ығып кетіп

қырылыпты да, қойдан қалмаймын деп Отамалы бақыр да үсіп өліпті. Көкектің суығы – «отамалы» атанғаны содан дейді. Әжең бақыр соны біледі ғой, – деді Қарабас.

Осыдан соң: «Айдың тоғамы» деген не?, «Өліараның» не мәні бар?, «Қыркүйек» неден қойылған? Абай осыларды да сұрастырып, көп қызық әңгімелер есітті. Аздан соң есепшілер жайын, есепшінің тәжірибесін де сұрастырып:

– Күн қарайып, есеп айтуға өзің қалайсың? – деді, жаңағының бәрін біліп, бәрін жақсы әңгіме еткен Қарабас есепшіден аман емес шығар деп ойлап еді Абай...

Құлыншақ аулы өлі қыстауда екен. Күн жылынған кезде тамнан шығып, қыстау жанына киіз үй тігіп отыратын әдет болушы еді. Қорашоқыдағы Құнанбай аулы сөйткенмен, Құлыншақ олай етпейді.

Өзін бала көргенмен, Құнанбай жібергенін ескеріп, Құлыншақ Абайды үлкен кісідей қарсы алды. Қонақтар отырып, амандасып болған соң:

– Уай, қатын, қазан көтер мына қонаққа! – деп бұйрық етті. Құлыншақтың «бес қасқа» деп атанған, бес мықты ұлы болатын. Олардан қазір Манас қана үйде отыр. Бұл «қасқа» десе дегендей, еңгезердей екен. Жалпақ маңдайлы, нұр жүзді, балуан тұлғалы жас жігіт Құлыншақтың немересі еді. Үндемей отырып, домбырасын тыңқылдатып тартады да, қонақтарға салқын қарап қояды.

Үйде өзір тұрған шай бар екен. Манастың келіншегі дастарқан жайып, шай жасай бастады. Жүзі жұқалау келген, самай шашы жып-жылтыр, қырлы мұрын, қара торы келіншек аса бір таза, шапшаң көрінеді. Бар қозғалысында өдемі сыпайылықпен қатар, ширақ сергектік бар. Отырған үйіне жылылық, жарастық бергендей келісті әйел.

Соның кірген-шыққан қимылын қарай отырып, Абай:

– Құлыншақ аға! – деп сөз бастады...

– Әкем сізге сәлем айтып еді...

– Сәлемет болсын...

– Айтқаны, мына жердегі Бетқұдық жайы. Бұрын Борсаққа тиісті қоныс екен. Ақперді Борсақ қыстауын алған соң, қонысы мен өрісін тегіс алдым дейді ғой. Соған былтыр күздігүні қыстауға кірер алдында сіздің ауыл қоныпты. Бірталай отырыпты. Қазір жаз шыға: «Қорасының жаны болған соң, тағы қонып жүре ме? Мен ірге тигізбей, күздігүні пішенін шауып алайын деп ем. Осыны Құлыншақ маған қиса екен! Қонбаса екен!» деп әкеме өтініш айтыпты.

– Е-е, Ақперді оны айтсын, ал өкең не дейді?

Әкем Ақпердінің осы сөзі орайлы ғой. Құлыншақ қонбаса жақсы болар деп, осы сәлеммен жіберді, – деді.

Қысылғанда да, іркілген де жоқ. Баппенен, үлкен кісідей айтып шықты.

Құлыншақ үндемей, басын изеңкіреп отырып мырс ете берді де:

– Шай іш! Кәне, жақындандар! – деп, шайға қарай қозғалды. Абай да шай іше бастап, Құлыншақтың жауабын күтіп отыр.

Құлыншақ бірер шыны шай ішкенше үндемей, сазара түсіп, бір уақытта Абайға оқыс бұрылды да:

– Уай, балам, екең осы Бетқұдықтың мәні-жөнін ұғынып, түбін тексерді ме екен? Борсақ отырған кезде мен кезек қоныс етуші ем ғой? Көгі болса бұрын да оралушы еді. Қақ бөлсуші ек қой. Осыны білді ме? – деді.

– Оны білген көрінеді. Бірақ, тегінде, меншік бар да, келісім бар ғой, ақсақал. Даусыз иесі Борсақ еді. Соның меншігі еді. Құлыншақ иелік жөнімен емес, келісім ретімен үлес алып келген еді. Келіссе, Ақпердімен де соны істер. Тек, меншік Ақпердінікі екенін ойласын деді.

– Е-е, ат иесі Ақперді десеңші! Ендеше, алдына ат иесі мінед те, артына бізді тілесе мінгізіп, тілемесе мінгізбес. Қыстауының іргесінде, желі басындай жерде тұрса да, Бетқұдықтан бетті жу десеңші! – деп, Құлыншақ наразы боп, томсарып қалды.

Абай Құлыншақтың ренжіген жайын ұғады. Өз басы ренжітейін деп те ойлаған емес. Басында әке сәлемімен келсе де, мұның арты үп-үлкен шаруа жайы екенін онша бағалаған жоқ-ты. Енді мынандай үлкен, нағыз адамның амалсыз ренішіне қарай, өзі айтқан жайдың ауырлығын ұқты.

– Менің әкелгенім осы бір сәлем. Арғысын өзіңіз біліңіз.

– Қайтпек керек? Ақперді! Ақперді! Ақпердіге құдай бақ берді, – деп, Құлыншақ ащы бір мысқылмен күліп қойды.

Абай Құлыншақтың сабырлы сықағына қызығып, күліп жіберді. Тартысам деп келген емес. Және әке қарызынан құтылды. Сондайды шапшаң болжап шыққан Абай жаңағы Құлыншақ қалжыңын іле жөнеліп:

Бақ берген емей немене,
Борсақтан қалған аз жерді
Менікі деп тап берді деңіз, –

деді. Абайдың бұл мінезіне үйдің іші тегіс күлді. Шай құйып отырған Манастың келіншегі, әсіресе, ырза болды білем, қып-қызыл боп қатты күліп жіберіп, Абайға жалт етіп қарап, тамсанып қойды.

Құлыншақ шалқая беріп, Абайға:

– Е, балам-ай, мынау лебің қалай жақсы еді. Тек осыныңды Ақперді есіткей етті! – деп ырза боп қалды...

Лұғат

Тәпсір – діни сөз: Құрандағы ұғымдар мен ондағы ескірген сөздердің мағынасын түсіндіретін анықтама, түсініктеме.



1. Құдалық, қалыңмал, жасау, енші, елулі күндер, мүшел сияқты ертеден келе жатқан салттар мен таным-ұғымдарға қатысты не білеміз?
2. Абай кімдердің шығармаларын жатқа оқитын?
3. Қарқаралыға не мақсатпен барған еді?
4. Айғыздың жүдеп кетуінің себебі неде?
5. Абайдың дастандарды бар ықыласымен өңгімелеуіне кімнің сөзі демеу болды?



1. Шығыс әдебиетінің жауһарларынан сусындаған бала Абайдың білімге, дүниені тануға деген қызығушылығы байқалатын үзінділерді жинақтаңдар. Абай дүниетанымын берік қалыптастырудағы алғашқы сатылардың бірі осы шығыс әдебиеті екенін қарасөздерінде айтылған оймен байланыста талқылаңдар.
2. «Күнәң аз болса, күн есепте» деген сөздің мәтіндегі мағынасын ашыңдар. Осы жөнінде астрология ғылымы не дейді?



1. Қазақта «Жау үлкені – елдің жауы, дау үлкені – жердің дауы» деп неліктен айтылады? Ертеде «Жеті жарғы», «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолы» секілді дала заңдарында жер дауы қалай шешілген? Тарих пәнін басшылыққа ала отырып, мөлiметтер жинақтаңдар.
2. Абай әкесі тапсырған сәлемдеменің салмағын қалай бағамдады? Абайдың әрекетіне өзіндік баға берiңдер.



Жыл мезгілдері мен ауа райына қатысты амалдардың мән-мағынасын түсіндіріп, оларды қазақ халқының сан ғасырлық халықтық тәжірибесінің тезінен өткен өзіндік принциптері мен нормалары екені жөнінде ой бөлісіңдер.

1-топ. «Айдың тоғамы», «Күннің тоқырауы», «Үркердің батуы».

2-топ. «Мұздың қатуы», «Киіктің матауы», «Қыс тоқсан».

3-топ. «Бесқонақ», «Самарқанның көктасы», «Өліара».

4-топ. «Құсқанаты», «Құралайдың салқыны», «Мизамшуақ».

Шытырманда

2



Алғашқы махаббаты – Тоғжанға байланысты сезімдер бітпес шердей, ескі айықпас дерттей Абайды сан рет тебіреніске түсіреді. Ақжарқын, ашық мінез ақын қыз Қуандық та, ерекше сәнді, саналы сұлу Салтанат та Абай жүрегін өзіне бұра алмайды. Ол Өйгерімге Тоғжанның баламасы көріп, өкінішті арманын орындамақ ниетпен үйленеді.

Рахманқұл БЕРДІБАЕВ

Абай әке тапсырмасымен Сүйіндік ауылына барғанда Тоғжанды кездестіреді. Бозбала Абайдың жүрегінен үлкен орын алған Тоғжан – оның алғашқы махаббаты. Екеуі де бір-біріне бір көргеннен ғашық болғанмен, тағдыр оларды қоспайды. Абайды Дiлдәға, Тоғжанды Аққозыға атастырып қойғандықтан, жастар ата салтын бұза алмайды.

Жазушы Абай мен Тоғжан арасындағы махаббатты суреттеуде күйініш, сүйініш сезімдеріне ерекше көңіл бөлген. Психологизмді терең игергені жастардың сезім күйлерінен аңғарылады. Осындай есте қаларлық кездесудің бірі – Абай мен Ерболдың Тоғжанды іздеп баруы болса, келесісі – Бөжейдің қаралы көші. Бұл кездесулер бір-біріне қарама-қарсы суреттелген. Романда

жазушы Тоғжанның мұңға толы шерлі келбетін қаралы көшпен астастыра бейнелеген. Абайдың «Жарқетпес қара көңілім не қылса да», «Ақ етің аппақ екен атқан таңдай» және т.б. махаббат лирикаларының дені Тоғжанға арналғанына романда қаныға түсеміз.

Абай – Салиқа, Мәкен дауының сәтті шешілуіне басты себепкер жан. Романдағы Абай – Тоғжан, Абай – Әйгерім, Балағаз – Керімбала, Дәрмен – Мәкен арасындағы махаббат шынайы сүйіскен жастардың сезім күйлерін танытады.



Сүйіндік аулына Абайлар ел орынға отыра келді. Өз қыстауынан айырылып, Қарауылдың бас жағын – Түйеөркеш деген жерді қыстаған Сүйіндік аулы қазір тамда емес, киіз үйде екен. Малжаны көп, бай ауыл осы орынды қыстауға лайықтап алғанмен, әлі жаңа қыстау сала алмай, ескілеу тар қораға сыя алмай, күннің көзі жылынысымен киіз үйге шығыпты.

Сүйіндіктің аппақ үлкен үйі жылы екен, іші тола тірелген жүк, буулы тең менен сандықтар. Оның ар жағы екі босағаға шейін текемет, алаша, түскиізбен қоршалыпты.

Саптама мен тиін ішікті әлі тастамаған Абай бұл үйде тоңазитын емес. Биылғы көктемде алғашқы рет киіз үйге қонғалы отырғаны осы. Мұнда бір жеңіл салқындық, кең тыныс бар. Көктемгі киіз үй Абайға ерқашан таңсық болатын.

Үлкен үйдің ортасында алакөленкелеу жанған тас шам бар. Сүйіндік бәйбішесімен және екі баласы – Әділбек, Асылбекпен – бәрі де қонақтармен бірге болды. Бұл үйге, әсіресе, өзгеше көктем нұрын енгізген бір жан бар. Ол Сүйіндіктің қызы – Тоғжан. Абай келгеннен бері Тоғжан үлкен ағасы Асылбектің отауынан осы үйге бірнеше рет келіп кетті. Сылдырлаған шолпысы, әлдеқандай былдырлаған тілменен Тоғжанның келері мен кетерін паш етеді. Құлақтағы өшекей сырғасы, бастағы кәмшат беркі, білек толған неше білезіктері – баршасы да бұл өңірден Абайдың көрмеген бір сәні сияқты. Толықша келген, аппақ жүзді, қырлы мұрын, қара көз қыздың жіп-жіңішке қасы да айдай боп қиылып тұр. Қарлығаш қанатының ұшындай үп-үшкір боп, самайға қарай тартылған қас жүрекке шабар жендеттің жебесіндей.

Тоғжан үйдегі сөзге құлақ салып, не күліп, не қымсынса, сұлу қастары бір түйіле түсіп, бір жазылып толқып қояды. Елбіреп барып

Тірек сөздер

Сүйіндік
Шыңғыс
өкіл күйеу
тамыр
Тоғжан
махаббат
шолпы
сыпайылық

дір еткендей қанат лебіндей. Самғап ұшар жанның жеңіл әсем қанатындай. Биікке, алысқа мегзейді... Абай көпке шейін Тоғжан жүзінен көзін ала алмай, телміре қарап қалады.

Қыздың көп кіріп-шығысы қонақтардың қамы екен. Аз уақытта дастарқан жайғызып, күтуші әйелге шай құйғызып, өзі әкесінің төменгі жағына отырып, шыныларды өперіп, үй ішіне қызмет көрсете бастады.

Абай Сүйіндіктен де қысылған жоқ. Бала емес, ысылған ашық, үлкендерше сөйлейді.

Тоғжан кеп отырғаннан кейін Сүйіндікке қарап:

– Сүйіндік аға, осы мына сіздің жердің алдындағы Қарауыл дейтін жалғыз биік не себепті Қарауыл атанды екен? – деді.

Сүйіндік:

– Кім білсін, шырағым! – дей түсіп, аз отырып, – Е, Тобықты мен Матайдың шабуылы, жаулыға қалған ба? Сондағы қуғыншы мен жортуылшының бірі қойған аты дағы. Өзі өзге таудан бөлініп, айдалаға оқшау барып тұр ғой. Содан қарауылдамай, қайдан қарауылдасын! – деді.

– Сүйтіп, бұл атты Тобықты қойған дейсіз бе? Тобықты келмесе бұрын сондай ат жоқ па екен?

– Қайдан болсын? Бұл өңірдегі барлық атты Тобықтының өзі қойған.

– Әй, білмеймін-ау! Бар атты өзі қойса, Шыңғыс дегені несі екен? Шыңғыс деген Тобықты бар ма?

– А, жоқ! Мынауың жаны бар сөз. Бесе, бұ Шыңғыс деген осы үлкен алып таудың аты неге Шыңғыс атанды екен бұл? – деп, Сүйіндік өзі де ойланып қалды.

Әділбек әкесінің мүдіргенін намыс көріп:

– Шыңғыс деген сөз «шын қыс» дегеннен, қысының қаттылығынан болыпты-мыс деседі ғой! – деп еді.

Абай бұған күлді де:

Олай болмас. Шыңғыс деген белгілі хан аты ғой, – деді.

– Бесе, осы сөз менің де құлағымға бір тиген еді. Жадымда қалмапты. Кәне, білсең өзің айтшы, шырағым, – деп, Сүйіндік Абайды тыңдағысы келді.

Жас қонақ Шыңғыс хан жайында өзі білген, есіткен әңгімелерін айтып кеп, ақырында өз көңіліндегі біраз долбарды қосып:

Тауының «Шыңғыс», биігінің «Хан» аталғаны содан. Және сонау бір бөлек тауы «Орда» аталғаны да сол. Шыңғыс ханның мекен еткен қонысы екенін паш етеді. Қарауыл демек те сол кезден қалған ат емес пе екен? – деп тоқтатады.

Сүйіндік Абай сөзін қатты ықыласпен тыңдады. Алдындағы шайы ішілмей, кесесі суып қап еді. Тоғжан әкесінің соншалық тыңдағанын енді байқады. Ол Абайға таңдана қарап, бірталайға дейін көз алмады...

Үй іші Абай айтқан жаңалықтарды қызыға тыңдап, көңілденіп қап еді. Асылбек, Қарабастар:

– Қисынды-ақ екен! – десті.

Шыңғысты былай қойып, тақ осы Сүйіндік қыстауы Түйеөркештің қасында тұрған «Хан» биігін, онан соң Мамай қыстайтын анау «Орда» деген таудың бәрін де шешті. Соны осы күнге шейін неліктен аталғанын білмей жүру, мұндағы үлкеннің бәріне енді ғана орасан көрініп еді.

Сүйіндік Абайдың шынысын өзі әперіп:

– Жеп іш, Абай! – деп, енді қонағының алдына жент пен майды да, бауырсақты да молырақ ысырып қойды. Әкесінің жас қонаққа жасаған осындай бейлін де Тоғжан сезіп отыр.

Біреп мезгіл Абай өзіне қараған Тоғжанның әдемі қара көзін байқады. Солғын қарау емес, Абайды анықтап, түстеп, барлай қараған сияқты.

Абайдың да әйелге анықтап қызыға қараған жолы осы сияқты. Тоғжан ұзағырақ қадалып, көз алмай отырып ақырын қызғылт тартқандай болды да, көзін тайдырды.

– Көп жасаған білмейді, көп тоқыған біледі. Осылайша ұққаның, тоқығаның жақсы, балам! – деп, Сүйіндік бір тоқтады. Абай осы сөзге жалғастырып:

– Өзіңіздей кісіден есіткен сөздер ғой, Сүйіндік аға! – деп аз отырып. – Рұқсат етсеңіз, осы өзіңіз айтқан кейбір сөздерді де өз аузыңыздан ұғынайын деп ем! – деп Сүйіндікке қарады. Тұрпайы емес, сыпайы бастап, орамды келді. Сүйіндік:

– Е, сұра, айт балам! Не сұрамақ ең! – дегенде:

– Ендеше, осы жаңағы кіші орданың тұсында Көжекбай, Құлжабайдың жер дауына билік айтқан екенсіз. Сонда «Мен қойдың бөлігін бөлмеймін, құдайдың бөлігін бөлемін!» депсіз. Осының мағынасы қалай? Соны сұрайын деп ем! – деді.

Бұл сұраққа Қарабас, Әділбек, Асылбек те күліп жіберді. Тегі, Абайдан басқаларына жөні мәлім болу керек. Сүйіндік Абай сұрағына аз тіксініп, қалта қарап, ойланып қап еді.

– Шырағым, бұл сөзді әкеңнен ұғынсаң етті.

– Менің әкем баламен ашылып сөйлей бермейді ғой! Білесіз ғой.

– Бірақ жаңағы іске әкеңнің қатысы бар ғой! Оны білуші ме едің?

Қарабас, Асылбектер әлі күліп отыр. Олар Сүйіндіктің қашқалақтағаны мен сыпайылық сақтағанына және Абайдың жайсыз әңгімені қадала сұрағанына күледі.

– Әкемнің қатысы барын білемін.

– Ендеше, әкең аты араласқан сөзді ең әуелі әкеңнің өзінен ұғынғаның мақұл!

– Бәрекелді! Сүйіндік аға, оныңыз жақсы ақыл! Бірақ... сол билік тұсы, сіз бен менің әкем екі араңыздың суысқан тұсы болды дейді. Ол рас қой?

– Рас!

– Ендеше, сізбен қалай араздасқанын мен өз әкемнен ғана біліп қойсам, мына



М.А.Кагаров. Татьяна өні, 1980 ж.

Әділбек пен Асылбек ағам сізден ғана ұғынып қойса, не болады? Анық шынға жете алмай, сыңаржақ кетеміз ғой. Бірден, адасамыз. Екіншіден, бала мен бала, мына біздер, сырттан қырбай, сырттан шалғай кетісеміз ғой. Сіз маған әкем бұл кісілерге айтып отырса, таразының басы тең баспас па еді?

Сүйіндік те, үй іші де Абайдың мына дәлелдерін дұрыс көрді. Қарабас сүйсініп кетіп:

– Дұрыс-ау, осынысы баланың? – деп, Сүйіндіктің әңгімесін айтқызуға бейімдеді.

– Балам-ай, алды-артымды орап алдың-ау осы сен, ө? – деп, Сүйіндік ақырын күле түсіп, екі ойлы боп қалды да Асылбекке қарап:

– Ей, менің балаларым, мына бала қонағың тартымды жатыр-ау өзі, ойламайсыңдар? – деп, жақсы жадырап, шын бейілденді. Тоғжан шай ішіліп болса да, дастарқанды жиғызбай, күлімсірей түседі. Жиі қарап, Абай көзімен кездескенде, көптен бергі сыйлас танысына жасайтын ілтипат білдіреді.

Абай әңгімені алғаш өзі ойлаған жаққа бұрды.

– Сол менің әкеммен қырбай боп қалған жеріңізді өзіңіз ұғындырыңыз, Сүйіндік аға!

– Өтінсең, айтайын! Біле жүр! Сенің әкең Мамай ішінде Жамантаймен көңілде боп жүріп, өкіл күйеу болғанда екі жүз қой киіт киген.

– Өкіл күйеуі қалай?

– Өкіл күйеуі шын күйеу емес, тамыр есепті нәрсе.

– Онда «тамыр» деп неге аталмайды?

– Тамырлық құрбылас кісінің арасында болады. Ал жасы үлкен кісімен жас жігіт тамырласам десе, кейде осылайша өкіл күйеу боп аталады.

– Иә, сонымен?..

«Махаббат па? Осы ма? Осы болса, мынау дүние, мынау маужыраған тынысты нәзік түн... бесігі ғой. Сол сұлу саздың құлақ күйі ғой».

Сүттей жарық, айлы түн. Таң әлі жоқ. Бірақ жоқ екенін білсе де, Абай әлдеқандай өзгеше «таңды» сезеді. Күйік те, үміт те, қуаныш та, азап та бар – жүрек таңы. Кеуде толған өзгеше ыстық, өзгеше жұмбақ, мол сезім. Соның шалқи түсіп шарықтауы көп. Лыпыл қаққан қанаттай тоқтаусыз құбылып, тыныштық ала алмай лепіреді.

«Нені айтады? Не деп түсінеді? Не сипатты бұл сезім? Не боп барам? Тақат, сабырым қайда?»



М.А.Кагаров. Татьяна өні, 1980 ж.

Бойына тоңазығандай бір діріл пайда болды. Себепсіз дірілдейді. Жүрегі де тулап кеп, өз-өзінен қысылып, шаншып кеткендей.

«Таң... жүрек таңы... Сол таңым сенсің бе? Жарығымбысың, кімсің?..»

Шынымен бар жанымен құлай табынған сұлуға қарап, бар сезіммен үнсіз жырлап тұрған тәрізді. Тоғжанға арналған ең алғашқы «ғашығым» деген жарына арналған жан жырының тұңғыш жолы осы еді.

Ойша екі-үш ауыз махаббат сәлемін айтып шықты. Біртүрлі оңай, рақат боп өз-өзінен құйылып тұрған тәрізді. Бірақ сол кезде Қарабас үйге қарай шақырды. Екеуі тыста жалғыз қапты. Абай үйге таман келе жатып, жаңағы өлеңін қайта есіне түсірейін деп еді, «Ақ етің аппақ екен атқан таңдай!» дегеннен басқасы есіне әзір қайта түспеді.

Қарабас пен Абай үйге кіргенде, Сүйіндік пен бәйбішесі биік төсекке жатып қалған екен. Сарғыш шегірен шымылдық үлкендердің жататын орнын қоршап тұр. Кең үйдің төріне екі қонаққа арналып төсек салынып жатыр. Одан басқа өзге кісі жататын жай сезілмейді.

Тоғжанның өз үйі басқа ғой. Ол Сүйіндіктің кіші әйелі, Қантжанның қызы екен. Жаңа үйге кірген жерде Абайдың ойлағаны осы. Өйткені төсек салып жүрген – бағанағы шай құйған сары келіншек.

Абай төрге қарай қозғала беріп еді. Бір уақытта шегірен шымылдық толқып барып қозғалды да, есік жақтағы шетінен шолпы сылдыры естіліп, Тоғжанның әсем бойы көрінді. Қолына бір торғын көрпені алып, бері шығып келеді екен. Асықпай, тіпті ақырын қозғалады. Шолпысының ендігі сылдырынан өзі қысылған тәрізді.

Келіншек Абай жататын төсекті баптап салып больш қап еді. Тоғжан қолындағы торғын көрпені кеудесіне көтеріп, бауырына қысыңқырап тұрып, келіншекке әдеппен ғана бұйрық етіп:

– Аяғын, аяқ жағын биіктесеңші! – деді.

Абайға бұ да дәл өзіне ғана арналған, өзгеше ықылас сияқты көрінді. Бірдеме айтар еді... айтқысы кеп еді. Бірақ жүрегі лүпілдеп аузына тығылғандай боп, түк сөз таба алмады. Құр ғана қызарып қысылды да, сырткімін шеше берді.

Тоғжан ақырын, сыпайы ғана кеп, Абайдың төсегіне торғын көрпені жазыңқырап қойды да, есікке қарай қозғалды.

Үнсіз бейіл белгісіндей үлкен ілтипат жасады. Бірақ бары сол ғана. «Шын-ақ бары сол ма? Әлде, тіпті бар қонаққа істейтін дағдылы сыйлық сияқты ма? Сол ғой!» Үлкен үйдің есігіне жеткенше Тоғжан ақырын басып, келіншекті ертіп кетіп барады. Қайта бұрылмайды.

Дәл шығар жерде ғана өзінен бұрын есік ашқан келіншекті ілгері шығарып жіберіп, өзі біртүрлі сұлу қозғалыспен сырт айнала беріп, төрге таман ақырғы рет бетін беріп, үй ішінен сыртымен шықты.

Тоғжан есікке қарай қозғалғанда Абай қадалып, телміре қарап қалып бешпетін екі иығынан шеше беріп еді. Бірақ Тоғжан бір қарамағанға қайран боп, кеткенін қимағандай қалт тұрып қапты...

Лұғат

Шолпы – 1) алтын не күміс теңгелерден, қақталған алтын мен күмістен ою-өрнектеп, тізбелеп жасалған, шашқа тағатын моншақты, қоңыраулы әшекей; 2) сүзгі, кепсер, кәкпір, майшолпы. *Бұл жерде:* бірінші мағынада.

Қырбай – 1) қырғи қабақ, дұрдараз болу, араздасу, ренжісу; 2) жұмысқа икемі жоқ, ебедейсіз, бейімсіз. *Бұл жерде:* бірінші мағынада.

Өкіл – 1) белгілі бір елдің, мекеменің, ұйымның көзқарасын, мүддесін білдіретін, оны жүзеге асыратын ресми адам; 2) белгілі бір топтың атынан келген кісі. *Бұл жерде:* өкіл күйеу – көне этнографиялық салт, яғни қыздың әкесімен емес, бөтен жасы үлкен адаммен арадағы қатынас, тамырлық байланыс.

Шегірен – этнографиялық атау. Ешкі мен қой терісінен жасалатын, бетінде бұдыры бар жұмсақ былғары.

Торғын – қымбат бағалы жібек матаның бір түрі.



1. Романдан Абайдың махаббат туралы өлеңдерін жинаңдар.
2. Бөжейдің қаралы көшінде Абай мен Тоғжан кездесетін үзіндіні тауып оқыңдар.
3. «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңі қалай жазылған?
4. Тоғжанның жүріс-тұрысынан қандай мінезді байқадыңдар?



Сүйіндік ауылының сырт көрінісі мен киіз үйдің ішкі көрінісіне талдау жасап, халықтың тұрмыс-тіршілігіне тән ерекшеліктерді анықтаңдар. Бұл ерекшеліктерді дала өркениетінің, көшпелі ұлттың қатпарлы тарихының бір бөлшегі ретінде қарастырыңдар.



Психологиялық параллелизм ұғымына түсініктеме беріңдер. Үзіндіде кездесетін психологиялық параллелизмді анықтап, оның кейіпкер көңіл күйін ашу-дағы қызметіне талдау жасаңдар.



Абайдың Тоғжанға арнаған өлеңдерімен танысыңдар. Өлеңдерде заманның қатал қағидалары мен дәстүр-дәріптері дес бермей, дәрменсіздікке душар болған ақынның сезім машақатын бастан кешуі қалай жырланады?



Тоғжанның портреті берілген үзіндіні оқып, топта төмендегі тапсырмаларды орындаңдар.

а) Автордың сөзқолданысына талдау жасап, оны троп пен айшықтау түрлеріне ажыратыңдар.

Көркемдегіш құрал түрлері	Мысал	Қызметі

ә) Тоғжанның киім киісі, таққан әшекейлері, жүріс-тұрысы ерте заманнан бастау алатын қазақ қызының киім кию дәстүрінен сыр шертіп тұрғандай. Қазіргі уақытта ұлттық киімге халықтың сұранысы бар ма? Ұлттық киімдеріміз бен әшекейлерімізді насихаттау мен заманауи үлгіде сөнге айналдырудың жолын қарастырып, өз жобаларыңды ұсыныңдар.



Абай мен Ербол аң аулап жүріп, қыстыгүні Тоғжанның үйіне тап болатын жерін романдан тауып оқыңдар. Сен Абай болсаң не істер едің? Сен Тоғжан болсаң не істер едің?



Үлкенді сыйлап, құрмет түту, бала туса, келін түсірсе шілдеhana, той жасау, өлікті құрметтеу тағы басқа көптеген әдет-ғұрыптар, салт-саналар қай тап болса да қазақ халқының ерекше бағалаған қасиеттері.

Мырзабек ДҮЙСЕНОВ

Қазақ халқының елу жылдық тарихының көркем шежіресін жасаған романда Абай өмір сүрген дәуірдің көркем суреттері сол боямасыз қалпында бейнеленген. Романда ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың көптеп кездесетіні оның этнографиялық бояуының қалыңдығын байқатады. Осындай мысалдарды Бөжейдің артын күту мен Алшынбай ауылына барған құдалардың салт-жоралғыларынан көруге негіз бар. Бөжей өліміне қатысты жоқтау, өліктің артын күту, қаралы болу, бата оқу, аза салу, ас беруден қазақ халқының қазаға байланысты ғұрыптарын көрсек. Ділдеға ұрын барғандағы құда түсу, киіп кию, қыз ұзату, ілу жасау тәрізді жоралғылар мен үйлену салтына қатысты ырымдар суреттелген. Осы ойымызды әуезовтанушы ғалым Талатбек Әкімнің пікірі толықтырады: «М.Әуезов осы дүниесімен қазақ ойлау жүйесіне жаңа түр, жаңа мазмұн, жаңа сапа, жаңа леп әкелді... Егер бұл эпопея болмаса қазақ өмірінің қыры мен сыры, кім екендігі дәл осындай көркем қуаттылыққа көтерілмес еді. Ол – осынысымен де қадірлі, осынысымен де қасиетті».¹



Құдасының ауылына Ұлжан отыз шақты кісімен келген. Алшынбай бұлар келер қарсаңға, кең сулы, кең бір жазыққа кеп қонған екен. Қазыбектің өзінен тараған ауылдар, көрші туысқандары бар – барлығы қырық шамалы ауыл осы жерге сіресе қоныпты.

Қонақ келетін болғандықтан, бұл өлке биелерін де жылдағыдан ерте байлапты.

Дағды бойынша Ұлжан бастаған үлкендер құданың аулына күйеулерден бір түстік бұрын келіп түсті. Ұлжан қасына өйелден Қалиқаны, күтуші келіншек Қатшаны алған еді. Еркектердің үлкені – қазіргі бас құда – Ызғұтты. Содан басқа өлденеше ақсақал, әнші жігіттер, атшылар бар.

Абайдың қасындағы жас жігіттер саны он екі. Мұның көпшілігі Ырғызбайдың жастары және күлдіргі Мырзахан, атшабар Жұмағұл. Жақын туысқаннан Төкежан бар. Осы топқа Абай өзі шақырып, Ерболды қосып алған. Жеті-сегіз күндік жол бойында Абай мен Ербол үнемі жұбы жазылмай, бірге болған.

Ұлжан Алшынбайдікіне көп қазына әкелді. Келген жылқы, түйеден басқа, жыртыстың бұл-матасының өзі екі үлкен атанға артылып келіп еді. Оның ішінде, келінге жасау тігілетін батсайы, мақпал, манат, дүрия, шағи бөлек салынған. Бірер сандық осы қымбаттарға толы

¹ Әкім Т. Ұлыларға тағзым. Алматы: Үш қиян, 2019.

Алшынбай
 ауылы
 дәстүр
 үкі
 тымақ
 күйеу
 киім

болса, өзге теңдері құда-құдағилар сыбағасы. Шапан, қамзол, көйлек, шаршы. Және толып жатқан ырымдар бойынша төленетін сый-сыяпат.

Қалыңмал басы Алшынбайдың өзіне арналған кесек күміс – бесік жамбы. Бұл ілу деп аталып еді.

Екі жаққа да мәлім, ілу – киітке орай.

Осыдан он жыл бұрын Алшынбай ауылына Құнанбай кеп құда түсіп, Ділдәні Абайға айттырған уақытта, бас құда Құнанбайға киіт деп, Алшынбай аулы күміс тартқан. Ол күмістің аты – тайтұяқ, мына бесік жамбыдан кіші еді. Тегінде, есептесіп келсе, әдет бойынша, ілу мен киіт күн жағынан қарайлас болатын. Бірақ Құнанбай оны есептемей, Алшынбайға өз бергенінің дәл өзін жібермепті.

Құда, құдағи келген күні түнде-ақ барлық кең жазық сый құдалардың қандайлық мырзалықпен келгенін біліп қалған. Сол түннің өзінде Алшынбайдың барды аямай, мырзалыққа мырзалық орай етіп көсілетіні мәлім болған. Құдағи мен күйеулерге арналып үш үлкен аппақ үй оңашарақ тігілген екен.

Сол үйлердің қонақасысы: қысырдың семіз тайынан, құнан қой, ту қойлардан, үйіткен марқадан басталды. Алшынбай Ұлжан отырған үйдің есігін аштырып, тысқа семіз асау құла тайды көлденең ұстап тұрып, қонақтардан бата тілетті.

Абайлар Алшынбай ауылының тұсына бір шақырымдай жер қалғанда иіріле тоқтасты. Енді тобының ішінен Тәкежан, Мырзахан сияқты жасы үлкенірек жолдастар бөлініп, хабар айта кетті. Абай мен Ербол және үш жігіт аттарынан түсіп, қарсы алушы қыз-келіншектерді тосып қалды.

Осыдан осылай толып жатқан күйеу дәстүрі басталатынын мойынға алып Абай Ерболға:

– Осы үйлену деген ата-анаға да, жастардың өзіне де қуаныш қой. Солай емес пе? Ал ендеше, сол қызығына жеткенше күйеу мен қалыңдықтың жолына ырым-жырым, әдет-дәстүр деп неше алуан құбыжықтар қоятыны несі? – деді. Ербол бұған күлді.

– Рас айтасың, құбыжық екені рас. Дәл осы қазір кім келеді? Қандай асау жеңгелер екен, не бұйырар екен деп, мен де үркектеп тұрмын!

Күйеу қасында қалған жігіттердің бірі – Жұмағұл атшабар. Ол өзі әлдеқашан үйленген. Мұндай қиындықтың талайын көріп өткен. Абай мен Ербол жол көрген біреу керек деп, мұны ылғи басшы боп отыруға лайықтап, өз қастарында ұстайтын боп еді.

Жұмағұл ауыл жаққа қарай түсіп:

– Әлі тұра тұр, басыңда үкің жоқ деп қиғылық салады! Тымағыңды көзіңе кимесең, жақтан да ұрады. Екеуің бе! Ербол екеуің талай құқайды көресің. Не қыласың, тек ұсына бер!

Басқа үкі тағу – бар күйеудің әдеті. Ол ғана емес, қызыл манат

шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын төбе тымаққа үкі тағып алу бұл өңірдің бар күйеуіне жол болатын.

Абайға ауылдан шығар жерде Зере, Айғыз сондай киімдерді өзіндік ұсынған-ды. Кәрі әже әншейінде Абайдың дегеніне көне берсе де, бұл тұста ырық бермей, қатты бұйрық еткен:

– Ата-бабаң жолы осы! Барған елің сені кінәламайды. «Өкесі – күйеу, шешесі қалыңдық болмаған ба?» деп бізді мінейді. Ки! – деп, дәл аттанар жерде Абайға жаңағы күйеу киімінің бәрін кигізді.

Абай сол күні өзінің өзгеше қалпын бақсы-құшнаштай көрген. Өз ауылдарынан шығысымен, Ұлжанға кеп:

– Япыр-ау, мен күйеу болсам Бошанға күйеуім, Тобықтыға, Тарақтыға күйеу емес ем ғой. Жолдағы елдің бәріне мен күйеу деп, жынды кісіше жар шақыратыным не? Рұқсат етіңіз, барар жерде киейін, өзінше өз киіміммен барам! – деген.

Ұлжан мұны теріс көрсе де, көнген-ді. Сол Абай жаңағы бақсы мен салға ұқсататын күйеу киімін әлі кимеген. Үкілі тымақ, қызыл шапан қоржында. Жұмағұлдың жаңағы айтқаны сол. Арнаулы киімді кимегеніне ол өзі ырза емес-ті.

Енді Абайдың сескенгенін әбден түсінген Жұмағұл тағы бір уақыт:

– «Құрсаулы жаудан қорықпаған жүрегім, қайынға барғанда жеңгелерден қорықты» деп Барақ айтқаны қайда? Қорқарын қорқарсың! Бірақ, әйтеуір, түбі қайыр. Менің білетінім сол-ақ, – деп, Абайларды күлдіріп алды.

Ербол бұған бұрын айтқан тілегін қайта айтып:

– Әйтеуір, қай жерде төзім ету керек, қай уақытта тұру керек, қай уақытта тымақты көзден алып, кең отыруға болады, бәрін өзің айтып отыр! – деп өтініп тұр.

Абай Ерболдың енді басқаша міндетке ауысқанына қарап, ойланып қалды. Бүгін Абаймен бірге күйеу өтетін тар есік, тас босағаның бәрін бұл да өткелі тұр. Соған бар ынтасымен кеткен. Тіпті Абай ойламаған жайдың бәрін де Абай үшін бұл ойлайды. Мұнысы да достығы. Абайға бар ынтамен берілгені. Бірақ мынау Ербол мен анадағы Ербол қайда? Бұл қазір екі кісі сияқтанып барады. Сонда қайсысы ыстық? Қайсысы қымбат?

Дәл осы кешке шейін Абайға таңдатса, анау Ербол, қызыл өгізіне мініп, тасқын судан Абай үшін өтіп келген Ербол аспанда тұрғандай жоғары...

Лұғат

Құшнаш – көне сөз: ем-дом жасаушы; тәуіп.

Сал – 1) суда адамдарды, жүктерді тасымалдауға арналған су көлігі; 2) төрт бұрышты, қоға мен қамыс араластырыла буылған құрал, яғни ыспа; 3) денені жансыздандырып, қозғалтпай тастайтын ауру; 4) көне сөз: сауықшыл, елден ерекше сән түзеп, қасына топ-тобымен өнерпаздар ертіп жүретін ақын, әнші өнерлі жігіт; 5) суырыпсалма ақын, әнші, құйші, шешен адамдар тобының атағы; 6) затты, нәрсені сақтау, тығу. *Бұл жерде: төртінші мағынада.*



1. «Өрде» тақырыбынан түсінгендеріңді баяндап беріңдер.
2. Үлжан бастаған отыз шақты адамның ішінде кімдер бар? Санамалап айтып беріңдер.
3. Үлжан Алшынбайдың ауылына не мақсатпен келді?
4. Жас балаға, келін мен күйеуге үкіні не үшін тағады? Шығармамен байланыстырып жауап беріңдер.
5. Осы бөлімде кездесетін салт-дәстүрлердің қазіргі күндегі көрінісі қандай?
6. Қалыңмал мен киіт не мақсатта беріледі?



- а) «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген түсінікке сөйкес келетін көріністерге талдау жасаңдар. Топта талқылаңдар.
- ә) Абай өмір сүрген дәуірдегі салт-дәстүр, өдет-ғұрып, жөн-жоралғыларды бүгінгі күндегі қолданысымен салыстырыңдар. Қандай тұжырым шығарар едіңдер?

Абай өмір сүрген дәуір	XXI ғасыр
Тұжырым:	

- б) XXI ғасырда ұлттық салт-дәстүрді ұстануға қатысты пікір алмасып, төмендегі кестені толтырыңдар. Өз жұмыстарыңды сыныпқа ұсыныңдар.

Күшті жақтары	Әлеіз жақтары
Мүмкіндіктері	Қауіптері

Өрде

2



...Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге қастерлеп ала жүретін екі түрлі ұлттың асылым бар: бірі – Мұхтар Әуезов.

Шыңғыс АЙТМАТОВ

Абай бейнесінің толығы түсетін тұсы – Бөжейдің асы. Әкесі Құнанбайдың Бөжейге деген араздығына ермей, ағайынның қазасына ортақтасып, қаралы асқа бар күш-жігерін жұмсау үстінде Абай жаңа қырынан көрінеді. Рулы елдің намысын жекебастың араздығынан жоғары қойған ол әкесінің пікірін қолдамай, өз көзқарасын білдіреді. Сондықтан бұл шешімді әкеге қарсылық емес, игілікті іске деген ұлағатты көзқарас деп қабылдаған жөн.

Алты алаштан жиналған ел жақсыларына қызмет ету, қонақтардың құрметтісі – нағашыларға қызмет ету екінің бірінің қолынан келе қоятын іс емес. Сыйлы қонақтарды күтуде күн-түн демей қызмет етіп, үлкен сыннан сүрінбей өткен Абай есімі ісі қазаққа жайылады. Бұл – Абайдың азамат болып өскендігінің, ел басқару ісіне жарап қалғанының көрінісі.

Жазушы Бөжейдің асы үстінде адам баласын соңғы сапарға шығарып салудың өз жоралғылары болатынына көңіл аударған. Бәйге, күрес, ат үсті ойындар қазақ халқының үлкен жиындарда ұлттық ойындарға ерекше көңіл

бөлетінінің белгісі. Ас үстінде көрінетін қаралы жиын, қаралы жыл, қаралы көш, естірту, жұбату, көңіл айту, жоқтау, дауыс айту, тұлдау т.б. қазақ халқының өмірден өткен адамның артындағы жерлеу ғұрпына қатысты рәсімдерге аса ұқыптылықпен қарайтынын байқатады. Осы жөнінде фольклортанушы ғалым Дүйсенгүл Жақан: «Сан ғасырлардан келе жатқан ғұрыптық рәсімдер қайғылы жандардың көңілін аулау, күйзелістен шығару, марқұм алдындағы өздерінің міндет-парызын атқарудың құралы ретінде әлі де аса бағалы, сол арқылы қайғылы жандар көңіл жұбатысып, тіршілігіне тәубе етеді», – дейді.¹

«Төртеу түгел болса төбедегі келетінін», «жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатынын» осы асқа қызмет жасаған Зере мен Ұлжан бастаған жанашырлардың іс-әрекеттері растайды. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деп түсінген қазақ халқы өмірден өткен жандардың әруақтарына құрмет жасап, оның артында қалған азалы жандардың жан жарасын жеңілдетуге ерекше көңіл бөлген.



...Абай осыдан өрі үндеген жоқ. Тегінде, соңғы кезде барлық үлкендерге талас сөзде соқтығыңқырап сөйлегенді қатты ұнатушы еді. Өзі қоймай сөйлеткен соң, Қадырбайға айтқанына да өкінген жоқ. Қайта мұндайдағы қатқыл көңілі бір ырзалық тапқандай болды.

Бұл үйдегі қонақтар ұзақ отырып, кеш жатты. Орындарын жайластырып, тегіс жатқызып болып, түңліктерін жапқызып, Абайлар ас ошағына қарай қайтқанда, жаздың қысқа таңы сарғайып атып келеді екен.

Қазбаланың түстік жағындағы үлкен қоңыр биіктер бозғылт тартыпты. Жұлдызы сиреген көкшіл аспанда Тезектің Қарашоқысы айқындап көрінеді. «Таң келедіні» бұл атыраптың қатпарларына, ұйқысы қалың көлеңкелі сай-саласына елдің алдымен сол мәлімдеп тұрған тәрізді.

Абай, Ербол, Ызғұттылар асүйлерге жақындай беріп, өзара күңкідесіп:

– Қазір таң атады. Бүгін ұйқы бола қоймас!

– Ұйқыны қояйық!

– Отын-су ерте қамдалсын!

– Қымыз! Қымыз кешікпесін! Бар үйдің де сабалары сарқылып қалды!

– Ұйқыны қойып, тез қам қылайық! – десіп, келесі күннің қамына жұмылды.

Келер күн ең ауыр күннің өзі болды. Астың дәл үлкен күні осы. Абайға тиісті қонақтар бұл күні түске шейін кешегі үйлерінен қозғалған жоқ. Таңертеңнен бері шай, қымызбен сыйлап келіп, дәл түске тақай бергенде, барлық он үйге ет таратылды. Абайдың бұл жолы жасаған төртбі қонақтарды да, көлденең елді де, ас иелерін де қатты сүйсіндірді.

Табақ тартуға өңшең жорға аттарды сайлапты. Барлық ат күміс ер-тоқыммен ерттелген. Күтуші жігіттер бастарына тегіс жібек орамал

¹ Жақан Д. Қазақ әдебиетінің тарихы, 1-том. Алматы: ҚазАқпарат, 2008.

Бөжейдің асы
 нағашылар
 қонақасы
 табақ тарту
 бөйге
 бата

байлапты. Ас ошағымен екі арада бұлар қос табақтан алып, қатар ызғытып жөнелгенде, өлке бойы жайнап кеткендей болады. Нағашыларға арналған күтімнің қапысы жоқ, оқшау сый болды.

Астың күндізгі етін осы үйлер түгел жеп болған кезде, Байсал бір үлкен ақ боз атқа иініп, қасына қырық-елудей топ ертіп, қолына үлкен биік ағашқа орнатқан қарақшыны алып, атой беріп шықты. Қонақтар атқа мінсін, әзірленсін деген белгі. Енді бөйге, күрес, ат үсті сауық басталмақ. Астың қалың думан, қызу ордасы қайнады. Өңгіме-дүкен қарақшы айналасында болады. Байсалдың хабарын құлақтана салысымен, барлық жұрт аттарына ұмтылды. Жал-құйрығы сүзілген бөйгелер де киікше басып, ойқастап шықты. Аз уақытта қалың ел ат үстінде әзір болды.

Жиынын Абай тегіс болжай алмады. Ол атқа мінбеген, мінбекші де емес. Өйткені, мұның сыбағасына тиген қонақтар алыс елдің адамдары болғандықтан бүгін тарамайды. Ендеше, кешкі сыйына тағы әзірленіп тұру керек. Сол себепті Абай мен Ызғұттылар өз шаруасының қарбаласында жүр. Маңындағы жігіттері де тапжылмай, қастарында қалған. Абай ешқайсысын босатқан жоқ. Тек жалғыз Ербол ғана көптің қызуына елігіп, шыдай алмай:

– Тым құрыса, сендерге хабаршы болайын. Не боп жатқанын айтып келейін, – деп тұра жөнеліп, шапқылап кетет те тез оралып келіп, тың хабарлар айтады. Кешеден бері жиылған жұрттың сан мөлшерін білген кісі жоқ еді. Ербол «талай мың бар екен» деп келді.

Абайдың қонақтары аттарына мініп, белгі күтіп тұрғанда, Байсал ұран салып, қарақшысын аспандата көтеріп, Тезектің Қарашоқысына қарай шапты. Соның ар жағы – кең жазық. Істің бәрі сонда болмақ.

Қарақшы жөнелісімен, соның бетін бағып тұрған барлық топ-топ аттылар да дүркірей шауып, қаптай жөнелді. Абайлар енді көрді, көлденең өтіп, селдей ағып жатқан халықтың саны ұшан-теңіз екен. Бұл кезде асүйлерден Ұлжан, Айғыздар да шығып, барлық күтуші, қызметші атаулының баршасы тамашалап, қарап қалысты.

Жер қайыстырып, ағыла жүйіткіген жұрттың бір шеті осы асүйлердің жаны болса, анау шеті көз ұшында. Сол екі арада қара нөпір құмырсқадай қайнап кетті. Талай уақыт арылмай, көшкен бұлттай жөңкіліп жатты.

Алыс елдердің қонақтары бір сәрі болса, Тобықтының өзінен де ат жалын тартып мінген еркектен бірде-біреу қалмағандай.

Бір уақытта Ербол шабатын аттың санын айтып келді. Жиынын Байдалы санатқанда жүз елу ат бопты. Соның ішінен он атқа бөйге аталыпты. Бөйгенің бәрі де тоғыз-тоғыздан. Алдыңғы бөйге – түйе

бастатқан тоғыз, екінші – жамбы бастатқан тоғыз. Ол жамбы кешегі Ұлжан әкелген күміс еді. Содан арғы тоғыздар да түгел саналыпты.

Үлкен астың күресі де үлкен. Балуандар бейгесі де сондайлық тоғыз-тоғыздан.

Абай осы хабарларды есітіп болып, өз істеріне қайта кірісті.

Бүгін түсте шешелері Абайды шақырып алып, мәлім етіп еді... Қонақтар кешке жақын қайта қайтып келгенде, шаңытып, шөлдеп, түтігіп келді. Алдарынан дәл кешегідей сыпайы, қонақуар, жылпос жігіттер қылаң ұрып қарсы алды.

Әуелі салқын сары қымызбен азын-аулақ шөлдерін бастырып ап, соның артынан шай тартты. Ылғи екі-үш жігіт көтерген, екі иіндерінен бусана түсіп тыныс алған сабадай-сабадай сар самауырлар кірді. Кірді де, бар қонақтың күйін келістіріп, көңілін тапты.

Бұл он үйдің бүгінгі бейіл-құрметі кешегісінен асып түспесе, кем болған жоқ. Өзге көп үйлердің қонақтары күн батарда аттанып кеткендіктен Байдалы, Байсал, Сүйіндіктер де осында келген. Оларды Ұлжан мен Абай кеш бата әдейілеп шақыртып алып, нағашы қонақтардың тобының ішінде болсын, бірге отырып, өздері де қонақ болсын деген. Осы кеште Абай істеген сый-құрметке, жақсы ретке олардың өздерінің де көздері әбден жеткен.

Абай бұл түнде де ұйықтамады. Осымен ұйқысыз, ауыр түннің үшіншісі өтті.

Келесі күні түскі асты ерте астырып, қонақтарға ерте бергізген. Дәл осы астың дастарқаны жиыларда, Найманнан келген кәрі нағашы Абайды шақыртып алып, бейілденіп бата беріп, үлкен алғыс айтты.


Дәл сол үшінші күннің түс кезінде Абайдың пішініне көздері түскен Ұлжан, Ызғұтты, Ерболдар жас жігітті қатты мүсіркеді. Абайдың жүзі қан-сәлден айырылып, науқастан тұрғандай. Екі көзі қанталап, кіртіліп, жақтары солып, біртүрлі жүдеп, үрпшіп қапты.

Рас, Ызғұтты мен Ербол да сондай алжа-алжа болған екен. Үшеулері бір-бірінің ажарларын айтысып, күлісіп алды. Ербол:

– Тура кешегі ыстықта бейгеге шауып, жолшыбай болдырып қап, түнде тағы таң асып шыққан қарашаның көк шоқайындай бопшыз, не керек! – деді.

– Ендігі бар арман – бір ұйқы. Тек осы тұрған жерге құлай кеткендей боп тұрмын! – деп, Абай біржолата титықтағанын айтты. Сол уақытта бұларды Байдалы келіп, Бөжей үйіне шақырды. Астың әлі аяқтамаған арты бар. Онысы Бөжейдің тұлдаған аттарын сою, үй ішінде былтырдан жиылған септі тарқату, қаралы теңді бұзу.

Бұл істен жақын ағайын шет қала алмайды. Бастығы нағашылар болып, барлық Тобықтының қалың жұрты енді соған беттеді. Байдалылар Бөжей үйінің жанына келгенде, үй ішіндегі былтырдан бергі қаралы әйелдер тысқа шықты. Содан соң Байдалы белдеудегі қараны суырып



алып, Байсалға берді. Ол ырымын істеп, қараны жерге сұлатты да, табанымен басып, сындырып тастады. Ас өтті. Қаралы жыл толды. Енді азалы күндер бітті дегеннің белгісі.

Байдалының тапсыруымен Сүйіндік қалың елді бастап ақ үйге кірді де, қаралы теңдерді бұзды. Бұ да жаңағыдай белгі. Осы уақытта Бөжейдің әйелі мен екі қызы оң жаққа теріс қарап отырып ап, дауыс айтты. Үй ішіндегі барлық жиын үндемей жыласты. Бөжейдің аруағына арналған соңғы дауыс, соңғы көз жас осы. Енді ең соңғы құран оқылып болған соң, жиын тегіс тысқа шығып тұрғанда, тұлдаған екі ат келді. Қатты семірген күрең мен қара көк асаусып кетіпті.

Екеуін де Бөжейдің туысқандары жыласып тұрып жықты да, Байдалының өзіне бауыздатты.

Жаңағы қараны жыққан Байсал, септі бұзған Сүйіндік, енді мынау тұл атты бауыздаған Байдалы үшеуі де кейін «жол» алды. Бұлар осы қауымның әрі үлкені, әрі Бөжейдің үзеңгі жолдастары. Сондықтан ас артынан болатын ырымның үшеуін сол үш кісіге орындатудың айрықша мәні бар.

Бұл аттың етін жемей кетуге тағы болмайды. Қалғи-шұлғи отырып сол еттің піскеніне Абай зорға жеткен.

Екінді кезінде Бөжей үйінен ет жеп болып, енді үлкендермен қоштасып, жүруге рұқсат тілеп еді. Сол уақытта Байсал Абайды қасына шақырып алып, маңдайынан піскеді де:

– Балам, мен осы шаққа шейін сенімен тіл қатысып, жылы ұшырап көріскен жоқ ем. Бірақ барлық көрген-сезгенім есімде. Ана бір жылы Қарқаралыда сенің ажарыңды ұнатып, мейірі түсіп кетіп, Бөжікең бата беріп еді-ау! Сондағы сөзі есінде болар. Сенен үлкен дәме ғып, бата

берген еді. Мен онда жақтырмап ем. Ағайынға әделет¹ ойлап айтқан жақсы лебіңді есітіп жүрмін. Бүгін мынау күндерде Бөжікеңе адал іні боп, бетіңді аштың. Жақсы ағаның зор дәмесін емсе естіп ақтағайсың! Ақтарсың деп білемін! Ақтар-ақсың, шырағым. Тек өмір деген ит, жаңсақ бастырмаса екен! Өрісің алда! Бетің дұрыс! Дәл осы бетіңнен жарылғасын! – деп бата берді.

Байдалы, Сүйіндік, Құлыншақ та жақсы бейілмен қостап, бірге бата қылысты. Абай еш нәрсе айтпады. Тек қана үлкендерге еріп бата қылып:

– Рақмет! Батаңызға рақмет! Дегеніңіз келсін, Байсал аға! – деді. Осыдан соң үй ішімен қоштасты да, Ерболды ертіп атқа мінді. Бұл уақытта Ұлжан да арбасына мініп жүріп кеткен екен.

Абай мен Ербол желе жортып, ат жүрісіне зорға шыдап отырып Ботақанға жетті. Ұлжан бұлардан бұрын келіп, қонақүйді оңашалап, сонда екеуіне де қалың төсек салғызып қойған екен.

Абай келіп үлкен үйге кірген жерде әжесімен амандаса сала, Ұлжанға қарап:

– Ұйқы, ұйқы! Апа, жалғыз ғана ұйқы! – деп, төрдің алдына жантая кетті.

Өмір бойында Абайдың ең алғаш рет ұйқысыз түндер өткізіп, қабағы қатып, қажыған жолы осы еді. Қазір шешесінің үйіне кірсімен, дәл ерке баланың күйіне келді. Ұлжан Абай мен Ерболға бір-бір кесе қымыз ішкізді де, өзі ертіп барып, қонақүйге жатқызып, үстерін жауып салды...

3

Бұл күндерде бар жайлауларды кернеген жалғыз әңгіме – Бөжей асы туралы. Ас берген ел, асқа барған ел және үйде қалса да, барғандардан көп әңгімеге қанған ел – тұтасымен бір жайды аңыз етеді. Сол лақап бір Тобықтының іші емес, алыс-жақындағы, ой мен қырдағы қалың рулардың баршасына да тарап, селдей жайылып кетіп жатыр. Абай өзі ас ошағы мен қонақүйлердің арасында соншалық бейіл салып, сарп ұрып жүргендіктен, бұл астың қаншалық ұлан-ғайыр уақиға болғанын байқамапты.

Анығында, Бөжейдің асы бір Тобықты емес, тіпті бұл өңір, бұл атырапта талайдан болмаған ас делінді. Молшылық, сый-сыяпат, рет сыпайылық – барлығы да үлгі-өнеге берерлік бопты.

Бүгінгі күн осындай ғып дақпыртын көрген көрі-құртаң, жігіт-желең, қатын-бала, әрине, бұл уақиғаны оңайлықпен ұмытпайды. Әңгіме етулері жаз бойы емес, күзге де, қысқа да созылады. Дағды бойынша мезгіл өтіп, уақыт алыстаған сайын, бұл астың айналасына талай қоспа әңгіме, жаңсақ жамаулар да жабысады. Сөйтіп, келесі

¹ *Әделет* – әділет деген. Көркем шығармаларда, ауызекі сөйлеу тілінде көп қолданылатын сөз.

жылдарда осы аста жыққан балуан, осы аста бөйгеден келген жүйрік, осы аста жақсы айтылған қалжың, жақсы сөзбен көрінген шешен жандардың аты оқшауланып, ұмытылмай ере жүретін болады. Бұлай болатын себеп бар да, себепші бар. Ол сол ас берушілерден шығады. Ас өлік үшін ғана емес, әсіресе, тірілер үшін керек. Олар өлімді сылтау етіп өздерінің абыройын, атағын, мақтаныш айдынын да асырады. Сондықтан асты кім болса сол жасамайды, тек жуан, бай, құдіреті күштілер ғана жасайды. Өмірде кедейдің асы деген ас болмайтын себебі де сол.

Ал атақтыға, жуанға, мықтыға жасалған ас, өліктің артқы тобын тағы нықтап, мықтай түседі. Сол үшін ас бергендер өз әрекетін жаңағыдай көпке өшкерлеуге ынтық болады.

Солардың даңқ беріп дәріптеуі бойынша Тобықты ортасы бұдан былай осы жылдарда туған баласының жасын Бөжейдің асымен санайтын болады. Ас жылы туған бала ғана емес, астан бірер жыл бұрын туған, бірнеше жыл кейін туғанды да сол астың «ар жақ-бер жағы» деп, асқар белден бастағандай, межелейтін болады. Бөжей асының атағы сондай. Енді осы жыл түскен келін, осы жыл өлген жас-көрі, осы жыл болған құдалық, бала сүндеттеу, күйеу келу де – баршасы да астың жылымен саналады. Тек адам жайы емес. Кейде кейіндеп барып атақ алатын бөйгелер болса, солар да Бөжейге ас берген жылы тай еді, құнан еді немесе іштегі құлын еді деп сөйленетін болады.

Ұлы дүбір, үлкен астың осындай боп, уақыт өлшеуіне айналып кететіні анық. Бірер буынға шейін ұмытылмастай есте қалатыны бар. Ерте күнде болған Төренің асы, Бопының асы дегендер дәл осындай боп, ұмытылмай келген.

Тобықты ішінің қазір мол дабыры да сондай боп, ең жайлаудың барлық тау-сеңгірін, ой-өлкесін қатты жаңғырықтырды.

Міне, осындай ұлы дүбірдің арасында сол асқа жақсы қызмет етіп, жақсы атақ алған жандардың аттары да қазіргі күнде көптен-көп айтылып, ауызға ілініп кетті.

Асты жақсы басқарған Байдалы, Байсал, Сүйіндіктер бір төбе. Бірақ көп аузына олардан да бұрын ілінген жас қана жігіт – Абай аты бопты.

Айтушылар Абайды ең әуелі Құнанбаймен шайқастырады. Тоңы жібімейтін, зәрі қатты қырыс өкені Абай қатты кінәлапты-мыс.

Талай мың қонақтардың ішінде Абай күткен қонақтар өзгеше бір естен кетпес сый көріпті.

Барлық жиынның мейірімін түсіріп, тегіс баталарын алыпты. Сондай бір жұртқа жаны ашитын, жақсылықты көксейтін, ақылы кемел бір бала шығыпты.

Бірталай үлкендер Зере мен Ұлжанға да көп алғыс айтады екен. «Бет нұсқайтын – Зере. Ел анасы боп, көптің амандық, тыныштығын тілеуге түскен кісі ғой. Немересін баулып отырған өзі екен. Бірақ ақ сүті ақталыпты» десіп бір қойысатын. Баласына өзі еріп барып,

жөн-жосықты үнемі айтып, талмай еңбек еткен үлгілі ана Ұлжанды да мақтасатын. Бұл өңгіменің бәрі де Абайлар ұйықтап жатқан шақтарда, Зеренің ауылына жан-жақтан ағылып келіп жатқан-ды. Тіпті, Кәтібақ, Жігітек, Бөкенші жайлауларынан келген бөгде кісілер де осындайды айтып келді. Көкшені аралап, Бақанасты бойлап жүріп қайтқан Қаратай да қостап келді. Қазбаланың бойындағы Бөжейдің өз ауылдарынан тараған хабар да сондай екен. Бақанас, Байқошқардың аяқ жағын жайлайтын дуаны басқа Керей де тегіс солай есітіпті. Абай мен Ербол үшінші күні тұрып ап, өзен бойына барып, ұзақ жуынып, шешелер үйіне шайға келген еді.

Зере немересін өз қасына шақырып ап, қатар отырғызып, алдына шайын ұсынды да:

– Айналайын, қоңыр қозым, – деп, арқасынан қағып, маңдайынан иіскеді. Ұлжан бір табаққа салған тоңазыған бас пен жамбасты Абайдың алдына қойып:

– Мынау сенің адам болғаныңа арнап, шешелеріңнің атап сойған малы еді, жеңдер! – деді.

Абай таңданыңқырап сөйледі:

– Апа-ау, бұ ненің ақысы?

– Сенің кешегі күнгі еңбегіңе ағайын-ажын ырзалық айтыпты. Ұйқы басып, не білдім дейсің екеуің! Жұрт мақтап жатыр! Адам бопты дейді. Соның ақысы!..



1. Романда кездесетін жер атаулары туралы ойларыңды ортаға салыңдар. Кәтібақ, Жігітек, Бөкенші жайлаулары мен Көкше, Бақанас, Байқошқар жерлері туралы не білеміз?
2. Зере, Ұлжан, Абай, Байдалы, Байсал, Сүйіндік, Ерболдардың Бөжейдің асында жасаған қызметтері туралы не айтасыңдар?
3. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дегенді қалай түсінесіңдер?
4. Соңғы сапарға шығарып салу, марқұмды жерлеу ғұрпы туралы не білеміз?



1. Бірінші кітаптағы келесі басты оқиғаларды кеңінен талдаңдар. Осы оқиғалардағы Абай бейнесіне талдау жасап, тақырыбын қойыңдар. Мысалы: «Бала Абай бейнесі», «Абайдың елге оралуы», «Үлкендердің мәжілісі», «Қодар мен Қамқа өлімі», «Абайдың сырқаттанып қалуы», «Барлас пен Байкөкшенің Зере мен Ұлжан үйінде қонақ болуы».
2. Бірінші кітаптағы кейіпкерлер жүйесін жинақтаңдар. Олардың романдағы ролі қандай?

	Абай	Құнанбай	Зере	Ұлжан	Майбасар	Бөжей	Сүйіндік
рөлі							
ортасы							
сөзі							
іс-әрекеті							
ұстанымы							
қорытынды							

3. Абайды Құнанбайдың өзге балаларымен салыстырыңдар. Абайдың өзгешелігі неде? Мысалы, Оспанмен және т.б.
4. Құнанбайдың Абайға айтқан міні туралы көзқарастарың қандай? Сын орынды айтылған ба? Бұған Абай қалай жауап қайтарады? Шығармадан тауып оқыңдар. Құнанбайдың төменде берілген сөзіне Абай ақынның орнына өздеріңше жауап беріп көріңдер.

Ең әуелі, арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың. Өзіңдегі барыңды арзан ұстайсың. Бұлдай білмейсің. Көп күлкіге, болымсыз ермекке көп асылыңды шашасың. Жайдақсың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды.

Екінші, дос пен қасты сараптамайсың. Досқа досша, қасқа қасша қырын жоқ. Жұрт бастайтын адам ондай болмайды. Басына ел үйірілмейді.

Үшінші, орышылсың. Солай қарай ден қойып барасың. Дін, мұсылман жат санайтынын ескермейсің.



Хрестоматиядағы «Өрде» бөлімімен танысып, Абай ауылының көрінісін, Абай ауылындағы әдеби мектептің қалыптасу барысын сипаттап жазыңдар.



а) Мәтінмен мұқият танысыңдар. Абайдың мәтінде айтылған шенге, болыстыққа қатысты көзқарасы жөнінде пікір алмасыңдар.

ә) Ақынның «Болыс болдым, мінекей», «Мөз болады болысың», «Байлар жүр жиган малын қорғалатып» т.б. өлеңдерін еске түсіріңдер. Осы шығармаларында көтерілген ортақ мәселені анықтаңдар.

б) Сол заман мен адам шындығын жан-жақты талдап, ақын өмір сүрген заманның болмысын саралаңдар.

Болыстық, ел билеу

Ақын өлеңдерінде

«Абай жолы» роман-эпопеясында

«Абайтану» дәрісінде



Тағылым тамшылары

Абайдың болыстығы

Құнанбай Абайды біреуге сәлем айту, бұйрығын жеткізу істеріне араластырады. Абай тобықтының бір руы Қоңыркөкшеде болыс болған. Ескі болысты жақтап, Абайды болыстықтан түсіру үшін ұшан-теңіз арыз түсірілген. Тексере келе, Ибраһим Құнанбаев болыс болып жүрген қазақтың ішіндегі ең әділі деген шешімге келеді... Аз уақытта Абай ұлықтықтың әперген «ұшпағын» көреді. Одан безеді. Бірақ ел ішінде, халық ортасында беделі арта түседі. Ел ішіндегі қиыншылыққа қатты қиналады. Отыз бес-қырық жасынан бастап Абай ақындықтың ісіне түгелдей ауысады. Бұл кезде жаңа, озық орыс мәдениетін меңгере алған кезі еді. Бірақ Абай ел ісіне араласпай отыра алмайды. Абайды теңдік тілеген халық араластырады. Абайдың халықтан досы, атқамінерлерден алакөз жаулары көбейеді. Бұлар қанаттасып Абайға қатты қарсылықтың шетін шығара бастайды, соған қарамастан халық Абайға келіп жүгінгенде, оларға Ырғызбай тұқымын жығып беріп отырған. Бұл мәселе Абайды көтереді, бүкіл Қарқаралы уезіне беделі асады. Үлкен шербешнай съездерде халық Абайды төбе би етіп сайлап отырған. Қаратөбе съезінде Абай 92 пункпен заң шығарған. Халық бірін де өзгертпей қабылдаған. Әйел мәселесінде әмеңгерлікке тұс келген әйелді өзі қаламаса, оны қайта сатуына тыйым салған. Міне, бұл жағдай Абайдың беделін арттырады.



Әуезов М. *Абайтану дәрістерінің дереккөздері*. Оқу құралы Алматы: Санат, 1997.

ЕКІНШІ КІТАП

Тайғақта

1



М.Әуезовтің көрсетуінде есейген Абай ақындығымен бірге білімді, парасатты, философ адам. Ұлы ақынның бұл қабілеті оның әрбір қадамынан көрінеді.

Мұхамеджан ҚАРАТАЕВ

Көп жағдайда түс – адамның жиі қиялдайтын тақырыбының даму сатысы. Абайдың Тоғжанды сағына елестете отырып, ол салған әнді өңінде естуі мен әлі беймәлім Шүкіман – Әйгерімді жүйрік түйсігімен сезуі жігіт аңсаған махаббат алауын қайта тұтатар ахуал есебінде көркемдік сипат алады. Қажып, талған шақтағы бұл айқын көріністің аяндай шындығы Абайдың өзіндегі ақындық қабілетке сенімін тудырады. Әйгерімді Тоғжан жаңғырығы деп түсінуге ден қояды. «Патша құдай, сиыңдым. Тура баста өзіңе» деп Аллаға сиынып өткен ақын табиғатына мұндай мінез жат емес.



...Абай өзінің қанша ұйықтағанын білмейді. Бірақ селт етіп оянып, басын жастықтан жұлып алғанда, анық аңғарғаны – сөйлеп, ұйқысырап оянса керек. Ең соңғы сөзі әлі көкейінде, әлі түгел айтылып та жетпегендей.

– Кел! Келші бір, сөулем! – дегенді анық айтқан тәрізді.

Дауыстап айтты ма? Үй іші естіді ме? Оны біле алмады. Бұл ояғанда Ербол да басын көтеріп алып еді. Абайдың екі көзі қып-қызыл екен, ісініңкіреп тұр. Бастығырылып ұйықтаған ба? Бірақ өңгіме онда емес. Абай көтеріліп отыра бере, елең етіп, сыртқа құлағын салып, қадала тыңдап қапты. Ербол енді аңғарды. Көрші үйден, жалғыз әйел айтқан аса бір әдемі нәзік ән келіп тұр. Соны тыңдай отыра Абай бар денесімен қозғалақтап, дірлдей түсіп, сабыры кеткендей болды. Ербол байқаса, жолдасы ұйқысыраған адамдай атқып тұрып, жүріп кететін тәрізді. Өңіне қарап еді, күп-қу боп, реңі қашыпты. Екі көзі жасаурап, демі дірлдеп, қол, иығы да қалтырай түседі. Ерекше құбылып, бұзылғандай. Екі көзі қанталаған қалпында жоғарылап, шалқалай қарайды. Ғажап сырлы сөуле көргендей, бұ дүниені ұмытып кеткен тәрізді. Ерболды асыға қозғап, қатты түртіп:

– Тұр, тұр! Тұршы, Ербол! – дей берді.

Ербол:

– О не, немене, Абай? – деп, сескене қарады. Үркіп қалды. Ойында: «Бір нәрсе шалып кетер ме екен, өңі қалай жат еді. Ауырып тұрды ма?!» деген неше алуан қорқыныш күдік бар. Абай бұның ойын ұғынып аңғарар емес. Тымағын киіп, шапанын жамылды да, Ерболға:

– Тысқа шығайық жүр! – деді.

Үй іші бұлардың оқыс жайларын байқаған жоқ екен. Кемпір ұйықтап қапты. Бекей қонақтарға сыртын беріп, от басында қалғып отыр.

ұйқы
оюну
өн
ұйып қалу
сабырсыздану
Ербол ақысы
ғажайып күй
түс

Олардың сезбегені жақсы болды. Қатты өзгеріп, жат толқынға түскен Абай өлі оңалған жоқ. Құлағы мен ынта-бейлі тыста. Жалғыз бір үнде. Өнде ме, әлде? Алғаш шапшаң түрегелген жерде буын-буыны қалтырап, жығылып қала жаздады. Ербол ғана сүйеп қалып, зорға дегенде буынын бекітті. Бірақ сонда да өзін-өзі аңғарып жүрген жоқ. Бір тұман, түс ішінде, алдағы бір ғана сәулеге асығып, қалтырап, ұмтылып бара жатқандай. Оқшау, сұлу өн үзілген жоқ. Содан құлағын алмайды. Көңіл дені соған

ауып, ұйып қапты. Есікті қалай тауып, үйден қалай шыққанын да білмейді. Тысқа шыға сала, Абай тымағын жұлып алып, өн шыққан жаққа бар сүлдерімен ұмсына түсіп, қатып, жабысып, тыңдап қалды. Өн – «Топайкөк». Енді ғана нәзік ырғақ соншалық бір сұлу сәнмен еркеленіп, толқып кеп, баяулай басылды. Өн бітті. Абай Ерболға қарай ұмтылып қап:

– Тоғжан! Япыр-ау, мынау Тоғжан, Тоғжаным ғой мынау! Дәл өзінің үні. Айнымаған өз ырғағы. Өз нақысы ғой. Ербол-ау, мен қайда тұрмын осы? Мынау үйде мені шақырып отырған Тоғжаным ғой! – деп, бар сабырдан айырылып, тағы да өзгеше бұзылып кетті.

Абайдың құбыллысы орасан болғанмен, енді Ербол бұны түсіне бастады. Шынында өзі де қайран боп тұр. Жаңағы үн бұған да алғаш үйде естілген кезінде-ақ бір таныс дауыстай тиген. «Осы кімнің даусы?» деген ой бұған да келіп еді. Бірақ Абай дегбірі қашып, ес тоқтатпаған жас баладай боп, аласұрып, ұмтылып барады. Ерболды сүйрей жетектеп, өлгі өн шыққан үйге қарай ентелеп, есі-дерті ауып кетіпті.

Тоғжанға деген Абайдың ынтықтығы, ауыр арманы, ұзақ жылдар бойында айықпаған қалың шер екенін жолдасы жақсы білетін. Бірақ сонда да, дәл осы қазіргідей боп Абайдың тақаты кетіп, жан ұшырған кезін Ербол көрген емес. Мына түрінде көлденең, жат жұрттың көзіне ерескел болатын бір істер істеп, оғаш сөздер сөйлеп жіберетін сияқты. Соны ойлаған дос жігіт Абайды қатты тартып тоқтатып ап:

– Өй, Абай, тоқта! Бү не? Отқа түсеміз бе? Әуелі ес жияйық. Мәніңді айтшы өзің! – деп еріксіз кейін бұрып алды.

– Жоқ, осы үйде Тоғжанның өзі отыр. Өзі емес пе? Тым құрса соны ғана біліп берші! – деп Абай өлі де ырыққа көнбей жүр еді.

– Жарайды, Абай, азғантай сабыр етші әуелі. Екеуміз бірдей бар-маймыз ол үйге. Мен барам да біліп шығам.

– Бар, бар ендеше. Басың сұқ та, қайта шық. Дәл осында Тоғжан отыр.

– Ойбай, Абай, ұйқысырап тұрсың. Қайдағы Тоғжан. Ол жоқ... Абай сөйлетпей, тыю салды.

– Қой, Ербол... Айтпа оны. Жаңа ғана өзі келіп аян берді! – деді.

Ерболға мынау сөз, әсіресе жат сезілді, шалық сөздей. Бірақ Абайды жамандыққа қимаған дос көңілі аяп кетті. Оны кіші інісіндей етіп, еркелеткендей боп, шын кешіріммен күліп жіберді. Оң қолымен қапсыра құшақтап алды да, Бекей үйінің сыртына қарай алып жүрді.

– Ол әннің айтушысы қазір қасымызға келеді. Азғантай тақат қылайық та, үйден тосып алайық. Бірақ «аян берді» дегенің не? Өзіңнің осынша, балаша қатты әбігерге түскенің не? Соның маған мәнін айт! – деді. Бұйыра сөйледі.

Абай өз мінезінің Ерболға соншалық өрескел, оқшау тигенін енді аңғарды.

– Мен мәнімді түгел айтайын. Қазір «бала» де, «есалаң» де, «шалық» де... Өзім де білмеймін. Бірақ өмірде басымнан кешпеген ғажап жұмбақ бір халде тұрмын. Тек осыны айтпас бұрын сенен серт алам. Кім келеді, қашан келеді, жұмысым жоқ, тосар тақатым жоқ. Қазір менің мәнімді естисің де, мынау үйге барып, барлық жанын анықтап көріп келіп, маған хабар етесің. Осыған уәде бермесең, жөнімді айтпаймын, – деді.

Ерболдың екі иығына қос қолын артып бір құшақтай түсіп, бір сілкіп қойып, асықтырып жауап күтіп тұр еді. Ербол бөгелген жоқ, барайын деп уәде берді. Содан кейін Абай бөгелместен демі дірілдеп, асығып сөйлеп, өз басынан жаңа ғана кешкен, сыры жат бір жайды жолдасына баян етті:

– Бұл түс емес! Дәл анық, айқын өңім. Өңім болмаса, таңғажайып бір хал, Ербол. Басында сол көмшат беркі. Шолпысы, қара мақпал кемзалы да баяғыша. Сонау Жәнібек өзеніндегі түн екен. Өмірде, аз көрген сағаттарымда еш уақытта бұндай ұмтыла жақындап, бұндай еркін, ашық келіп көрген жоқ еді. Бір сыпайы ұяңдық тарта беруші еді ғой! Мынада соншалық жалын атып кеп, ынтызардың үнімен: «Аңсадым ғой, зарықтым ғой!» деді. «Өзің үйреткен «Топайкөгің» бар еді. Соны мен күндіз де, түнде де айтам. Тыңда мені» деп тұрып, әсем үнмен бірауыз айтты да, «Енді кел, келші жақын. Мен міні қасыңдамын, бөгет жоқ, қасыңда жалғыз тұрмын ғой!» деді. Мен де құшағым жая ұмтылып: «Кел, келші, сөулем!» – деп барып оянып кеттім.

– Рас, сен сүйдедің. Соны айтып ояндың! – дей берді Ербол.

– Тұра тұр. Ғажап... Көзімді ашып алсам түс екен. Бірақ өн – «Топайкөк», дәл Тоғжанның өзі, соның алдында ғана айтқан қалпында, дәл Тоғжанның өз үнімен айтылып, үзілмей шырқап тұр. Өзге түс болсын, осы не? Түсімде анау! Ал өңімде, ешбір басқа кісінің үні емес, шын жарымның өз үні, қақ қасымнан шығып тұрғаны несі? – деп тағы да таң болған күйде тақатынан айырылды. Қозғалақтап жүріп кетіп, Шекей үйіне қарай тағы да жалт етіп, шұғыл бұрылды.

Абай осы кеште болған өз халін бұл түнде де, ертеңінде де түсіне алмай кетті. Анығында, Ербол екеуі ойлағандай «ғажайып» еш нәрсе жоқ еді. Оның көргенінің басы түс болатын. Тоғжанды түсінде көріп



Ә.Исмайылов. Махаббатты қорғау, 1964 ж.

жатып, тынышсыз ұйқыдан шала ояна бергенде, анау үйдегі ән естіліп, ол түсіне араласып кеткен. Сондай, ұйқы мен ояудың, түс пен өңнің арасында, әсіресе шаршаған күнгі ұйқыда болатын қызық бір аралық хал еді.

Ерболдың жаңа берген уәдесі бар. Ол Абайға енді екі айтқызбай, өзі жөнелді. Кетерінде жолдасына:

– Жә, тұра тұр енді, мен барып шығайын. Сен мені тыстан тос, тез шығам! – деп кетті.

Айтқанындай аздан соң Ербол Абайға қарай асыға басып, тез оралып келді. Бірақ қазіргі Ербол, өзі де жаңағы Абайдан да бетер аң-таң. Келе бере, жағасын ұстап, даусы қатты шығып, аптыға сөйледі.

– Құдай-ау, сенің көргенің түс емес, Абай. Өзі, дәл өзі отыр.

– Не дейсің, жаным-ау! Тоғжан ба, өзі ме? Бәсе! Бәсе! – деп, Абай үйге қарай жүлқына берді.

– Тоқта! – деп Ербол қатты бұйырды. – Тоғжан емес. Өзі емес!

Абай оқыс бұрылып, қинала тұңдılıп:

– Өй, не деп тұрсың? Не деп кеттің? – деді. Ерболға ыза бола бастады.

– Өзі емес. Бірақ дәл өзінің егізінің сыңары. Айналайын құдай-ау, айнымаған. Тоғжан және сол Жәнібекте көрген қалпы. Уылжыған жас күні. Тоғжаннан айырса танығысыз бір қыз отыр.

– Рас па, өй! Бү не ғажап? Ән салған да сол ма екен?

– Әнді кім салғанын білгем жоқ. Аты-жөнін де сұрамадым. Тек көрдім де, есім шығып қалды.

– Ұқсағаны шын болса, ән де соныкі. Басқанікі болу мүмкін емес.

– Соныкі, мен де солай ойлаймын. Түсін көріп тұрып, тіпті сұрауды да керек емес деп білдім. Ал енді бұл не сиқыр, Абай-ау? Шырт ұйқыда

жатып, сен қалай сездің? Тегі бір көріпкелің бар ма, жаным-ау. Түс демеймін, бұл сәуегейлік қой бір. Әлде тіпті екеуіміз де бірігіп ұйқыдан шатасып тұрмыз ба? – деп Ербол өзі де, шалық шалған кісідей бола бастады.

«Айнымаған Тоғжан» дегеннен бері Абай осы ғана бір сөзді қайта-қайта күбірлеп айтып тұр. Жүрегі аттай тулайды. Көңілінде қуаныш та бар. Бірақ ұқсамай шығып, осының бәрі түс, сандырақ қана болып, айыққан сағымдай жоқ боп кете ме деген қорқыныш та бар.

Енді не де болса бір сәулеге асыға ұмтылып, ұсынып тұр. Өртеп кетері от болса да, сол ұсынған бойында талпынбақ та, құламақ.

Екеуі де үйге қарай басты.

Сол кезде Шекей үйінің есігі ашылып, далаға қызғылт сәуле түсті. Күле сөйлесіп, тысқа шығып келе жатқан еркек-әйел дауыстары білінді.

– Әне, солар да шықты. Қазір ас ішуге бәрі тегіс Бекей үйіне кіреді, – деп Ербол Абайды өз үйлеріне қарай тартты. Олардан бұрын кірмек.

Екі жігіт үйге келіп, бұрынғы орындарына, төрге отырысты. Ербол отқа жақындай түсіп, тезектің отын көсеп, қағыстырып жатып:

– Жарығырақ босын, осы отқа кішкене қол тигізейінші! – деп жатыр.

Абай асығып күтіп отыр. Жастар онша тез кірген жоқ. Тыста да өзіл-сыңқыл дауыстары шығып, біраз бөгеліп қалды. Үйдегі Бекей мен Наймантай су, шылапшын қамдай бастады. Ақ құба әйел енесін оятып, тұтқыш алып, қазанға жақындап келіп еді.

Осы кезде киіз есік шалқасынан ашылып, келуші қонақтарға жол берді. Әуелі үйге екі жігіт кірді. Тымақ, шапандары жұпыны. Саптама етіктері бар, жүздері төменшік, ұяңдау. Сәлем беріп, иба қып кірген күйеулер екен. Соларға ілесе ұсақ қыздар кіріп жатыр. Бір-екі келіншек кірді. Жиыны жеті-сегіз кісі. Абай көзін алмай, сабыры қалмай қадалып отыр. Енді аз бөгелістен соң басына сұрғылт шапан жамылған, бетінің жарымын бүркеңкірей түскен, орта бойлы бір қыз кірді. Мұрны қоңқақтау, қара торы көрінді. Шекей қызы – қалыңдық осы болу керек. Дәл осының артынан, шолпысы ақырын сылдырлап, ақ жүзіне жұқалау қызылы нұрдай жарасқан, анық Тоғжан өзі келеді екен. Сыпайы жымыып, күлңкіреп кірді. Мінсіз аппақ тістер қолмен қойғандай. Екі бетіндегі нәзік жарастық қызылы, асығып күткен қызыл арай таң сәріндей.

Әлі де айықпаған ұяң сыпайылықпен қонақтарға қарап ақырын амандасқанда, реңіне шұғыл толқын кірді. Бет ұшындағы жұқалаң қызыл тұтасып, бар жүзіне ду етіп тарады. Үлбіреген, бала жастықтың аса қатты қысылған, қымсынған белгісі білінді. Оны ұялтқан Абай еді...

Жас қыз кірген кезде қатып қарап қалған Абайдың реңі тіпті жат еді. Екі көзі шарасынан шығып тесіле қадалып қапты. Қаны қашқан жүзінде, аспаннан тағдыр жұлдызын күткендей жат ажар бар. Аңыраған, аң-таң дағдарыс бар да, ерні күбірлей түскен, үнсіз сыйыну бар.

Үйге кірген жұрт амандасып жатыр еді. Абай оны сезген жоқ. Ешкімді көрмей отыр. Жалғыз ғана бір жанға ынта, бейілі ауған да құлаған.

Сезімтал сұлу өзіне қадалған көзді кіргеннен-ақ аңғарып еді. Қысылып тұрып, амандасқан болатын. Бірақ көз айырмай, есі ауғандай қадалған жігіт қыздың амандасқанына жауап та қатпады. Құр болымсыз ғана ерні жыбыр етті. Сұлу жас осыдан қымсынып, қып-қызыл боп кеткен.

Ербол Абайдың селекет мінезінің бәрін бағып, танып отырып, үй ішімен, жаңа қонақтармен ашық-жарқын сөйлесіп жатыр. Күйеулер осы Мамай руының ішіндегі Еламан екен. Олардың ауылын, ақсақалдарын Ербол біледі.

Қазір енді бұлардың ауылдары қайда? Сыртқа, жайлауға көшті ме? Шыңғыс асты ма? Сондай дағдылы хабарларды сұрап отыр.

Қыз жөнінде Абайдың жалғыз абайлағаны – ол осы үйдің баласы екен.

Қонақтар жайғасып отырған соң Бекей оған қарап:

– Шүкіман қарағым, ана жақтан апаңа болысып, орамал әпер, дастарқан жайып жіберсеңші! – деген.

Сонымен Шүкіман отырған жұрттың алдына жалғыз жүріп, бірекі сыпайы жәй қозғалыс жасап, бой көрсетті. Кемзалы, ақ көйлегі бұның да барлық бой тұлғасына жарасып тұр. Тек басындағы беркі ғана келмейді. Көнелеу, сарғыш құндыз екен.

Абай ішінен: «алып тастар ма еді» деп, іштегі қиял – көрік реңін бұзғандай көріп отырды. «Шүкіман» деген атын да жақтырмады.

Ас үстінде күйеу жолдасы – шоқша сақал қара жігіт пен Ербол әңгімесі үзілген жоқ.

Шүкіман Абайды сыртынан білетін. Үйткені осыдан бірер жыл бұрын осы елдің Қоңыркөкше деген болысына Құнанбай баласы жас жігіт Абай болыс болды дегенді естіген болатын. Осы қыста сол болыстықтан өз ықтиярымен түскенін де естіген. Бірақ оның бәріне Шүкіман баға беріп, ой тоқтатқан емес-ті. Абай туралы жақсы сөзді де, жаман сөзді де көп естіп білген жоқ...

Лұғат

Бастығырылу – бұл жерде: жайсыз ұйықтап жатқан адамның тұншығып, қырылдаған дыбыс шығаруы.

Нақыс – 1) араб сөзі: әшекейлі ою-өрнек, нақыш; 2) ерекше мәнер, өзіндік бедер; 3) ән-күйдің өзіндік мақамы, ерекше сазы; 4) кішкене бел, асу. Бұл жерде: үшінші мағынада.

Шалық – 1) бас айналып, мең-зең болып ауыратын ұстамалы ауру, елірме; 2) бір нәрсенің көтеріңкі әсері; есірік, желік; 3) шаршау, шалдығу; 4) отқа шарпылу, күйу. Бұл жерде: басы айналған адамға ұқсады, біртүрлі болды деген.



1. Өйгерімнің шын аты кім? Неге Абайға ұнамады?
2. Көркем шығармада түс көрудің атқаратын қызметі қандай?
3. Жазушы түсті қандай мақсатта қолданған?

4. Абай Әйгерімді бірінші рет қай жерде көрді?
5. « – Не дедің, сен? Қайт мына сөзіңнен! Қайт мына көңіліңнен. Өткенім жазықсыз болатын, соны ая. Алдымыз жарық деп сенемін. Оны құрбан етпе. Бақытымызды кеспе, мына тіліңмен. Қайт, қазір қайт!» деген сөзді Абай кімге айтты? Хрестоматиядан тауып оқыңдар.



Жазушының суреттеуі бойынша Тоғжан мен Әйгерімнің сырт келбетінің ұқсастығы мен ортақ қасиеттерін жинақтап, Абай талғамындағы жиынтық образды құрастырыңдар.






Ербол мен Абайдың достығына автор қандай баға береді? Абайдың қасында жиі болатын Ерболдың іс-әрекетіне өз бағаларыңды беріңдер. Достық тақырыбы арқау болған шығармаларды мысалға келтірсеңдер болады.



Құнабайдың «Тұнығымды лайлады», «тұнығымды лайлады-ау өлгі!» деген бір сөзі кімге қатысты айтылып еді? Хрестоматиядан осыған қатысты эпизодты тауып оқып, кейіпкерлер іс-әрекетіне баға беріңдер.



Абай ақын Гёте мен Пушкин поэзиясын сүйіп оқып, оларды қазақ тіліне аударған. Үш ақынның туындыларында ортақ стиль, мөнер, сарын бар. Ақындардың шығармаларымен танысып, «Ұлылар үндестігі» тақырыбында зерттеу жұмысын жүргізіңдер. Зерттеу нысаны: «Желсіз түнде жарық ай», «Татьянаның қырдағы өні», «Қараңғы түнде тау қалғып» т.б. шығармалары. Төмендегі үлгі-сызбаны пайдаланыңдар.

		
Пушкин	Абай	Гёте
өлеңдері	өлеңдері	өлеңдері
Ортақ үндестік:		

Эпилог



1942 жылы М.Әуезовтің «Абай» романының бірінші кітабы басылып шықты. Онда қазақ халқының өткен ХІХ ғасырдағы әлеуметтік, мәдени тұрмыс халі, ұлы ағартушы-демократ ақын Абайдың образы жасалды, тақырыбы жағынан аса маңызды ұлттық мәселелердің бірін қозғады; бұл – проза жанрының заңды түрде ілгері дамуының айғағы... бүкіл әдебиетімізді байытқан ұлкен полотналық шығарма дәрежесіне жеткені мәлім.

Мүсілім БАЗАРБАЕВ

Бала Абайдан дана Абайға көтерілгенге дейінгі аралықтағы ақынның өсу, толығу жолдарын автор сол тұстағы ел өмірімен тығыз бірлікте қарады. Оның тек қана ақын емес, бұқара халықтың қамын ойлаған күрескер, жас өнерпаздарға жол көрсеткен ұлағатты ұстаз болғандығын жазушы түрлі оқиғалар үстінде ашқан.

Романның өн бойында Абай өлеңдерінің шығу тарихы да қоса өріліп отырады. Шығармаларына қатысты қызықты оқиғаның бірі – Крыловтың «Есек пен бұлбұлын» аударуы. Абайдың аудармаға келуіне қалада орыс школында оқып жүрген Үсеннің орыс тіліндегі дүниені түсінбегені түрткі болған. «Ойбай, Үсен, саған көмек керек екен. Қой, мен бір шара жасайын!» деп берген уәдесін орындау үшін Крыловтың «Есек пен бұлбұл» мысалын қазақшаға аударып еді.

А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» романын қазақ ұғымына сай етіп жеткізген Абай туындыларын М.Әуезов бастаған әдебиеттанушылар оны эпистолярлық роман жанрына жатқызды. Қазақта Абай қалыптастырған дәстүрде поэзия тілімен жазылған романдар жеткілікті. Абай аудармасындағы Онегин де, Татьяна да қазақша ойлап, қазақша сөйлейтін қазаққа таныс кейіпкерлер болып шықты. Ғашықтық жырлардан жақсы таныс жастардың сезім күйлерін хат арқылы жеткізуі «Татьянаның қырдағы әнінде» шынайы бейнеленді. Алғашында «Татьянаның қырдағы әні» деп жарияланғанмен, «Абай жолы» роман-эпопеясының кейінгі басылымдарында бұл тарау «Биікте» деп аталды.



Ақшоқыда туған өлең, өлең мен өн, сан саналы жырлар көшіріліп жатталып, өуендеп толқып, тарап жатты. Алуан сырлы жаңа сөз Арқаның қоңыр желіндей жай жылжып, бірақ кең жайылып тарады. Бұл атырап, сахара бұрын естімеген сарын есті. Ғасырлар бойы жұмбақтай үнсіз сұрақпен мелшиіп, мүлгіп тұрған далаға жел қанатымен жырдай жауап есті. Игі желдей... Жыл жетерін білдіретін көктем желіндей есті. Ол – тарихтың жаңа бір төлінің үні. Арттағы қыстан тумай, алдағы жаз үшін, жаздың жаңа өсім-өнімі үшін, гүл атар тірлігі үшін туған төлдің үн-лебізі. Оның жыры – жаңа дүние көксеуші, жаңа өрісті іздеуші жыр. Барлық сергек ой, сезімтал жүректер үшін, тынымсыз ойлар үшін, алысар жігер үшін туған жырлар еді ол.

Ақшоқыда туған өлең, өлең мен өн жатталып, көшіріліп, өуендеп толқып Ералыға жетті. Абай қалаға апарып оқытқан жетім балалары Хасен мен Садуақас кеш сайын өздері көшіріп алған өлеңдерді оқиды. Құдық басында, кешкі ауыл сыртында, от басында әр кезде Абай сөздерін бұларға оқытып отырып тыңдайтын Дәркембай бастаған көп көрі-жас бар.

Абайдың аға досы Дәркембай... шміркене түсіп, хат оқыған жасқа жабыса тақап, ұзақ тыңдайды.

...Қалың елім, қазағым, қайран жұртым
Үстарасыз аузыңа түсті мұртың... –

деп, ел мұңдары боп кеткен Абайды көз алдына елестетеді. Оның айтқанына сенеді Дәркембай. Ақын мұңына қарт көңілінің мұңын қосып бас ізейді.

Дөңдібай, Еренай боп бір кезек «Күзді» оқытады. Бір емес, қайта оқытады.

...О да қылған кедейге үлкен сыйы... –
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе... –

Тірек сөздер

өлең мен өн
жыр
өлең оқу
жастар
қарттар
отау

дегенде, барлық көрілер құшырлана күледі. Бұны бекер еді деп ешбір Төкежан, Майбасар, Оразбайлар да айта алмас... Осы қарттар үй іштерімен бай ауылдардың шетінде талай кешірген күйлер, күндер ғой. Сондайлық өз күйлеріне деп тиетін өлеңдерді бұл жиын, әсіресе көп оқытады. Оқытқанды місе қылмай кейде «мақамдап айт», «ендетіп оқы» деп, жастарға өнге қосқызып айтқызады. Бір кезек бар жастар қосылып, жырлап та кетеді. Қоңыр кеште көп жастың үнімен толқыған шындық жыры тыңдаушы қарттарды қатты таңырқатады. Сүйсінген үндер шығады...

– Сөзі қандай!

– Неткен сөз!

– Алпыс екі тамырды шымырлатқан сөз...

– Айтарсың... Осылай айтарсың... Қазақ баласы айтпағанды сен айтарсың, Абай!.. Асылым!.. Шәлімдегі жалғыз алтын тірегім. Шәлден шүлен боп туған сергегім! – дейді Дәркембай. Көп үнсіз тыңдаушының сүйсінген жалынын атады...

Ақшоқыда туған өлең, өлең мен ән көшіріліп, жатталып Мұхаметжан әуенімен Ұлжан аулына жеткен еді. Кеше кеш бойы Оспан отауында Мұхаметжан Абай сөздерін әрі оқып, әрі жырлап берген. Ауылдың жас-желеңі, көп көршісі Еркежан мен Оспан отауын іштен кернеп, тыстан да жапырлай басып, анталап тыңдаған.

Ұлжан Абайды көптен, қыстан бері көрмеген. Ана көңіл сағынышты еді. Таңертең Мұхаметжанды өз алдына шақыртып, Абай сөздерін көп оқытты. Кірген мен шыққанға атүсті жолаушының келгеніне де қараған, мойын бұрған Ұлжан жоқ.

Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,
Келейін сендерге де енді аяндап... –

депті баласы, анасына да ескерткені де! Бұрынғы кейбір надан ақынды, сатымсақ сөзді, мәнсап мәзді шенепті баласы...

Ұлжанның Абай сөздерін әрі таңырқап, ырза болып, әрі тереңдеп ойланып ұйып қалған қалпын Оспанның қатты күлкісі бұзды. Шешесінен төмен отырған Оспан да, кешеден бергі әдеті бойынша үндемей, қыбыр етпей тыңдап қап еді. Өлі күнгі «жақсы, жаман» деп бірауыз сөз қатқан жоқ-ты. Қазір сол үнсіз Оспан шұғыл құбылып, қатты өзгерді. Қарқылдап күліп, құшырлана мез болады. Анадая жерде қиыс отырып, қымыз ішіп жатқан Төкежандарға қарап, иек қағып. Соларды мазақтап күліп отыр.

– Өні... Ана отыр! Ойбай-ай тап мыналар ғой сол айтқаны...

Төкежанның қасында Оразбай мен Жиренше бар-ды. Солардың өлеңді де, қазіргі Оспанды да жақтырмаған қабағын тани түсіп, бұл енді әсіресе мез болды. Қазір айқын мазақ ете күледі.

Жиренше баяғы тентек, сотқар бала Оспан, бүгін қайта сұрланған жүзбен, балалық қаз-қалпымен келіп күліп отырғандай көрінді.

– Немене, Оспан, балаша ыржақтап, саған не болды!? – деді.

Оспан оның сөзін елеген жоқ, екілене түсіп, қатты дауыстап:

– Осы үшеуіңнің бүлік атқамінерді ендігі Тобықтыдан іздесе табар ма кісі деген... Төбелеріңнен түйіп түскен жоқ па Абай, құдайшылығыңды айтшы өзің, ей Жиренше! – деп өзілдей берді.

Оспанға Абай өлеңінің анық сыры енді танылған.

Ұлжан Оспанды қостап ақырын мырс беріп күлді де, қайтадан ойланып қалды.

Көп өлең оқып берген Мұхаметжанды енді біраз тоқтатып отырып, барлық үйдегілерге анық естіртіп, салмақты бір сөз қатты.

– Туғанынан... тіпті титтейінен Абайым бір төбе, өзге қалған ерен-жаран бір төбе еді. Аналық бүйірімді тоқ етіп жатқан бір алтын жамбымдай көрушем. Өзімен бірге туған аналық тілегім, үмітім екен. Бүгін сол тілек пен үмітім мынадай бөйтерегім бопты. Енді мен өлсем де арманым жоқ ана екемін-ау! Шүкірлік еттім тәңірі... Зор тәңірім! – деді.

Үй іші жым-жырт боп тыңдаған екен. Аналық шын мінежат, дұға естігендей еді. Бірақ аз аялдан соң Төкежан жаңағы Оспанға ыза болған қалпына қайта келді. Шешесінің сөзін де жақтырмапты.

– Әй, апа-ай! – деп, Ұлжанға бұрылды да: – Өйтеуір бар бейліңді бергенің сол болған соң айтасың ғой. Болмаса сенің балаңнан басқа да тікелей текті, тілді қазақ боп еді ғой. Солар айтпап па еді: «Құдайға шүкір, тұқымымыздан бақсы мен ақын шыққан жоқ» деп. Сен, балаң бақсы-құшнаш болды деп несіне мәз болдың!? – деді.

Жиренше кейдегі сайқал әдетінше, үнсіз сықылдап күліп, Оразбайдың санын шымшып, Ұлжанды бағып қарап қапты.

Ұлжан Төкежанның сөзінен жиреніп кетті.

– Е-е, ұялас итпін деп отырсың ғой. Ұяластың да бірі құмай болғанда, бірі сендей бөрі ала болады екен-ау хұдауөнда!.. Десең, де! Бірақ сені Абайдың бір сынық қара тырнағына алам ба екем мен! – деді.

Түсі ашулы екен. Ажымы қалың, кең жүзі аппақ боп, екі көзі жасқа толыққырап, қанталай қызара түсіп, Төкежанды қатты атып қарады.

Төкежан тымағы мен қамшысын бір қолына шапшаң қымтап алды да:

– Жүр! Жүріңдер түге! – деп, Жиренше мен Оразбайды өзімен қоса тұрғызды.

– Алжыған шешенің айтарын естіп болдық қой! Жүр! – деп адымдап шығып кетті...

Ақшоқыда туған өн жатталып, сол күндердің бір кешінде, ұйқысыз жатқан Құнанбайдың құлағына жетті. Бір ызың өн, түн ішінде үзілмей соғады. Төсекте көп аунап, тыныштығы қашқан көрі сол бір ызың сарыннан құтыла алмайды. Қайта-қайта бір сөз келеді. Ол – күзетші жас жігіт Көріпжан айтқан өн. Сөзі де Құнанбай құлағына еріксіз қақтығады. Көріпжан жаңадан ұққан, бірақ шала ұғынған өн – «Төңір қосқан жар едің сен...» болатын.



Г.Г.Головков. Абай – ақын,
1983 ж.

қарғап-сілеп жүр сол заржақтанып? Білші! – деді. Нұрғаным күзетші өнін білуші еді.

– «Төңірі қосқан жар едің сен» дейді ол. Абай шығарған өн деп, жұрт айтып жүрген жоқ па! – деді.

Құнанбай аһ ұра бір күрсінді де, іргеге қарай аунап түсті:

– Айтпасын! Зарламасын! Тый барып! Мазамды алды! – деп, үні өшті.

...Төңір қосқан жар едің сен,
Жар ете алмай кетіп ең...

Нұрғаным Татьяна зарын түгел естіп, алғаш ұққан шағында қатты мұңмен кеткен. Бұл сөзде оның өзінің де шері жүр. Есіне Базаралы кеп еді. Өн басталғаннан, а дегеннен сол сағынышты, өкпіншіті дос есіне түсіп, іштен тынып, тұнжырап қалған-ды.

Күзетшіні қасына шақырып ап, Нұрғаным оған: «айтпа, тоқтал» деген жоқ.

– Өніңді ана жақ шетке барып, алыстан айт! Бұл жаққа келгенде ақырын айтпасаң, көрінің ішін өртейді. Ыстық өлең. Өлеңің оттан да ыстық боп тұрған жоқ па! Жақпайды бұнда! – деп, сөл ғана күрсінді де, үйге қайтты. Күзетшіге емес, өзіне өзі айтқан іштің, жанның сөзі еді.

Ақшоқыда туған өлең, өлең мен өн жатталып, әуенге қосылып, кең атырапқа тарап жатты. Даланың қоңыр желіндей, жай соққан самалындай лүпіл-толқып, Тобықты жайлауларын түгел шарпып өтті. Сырттағы Керей, ойдағы Уаққа, Арқадағы Қаракесекке, Қуандыққа да кетті. Аягөз, Тарбағатай, Алтай Наймандарына да жетіп жатты.

Сол кезде Машандағы Найман атты шал ауылына да жеткен еді. Ойда жоқ бір шақта ауылдың шеткі үйіне қалыңдық ойнап жүрген күйеулер кепті: жұпыны киімді екі жігіт өздеріндегі кедей үйінен қыз айттырған күйеу екен. Сол күйеу Молдабек өнші болып шықты. Көрші шеткі үй Тоғжанды аса сыйлаушы еді. Енді күйеу келгенше кішкене сауығына момын көрші шақырған соң, Тоғжан әдейі келіп еді. Сонда ойда жоқта «Татьяна хаты», «Онегин жауабы», «Татьянаның

екінші сөзі» толқып кетті. Оңаша тыныштықта, қоңыр кеште, бұрын естілмеген нәзік қоңыр мұң қалқып тұр. Тоғжан жүрегі ән басталған жерден: «Абай» деп, «бұны айтқан тек Абай» деп, нық байлады. Өлеңнің тегін, мәнін сұраған да жоқ.

Татьянаның Онегинге айтқан екінші сөзіне келгенде Тоғжан тақатынан айырылғандай болды. Көптен бері сезінбеген бір жалын жүзін де, жүрегін де лезде шарпып, жан әбігеріне салды.

«Өз сөзім емес пе мынау!?», «Басқа өмірге ырза болмасам да, көндім» деп тұр. «Сүюден, сағынудан жаңылмасам да енді екеумізге қайта бақыт жоқ» деп тұр ғой. «Осы еді-ау!» жасын жұтып отырып айтса да, ауру досына, арманды досына Тоғжан өзі айтқан сөз еді-ау. Ұмытылмапты. Өшіп, жоғалмапты сондағы шын жалын. Енді өнге түсіп, мұңды шер мұншалық көрікті сөнге ауысыпты. Ойда жоқта бұған жеткен жан сәлемі сабырын алмай қояр ма! Тоғжан ыстық жастық шағын тауып қобалжиды.

Ұзақ кеш бойында бір жанып, бір тоңазыды. Үзілместей үнсіз жастарын қат-қат тамшылатты. Ішімен Татьяна өнін соншалық нақыштап, көп қайырып, құпия қайырып, айтып кетті...

Жаздың бір тыныш кезінде, Қасқабұлақта, биікші тастақ төбенің басында, кешкі ауылдың тірлік тынысын тыңдап Абай отырды. Бұның оқшау ауылы сыртқа шықпай, бауырда қалып Ойқудық, Ералыны жатақтармен көрші жайлаған. Қалың ел дырдуынан әдейі жырылып, қалыс қалған еді.

Бүгін таңертең сырт жайлаудан көп жолаушы жас қонақтар, ақын, өнші достар келген еді. Абайға солар жаңа қуаныш хабар жеткізген. Абай сөзі халыққа жағып, кең жайылып кетіпті. Қарқаралы-Қоянды жәрмеңкесіне жиналған төрт арыстың бар көрі-жасы Абай атына қанық бопты. «Абай деген жақсы шығыпты...», «Сөзі, өсиеті бөлек, білгіш шығыпты», «Халыққа қамқор, мұңдыға дос, жуан-содырға қас жан дейді», «Тобықтыда туса да, бір Тобықты емес игі ел жақсысы, ел ұлы боп туыпты», «Сөзін тыңдаймыз. Өсиетін ұғамыз» дескен екен жұрт.

Мұқаметжан, Мағаш, Көкітайлар осы хабарларды Абайға қуанышпен әкеліп, аға ақын, дос ұстаз жанында масаттанып, Абайды өздеріне мақтан тұтып, мәз болысады. Абай мен Әйгерім бұларды үнсіз ырзалықпен, ұзақ тыңдап болған еді.

Енді Абай сол топтан жалғыз бөлініп, өз ойымен оңаша шығыпты. Қазір ол кешкі дүние көркіне сыр қосады...

Шабытты ақын көңілі, қазір көз алдында дала емес – теңіз, кең тыныш теңіз жүзін көргендей. Сол теңізге, өмір тарих мол мұхитына бір кеме, жалғыз жалауын көтеріп жол тартты. Алға басты, белгісіз болса да ғажайып шұғылалы бір жағаға, ұзақ сапарға басты ол кеме. Жалауында «Тартыс», «Үміт» деген ұран бар. Халық үмітін үстіне арқалаған сол кеме «келешек» деген жағаға қарай тартты. Бұл «Абай кемесі», кең жайық әлемде сенімді, түзу жол сызып, маңып барады. Алға барады, ұзап барады. Биіктен қиян, алыс көкжиекке қадалып

қараған Абай көзі, ой көзі сол кемеңі оң сапарға ұзатып, талмастан телміре қарап қалыпты. Бар жазықтан үстін биік төбеде, шабыты мен өзі боп отырып қалған Абай қуанышты бір мақтаныш сезді. Оның сол мақтанышқа хақы да бар еді.

Осы күйі бір ғана сәт жалт еткен, сәл қуаныш жүзі екен. Енді сонымен ілес, тағы бір толқын ойлар кеп, көңіл жарына қатты соқты. Көкше бұлттай қарауытып, ауып келген ауыр ойлар, шындық кескінін танытады. Жаңағы жалтыраған күн шуақты қуаныш сәулесін енді күдік пен дерттей, соңғы ойлар бұлттары бүркеп басып барады.

Алда өмір, тартыс. Сол тартыста бұл жалғыз. Шынға келсе жапа-жалғыз, рас, оның бір қуаты, бір үміті бар екені рас. Қуаты – ақындық, үміті – халық. Бірақ бірі оянбаған күш болса, бір танылмай, ұғылмай кетер ме! Жетер ме сабыр, жетер ме қайрат! Жалғыздықтан жасымас қайрат жетер ме!

Өмірдің беліне шығыпты. Сол арттағы жолда жоғалтқаны көп пе, тапқаны көп пе? Рас, жоғалтқанының көбіне өкінбейді. Жақыннан әке, Құнанбайдан кетті жат болып, туыстан Төкежан, Төкежандар кетті жауығып, Оразбайлар, Жиреншелер де бірі артынан бірі шұбалып кетіп жатыр. Үзілсін бұдан. Кетері кете берсін. Өлі де кетер табылар. «Бірақ халық қалса, халыққа жолымды, жанымды қосар қолымдағы жарық қалса, жеткені!» деп, өзіне-өзі осы отырыста, құпия бір ант-серт айтқандай бекінді.

Жаңағы мұхит қайда?!

Абай кең далаға қарап еді. Мұхит емес, күндегі құлазыған дала боп көрінді. Ол – әлсіз жүдеу Ералы жазығы. Сол жазықта енді шаң шығады. Будақ-будақ бүлік шаң. Бұ не? Абайдың қасына дүрсілдетіп шауып отырып, асығыс жүрісті салт атты жетті. Сырт жағынан келген аттыны Абай енді ғана аңғарды. Жүргіншінің астындағы аты қан сорпа. Жатақтан, Ералы жатағынан, Дәркембайлар тапсыруымен асығып жеткен шапқыншы екен. Жас жігіт, Абай оқытып жүрген шәкірт – Садуақас боп шықты.

– Анау шаңды көрші, Абай аға! Сол жау! Жатақтың азғантай жылқысына тиген жау. Айдап, қуып өкетіп барады өні. Тағы тиіп өкетіп барады сойқандар! – деп, жігіт жылап жібергендей болды. Теңіз де, қиял да жоқ. Аз алданып, қуаныш та сөне берді. Тағы өмір шындығы, тағы тірлік тартысы Абай алдына еселі сыбаға тартты.

Лұғат

Шүлен – 1) ақысыз-пұлсыз тегін таратылатын ас, тағам, зат, нәрсе; 2) қолындағы барын елге тегін беретін қолы ашық, дарқан кісі, яғни жомарттық, мырзалық; 3) балықшылардың жерді қазып, үстін қамыстан қалың етіп жауып, ішіне мұз төсеген тоңазытқыш үйшігі; 4) қылшық жүнді қой тұқымы. Бұл жерде: ауыспалы мағынада шөлдегі сусыны деген сияқты ойда айтылған.

Мансап (мансап) – 1) қол жеткен лауазым, қызмет, атақ-дәреже, шен-шекпен; 2) белгілі бір қызмет саласындағы өрлеу, өсу.



1. Шығармада кездесетін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер мен тақпақтар, жұмбақтар мен жаңылтпаштарды жинап, өзара тақырыпқа бөліп топтаңдар.
2. Абай өлеңдерінің шығу тарихына мысалдар келтіріңдер.
3. Романда кездесетін өлеңдердің шығу тарихы туралы айтыңдар.
4. Абай өлеңдерінің құдіреті неде?
5. Дәркембайдың ақын өлеңдеріне берген бағасы қандай?



Ақынды типтік образ ретінде қарастырыңдар. Абайдың жолы арқылы автордың ұстанымын анықтаңдар.



1. Абайдың өкесінің ісіне наразылық білдіріп, халық жағына шығуының себебін түсіндіріңдер. Өке мен бала арасындағы пікір қайшылығы кездесетін үзінділерді тауып оқыңдар. Автордың бұл тартысты сюжеттерді енгізудегі мақсаты қандай? Автордың Құнанбай жолы мен Абай жолын саралаудағы мақсат-мүддесі неде?
2. М.Өуезовтің қазақ даласын, оның табиғатын сипаттаудағы шеберлігіне талдау жасаңдар. Автор қолданған көркемдік құралдар мен айшықтау амалдарына талдау жасап, автор стилін анықтаңдар.



М. Өуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын И.С.Тургеневтің «Отцы и дети» романымен салыстыра талдап, кесте басшылыққа алып сыни пікір жазыңдар.

Талдау нысаны	1-кітап	2-кітап
Қаламгер стилі, мәнері		
Кейіпкерлер тағдырының шешілуі, автордың шешімі		
Авторлық көзқарасы		

Кері байланыс: «Көбелек»

«Абай жолы» романының екінші кітабын оқып, талдап, жоғарыдағы тапсырмаларды орындағаннан кейін, көрсетілген жүйе бойынша өз жұмыстарыңа рефлексия жасаңдар.



ҮШІНШІ КІТАП

Абай аға

1



Тағдырдың Мұхтар Өуезовке тартқан үлкен сыйы – оның айрықша дарындылығы.

Зәки АХМЕТОВ

Ақын жанына топтасқан Дәркембай, Базаралы, Ерболдар – халық өкілдері. Құнанбай Меккеге жүргелі жатқанда Дәркембай Дәрменді Құнанбайға алып келіп, мойнында жетімнің қарызы барын айтады. «Әкем үшін мен қарыздармын» деп мойнына алған Абай Дәрменді өмірден өткенше қасынан тастаған емес. Оны Дәркембайдың өмірден өткелі жатқанда айтқан: «Абай сенің... қарызыңнан... құтылды!..» – деген төрт ауыз сөзі растайды.

Абайдың ұстасқан жаулары да оңай емес. Оразбай, Жиреншелер бастаған атқамінерлердің жасаған қастандықтары жетерлік. Қазақ арасында бітпейтін жер дауы, жесір дауы, құн дауын қарапайым халықтың пайдасына шешіп, бай-шонжарларға жақпаған Абайдың көрген қасіреті аз емес. Мұқыр болысының сайлауы қарсаңында Сәмен бастаған Оразбайдың қолшақпарлары «Соңымнан қаласың ба, жоқпысың!» деп қамшымен сабап та кеткен.

Абай бейнесінің толыға түсетін тұсы – Семейдегі оба, сүзек ауруына байланысты оқиға. Жұқпалы аурудың алдын алудың бірден-бір жолы көпшілік орындарда адамдардың жиналмауы екенін түсінген Абай халық арасына үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Бұл шешім «Өлімді жерде молда семіреді» дегендей жаназа шығарып, шай-пұлын тауып жүрген молдалардың наразылығын туғызғанмен, ақыр соңында халықтың өзі түсініп жаназаға жайылған дастарқанға бармайтын болады. Сөйтіп Абай ол індеттің алдын алуға көмектеседі.



Күз аспаны күңгірт, бұлыңғыр. Ауада дымқыл сыз бар. Таң салқыны қазір күздің суық желіне айналған. Маңайда қызарып солған құрайлар көп көрінеді. Бүрінен айрылған тобылғы да құқыл реңді. Ұзарып сарғайған селеу мен бозғыл көде, жусан бөрі де жел лебінен қал-тырайды. Бас шұлғып елбек қағады. Қара жел қуған қаңбақ кең жазықта көп бұлыңдап, тынымсыз кезіп, жосып өтеді. Таң жаңада атқан. Салқын түннің қалың шығы жүргіншілердің аттарының тұяғын жылтыратып шашасына шейін суландырған.

Ералының кең жазығына жаңа келіп ілінген жүргіншілер – ерте көшкен ауылдың ер-азаматы. Көшіп келе жатқан Абай ауылы мен көрші ауылдар. Сол көштің алдында ұзақырап кеткен мынау бір топ аттылар Абай мен оның жас достары, кей ақын-әншілер. Топтың алдыңғы қатарында Абай, Көкбай, Шұбар үшеуі өзгелерден озыңқырап, оңаша өңгімелесіп барады. Артқы топ Ақылбай, Мағаш, Көкітай, Дәрмен болатын. Бұлардың артында Ербол мен Баймағамбет бір бөлек келеді.

Жүрістің ертелік мазасыздығына қарамай, күн райының мұңды, сұрқай көңілсіздігіне қарамай ортадағы жастар тобы үнемі дабырлап сөйлесіп, әзілдесіп, күліп келе жатыр. Шетінен ақын жастар болғандықтан, бұлар соңғы кездерде өлең шығарудың әр алуан үлгілерін байқап көрісетін. Үйде отырса жазып айтатын ақындар, топқа кезіксе домбыраға қосылып ән шырқайтын. Ал осындай атүсті, жол-жөнекейде шапшаң өлең айтуға да, бөсеке мен жарысқа да түсе берісетін.

Осы соңғы күндерде Ақылбай біралуан жарыс үлгісін айтқан еді. Ол төрттік жырды төрт ақын болып, іліп-қағып айтатын бір дәстүр.

Кейінгі топтың жол ұзақтығын, мезгіл жүдеулігін елемей, көңілді күлкімен келе жатуына қазірде де себеп болған сол іліп-қақпа өлеңдер. Енді бір кезекте

Тірек сөздер

дымқыл сыз
көшкен ауыл
жастар
төрттік жыр
іле жөнелу
сөз
қуып жету

Мағаш ат үстінде құныса түсіп Көкітай мен Ақылбайға қарап, тағы бір төрттіктің алғашқы бір жолын оқыс бастады:

Күз жетті ме, батыр-ау неге тоңдым, –

дегенде, бағанадан кезек қағысып, шапшаңдыққа өздерін қайрағандай боп келе жатқан ақын жігіттер тегіс елең ете қалысты. Бірақ алдымен іліп өкеткен Ақылбай болды:

Тоңғаның рас, бозарып түсің де оңды.

Ендігі кезекте Дәрмен айтуға бейімделді. Ол бұлардың ішіндегі ең шапшаңы және тапқыр, айтқышы. Дәрмен бағанадан бергі дағдысымен төрттіктің соңғы екі жолын тағы өзі бітіруге ыңғайланғанда Мағаш қатарында келе жатқан Дәрменнің тізгінінен ұстап күліп тұрып, өзіл айтты.

– Дәрмен, сен шабытыңды ірке тұр. Бағанадан бері есеміз мына Көкітайда кетіп барады. Бұл неге қосылмайды? Осы айтсын. Айт, көне шапшаң! – деп, Мағаш көзін сығырайта күліп, өзінің үнемі қатты қалжыңдасатын құрдасы Көкітайға қарады. Ол да осындай бір шабуылды тосқандай екен. Жолдастарын таңғалдырғандай оқыс өжеттік көрсетті. Өзінің шарылдаған қатты үнімен дауыстап тұрып, іле жөнелді:

Бірің тоңып, бірің оң, жұмысым жоқ,
Ойына түк кірмейді Көкітай шоңның!¹ –

деп қатты күліп жіберді.

Ақылбай баяу мінезімен таңырқаған бойында Көкітайға бұрылды да, «шоңның»... деп, соңғы ұйқасты қайталап:

– Бұл не деген ұйқас!? – деді.

Дәл осы сәтте Мағаш пен Дәрмен Көкітайды мысқыл етіп, Ақылбайдың күдігін қостап, күле жөнелісті.

– Қысылғаныңа көрінсін Көкітай, «шоңның» деген сөз жоқ. Өлең айтса Көкітайдың бір обқа жығылатынын білуші ем. Барып шыққан жерін қарасаңшы, – деп Мағаш күліп келеді; Дәрмен де ақсия күліп:

– Бұл қайдан алған ұйқасың, қазақ естімеген сөзді қайдан сүйреп өкелдің, Көке-ау? – деді.

Көкітай олардың күлкісін біраз еркіндетіп жіберіп, екі көзі күлімдеп өзі де лекіте күлді де, енді жауаптасып, дауға кірісті:

– Өлеңнің сөзі Мағаш пен Дәрмен айта беретін, күндегі көптің құлағына сіңген сөз бола ма екен? Кейде айшықты сөз әлдеқайда алыстан кеп, осылай таңырқатып та кетуі керек. Мен білсем, осы төрттікті өлең ғып тұрған жалғыз менің ұйқасым, – деді.

Бірақ жолдастары, бастығы Ақылбай болып, Көкітайға қарсы жабыла дау айтты. Қатты күлкілерін естіген соң топқа енді Баймағамбет

¹ Шоң деген сөзді Арқа қазағы білмейді. Зор, үлкен деген мағынада қырғыз бен оңтүстік қазағы қолданады.

пен Ербол кеп қосылды. Оларға да Мағаш өзінің сөзін мақұлдатпақ. Өлеңдерін қайталап айтысып, бәрі де жасы үлкен аға, Ерболдың төрелігін тілесті. Көкітай өзінің дұрыстығын Ерболға қуаттатқысы келді.

– Ербол аға, мыналардың орынсыз күлкі, жалған сықағын тыйыңызшы! Арапашы тіледім сізден! Құдай ақы, «шоңның» деген қазақ сөзі бар деп айтып беріңізші, мыналарға! – деді.

Ербол төреші болғандықтан, енді жұрттың бәрі жаттап алған төрттіккі өзі тағы бір айтып, аз ойланып бас шайқады. Көкітайға жолдастары әлі күліп келе жатыр. Ербол оған жаны ашығандай қабақ білдірсе де, жігітті қостай алмады.

– Айналайын Көкітай, даусың шырылдағанда жазықсыздан күйіп бара жатқандай көрінесің-ақ. Сен арыз айтқаныңмен, зорлық етіп тұрсың. Қазақта «шоңның» деген сөз жоқ, – деді.

Көкітай ендігі қалған Баймағамбетке жабысып, тағы да бұрынғысынан да даусын қатайтып, шырылдай түсіп:

– Ойбай-ау, мына жұрт не дейді, Бақа!? Естімеген сөзің жоқ, көрі құлақты өзің ең. Өзің айтшы! – деп содан үміт қып еді. Баймағамбет бағанадан «шоңның, шоңның» деген сөзді қайталап, күбірлеп, қабағын түйіп айтып келе жатқан. Қазір ол өзінің тура кететін бірбеткейлігімен:

– Көкітай, сенікі теріс! Ешбір ертегі-хикаяда «шоңның» деген сөз жоқ. Мұндай өлеңді естіп көргенім жоқ! – деді.

Жұрт Көкітайдың күйгелек мінезінен тағы бір оқыс нәрсе күтіп, даурыға түсті. Бірақ ол әлі мойындаған да, жасыған да жоқ. Атын тебініп жіберіп:

– Ой, төңір-ай, жеріне жетпей Көкітай жығылмайды. Анау Абай ағама жүгінемін. Жүр, білгіштеріңді сонда көрермін, кәні! – деп жорта жөнелді.

Қалған топтың барлығы да сар желіп отырып, Абайларды қуып жетті...

Өзгелерден бұрын жеткен Көкітай жаңағы қызу үстіндегі ащы үнімен Абайға дауларының жайын мәлімдеп келеді. Дау «шоңның» деген сөздің айналасында екенін білгенде Көкбай күліп жіберді. Ол бірдемені білетін сияқты. Көкітай соған дәмелене қарады. Артқы аттылардың барлығы қатарына жеткен соң Абай Ербол мен Баймағамбетке бұрылып:

– Мағашқа сен екеуің де қосылып, Көкітайды жығып бердіңдер ме, шынымен? Жығып беру оңай ғой. Ұтықты төрелік айтсаң, жыққаның жыққан. Ал Көкітайдікі дұрыс болса қайтесің? – дегенде, жаңағы желпініп келген аттылардың барлығы да аңырап қалды. Кейбіреулері сәл тоқтап, Абайдың аузына қадалды.

– Қазақта «шоң» деген кісі аты да бар. Кісі болғанда Шоң, Торайғыр деген ағайынды екеуі бірдей суырылған шешен. Сүйіндік ішінен шыққан қос өркештей адамдар болған. Олар айтты деген нақыл-

тақпақ исі Орта жүзге мәлім. Ал, сол «шоң» деген сөздің түп төркіні мен білсем, қазақ сөзі емес. Мына Ұлы жүз, Үйсін ақындарының, шешендерінің ескі ырғақтарында да ұшырап кетіп отырады. Осы сөздің асыл түбі қырғыздан ба деп топшылаймын. Қалайда, Кәкітай бөріңді қирата жеңіп отыр. Шынында, «тоңдым», «оңдымдарыңа» еркек ақын болып қайратты ажар берген Кәкітай! – деп Абай өзіл етті.

Жеңген Кәкітай да, жеңілген ақындар да, оларды құптаушылар да Абайдың зілсіз мысқылына мез бола түсті.

Жүргіншілер Ералының қазірде қуаң тартқан шалғынын біраз аралап өтті. Топтың алдына таман озғындап келе жатқан Абай бір кішкене төбешікке қарай тартты. Ол төбенің басына шыққанда, барлық аттылар сәл ғана томпайып жатқан ескі моланы көрді. Жастардың жүзінде, Абайдың бұл молаға тоқтағанына таңырқау бар. Олар осы ескі моланың кімнен қалған көне белгі екенін білмеуші еді. Абай атының басын өзгелерден оздырыңқырап кеп, қос молаға көз жіберіп, көп үнсіз тұрып қалды.

Бұның селдір сұлу сақалына, енді сәл ғана ақ араласқан. Айналасына азырақ ажым жиылған мұңды көзін кейде қысыңқырап қарайды. Кейде, әлдебір күндерді алаңсыз көңілмен есіне түсірмектей, көзін жұмып тұрып ойланып қалады. Шұбар мен Дәрменнің қолындағы екі көк қаршыға да молаға таман бас изей түсіп, оқыс бір аңды күткендей қадалып қашты. Алтын сары көздерін кірпік қақпай шаншылтады. Шабыттағы бапты құстар қапысыз сәтті бағып тұр.

Көпке түсініксіз түрде бірталай үнсіз тұрып қалған Абай, бір кезде денесін бұрмай, оң қолын ғана көтеріп, артына қарай қайырды да, жігіттерге белгі етті. Барлық топ көрнексіз молаға өлі де таңырқай қарап, Абайдың қатарына келді. Ат тұяқтарының тықыры басылып, жұрт тегіс тыныш жым-жырттыққа ауысқанда ғана Абай сөз қатты. Ақырын қоңыр үнмен сөйлей бастады.

– Осы жалғыз мола, осынау елсіз жотаға пайда болғалы міне, биыл жүз рет жадырап жаз, кірбің тартқан күз кепті. Сол бір ықылымнан бергі көп буындар тіршілігінің үнсіз куәсі осы мола. Бұл қос мола, ішіне аса бір ауыр сыр бүккен молалар. Шанда бір осы тұсқа соғып өткенде, әлде бір арылмаған қарызым бардай боламын. Ақындық қарызым сияқтанады. Бұнда жатқан бір қыз, бір жігіт. Жігіті Кебек, қызы Еңлік атанушы еді! – деген кезде Абайдың үні ажарланып, машықты қалпына ауысып, қатаң сөйледі.



*К.Я.Баранов. Абай,
1971 ж.*

Осы кезде қолындағы қаршығасындай екі көзі оттанып, ұшқындаған Дәрмен оқыс бір оймен тұтанғандай болды.

– Абай аға, рұқсат етіңізші! Жүз жыл бойында талай жолаушы мен өткінші Еңлікке өзі білген құранын оқып, бата қылды ғой. Олары тие берсін! Мен бүгін сол Еңліктер жүрегіне арналған басқаша, өзгеше бір құран оқийын. Соған рұқсат па екен? – деді.

Абай іркілген жоқ. Дәрменге қызыққандай, жылы шыраймен қарады да: «Оқы!..» – деді. Сол белгіні күткен Дәрмен:

– Ендеше, Еңлік, Кебек құраны мынау болсын, – дей салып, тамағын кенеп алып, шырқап тұрып, әсем қоңыр даусымен ән бастады. Көкбай мен Шұбар мынандай оқыс мінезден қысылғандай қыбылжып, бір нәрсе айтқандай болысып еді. Абай тыныштық тілеп, екі қолын шапшаң сермеді де, барлық топқа тыйым салып, Дәрменді тыңдауға бұйрық етті. Көпшілік үнсіз тұрып, құптағандай ұйып тыңдап қалды. Дәрменнің өзгеше мұңмен аса сезімтал ажар беріп айтқан әні, амандық, бейбітшілікте айтылатын сауық әні тәрізді емес. Өлгендердің еруағына арналған, дертті жүрек жоқтауы сияқты. Жүзінің сыр толқыны көп әнші-ақын, бұл топтың бөріне мәлім бір әнді бастаса да, қазіргі айтуында соны осы сәтке аса бір орайлы саздай созады. Айтып тұрғаны Абай әні – «Көзімнің қарасы».

Мағаш пен Көкітай Абайға қосылып, Дәрменнің оқыс қылығын сүйсіне түсінді. Таңданып, тамашалай қарасады. Дәрмен ұзақ өлеңді түгел айтқан жоқ. Ынтық жүректердің күліп тұрып, жан берердей үзіліп айтқан, арманды шерлерінен теріп, таңдап айтты. Төрт ауыз жоқтау айтты да, жүдеп күрсініп, тынып қалды.

Абай ақырын ғана атын бұрды. Семіз қоңыртөбел ат жай ғана басып, тізгін соза бас ізей түсіп, жүріп келеді. Өзгелер де қозғалған. Топ қатар келе жатқан. Орталарында екі қаршыға дүр-дүр сілкіністі. Екеуі де жүргіншілердің алдыңғы жағына қадала қарап, қомағай көздерінен ұшқындаған шабыт шашады.

Әлі де желісі үзілмеген ой соңында келе жатқан Абай жастарға тағы бір сөз тастады:

– Жә, сол Еңлікті буындырған арқан түйнінде тұншығып кеткен шер бар емес пе еді! Ең болмаса бүгінгі күн осы мола мен сол жүрек сырын ел-жұртқа дат ететін шақ жетпеді ме?! Еңлік үнімен қыз жүрегі сыр айтса, Кебек тілімен ұл арманы, ер ашуы, ұлан жоғы жоқталса болмас па?! Ақынсыңдар ғой. Мынау күздің түнерген күнінде, түңілткендей күй мен саз келеді ескіден! Мен айтсам, шабытты тек шаттықтан таппай, елдің, ердің күйкі жүдеу күйінен де таппақ шарт! Жыр шындықпен туысса, шыңнан аққан бұлақтай алыс өріс табады. Ендеше осы естіген, көрген жайдан жыр туғызса нетеді? Қызығатының бар ма? – деді.

Абайдың аңғарын жақсы түйген Дәрмен бір байлауға бекініп те қойған екен. Сонысын енді айта бергенде, бұның алдына түсіп Шұбар сөйлеп кетті:

– Абай аға, дәл осы жайды мен жазамын!

Өзінен бұрын айтушы болса да, Дәрмен тоқтаған жоқ:

– Абай аға, менің аузымдағы сөзімді Шұбар айтты. Мен де жазамын! Шұбар жақтырмай, тыжырынып күле түсті:

– Сенің аузыңдағы сөзіңді айтқам жоқ. Өзімнің ойымдағы байлауымды айттым. Сенің жазатыныңды менің айтатыным не? Өзім айттым, өзім жазам!

– Жоқ, мен жазам!

– Сен емес, мен жазам, – деп екі жігіт жарыса таласып, қызу үстінде тоқтай алмағанына Абай бастаған барлық топ қызығып қалды. Дәрмен өзінің дәлелін ойланып алып, көпшіліктің төрелігіне шаққысы келді:

– Екеуіміздің таласымызға байлауын көп айтсын. Бірақ мен осы жайды жазатынымды, Шұбардың сөзбен айтқанынан бұрын жаңа зират басында әнмен айтып қойғам жоқ па?! – деп еді. Бұнысын Мағаш мақұлдап, бас изеді. Шұбар ол сөзді қағытып, қалжың етті.

– Рас, жеңер ақынға бұл сөздің де орайы бар шығар. Бірақ әділетіңді өзің айтшы, Дәрмен! Сен ол жерде өз жаныңнан бірауыз сөз айттың ба? Абай ағамның өлеңін ғана айтпадың ба? Ал жазамын дегенді бұрын айтқан менмін.

– Сен тілмен айтсаң, мен ділмен, жүрекпен айттым! Сол Абай ағамның ғашықтық өлеңін өлі аруақтарға бағыштап айтқан жерде-ақ сазым менен сезімім соларда екенін танытқам! Тәңір-ай, біз ақын емеспіз бе? Үнемі сөзбен ұғындырып беру керек пе, емеурін де жетпей ме!? – деп Дәрмен тағы да ұтықты дау бастады.

Бұл екеуінің таласына Ербол даурыға күліп келе жатқан. Енді ол екі жігіттің сөзін бөлді. Өзі алдағы қыраттау бір тұсқа көз салып келе жатыр еді. Қазір де сығырая түсіп көз салып қарап, бір нәрсені болжап алды да, үнді даусымен көтеріле сөйледі:

– Уәй, жігіттер! Сендердің өлең жазамын деп қырқысқан таласың тіпті жақсы. Қандай қанібет! Бірақ осы жерде кімнің жазатынына билікті мен айтайын ба?! – деп, сәл тоқтай берді. Екі жігіт:

– Айт! Айтыңыз! – десіп, кідіре қалды.

– Айт десең мынау! Сонау қазотының қалың жерінде, анау қыратта бір топ дуадақ отыр. Қаршығаларың көріп келеді. Қазір алыс та болса, екеуің де құстарыңды сол тұрғыға қатар жіберіңдерші! Шабыттың бөйгесін шабыт айырсын! – дегенде, Абай «бөрекезде» деп Ерболды тез қостады. Ербол соңғы кесімін тағы айтты. Дуадақ жайы айтылғалы аңшы жігіттер ақырын сөйлесуді белгі етіп, іркіліп қалған-ды. Ербол да дуадақтың сақтығын еске алып, енді ақырын ғана, дабырсыз айтты:

– Кімнің құсы бұрын барып, дуадақ ілсе, Еңлік, Кебек жыры соныкі болсын!..

Лұғат

Шаша – жылқының сирағы мен бақайшағы түйскен жердегі бір шоқ ұзын қыл.

Об – 1) астықты көлікпен бастырғанда көлікті байлау үшін орнатылған қырман ортасындағы ағаш; 2) қырмандағы бидайды бастыратын бір топ көлік; 3) шығырды айналдыратын көліктің жүретін жолы. *Бұл жерде: ауыспалы мағынада белгілі жерге, шұңқырға, ойға дегенді білдіреді.*

Сар желіп – бірқалыппен ағындата, көсіле тартты.



1. Айтыстың қандай түрлерін білесіңдер?
2. Төрт ақынның жарыса айтысуы айтыстың қай түріне жатады?
3. Көкітайдың тапқырлығы қайдан байқалды?
4. Айтыстың қазақ өнеріндегі рөлі қандай?
5. Көкітайдың «Абайға жүгінемін» дегенінен нені аңғаруға болады?



«Абайдың ақындық мектебі» тақырыбында қысқаша жоба жұмысын жазыңдар. Шығармадан мысал келтіріп, үзінділерді тиімді қолданыңдар.



1. Пейзажға анықтама беріңдер. Оған қандай белгілер тән? Бөлімде пейзаж кездесетін үзінділерді тауып оқып, автордың стиліне тән ерекшелікті анықтаңдар.
2. Жазушының кейіпкер сомдау шеберлігін талдаңдар. Қалаған кейіпкерді талдау нысаны ретінде алуға болады.

Автор қолданатын көркемдік тәсіл	Шығармадан мысал	Автордың шеберлігі
Кейіпкер портреті		
Кейіпкердің сөйлеу тілі		
Кейіпкердің мінез-құлықтары		
Кейіпкердің іс-әрекеттері		



«Еңдік-Кебек» моласының басындағы өңгіменің идеясын «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласымен, «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен байланыста қарастырыңдар.

Кек жолында

1



Абай – ұлт көркі. Адамзаттың рухани қазынасына қазақ не қосты деген сауал туа қалса, жауабын іркіліссіз Абайдай сарқылмас бай кенішімізден іздейміз. Абай қазақтың жазба әдебиетін дүниеге әкелді. Абай мұрасынан әдебиетіміздің көп жанры тарайды...

Шерназдан ЕЛЕУКЕНОВ

Абай дала заңын, ел басқару ісін Құнанбай, Бөжей, Қаратай, Байсал, Сүйіндік, Байдалы, Түсіп, Бәзіл, Құлыншақ тәрізді ақсақалдардан үйренді. Сахара көсемдері мен шешендерінен керек азығын алып, рухани қазынасын толықтырды, оны өмір жолында пайдаланды.

Әкесі Құнанбайға мін болып көрінген негізгі үш қасиеті оның атақ-даңқын асқақтатып, көзі тірісінде алты алашқа аты мәшһүр болды. Ол шыңыраудағы су болудан малшы, жалшыға пайдасы тиер жайдақ су болуды қалады. Атқамінер туыстарынан алшақтап, Дәркембай, Базаралы, Дәрмендермен достығы оны халыққа, көпке жақындатты. Әкесінің кісі талғамайсың деген міні осы болса, ол «көптің батыратынын» біліп халықтың жағына шықты. Адамды әлеуметтік жағдайына емес, азаматтығына қарап сыйлаудың әдемі үлгісін өз өмірімен көрсетіп, достарға адалдығымен танылды.

Орысшылсың деген әке мінін Абай орыстан оқу, білімді алып, озық өнерін үйрену керек деп түсінді. «Қолымды мезгілінен кеш сермедім» деген ақын шығыс пен батыстың ғұламаларын, классиктерін тауыса оқып, олардан үйренді. Өмірлік тәжірибеден жинаған ойларын қағаз бетіне түсіріп, философиялық ойларға құрылған қарасөздерін жазды. Абайдың ғақлиялары арада қанша уақыт өтсе де өзектілігін жоймайтынын өмір көрсетуде. Абай мұрасының жыл өткен сайын саф алдындай жарқырай түсуі ой тереңдігінде.



Базаралы елге келгелі айдай уақыт өтті. Бұл кездерде оған амандаса келіп, қуаныш білдірген ағайын көп еді. Аталас жақын ауылдар той істемек болысқан. Бірақ үйінің, жақын туысының жүдеулігін көрген Базаралы той-топыр жасатқан жоқ. Алғашқы он-он бес күн бойында оны Жігітек ішіндегі туыстары ертелі-кеш ауылдан-ауылға шақырып, қонақ етісті. Келісін, амандығын қызықтасты. Бір Жігітек емес, қонақ етіп қуанысқан Бөкенші, Кәтібақ, Көкше де аз болған жоқ.

Бірғызбай ішінде Базаралы тек Абай аулында ғана екі-үш күн қонақ болып қайтқан. Абай Базаралыға өзі барып көрісіп, амандасып бір күн, бір түн қасында болған.

Кейін Базаралының ет-бауыр жақындарынан он шақты кісіні қоса шақырып, өз аулына әкелген.

Әйгерімнің кең, жылы үйінде Базаралыдай сый қонақты үлкен ықыласпен күткен ажар бар. Кілемдер тұтылып, әсем оюлы сырмақтар жазылыпты. Абай айналасындағы жас-жаранның бәрі де Базаралының әңгіме, әзіліне, қас-қабағына қарап құрақ ұшады. Сағынған достар бейілін танытады. Күндізгі түстік үстінде Абайдың сұрауы бойынша Базаралы үзік-үзік әңгімелер айтып отырды. Өзі көрген жерлерді, елдерді сөйлейді. Бірақ шеккен жаза, көрген азап жайын мына көптің алдына салмады. «Бейнет кештім, қажыдым» дейтін емес...

Кешкі отырыста Абай мәжілістің бетін өзгертті. Өз ішінен: «Базаралыға кешегі ауыр күндерін еске ала беру қиын шығар. Қайта, соны ұмыттырғандай алаң болса, сол төтті болар» деп ойлады да, жастарға ән-сауық жөнінен тілек білдірді.

Осыдан соң Базаралы да жадырай түсіп, Көкбайға домбыра ұсынды.

Тірек сөздер

Базаралы
қонақ
бейнеті
мәжіліс
ән шашу
Абай өндері
Әйгерім

Көкбай домбыраны бөгелеңдеп ұстады.

– Базеке-ау, бүгінде мен әннен шығып өлеңге ауысқам ғой. Және мына отырған Мұқа, Әлмағамбет деген әншілер қасында, тегі, өнді қор қылмайын деуші едім ғой! – деді.

– Жоға! Жаңа әншіні ести жатамыз да! – деп, Базаралы домбыраны еріксіз ұстатты.

Абай да Базаралыны қостады:

– Көкбай, бүгін Базекеңнің алдынан алып шыққан шашу ән болсын!.. Бастай берсеңші! – деді.

Өзге әнші жастар «өнерпаздың бәрі айтады» дегенде, Әйгерімге қарасты. Көптің оның әнін естімегендіктен сағынысқандай.

Енді аз уақытта Көкбай ән созып кетті. Сонда Біржан айтқан асыл ән... «Созады Біржан даусын қоңыр қаздай» деп, нақыстай берді.

Базаралы Көкбай тоқтағанда қатты сергіп, көтеріліп қалғандай.

– Па-а деген! – деп, біраз қуана сүйсініп отырды. – Сонау бір жақсы басталған жазда... жарқыраған күндерде келген... болған екен-ау! – деп барып күрсініп қалды.

Алысқа кеткен шақ та күйзелтеді. Дәурен өтіп, жас жетіп келеді. Ол ғана емес, мына тұста Базаралы Оралбайын ойлап қалғандай. Біраз уақытқа басын төмен салып, сөніп сынып қалды.

Осы кезде домбыраны Мұқа алды да, үй ішін тегіс елең еткізіп, сергітердей боп шырқап кетті. Ерекше таза, күшті мөлдір үн, анық әнші өнері келе жатқанын паш етіп тұр. Ол биік бастау соңынан, өсемдеп тұрып Абай өлеңі «Айттым сөлем Қаламқасты» созады. Сөз Базаралы көңілін жаңағы кейістен алаң етерлік анық ынтық, ынтызар сөзі. Жалынды назға толы. Әнші үш қайырмасын айтып тоқтайын деп еді, Базаралы тоқтаттырмады.

– Әй, жаным, айт!.. Бәрін айт! – деп, бар өлеңді тегіс айтқызды.

Мұқадан соң Әлмағамбет те Абай өлеңі мен әнін созды. Ол: «Көзімнің қарасы». Бәрі де мына қоңыр жүдеу күзден маужыраған мамыр күніне, көңіл күн шуағына созылады.

Базаралыға да сезімтал Абай қауымы ем тауып, сынығын сылап тұрғандай.

– Майдай жағып барады-ау!.. Көңіл жарасын қуғандай! Май сылаудай дәрім ғой мынау!.. Дәрменім ғой!.. – деп, Базаралы ынтыға тыңдап отыр.

Ендігі бір кезекте Базаралы өз қолымен домбыра ұсынып, Әйгерімге бұрылды.

– «Қарағым, осы шер-шеменнің бәрін айтқызып жатқан сенің бір өзің демейін...» дегенде, үйдегілер күлісіп қалды. – Бірақ өзіңнің жынысың ғой мұны айтқызыған... Енді сені тыңдамасқа шарам бар ма? Айт, сөулешім! – деп, сонша жақын аға, туыстай еркелетіп айтты. Әйгерім ду етіп қызарып қалды да, сыпайы күліп жіберді.

– Мен көптен өн айтпай кетіп ем ғой, Базеке!

– Жоқ, Әйкежан! Базаралы айтпағаныңды білмейді, айтқаныңды ғана біледі. Айт, айналайын! – деп, тағы да жақсы өтінді.

Аздан соң Әйгерім «Татьяна» өнін айтып жөнелді.

Өлі де сонау бір күндердей барынша сырлы нәзік, терең толқумен айтады екен. Үй іші жым-жырт қатып, ұйып тыңдады. Базаралы Абайдың бұл айтылған өлеңінің бәрін де білмеуші еді. Ол шетке кеткен соң туғандар екен. Қасындағы Көкбайдан жабыса сұрап, әр өлеңнің өнінің мәнін, жөнін ұғынып отыр. «Амал жоқ – қайттым білдірмейді» Әйгерімге де түгел айтқызып шықты. Ешкім бұйырмаса да, бүгінгі кеште Абай достары «е» дескендей тек қана Абай сөздері мен өндерін айтты.

Базаралыға анық үлкен соны сый. Ел жаңғырып, ел өнері түлеп өсіп, жаңарып кеткендей. Ол енді Абайға қарап:

– Япро-ой, қалай өзгерген! Өн мен сөз қалай өзгерген! Сондай сырлы, соншалық жан-тамырды солқылдатқан қандай сөздер!.. Түү!.. – деп, бас шұлғып, үндемей тамашалап барып: – Өлең мен өн ырысын тауыпты-ау, Абай!.. Өнеріңнен айналайын! – деді. Келесі бір кезеңде Мағаш, Дәрмен өлеңінің жайын сөз етті.

– Дәрмен Еңлік пен Кебек жайын біраз жерге әкелді ғой, аға! Соны бір тыңдаса болмас па? – деді.

Көкбай, Ербол да өздерінің көз алдында осы күзде Абай тапсырған жайды естеріне алып, Дәрменнің дастанын тыңдамаққа бейімделді.

Абай Дәрменді барлап қарап отырып:

– Бітірмесең де бастағаның мақұл екен. Аздап айтып көресің бе? – деді.

Дәрмен іркілген жоқ. Сұлу жүзді, қиылған қара мұртты, ақ сұр жігіт домбыраны шешен сарнатып отырып-отырып барып, жортып бастап кетті...

Мағаштар да ынтығудан өкініп қалысты. Абай Дәрменге көп уақыт қызыға қарап отырды. Дастанды анық ұнатқандай жүзі бар. Бірақ байлауын басқаша айтты.

– Екі ғана жайды айтам, Дәрмен. Қызды айту, қызықты айту тек құмарлықты қоздырмасын. Ақ жүрекке қанат бітіріп, ойды алысқа создырсын. Екінші – бұрынғыны, бүгінді айт. Жұрт көмейінде жұмарланып түйілген тастүйінді айт. Өкіміне өкімін айт жұртыңның... Халық атаулы, арғы-бергі хан-бегіне қарғыс ойлап жүрсе де айта алмай келген. Соны жеткізі!.. Жылаған жас, елдің жасымен жыласын. Парашылды, зорлықшылды, қиянатшылды таңбала! – деді.

Жастар тегіс ойлана тыңдап қап еді.

– Абай аға, ол кезең алдында тұр ғой Дәрменнің. Айтатыны сол болар!.. – деп, Көкітай ғана сөз қатты.

Дәрмен осы сөзді құптағанын бас шұлғып білдірген еді.

Базаралы да Абай сөзінің төркінін тез ұғынды. Өзіңше шешті.



Т.Абуб. Абай, 1990 ж.

– Зорлықшының, өктем өкімнің арамын аш дегенің маған қандай жағады десеңші, Абай-ау!

– Бұл тұста Кеңгірбай ісі ашылатын боп отыр-ау! – деп, Кәкітай ескерте сөйледі.

– Е, алыстағы Кеңгірбай, қасындағы Құнанбай ғой. Бірін айтса, бірі аман қалар дейсің бе? Атам Кеңгірбай еді деп кейін басар деп пе едің айтқанынан! – деп, Базаралы салқын, салмақты сөз тастады.

– Бәсе, бүйтпесе Базекең бола ма? – деп, Абай Дәрменге қарады да, – міне заман үні, ендігі сапалы буын үні деген осы!.. Ақын артық қарап табынбай, алға қарап қыбла тапсын! – деді.

Осы соңғы отырыс, мәжілістер кезінде бір-екі рет Базаралы өзінің айдаудағы кездерінің кейбірін еске алды. Бір орайда адамгершілік, достық көмек деген жайлар сөз болғанда, Базаралы осыған мысал

етіп, өзінің орыс баласынан көрген адамгершілігі мен достық көмегін мысалға келтірген.

– Мен қашуға бекінген соң, орыстың екі қартаң каторжнигіне сырымды айттым. Бірі – Керала деген, орыс крестьянынан шыққан қарт емендей кісі болатын. Екіншісі – оқыған, ақылы көп дана адам, Сергей деген кісі. Осы екеуі қол-аяғымды бұған қолеткі шынжырды – қандалды өз қолдарымен кескілеп, талқандап берді. «Азат құсындай ұшып жет, сахараңа сәлем апар» деді. Менен оларға тиер тебен инедей пайда жоқ. Зарар мен қатер болса таудай еді. Осындай саудасыз достықты көрдім. Бұны не деп айтуға болады? – деп бір тоқтады. Үй іші алғыс айта түсіп, ынтыға тыңдады. Базаралы орыс халқынан көрген жақсылықтарын осыдан соң көп таратып айтты. Абай оның қашып шыққан жол бойында кездескен орыс халқы жөнінде сұрап еді, Базаралы бұл туралы да алғыс аралас сөйледі.

– Үркіттен бері ылғи орыс ішімен қаштым ғой, сонда сенгенім де, сүйенгенім де крестьяндар тұратын ұсақ қалалар болды. Ол қаланың жақсы үйлі, бай қорасына жоламауды тәсіл еттім. Сорлының сырын сор кешкен біледі ғой. Кеш бата қаланың ең шетіндегі, ең кедей үйінің терезесін қақтым-ақ болды, күнде келіп жүрген жатын үйімдей қабыл етеді, жайымды ұғады, тілегін қосады. Көрі-жасынан тегіс бір адамгершілік дос көмекті көресің. Алда жүретін жолды өздері айтып, жөнелтіп отырды. Кейбір қатер бар сапарда, күндіз үйіне тығып тынықтырып қойып, ымыртта, түнде қатерден өткізіп жібергендері де болды. Сондай есептен тыс, көмек-достық көрген сайын қанатым жетіліп отырғандай болды, – деді.

Базаралының бұл алуандас әңгімесін Абай мен жастар тобы соншалық сүйсіне, қызыға тыңдасқан еді.

Содан соң ән-күй қайта кезек алып ендігі кеш, келер күндер бөрі де шат сауықта өтіп еді.

Бірақ бұл азғана қызық күндері, айнала дүниеден мүлде бөлек. Мезгіл ішіндегі кішкене бір аралдай. Дауылды күні ылайланған суық жайқын көбік атып толқын ұрса, ортасында кішкентай көк жасыл арал қандай көз тартар еді. Бұл да сол есіз көл ішінде көздей ғана бір мекен екен.

Бұл кездесуде ел жөнінен, шаруа қамынан Базаралының Абайға айтпағы тек Өзімбай мен дауыл болған жеті ауылдың жөні болатын. Дәл жүрер кезде Базаралы Абайды оңаша алып шығып, осы сөзді қысқа ғана қозғағанда, Абай барлық жайды білетінін айтты. Базаралының тыңнан қосқаны, сол ауылдардың пішенді тасымай отырған бөгелісі туралы болды. Өзімбай үйгізген маяларды енді тасығалы жатқанда, «Базаралы қайтып кепті!» деген хабар келіпті. Ол жеті ауыл Базаралыға туыс жағынан да жақын. Және Әбді, Сержан сияқты жігіттер мен Келден қарт мұнымен аса тату дос, ниеттес жандар екен. «Базаралының

келіс сапарына қарсы алдынан жанжал алып шықпайық!», «Күз ұзақ қой, тоса тұрайық» депті. Және Абайдың Төкежанмен сөйлескен соңғы сәлемін тосады екен. Базаралыға Абайдың ендігі, соңғы сәлемін естіп кел деп тапсырыпты.

Абай әлі Төкежанға кездескен жоқ-ты. Оның ауылы алыс күзекке ұзап шырқап кетіпті. Енді қоныстың жақындаған шағында, Абай неғылса барып сөйлесіп, арылған сәлемін Базаралы мен Келденге айтып жібермек болды.

Сол жолда Абай Базаралы үйінің сауын, сойыс жағын да аңғарған. Астына мінер атының жоғын да біліп еді. Кейін Базаралы қайтқан соң, оның үйіне он шақты сойыс малын айдатқан. Және өзінің мінуіне арнап, бұл өңірде сирек кездесетін, маңдай жақсы, темір қара көк ат жіберткен болатын. Сауырының көз-көз теңбілі бар, жоны төңкерген тегенедей, сұлу қара көк атты Абай бір дос-жар адамынан қалап алғанды. Тұрқы ұзын, бойы биік қара көк ат Базаралының тақымында екі есе көркейген. Арғымақтай теңбіл қара көктің үстінде нардай, бағылан жігіт отырғанда айналада жүз кісі, мың кісі болсын бәрінен Базаралының шоқтығы асып тұрады. Маңында жүрген бар қазақтың ортасында бір шоқы төрізденеді. Базаралының ат үстіндегі осындай оқшау көркі, көрнісі де, оның ат-атағына сүйсінетін момын көпшілікке бір аңыздай болды. Өзілқой құрбының бірі Базаралыға астындағы аты туралы қалжыңдаған:

– Базеке! Бұл өңірде жоқ мынау көк арғымақ, өзіңмен ере келді ме?! Болмаса, кетерінде Шыңғыстың тасына байлап кетіп пе едің? Қайдан алдың бұл көкті? – деген болатын.

Базаралы сыр бермес тартымды мінезіне салып, «пәленнен алдым» демейді.

Бірақ сыртқа сыр бермей осылай доңайбат жасағанмен, Базаралының іші тыныштық таппады. Қалың құста басқандай. Ел қыдырудан босаған соң, Базаралы енді үйінде отырып өзінің де, жақындарының күйін де таныды. Соны білген сайын күрсіну молайып, жабығып, жадай түседі.

Бұл күнде қайғылы әке Қаумен де жоқ. Ол былтырғы қыста ұзақ ауырып жатып қаза тапты. Үш бірдей арысы – үш ұлынан тегіс айырылған соң, қалың құста басып, қатты шөгін кетіп еді. Бір де-бір баласына «туған жерден біруыс топырақ та бұйырмады» деп, қамығатын. Ол былтыр қайтыс болар алдында, үш күн бойы Оралбай мен Базаралы атын аузынан тастамады. «Жетем, қазір жетем, жан балам!» деп жатты. Дәл үзілер шағында, сол сөздерін ақырын, сыбырмен бастап, ернінің үнсіз қыбырымен аяқтаған. Шерлі ата Базаралыны да, көптен хабарсыз кеткен соң, елдіге санап көз жұмыпты.

Оның өлімін өз әйелі Өдектен оңаша сұрап білгелі, Базаралы бір күн бойы жанға тілдеспей, күңгірт тартып үнсіз қалған.

Қазір күздің өзі де көңілді көтертіп, қабақты жадыратарлық емес. Қарашаның ортасы ауған кезде дала да тозған. Үй ішінен де жылу кеткен. Бірде жел, бірде лайсаң, беймазалық асқан кез. Көптен бері күтімі жоқ қоңыр үйдің үзік-туырлығында жыртық та мол. Іргеден соққан желге де төтеп берер лыпа жоқ. Жауын жауса тамшы ағып, түн суығымен күндізгі жел соқса жүдеу үй қоса азынайды. Бүгінгі баспанасы аса бір көріксіз, сорлы мекенге айналған.

Жігіттектің ең шеткі күзеулерінің бірі – Шөптікөлде отырған аз үйлі Қаумен ауылы, жатақтардың қыстауларына жақын еді. Бүгін таң атқалы сол жатақтардан әдейі Базаралыға оңаша көріспек боп, қарт Дәркембай келген.

Базаралының үйіндегі ескілікті екі дос, өзгеше бір оңашалықта ұзақ әңгімеде оқшау күн кешті. Базаралы әуелі, өзінің үйі мен жақындарының күйін шолып, мұндап өтті. Көрші үйден азын-аулақ тобылғы, көкпек жиып әкеп шай қойып, азын-аулақ қатқан-құтқан ет асып жүрген жүдеу жүзді әйеліне қарап отырып, Базаралы алғашқы әңгімесін содан бастаған...



1. Абай ел басқару ісін кімдерден үйренді?
2. Абайдың әкесіне жақпаған үш міні қандай еді?
3. Осы мәтін барысында Базаралы кімдерге өн салғызды?
4. Базаралының әкесі – Қаумен қарт қайғысының себептерін түсіндіріңдер.
5. Базаралының басынан өткен қиыншылықты кеңінен қарастырыңдар. Үзіндіні хрестоматиядағы мәтіннен тауып оқыңдар.



Тағылым тамшылары

Қапқан иттен өш аламын десем, мен де ит болғаным ғой...

«Абайды Оразбайдың озбырлары сабапты» деген хабарды естіп төрт арыс – арғын, найман, керей, уақтың игі жақсылары жиналып барып, Абайды қорғап, жақтап сөйлей барғанда бірден суырылып Бегеш:

– Абай мырза, «ерге жара – түйін» деген. Ит арамды, тентек Құдайды танымайды. Сіз жалғыз тобықты үшін ғана ұл емес едіңіз. Орта жүздің арысы едіңіз. Көптің қоңыр бұйра нарындай, көктемдегі жауындай жақсымыз едіңіз. Алаөкпелердің қолы тиді деп естіп келдік. Көштің бар тапқаны – төрешіге барғаны. Отқа салып қанша өртесең де алтын, сірә, жез болмас. Аяққа шұлғау қылсаң да асыл жібек бөз болмас. Білім – бақтың қазығы, білімсіз бақ – әлдекімнің азығы. Талай жан ауызбен аспандағы айды алады, қолымен қосаяқ та соға алмайды. Сағымдай құбылып, сабындай бұзылып, іріп-шіріп жоғалады да, Абай сияқты есті, ақылды адам надан еліне бола қалпынан айырылса не болмақ? Рұқсатыңды бер, тентегіңді тыюға келдік, – депті. Сонда Абай:

– Әй, Бегіш-ай! Шешендікпен қиыстырып айтасыз-ау?! Ғаділет пен қасірет бар емес пе? Қарақүйенің дәні болғанша, жақсы қауымның жаманы бол десе не дер едіңіз? Жамандықтың жолы деп кеткен Оразбайға айтқан сөз суға жазғанмен тең. Мені бір ит қапты ғой. Қапқан иттен өш аламын десем, мен де ит болғаным ғой. Айыпты әпермендер, аяғыма жықпаңдар, – деп тоқтайды.

Даланың дара ділмарлары. Алматы: Қазақстан, 2001.



Базаралы бейнесіне төмендегі кесте негізінде талдау жасап, роман-эпопеядағы кейіпкер көтерер жүктің салмағын анықтаңдар.

Базаралының қоғам туралы пікірі, қарым-қатынасы	Базаралыға Абайдың көзқарасы, қарым-қатынасы	Басқа кейіпкерлердің Базаралы туралы пікірі, қарым-қатынасы
Автор кейіпкеріне қандай жүк артады?		



«Абай жолы» роман-эпопеясының сөздік қорының ақын өмір сүрген тарихи дәуірге сөйкестігін ақын шығармалары арқылы дәйектендер. Роман-эпопеядан сол кезең бейнесін толық өрі нақты ашатын үзінділерді мысалға келтіріңдер.



«Құнанбай бейнесі: тарихи шындық және көркемдік таным» тақырыбында Құнанбай бейнесін тарихи тұрғыдан қарастырып, оны шығармадағы бейнесімен салыстырыңдар. Құнанбай бейнесін жасауда тарихи шындық бұрмалануы мүмкін бе?



«Абай жолы» роман-эпопеясынан алынған үзіндімен танысыңдар. Абайдың бұл өңгімелері Шөкәрім нұсқасымен сөйкес келеді ме? 8-сыныпта өткен Шөкәрімнің «Еңлік-Кебек» дастанын еске түсіріңдер. Дастанның шындыққа жақын нұсқасын анықтаңдар.

Осы жалғыз мола осынау елсіз жотаға пайда болғалы, міне, биыл жүз рет жадырап жаз, кірбең тартып күз кепті. Сол бір ықылымнан бергі көп буындар тіршілігінің үнеіз күдсі – осы мола. Бұл қос мола – ішіне аса бір ауыр сыр бүккен молалар. Шанда бір осы тұсқа соғып өткенде, әлдебір арылмаған қарызым бардай боламын. Ақындық қарызым сияқтанады. Бұнда жатқан бір қыз, бір жігіт. Жігіті Кебек, қызы Еңлік атанушы еді! – деген кезде Абайдың үні ажарланып, машықты қалпына ауысып, қатаң сөйледі.



Мәтінмен танысып, төмендегі тапсырмаларды орындаңдар.

а) Абайдың шешімі мен Бегештің сөзіне қатысты пікір білдіріңдер. Кімнің ойын жақтайсыңдар?

ә) Бегеш сөздеріндегі айшықты сөз оралымдарының мөнін ашып, олардың Абай бейнесін танытудағы қызметін талдаңдар.

Бегеш шешеннің сөздері	Мөн-мағынасы
Ерге жара – түйін.	
Көптің қоңыр бұйра нарындай, көктемдегі жауындай.	
Отқа салып қанша өртесең де алтын, сіре, жез болмас. Аяққа шұлғау қылсаң да асыл жібек бөз болмас.	
Білім – бақтың қазығы, білімсіз бақ – өлдекімнің азығы.	
Қарақүйенің дөні болғанша, жақсы қауымның жаманы бол.	

б) «Абай тілі сөздігін», ақынның шығармаларын қолдана отырып, «Абай жолы» эпопеясындағы Абайдың сөздік қоры» тақырыбында зерттеу жұмысын жүргізіңдер.



М.Әуезов – өткен өнер дәстүрлерін жай жалаастырушы ғана емес, жазушы адам мен әлем сабақтастығын мүлдем жаңаша шешеді. Оның сүйікті кейіпкері Абай жаратылыстың баянды, мәңгілік мәселесінен бастап, өмір ағымындағы адам орны туралы, өз замандастарының, болашақ ұрпақтың сүйеніш-тірегі, тәрбиешісі ақын рөлі жайлы мәртебелі зор түсінікке жеткен.

Зейнолла СЕРІКҚАЛИЕВ

Абайға көсемдік те, шешендік те, батырлық та әкесі Құнанбайдан берілді. Ағасұлтанның баласы әкесінен «Тура биде туған жоғын» үйренді. Ел басқару ісінде Майбасар, Тәкежан, Оразбай, Жиренше, Күнту, Әбділда, Асылбек, Байғұлақ, Дұтбай, Көжекбай сияқты шонжарлармен ұстасу да әділдігінен, турашылдығынан. Тәкежан, Жиренше, Оразбай сынды болыс-билермен шайқасы Абайдың ат төбеліндей шонжарлармен емес, көппен бірге болғандығын толықтыратын оқиғалар. Ақын би-болыстардың аярлығы мен екіжүзділігін, жылпостығы мен мақтаншақтығын сынау арқылы сыншыл лириканың әдемі үлгісін қалыптастырды.

Павлов, Михайлов, Казанцев, Андреев сынды орыс зиялыларымен қарым-қатынасы Абайдың құлашын кеңейте, болашаққа деген көзқарасын, өмір туралы философиялық көзқарасын қалыптастыра түсті.

Абай Көкбай, Әбіш, Мағаш, Кәкітай, Дәрмен сияқты шәкірттерінің болашағынан зор үміт күтті. М.Әуезов Абайдың ақын шәкірттерінің қатарында Көкбай, Мұқа, Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай, Шәкәрім есімдерін атайды.

Шығармада «Еңлік-Кебек» оқиғасы туралы шығарма жазып, оны Павловқа оқып беріп отырған Дәрменнің прототипі – Шәкәрім Құдайбердіұлы екенін әдебиетшілер айтып жүр.



– Ой не деп кеттің?

– Дейтінім сол – Оразбайлардың, Тәкежандардың ойы түгел жетпегенге сіздің тіліңіз жетіп осындай сұмдық сөзді айтып отырғанда, менің де қатты айтпасқа шарам жоқ! – деп, Әбіш өділ ашудан аппақ сұр боп кетті.

– Ал сен орысшыл емеспісің? Өзің қайда барасың! – деп Шұбар енді тайсалақтап кекете сөйлеп еді, үні бағанағыдан бөсең шықты. Әбішті ызаландырған сөз Абайға жете ме деп, енді өзін тежей бастаған.

– Мен де, осы ауыл да орысшылмыз, бірақ қай орысты дос көреміз? Ол Казанцев ояз бен жандаралдар емес. Қараңғы надан халқымызға, меңіреу-мешел сахараға білім, өнер, жарық сөуле әкелетін орысты сүйеміз. Одан басқа, анық содан басқа дос та жоқ... Сол үшін бұрынғы мен бүгінгі надандықтың жуан бел дүмше жоқшысының бәрін айыптап атап беру керек. Халықтың көзін бір жағынан сонымен ашу керек. Дәрмен дұрыс жолда, менің өкем де сол дұрыс жолда! – деп сөзін бітірді.

Тірек сөздер

қатты айту
дос
өктемдік
ақындар
ызалы кек
шабытты күйі
бөгеттер

Шұбар енді жауап қатқан жоқ, қатты құлшынып атқып тұрды да шыға жөнелді.

Шұбар бағана Төкежандар тапсырған жұмыспен келгенін енді есіне алды. Жаңағы түйілген қабағын жазбастан шығып кетті.

Қатал үкім айтып кетсе де, үй іші оның сөздерін елең қылған жоқ. Әбіш Павловқа енді ғана баяндап болған еді. Павлов сүйсінген жүзбен тыңдап отырған.

– Жақсы, Дәрмен! Джигит, жақсы ақын! Молодец! – деп ұмтыла түсіп, Дәрменнің қолын алып, ұзақ уақыт қатты қысып, сілкіп қойды.

– Олең, поэзия осындай шындықты осылайша батылдықпен, ызамен айту керек! – деді.

Әбіш оның ойын қазақшылап Дәрмендерге жеткізе отырып, өз сөзін қоса айтты:

– Міне «жаңа дәуреннің, жаңа жыршысы туады» деген осындайдан. Жауыздық, надандық, зорлық және неше алуан өктемдікпен ақын алысу керек. Халық атынан алыссын! Жазықсыз көптің әділ өкімін айтсын. Оның қатты қарсылығын, жиренішін ірікпей, тайсалмай айту шарт. Біреудің биіне, бір елдің ханына, тағы бір жұрттың патшасына қарсы шын арлы ақындар айтып келген сөздер осындай тұрғыдан шықпақ керек. Халықтың алтынындай сақтайтыны, нәсілден нәсілге жеткізіп қадірлейтіні де осындай жырлар болмақ! – деді.

Павлов та өз ойын анықтай түсті:

– Дәрмен, Мағаш, сендер осы өздеріңнің өміріңде болып жатқан нелер ауыр жаманшылықты да, қызықты тартыс, өжет қимылды да жазуларың керек. Мысалы, мен айтар едім, ана жылы осы өз елдеріңде болған Базаралының қайратын жазуға болады. Әсіресе, кеше ғана болған жатақтар тартысында Базаралы тағы қандай ақылды, мықты айнымас ер боп шықты. Өзі ауру күйде осындай басшылық ету!.. О-о, мұның қасиеттерінде еңбек елінің болашағы көрінеді ғой. Осыны көпке таныту ең қадірлі міндет қой, ақындар, – деді.

Дәрмен бұл сөздерді кең ұғынғанын білдірді:

– Көкейіме Федор Ивановичтің сөзі қатты қонады. Өлгі Шұбар тулап кетті ғой. Ол Кеңгірбайдың ұлы боп, ұрпағы боп намыс етіпті. Ал Әбіш, жаңағы өз сөзің мен Павлов сөзі анық дұрыстық сөз болса, онда мен де кеше Құнанбай жазықсыз қанын төккен Қодардың ұлы ұрпағы болсам нетеді? Ызалы кекпен жырласам жол емес пе екен? Тірі болсам, сол Қодарлар көрген қорлықты айту қарызымыз болар. Федор Иванович, есіме жақсы салдыңыз. Базаралы да менің сүйсініп, ширығып жырлайтын ерімнің бірі екенінде дау жоқ! – деді.

– Біз Базаралы емес, сонау жатақтағы бар кедеймен, есесіз бейнет-қормен менің қаным да, жаным да бір емес пе? Көп не айтады? Азға істеген зорлығын айтады. Аз нені айтады? Көптен көрген қорлығын айтады. Базаралы мен жатақ көрген, өз көз алдымда өткен жауыз-

дықтарды қозғай бастасам, менің алпыс екі тамырым түгел ереуілдеп туламас па! Осыны етпесем мен азамат та болмаспын!

Қазіргі сәтте Дәрмен алдыңғы шабытты күйінен, қызулы өнімді ой тауып, үдей түскендей. Халықтың ұлы саналы ақын сол халықтың ызасы, намысымен қатты ширыққандай. Алысуға шығып тұрған қайратты қайсардай дүр сілкініп алғандай болды.

Әбіш, Мағаш, Көкітайлар Дәрменді жақсы ұғынды. Оның жаңағы елеңін де, кейін айтқан ойын да тегіс қостап, мақтап қабылдасты.

Әбішке енді Дәрмен осы жұрттың бөрінен де қымбат қадірлі және зор өнер иесі боп көрінді. Осының үстіне, ең ыстық досындай сезіледі. Қуантатын достық. Бұл араға Әбіштің алғысы да, өз басының қуанышты бақыты да қоса құптап араласқандай. Бүгінгі күнде Әбдірахман өмірінің жарық, жарқын күніндей етіп, Мағышты әкеліп қосқан да осы Дәрмен.

Қыз бен жігіт арасы шалғай кетер болғанда, бар бөгеттерді Әбдірахманға жеңгізген де Дәрмен.

Оспанның жылын беріп болған соң Ақылбай, Көкбай және Дәрмен өзі болып, ноғай ауылына барып құдалық сөзді түгел байласып, баталасып қайтқан. Оған азғана күн өтті. Сол барысында Мағрипаға Әбіштен хат апарып Дәрмен жас жігіт үшін аса қадірлі жауап хат әкелген. Мағыштың хаттағы тілі өрі нәзік, сезімтал жүректен туған, өрі шешен, өзі де бір көркем, ыстық сәлем еді.



1. Дәрмен мен Әбіштің ойының бір жерде тоғысуы неліктен?
2. Шұбар пікірінің Әбіштерге қарама-қайшылығын қалай түсіндіресіңдер?
3. Ақындардың қоғамдағы рөлі қандай болған?
4. Шындықты тайсалмай айта білген ақын-жырауларды атаңдар. Олардың қандай өлеңдерін білесіңдер?
5. Тіл шеберлігінің, шешендіктің қарым-қатынасты, байланысты арттырудағы рөлі қандай?



1. Хрестоматиядан «Қарашығын» бөлімін оқып, Әбіш бейнесіне қатысты үзінділерді жинақтаңдар. Әбіш бейнесін Абайдың «Толық адам» (6, 10-сыныптар) ілімі бойынша талдаңдар.

Талдау нысаны	«Абай жолы» роман-эпопеясында	«Толық адам» ілімінде
Әбіш бейнесі		

2. а) Абайдың күрескер ретіндегі қалыптасу, жетілу кезеңдерін Абайдың феодалдық қоғамның қатал заңымен күрес жолының өсу динамикасын жасап, оның жеткен биігін межелеңдер.

1) Абай жеткен биіктік.

2) Биіктікке көтерілу сатылары.

3) Биіктікке көтерген объективті жағдай.

ә) Кестеде берілген мәліметтер негізінде топта талқылау жүргізіңдер. Талқылау барысында жинақталған ақпараттар, жасалған тұжырымдар



бойынша мәтін құрастырындар. Абайды халыққа жақындастырған себептер мен жағдайларды атаңдар. Дәлел келтіріңдер.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы халық тұрмысы		
кедей-жатақ көсемдері	Құнанбай тобы, феодалдық қоғам	малшы-жалшылар
қала кедейлері	тап күресі, мүдделер қайшылығы	құл-құтан
Абай жолы – халық жолы		
халық және Абай	Абай және феодалдық қоғам	халық және феодалдық қоғам
өнер-білім	имандылық	бостандық
жаңашылдық	адалдық	гуманизм жолы



а) Абайдың демократтық, гуманистік көзқарастары қайдан байқалады? Романда Абайдың гуманист ретінде танылуында берілген топ өкілдерінің рөлі жөнінде ой бөлісіңдер. Абай өміріне олардың ықпалы қандай? Абай оларға қалай ықпал етті?

Абайдың аналары	Абай – гуманист	Абай және жастар
Салтанат, Еркежан, Керімбала, Үмітейлер		Абайдың орыс достары

ә) Абайдың сыншыл, реалист ақын екенін дәлелдендер. «Абай жолы» роман-эпопеясынан, Абай шығармаларынан мысал келтіріңдер.



Кері байланыс: «Қызық. Қиын. Құнды»

Жапырақ бөлімдеріне М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының үшінші кітабын оқу барысында сендер үшін қызық, қиын, құнды болған тұстарды жазып, ой қорытыңдар.

ТӨРТІНШІ КІТАП

Қапада

4



Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы – XX ғасырда жан-жақты кемелденіп өскен, өркендеген қазақ әдебиетінің көтерілген биігін межелейтін алып туынды.

Әбділхамит НАРЫМБЕТОВ

Шығарманың тарихилық сипатын романға негіз болған оқиғалар мен Құнанбай, Әзімбай, Тәкежан, Оразбай, Бөжей, Жиренше, Майбасар, Әбіш, Мағаш, Оспан, Базаралы, Зере, Ұлжан, Тоғжан, Әйгерім сынды сол тұста өмір сүрген адамдар бейнесі аңғартса, жазушы жанынан қосылған көркем бейнелер де жетерлік. Оған мысал ретінде Ербол, Дәрмен, Шұбар т.б. көптеген кейіпкерлерді атауға негіз бар.

Әбдірахман бейнесі Дәрмен мен Мәкен оқиғасы тұсында толығымен түседі. Әке жолын ұстанған Әбдірахман Семей қаласындағы патшалық соттың қарауына түскен істің оң шешілуіне күш салады. Қаладағы жұмысшы жастардан қолдау тапқан Мәкеннің басына бостандық алуы – тозуы жеткен ескі әдет-ғұрыптардың келмеске кете бастауы.



Үш күн болды, Мағашқа барынша елжіреген мейірмен қарап: «Мағатайым!» деп еркелетіп, айтып қоятын сөзі де қалды.

Мағаш бүгін күндіз аса күдер үзіп, ұзақ жалғыздық тыныштықта отырған қалпында өзіне-өзі «бүгін бе, ертең бе екен?» деп қалды. Соңғы демі үзіліп болмаған жан ағасына арнаған арыз сөзін ақ қағазға тізді.

Дейтұғын сөзің қайда «Мағатайым»!
Қауіптің тоқтауы жоқ барған сайын.
Жарқ-жүрқ етіп жайнайтын жас шағында,
Шынымен кеткені ме, ағатайым?..
Жас татымас жылауға көзді бұлап,
Күні-түні жалбарынам жанын тілеп.
Сыртыңа бір белгіні қоймасаң да,
Күймесіңе болмайды жүрек жылап!.. –

деген еді.

Осы күні мезгілдің тақағанын сезе ме, Абайдан телеграмма да келді. «Телеграммамен толық айт, халі қалай?» депті.

Әбіш телеграмма келгенін Майқан төргі үйге кіріп Мағашқа әкеп бергенде сезген екен. Телеграмма жөнін Мағаш оқып бергенде үн қатқан жоқ. Тек бас жағына тақау тұрған лампы қасындағы қойын книжқасын көрсетті. Ашылған беттері столға төңкеріліп қойылған екен.

Әбіштің көз ажарына, емеурініне қарап Мағаш енді аңғарды. Әкесінің телеграммасына «жауабым осы» деген тәрізді. Мағаштың арапша жазуға көзі түсіп еді, «Аға, қош! Арманым – тілегіңді ақтай алмадым. Барымды бере алмай кеттім!.. Тағы арманым – Мағыш! Қызығым едің!.. Ғашық жарым!.. Бір өзіңе берілген аласыз көңілім адал!.. Рахиланы сүйдім...» депті.

Бұдан бұрын сөйлесер сөзін тыйған болса, енді осы жолдармен ой сезімін де үзген еді. Сол күні түстен бастап, кешке дейін Әбіштің нашарлап жатқанын естіген көп адамдар Әбсәмет үйіне екіден-үштен келумен болды.

Қасына қаланың оқыған бір адамы Бақия деген арғынды ертіп Дәт те келді. Әбіш үндемесе де Дәт Мағашқа арнап, келген жайын айтты.

– Көптен о яқ, бұ яққа жүрісім боп, үстіне кіре алмап ем. Мана Бақияға кездесіп «сенің бауырың, менің тілеулес дос-жарым емес пе!» деп кеп қалған жайымыз со, Мағаш шырақ! – деді.

Тірек сөздер

жаназа
аманат
жүдеу
қабыр басы
арнау

Мағаш Әбіштің ауырлап жатқанын ақырын ғана қысқа сөзбен айтқан еді.

– Несін айтасың, қарағым! Көріп отырмыз, о яғын айтпай-ақ қойғын, тек шипа берсін! – деді де Дәт жүріп кетті.

Осы қаладағы облыстық правлениеде, округ сотында, ояз кеңсесінде істейтін Арғынның, Найманның тілмаштары бар еді. Олар да бірнеше буын адамдар боп келіп, қоштасып шықты.

Солармен ілес, қайдан білгені белгісіз, осындағы бес мешіттің халфелері мен сәлделі мәзіндері, қартаң шәкірттері де қайта-қайта келе берді. Имек тұмсық, ала көздеу, ұрты суалған, қара сақал бір халфе Әбіш қасынан ауызүйге шығып, кебісін киіп жатып: «бөрәкәллә, бөрәкәллә!» дей берді. Өтегелді соған өзі күйіп отырған көңілімен өлгенше ыза болды.

– Арам құстың тұмсығы сияқты имиген тұмсығыңды бұзып жіберер ме еді! Қызылға ұшқан ақ бас күшіген сияқтанған қу құзғын. «Бөрәкәлде, бөрәкәлдесі» несі? «Ауырғаның жақсы», «өлсірегенің жақсы» дегені ме иттің? Енді қайтып келместей тірсегін қырқар ма еді, – деді. Жаңағы халфе қораға шығып кеткенше, сыртынан ұрыс сөзін оқтай атып қалды.

Бұл түн таңға тақағанша Әбіш ешбір белгі бермей сұлық жатты. Ымырт жабылған соң Фидлер соңғы рет келіп Әбішті қимай маңдайын, қолын сипады. Көп салбырап үнсіз отырды. Мағашпен қайта-қайта қол қысып, ұзақ қоштасты да ешнәрсе айтпай кетіп қалды.

Соның артынан, ұзақ түннің баяу таңы жаңа сызат беріп ата берген шақта Әбіш үзілді. Ешбір қыбыр еткен белгі, қиналған шырай байқатқан жоқ. Көптен бері барлық пен жоқтық арасында жатқан аяулы жан, өмір шегінен баяу ғана, ақырын ғана жылжып өтіп кеткендей. Абайдан кеше келген телеграммаға ендігі жауапты Әбсәмет көңіл айтып қайырды. Және баласының сүйегін қалай қоюды бұйырады екен, соны сұрады.

Абайдан сол күні тығыз телеграмма келді. Бұрын ойлап, байлап қойған жайы екен. Мағаштың хатынан аурудың «Семейге, еліме жетіп, ата-анамның қолында өтсем» деген арманы барын ұққан еді. Сондықтан Абай енді Алматыға уақытша қоюды тапсырыпты. Күн жылынып, жол түзеле бере туған жеріне алғызып, өкеп қоймақ ниетті айтты.

Әбіштің жаназасына Алматы халқы көп жиылды. Талайдан бұлыңғыр, жүдеу, сұрғылт аспан мөлдір көк боп жарқырап ашылған еді. Қалың жұрт Ташкент аллеямен жүріп отырып, қазақ зиратына апарып Әбішті қоюға кетті. Лақаттап қазған көрдің жері өрі салқын, тоң еді. Ақыретке ғана оралған кіп-кішкентай, жұп-жұқа, бірақ ұзынша бойлы Әбіш сүйегі қазір сол суық қара жерге табыс етілді. Үлкен жүрек, аппақ таза көкірек сол қабырға түсті.

Өбішті жерге, лақатқа Майқан мен Өтегелді өз қолдарымен қойып жатып: «Аманат!», «Аманат!» десті. Жағалай тұрған барлық жиын осы сөзді бірауыздан қайталады.

Бұл сөзге қимаған жүрек те бар. Бауыры суық қара жерден әлдебір рақым тілеген дәрменсіз өтініш те бар сияқты естілді.

Өлікті қоюға жиылған жұрт көп болғанмен, Мағаш өзін бөтен көпшіліктің арасындамын деп аңдайтын. Сондықтан бүгін таңертеңнен бері ол оңашада жылайтын да, бөгде адамдар маңайласса жасын тыйып, іштен тынатын. Үн жоқ, аппақ боп сұрланған жұқа жүзі де шөлмектей жүдеген. Өзі де ауруға бергісіз.

Ол Майқан мен Өтегелдіге де жылауларын азайтып, бүгіндер бойды берік, қатаң ұстауды бұйырды. Қабыр басында олар да еңіреп, боздап жылағысы келсе де өздеріне тыйым салысты. Топ енді өлікті қойып болып, қабыр басынан серпіле беріп еді. Таңертеңнен бері Өбсәмет, Дәт екеуінің қасынан тізесін айырмаған Жамбыл, енді біраз ғана топтың ортасында жүдеп тұрған Мағашқа үн қатты. Өуелі аһ ұрып, жалын атты да көзінен ыршыған ыстық жасын үлкен жүзіне ағызып тұрды. Сөйте тұра ол бұндағы дос қазақтың, бауырмал қазақтың атынан дәл осы қабырдың басында, Абайға арнаған сөз бастады. Бұл сөз көңіл айтқан, жаралы жүректі жұбатқан, талай адал, дос бейілден тіл қатқан сөз еді. Өндетпей, дауысқа ұсатып зарлатпай, өзінің осылай сөйлеуін «Мағаш жас жақсы түсінеді» деген сеніммен Жамбыл жырлап кетті. Маңында тұрған Дәт, Өбсәмет, Майқандар ғана емес, бүгін осы жаназаға келген жиырма шақты орта буын аталар, әкелер бар еді. Олар да тегіс тына қалыпты. Жамбылдың тегін айтпай, кезін де, сөзін де тауып айтатынын олар біліп, бағалап тұр. Ақынның алғашқы сөзінен бастап-ақ, бас изегендер бар. Күрсіне түсіп жылаған жандар да білінді. Аңдаған адамға, Жамбыл сөзі бұндағы халық атынан алыстағы асыл азаматқа, халық ұлына айтылған арнаулы сәлем боп шықты.

Жақын сөтте жылап тынған Жамбылдың алғашқы үнінде өксіктің дірілі бар. Ең алғашқы сөзде даусы қарлыға да шықты.

«Сәлем айт барсаң Абайға,
Кеңесі жеткен талайға.
Ауырды жеңген қара жер,
Сабырлы болсын қалайда...
Бір жұтқан судай дүниесін:
Ащысын жұтып күйінсін,

Жаңғаққа біткен бөйтерек
Жалғызбын деп жүрмесін.
Кемелге келген асыл-ай...
Тасқында төңір басуы-ай...
Нар көтерген ауырға
Арқасын тоссын жасымай...» –

деп бастаған Жамбыл сәлемі, өуелі Өбішті жақсы жоқтап барды. Артынан Абайға қарай шебер оралып, оны жұбата сөйледі. Қайғы жалғыздықта, әсіресе, жанға батады. Сен жалғыз емессің... Елің, досың көп. Алыстағы күрсінгенің біздің мұндағы кеудемізді шарпып жатыр... Бірге жыласамыз, өзіңмен бірге де уанайық, асылым!.. Қара



Н.И.Крутильников. Абай өлең жазуда, 1927 ж.

қазақ халқының қадірлісі! – деп жылы сөзін аяқтаған-ды.

Әбішті қойып болысымен Мағаштар Абайдың шақыруымен, асықтыруымен Семейге тығыз-ақ жүріп еді. Бірақ әуелі Жетісу көктемінің лайсаңы боп, жолды бұзып өуре етті. Лепсіден өтіп, Аягөзге қарай тақағанда, Арқаның суық, ұзақ қысы аяқтап болмады. «Семейге тәуір жолмен жетіп қалармыз» – деп ойласып еді, о да болмады. Биыл ерте кете бастаған қар Аягөзден Семейге шейін көксоқта боп, ақсақ ойылып, жүргіншілерді қатты бейнетке ұшыратты.

Алматы мен Семей арасына Мағаштар күндіз-түн аз аял етіп жүрсе де, жиырма күндей сапар шекті.

Абай Мағаш келгенше өмірдегі бір тірегі құлап кеткен жандай болды. Өзін де биік құздың басында, қатер жардың жұлып ап кетер қасында тұрғандай көреді. Қыбыр етсе, аяқ басса қуаты кеткен бейнесі бұған билетпей, сол бас айналдыратын құз биіктің түпсіз, шексіз қара шыңырауына қағып құлатып, алып кететін тәрізді. Түнде ұйқы жоқ, күндіз ауыр ойдан, қасіреттен тыным жоқ. Бұл күнде тіпті қасындағы етбауыр жақындары: Көкітай, Дәрмен, Баймағамбеттермен де тіл қатысып, шешіліп сөйлеспейді.

Қасірет жеңген үлкен, мейірлі жүрек суып, қатайып, түңілумен түйіліп алғандай. Тек қана Мағаш келер алдында қырда, ауылда, Әбіштің жетісін беріп және бір жұмадай қалың бата оқушыларды атқарып болып, Ақшоқыдағы ауылдан Ақылбай келіп еді.

Абай одан, ең алдымен Мағыштың халін сұраған. Ділденең да, басқа жанкүйер жақындардың да Әбіш қазасы үстіндегі күйі қандай екенін Ақылбайға айтқызып, үндемей тыңдаған.

Мағыш қайта-қайта тала береді екен. Аппақ шөлмектей боп кетіпті. Ақылбай әкесіне әуелі жақын жандардың мінезін, уайымын, сөздерін айтып, күндізгі бірнеше сағат уақытты Абаймен оңашада өткізген еді. Кешкі отырыста Әбіштің жетісіне бата оқи келген Төкежан мен Қаражанның бір бықсыған жаман сөздерін Абай сұрамаса да Ақылбай айтып кетті.

Ділдемен сөйлесіп отырып, Төкежан Абайға сын айтыпты. «Оқытам, оқытам деп, жер түбіне қаңғытып жіберіп, ауруға бір шалдықтырды. Ата-бабамыз орыс оқуын оқымай-ақ адам болып, жақсы атанып, абырой алып, ел билеп-төстеп еді. Оқудың түбін тесетіндей, осы баланың денсаулығы нашар екеніне де қарамай жібере берді. Ал оқытып болды. Енді

соған табыс таптырмай-ақ, ақша-пұл іздетпей-ақ қойса не етті? Тағы бір қиян шетке, Алматыға қызметке жібертіп несі бар еді?» – депті.

Абай Ақылбайдың жүзіне тесіле қарап, ыза да бола алмады. Өзіне және қайран да қалды. Бір замандар шағында Төкежанның аузынан шыққан осындай шіріген сөздерге Абай өртене күйініп, оқ тигендей оршып түсуші еді. Қазіргіні бейне бір ауыр жарадан белі сынып жатқан арыстанның көзіне қонған шыбын жарасындай ғана танып, елеусіз қалдырды. Тек жалғыз, ызалы мысқыл төрізді бір ащы жайды ақырын салқын ғана айтты.

– Төкежан менің де «қабырыма топырақ тастаймын» деп келіп, тікен тастап кетер-ау! – деп қоя салды.

Ақылбайдың айтуынша, ауылдағы әйелдер, жастар және балалар да Абай мен Мағаштың болмағанын қатты ауырлайды екен. «Бата оқи келген әр алуан алыс-жақын, дос-дұшпан да ауылдың басты еркектері болмаған соң, өртүрлі жаңағыдай ірік-шірік сөздер тастап кететін көрінеді» деп отырып, Ақылбай Абайға және бір удай ауыр сөзді айтты. Ол сөз де жақын болмыстың аузынан шығыпты. Шеттен келген бата оқушылар соны естіп, түршігіп кеткен болса керек. Жаңағы Төкежан сөзінен шығарып, оның қаны суық қатыны Қаражан да жазғырыпты. Ысқақтың паң, кердең топас кеуделі Мәнікесімен қосылып қорланған, намыстанған болады екен.

– Кімнің басына ат қойып келеді ағайын-туған?! Қаралы басымен зарлап қалған алғаны, аңырап қалған анасы қайтып басына барып құран оқытады? Тым құрыса қолынан топырақ салғызса не етуші еді! Ауыра салысымен елге неге алғызбады? – деп айтады екен. Және де енді тұлыпқа мөңіреген сиырдай, бір томар белгісі қалмағанға қайтып шыдаймыз? – десіпті.

Олар Абайдың байлауын білмейді. Тіпті білсе де жұртқа әдейі Абай басын сынап, іштей табалап жүр. Осының аты да жақын, туыс! Бірге жыласып, бірге жоқтасқан кісің боп отырған жалған жақындар, жау жақындар.

Бұндай сөздің шоғырын да Абай өртеніп отырған кеудесімен ерте сезген. Өбсәметтің телеграммасы келісімен жолдың жайсызын ойлап Алматыға уақытша «Аманат» қойындар дегенді өзі шешкен. Ешбір жанға ақыл салмай бұйырған да, телеграмма берген. Сонда осындай суық тіл, сұғанақ тұмсықтар итше тімтініп, Абай емес, әсіресе Өбіштің аруағын күңірентер деп сезген. Туған жеріне, еліне алғызуды сонда байлаған.

Мағаш келмей, Абай қаладан шыға алмай бөгеліп жатыр. Ауыл болса Ақылбай хабарына қарағанда, есті-басты жанкүйер жандарды керек ететін төрізді. Соны ойлап Абай Ақылбайға қосып, Кәкітайды Ақшоқыдағы ауылға тез жөнелтті. Өзі қасына Дәрменді ғана алып қалды.

Өмірде алғаш рет ауыр соққыдан қатты жеңілген жандай. Өл-қуатын жия алмай, тағы да үнсіз, қыбырсыз қайғы соңынан қадалумен болды.

Қала халқынан Абайдың уайымын естіп, ол жатқан пәтер үйге ертелі-кеш көп адам келіп жатты. Бір кезек көңілін алаң етіп, ас ішкізіп, жұбату айтамыз деп Сейіл мен Дөмежан да келіп кеткен. Дәрменнен сәлем айтып Сәмен, Сейіт сияқты Затонның Абайды жақын дос көретін бір топ кедейлері де, грузчик жұмыскері де келіп кетті. Қаланың саудагері, чиновник тілмаштары, тіпті молда шәкірттері де келе берді. Көңіл айтушылар ерекше көп болды.

Абай көп жанмен қабақ ашып, тіл шешіп сөйлескен жоқ. Бұл келушілер ішінде Абайдың анық қабылдап ұзатып салғандары Сейіл мен Дөмежан. Және Өбішті ана жылғы Мәкен дауының тұсында өздеріне басшы серік көріп, әңгімелеген Сәмен сөздерін ғана Абай үлкен ілтифатпен тыңдап еді. Ол топты да Абай анық дос-жар көңілімен қарсы алған.



1. Өбіш дүниеден өткенде Жамбылдың жоқтауында не айтылды?
2. Қазақ әдебиетінің қай үлгілерінде жоқтау кездеседі?
3. Жамбыл мен Абай бір дәуірде өмір сүргенмен, бір-бірін көрмеген. Жамбылдың Өбішке жоқтау айтуын қалай түсіндіресіңдер?
4. Мағауия хал үстінде жатқанда Жамбылдың Абайға айтқан сәлемін қайта есіне салып, өкесіне тоқтау айтатыны бар. Осы үзіндіні хрестоматиядан тауып оқыңдар.



Тағылым тамшылары

Мен «Абай жолы» эпопеясын қалай жаздым?

Сонымен, Абай шығармаларын өз алдына қойғанда, менің романдарымдағы нағыз тарихи нәрселер қандай? Бірен-сараны болмаса, романдағы кейіпкерлердің бәрі түгел дерлік өмірде болған адамдар; әрине, олардың бәрі бірдей белгілі тарихи рөл атқарып жатқан жоқ, бірақ Абай айналасында өмір сүріп, тіршілік еткендер. Сондықтан азамат ақынды, оның дәуірінің шындығын көрсетуде бұларды елеусіз қалдыруға болмайды. Олардың шыққан тегі, істеген істері шындыққа дәл. Романдардағы географиялық атаулар, пейзаж – бәрі де шындық. Әсіресе пейзаж – Абай туған даланың жай, жалаң көріністері ғана емес, тірі табиғаттың сырлы суреттері. Түрліше оқиғалар куә жайлау, қыстау, қоныс аттары өз күйінде алынды. Абайдың жекебасына, отбасына тән немесе бүкіл халық тағдырына қатысы бар көптеген оқиғалардың негізінде деректі шындық бар. Сөз жоқ тарихи романшының правосы бойынша менде ой, жоба, топшылау, елестету, өзімше қорқыту дегендер болды, бірақ соның бәрінің негізінде нағыз болған шындық жатыр.

М. Әуезов. Шығармалары: 12 томдық, Т. 12. Алматы: Жазушы, 1969.



а) Абай халыққа қызмет етсе деп болашағынан зор үміт күтетін ұлы Өбдірахманға көптеген өлеңдер арнайды. Сол шығармаларымен танысып, олардың тууына түрткі болған оқиғаларды түсіндіріңдер.

Тұла бойың ұят-ар едің,
Ескеріп істеп, ойлаған.

Тәуекелге нар едің,
Талаппен терең бойлаған.

Ерлікке де бар едің,
 Үйренуге тоймаған.
 Жасқа жас, ойға көрі едің,

Атаңның атын жоймаған.
 Замана, неткен тар едің,
 Сол қалқамды қоймаған?!

ә) Төмендегі кестені басшылыққа алып, Әбіш пен Дөрмен бейнесіне талдау жасаңдар. Сол арқылы кейіпкерлердің қоғам, өскен ортасы жөніндегі дүниетанымын, саяси өрісін бағамдаңдар. Шығармадан нақты мысалдар келтіріңдер.

Әбіш пен Дөрмен бейнесі			
Әке пікірі	Үстем тап өкілдерінің пікірі	Достарының пікірі	Оқырман пікірі

б) Төменде берілген сұрақтар негізінде жасырынған үзінділерді шығармадан анықтаңдар. Бұл диалогтерді салыстыру арқылы қандай мәселені анықтауға болады? Жазушы үш ұрпақтың сөз сарыны арқылы қандай түйткілді мәселені көтеріп отыр?

Әке мен бала диалогі	Сұрақтар	Үзінді
Абай мен Құнанбай диалогі	Әкесінің сөзіне Абайдың ашуланып жауап беріп, беттен алуын қалай түсіндіресіңдер? Ал Құнанбайдың сөзінде қандай зіл жатыр? Бұл сөздерді Абайға ашуланғандықтан ғана айтты ма?	
Абай мен Әбіштің диалогі	Әбіштің әкесімен өңгімесі «Абай мен Құнанбай» диалогінен несімен ерекшеленеді? Екеуінің сөздерінде ой саларлық қандай мазмұн бар?	



«Тағылым тамшылары» айдарында М.Әуезовтің мақаласынан үзінді берілген. Үзіндіні оқып, оны өрі қарай кеңейтіп, «Абай жолы» романындағы тарихи және көркем шындық» тақырыбында әдеби сын жазып көріңдер.

Жұтта

3



М.Әуезовтің «Абай жолы» романы ХХ ғасырдағы әлем әдебиетінің үздік туындыларына тән рухани, мазмұн, пішіндік тұрғыдағы өміршеңдікті дәлелдей білді... Мұхтар Әуезов шын дарынды шығарма қандай уақыт қысымына болмасын бой алдырмастан, озық мұрат, адамзат игілігі үшін қажет аса нәрлі, қымбат шындықты игеруге әрдайым қабілетті екенін талант құдіреті арқылы көрсетті.

Бақытжан МАЙТАНОВ

Қазақта «Жұт жеті ағайынды» деген аталы сөз бар. Осы мақалдың астарына романның осы тарауында түсінуге мүмкіндік мол. Қыстың қатты болуы мал шаруашылығымен айналысатын қазақтарға оңай болған жоқ. Оны жазушы былай жеткізген: «Үш жүз жылқысы бар бір ауыл қорыққа, қыстауға енді ғана жеткен жылқы болмысын қарсы ала жаяулап шыққанда, он жеті арық қатпа бие мен саяқтарын санап алыпты».

Малынан айырылған қазақтың жұпыны күйі мен Абай төңірегіндегі Оспан, Әбіш, Мағаш, Ербол, Базаралы қазалары, Абай төңірегіндегі қасіреттер параллель

суреттелген. Табиғатты шебер суреттейтін жазушы бұл қыстың қытымырлығын өз бояуымен бейнеледі. Абай да ет пен сүйектен жаралған пенде екендігін оның күйініш сезімдерінен байқалады. «Кешігесіңдер» деген сылтаумен Мағаштың қырқын асықтырып, отыз сегізінші күні бергіздірді. Сол күні үлкен жүрек соғуын тоқтатты.

Жымбаның терең жарына Бәйге жирен айғырдан соң қатар құлаған отыз шамалы жылқы омбыға сығылысып, қабырғаларымен тіресіп түскен бойы сол жерде қатып қалғандығын жаз шыға көрген жүргіншілер жағаларын ұстады. Қыс бойы қар астында қалған жылқылардың жаппай қырылуы – дүлей табиғаттың төтенше мінез көрсетуі еді. Қаһарлы қыс малды ғана емес, малшыларды да жалмап тынғанын жылқышы Алтыбай мен қойшы Байтұяқтың қайғылы қазасы растайды.

– Жетті ғой түбіме, жетті ғой! Бүгінгі суық өтіп болды. Өлгеннен басқам жоқ, қайран апатайым! Құдай төбеңнен ұрғырлар, жыртық жалаңаш күйі өттім ғой! – деп, бүк түсіп жатып алған Байтұяқтың қасіретті тағдыры малшы-жалшылардың өмірінен хабар береді. Қос өкпесі тесіліп, құрт ауруына шалдыққан Байтұяқтың жас денесі өмірден өткенше жылу көрмеуі – өмірдің ащы шындығы.



...Осылайша өзгерген жан күрт кетті. Ондағы жалғыз елес, үздіксіз ой «ел жылаулар... жұрт зары... Тірлік кетті, өтті. Сол елді жылатып тұрған менің де өтіп бара жатқан тірлігім» – деп бекінді.

Мағаштың қазасын Абай солай таныса, Дәрмен өзгеше өткір оймен, күйік үстінде көреген бола, анықтап аңдайды. Ол Көкітайға, Баймағамбетке өз аңдағанын әлденеше рет айтты. Дәрменнің байқауынша Абайдың ендігі күндері, ой-дүниесі, жүрек дерті, бір үлкен сергелдең мен сенделу халінде.

Ол әл-ауқатын өкеткен қайғы соңында. Есі кейде бар, кейде ауып, жаңылып кеткендей болады. Бүгінгі жайын бірде-бір жанға айтпайды, атамайды. Енді біразда Мағаштың жетісін берген соң жылдағы мезгіл жетіп, ауылдар Шыңғысқа қарай беттеп көшті. Жайлауға қарай тартты. Ақшоқыдағы ауылдар Шидегі, Шыңғыстағы Тобықтының қалың ортасына барды. Тағы да Мағашқа алғаш өткен күндердей ағылып, төгіліп келіп жатқан жылаулар көп.

Абай тек Дәрмен, Әйгерім, Баймағамбет үшеуінің ғана дегеніне жүреді. Олар киімін киіндіреді, дастарқан басына өздері алып келіп, Абай қазір тіпті аз ішетін асты ұсынады. Үйден алып шығу болсын, бәрін де бұл үшеуі қалай жетелесе Абай балаша, небір есі ауған жанша үн қатпай ере береді, көне береді. Ал анау үш жақыны, бар әлемдегі ең бір жақын көрген үш досы өзара Абайды осылай күндіз-түні бағып жүріп, сол Абайдың ендігі халінен үшеуі ғана боп сырласқанда қатты қорқысады.

Баймағамбет Мағаштың өліміне отыз күн толған шақта Абайдың қатты өзгеріп кеткен қалпын Дәрмен мен Әйгерімге оңаша сыр етіп отырып, енді бір білгенін айтты.

Тірек сөздер

екі дос
қаза
жаназа
соқпа сүзек
үш күн
Мағаш өлімі
зар шегу

Мағаштың өлімінен он шақты күн өткен соң қыстау маңынан, Ақшоқыдан ұзап көшерде қалың жұрт Мағаштың зиратына барып, қоштасып аттанған екен. Сонда Абай Мағаштың жас балалары мен Баймағамбетті ғана алып, зират басына кейіндеп барыпты. Жылап жүрген ер мен әйелдерді бейіт басынан тез жүргізіріп жіберіпті. Балалар мен өзі моланың ішіне кіріп, біраз отырады да тағы бір кезек Баймағамбетке «балаларды алып шыға бер» деп белгі етеді. Содан кейін Баймағамбет балаларды пәуескеге отырғызып тыста тұра береді. Абай жапа-жалғыз, баласының жас қабырының басында, екі сағат тапжылмай, сыртқа шықпай қалып қояды. Кейін, кешке таман ғана моланың ішінен Абай шыққанда сақалы аппақ болып, беті-жүзі күлбеттеніп, бар денесі жер тартқан жандай құр сұлдерімен ғана шыққан екен. Баймағамбеттің енді ғана есіне түседі, Абай сонда ғана бұған бір-ақ ауыз сөз айтыпты.

Баймағамбеттен сол сырды ең алғаш естіп отырып, Дәрмен бір сыр айтты. Мағаш өткен соң он екі-он үш күн болған шақта Абайға тағы бір үлкен толқын соққының өзгеше қатты тигенін еске алды. Әйгерім мен Баймағамбетке ол да өзі білген құпия бір жайын ең алғаш баян етті.

Осы көктемде, Абайдың өмір серік екі арысындай, екі үлкен досы Ербол мен Базаралы да қаза болған. Әуелі Ербол сүзек боп жығылады. Сол қатты ауыра бастағанда Базаралы қасына келеді де, он шақты күн өз қолымен күтеді. Үзілген сағатында досының басын тізесіне салып отырып, қош айтысады.

Ел жүдеу, жыл жұтаң, ауыл мен ауыл арасы да хабар-ошардан үзіліп қалған кез болған соң Ерболдың жаназасы көпке жарияланбай, азғана жанкүйер жиыны атқарған болатын. Дәл сол күндерде Ерболдың қасында отырып, Базаралы өзі де ауырып қалғанын сезіп отырыпты. Өне бойын алып түскен ауырлаған дертін батыр жүрекпен тістеніп жеңіп, Ерболдың жаназасын өзі басқарып шығартқан.

Сол күні кешке үйіне келеді де жығылады. Арада үш күн өткенде қызуы асқындап, өне бойы от-жалын боп лаулай бастайды. Ауру екенін тіпті жақын ауыл, жанкүйерлері де біліп үлгірмейті. Талайдан өлсіреп солғындап келген дертті жүрек мынау ыстықты, соқпа сүзектің ыстығын көтере алмай, бар-жоғы үш-ақ күннің ішінде батыр жанды Базаралы өзі де қаза болған.

Бұл жайлар дәл Мағаштың қысылып жатқан шағында болған еді. Абайдың қайғысы онсыз да жетіп жатқандықтан Кәкітай мен Дәрмен өздері де Абайға білдірмей, өзгеге де айтқызбай ірке тұрған-ды. Тек Мағаштың өлімінен он екі күн өткен соң ғана ауыр қаза хабарын екі іні дос – Дәрмен мен Кәкітай амалсыз отырып, оңаша жерде ғана Абайға айтқан еді.

Абай сонда егіліп тұрып еңіреп жіберген. Ұзақ уақыт бойын жия алмай бар еңсесімен бір тұңғиыққа қарай ұмтылып, құлай бергендей күрт кеткен екен. Осыған шейін бірталай шақ өз ішінде үнсіз буынып,

улы дертпен түйіліп қалған болса, дәл сол сөтте «соңғы рет айтып қалайын» дегендей өзгеше бір зар шеккен-ді.

– Құп-қу болып, жапа-жалғыз қалыппын! Бақсының моласындай жапа-жалғыз қалыппын. Кімім қалды, нем қалды?! – деп өзімен-өзі сыбырлай, күбірлеп сөйлеп кетеді.

– ...Ей сорлы заман, менен аяған қай қастығың қалды... Мен ішпеген у бар ма!.. Жүрегімді көрші міне, жарадан сау жер қалды ма? Мұнша ғазап шеккендей не жазық, не айыбым бар? Көп көргенің шер кеуденің әлсіреген тынысы ма?!.. – деп біраз отырып барып, тағы да бірауық уланған оймен оянғандай болады.

Абайдың жаңағы зарына шыдамаған Көкітай егіліп жылап жіберіп, көз жасын көрсетпейін деп үйден шығып кеткен еді. Дертті жанның, оған қадала қарап әр қыбырын баққан жалғыз ғана Дәрмен қапты. Соған Абай тағы біраз сыр, шер тастап еді.

– ...Жапан түз, елсіз, жолсыз сар далада жалғыз түп ағаш өсіпті. Айлар, жылдар, не замандар жасапты. Әрбір көктем күніне үмітін артып, шат қуаты жапырағын жарып гүлін атыпты... Талай жылдар өтіпті. Әр жылының гүлдері мен дөңдері ұшып, тарап кетіп жатыпты. Сан жапырақ сарғая солып, жоқ болыпты. Бір заман сол айдаладағы жалғыз ағашқа жай түсіпті де жайрапты. Бар бұтақтан, гүл-жапырақтан, дөн-нәрден айырылыпты, ажырапты... Қуарып, шошайып қалған жалғыз ғана қу ағаш көк аспанға тіл қатыпты. Не жазып ем, не сұмдық, не зұлымдық етіп ем?! Біттім міне, тек көк аспан кұем едің, сенен ғана сұраймын. Сорымның да куәсі сен едің – кең көк аспан!.. Сен ғана бір айтшы... Мен өлейін, бірақ сол сан жылдарда сенің желдерің қуып өкеткен гүлдерім, дөңдерімнен ұрпақ, нәсіл қалар ма?.. Шанда біреу, санда бір сайда болса да, жас жапырағын көкке созып, гүл жемісін жержүзіне берер ме?! Әлде бір-бір өлкеде, тағы бір замандарда сол гүлдердің бір тобынан саялы тоғай, мәуелі бақ өсер ме!.. Бұтақтарында өнген-өскенді мадақтап құмыр бұлбұл сайрар ма! Саясында жас өмір, жаңа дәурен мекендер ме! – деп өзімен-өзі шын бір ұлы шабыт, ақын шабытымен шарықтап бір барды да содан соң үні өшті.

Дәрмен Әйгерімге осы жайды айтып өтті де ең ақырында «Абай ағамның ең соңғы бой жазғаны, сыр ашқаны сол ғана болды ма деп шошынамын!» – деп, өзі байқамай ағыл-тегіл ағып кеткен жастарын жалаң алақандарымен сүрте берді.

Осы бір өзі ғана білген Абай шерін, сырын айту үстінде Дәрмен бұрын аңдамаған, ойы жетіп болмаған өзгеше жайларды енді-енді тереңдеп, кең ұғына бастады. Тегінде жаңағы жан сөздері Абайдың бұрынғы тірлігінде айтылмаған, әлі тудырмаған ғажайып сырлы, өзгеше бір өлеңі тәрізді.

Ұлы жүрек түбіндегі ең соңғы бір кенже, таусыншақ асыл туыс па екен! Қарасөзбен айтқаны болмаса, жаңағы Дәрменнің өзі қайталап

айтқан Абай сөздері соншалық бір терең, көркем! Бар өлеңнен де өктем бір оқшау өлең ғой! Толысып, туғалы тұрған терең сырлы сымбат қой. Толқыған теңіз түбінен атылып шығатын меруерттей кесек қымбат дүние ғой!.. Осы және Абай көшіп өткен шабытты ақын өмірінің, еңбекке толы азамат ойының, ойға толы өмірінің екшеліп келген, сараланған жиын жайы екен.

Дәрмен ойы ұзай түсті. Кең шабытпен байқап шолып аңдаса, Абай өзін: ұзақ өмір бойында сол сахараға гүлдер шашқан, асыл ұрықтар таратқан бейтерекке теңепті. Сонысы дәл ғой. Айнымас әділ, анық, шын ғой. Осыны және қай кезде айтыпты? Жай түсіп соңғы бұтақтары сынып, қу түбірдей жалғыз қалған, жайрап қалған күнінде тағдырына арыз-айып еткендей, өкім айтып өтіпті. Бұл зәулім шынардың ең соңғы қалған үш-төрт жемісті балғын бұтақтары бар еді. Оның бірі – Мағаш. Бірі халқының қадірлісі – Базаралы. Тағы бірі – Абайдың бала, бозбала шағынан осы күнге дейін өмірде бір рет, бірде-бір, сәл ғана қабақ шытындырып көрмеген айнымас досы, бар туғаннан да жақын туған, өмір серік жан досы Ербол еді. Осының үшеуі бірдей сынып құлап түскен күні жаңағыдай жан жалынын атқан екен асыл көкірек!

Дәрмен енді ойласа: «Базаралыға, Ерболға, Мағашқа Абайдың айтқан «қош-қошы» да достық, аталық «арыз-қошы» осы. Жаны жылап тудырған жоқтауы да осы екен-ау!..»

Дәрмен осылайша өзі де бір ақындық терең толғауға түсті. Ақын жанын ақынша шыншыл шабытпен жете таныды. Бұның көңіліне Абай енді өз сапарын, өмір сапарын тауысып қойған жандай сезледі де, ол уана алмай көп жылап, көп егілді.

Абай осылайша бар асыл жандарынан айырылғанын көріп күңіреніп болды да, ұғымсыз бір дертке түсті.

«Күнім санаулы, мен де жоқпын, дауа жоқ!» деген екен Баймағамбетке. Қасындағы Көкітай, Ақылбай сияқты іні-бала, жақындар «доктор алғызамыз» дегенде, Абай суық қана түйіліп, бас шайқаған. Мүлде керек етпейтінін білдірген. Бұнда енді түні бойы титтей көз шырымын алар ұйқы жоқ. Күндіз жалғыз-жарым оқыс айтып қалған сөзден бөтен тіл де жоқ.

«Не болды», «сізге не болды, Абай жаным!» деп үй оңашада беті-жүзін ыстық жасымен жуып, үш рет, үш күндей оңаша оралып келген Әйгерімге де Абай жауап қатпады. Басын шайқап, Әйгерімді арқасынан сипап, басынан, бетінен аялап қояды. Үшінші рет қана Әйгерімнің жас тамшысы түйіліп тұрған оң көзінен бір рет сүйді. Сөйтті де алақанымен «басқа жайды айтпа!» дегендей ым жасады.

Абай үшін қазір дүние жыртылып, бұзылып, құлап, тозып бара жатқандай. Бұл білген жақын дүние дәл солай.

Халық ашығып, жүдеп, жұтап, қырылып барады. Сахара жұрты шұбырды. Бұл қадірлейтін «халық» дейтін қалың шоғыр бытырап, ыдырап таусылып барады. Абай өзі болса, бұның да тірегі сынды.

Мағаш кетті. Енді бұл өзі де ортасынан опырылып, құлап, сынып қалған. Бұның да өзінің барлығы, болмысы бытырап, ыдырап тозып бара жатқандай. Өзінің де бір сипатынан соң бір сипаты күн санап тарап бітіп барады.

Соған орай бұның бар мүшесі, тәні де солып, семіп, бір қуатынан соң бір қуаты кетіп, тозып барады. Қазір ол көп нәрсені сезбейді. Көп уақыт оның санасы көп нәрсені түсінбейді, ұқпайды. Сондықтан оған енді ұйқы да керексіз, ас пен дәм де керек емес. Ол сөйлемейді, ой да солған. Күлмейді. Қуаныш пен жұбаныш, жақсылық пен жаманшылық, күн мен түн айырмасы жоқ боп тұтасып, мұнарға айналып барады...

Бір күйге сайған жаңағы жұмбақ жай, оның ең соңғы деміне дейін ой, қиялынан, көз алдынан кеткен жоқ. Осылайша айналасы айықпаған сұр тұман, суық заман ішінде, ұлы жан дүниеден көшті. Мағаштың қырқын беріп болған күннің ертеңінде Абай және қаза тапты. Ұлы кеуденің ыстық демі тоқталды. Шөл даланы жарып аққан дариядай, игілік өмір үзілді. Сонау бір шақта тасты тақыр, жалтыр биік басына жалғыз шыққан зәулім өскен алып шынар құлады. Өмірден Абай кетті.



1. Абайдың болашағына мол үміт күткен баласы Әбдірахман туралы не білеміз?
2. Қайтыс болған жандар кімдер? Олар Абайдың кімі еді? Жеке-жеке айтып беріңдер.
3. Абайдың «Ей, сорлы заман, менен аяған қай қастығың қалды... Мен ішпеген у бар ма! Жүрегімді көрші, міне, жарадан сау жер қалды ма? Мұнша газап шеккендей не жазық, не айыбым бар? Көп көргенің шер кеуденің әлсіреген тынысы ма?..» дегенін қалай түсінесіңдер? Не үшін айтты?
4. Осы қазаларға қатысты Абайдың шығармаларында қандай өлеңдер бар?
5. Абай қалай қайтыс болды? Оның қазасына қандай жағдайлар себеп болды? Өз сөздеріңмен баяндап беріңдер.



«Абай – тарихи тұлға» тақырыбын басшылыққа алып, ақын ізімен өлең құрастырып көріңдер.



Кестені толықтырып, «Абай жолы» роман-эпопеясындағы жазушы бейнесін анықтаңдар. Абай бейнесімен үндестікте қарастыра отырып, сыни талдау жазыңдар.

Талдау нысаны	А.Құнанбайұлы	М.Әуезов
заман бейнесі	20-жылдардағы ашаршылық; 30-жылдардағы жаппай қуғын-сүргін; Алаш қайраткерлерін халық жауы деп тану
күрес	Қазақ халқын, жерін сақтап қалу; XIX ғасырдағы ұлттығын сақтап қалу
ұстанымы	...	Халықтың өткен ғасырдағы тұрмысын шығарма арқылы болашаққа жеткізу



1. Әр бөлімдегі негізгі оқиғаларды іріктеп, оқиғалар тізбегін құрастырыңдар. Тарауларда көтерілген мәселелерді жеке-жеке қарастырыңдар.

1-кітап		2-кітап	
Қайтқанда		Тайғақта	
Қат-қабатта		Жайлауда	
Жолда		Еңісте	
Шытырманда		Оқапта	
Бел-белесте		Асуда	
Өрде		Тарауда	
Қияда		Биікте	
		Эпilog	

3-кітап		4-кітап	
Абай аға		Түн-түнекте	
Кек жолында		Құз-қияда	
Қарашығын		Қапада	
Өкініште		Қастықта	
Қақтығыста		Шайқаста	
Қоршауда		Жұтта	
		Эпilog	

2. Абай өмір сүрген қоғам мен оның байланысын қатар қойып талдау жасаңдар. Абайдың феодалдық қоғам өкілдеріне наразылығын білдірген өлеңдерін еске түсіріңдер.
3. Абайдың ағартушы, демократ, гуманист дәрежесіне жетуіне, қалыптасып, толысуына себеп болған өзі өмір сүрген қоғаммен күрес жолын өсу динамикасы бойынша орналастырыңдар. Абайдың азаматтық, ақындық жолы қалай қалыптасты?
4. Шығармадағы жер дауы қай бөлімдерде көрініс табады? Бүгінгі таңда халықты жер мәселесі толғандырады ма? Ол шешімін қалай тауып жатыр?
5. Шығармадан басты төрт мәселені іріктеп алыңдар. Осы мәселелердің туындау себебін, шешімін көрсетіп, оған ұлттық және адамгершілік тұрғысынан баға беріңдер.



Мәселе	Туындау себебі	Шешімі	Ұлттық құндылық	Адамгершілік құндылық
Қорытынды:				



1. Роман-эпопеядағы психологиялық параллелизм кездесетін сюжеттерге талдау жасаңдар. Жазушының психологиялық параллелизмді жиі қолданудағы мақсаты қандай?
2. Абай мен Құнанбайдың, Әйгерім мен Тоғжанның, Базаралының және т.б. кейіпкерлердің портреті берілген үзінділерді жинақтап, өз сөздерімен баяндап беріңдер.
3. «Абай жолы» романындағы әйелдер бейнесі тақырыбында эссе жазыңдар. Әйелдер образына талдау жасап, қазақ әйелінің бейнесін ашыңдар.



1. «Абайдың шыққан биігі, Құнанбайдың иығы» деген сөздің мәнін ашып, Абай мен Құнанбайдың ұстанымдарына баға беріңдер.
2. Роман-эпопеядағы өздерің маңызды деп санайтын алты диалогті іріктеңдер. Неліктен бұл диалогтерді іріктеп алдыңдар? Диалогке қатысушылардың сөздерінен кейіпкердің қандай сипаты танылады? Олардың іс-әрекетін қалай бағалайсыңдар?



3. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» тақырыбында шығармадағы салт-дәстүр, өдет-ғұрыпқа қатысты М.Өуезовтің көзқарасын анықтап, өдеби эссе жазыңдар.
4. М.Өуезовтің «Абай жолы» мен Көмен Оразалиннің «Абай ауылына саяхат» очерктер жинағындағы Абай туралы мәліметтерді салыстырып көріңдер. Ұқсастықтары мен өзгешеліктеріне тоқталыңдар.



Шығармадағы басты оқиғалардың шешіміне қатысты өз бағаларыңды ұсыныңдар.

- 1-топ. 1-кітаптағы басты оқиға шешімі.
- 2-топ. 2-кітаптағы басты оқиға шешімі.
- 3-топ. 3-кітаптағы басты оқиға шешімі.
- 4-топ. 4-кітаптағы басты оқиға шешімі.

Эпилог



Автордың өзі де бұл шығармасын алғаш қолға алғаннан бастап-ақ өзге тілдерге жету мәселесін жейлініше қадағалап, атсалысып отырды. Л.Соболев, З.Кедрина, Н.Анов және тәжік, татар, украин, белорус, латыш аудармашыларымен жазысқан хаттары бұл іске айрықша мән бергендігінен хабардар етеді.

Талатбек ӘКІМ

Қазақ сахарасында жайқалып тұрған алтын терек мезгілсіз құлады. «Артына өлмейтұғын сөз қалдырған» ақын Абай өлгенмен, оның тасқа басылған мәңгілік мұрасы өлген жоқ. Қасына сөз қадірін түсінер ақын шәкірттерін жинап, оларға сөз құдіретін ұғындырған ақын қазақ поэзиясын жаңа биікке көтерді. Көкбай, Мұқа, Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай, Ақметбек сияқты шәкірттерінің қатары Мұқа, Әсеттермен толықты. Аталған шәкірттер өзара жарыса жүріп, бір-бірін қамшылады, бір-бірінен үйренді. Шәкірттерінің ішінде Абайдың немере інісі Шәкәрімнің қазақ әдебиетінен алар орны ерекше. Ол Абайдың махаббат, табиғат, саяси-әлеуметтік, азаматтық, философиялық лирикасы мен ғақлияларынан үйренуші шәкірт болып қалмай, ұлттық әдебиетті жаңа мазмұнмен, соны ізденіспен байытты.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың өмірі мен шығармашылығы, ол өмір сүрген қоғам туралы мол мәлімет берген, мазмұндық, пішіндік ізденістерге толы тарихи роман ағылшын, француз, неміс, испан, поляк, словак, чех, румын, болгар, эстон, латыш, литва, молдаван, үнді, ұрду, моңғол, әзірбайжан, армян, тәжік, түрікмен, украин, белорус, якут т.б. тілдеріне орысшасынан тәржімаланды. Ал қырғыз, қарақалпақ, татар, башқұрт, өзбек, қытай, парсы, түрік тілдеріне түпнұсқадан аударылды. Қазіргі таңда Абай мен Мұхтар – әлемдік деңгейге көтерілген классиктер. Абайсыз Мұхтарды, Мұхтарсыз Абайды сөз ету мүмкін емес. Бұл екі есім қазақтың төлқұжатына айналғалы қашан.



Осыдан бір жарым ай өткен соң, күз тақап жайлаудың елі Шыңғыстан қайта асып, бауырға қарай үздік-создық көштер созылды. Абайдың туған жері, анасының қонысы, қыс қыстауы Жидебайға пішендік шалғын ұзарып өсіп болған. Маңындағы дала шөбі сарғайған. Жидебайға тақау жалғыз қара биік Өртеңнің төсіндегі көде, бетеге сап-сары жадау жүзді. Өткен өмір реңін, тозған тірлік елесін танытады.

Осы сары төскей өлкенің санадан солған, зағышырандай болған саналы қайғы дертін айтқандай. Баяу жел Жидебай бойындағы қалың шилі көк майса шалғынды үнемі толқытып, ырғалтып, ылғи бір жаққа, теріскей бетке қарай майыстырып иілте береді. Шыңғыстан соққан үздіксіз қоңыр жел жылы күнде оңынан соғатын жел еді.

Соңғы күндер жансыз, елсіз, мүлгіп тұрған Жидебай бойында, бар қозғалыс, қыбыр-қимыл тек сол жел ырғалтқан шөп басының ғана қимылы. Осы Жидебайда көрі әже Зеренің, асыл ана Ұлжанның бауырында құлын-тайдай қайғысыз, қамырықсыз өскен бала – Абай еді. Ол ойнап, шапқылап жүретін тақырлар, ұсақ тастақ төбелер, қалың шидің қоршауында биіктей тұрған дөңестер болушы еді.

Қыстаудан күншығысқа қарай созылған құлаберісте, сондай бір кішкене төбешіктің үстінде, жақын заманда салынған биік, кең төрт құлақты бейіт бар. Оның басына Оспан аты жазылған. Жаз ортасынан бері сол Оспан бейітінің қасына және де сандықтап қойған Абайдың бейіті – жаңа бейіт орнаған.

Бүгін осы бейіттің басына өте көп елдің көштері соғып өтті. Көшпен келе жатқан ата-аналар, тай-құнанға мінген балалар, әсіресе қой, сиыр айдаған малшы, жалшы жалпы жұрт. Таң атқалы көп ел келіп өтті.

Түс ауа бергенде зиратқа Абайдың өз аулының барлық еркек-әйел, көрі-жас, ес білген жандары шұбырды. Ұзақ салқар арбалы, атты, жаяулы халық селі шұбатыла созылып келген-ді.

Үлкен төрт құлақты бейіттің іші кең, сырты көлеңкелі тақыры бар, мол болатын. Осы орындардың бәрін толтыра кернеген жұрт тағы да тегіс егіліп, еңіреп жылауда. Сол жылаумен көп уақыт өткен соң енді дәл осы сәтте, осы қабыр қасында айтылатын анық арнаулы сөз, шын зар бірен-саран жақынның кеудесінде туып, айтылатын тәрізді еді.

Көптің жылауы аяқтап келген кезде зор қоңыр сарынмен бір ересек әйел дауыс айтып кетті. Жұрттың бәріне анық естілген, қайталап айтылған «Қос қоңыр, қос қоңыр!» деген сөз.

– Бұл кім? Кім дауыс айта бастады? – деп сырттан сұрасқандарға мола ішіндегі кейбір үлкендер сыбырлап жауап қатып: «Зейнеп» – дейді.

Жастау әйелдер, арттағы әйелдерге білдіргенде «Молда апаң» – дейді. Зейнеп мұсылманша оқыған. Ол өз жанынан өте бір ойлы, мұңды, шын шер

Тірек сөздер

өткен өмір
жел
бала
Абай бейіті
қос қоңыр
Зейнеп
сұлу жар
жоқтау

айтқандай. «Қос қоңыр» дегені өзінің бұрынғы күйеуі, мынау жатқан – Оспан да, екіншісі – Абай. Зейнептің зары, дауысты тыңдап қалған барлық жанды үнсіз жас төктіріп, көп жылатты.

Тағы бір кезек Зейнеп үні басыла бере, өзгеше сұлу, салқын, бірақ сондай биік шырқап, тамаша қалқып сорғалаған бір дауыс кетті. Ол жылаған – Өйгерім еді. Абай өмір бойы сүйіп өткен, тамашалап сүйіп өткен саналы сұлу жар. Көп заманнан тыйылып, тоқталып қалған ғажайып өнші өнерін, енді айтып болмас арманы мен зарына арнапты.

Бұл жоқтаудың осы отырған халайық естіп көрмеген, болжап білмеген санасы да, қаралы сөні де басқаша. Айтылып жатқан соны сөз де өзгеше.

Өйгерім үшін осы жоқтауды Дәрмен жазған еді. Ал шерлі, күйлі, көркем сазды Өйгерім өз жүрегінен тудырған. Қазір қалың ел алдында, Абайдың қасында, қабыр басында айтылып отырған бұл зар, жоқтау ғана емес. Оны жассыз көзбен, аса ашық бапты үнмен айтып отырған Өйгерім, Абайға көп айтатын, күнде айтатын жоқтау қып созған жоқ.

Ұлы өнер данасына күйлі саздың шебері келген. Жүрекпен туысқан бір туғаны келіп, өзгеше бір ескерткіш орната отырғандай.

Өйгерім айтқан сөз бұл өңірде, бұл шаққа шейін Абай жөнінде әлі күнге қазақ баласы айтпаған сөз. Асыл жардың аузымен, халық ұлы Дәрмен Абайға халық атынан үн қатады. Несімен қымбат! Қандай қадірлісі еді халықтың Абай! Оның тілімен зарлы, шерлі аналар жылап еді. Саналы ата, ойлы азамат ой таратып еді. Оның үні мен ерісі бар, үміті бар жас буын жамандықтан жиренгенін, жақсы күнді көксегенін таратып айтып еді. Сол үшін Абай өлген жоқ бүгін.

«Өлді деуге бола ма ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған!» –

деген өзіңсің, Абай аға!

Алтын терек, арсыға құлаш ұрған ардақты азамат, сен өлмейсің!

Еліңнің жалғыз жан, ең соңғы ұлы ма, қызы ма, ең кейінгі нәсілі бірде-бір жан болса, соның да кеудесінде сенің атың бірге кетеді. Сенің тірлігің бірге жасайды, сенің нұрың бірге жарқырайды!.. Алдың жарқын, өзің солай сеніп ең... Ана жұртың сені өлді демейді! Жарық дүниеге жаңа келіп, шырылдап туғаныңда осы Жидебайда, осы Ши-Қорықта сені аялап бауырына алған анаң бар еді. Ол алғашқы жалғыз анаң сені ақ құшағы, адал мейірімен бауырына басқан. Бүгін сені одан да ұлы өлмес анаң, ұмытылмас ұлым деп бауырына алады. Алдағы ұзақ дәурен, жарқын заман сапарына сені жүрегіне баса мәңгіге ала кетпек! Өлім де жеңбес жан бар. Олар аз болса, соның бірі сенсің. Бұл өңірде өткендердің ішінде ол жалғыз болса, соның өзі сенсің!» – дейді Өйгерім сазы. Өзі де өшпес, тозбас сөздер Абайдың жас қабырының басында жиын жұртқа жар етілді.

Ғажайып үні бүгін соншалық өзгеше боп шыққан жаны жаралы

өнерпаздың үнімен паш етілді. Бұл саздың сұлулығы, биіктігі күмбездей!.. Көкпеңбек түпсіз биік аспанда қалықтаған аққудың аппақ таза қанаты күн шұғыласына малына алтындай жарқырамас па еді!.. Қасиетті құс ақ қанатын қақпастан қалқып, баяу ғана сұңқылдап толқып, тамаша бір үн салмаушы ма еді!.. Өмірінде бір-ақ рет те болса естігенің бар ма?.. Қиялыңды арбаған сұлу көрік есіңнен кеткені бар ма?!..

Қазіргі Әйгерімнің Абаймен соңғы рет қоштасып айтқан күй-шері сол тәрізді болатын. Осымен Әйгерімнің ең соңғы жыры айтылды. Бір шақта Абайды өзгеше елітіп, балқытқан ғажайып күйдің ең соңғы үні осымен өшті.

Әйгерімнің күйі, күйікті жаны, қайта оянбас, қайрылмас өнері осы Абай қабырының басында, Абаймен бірге өшті де жоқтыққа кетті. «Абаймен бірге құшағым кетті» десе, Абаймен бірге бұның кеудесіндегі күйді сүйген сүйініш сөнді. Көмейінде сылдыраған күміс күйлі әсем үн сөнді. Ол жаңа ғажайып өнерін өзгеше сөзбен толқыта тегіп, жұртты егілткен шақта Абайдың қабырына қадала қарап, аппақ боп, реңі қашқан Дәрмен отыр еді. Бұның қасында Дәркембайдың баласы, оқыған жас Рахым бар. Одан өрі – Абайдың бір кездегі жас қонақ достары, оқып жүрген балалар – Үсен, Мұрат, Шәкет отыр.

Дәрмен осылардың ортасында. Әйгерімнің жаңағы даусы айтылып жатқан шақта, өз ішінен Абай қабырына қарап, үздіксіз бір ант, серт айтып отырғандай болды.

– Сақтармын, қойнымдағы алтынымдай сақтармын сіз қалдырған дөңдерді... асыл ұрықтарыңды... – деген ой келгенде, Дәрменнің есіне Абайдың ең соңғы терең бір арман шері келді.

Ол кең аспаннан сол дөңдерінің болашақ тағдырын білмек боп еді. Енді Дәрмен ойласа сыр тереңі, арман зары сол екен... Әйгерімді тыңдай отыра, Дәрмен өз ішінен Абай сұрауларына жауап іздейді.

– Абай аға, қадірлім! Ол дөңдерің өлген жоқ, жойылған жоқ. Рас, бұл күнде бір араға біткен дүм тоғай болмасын. Үлкен бақ боп тұрмасын... Бірақ ең дала, мол сахараның бар бойында ол дөңдерің өсіп келеді... Өсе бермек күн санап та жыл санап... Сол үшін де өз өмірімде, өле-өлгенше асыл сөзіңді сақтармын, ата тәрбиенді ақтармын, ағажан! – дей берді.

Адал жар жоқтауымен Абай жаңаша жолға өтті. Ол өлмеске қадам басты! Әйгерімнің өні мен соған оралып айтылған Дәрмен жыры Абай туралы кейін туатын бар өнердің басы еді. Жаңа туған өннен бастап Абай жаңа туысқа ауысқан.

Осы күйдің куәсі боп қазір де Абай қабырының басына қалың елдің өзгеше көп-көп жаны жиылып қалыпты... Бұлар өтіп жатқан көштерден келген көрілер, жастар, ерлер, әйелдер... Әйгерім мен Дәрмен де, жас оқығандар да байқамапты... Бұлар өз зары, мұңы, ойымен отырғанда сырттарында Әйгерімнің барлық саналы шерін тыңдап, іштей құптап қалың елдің тобы отырған... Абайдың жаңа бір туысын қабыл алып отырған халық ата, халық ана осы еді.

Лұғат

Зағыпыран (запыран) асқазанда болатын ащы, сарғылт түсті сұйық зат; 2) у, зәр, ащы; 3) ауыспалы мағынада ыза, ашу, кек; 4) мұң, шер, қайғы, құса. *Бұл жерде:* запырандай сары түсті деген мағынада.

Салқар – 1) кең, мол; шалқар; 2) ұзын, көп, үлкен, шұбырған. *Бұл жерде:* бірінші мағынада.



1. Әйгерімнің жоқтауының өзге жоқтаулардан ерекшелігі неде?
2. Зейнептің «Қос қоңыр» деп отырғаны кімдер?
3. «Өлді деуге бола ма ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған!» дегенді қалай түсінесіңдер?
4. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы қай шет тілдеріне орыс тілінен аударылды? Қай тілдерге түпнұсқадан аударылды?




1. «Абай жолы» романы туралы жазылған шетелдік жазушылар мен өдебиеттанушылардың пікірімен танысыңдар. Роман туралы шағын сыни пікір жазып, қорытынды ой білдіріңдер.
 - а) «Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, ерқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге қастерлеп ала жүретін екі түрлі асылым бар: бірі – «Манас», бірі – «Мұхтар Әуезов» (*Шыңғыс Айтматов*).
 - ә) «Абай» эпикалық романы, менің ойымша, ХХ ғасырдың ең үздік шығармаларының бірі. Өлемнің басқа елдерінде онымен тең түсетін шығарманы табу қиын» (*Луи Арагон*).
 - б) «Мен бұрын-соңды қазақтар туралы естімеппін. Енді жақсы танымын, себебі Мұхтар Әуезовтің керемет кітабын ағылшын тілінде оқыдым. Расында, қазақтар қандай ғажайып халық! Ол туралы «Абай жолы» романында тамаша суреттелген» (*Матип Бенджамин*).
2. Л. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романының мазмұнына шолу жасаңдар. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы сақ, ғұн дәуірінен жалғасып келе жатқан ұлы дала, көшпенділер өркениетін осы романмен байланыстыра талдап, әдеби сын жазыңдар.



- Төмендегі тақырыптарды басшылыққа алып, дөңгелек үстел ұйымдастырыңдар.
- Ізгі дәстүрінен қол үзген халықтың келешегі бұлыңғыр.
 - «Абай жолы» – көшпелі өркениеттің ең соңғы көрінісі.

Кері байланыс: «Ой сүзгі»

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының 4-кітабын оқып, талдап, жоғарыдағы тапсырмаларды орындап, төмендегі жүйе бойынша өз жұмыстарыңа рефлексия жасаңдар.



III БӨЛІМГЕ АРНАЛҒАН ТОҚСАНДЫҚ ЖИЫНТЫҚ
БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Тест сұрақтарына жауап беріңдер

1. Абайды Телғара деп кім атаушы еді?

- а) әжесі Зере; б) екінші шешесі Айғыз;
ә) анасы Ұлжан; в) жеңгелері.

2. Төмендегі үзіндіде кімнің портреті сипатталған?

«...ат жақты келген, ұзын сопақ басының құлақтан жоғарғы жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Оңсыз да ұзын, үлкен бетіне ұп-ұзын боп дөңгелей біткен сақалы қосылғанда, басы мен беті бір өңірдей».

- а) Байсал; б) Сүйіндік;
ә) Құнанбай; в) Қодар.

3. Абай Сүйіндіктен қай сөздің мәнісін түсіндіруін сұрады?

- а) «Тек өмір деген ит жаңсақ бастырмаса екен!»;
ә) «Шөлден шүлен боп туған сергегім!»;
б) «Мен қойдың бөлігін бөлмеймін, құдайдың бөлігін бөлемін!»;
в) «Азат құсындай ұшып жет, сахараңа сәлем апар».

4. Төкежан бұл сөзді қай оқиғаға қатысты айтып еді?

«Ата-бабамыз орыс оқуын оқымай-ақ адам болып, жақсы атанып, абырой алып, ел билеп-төстеп еді. Оқудың түбін тесетіндей осы баланың денсаулығы нашар екеніне де қарамай жібере берді».

- а) Ақылбайды оқуға жібергенде;
ә) Әбіштің қазасына қатысты;
б) Мағаштың өлімінен кейін;
в) Әбішті Алматыға қызметке жібергенде.

5. Дәрменнің «Абай ағамның ең соңғы бой жазғаны, сыр ашқаны сол ғана болды ма деп шошынамын» дегеніне сай келетін Абайдың сөзі қайсысы?

- а) «Төкежан менің де «қабырыма топырақ тастаймын» деп келіп, тікен тастап кетер-ау!»;
ә) «...міне, заман үні, ендігі сапалы буын үні деген осы!.. Ақын артық қарап табынбай, алға қарап қыбла тапсын»;
б) «...Ей сорлы заман, менен айған қай қастығың қалды... Мен ішпеген у бар ма!»;
в) «Бұрынғыны, бүгінді айт. Жұрт көмейінде жұмарланып түйілген тас түйінді айт».

Төмендегі сұрақтарға 7-8 сөйлеммен жазбаша жауап беріңдер

1. «Қайтқанда» тарауында көрінетін ұлттық және адамгершілік құндылықтардың шығармадағы маңызы мен қолданысына талдау жасаңдар. Шығармадан дәлел келтіріңдер.

Ұлттық құндылықтар	•
Адамгершілік құндылықтар	•

2. «Енді бұл күнде сол шыңға шыққан жалғыз шынар балғын тартып, жас қуатқа толыпты. Қазір оған қыс пен аяз да, тіпті тау дауылы да қатер болудан қалған еді». Жазушының суреттеуінде Абай өмірінің қай кезеңі берілген? Кейіпкерді бұлай сипаттау арқылы жазушы оқырманға қандай ой тастайды?

3. Қодар мен Қамқаға қатысты алып-қашпа өңгімені таратушы кім еді? Бұны істің ушығуының бірден-бір себебі ретінде қарастыруға болады ма? Осы оқиғаға қатысты шыққан шешіммен келісесіңдер ме? Дәлелді жауап беріңдер.

4. Ғалым, әдебиеттанушы Серік Қирабаевтың Құнанбай туралы пікірімен танысыңдар. Романдан осы пікірді дәйектейтін мысалдар келтіріңдер. Ғалымның пікірімен келісесіңдер ме?

«Құнанбайды тек ұнамсыз жағынан көру көбірек байқалып жүр. Шындығында, Құнанбай өз заманының ең ақылды, көрген, қайырымды, батыр адамдарының бірі болған».

5. Төменде берілген үзіндіні оқыңдар. Феодалдық дәуірдегі әлеуметтік қайшылықтар Абайдың күрескер дәрежесіне көтерілуіне қалай әсер етті? Бұл тартыста Абай кімдермен күресті? Кімнің мүддесін қорғады? Неліктен? *«Алда өмір, тартыс. Сол тартыста бұл жалғыз. Шыңға келсе жапа-жалғыз, рас, оның бір қуаты, бір үміті бар екені рас. Қуаты – ақындық, үміті – халық. Бірақ бірі оянбаған күш болса, бір танылмай, ұғылмай кетер ме! Жетер ме сабыр, жетер ме қайрат! Жалғыздықтан жасымас қайрат жетер ме!»*

Жазба жұмысын орындаңдар

Берілген тақырыптардың бірін таңдап, әдеби эссе жазыңдар.

а) «Құнанбай – сол кезеңнің жиынтық бейнесі».

ә) «Қазақтың ағартушылық философиясының биігі – Абай».

б) «Абай жолы» романындағы ескі мен жаңаның тартысы».



Бұл бөлімде:

✓ Т.Молдағалиевтің «Бауырлар» өлеңіндегі мәселелерді ғаламдық тақырыппен, бүгінгі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырасыңдар;

✓ өлеңдегі көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтайсыңдар;

✓ Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесін оқып, әдеби шығарманың жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдайсыңдар;

✓ қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтап, талдау жасайсыңдар;

✓ Э.Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесін оқып, көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсетесіңдер;

✓ көркем туындының тарихи және көркемдік құндылығын бағалап, ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сыни баға бересіңдер;

✓ шығармалардың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра отырып, әдеби сын, әдеби эссе жазасыңдар.

Еліміздің тәуелсіздік алуы ұлттық әдеби өмір шежіресінде жаңа кезеңнің бастау алуына себеп болды. Әлем әдебиетінде қалыптасқан түрлі ағымдар мен бағыттар қазіргі қазақ әдебиетіне де өзгерістер алып келді.

Қазіргі қазақ әдебиеті – мазмұн мен пішіні өзгерген, идеялық-концептуалдық тұрғыдан жаңарған әдебиет. Ұлттық әдебиеттің көркемдік даму арналарында әлемдік мегаүрдістердің әсері қалып айқын аңғарылуда. Қазіргі таңда ұлттық сөз өнері кеңістігінде дәстүрлі ағымдармен бірге модернистік, постмодернистік әдеби ағымдар мен құбылыстар қатар өмір сүруде.

«Әдебиеттегі сын-сарын» атты IV бөлімде осы мәселелер талданады.



ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ

(1935–2011)



Кейінгі жылдары қазақ поэзиясының аспанында жарқырай шыққан жұлдыздардың бірі.

Сәбит МҰҚАНОВ



Өмірі мен қызметі. Тұманбай Молдағалиев 1935 жылы 20 наурызда Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданының «Казатком» ауылында дүниеге келген. 1942 жылы «Казатком» мектебіне барып, 1951 жылы Есік қаласындағы орта мектепті бітірген. 1951–1956 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқыған. Ол университет қабырғасында өлеңдер жазып таныла бастайды. Алғашқы өлеңдер жинағы «Студент дәптері» деген атпен жарық көрді (1957).

Ақын еңбек жолын «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газеті мен «Пионер» журналының редакцияларында әдеби қызметтен бастады. 1959–1970 жылдары «Жазушы» баспасында аға редактор, 1970–1973 жылдары «Балдырған» журналында жауапты хатшы, 1973–1984 жылдары «Жалын» альма-нахының бас редакторы, 1984–1986 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы қызметтерін атқарды. Өмірінің соңғы жылдарын балаларға арналған «Балдырған» журналына арнады.

Қазақ поэзиясының қоржынын 40-тан аса жыр жинақтарымен байытты. Оның қаламынан шағын лирикалармен бірге эпикалық поэмалар да туды. Тәуелсіздік тұсында ақынның үш томдық таңдамалы жинағы (1990), он төрт томдық шығармалар жинағы (2003–2004) жарық көрді. Ақын өлеңдері орыс және басқа көрші халықтар тілдерінде кітап болып жарияланды. Жекелеген шығармалары ағылшын, француз, неміс, араб, грузин, украин, белорус тілдеріне аударылып, жарық көрді.

Эпик ақын. Ақынның лирикасы сыршыл сезімге құрылса, енді бірқатар шығармалары оның эпик ақын екендігін танытады. Шағын лирикаларындағы ой ақынның поэмаларында жалғасын тапты. Поэмалардың орталық кейіпкері – заман перзенті. Өзі күе болған оқиғалар поэмалардың негізгі желісіне айналды. «Әкеммен әңгіме» поэмасында Отанды жаудан қорғау үшін Ұлы Отан соғысында шейіт болған жауынгердің артында қалған жетім баласымен кездесеміз. Ал «Менің анам» поэмасына соғыс жылдарындағы ауылдың ауыр тұрмысын арқалаған аналардың еңбегін арқау еткен. «Жеңеше» ұлттық әдебиеттегі қырқыншы жылға жесір қалған келіншектердің бейнесін толықтырса, «Өшпей қалған сәулелер» соғыстан аман қалған ұрпақтың тіршілігінен хабар береді.

Ал «Хаттар, хаттар», «Қамила», «Алатау қызы», «Мазасыз махаббат» «Атантай ата» поэмаларын да өз ішінен бірнеше топқа бөліп сөз етуге негіз бар. Алғашқы үш поэма замандастар өмірінен хабар берсе, «Мазасыз махаббатта» махаббат қасіретіне кез боламыз. Ал «Атантай ата» поэмасын ақын аңызға құрған.

Ақынның қазақ әдебиетіне қосқан еңбегі дер шағында бағаланып, 1957 жылы «Тың жерді игергені үшін», 1970 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен марапатталған. 1968 жылы «Жаңа дәптер» жинағы үшін Республика Комсомолы сыйлығының, 1982 жылы «Жүректегі жазулар» кітабы үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. 1992 жылы Бүкіл Түркі дүниесі ақындарының Физули және Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтарын алды. Қазақстанның Халық жазушысы. «Парасат» орденінің (2004) иегері.



1. Ақынның алғашқы өлеңдер жинағы қашан, қандай атпен шықты?
2. Тұманбай Молдағалиевтің атқарған қызметтеріне шолу жасаңдар.
3. Қаламгерді «эпик ақын» деп неге атаймыз?
4. Қаламгердің жыр жинақтарын атаңдар.
5. Ақынның өзге өлеңдерін хрестоматиядан, ақпарат көздерінен оқып, өздеріңе ұнаған біреуін жаттап алыңдар.

Шығармашылығы



Өнермен асқан, шұғыла шашқан, сара сөздің сардары, елі-жұрты ұлы талант деп таныған – Тұманбай.

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ

Тұманбай Молдағалиевтің әкесі Ұлы Отан соғысында қаза тауып, анасы Қымқаптың тәрбиесінде өседі. Сондықтан ақын шығармаларынан әкеге деген сағыныш, ана мейірімі, жетімдік тағдыр көп орын алады.

Шығармаларының лирикалық кейіпкері – балалық шағын соғыс ұрлаған, ерте есейген ұрпақ өкілі. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тыл майданындағы белі қатпаған жасөспірімдер мен қартайған қариялар тағдыры мен әке мен ағаға, бауырға деген сағыныш, жетімдіктің қасіреті мен мұңдалайды. Өзі туып-өскен ауыл, орта, қоғам шындығын сыршыл лирикамен жырлаған ақын өзі өмір сүрген дәуірдің көркем шежіресін жасады.

Ақын туған жер, Отан, ел тағдырын табиғатпен қоса жырлады. Жылдың төрт мезгіліндегі адам тіршілігі бар болмысымен өлең жолдарына айналды. Туған жерге, елге деген махаббат келе-келе Отан деген ұғымға жалғасты. Отан тыныштығын күзеткен лирикалық кейіпкер «Өз анасын сыйламаған пақырлар Отанын да сыйлай алмайды» деп Отан мен Ананы бірлікте қарады.

Табиғат пен махаббаты қатар жырлаған ақын қазақ әдебиетінің тарихында «жастықтың жыршысы» болып қалды.

Сыршыл лирикаға құрылған Тұманбай Молдағалиев өлеңдерінің көпшілігіне ән жазылды. Ақынның «Құстар қайтып барады» (муз. Н.Тілендиевтікі), «Бақыт құшағында», «Әнім сен едің» (муз. Ш.Қалдаяқовтікі), «Ертіс вальсі» (муз. Б.Жамақәевтікі), «Шақырады көктем» (муз. Ә.Бейсеуовтікі) сияқты өлеңдеріне

ән жазылып кеңінен танылды. 2007 жылы ақынның «Құстар қайтып барады» атты ән өлеңдерінің жинағы жарық көрді. Бұл жөнінде ғалым әрі ақын Асқар Егеубаев былай дейді: «Ақын көтеріңкі дауыс, жеңіл пафосты көңілден гөрі, нәзіктікті, сыршыл әуенді артық бағалайды. Кәдімгі өміршең тақырыптарды «бөбек, ана, әке, өмір, махаббат жайлы) қозғап отырып-ақ жүректі шым еткізер сезім қылын тауып басады».¹

Ақынның «Куә бол», «Ғашық жүрек, қайда апарып соғасың», «Бақыт құшағында», «Екі жұлдыз», «Қайран менің жүрегім», «Ана тілі», «Бауырлар», «Жаздың түні барқыт еді әдемі», «Жолықпай бала кезімде», «Құралай», «Құстар қайтып барады», «Өмір, қымбаттым менің», «Шақырады көктем», «Алатау жыры» т.б. ән-өлеңдері тыңдарманның сүйіп тыңдайтын әндерінің қатарынан орын алды.



1. Т. Молдағалиевтің балаларға арналған қандай өлеңдерін білесіңдер?
2. Ақын өлеңдерін өз ішінен тақырыпқа бөліп топтаңдар.
3. Ақын өмір сүрген дәуірдің көркем суреттері шығармаларында кездесе ме? Кездесе, сол туралы өңгімелеңдер.
4. Ақынның балалық шағы қай кезеңмен тұспа-тұс келді?
5. Оның лирикалық кейіпкері кім?

«Бауырлар» өлеңі



XX ғасырдың елуінші жылдарының орта тұсынан басталып, алпысыншы жылдарда-ақ кең өрісті жолға шыққан қазақтың жаңа поэзиясының көш басында тұрған ұлкен ақынның бірі – Тұманбай Молдағалиев.

Серік ҚИРАБАЕВ



Менің жерім мына жер – сенің жерің,
Жарасып тұр сол жерге келулерің.
Осы алқапта сенің де малың жатыр,
Жайқалып тұр шабылмай егіндерің.

Менің көлім мына көл – сенің көлің,
Сенің арқаң көңілге семіргенім.
Жоғалмасын, ағайын, жоғалмасын,
Жетем деген сол көлге сенімдерің.

Тірек сөздер

жер
мал, егін
көл
тау
сағыну
орман
уық

Менің тауым мына тау – сенің тауың,
Ақбас шыңын алты ай жаз жуған жауын.
Жалғыз рет көрсең де тірлігіңде,
Мүмкін емес сол тауды сағынбауың.

Туы да бір ішетін суы бардың,
Өуреледі бұл жерден қуып өркім.
Мына орман менікі, сен де соның,
Ағашынан үйіңе уық алғын...

¹ Егеубаев А. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 9-том. Алматы: ҚазАқпарат, 2005.

Мынау өзен менікі, ел күніге
Сүйінеді ұрпақтың ерлігіне.
Қимай кеткен сол суды аталарың,
Бетін жуып соңғы рет мөлдіріне.

Мынау теңіз менікі – сенікі ол да,
Ел ырысы дәл бүгін бекем қолда.
Әр бұтасы, ағашы туған жердің,
Ыстық тарта береді екен жолда.

Желбіреді көгімде міне туың,
Тұлпарым да дайын тұр мінетұғын.
Мынау үлкен мәңгілік қалаларда,
Үйлерің тұр көшіп кеп кіретұғын.



1. Берілген үзіндіде ақын отандастарын неге үндейді?
2. Қандастарымыздың туған жерден жырақтап кетуіне не түрткі болды?
3. Тәуелсіздік алғаннан кейін көші-қон саясатында қандай істер атқарылды?
4. Ақынның қандай өн-өлеңдерін білесіңдер?



Тағылым тамшылары

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1991 жылы 31 желтоқсандағы радиодан сөйлеген сөзі

Қымбатты отандастар! Ежелгі атамекенінен жырақтап қалған Сіздерді кешегі күнге дейін ата-баба жеріне қайтып келе аламыз ба деген сұрақтың алаңдатып келгенін мен жақсы білемін. «Туған жердің түтіні де ыстық» дейді халқымыз. Қандас бауырларымызды байырғы атақонысына тарту мақсатында адам правосы туралы еларалық ережелерді басшылыққа ала отырып, Қазақстан Үкіметі «Басқа республикалардан және шетелдерден селолық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы ұлт адамдарын Қазақстанда қоныстандыру тәртібі мен шарттары туралы» арнайы қаулы қабылдады. Сондықтан атамекенге келемін деуші ағайындарға жол ашық. Ата-баба әруағы алдарыңыздан жарылқасын!



ҚР Президенті Мұрағатының қорынан құжаттар жинағы.



1. Өлеңдегі бауырлар бейнесіне талдау жасайық. Шығармадағы маған жөне саған ортақ дүниелер не?
2. Қандастарымыздың атынан «Атамекен неге керек? Атамекенге неге келдім?» тақырыбында монолог құрастырындар.



1. Қандастарымызды елге шақырудағы ақынның мақсат-мұраты қандай? Оларды атамекенінде не күтіп тұр?
2. Қайталаудың неше түрі бар? Еске түсіріңдер.

Менің жерім мына жер – сенің жерің...
Менің көлім мына көл – сенің көлің...
Менің тауым мына тау – сенің тауың... –

деген жолдарда қайталаудың қай түрі қолданылған?



Мәтінмен танысып, «Бауырлар» өлеңі мен идеялық үндестік жөнінде пікір алмасындар. TEDx форматында қандастарды атамекенге тарту іс-шарасын талқылаңдар.



«Бауырлар» өлеңіндегі атамекенге деген сағыныш Н.А.Тэффидің «Ностальгия», П.Н.Васильевтің «Переселенцы» шығармаларында қалай көрініс табады? «Орыс тілі мен әдебиеті» пәнінде оқыған шығармаларыңды еске түсіріп, негізгі идеясын топта талқылаңдар. Кейіпкерлердің отанынан жырақтауына себеп болған тарихи оқиғаларды анықтап, сыни пікір білдіріңдер.

«Келші, бауырым, кешікпей кір қатарға»

Ақынның «Қырғыз әуендері», «Қырым дәптері», «Саха дәптері», «Швеция сапары», «Италия жырлары» тәрізді шоғырлы өлеңдерінен географиясының кеңейгендігімен бірге адамзат баласына деген бауырмалдығын аңғарамыз. Достықтың жыршысы болған ақын жер бетінде тыныштықтың, бейбітшіліктің салтанат құруын қалайды.

Сонымен бірге Тұманбай Молдағалиев – көркем аудармаға үлкен үлес қосқан аудармашы. Қаламгер Байрон, М.Ю.Лермонтов, Т.Г.Шевченко, О.Туманян, С.Капутикян, Ғ.Гулом, Р.Ғамзатов, Ұйғын (Р.Атақулиев), Зулфия (З.Исраилова), Д.Жалсараев сияқты ақындардың шығармаларын қазақ тілінде сөйлетіп, қырғыздың «Манас» жырын аударуға қатысқан.



Тірек сөздер

бауыр
жылқы
жаз, күз
балалар
өн, жыр

Келші, бауырым, кешікпей кір қатарға,
Меңіреуге меңіреу тіл қатар ма.
Мына тауда сенің де жылқыларың,
Жату керек шұрқырап күн батарда.

Жазым да ерек, биылғы күзім бөлек,
Алмам да ерек мол биыл, жүзім де ерек.
Мына көлде сенің де балаларың,
Асыр салып тал түсте жүзу керек.

Кел, бауырым, несіне жүрсің жырақ,
Ішің де ұнап тұр маған, сыртың да ұнап.
Сендердің де бір салған өндеріңе,
Бар таулары қазақтың түрсін құлақ.

Жеңдік біздер тіршілік күресінде,
Өні есінде еліңнің, жыры есінде.
Қай қиырға ұшсаң да қазақ болсаң,
Абайыңды еске алмай жүресің бе?!



1. Ақынның көркем аудармаға қосқан үлесіне тоқталыңдар.
2. Халықтар достығы тақырыбына жазылған өлеңдерін атаңдар.
3. Еркіндіктің жемісін сипаттаған жолдарды тауып оқыңдар.
4. Жырақта жүрген қандастарымыздың елге оралу себебін талдаңдар.



1. Өлең қандай ұйқасқа құрылған? Неше бунақ, неше буыннан тұрады? Үзіндіні құрылысына қарай талдаңдар.

*Жазым да ерек, биылғы күзім бөлек,
Алмам да ерек мол биыл, жүзім де ерек.
Мына көлде сенің де балаларың,
Асыр салып тал тұсте жүзу керек.*

2. «Ат басын атамекенге тірейік» тақырыбында ақын сарынымен шетелдегі қандастарды елге оралуға үндеп, өлең құрастырып көріңдер.



Тағылым тамшылары

Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш Құрылтайы

Алматыда, Абай атындағы Академиялық опера және балет театрында Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш Құрылтайы 1992 жылы 29 қыркүйекте жұмысын бастады. Құрылтайға Түркия, Германия, Франция, Швеция, Норвегия, Моңғолия, Ресей, Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан және басқа елдерден, барлығы 33 елден, сондай-ақ Қазақстан облыстарынан келген өкілдер – 800-ден астам кісі қатысты.

Мәжілісте сөз кезегіне шыққан Дәлелхан Жаналтайдың (Түркия) көзіне жас алып, еңкілдеп тұрып айтқаны:

– Мен бұл күнді көрем деп ойлаған жоқ едім. Құдайға шүкір, өшкенім жанды, өлгенім тірілді! Енді арман жоқ!

Осы сөз құрылтайдың өзегіне айналды.



Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының шежіресі.



Мәтінмен танысып, төмендегі тапсырмаларды орындаңдар.

а) Құрылтайдың өзегіне айналған Түркиядан келген қандасымыздың сөзінде қандай терең мағына бар? Пікір алмасындар.

ә) Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы қандай мақсатта өткізіледі? Қауымдастық жұмысының бағыт-бағдары, міндеттері қандай? Осы жөнінде түрлі дереккөздерден мәліметтер жинақтап, хронологиялық кесте құрастырыңдар.

Жылдар	Іс-шара	Мақсат

«Жастау болсаң жайқалып, жалындап ал»

Ақын поэзиясының көркемдік кестесі туралы сөз ететін болсақ, бірінші кезекте кейіптеуге кез боламыз. «Тырна даусын жатырқамай, жатсынбай, Тыңдайды ұйып биік құздар, ақ шыңдар», «Ұясына күн кіре алмай тұрады, Жапыраққа ілініп қап шапағы» деген жолдар жансызға жан бітіруіне мысал болса, «Адам жанған сексеуілге ұқсайды. Бар қызуын беріп барып сөнеді». «Із кескен қансонарда аңшыдай-ақ, Бар еді көкірегімде сергек жүрек» деген жолдардан жаңа образдар байқалады. Қайталаудың бірнеше түрін кездестіруге болады. Жекелеген сөздерді бірнеше рет қайталау арқылы сол сөзге көңіл бөлу басым. Ананың тәрбиесінде болған ақынның әйел затына деген құрметі ерекше. Оны ақынның «Әйел – сенің ақылшың» өлеңінен көруге болады:

Әйел – сенің аспазың да күтушің,
Әйел барда биіксің де бүтінсің.
Әйел барда жалынсың – сен, отсың – сен,
Әйел жоқта бықсыған сен түтінсің.

Ақын шығармаларына бүгінгі қоғамның түрлі мәселелері арқау болған. Соның бірі – жалпыадамдық құндылықтар. Жаманнан жиренуді, жақсыдан үйренуді мақсат тұтқан лирикалық кейіпкер Адам болып қалуды мақсат етеді.



Тірек сөздер

бақыт
қазақ
бұғау
ұшықтау
Алатау
ақ киіз
ту, ну
шеше

Жастау болсаң жайқалып, жалындап ал,
Бақыт өзі кеп сонда қолыңды алар.
Қазақ болып туғаның рас болса,
Сарыарқаға сағыныш қаныңда бар.

Туған елсіз ешқашан көгермейсің,
Кім қашанғы бұғауға көнер дейсің.
Қазақ болып туғаның рас болса,
Алматыға бір келмей жөне өлмейсің.

Мүлгисің бе жырыммен ұшықтасам,
Қуатым деп Сыр суын ішіпті Асан.
Қазақ болып тудым деп айта көрме,
Алатаудың басына бір шықпасаң.

Оянады көңілден қайдағы арман,
Бақыт желі ескендей жайлап алдан.
Президентім бар менің елі түгел,
Ақ киізге көтеріп, сайлап алған.

Туым биік бүгінде, нуым да өсем,
Естілер шақ кетті өтіп үнім бәсең.
Қазақпын деп айтпа сен, жан бауырым,
Алматыны тірлікте бір көрмесең.

Қауқылдасып қалдық-ау, есендесіп,
Таңнан тағы тербетті шешем бесік...
Қарсы алуға дайын тұр бауырларың,
Өз жеріңе бөрің де келсең көшіп...



1. Ақын шығармаларынан эпитет, теңеулерді табыңдар.
2. Ақынның жасаған жаңа образдарына мысалдар жинаңдар.
3. Кейіптеудің қандай түрлерін кездестірдіңдер?
4. Табиғат, махаббат жырларынан бір өлеңін жатқа айтыңдар.
5. Ақын қандастарды атамекенге шақырудағы мақсаты қандай?



Өлеңнің тақырыбы мен негізгі ойын анықтаңдар. Өлеңде көтерілген басты мәселе қандай? Оның бүгінгі таңдағы өзектілігін анықтаңдар.



1. Өлеңде ел тарихының қай кезеңі жырланған? Ол «бауырларымыз» үшін қандай мүмкіндіктер берді? Дәлелді жауап беріңдер.
2. Қандастарымыздың атамекенінен жырақтап кетуіне себеп болған тарихи жағдайларды анықтаңдар. Қазақ жеріне көз алартушылар кімдер еді?
3. Шығармадан кейінге тәсілі кездесетін үзінділерді тауып, қолданысын түсіндіріңдер.

4. Ақынның көңіл күйін сипаттаңдар. Ақын бойынан қандай қасиеттерді байқадыңдар? Лирикалық кейіпкерге мінездеме беріңдер.



1. Тарихи Отанына оралғысы келетін қандастарымызға қатысты көші-қон және жұмыспен қамту мәселелері өз шешімін тауып жатыр ма? Оларды көшіру ісі қай деңгейде жүзеге асып жатыр?
2. Жан-жаққа тарыдай шашылған қазақ бауырларын құшақ жая қарсы алғысы келген ақынның патриоттық, азаматтық сезімін танытатын үзінділерді пайдалана отырып, «Ақын жырындағы бауырмалдық, туыстық сезім» тақырыбында өдеби эссе жазыңдар.

Кері байланыс: «Емен»

Төменде берілген «Емен» ағашын үш саты бойынша толтырыңдар.



Қолымнан келеді:

•
•
•

Мақсатқа жету үшін жасалған қадамдарым:

•
•
•

Қүткен нәтиже:

•

ТАЛАСБЕК ӘСЕМҚҰЛОВ

(1955–2014)



Т.Әсемқұлов – ұлттық бастаудан қанып ішкен, дәстүрдің өзінен шыққан, сондықтан да ой жүлгесі орнықты, тілі бай да көркем, қоғамы мен уақытына сергек суреткер.

Әлия БӨПЕЖАНОВА

Белгілі жазушы, кинодраматург, күйші Таласбек Әсемқұлов 1955 жылы 1 тамызда Алматы облысына қараған Берлітөбе ауданында дүниеге келген. Көп ұзамай Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей облысы), Аягөз ауданы, Айғыз ауылында тұратын нағашы атасы Стамбаев Жүнісбай алып кетеді. Кейін өке-шешесі де сонда көшіп барады. Нағашысы аймаққа белгілі күйші болғандықтан, ол үйге келетін күйшілер де көп болған. Оның өнерге жақындығы – нағашы атасы мен өскен ортасынан жастайынан күй тыңдап өскендігінен.

Ұлттық әдебиеттің мөлдір бұлағынан қанып ішкен оны сөз өнеріне деген құштарлық Абай атындағы педагогикалық институттың филология факультетіне алып келді. Ол 1976–1980 жылдары аталған факультеттің қазақша бөлімінде оқыды. Т.Әсемқұлов студент кезінен-ақ шығармашылыққа ден қойып проза, сценарий жазумен айналысты.

Қаламгер жоғары оқу орнын бітірген соң, 1980–1983 жылдары Ықылас Дүкенұлы атындағы Ұлт аспаптар мұражайының ғылыми



қызметкері болып қызмет етті. Ол осы жылдар күй өнеріне ерекше ықылас қойды. Т.Äсемқұлов 1984–1987 жылдары «Жазушы» баспасында әдеби редактор, 1987–1998 жылдары Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясы фольклор кабинетінің меңгерушісі, 1998–2006 жылдары «Жұлдыз» әдеби журналында сын бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. Жазушының еңбек жолы әдебиет пен өнер төңірегінде тоғысқандықтан, шығармашылығы да осы екі бағытта қатар дамыды.

Жазушы сонымен бірге кинодраматургияға да үлес қосты. Ол көпшілік көрерменге «Көкбалақтың өлімі», «Біржан сал», «Жезтырнақ», «Алматы – Астана», «Тұмар падиша» киносценарийлердің авторы ретінде жақсы таныс.

Әдебиет пен өнер Таласбек Äсемқұловтың қос қанаты іспетті. Қазақтың күй өнерін көзінің қарашығындай сақтауға ден қойған ол «Бейжігіт күйлері» мен «Төттімбеттің мұрасы» деген жинақ авторы ретінде танымал. Қазақ күйлерін жинау, орындау жұмыстарымен шұғылданған жазушы-күйші қазақтың дәстүрлі күйлерін жеткізуші ретінде «Қазақтың мың күйі» атты антологиясына енді.

Жазушы-күйшінің 1973 жылы «Бейжігіт күйлері» деген жеке гранд-дискі Бүкілодақтық «Мелодия» фирмасынан шықты. «Мәңгілік сарын» атты антологияға 20-дан астам, «Қазақтың мың күйі» (2009) антологиясына 40-тан астам күйі енді. 2010 жылы Парижден «Төттімбеттің мұрасы» CD-дискі болып шықты. Міне, осы аталғандардың барлығы оның күй өнеріне сіңірген еңбегін көрсетеді.

Т.Äсемқұловтың республикалық баспасөзде «Атайы», «Көрі ат», «Арылу» әңгімелері мен «Шымдан» повесі, музыканттар өміріне арналған «Талтүс» романы жарық көрді.

М.Мағауин, Қ.Ысқақ, С.Мұратбеков, Ә.Кекілбаевтардың шығармаларын үзбей оқитын жазушы «Біздегі әдеби өмір батыстың әдеби өміріне ұқсап кетті» деген сұхбатында «Көрі ат» әңгімесіндегі Тораңғыл қасқаны отарлаудың қамытынан құтылғанмен, шоқырақтап жүрген халқының өмір тіршілігімен ұштастырып: «Тораңғыл қасқа сияқты қазаққа да кісен өтіп кеткен. Тораңғыл қасқаны бала кезімде көргенмін. Шоқырақтап жүргенін алыстан байқап, тұсаулы екен ғой деп жанына барсам, жоқ, тұсалмаған, бірақ тұсаулы аттай шоқырақтап жүреді. Мұның себебін атамнан сұрасам, ол кісі: «Көрі ат тұсамысқа үйреніп кеткен, өзін тұсаусыз елестете алмайды, тұсалмаса да солай жүреді», – деді. Осы оқиға маған сұмдық әсер етті», – деген болатын.¹

¹ Таласбек Äсемқұлов. Біздегі әдеби өмір батыстың әдеби өміріне ұқсап кетті // <https://abai.kz/post/17483> Әңгімелескен – Қарлыға Ибрагимова.

Өнер адамдарымен жақын араласып, олардың тұрмыс-тіршілігіне қанық жазушы «Талтүс» романын музыканттар өміріне арнаған болатын.

Сөз өнері мен күй өнері төңірегінде ұзақ жылдар қызмет еткен оның республикалық баспасөзде қазақ және орыс тілінде әдебиет, мәдениеттану тақырыптарына арналған бірқатар мақалалары жарық көрді.

Әдебиет пен өнердің тел жанашыры Таласбек Әсемқұлов 2014 жылдың 26 қыркүйегінде дүниеден өтті.



1. Т.Әсемқұловтың шығармашылығы қандай бағытта дамыды?
2. Жазушының қазақтың күй өнеріне қосқан үлесі қандай?
3. Қаламгердің «Көрі ат» әңгімесінің негізгі идеясын түсіндіріңдер.
4. Жазушы шығармаларының көбі өнер адамдарына арналуы неліктен?
5. Т.Әсемқұловтың кинодраматургия саласында қалдырған еңбектерін атаңдар.

«Бекторының қазынасы» әңгімесі

Сиқырлы жүзік



Қазіргі әдебиетте байқалатын бір заңдылық – жазушы фольклорды үнемі таза қалпында, халық жадындағы немесе ел арасындағы күйінде ала бермейтіндігі.

Сейіт ҚАСҚАБАСОВ

Сан ғасырлар бойы атадан балаға жеткен халық ауыз әдебиетіндегі елес, албасты, пері, шайтан сияқты мифтік персонаждар қазіргі әдебиетте жаңаша мазмұнда пайдаланылуда (трансформациялануда). Қаламгерлер өзі өмір сүріп отырған дәуірдің көркем бейнесін жасайтын болса, сол дәуірдің қайшылықтарын көрсету үшін әлем әдебиетінде мифтік бейнелерді қолдану кең тараған. Әлем әдебиетіндегі жаңалықтар ұлттық әдебиеттен де орын алуда, қазір әдебиеттің барлық жанры кемеліне келді. «Өскен, кемеліне келген әдебиет өзінің есейгендігін барлық жанрларда бірдей бірегей де тұтас танытуға тиіс», – деген болатын ғалым Айқын Нұрқатов.¹ Қай дәуірде де ақын-жазушылар таптаурын болған тәсілдерден қашып, жаңа әдіс іздейтіні белгілі. Осындай жағдайда қалыптасқан фольклорлық, мифтік, этнографиялық сарындар белгілі дәрежеде өзгеріске ұшырап отыруы заңдылық. Осындай постмодернистік² ізденісті қазіргі әдебиеттен де келтіруге болады. Соның бірі – Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесі.

Фольклорлық сарындардың бірі – ертегілік мотивтер болса, «Ер Төстік» әңгімесіндегі перінің қызы Бекторы – қазіргі әдебиетте жаңаша сипатталып жүрген мифтік кейіпкер. Осы қатарда Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы», Б.Сарыбайдың «Перінің қызы Бекторы» әңгімелері мен Ж.Әскербекқызының «Перінің қызы Бекторы» өлеңін атауға негіз бар. Академик Сейіт Қасқабасовтың: «...күрделі прозалық шығармалардан да ертегілік образдардың бүгінгі шығармадағы өзіндік қолданысын айқындауға болады»³, – деген пікіріне сүйенетін

¹ Нұрқатов А. Жаир табиғаты. Кітапта: Идея және образ. Алматы, 2010.

² Постмодернизм (ағылш. *postmodernism*) – модернен кейінгі, яғни осы заманнан кейінгі, соңғы, жаңа заман дегенді білдіреді.

³ Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым, 1984.

болсақ, қаламгерлер «Ер Төстік» ертегісіндегі перінің қызы Бекторыны жаңаша сипатта пайдаланған. Мәселен, Т.Әсемқұлов ертегілер әлемінен келген Бекторы бейнесімен тура жолдан адасқан замандастарына ой салған. Ал Жанат Әскербекқызы Бекторыны сүйгені үшін құрбан болған кейіпкер ретінде суреттесе, Бейбіт Сарыбай негізгі кейіпкер Назым бейнесімен қазіргі қазақ қыздарының бойындағы кері өзгерістерге назар аударған.



Бала кезінде ең жақсы көріп тыңдайтын ертегісі «Ер Төстік» еді. Әжесі таңғажайып хикаяны айтып болып: – Міне, немелтайым, осындай да кеп болған екен, – дейтін күрсініп.

Түнде түсіне Ерназарды құдықтың жанында ұстап алып азапқа салған Бекторы кіреді. Оянғанда көргенін әжесіне айтатын.

– Ол жын-пері ғой, ойлама, – деуші еді бұндайда әжесі. – Құдай Бекторыны кездестіргеннен сақтасын.

Қайырболды есейіп ержетті. Әскерден кейін Алматының орталығындағы ресторанның біріне жұмысқа тұрды. Ет пен көкөніс турап, қамыр илейтін асүйдің қызметшісі болып бастаған талапты жігіт бес жыл дегенде түнгі ресторанның даяшысы дәрежесіне көтерілген.

Бұл егемендік алған кез еді. Ағыны қатты осы азғантай жылдың ішінде қоғам танымастай болып өзгерді. Көп адам өрге шықты, көп адам заманның тұңғиығына құлдырады. Құдайға шүкір дейтін. Тамақ тоқ, көшеге киіп шығатын бірсыдырғы киім бар. Тапқан-таянғаны қаладан төп-тәуір пәтер жалдауға да, атасы мен әжесіне жәрдемдесуге де жететін. Бірақ көңілдің терең түкпірінде әлдебір мазасыз ой күнінде неше оянып жегідей жеуші еді. Бұл кезде адамдар жаппай өмірдің қызығын кешуге кіріскен. Алматының орталық көшелері қызыл-жасыл шамдармен сәулеленіп, түнгі өмір басталады. Қымбат мейрамханаларға қымбат автомобиль мініп келіп түсіп жатқан, ақылға сыймас қымбат киім киіп, әшекей тағынған адамдар... Қайырболдының басы айналып қалатын. Әсіресе, түнгі кафе-барларға келіп таң атқанша отырып, шығарда ақшаны дестесімен төлей салатын бай баласы – көркем қыздар мен көрікті жігіттердің қылықтарын көргенде «апыр-ау, бесіктен белі шықпай жатып қона салған бұл қандай бақ» деп меңірейіп,

Тірек сөздер

ертегі
ресторан
түнгі өмір
үш бойжеткен
алтын жүзік
асыл мүлік
алхимия
доллар
пәтер

бір жағы күйзеліп тұрып қалатын. Кедейшілікте, әрбір жапырақ нан санаулы жоқшылықта өткен балалық шақ есіне түседі. Пәтеріне қайтып келіп, осындай көңілсіз оймен күнін өткізген Қайырболды демалмаған күйі қайтадан кешкі жұмысқа кететін.

Әлі есінде, жұмадан сенбіге қараған түн еді. Түн ортасында ресторанның шыққан үш бойжеткен барға келіп отырды. Валютаға ғана сатылатын қымбат коктейль алдырып, өздері ұнататын блюзді қойғызып қойып, көңіл көтерген қыздар таң ата есеп

айырысқанда бармен жігітпен арада әдептен аспаған, бірақ ыңғайсыз жағдай болып қалған. Қайырболды қыздардың абыржыған түрлеріне қарап ақшаларының жетпей тұрғанын түсінген.

Біреуі бұрыннан келіп жүрген сенімді адам. Жұқа көк жібек көйлек киген сұлу қыз барменнің алдына өзінің куәлігін қойып жатқанда шыдай алмай кетті. Қыздардың жанына жетіп барған.

– Қанша жетпейді?

Бармен куәлікті көрсетті.

– Міне, куәлігін беріп тұр ғой.

– Олай болмайды, – деді Қайырболды.

Куәлікті алып иесіне ұсынды.

– Қанша жетпейді? – деді содан соң барменге қарап.

Бармен ақшаның сомасын айтты. Даяшының бір айда табатын шайлығы. Қайырболдының іші удай ашыған. Бірақ айтылған сөз – атылған оқ. Сөзге келмей ақшаны санап берді.

– Рыцарьлар өлі бар екен, – деді қыздардың бірі.

Бері риза кейіпте күлген. Көк көйлекті қыз шығар есікте тұрып Қайырболдыға белгі берді.

– Ыңғайсыз болды, – деген Қайырболды жанына келгенде. – Міне, мынаны алыңыз.

Көркіне көз тойғандай, гауһар орнатылған ауыр алтын жүзікті жігіттің алақанына салды.

– Қойыңыз, – Қайырболды жүзікті қыздың өзіне ұсынды, – мен сізге сенемін ғой.

Қыз жымысып күлді, бірақ жүзікті алмады.

– Мен де сізге сенемін, Қайырболды.

Жігіт қайран қалған.

– Менің атымды қайдан білесіз?

– Секрет, – деді қыз бұрылып кетіп бара жатып, – өлі кездесеміз деп ойлаймын.

Арада екі айдай уақыт өтті. Қыз енді келмейтін шығар деп шешкен Қайырболды бір іске белін буған. Ломбардта сарапшы болып істейтін Сәрсен деген зергер досы бар еді. Жүзікті соған көрсетті. Сәрсен көкшіл алау шашып тұрған жүзікті көргенде меңірейіп қалған.

– Слушай, – деді есін өзгер жиып. – Бұны кімнен алдың?

– Оны қайтесің? – деді Қайырболды масаттанып. – Одан да бағасын айт. Қанша тұрады?

Сәрсен алабұртып, жүзікті аударып-төңкеріп ұзақ отырды.

– Мен саған былай дейін, – деді содан соң көзі жайнап. – Сенсең, мен жүзікті әлемдік каталогтен тексертіп берейін. Егер де коллекциялық нәрсе болмаса, егер де бір байдың үйінен немесе мұражайдан ұрланып іздеуде жүрген нәрсе болмаса, онда шаш етекпен байыдың, бала. Бірақ тексеру үшін бұл жүзік бірнеше күн менің қолымда болуы керек.

Екеуі осыған келіскен. Төрт күннен кейін досы ломбардқа келіп кет деп телефон шалған. Бұларды ақ шашты, ашаң жүзді адам қарсы алды.

– Молодой человек, – деді ол, жүзікті қардай аппақ шынының үстіне қойып, – біз каталогтен тексердік. Сізге бұл зат қашан келді?

– Екі айдай уақыт болды, – деді Қайырболды. – Аты-жөніңізді білмейді екем.

– Аристарх Никанорович, – деді ашаң жүзді адам, – енді жақсылап тыңдап алыңыз. Мен өзіме ұнаған асыл мүлікті, иесінің тәжірибесіздігін пайдаланып арзанға түсіріп алатын алаяқ емеспін. Сондықтан маған сеніңіз. Бұл өте қымбат жүзік. Ақылға сыймайтындай қымбат. Алайда, өкінішке қарай, бірде-бір каталогте аты аталмайды. Сонысымен күмән туғызады. Түсінесіз бе?

– Мен, өзіңіз айтпақшы, тәжірибесіз адаммын. Сондықтан ештеңе айта алмаймын, – деген Қайырболды.

Аристарх қолына жұқа ақ биялай киіп жүзікті алды да, ежіктей түсіндіре бастады.

– Міне, мынау өдепкідей ақ, сары немесе қызыл алтын емес. Жасылдау, яғни бұл кеніштен қорытылып алынған алтын емес. Сиқыр арқылы жасалған алхимиялық алтын. Кәдімгі алтыннан екі жүз есе қымбат.

Қайырболды күлген.

– Астапыралла!

– Ал мынау жер бетінде өте сирек кездесетін гауһар. Зергерліктің тарихында бұндай асыл тас бір-екі ғана жерде айтылады, – Аристарх жүзікті шынының үстіне қойды.

– Сонымен, түйін сөз, – деді Қайырболды.

– Түйін сөз былай, – Аристарх сәл ойлаңды. – Бұл кем дегенде сегіз миллион тұратын жүзік.

– Сегіз миллион теңге ме? – деді Қайырболды.

Аристарх осы өңгіме барысында бірінші рет күлген.

– Жоқ, молодой человек. Теңге емес. Доллар. Сегіз миллион доллар. Қайырболды аңырып қалды.

– Сегіз миллион доллар? Қылжақтап тұрған жоқсыз ба?

– Жоқ, – деді Аристарх, – өкінішке қарай, қылжақ емес.

– Өкініші несі? – деді Сәрсен сөзге араласып.

– Өкініші сол, – деді Аристарх, – бұл жүзікті сіздер ешқайда өткізе алмайсыздар. Өйткені бұндай мүліктің бағасын білетін рынок өлі қалыптаспаған. Ұмытпасам, қазақта «Итке темір не керек» деген мақал бар еді ғой.

Қайырболдының көңілі су сепкендей басылған.

– Сонда түкке тұрмағаны ма?

– Неге түкке тұрмасын, – Аристарх жүзікті қайтадан қолына алып мейірлене тамашалаған, – келісуге болады.

Қайырболды алға ұмсынды.

– Қанша?

– Мысалы, мен сізге жиырма бес процентін бере аламын, – деді Аристарх. – Өрине, сегіз миллионның емес. Бес жүз мың доллардан жиырма бес процент.

Қайырболды өз құлағына өзі сенбеген.

– Жүз жиырма бес мың доллар ма?

– Иә, – деді Аристарх. – Келісесіз ғой?

– Өрине, – деді қуанғаннан іші ауырып кеткен Қайырболды, – келіспегенде.

– Ендігі өңгіме былай, – Аристарх орындыққа отырып үстелдің тартпасын ашты. – Мен сіздерге ақшаны осы жерде беремін. Бірақ бұл жайында ешкімге ештеңе айтпайсыздар. Мені білмейсіздер. Егер сіздер мені ұмытсаңыздар, мен де сіздерді ұмытамын...

Пәтерге келгеннен кейін Қайырболды бес мың долларды Сәрсеннің қолына ұстатты.

– Комиссионныйың.

Екі аптадан кейін аэровокзалдың жанындағы ескілеу үйден үш бөлмелі пәтер сатып алды. Нотариуске апарып құжаттарын заңдастырды.

Өзірге ешкімге ештеңе айтпайын деп ұйғарды. Себебі көңілі алаң болатын. Я бақ, я сор екені белгісіз, әйтеуір түсініксіз бір нәрсенің тақап келе жатқанын сезген.

Лұғат

Десте – 1) оралған егіннің бір бумасы, бауы; 2) буда, шоқ; 3) бірдей етіп текшеленген зат қабаты, қатар; 4) желі арқылы тасымалданатын мәліметтерді сипаттайтын жалпы аталым; 5) жырдың, әннің, сөздің түйдегі. *Бұл жерде:* бір бума мағынасында.

Каталог – 1) бірыңғай заттардың (кітап, экспонат т.б.) белгілі бір тәртіппен жасалған тізімі; 2) осындай тізім берілген анықтамалық басылым.



1. Оқиға орын алған уақыт қай кезеңмен сәйкес келеді?
2. Қайырболдыны жегідей жейтін ойлар қайдан туындады?
3. «Құдай Бекторыны кездестіргеннен сақтасын» деген сөздің астарында қандай мағына барын өз ойларыңмен жеткізіңдер.
4. Қымбат жүзктің иесінде ақшаның болмауын қалай түсіндіресіңдер?
5. Қыздардың бірі Қайырболдының есімін қайдан білуі мүмкін?




Бөлім бойынша оқиғалар тізбегін құрастырыңдар. Оқиғаларды орын алған мерзіміне қарай уақыт сызығына орналастырыңдар. Басты оқиғаларда көтерілген мәселеге қатысты пікір білдіріп, өзектілігін анықтаңдар.





1. Төменде берілген тапсырмаларды орындап, жұпта талқылаңдар.

1-оқушы. Шығармада суреттелген заман бейнесіне сипаттама беріңдер. Бұл сипаттамалар қазіргі кезеңге сөйкес келеді ме? Сол уақыттан бері қоғамда не өзгерді? Не өзгеріссіз қалды?



2-оқушы. Қайырболдың көңіл күйін сипаттаңдар. Балалық шағы мен есейген шағындағы тұрмыстық жағдайын салыстыра талдап, мазасыз ойдың себебін анықтаңдар.



Үзіндіні ары қарай жалғастырып, оқиғаның қалай өрбитініне болжам жасап көріңдер. Оқиғаның дамуы келесі сұрақтарға жауап беруі тиіс.

- Қыз Қайырболдың есімін қайдан біледі?
- Олар алдағы уақытта қайда жолығады?
- Көк көйлекті қыз қандай құпияны ашады?

Бекторы мен Қайырболды

Қазіргі таңда ұлттық әдебиетте қалыптасқан реалистік, романтикалық әдістер модернистік және постмодернистік, неореалистік¹ бағыттармен толығуда. Әдебиеттегі көркемдік әдіс, бағыт, ағымдар жөнінде профессор Бақытжан Майтанов: «...қазіргі дәуірдегі модернизм мен постмодернизмнің қазақ әдебиетіндегі көріністері тұтас бағыт деңгейіне көтерілмеген, олар өзара аражігін де ашып дараланбағандықтан, бүгінгі күн бедерінде көркем-әдеби ағым ретінде өмір сүруде»², – деген болатын. Осы пікірді жазушының «Бекторының қазынасы» әңгімесі растайды.

Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» – постмодернизмнің бір көрінісі, әңгіме ішіндегі әңгіме (интертекст) үлгісімен жазылған туынды. Жазушының бұл әдісті қолдануы әңгіменің түрлік ізденісін (формалық) көрсетеді. Қайырболды мен Бекторы, Қайырболды мен жас бала, Сағындық пен Бекторы, тележурналист Сағындықтың Қайырболдыны іздеп келуі сынды оқиғалар желісі бір-бірінің жалғасы болғанмен, әртүрлі кеңістіктегі сол оқиғалар өзара қабыспай жатады.

«Таласбек Әсемқұлов дәстүршіл, ұлтшыл, қажет болса көзсіз көнешіл буынның сарқыншағы еді. Алайда уақыттың тынысын сезініп жаңара білген

¹ *Неореализм* – жаңа реализм, бейнелеудің материалистік теориясына қарсы бағытталған XX ғасырдағы ағылшын-америка философиясындағы ағым.

² *Майтанов Б.* Кітапта: Тәуелсіздік – күрес мұраты: зерттеулер мен мақалалар. Алматы: Құс жолы, 2012.

қаламгер. Мұны кемел шағында туған «Бекторының қазынасы» хикаяты айшықтай түскен. «Американдық роман» үлгілерінде сирек кездесетін «роман ішіндегі роман» тәсілімен адамның бойынан емес, ойынан, түпсанасындағы топалаң басып, тұншығып жатқан бейсаналы өмірі айшықталады»¹, – дейді Сағадат Ордашева. Жазушының осы шығармасында әңгіме ішіндегі әңгімені қолдануын Бекторы мен Қайырболды, Бекторы мен Сағындық оқиғаларынан байқаймыз. Бұл оқиға – қазақ теледидарында тележурналист-редактор болып қызмет атқаратын Сағындық Тілешевтің түсі болып шығады. Жазушы әңгімеде түске айналған фантастикалық шындықты көркем бейнелейді. Сағындық Тілешевтің перінің қызы Бекторымен кездесуі де өмірде болмаған елестің көрінісі. Осылайша автор бір әңгімеде оқырманмен екі рет постмодернистік ойын ойнайды. Әңгімеге негіз болған екі оқиғаның да негізі жоқ, бірі – түс, екіншісі – елес. Жазушы бір әңгіменің ішінде осындай екі әңгімені қатар қолдану арқылы қазіргі қазақ прозасына көркемдік ізденіс алып келді. Белгі оқиғалар жүйесінің сақталмауы, мәтін мен пішіннің бұзылуы, оқиғаның жер асты, жер үстіндегі гиперкеңістікке ұласуы, бейсаналы кейіпкердің екіге жарылуы – постмодернистік әдебиеттің белгісі болса, бұл – жазушының көркемдік-эстетикалық ізденісінен туған шығарма.



Арада төрт ай уақыт өткенде бейтаныс қыз бой көрсетті. Тағы да жұмадан сенбіге қараған түн еді. Түн ортасынан ауа барға үш қыз кірді. Қайырболды қайран қалған. Үш қыздың үшеуі сол өткендегідей киінген. Содан соң таң ата тағы да... барменмен шағын дау-дамай болды. Қайырболды күліп қыздардың жанына келген.

– Сіздерді құтқару менің мамандығыма айналған сияқты. Қанша жетпей тұр?

Бармен калькуляторға қарады.

– Үш жүз қырық доллар.

Бұл жолы ақшасы көп Қайырболды жап-жаңа жүз долларлық төрт банкнотты барменнің алдына тастай салды.

– Артығын ал, – деді бармен.

– Кетерде аламын, – деді Қайырболды.

Қыздардың біреуі бұның қолын қысқан.

– Рақмет сізге! Сіз нағыз жігітсіз.

– Оқасы жоқ, – деді Қайырболды.

– Сізбен оңаша сөйлесуге бола ма? – деді көк көйлекті қыз.

Қайырболды кезекті клиентке қызмет көрсетті де, үсті-басын түзеп сыртқа шықты. Қыз есіктің алдындағы орындықта отыр екен.

– Менімен әңгімелесуге уақытыңыз бар ма? – деді Қайырболды қасына келіп жайғасқанда.

Тірек сөздер

төрт ай
банкнот
көк көйлекті
қыз
қыдыру
түршігу
жүрегі ауру
адам ойын оқу
зәулім үй
шексіздік

¹ Ордашева С. Құдай Бекторының кездестіргеннен сақтасын! // <https://adebiportal.kz/kz/news/view/12675>.

– Иә, – деген Қайырболды, – мен боспын. Жұмыс аяқталды десе де болады.

– Олай болса, жүріңіз, қыдырып қайтайық, – деді қыз.

Екеуі опера театрының жанындағы паркті аралап ұзақ жүрген. Жазғы таң. Ауа қоңыр салқын.

– Сізге рақмет, – деді қыз, – міне, бізді екінші рет құтқарып жібердіңіз.

Қайырболды күлген.

– Мен сізді тағы да бір жүзік берейін деп тұр екен десем.

Қыз да күлді.

– Жоқ, бұл жолы ондай жүзік бере алмаймын.

Екеуі скамейкаға отырды.

– Ал енді менің бір сұрағым бар, – Қайырболды қыздың жүзіне бажайлай қараған. – Мен сіздердің ақшаларыңыздың жетпей қалғанына ешқашан сенбеймін. Сіздің тастап кеткен жүзігіңіз қанша тұрады, білесіз бе?

– Білемін, – деді қыз әлдебір нүктеден көз алмаған күйі. – Сегіз миллион доллар.

Қайырболды түршігіп кеткен. Қыз басын көтеріп күле қарады.

– Сондай-ақ әлемдегі ең асыл, ең қымбат әшекейлерді есепке алатын каталогтердің бірде-біреуінде ол жүзіктің жоқ екенін де білемін.

Қайырболдының жүрегі әлдебір жамандықты сезіп сыздай ауырған. Алыстан талықсып бір қорқынышты әуен естілгендей болды.

– Олай болса... осындай қымбат мүлік несінің... бір фужер коктейльге ақшасы жетпей қалғанын қалай түсінуге болады? Сіз кімсіз әзі?

Қыз үндемеген күйі төмен қарады.

– Жауап беріңіз, – деді Қайырболды.

Кенет қыз... бұның жүзіне тағы да күле қараған.

– Айтпақшы, пәтеріңіз құтты болсын.

– Қайдағы пәтер? – деді Қайырболды.

– Жүзіктің ақшасына сатып алған пәтеріңізді айтам.

Қыз шалқая бере сақылдай күлген.

Алдау мен арбау туралы, жырынды алаяқтардың аңғал адамдарды түрлі пәлекетке ұрындырып кететіндігі туралы өңгімелерге қанық Қайырболдының ойы сан саққа жүгірді. Мынау алдында отырған қыз – әлдебіреуге қызмет қылып жүрген көззап. Біреулер бұны құртпақ болып, осы қызды жалдаған. Жүзікті бұған әдейі берген. Енді осылайша ілндіріп алып, өмір бойы бопсалап қызметіне жүргізбек. Осылайша қор қылмақ.

– Қателесесіз, – деді қыз, – мені ешкім де жұмсаған жоқ.

Қайырболды тағы да қайран қалған.

– Мен сізге ештеңе айтқам жоқ қой.

– Айттыңыз не, ойладыңыз не, бәрібір емес пе? – қыз суық жымыған. – Ең бастысы көңіліңізде тұр.



Бұл қыз адамның ойын оқи алатын болып шықты. Шарасы таусылған Қайырболды енді жалынуға көшкен.

– Айналайын қарындас, айтыңызшы, сіз кімсіз? Менде неңіз бар? Бұл арандатуыңыздың мағынасы не? Сізге не керек?

Қыз тағы да жұмбақ жымыған.

– Өзірге секрет. Уақыты келгенде естисіз.

Қайырболды орнынан айқайлай көтерілген.

– Слушай, атаңа нәлет хайуан! Жоғал әрі! Мен қазір милиция шақырам!

– Милиция дейсіз бе? – қыз Қайырболдының жүзіне бажайлай қараған. – Мынауыңыз жақсы идея екен. Шақырсақ шақырайық. Мен жүзігімнің ұрланғандығы жайлы арыз берем. Аристарх Никанорович менің сөзімді растайды. Өзіңіз ғана емес, абақтыға Сәрсен досыңызбен бірге барасыз.

Қайырболды орындыққа сылқ етіп отыра кетті.

– Мен сені іздеп келдім, Қайырболды, – деді қыз аяқастынан «сенге» көшіп. – Жүзіктен басталып төрт айға созылған хикаяның бар сыры осы-ақ.

Қайырболдының көзінен қос тамшы жас сорғалап түскен.

– Сіз мені құртуға келгенсіз ғой, – деді даусы қалтырап.

– Жо-жок, – деген қыз бұны иығынан сипап, – жүзік турасында қорықпай-ақ қой. Бопсаға бопса қылып айта салғаным ғой. Ұмыт оны.

Түнгі кафе-бардан көңіл көтеріп шыққан бірнеше адам жандарынан өткен. Қыз үндемей қалды. Қайырболдының көз алдына бүкіл өткен өмірі елестеп өткен.

– Тыңдасаңыз айтайын, – деді қарлығып. – Мен... әке-шешеден ерте жетім қалып, ата-әжемнің қолында өстім. Кедей болдық. Ит басына іркіт төгілген заманда қара нан, қара сумен отырушы едік. Ақырында ержеттім. Тәуір кәсіпке іліндім. Жолым ешқашан оңай болған емес. Басқаға өзінен-өзі келе салатын нәрсе маған жүз есе қиынға түсетін. Өмір бойы өзімнің талабыммен, өзімнің адал еңбегіммен ғана нан тауып жүрген адаммын.

Қыз сөзді бөлмей тыңдаған.

– Жалғанды жалпағынан басқандарға емес, маған келіп ұрынғаныңыз қалай? Жарайды, міне, азғантай ғана тіршілігім бар. Өбден қартайған, қорғансыз атам мен әжем бар. Қаланың түбінде тұрады. Егер мен кетсем, олар өледі де қалады. Көне, қаматыңыз, айдатыңыз.

Қыз үндеген жоқ.

– Менің бар жазығым, жетпей тұрған ақшаңызды төлеп бердім. Мен не қылдым сізге? Өлде жақсылыққа қайтарған жақсылығыңыз осындай ма?

Қайырболды айтарымды айттым, енді не істесең де өзің біл дегендей қыздың бетіне қараған. Қыз бұның қолының үстіне қолын қойды.

– Мен сені сол себепті іздеп келдім ғой, Қайырболды. Енді менімен жүр.

Қыз орнынан тұрды.

– Қайда? – деді Қайырболды.

– Менің үйіме, – деді қыз.

Медеуге баратын жолдың оң қапталындағы қымбат аудандардың бірінде тұрады екен. Екеуі таксиден түсіп, қалың бақтың арасымен бұлдырап ұзақ жүрген.

– Міне, келдік, – деді қыз, патшаның сарайына бергісіз үш қабат зәулім үйдің ауыр есігін ашып жатып.

Ақ, қара, сары, қызыл мәрмәр діңгектер, өр бұрышта зүбәржаттан қашап жасаған алып вазалар, төбеден салбырап тұрған алтын люстралар. Атшаптырым залда кем дегенде жүз адам сыятын үстел. Ақ дастарқанның үсті қисабы жоқ тамақтың, шараптың түрлері... Қайырболдының көзі бұлдырап кетті.

– Үй өзіңдікі, – деді қыз, – қалаған уақытыңда келесің, қалағаныңша жайлайсың.

Екеуден-екеу отырып жақсылап тамақтанған. Бірнеше даяшы үнсіз қызмет қылған.

– Ал енді мән-жайды түсіндіріңіз, – деді Қайырболды сәл шалқайыңқырап отырып. – Мені бекерден-бекер әкелмеген шығарсыз бұл жерге.

Қыз орнынан тұрды.

– Ер соңымнан.

Екеуі ұзын дәлізбен жүріп жер астындағы қабатқа түсті. Қызыл ағаштан шауып шыңылтырмен қапталған ауыр есік өзінен-өзі ашылған. Бұлар күңіреніп тұрған тағы бір үлкен бөлмеге кірді. Самаладай жарық. Қабырғаны жағалай орнатылған қисапсыз сөрелер. Биікке қанша кететіні, бөлменің алға қарай қанша созылатыны белгісіз.

– Бұл бөлме осылай созылып барып гиперкеңістікке, яғни шексіздікке кетеді, – деді қыз.

Қайырболды жан-жағына үрейлене қарады.

– Ал енді танысуға болады, – қыз жақындап келіп Қайырболдының көзіне көзін қадаған. – Мен Бекторымын.

Қайырболды үндемей тұра берді.

– Иә, иә, сол баяғы перінің қызы Бекторымын, – деген қыз, адамның ойын оқитын әдетімен. – Әжең талай айтып берген «Ер Төстік».

Лұғат

Жырынды – 1) жырылып қалған, бөлек тұрған; 2) айлакер, тәсілқой, тәжірибелі; 3) әккі, қу, алааяқ, залым. *Бұл жерде:* екінші мағынада.

Бопса – 1) сес, қоқан-лоқы; 2) өзінің артықшылығын қарсыласы алдында паш ету арқылы көрінетін психологиялық дайындық; 3) жария етіледі деу арқылы қандай да бір әрекетке мәжбүрлеу; 4) *көне сөз:* әскерді аттансыққа шақыратын керней; 5) көңілшек, тез көнгіш, жігерсіз. *Бұл жерде:* алдау-арбау дегенге келеді.

Зүбәржат (изумруд) – 1) сарғыш түсті рең беретін жасыл келген мөлдір минерал, яғни зергерлік тас; 2) бериллий кенінің бір компоненті.



1. Қайырболдыда осыншама мол ақша қайдан пайда болды?
2. Көк көйлекті қыз қандай тылсым күшке ие?
3. Қайырболдының өткен өмірі неден сыр шертеді?
4. Перінің қызы Бекторының Қайырболдыға келудегі мақсаты қандай?
5. Жұмбақ қыз Қайырболдыны алып келген жерді сипаттап беріңдер.



1. Жұпта төменде берілген тапсырмаларды орындаңдар:
 - а) «итке темір не керек» мақалының мәнін ашыңдар. Осы мазмұндағы басқа да мақал-мәтелдерді жинақтаңдар;
 - ә) Қайырболдының алтын жүзікті Аристарх Никанорович ұсынған бағаға сатқаны дұрыс болды ма? Қайырболды жүзіктің бағасын бағамдай алды ма? Жұпта осы жөнінде пікір алмасыңдар.
2. Ломбард қызметкері алтын жүзікке «Сиқыр арқылы жасалған алхимиялық алтын. Кәдімгі алтыннан екі жүз есе қымбат. ... жер бетінде өте сирек кездесетін гауһар. Зергерліктің тарихында бұндай асыл тас бір-екі ғана жерде айтылады» деген баға береді. Алтын жүзік құнының соншалықты қымбат болу себебін қарастырып көріңдер.

Алтын жүзік кімге арналып жасалуы мүмкін?	Алтын жүзіктің сиқыр арқылы жасалуын қалай түсіндіресіңдер?	Бұндай қымбат жүзікке қыздың қолы қалай жеті мүмкін?



Мифология дегеніміз не? Мифтік шығармалар қандай ерекшеліктерге ие? Қандай мифтік бейнелерді білесіңдер? Әңгімеге және мифтік шығармаға төн белгілерді ажыратыңдар. Бұл әңгімеде мифтік шығармаға төн қандай белгілер кездеседі? Шынайы өмір мен мифологияны киноластырудағы автор стилін анықтаңдар.

Талдау нысаны	Әңгіме	Мифтік шығармалар
Ерекшеліктері		
Автор стилі		

Тасжүрек Қайырболды



Көркем әңгімеде автордың негізінде бір ғана өзекті идеяны таңдап алғаны және оқиганы соның төңірегінде өрбіткені, қосалқы желілерге көп алаңдамағаны жөн.

Айқын НҮРҚАТОВ

Әке-шешеден ерте қалып, ата-әжесінің қолында өскен Қайырболды түнгі клубта көк көйлек киген сұлу бойжеткеннің біраз қарызданып қалғанына шыдамай, мәрттік жасап бір айлық жалақысының бетіне қарамай төлеп жібереді.

Бойжеткен жігіттің бұл ісіне ризашылық білдіріп, қолындағы сақинасын тастап кетеді. Әлемдік мұражайларда не каталогте тіркелмеген бұл жүзікті Аристарх Никанорович сегіз миллион долларға бағалайды. Даяшы жігіттің қолына түскен бұл сиқырлы жүзік оның өмірін түп-тамырымен өзгертіп жібереді. Ол аз болса, төрт айдан кейін іздеп келген Бекторыға Қайырболды Медеуге баратын жолдың оң қапталындағы қымбат аудандардың біріндегі үш қабатты үйге, бірнеше есепшоттағы мол қазынаға жүрегін қоса сатады.

Мол қаржыға әлемдегі алты құрлықта демалып, көзіне түскеннің бәрін сатып алып меншіктеніп үйренген Қайырболдының ес жиюына бір оқиға себеп болады. Машина жуып күнделікті күнкөріспен жүрген жас баланы жүргізушісі соғып кетеді. «Баланың бетіне үңілген Қайырболды кенет айқайлап жібере жаздап, өзін-өзі әрең тежеген. Бала бұның өзінен айнамайды екен! Әзер жүріп машинаның жанына келді». Тура осындай жасында совхоз директорының «Волгасы» өзін қағып кеткені есіне түскен Қайырболды баланы өлімнен арашалап анасына апарып табыс етеді. Баласымен зарлап көріскен жесір ананың жары өзі берген несиеден құтыла алмай пәтерінен, бизнесінен айырылғанын, соның салдарынан өмірден ерте өткенін естіген ол «баяғыдағы бес жүз мың несиені заңдастырып қолдарына ұстатады».

Осыдан кейін өзіне таныс зәулім үйге барып, бір кезде Бекторыға есепсіз қазынаға сатқан жүрегін қайтарып алады. Сиқырлы жүзікпен бірге келген бар дүниесінен бір сәтте айырылған Қайырболды сегіз жыл іздемеген ата-әжесін іздеп барғанда атасының төрт жыл бұрын дүние салғанын естіп әжесімен кешу айтысып табысады.

Автор түсінде көрген осы оқиға арқылы Бекторының сиқырлы жүзігі секілді ақшаның буымен туған-туысын, ата-анасын ұмытқан дүниеқоңыздарды, зәулім сарай салдырып адамгершіліктен айырылған парақорларды, жүректен айы-

рылған имансыздарды, ақшаның соңына түскен арсыз замандастарын сын тезіне алады. Көркем әдебиеттегі замандас бейнесі жөнінде Мұхамеджан Қаратаев: «Осы заман тақырыбы, осы замандық рух, осы заман адамы деген мәселе қашан да шынайы көркемөнердің өзегі болғаны аян»¹, – деген болатын. Жазушы осылайша мифологиялық кейіпкерді өзі өмір сүріп отырған қоғамның кері кеткен келеңсіздіктерін сынау үшін пайдаланған.



– Мен сізден шаршадым, – деді Қайырболды, – қорыққаннан шаршадым.

– Қорқатын себебің – сенде жүрек жоқ, – деді Бекторы.

– Менің жүрегім ешқайда кеткен жоқ, – деді Қайырболды тұр-шігіп, – өзімде.

Бекторы сәл үнсіз қалды.

– Қазақта қорқақ адамды жүрегі жоқ адам дейді, менің айтайын дегенім осы ғана, – деген содан соң. – Өрине, сенде жүрек деп аталатын нәрсе бар. Бірақ сендегі жүрек тек қанды ары-бері айдайтын мүше ғана. Ертеңгі күнді ойлап сарғайған, бітпес үрейден әбден жансызданған бір жапырақ ет қана.

– Осы адамның жүрегі деген қызық нәрсе, – деген тағы да Бекторы.

– Өзі бар, өзі жоқ. Өзі жоқ, өзі бар.

– Сөзіңіз жұмбақ, – деді Қайырболды. – Бірін түсініп, бірін түсінбей тұрмын.

Бекторы көңілсіз жымыды.

– Айтайын дегенім, жүрек бар болғанда – жоқ. Ол өзі жоқ болғанда ғана бар.

Қайырболды Бекторының жүзіне таңдана қараған.

– Мысалы, осы сені-ақ алайықшы. Сен өзіңмен бірге даяшылықта жүрген қызды сүйесің. Есің кете сүйесің. Өрбір жүрген жүрісің, әр сөйлеген сөзің тамашалап елжіреп тұрасың. Бірақ сөз айтуға батпайсың. Себеп? Себеп кеудеңдегі жүрек деп аталатын зиянды мүше айтқызбайды асықтық сөзіңді, яғни жүрегің бар, бірақ жоқ. Мысалы, талай рет өлі жеткен адамдар көшеде саған тілі тиді, қиянаттап кетті. Өзің жұмыс істейтін түнгі ресторанда бай клиенттер талай рет қорлап, жәбірлеп кетті. Сен осының бірде-біреуіне жауап қата алмадың. Неге? Өйткені кеудеңдегі жүрек деп аталатын түкке де керегі жоқ нәрсе тіліңді байлады, айтқызбады. Яғни, жүрегің өзі бар, өзі жоқ. Сенің басыңнан өткен азғантай өмірің – кеткен есе мен кек, тапталған арманның тарихы.

Тірек сөздер

шаршау
жүрек
даяшы қыз
есе мен кек
фөни дүние
мәрмәр жүрек
сөредегі жүректер
байлық
келісім
салтанат бөлме
тойлау

¹ Қаратаев М. Осы заман. Замандас образы. Кітапта: Таңдамалы шығармалар. 3 томдық. 2-том. Алматы: Жазушы, 1974.

Бекторының бет қаратпай сөйлеген сөзінен есеңгіреп қалған Қайырболды қабырғаға сүйенген.

– Ешкім де... менің ішімді... бұлай ақтармап еді.

Тағы да үнсіздік орнады.

– Ал сол жүректі... бар қылу үшін не істеу керек? – деді бір кезде Қайырболды.

Бекторы шорт кесті.

– Бар қылу үшін ол жүректі жоқ қылу керек!

Қайырболды Бекторыға бұрылған.

– Яғни...

– Яғни, ол жүрегіңді маған беруің керек, – деді Бекторы.

– Қалайша? – Қайырболды тағы да аңырып қалған. – Мен өліп қалмаймын ба?

– Ұғыспадық, – деді Бекторы, – біз қазір фәни дүниеде тұрған жоқпыз. Осыны қалай түсінбейсің.

– Сонда біз қайдамыз? – деді Қайырболды. – Мына үй... мына байлық...

– Сен осы үйдің табалдырығын аттағанда-ақ фәниден кеткенсің, – деді Бекторы. – Сен қазір өңіңде емессің. Анықтап айтатын болсам, біз қазір сенің түпсанаңда отырмыз.

– Ішімде осынша салтанат бар екеніне ешқашан сенбес едім, – деді Қайырболды даусы дір етіп.

– Сендер, адамдар өздеріңді өздерің білмейсіңдер. Түк те білмейсіңдер. Осы бүкіл дүние, не керектің барлығы, бүкіл ғарыш өздеріңде екенін, өздеріңнің іштеріңде екенін білмейсіңдер, – Бекторы тақау келді. – Сонымен, жүрегіңді маған бересің ғой?

– Ал орнына? – деді Қайырболды.

– Ал орнына мәрмәр жүрек салып берем, – деді Бекторы. – Мен сенің жүрегіңді кеудеңнен ауыртып алайын деп жатқам жоқ. Мәрмәр жүрекке келіссең болды. Сол сәтте жүрегің өзінен-өзі маған көшеді.

Бекторы сөрелерді аралап кетті.

– Міне, қара. Мынау өзің білетін адамдардың жүректері. Мынау сен жұмыс істейтін ресторанның бастығының жүрегі.

Қайырболды қыздың соңынан еріп отырып қайран қалғаннан танбады. Банкілерде әлдебір сұйықтың ішіне салынған жүректер. Бекторы иелерінің аттарын атап келе жатыр. Қайырболды өзі танитын бірнеше кеденші офицерлердің, полиция қызметкерлерінің, жұмыс бабымен алдарына барған тағы да талай үлкен шенеуніктердің жүректерін көрді. Олардың адамға деген аяусыздығының, зорлық-зомбылықтарының сырын енді түсінген. Адамдардың бір-біріне неге қиянат жасайтынын ұққан.

– Міне, барлығының жүрегі осы жерде деуге болады, – Бекторы

сөрелерді негімен нұсқады. – Мәрмәр жүрек ыңғайлы. Бірді-екілі адам болмаса, өзінің тірі жүрегін іздеп келген ешкім жоқ.

– Барлығы болғанда қалай? – деді Қайырболды. – Бұл жерде қанша адамның жүрегі тұр?

– Өлмисақтан, дүние жаратылғаннан бергі адамдардың барлығының жүрегі, – деді Бекторы. – Бүгінде көзі тірі адамдардың барлығының жүрегі осы жерде десе болады. Сен сияқты азғантай ғана адам өз жүректерімен жүр.

– Ал өз жүрегіммен қалсам ше? Жүрегімді сізге бермесем ше? – деді Қайырболды.

– Өзің білесің, – деді Бекторы, – өз қалауыңша. Байырқа мен байлықта болғың келсе, жүрегіңнен құтыл. Бүгінгі бостандық, бүгінгі азаттық пен еркіндік – ақшада. Азат болғың келсе, ерікті болғың келсе, жүрегіңнен құтыл. Ал қалған күніңді кіріштарлықта, құлдықта өткізгің келсе, осы жүрегіңмен қал. Қайталап айтайын, бәрі де өз қалауыңда.

Қайырболды қинала ойланып тұрып қалды.

– Түсінем, – деді Бекторы, – мүрсат берейін. Шыға тұрайын.

Бекторы шығып кетті. Қайырболды екі қолымен шекесін сығымдап, меңдейіп қанша отырғанын білмейді.

– Ата-бабаның аруағы, көмектессеңдер қайда қалдыңдар, – деді ақырында тістеніп. – Міне, мен аяныңды, жәрдеміңді күте-күте шаршаған жетім қозы өз несібемді татуға кеттім.

Содан соң есікке қарап қатты дауыстаған.

– Бекторы, мен дайынмын!

– Келісетініңді білдім ғой, – деді Бекторы кіріп келе жатып.

– Не істеу керек? – деді Қайырболды.

– Ештеңенің де керегі жоқ, – деді Бекторы. – Келіссең болды.

Қайырболды оң қолын кеудесіне қойды.

– Келістім.

– Жеткілікті, – деді Бекторы, – жүрегің менде.

Екеуі салтанат бөлмесіне қайтып келген.

– Менің үмбетім болдың, – деді Бекторы. – Енді біз осыны тойлап көңіл көтереміз...

Лұғат

Байырқа – араб сөзі: тыным табу, жай табу, байыздау.


Үмбет – діни сөз: Хақ дінінің біріне мойынсынған, бағынышты, оның пайғамбарының соңынан ерген қауым. Бұл жерде: ауыспалы мағынада менің айтқанымнан шықпайтын болдың деген.



1. Бекторының адам жүрегіне берген бағасын айтып беріңдер.
2. Құтыдағы жүректерге қарап қандай қорытынды жасауға болады?
3. Бекторы адам баласының түпсанасын қалай сипаттайды?
4. Мәрмәр жүрек қандай күшке ие?
5. Қайырболдының таңдауы оның болашағына қалай әсер етуі мүмкін?



1. Бекторы өз жүректерін мөрмөр жүрекке ауыстырғандар туралы қандай пікірде? Бұндай мөрмөр жүрек иелерінің саны қазіргі қоғамда қаншалықты көп? Әлде ет жүрегін айырбастамайтындар саны басым ба? Таразыға салып, тұжырым жасаңдар.



2. Қайырболдының мөрмөр жүректі таңдағаннан кейінгі өмірін елестетіп көріңдер. Бұрынғы Қайырболды мен мөрмөр жүректі Қайырболды диалогін құрастырыңдар. Қандай өзгерісті байқадыңдар? Диалог барысында өңгімедегі кейіпкерлер сөзінен үзінді қолданыңдар.
3. «Байырқа мен байлықта болғың келсе, жүрегіңнен құтыл. Бүгінгі бостандық, бүгінгі азаттық пен еркіндік – ақшада. Азат болғың келсе, ерікті болғың келсе, жүрегіңнен құтыл» деген Бекторының сөзін теріске шығарып, оған үш дәлел келтіріңдер.

«Азаттық, еркіндік ақшаға тәуелді емес»	1-дәлел
	2-дәлел
	3-дәлел



Шығармадағы кейіпкерлер тіліне талдау жасаңдар. Кейіпкерлердің сөзқолданысынан олар өмір сүрген дәуірдің, қызметінің ықпалы көрініс табады ма?

Талдау нысаны	Қайырболды	Бекторы	Сәрсен	Аристарх Никанорович
• Сөзқолданысы • Кәсібі				

Қайырболды мен бала



...фольклорлық сюжеттер, сарындар, бейнелер прозаға сол қалпында тасымалданбайды, оны дарынды жазушы әбден өңдеп, өз шығармасының көркемдік-эстетикалық талаптарына бағындырып қолданады.

Ақеділ ТОЙШАНҰЛЫ

Түсінде Қайырболды болып оянған Сағындық Тілешевті ертеңіне Бекторы іздеп келеді. Түсінде көрген сұлуды жазбай таныған жігіт қызды «Алматы» мейрамханасына ертіп келіп әңгімелеседі. Көбінде авторлар өзінің айтпақ ойын кейіпкер аузына салып, кейіпкер сөзімен жеткізеді. Бұл жерде де жазушы өз ойын Бекторының аузына салып отыр. Адамзат баласының ненің жақсы, ненің жаман екенін біле алмай жолдан адасқаны, көңілі дариядай қазақтың пейілі тарыла бастағаны – өмір шындығы. Осылай кете беретін болса, адамзат баласы өз жолынан адасатынын ойлаған автор Қайырболдының өмірі арқылы қоғамдағы шешуін күтіп тұрған өзекті мәселені көтереді. Барды да, жоқты да көрген адам ғана дүниенің парқын түсінетін болса, Сағындық алдағы уақытта Қайырболды жіберген қателікке бармайтыны рас. Автор «Перінің қызы Бекторы

қазаққа әманда керек» деген түйін жасайды. Себебі ол – адасқанға жол көрсетіп, құдайын ұмытқанды иманына келтіріп отыратын періште. Осындай періштелер болмаса, адамзат баласы жолдан адасып, дүние-боқтың құлына айналады. Осы ойымызды М.Әуезовтің мына пікірі растайды: «Жазушы қаламынан туған барлық асыл бұйым атаулыны алсақ, әр кітаптың тамыр төркіні ең алдымен жазушының өзінің жанынан терең орын алған күйлерден туады»¹. Сағындық пен Бекторының кездесуі елес болғанмен, сол елес оқырманға ой салуы тиіс. Көркем шығарманың міндеті – оқырманға ой салу болса, Т.Әсемқұлов – аталған әңгімесімен оқырманға ой сала білген жазушы.



Бұлар бір жағына жантайып жатқан қақпаны ашып кіріп келгенде, аулада самауыр тұтатып жатқан кәрі әйел қолындағы кернейді жерге түсіріп алып, аузы ашылып тұрып қалған. Содан кейін келіп баланы бас салған.

– Жарығым-ау! Құлыным-ау! Қайда жүрсің! Асылым! Мен сені іздедім ғой! Айырылдым деп жыладым ғой! Жылай-жылай көзім суалды ғой!

Көршілер жиналып қалды. Ауланың сыртында тұрған алтынмен аптаулы машиналарға, қымбат киінген бір топ адамға, көрісіп жылап жатқан ана мен балаға қарап аң-таң. Бір ақсақал адам:

– Әй, Жұмағайша, қой енді. Балаңның тірі екеніне қуанбайсың ба? – деп басу айтқан. – Мына адамдарды қаңтарып тұрғызып қойғаның не? Үйге кіргісейші.

Жұпыны үйде кешке дейін қонақ болған.

– Баламды аман алып қалыпсыз. Рақметтен басқа не айтайын сізге, – деген Жұмағайша қоштасарда. – Бар болсам, ат мінгізер едім. Батамен алқағаннан басқа не келеді қолдан.

– Рақмет, ештеңенің керегі жоқ, – деді Қайырболды. – Одан да мен қолғабыс қылайын сіздерге.

Ертеңіне кабинетке Сәрсенді шақыртты.

– Анау әйелдің бүкіл жағдайын білші, қандай көмек керек екен, қалай көмектесуге болады, – деген досының бетіне қарап отырып. – Екі күнде осы шаруаны тындыршы.

– Шеф, оның білетін ештеңесі жоқ, – деді Сәрсен. – Анықтап та қойдым. Бұл баяғыда, осыдан төрт жыл бұрын бізден кредит алып күйіп кеткен адам. Соның үйелмені. Әйелі, балалары.

– Ол кім? – деді Қайырболды. – Бізден кім несие алмады. Қайсысы есте қалды дейсің. Оның үстіне, мен кейіннен ірі кредит алатындармен ғана кездестім ғой.

Тірек сөздер

кәрі әйел
жылау
көршілер
жұпыны үй
рақмет айту
кредит
кешіле қою
бала
бәрін қайтару
ұйықтамау
таныс жол
күрдым
қайтару
табысу

¹ Әуезов М. Өмір мен шығарма. Кітапта: Қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері. Алматы: Қазақмекрөкмедеббас. Алматы, 1957.

– Есіңізде болар, ақ шашты, ашаң келген адам. Несиені қайтаруды кешеуілдетсеңіздер деп келген...

– Одан кейін не істедік? – деді Қайырболды.

– Не істеуші едік? – деді Сәрсен. – Кепілге қойған үйін, бизнесін, бәрін алдық.

Қайырболдының санасында бір қақпақ сарт етіп ашылғандай болды. Ақ шашты жүдеу адамның неше ай тұрып бұның қабылдауына өзгерілінгені, осы кабинетте тұрып қалай жалынып-жалбарынғаны, өзінің ол адамды алдап шығарып салғаны, бәрі есіне түскен.

– Бес жүз мың доллар алған. Бәрін ет бизнесіне салған. Бір үйір жылқы алып бақтырып қойған. Содан соң аяқастынан жұт болып, малы қырылып қалған. Міне, сол себепті саған жолығуға келген ғой, – Сәрсен орнынан тұрып, терезенің жанына барды.

– Өлсіз адам ғой, – деді сөзін жалғап. – Пәтерінен, бизнесінен айырылғаннан кейін көп ұзамай қайтыс болған. Әйелі, бала-шағасы қаладан ауылға көшкен. Тұрмыстарын өзің көрдің ғой. Анау әйел сені танып отыр. Тек көңіліңе қарап ештеңе демеді. Оның үстіне, баласын өлімнен алып қалдың.

– Ол баланы өлімнен алып қалған мен емеспін, – деді Қайырболды. – Көресі жарығы бар деген сөз. Одан кейін, ол дәрігерлердің еңбегі.

Орнынан тұрып, кабинетті ары-бері кезіп ұзақ үнсіз жүрді. Үстелге екі жұдырығын тіреп күрсініп тағы тұрды.

– Былай істейміз, – деді... – Ересек, көмелетке толған баласы бар ма?

– Иә, – деді Сәрсен, – бар.

– Бүкіл бизнесін қайырып беру керек, – Қайырболды орнына отырып, тез-тез жарлық бере бастады. – Бізге кеткен пәтеріне парапар пәтер алып беріңдер. Қаладан. Содан соң баяғыдағы бес жүз мың несиені заңдастырып қолдарына ұстатыңдар. Содан соң...

– Шеф, бір отбасына осының өзі жетіп артылатын игілік, – деген Сәрсен. – Осымен тоқтайық.

– Жарайды, – деді Қайырболды, – осы шаруаларды тындыр. Тағы да тілектері болса, көре жатармыз.

...Үйге келгеннен соң кабинетке төсек салдырды. Бірақ ұйықтамады. Көер таңды көзбен атқызған. Балалық шағын, түрін көре алмай кеткен әкесі мен шешесін, бар-жоғы белгісіз атасы мен әжесін, соңғы аласапыран сегіз жыл өмірін ойлады. Таңертең тастүйін бекінген. Шайын баппен асықпай ішті. Жақсылап қырынып, душ қабылдады. Мұздай киінді. Содан соң машинаға мініп тауға қарай тартқан.

Таныс жолмен жүріп отырып іздегенін тез тапты. Зәулім үйдің бөлмелерінде тырс еткен дыбыс жоқ. Сол баяғы байлық пен салтанат. Залда жасаулы дастарқан. Ештеңеге қол тигізген жоқ. Дәлізбен жүріп, жерасты ұраға келді. Қызыл ағаштан шапқан есік дыбыссыз ашылды.

Қайырболды жап-жарық бөлмеге кіріп, қабырға бойлай созылған сөрелердің жанына тақаған.

– Келдің бе? – деді таныс дауыс.

Қайырболды селт еткен жоқ. Жаймен бұрылды. Бекторы.

– Иә, келдім, – деді.

Даусы сезімсіз шықты.

– Білгем, – Бекторы елжірей жымиған, – қайтып келген санаулы адамның бірісің. Сол үшін ризамын.

– Мыналар ешқашан қайтпайды, – Иегімен сөрелерді меңзеді. – Жүрексіз жүрген ұнайды екен. Жүрексіз жүргеннен шаршамайды екен, жалықпайды екен. Құрдымның шетінде тұр. Ал көбі құрдымға баяғыда құлап кеткен.

Кенет жер-дүние солқ ете қалды. Қайырболды жан-жағына қараған.

– Бұл келе жатқан апаттың белгісі, – деді Бекторы.

– Ненің апаты? – деді Қайырболды үрейленіп.

– Жанның, рухтың, иманның апаты, – Бекторы Қайырболдының жанына келді.

– Бекторы, уақыт өтіп бара жатыр, – деді Қайырболды.

Бекторы алақанын Қайырболдының кеудесіне тигізді.

– Міне, қайтардым.

Сол сәт Қайырболдының бойын баяғыда ұмыт болған сезімдер кернеп жөнелген. Қуаныш та, қайғы да, сүйініш те, қамрық пен мұң да бар еді қайтып келген түйсікте.

...Сыртқа шыққан Қайырболды машинасын көре алмады. Артынша үстіндегі өзінің бұрынғы қарапайым киімін танып, бәрін түсініп, рақаттанып тұрып күлген. Содан соң Медеудің жолымен төмен қарай асығып жөнелді Алматыға.

Ол кейін әжесімен кешу айтысып табысады, атасының төрт жыл бұрын дүниеден қайтқанын естіп қайғырады, ақырында өзі сүйген қызға жүрегі дауалап, асықтық сөзін де айтады. Бірақ бұның бәрі кейін болады. Ал қазір ол Алматыға, өзінің Алматысына асығып бара жатыр еді.

Лұғат

Керней – 1) темір пештің, самаурынның түтінін тартқызу үшін қаңылтырдан ішін қуыстап жасаған бұйым; 2) мойнын ұзынша етіп, жезден жасаған үрмелі музыкалық аспап. *Бұл жерде:* бірінші мағынада.

Үйелмен – үйелмелі-сүйелмелі, яғни бір-бірімен тетелес тумаластылар. *Бұл жерде:* тұтас отбасы деген.

Құрдым – 1) өзеннің құмға сіңіп, жоқ болып кететін аяқ жағы, соңы; 2) теңіз, мұхиттағы түпке үйірін тартып кететін тұңғиық шыңырау. *Бұл жерде:* ауыспалы мағынада қайтыс болуды, өлуді айтып тұр.

Кешу айтысу – 1) адамның өлер алдындағы қоштасуы, кешірім сөзі; 2) кешірім. *Бұл жерде:* кешірім сұрап, қайта табысу, яғни бір-бірін кешіру.



1. Көлік қағып кеткен бала Қайырболдының кімі болып келеді?
2. Қайырболды баланың отбасына неліктен осыншама көмек қолын созды?
3. Шығармада баланың отбасы туралы қандай мәліметтер берілген?
4. Бекторы Қайырболдының ұсынысын қабыл алды ма?
5. Қайырболдының шешіміне қатысты қандай пікір білдіресіңдер?



- 1-топ. Тасжүрек Қайырболдының бойында орын алған өзгерістерді тізіп жазыңдар. Бұл өзгерістерге әсер етуші факторларды көрсетіңдер.
- 2-топ. Адам баласының болмысына үңілген Бекторы жүрекке қатысты қандай тұжырым жасайды? Бұл мәселеге қатысты өздерің де қорытынды шығарыңдар.
- 3-топ. Біз өмір сүріп отырған қоғам келбетін көрсете отырып, жазушы қандай құндылықтарды дәріптейді? Бұл жалпыадамзаттық құндылықтардың адам өміріндегі маңызын түсіндіріңдер.
- 4-топ. Қайырболды тұпсанадағы өмірінен неге бас тартты? Бұл жағдай Сағындықтың басынан өтсе, ол бас тартушы ма еді? Дәлелді жауап беріңдер.



- 1-топ. Абайдың «Масғұт» поэмасындағы кейіпкерге ғайыптан бір шал кезігіп, үш жемістің бірін таңдауын сұрайды. Осы сюжетті «Бекторының қазынасымен» салыстырыңдар. Кейіпкерлердің таңдауына қарап қандай ой түюге болады?

«Масғұт» поэмасы	«Бекторының қазынасы» өңгімесі
Тұжырым:	

- 2-топ. Ж.Әскербекқызының «Перінің қызы Бекторы» өлеңімен танысыңдар. Лирикалық кейіпкер бейнесіне талдау жасаңдар. Автор пері қызын неліктен жақтайды? Өлеңде Бекторы мифтік образ ба, әлде реалистік сипатқа ие ме? Бұл Бекторының өңгімедегі Бекторыдан айырмашылығы қандай?

<i>Пендеге айтпа өкпені, Перінің қызы Бекторы. Қайтесің мыстан-пигылды, Тәңіріңе сиын көктегі.</i>	<i>Шаңына көміп кетті ме, Шалқұйрық мінген бір жігіт. Сорқұдық кімге сор мекен, Сорлы жер, сірә, шерге тең. Төстіктей ерді қай күні Шыққыр да көзің көрді екен?!</i>
<i>Сынықси күлмей сыр бұгіп, Көрсеттің несін сұм қылық.</i>	

- 3-топ. Бейбіт Сарыбайдың «Перінің қызы Бекторы» өңгімесіндегі Бекторы бейнесіне сипаттама беріңдер. Автор шығармасында Бекторы образын қандай мақсатта қолданған? Екі өңгімедегі Бекторы қыз бейнесі үндестік табады ма? Екі Бекторының ұстанымын анықтаңдар.

- 4-топ. Үш топтың жауабын саралап, «Қазақ әдебиетіндегі Бекторы бейнесі» тақырыбында қорытынды ой айтыңдар.



- «Дүниеге жамандықтан не пайда демексің ғой. Жанында жамандық тұрмаса, жақсылықтың жақсылық екенін қайдан білесің. Қарсысында жалған мен өтірік тұрмаса, ақиқаттың ақиқат екенін нендей тиянаққа сүйеніп білдің?» деген ойды жалғастырып, әдеби эссе жазыңдар.

Сағындық пен Бекторы



Мазмұн мен форма бір-бірімен жымдасып, қабысып, бірін-бірі жүзеге асырып отырған жағдайда ғана шығарма шын жағынасындағы көркем шығарма болады.

Мырзабек ДҮЙСЕНОВ

Әңгіменің шешімі – Сағындықтың Қайырболдыны іздеп келуі. Өңі мен түсі араласып кеткен Сағындық түсіне кіріп, өзін мазалап жүрген жігітті жұмысына іздеп келеді. Келсе, ондай жігіт соңғы отыз бес жылда бұл мейрамханада жұмыс істеген емес. Сенерін де сенбесін білмеген журналист: «Сен пері емессің – періштесің! – деген, самаладай жарқыраған Алматының түнгі көшелерін тамашалап келе жатып. – Жаса, Бекторы!» – деп түсінде жол көрсеткен перінің қызына ризашылық сезімін білдіреді.

Әңгіме: «Мен заманымда кедейлікті де, байлықты да көрдім. Басыма нелер келіп, нелер кетпеді. Кедей едім. Кедей болсам да көңіліммен бай едім. Бай болдым. Бай болсам да – кедей болдым. Ақшасы көп қайыршы болдым. Тастан сарай салдырдым, алтынды уыстап шаштым. Бірақ кеудемдегі жүрегім де тас еді. Міне, мен қазір ешкімнен артық та емеспін, кем де емеспін. Тіршілігім бір басыма жетеді. Есесіне кеудемде тірі жүрегім бар. Көңілімде адамдарға деген құрмет пен ықылас-пейіл бар...»¹ – деп кейіпкер монологімен аяқталады.

Иә, қазақта «Кедей бай болсам, бай құдай болсам дейді», «Дүниенді алса да, пейіліңді алмасын», «Кедей мәрт келеді» т.б. мақалдар бар. Мыңғырған малы болғанмен шықбермес Шығайбайлар, қолында артық дүниесі болмаса да пейілі кең Атымтай жомарт жандар төңірегімізде қаншама. Адамзат баласына жақсы мен жаманды, бар мен жоқты бағалауды үйрететін «Перінің қызы Бекторы» ХХІ ғасырда өмір сүріп отырған замандастарымызға керек-ақ. Жазушы ертегі кейіпкерін бүгінгі заманға сай жаңаша пайдалану арқылы осы заманның кемшілігін көрсете білді.



Сағындық оянғаннан кейін көрген түсін пайымдап, өзінің кім екенін есіне түсіре алмай ұзақ жатқан. Қызық деді мырс етіп.

Мен неге түсімде басқа адам болдым. Басқа адам болғанына, Қайырболды деген адам болып өмір кешкеніне зәредей күмән жоқ, себебі сол адам болып туғанына, басында сол тағдырдан басқа тағдыр болмағанына имандай сенді. Себебі ол жерде Сағындық деген адам жоқ еді. Атымен жоқ еді. Бұл дүниеге жаратылмағандай. Бірақ мен басқа адаммын ғой деді қайран қалып. Неге түсімде менің өмірімнен ешқандай нышан жоқ. Неге Қайырболдымын. Неге ресторанда қызмет қылатын даяшымын. Мен Сағындық Тілешев, шындығында, қазақ теледидарында қатардағы тележурналист-редактор болып қызмет етпеуші ме едім.

Бір шыны кофе ішіп, жұмысқа аттанды.

Келе сала күнделікті қарбаласқа кіріп кеткен. Түстің шамасы еді. Көшеге шығып келген қызметтес қыз редакцияға даурығып сөйлеп кірген.

– Әй, Сағындық, фойеде сені бір қыз тосып тұр. Такая красавица. Еркек түгілі әйел ғашық болғандай.

Сағындық шашын асығыс түзеп жіберіп, сыртқа беттеді. Теріс қарап тұрған қызды бірден таныған. Селт еткен жоқ, қорыққан жоқ.

¹ Әсемқұлов Т. Шығармалары. 2-том. Проза. Киноромандар. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2016.

Тірек сөздер

түс
тағдыр
тележурналист
бір қыз
жамандық
жақсылық
Бекторы
адамзат
періште
міндет
екі түрлі пәктік
пейіл
бөгденің тағдыры
бауырмал
қолын бұлғау

– Амансыз ба, Бекторы.

Бекторы бұрылып, жылы ұшырай күлген.

– Амансың ба, Сағындық.

Екеуі сыртқа шықты.

– Қайда барамыз? – деді Сағындық.

– Кавалер деген атың бар емес пе? – деді Бекторы.

– Осы маңайдағы бір кафеге барайық.

– Қарсы болмасаңыз, «Алматы» ресторанына барайық, – Сағындық қызға қолын ұсынған.

Күн едәуір ыстық болғанымен, ресторанның іші салқын екен. Даяшы дастарқан мәзірін алдарына қойып, кетіп қалды.

– Мен шай ішсем болады, – деді Бекторы.

Сағындық жеңіл-желпі тамаққа тапсырыс беріп... орнығып отырды.

– Сенің күйіңді түсінем, – деген Бекторы аз үнсіздіктен кейін. – Менің іздеп келіп саған жолығуым, одан кейін басыңнан өткен өткелек – бұның бәрі ақылыңа өзер сыйып тұр. Сұрақ сұрауға бойыңдағы туабитті мәдениетің жібермейді. Сол себепті барлығын мен өзім айтып берейін.

Бекторының даусы қолсозым жердегі жұмыр тастан қаланған бұлақтың сылдырымен жарасып, ертегідей тербеп жөнелген.

– Адамзат өзінің осы жолға қалай түскенін, бүгінгі күйіне қалай жеткенін білмейді. Себебі ақылы кеміс. Адамзат бүгінгі ахуалына бір күнде келген жоқ. Және адам, инсан, әлмисақтан арғы көне дүниеде мүлдем басқа болған. Ақ пен қара, жалған мен ақиқат, жамандық пен жақсылық дегенді сендердің миы ауысып кеткен философтарың ойлап шығарған. Дүниеде өз бетінше тұрған жамандық яки жақсылық болмайды. Қандай да болсын сөз яки іс өзінің айтылуының немесе тындырылуының ыңғайына қарай жаман я жақсы болып шығуы мүмкін. Ақылды тәуіптің тілектестікпен айтқан өтірігі ауруға шипа болады. Осыны өтірік деп көрші. Өлемдегі ең ізгі деген ақиқат, антұрған мұнафиқтың аузынан шыққанда былғаныш кептегі жалған сөз болып шығады. Бұдан кейін оны қалай ақиқат санайсың.

Бүгінде сендер жамандық, өтірік, жалған деп санайтынның барлығы көне дүниеде жақсылықтың, шындық пен ақиқаттың жартысы, соларға апаратын жол саналған. Сендердің ұғымдарыңдағы жын менен пері, шайтан мен шерәлі, өзөзіл көне дүниеде ізгілік жолындағы періште атаулының сыңарлары болып саналған. Ол кездегі адам құр сөзге емес, нақты іске сенетін, істі ғана шын сөз санайтын. Көне адамның ойы, сөзі және ісі бір жерден шығатын. Құдайдың сөзі мен ісі сияқты. Содан кейін жерді ғана емес, бүкіл болмысты астан-кестен еткен сұмдық апат келді.

Бекторы алдына қойылған шайдан бір ұрттап, аз үнсіз қалды.

– Ол не апат? – деді Сағындық. – Қайдан келген?

Бекторы мұңая жымыған.

– Аспанның сырын кім білген. Бұл зауалдың неліктен келгенін, болмыстың қай түкпірінен бізге қарай атылғанын күні бүгінге дейін ешкім айтып бере алмайды. Өйтеуір келді, бәрін күйретті де кетті. Адам періштеге теңескен ізгі еді, иманды еді, ақылы қиырдағыны шалатын кемел еді. Бірақ осы әлемдік, ғарыштық апаттан кейін адамзат бақытсыз болып қалды. Ақылы кеміс, жарымжан болып қалды. Кеміс ақыл зорлық-зомбылыққа әкелді. Осының бәрі асқына келе ақырында бүгінгі кенеусіз қиянатқа ұласты. Осының салдарынан, біз, адамның көкірегіне, көңіліне періштемен қатар, тең ұялаған біз – перілер, жындар соңында жамандық иесі болып шықтық. Алайда біздің атымыз өзгергенмен, затымыз өзгермеді. Жаратқан ие мойнымызға артқан міндетті адал атқарып келеміз.

Бекторы жалт етіп Сағындыққа бір қараған.

– Не айтқың келгенін түсінем. Дүниеге жамандықтан не пайда демексің ғой. Жанында жамандық тұрмаса, жақсылықтың жақсылық екенін қайдан білесің. Қарсысында жалған мен өтірік тұрмаса, ақиқаттың ақиқат екенін нендей тиянаққа сүйеніп білдің. Жолдың серті – адасу, адасып барып түзелу. Екі түрлі пәктік бар. Біреуі – анадан туғандағы, күнә мен зина, қиянаттан бейхабар, тәжірибесіз, мінезсіз пәктік. Екіншісі – бұл дүниенің барлық сатыларынан қан кешіп жүріп өткен, өтсе де лайланбай қалған пәктік. Адам болып қалам десең, осының бәрінен өтуге, осының бәрін көруге міндеттісің. Міне, осы қасіретті өткелектің бәрінен өткізетін – біз, жындар, перілер.

– Сөзіңіз асыл, Бекторы, – деді Сағындық төмен қараған күйі. – Тек бір ғана түйткіл бар. Мен неге басқа адамның кебін кидім, осы түсініксіз.

Бекторы шайын ішіп отыра берді.

– Айтайын, – деді содан соң күрсініп, – дүние барған сайын қиындап, адамдардың бір-біріне деген көңілі барған сайын суып барады. Қазақтан пейіл кетті. Бұрын жақсылығы асып-төгілген, төңіректегі жұрттың бәріне пана болып, шарапаты жеткен қазақ, енді өзіне қайырым қыла алмай отыр. Сен Қайырболдының тағдырын кештің. Қайырболды болып кедейшіліктің қорлығын да, байлықтың игілігін де көрдің. Асып-тасқан меймананың неге апарып соғатынына да көзің жетті. Сен өзің мүлдем танымайтын адамның тағдырына теліндің. Бөгденің тағдырын өз тағдырыңдай кешкендіктен, сен сол Қайырболдыны енді өзіңдей көресің. Ұрпақ ендігі жерде бір-біріне осындай бауырмал болмаса, өмір сүру қиын болады.

Бекторы орнынан тұрды.

– Аман бол, Сағындық.

– Бекторы, кетпеңізші, – деді Сағындық меңірейіп отырып.
 – Мені кетеді деп кім айтты, – деді Бекторы жымысып. – Мен сенімен ғана амандасып тұрмын. Өйткені саған енді менің керегім шамалы. Мен елден кетпеймін. Ешқашан да. Перінің қызы Бекторы қазаққа әманда керек.

Есікте бір сөт қана бөгеліп, қолын бұлғады. Содан соң басын биік ұстап, шығып жүре берген.

Лұғат

Инсан – араб сөзі: Алла тағала жаратқан саналы тіршілік иесі ретіндегі адам, адам баласы.

Әлмисақ – араб сөзі: атам заманғы, баяғы, ертеден, бұрыннан; 2) адамның алғаш сәждеге бас қойған заманы. Бұл жерде: бірінші мағынада.

Мұнафиқ – араб сөзі: сөзі бір басқа, ісі бір басқа, екіжүзді, яғни арамза, сөзі мен ісі үйлеспейтін адам.

Шерәлі – жын-пері, әзәзіл, шайтанның бір атауы.



1. Қайырболды мен Сағындық бейнесін не байланыстырады?
2. Бекторының Сағындықты іздеп келуінде қандай сыр жатыр?
3. Пері қыз өз миссиясын қалай түсіндіреді?
4. Сағындық Қайырболдыны неліктен іздеп келді?
5. Сағындықтың «Сен пері емессің – періштесің!» деген сөзінің мәнін түсіндіріңдер.



Бекторының Сағындық пен Қайырболды іс-әрекетіне қатысты ойын саралап, өз бағаларыңды беріңдер.

Бекторының пікірі	
Қайырболды	Сағындық



1. Шығарманың композициялық құрылысын анықтаңдар. Оқиға ішіндегі оқиғаның өңгімеде атқарып тұрған қызметіне талдау жасаңдар.

Басты оқиға



Оқиға ішіндегі оқиға

2. Жазушы монологімен танысып, өңгімедегі автор бейнесінің негізгі идеямен байланысын анықтаңдар.

Жазушы монологі	Өңгіменің негізгі идеясы
«Мен заманымда кедейлікті де, байлықты да көрдім. Басыма нелер келіп, нелер кетпеді. Кедей едім. Кедей болсам да көңіліммен бай едім. Бай болдым. Бай болсам да – кедей болдым. Ақшасы көп қайыршы болдым. Тастан сарай салдырдым, алтынды уыстап шаштым. Бірақ кеудемдегі жүрегім де тас еді. Міне, мен қазір ешкімнен артық та емеспін, кем де емеспін. Тіршілігім бір басыма жетеді. Есесіне кеудемде тірі жүрегім бар. Көңілімде адамдарға деген құрмет пен ықылас-пейіл бар...»	

3. Басты кейіпкердің бала кездегі көрген түсі мен есейгендегі түсінің арасындағы уақыт кеңістігінде орын алған оқиғалар тізбегін құрастырыңдар. Әдебиетте түс көру мотивінің алатын орны қандай? Түс көру кездесетін шығармаларды еске түсіріп, топта талқылаңдар.
4. Кейіпкердің бір әлемнен екінші әлемге өту процесі, уақытаралық кеңістікте сапар шегуі кездесетін шығармаларды, киноларды еске түсіріңдер. Шығыстың «Тотынама» дастанын қарастырсаңдар болады. «Шығармалардағы бір әлемнен екінші әлемге өту процесі» тақырыбында әдеби сын жазыңдар.



1. Өңгімедегі Сағындық бейнесін Бруно Травеннің «Макарио» шығармасындағы басты кейіпкер бейнесімен салыстыра талдаңдар. Екі шығармадағы үндестікті автор шығармашылығымен, стилімен байланыстыра отырып қарастырыңдар. «Кейіпкерлердің уақытаралық кеңістіктегі сапары» тақырыбында шағын сыни пікір жазыңдар.
2. «Ер Төстік» ертегісіндегі Бекторы бейнесі мен өңгімедегі Бекторы бейнесін салыстырып, кейіпкерлердің шығармадағы рөліне талдау жасаңдар.

Перінің қызы Бекторы бейнесі		
Талдау нысаны	«Ер Төстік» ертегісінде	«Бекторының қазынасы» өңгімесінде
<ul style="list-style-type: none"> • Кейіпкердің мақсаты, мүддесі • Кейіпкердің іс-әрекеті • Кейіпкер туралы халықтың пікірі 		

3. Өңгімені хрестоматиядан толық оқып, кейіпкерлерге қатысты мәліметтерді толықтырыңдар.

Кері байланыс: «Түртіп алу жүйесі»

Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» өңгімесін оқып, талдап, жоғарыдағы тапсырмаларды орындағаннан кейін, төмендегі жүйе бойынша өз жұмыстарыңа рефлексия жасаңдар.

«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Мен басқаша ойлаймын»	«Сұрағым бар»	«Білгім келеді»
+	!	-	?	???

ЭРНЕСТ МИЛЛЕР ХЕМИНГУЭЙ (1899–1961)



Аударма нәтижесінде оқушы сол халықтың өмір тұрмысымен танысады, жаңа мінездер ашады. Әдебиет те мұнан ұтады: идеялық, көркемдік жақтарынан үйренеді, өсіп-даму, жетілу жолындағы тәжірибесін байытады. Аударманың әдебиеттер байланысын, әрі халықтар туысқандығын күшейте түсетін фактор болатыны осыдан.

Мүсілім БАЗАРБАЕВ

Өмірі мен шығармашылығы. Эрнест Миллер Хемингуэй 1899 жылы 21 шілде күні АҚШ-тың Иллинойс штатындағы Оук-Парк қалашығында дәрігер отбасында дүниеге келген.



Кларенс Хемингуэй қыста отбасымен Оук-Парктегі үйінде болса, жазғы уақытын балаларының бойында табиғатқа деген махаббатты ояту мақсатында Валлун көлінің жағасында орналасқан «Уиндмир» деген иелігінде өткізетін. Бала Эрнест балық аулап, орман ішін аралап, көршілес үндіс тайпаларының балаларымен ойнауды жақсы көретін. Баласын кітап оқуға баулыған әкесі болашақта өке жолын қуып, медицина және жаратылыстану ғылымымен айналысса деген ойы болған. Содан ол түрлі кітаптарды бас алмай оқуды әдетке айналдырған.

Анасының музыка үйрету мектебіне беруімен шіркеу хорында өлең айтып, виолончель аспабында ойнады.

Мектеп қабырғасында жүріп оқушылар газетін шығаруы оның әдебиетке барар алғашқы баспалдағы болды. Мектеп газетіндегі «Байшыкештердің өмірінен» атты мақаласы Оук-Паркке танымал етсе, алғашқы әңгімелері «Тарихи орын» деп аталатын мектеп журналында 1916 жылы жарық көрді. Мектепті бітірген соң Канзас Сити қаласындағы «The Kansas City Star» газетіне жұмысқа тұрып, еңбек жолын журналистикадан бастайды. Оның қарамағына қаланың бас ауруханасы, вокзал және полиция бөлімшесі кірді. Жас тілші қаладағы оқиғаларға белсене араласып, түрлі кісілермен танысып, олармен араласып тұрды. Ол сол кезден кездестірген адамдардың іс-әрекеттерін, сөйлеу мәнерін барынша бақылап, тіпті жаттап алуға тырысатын. Санасында жиналған осы деректер кейін жазушы шығармаларының сюжеттеріне арқау болып, диалогтер мен детальдарын құрастыруға септігін тигізді. Газет редакторлары жас қаламгерді ойын дұрыс және нақты жеткізуге, стильдік шұбалаңқылықтардан арылуға үйретті. Сол кезде Хемингуэйдің өзіндік жазу стилі және әрдайым оқиганың ортасында болу дағдысы қалыптасты.

Жазушының алғашқы кітабы «Біздің дәуірде» деген атпен 1925 жылы жарық көрді. Оның есімін әлемге танытқан «Қош бол, қару» романы болды. Хемингуэй XX ғасырдың отызыншы жылдары «Бұқа мүйізі», «Фрэнсис Макомбердің қысқа бақыты», «Килиманджаро қары» т.б. туындыларын және қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтарды сынға алатын «Бар мен жоқ» романын жазды. Испан дәуірі жазушы шығармашылығының өрлеу кезеңі болды. Бұл тұста оның көптеген очерктері, репортаждары, «Бесінші колонна» пьесасы, «Қоңырау кімге соғылады?» романы жарық көрді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі біршама іркілістен кейін «Шал мен теңіз» т.б. туындыларымен қайтадан даңқ тұғырына көтерілді.

1926 жылы жарық көрген «Фиеста» әңгімесі – жазушының шоқтығы биік шығармасы. 1920 жылдары Франция мен Испанияда өмір сүрген жастардың «тамырынан ажырауы» туралы шығарма оқырмандардың оң ықыласына бөленді. 1927 жылы оның «Сұр бойдақтар», ал 1933 жылы «Жеңімпаз құр қол қайтты» деген әңгімелер жинағы жарық көрді. Осы кітаптары оны қысқа жанрдың шебері атандырды. 1929 жылы шыққан «Қош бол, майдан» романы (қазақшаға жазушы Құрманғазы Қараманұлы аударған) Э.Хемингуэйді әлемге танытты. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Америкадағы экономикалық қаржылық дағдарысқа қарамастан, кітапты дүкен сөрелерінен табу мүмкін емес еді. Жазушы 1930 жылы Испанияда болған азаматтық соғыс кезінде генерал Франкомен күрескен республикашылдарға қаржылай көмек те береді. Өз өмірінде бірнеше соғыстың куәсі болған жазушының шығармалары көбіне әділдік, азаттық, бостандық тақырыптарына арналды.

1954 жылы ұлы жазушы өзінің «Шал мен теңіз» (орыс тілінен аударған Н.Фабдуллин) атты ұлы шығармасы үшін Нобель сыйлығына ие болды. Эрнест Хемингуэй 1961 жылы ауыр науқас-тан қайтыс болды.



1. Жазушы болу үшін не қажет деп ойлайсыңдар?
2. Жазушы болғың келе ме?
3. Э.Хемингуэйдің қандай шығармаларымен таныссыңдар?
4. Жазушы өмірбаяны мен шығармаларын байланыстырып айтып беріңдер.

«Шал мен теңіз» повесі

Балықшы шал¹

Эрнесттің келешекте әлем таныған жазушы болуына әкесі Кларенс Эдмонт тікелей әсер еткені анық. Әкесі оны бала күнінен кітап оқуға, табиғатты сүйе, аңшылыққа, балық аулауға баулыды. Хемингуэй кішкентай күнінде алған әсерлерін арада біраз жылдар өткен соң өз шығармаларына арқау етті. Естеліктерінде 3 жасқа толғанда әкесі оған ең алғашқы қармағын тарту етіп, өзімен бірге балыққа алып шыққаны туралы айтады. Бала күнінде көрген сол оқиғалар кейін жазушының «Шал мен теңіз» шығармасына негіз болды. Сантьяго мен Манолин арасындағы ата мен немеренің сыйластығы Эрнесттің өз атасына деген сезім күйлерін, ал спортқа әуес шымыр шалдың қылығы кезінде автордың бокс және футболмен айналысқанын еске салары даусыз. Ол жөнінде жазушы: «Бокс мені әрқашан қанша рет құласаң да түрегеліп, құдды бір бұқа секілді тез және қайта-қайта шабуылдауға дайын болуға үйретті», – дейді.

Сонымен бірге 8 жасында Орта Батыс өңіріндегі бүкіл аң-құс, балық және ағаштар мен өсімдіктердің атауларын жатқа білуі, атасынан тыңдаған қызықты әңгімелері мен 12 жасқа толғанда сыйлаған 20 калибрлі мылтық кейін жазушының көптеген шығармаларына арқау болды.

¹ Тақырып атаулары шартты түрде қойылған.



Шал Гольфстримге қайығымен бір өзі ғана шығып жүрді. Міне, сексен төрт күн болды, теңізге күнде шығады, бірақ қармағына әлі де ештеңе іліккен жоқ. Бастапқы бір жарым айдай уақыт бойында бұған бір бала серік болған еді. Күн өте берді, қолға балық түспеді, содан соң баланың ата-анасы күдер үзіп, бұл шалды «жолын қырсық шалған сорлы-бейбақ» десіп, балаға енді басқа қайыққа ауыс деп өмір еткен-ді. Басқа қайыққа барғанда баланың жолы болып, серігі мен екеуі алғашқы аптаның ішінде-ақ үш ірі жайын ұстаған-ды. Шалдың жағаға күнде құралақан оралғанын көргенде бала оны қатты аяп, жаны ашитын; балықшының багор¹, гарпун² секілді құрал-саймандарын, қайық үстіне құратын желкенін қарияның үйіне көтерісіп жеткізіп салу үшін ылғи алдынан шығатын-ды. Қарттың қайығының үстінде шиыршықталып жататын, өн бойына кенеп жамау жапсырылған қырық сұрақ желкен – бейне тас-талқаны шыққан жасақтың құлаған туы сияқтанып елестейтін көзге.

Шал – титықтаған арық кісі еді; маңдайы, мойыны арса-арса; бетіне күрең қоңыр дақтар түсіп, өңі шұбар тартқан, мұндай дақтар ыстық жақтардағы теңіз бетіне түскен күн сәулесінің адамның өңіне шағылысуынан пайда болады.

Шалдың бетін басқан таңдақ мойынға дейін жайылып тараған; екі қолы тілім-тілім, бұл – қармаққа ілінген ірі балықты судан сүйреп шығарған кездерінде алақанды тіліп кеткен қармақбаудың іздері. Жақында түскен жараның орны емес, талайдан қаңсып жатқан қуаң жердің жарығындай ескі жарықтар.

Шалдың өңі де, киімі де – бәрі де тозған, көнерген, тек көзінде ғана ерекше бір нұр бар, теңіз суы түстес жанары қайсар адамның қалпын танытады.

Тірек сөздер

қайық
балық
шал
бала
көз нұры
жайын
өке
ау
қонақкөде
акула
есте сақтау

– Сантьяго, – деді оған бала, екеуі қайық тұратын жиектен жағаға шығып келе жатқанда, – теңізден балық аулауға қайтадан сенімен бірге шығуыма болады. Аз-маз ақша тауып алдық. Шал баланы балық аулауға баулыған адам еді, бала оны жақсы көретін-ді.

– Жоқ, сен құтты қайыққа кез болдың. Сонда қал, – деді шал.

– Есіңде ме, бірде балық аулауға өзің күнде шықсаң да қармағыңа сексен жеті күн қатарынан еш нәрсе іліктіре алмаған ең ғой, артынан мен саған серік боп, екеуміз бірге шыққанда, үш апта бойы күн сайын бір-бір ірі жайынды әкелгенбіз де отырғанбыз.

¹ Багор – ұзын сырыққа сапталған қармақты темір.

² Гарпун – теңіз жануарларын шапшып аулауға арналған найза төріздес құрал.

– Есімде, – деді шал. – Менің қасымнан маған сенбегендіктен кетпегеніңді білемін.

– Әкем ғой мені қыстаған, ал мен әлі баламын, бағынуға тиістімін.

– Түсінемін. Өйтпеске бола ма, – деді шал.

– Біздің жолымыз боларына әкем онша сеніңкіремейді.

– Иә, солай, – деді шал. – Ал, бізде сенім мол. Рас емес пе?

– Әрине. Террасқа¹... ішесің бе? Құрал-жабдықты сосын апарармыз үйге.

– Мейлің, – деді шал. – Балықшы балықшыға қонақкөде жасағысы кеп тұрса, бас тартпалық...

Екеуі... ішетін жерге кеп жайғасып отырысты, балықшылардың біразы шалды келемеждеп күліп те жатты, қария бұған ренжіген жоқ. Кексе балықшылар шалға аянышпен қинала қарап қойып, бірақ сыр бермей, судың ағыны турасында, қармақты қаншалық тереңге апарып салғандары жайында, ауа райы жөнінде, теңізден көрген-баққандары хақында сыпайы ғана әңгімелесіп отырды. Бүгін жолы болып олжалы қайтқандар ұстаған марлиндерінің ішін жарып тазалап, бір-бір балықты қос сырыққа көлденең салып, сырықты екі жағынан екеулеп көтеріп, қоймаға тасып апарып жатты. Балық осы арадан рефрижераторға² тиеліп, Гавана базарына жөнелтілетін.

Қармақтарына акула іліккен балықшылар бұл олжаларын екінші беттегі акуланы сойып-тұздайтын зауытқа апарып өткізеді. Мұнда акуланы шығырға салбырата іледі де, бауыры мен желбезегін сылып алып, терісін сыпырады, сосын етін жұқалап тіледі де, тұздап тастайды.

Жел шығыс жақтан соққанда мұрынға акула фабрикасының қаңсық иісі келетін еді, бірақ бүгін жел теріске ауытқып басылып қалғандықтан, иі жөнді білінбеді. Күн нұрына малынып тұрған террас жанға жайлы-ақ.

– Сантьяго, – деді бала.

– Әу, – деп үн қатты шал. Ол өзінің... стақанына қарап отырып, өткен бір күндерді есіне түсірді.

– Ертең саған сардина-балық ұстап берейін бе? – деді бала.

– Әуре болма. Одан да бейсбол ойна. Қайық есуге өзімнің де шамам келеді, ал ау құруға Роджелио бар.

– Жоқ, ау құруды маған тапсыр. Балық аулауға сенімен бірге шыға алмайтын болсам, тымқұрыса өстіп қолқабыс етейін.

– ...сыйлап отырсың ғой, міне. Азамат болғанның белгісі бұл, – деді шал.

– Сен мені теңізге алғаш алып шыққанда нешеде едім осы?

– Бесте болатынсың. Со жолы бір ажалдан қалып ең. Сала құлаш

¹ Терраса – толқын соққысының әсерінен пайда болған жағдайғы сатылы рельеф, алақ.

² Рефрижератор – тоңазытқыш машина.



Реймонд Шеппардтың
салған суреті¹

жайынды судан суырып алып, қайыққа қайырып тастағанымда, шоршып тулап, быт-шытымызды шығара жаздаған-ды. Есіңде ме сол?

– Есімде. Балықтың тулағаны, құйрығымен соғып банканы сындырғаны, сенің онымен қалай алысқаның – бәрі есімде. Мені қайықтың арт жағына, су-су ау жатқан жерге қарай ытқытып жіберіп, балықты тоқпақпен төпей бергенсің, қайық қалт-құлт етіп, қолыңдағы тоқпағың бейне балтамен ағаш шауып жатқандай, балыққа дүңк-дүңк тиген еді, айналаны қанның иісі алып кеткен болатын.

– Осының бәрін өзің есте сақтадың ба, әлде саған кейіннен мен айтып беріп пе едім?

– Мені қасыңа ертіп, балық аулауға алып шыққан ең алғашқы күннен бастап бәрі де есімде, бірін де ұмытқам жоқ.

Шал күнге қарығып қызарыңқы тартқан көзімен балаға мейірлене, сүйсіне қарады.

– Өз ұлым болсаң, қасыма қазір-ақ іркілмей ертіп өкетер едім. Ал сенің әке-шешең бар, оның үстіне өзің жақсы қайыққа кез болған екенсің.

– Отыра тұршы, сардина алып келейін. Жатқан жерін білемін, үш-төртеуін алып келейін.

– Өзімнің бүгін ұстаған балығым да со қалпында тұр. Жәшікке тұздап салып қойғам.

– Мен саған төрт жас балық алып келейін.

– Біреуін әкелсең де қанағат, – деді шал.

Ол болашаққа деген сенімімен үмітін еш уақытта жоғалтқан емес-ті. Теңіз жақтан салқын самал ескендей рақат таптырып, көңілдегі күйді ширықтыра түсті.

– Жоқ, екеуін әкелемін, – деді бала.

– Мақұл, әкеле ғой, – деді шал көніп. – Зеуаты, бір жерден қымқырған жоқ па едің?

– Қымқырғым келсе, қымқыруыма да болар еді. Бірақ, сатып алдым.

– Рахмет, – деді шал.

Баланың айтқанына көне кетті, мұны өзіне мін көрмеді, еш қалтарысы жоқ ақкөңіл адам болғандықтан, ондай ой басына келмеді де.

¹ *Реймонд Шеппард* (1913–1958) – британдық суретші, балаларға және ересектерге арналған кітаптардың иллюстраторы. «Шал мен бала» повесінің мәтінін безендіруге осы суретшінің суреттері пайдаланылды.

Баланың пейіліне шын ықылас білдірді, мұнда тұрған не сөкеттік бар? Масқараға қалдыратындай, адамгершілікке нұқсан келтіретіндей іс емес қой. Шал солай деп біледі.

– Жел бағыты ауытқымаса, ертең күн райы жақсы болады, – деді шал.

– Балықты қай тұстан ауламақсың? – деп сұрады бала.

– Жағадан аулағырақ барып аулаймын. Жел бағыты өзгерсе ғана кейін қайтамын. Өзім таңертең ала көбеден шығамын.

– Біздің қайықтың иесін де жағадан ұзаққырап шығуға көндіру керек болар. Қармағыңа ғажап бір ірі балық іліксе біз саған жәрдем берер ек.

– Сенің иең жағадан тым жырақтап кеткенді жақтырмайды.

– Рас, – деді бала. – Бірақ оған, шағалалардың қалай ұшқанын да байқатпайтындай етіп, бір айла жасармын. Содан кейін оны алтын макрельдер жүзіп жүретін қиырға қарай ұзаққырап шығуға көндіруге болады.

– Оның көзі соншалық нашар көретін боп қалғаны ма?

– Мүлде соқыр болуға жақын.

– Сұмдық екен. Ол теңіз тасбақасын аулауға еш уақытта шыққан кісі емес еді. Көзге осы тасбақадан көбірек зақым келеді, кісі көбінесе содан соқыр болады.

– Сен теңіз тасбақасын талай жыл аулап едің, сонда да көзіңде ешқандай кемдік жоқ қой.

– Мен – елден ерек шалмын.

– Қармағыңа ғажап бір нән балық іліксе, оған шамаң келер ме еді?

– Келер деп ойлаймын. Мұндайда ең басты нәрсе – ептілік.

– Ал кәне, тұрайық, құрал-жабдықты үйге апарайық. Сосын мен ауды алайын да, барып сардина әкелейін...

– Кешке не тамағың бар? – деп сұрады бала.

– Балық қосып пісірілген бір шөңке күріш ботқа бар. Жейсің бе?

– Жоқ, үйіме барып тамақтанам. От жағып берейін бе?

– Қажеті жоқ. Кейінірек өзім жағып алармын. Не болмаса, күрішті суық күйінде-ақ жей берермін.

– Ауды алуыма бола ма?

– Болғанда қандай.

Бірақ бұл арада ешқандай ау жоқ еді, оны өздері әлдеқашан сатып жіберген-ді, мұның бәрі баланың есінде. Сонда да екеуі сыр бермей, шалдың қолында сол ау бар секілді пішін танытатын бір-біріне. Балық еті қосып пісірілген шөңке толы күріш ботқа да жоқ-ты, бала мұны да білетін.

– Сексен бес – Құтты сан, – деді шал. – Салмағы мың қадақ тартатын бір жайынды ертең соқпас па екем?

– Мен ауды алып, сардина әкелуге барып келейін. Сен есік алдыңда күн шуақта отыра тұр.

– Мақұл кешегі шыққан газет бар еді менде. Бейсбол туралы жазғанын оқи тұрайын.

Шалдың газеті шын барын, немесе бұл да құр айтылған сөз екенін бала біле алмай тұр еді. Қария расында да бір газетті кереуеттің астынан суырып алды.

– Мұны маған шарап дүкенінде Перико беріп еді, – деді жайын айтып.

– Мен бір азырақ балық аламын да қайта оралам. Сосын екеуміздің балығымызды да салқын жерге қоямын, ертең таңертең бөлісіп аламыз. Ал бейсбол жөнінде қайтып келген соң айтып берерсің маған.

– «Янки» ұтылмасқа керек.

– Кливлендік «Индейстер» оларды топайдан бір-ақ қақпаса неғылсын!

– Қорықпа, балам! Ұлы Ди Маджионы есіңе ал.

– Мен тек «Индейстерден» ғана емес, Детройттың «Жолбарыстарынан» да қорқамын.

– Сен тіпті бара-бара Цинциннатидің «Қызылөңділерінен» де, Чикаголық «Ақ шұлықтардан» да қорқарсың.

– Газетті оқы-дағы, мен келген соң айтып бер бәрін.

– Сексен бес деген саны бар лотерея билетін сатып алсақ қайтеді, о? Ертең сексен бесінші күн ғой?

– Сатып алсақ несі бар? – деді бала. – Өлде сексен жеті деген саны бар билетті алған тиімді ме? Бұдан бұрынғы бір жолы қолға олжа сексен жеті күн дегенде ілігіп еді ғой.

– Еш нәрсе де екі рет қайталанбайды. Ал өзің сексен бес деген саны бар билетті таба аласың ба?

– Тапсырыс беремін.

– Жалғыз билет. Екі жарым доллар керек. Бұл ақшаны қайдан қарызға алсақ екен?

– Оп-оңай! Екі жарым долларды кімнен болса да сұрап ала аламын мен.

– Бұл менің де қолымнан келер еді. Бірақ қарыз алмауға тырысамын. Өуелі қарыз сұрасаң, артынан қайыр сұрарсың...

– Өзіңе салқын тиіп қалмасын, қария, қазір қыркүйек айы, күз екенін ұмытпа.

– Қыркүйекте ірі балықтар жөңкіліп жүре бастайды. Қайратты осы кезде көрсету керек. Мамыр айында балық аулау әркімнің-ақ қолынан келеді.

– Ал кеттім сардина ұстап әкелуге, – деді бала.

Лұғат

Жайын – бұл жерде: тұқытекестер отрядына жататын, аузының айналасында үш жұп мұртшасы бар, дене тұрқы құйрығына қарай жіңішкеріп келген, басы үлкен, ірі жыртқыш балық.

Кексе – бұл жерде: тәжірибесі мол, ысылған, төселген және орта жастан асқан деген мағынада.

Зәуаты (зәуде) – үстеу сөз: әлдеқалай, алда-жалда деген.



1. Жазушы Сантьягоны неге Шал деп атайды? Оны өз атымен атаса да болады емес пе?
2. Шал не себепті жалғыз тұратындығын айтып беріндер.
3. Оның тұрмысы неге жүдеу?
4. Сен Шалдың орнында болсаң қалай күн көрер едің?
5. Бала неліктен өзін Шал алдында қарыздар сезінеді?



Тағылым тамшылары

«Шал» фильмі

Атақты режиссер Ермек Тұрсынұлының американдық жазушы Эрнест Хэмингуэйдің «Шал мен теңіз» повесінің желісі бойынша түсірілген «Шал» фильмі 2012 жылы көрерменге жол тартты. Басты рөлді Ерболат Тоғызақов сомдаған. Жапан түзде жесір келіні мен немересінің қасында өмір сүріп жатқан шалдың футболды жақсы көргені сонша, әрбір қойды футболшылардың есімімен атап, арқаларына нөмірлерін жазып қойған. Ал немересі ХХІ ғасырдың машықтарын меңгерген жасөспірім. Шал мен немересінің арақатынасынан ұрпақтар көзқарасының алшақтығы анық байқалады. Фильмде қарлы боранда адасқан Қасым шалдың көкжал қасқырлармен арпалысы суреттелген. Алғашында дала жыртқыштарымен қойларын аман алып қалу үшін айқасса, кейін шыбын жаны үшін күреседі.

Фильмге қатысты «Қазақфильм» киностудиясы «Көпті көрген қарияның мұраты – көрген-білген, жиған-терген үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие, жақсы қасиеттерін немересінің бойына сіңіру. Қарттың ойынша, пенде қашанда ақ жолдан таймауы тиіс. Ұлы далада ескіден келе жатқан ұлы низам бар: жақсылықтың өтеуі алдағы өмірде, тіршіліктің темірқазығы – ар-ұят, абырой-бедел, қанағат-сабыр. Ұлы даланың ұлы дәстүрі ешқашан үзілмеуі тиіс. Қарияны осы толғандырады» деген пікір білдіреді.



Kazakhfilmstudios.kz



а) «Шал» фильмі туралы мәтінмен танысып, кестені толықтырыңдар.

Туынды	«Шал мен теңіз» хикаяты	«Шал» фильмі
кейіпкер	Сантьяго	Қасым
өмір сүру салты
уақыт	XX ғасыр	XXI ғасыр
кеңістік	теңіз	дала
тыныс-тіршілік
күрес	теңіз жыртқыштары	дала қасқырлары
қызығушылық
қарым-қатынас
мінез
ұстаным

ә) Теңіз жағалауында тұратын халықтардың тұрмыс-тіршілігіне төн ерекшеліктерді қысқаша сипаттап жазыңдар. Мысалы, Жерорта теңізі, Каспий теңізі жағалауы.



Режиссер фильмге нәліктен осы туынды желісін арқау еткен? Екі туындыны салыстыра талдап, ортақ құндылықтар жөнінде сыни пікір жазыңдар. Пікір жазуда жоғарыдағы кестені басшылыққа алыңдар.



Шалдың сексен бесінші күнге деген үміті қай эпизодтардан көрінеді? Шалдың алдағы күніне болжам жасаңдар. «Сексен бесінші күн» деген тақырыпта оқиғаны жалғастырып, шағын өңгіме жазыңдар.



Сантьяго шалдың сексен төрт күн титықтаса да, сексен бесінші күннен үміт үзбеген, қайсар бейнесін автор қалай сипаттаған? Бұл суреттеуде автор ажарлау мен құбылтудың қандай түрлерін қолданған?

Портрет	Ажарлау түрлері	Құбылтудың (троптың) түрлері
Автор стиліне тән ерекшелік:		



Шалдың теңізбен біте қайнасқан тұрмыс-тіршілігі суреттелген үзінділер негізінде оның өмір сүру салтына, қоршаған ортаға деген көзқарасына баға беріп, сыни пікір білдіріңдер. Төменде берілген кестені басшылыққа алыңдар.

«Әуелі қарыз сұрасаң, артынан қайыр сұрарсың»	«Сексен бес деген саны бар лотерея билетін сатып алсақ қайтеді»	«Көзге осы тасбақадан көбірек зақым келеді»
«Балық қосып пісірілген бір шөкке күріш ботқа бар»	«Лашықта бір кереует, бір үстел, жалғыз орындық және ... жер-ошақ бар еді»	«Жел бағыты ауытқыма-са, ертең күн райы жақсы болады»
«...сен құтты қайыққа кез болдың»	«Мен – елден ерек шалмын»	«Қайық есуге өзімнің де шамам келеді»

Шал мен бала

Шығармада қолданылатын көркемдік тәсілдің бірі – түс көру. Э.Хемингуэй де хикаятта түсті мейлінше қолданып, сол арқылы балықшы шалдың өмірінен хабар береді.

Күнде түсінде Африка жағалауының иісі мұрнына келіп оялатын кейіпкердің туған жерге деген сағынышын, кіндік қаны тамған жерге деген құрметін автор түс көру арқылы жеткізген. Жасы ұлғайған сайын адамның туған жерді ерекше сағынатынына кейіпкердің Канар аралдарының түбектері мен қойнауларын көргісі келіп, ұйқы құшағында қозғалмай жата беретіні мысал болса, дауыл жайын балық төбелес, сұрапыл сайыс пен жұбайының түсіне жиі енуі – оның қым-қиғаш өмірінің бейсаналы көрінісі. Соңғы кезде арыстанның күшіктері түсіне жиі енсе, ол – қасындағы жалғыз жанашыры, балықшы бала Манолін.



...Ол қайта айналып келгенде, күн батып, ымырт үйіріліп қалған еді, шал орындықтың арқалығына арқасын сүйеп ұйықтап отыр екен. Бала кереуеттің үстінен көнетоз көрпешені алып,

ықылас, пейіл
жел
тасбақа
құрал-жабдық
лашық
сурет
кешкі тамақ

шалдың иығына жапты. Көрлігіне қарамастан шалдың жауырыны қақпақтай, екі иығына екі кісі мінгендей сом тұлғалы еді, мойны да жуан болатын; қазір ол басын төмен салбыратып ұйықтап отырғанда, желкесінің қатпар-қатпар әжімдері де жөнді байқалмады. Үстіндегі көйлегі қайығына құратын желкені секілді қырық жамау еді, жапсырылған жамауларының бірі шала оңып, бірі күнге күйіп, мүлде ағарып кеткен. Шалдың сырт бітімі сом көрінгенмен, өңі тым көрі еді, қазір ол көзін жұмып, ұйықтап отырған шағында өңі мүлде тым солғын тартып, жансыз адамның кескінідей елестеді. Оқыған газеті тізесінің үстінде жатыр, жел ұшырып кетпес үшін шынтағымен басып апты. Аяғы жалаңаяқ.

Бала шалды оятқан жоқ, шығып кетті. Біраздан соң қайта айналып келсе, шал әлі ұйықтап отыр екен.

– Ұйқыңды аш! – деді бала оятып, шалдың салбыраған қолын оның тізесінің үстіне қойды.

Шал көзін ашты. Ұйқысынан тез сергіп, күлімсіреді.

– Не әкелдің? – деді.

– Тамақ әкелдім. Қазір ауқаттанамыз.

– Қарным онша аша қойған жоқ.

– Келіңіз, тамақтанамыз. Аштан-аш балық аулауға болмайды.

– Мен аш жүріп те балық аулап көргенмін, – деді шал газетін бүктеп, орнынан түрегеле беріп. Арқасына жабылған одеялоны алмақ болып еді.

– Көрпешені қозғама, – деді бала, – өзім тірі тұрғанда сені балық аулауға аштан-аш жібере қоймаспын.

– Онда өзіңді сақтай біл, ғұмырыңның ұзақ болуын ойла, – деді шал. – Ал тамағың қайсы, не жейміз?

– Қара бұршақ қосқан күріш пен қуырылған банан бар және піскен сиыр етін жейміз.

Бала Террастағы кішкене мейрамханадан металл ыдыспен тамақ алып келген-ді. Шанышқы, пышақ, қасықты әрқайсысын қол сүртетін үлбірек қағазға бөлек-бөлек орап, қалтасына салып әкелген еді.

– Мұның бәрін кім берді саған?

– Мейрамхананың қожайыны Мартин берді.

– Оған алғыс айту керек.

– Алғыс айттым, алақөңіл болмай-ақ қой, – деді бала.

– Ірі балық ұстасам, ең еті мол бөлігін соған әкеп берермін-ау, – деді шал. – Оның бізге еткен жәрдемі жалғыз бұл ғана ма?

– Иә, бір ғана бұл емес.

– Ендеше оған балықтың тек бір бөлігін ғана беру аз болады. Ол бізге көп жақсылық еткен кісі...

Мен саған тамақтанайық деп мана айттым ғой, – деді бала шалды

еркелей кінәлап. – Сені үстел басына қашан кеп отырар екен деп күтудемін, тамақ суып қалмасын деп, ыдыстың қақпағын да ашпай отырмын.

– Ал, тамақтаналық. Жуынып алуым да керек еді-ау.

«Қайда барып жуынбақсың?» деп ойлады бала. Құдық бұл арадан екі квартал жырақ жерде. «Қарияға су өзірлеп, сабын мен жақсы орамал да дайындап қоюым керек екен. Ертерек неге ойламадым мұны? Бұған жаңа көйлек те, қыстық күрте де керек, аяғына бір аяқ-киім және үстіне жамылатын бір көрпе керек».

– Ет дәмді екен, – деп мақтады шал.

– Маған бейсбол туралы әңгіменді айтшы, – деді бала оған өтініш қып.

– Американ лигасында, мен айтқандай «Янкилер» ұтысқа ие болулы, – деп, шал сөзін сүйсінген раймен астады.

– Иә, солай, бірақ, бүгін оларды омақасырды ғой.

– Оқасы жоқ. Оның есесіне ұлы Ди Маджио ойынға қайта қосылды.

– Оның бір өзі бір команда емес қой.

– Рас. Бірақ айқастың нәтижесін соның ойыны шешеді. Екінші лигада Бруклиндіктер мен Филадельфиялықтар айқасуда, ойынның барысына қарағанда, Бруклиндіктердің жеңетін сыңайы бар. Дик Сайзлердің допты қалай тепкені есінде ме? Анау ескі паркте ойнағанда оның доп тебуі ғаламат болды ғой!

– Өте ғажап! Ол допты тепкенде, алысқа шырқатып ұшырады.

– Оның Террассаға келгені есінде ме? Мен оны өзіммен бірге балық аулауға шақырғым кеп, бірақ бұл ойымды айтуға бата алмай, шақырып кел деп өтініш қылғанымда, сен де бата алмағансың.

– Есімде. Жасқанғаным ақылсыздық болған. Біздің шақырғанымызға ол көне кетсе... Сонда не болар еді? Онда өле-өлгенше есте сақталатын оқиға болар еді.

– Шіркін, ұлы Ди Маджионы қасыңа ертіп, теңізден балық аулауға бір шығар ма еді. Жұрт оның әкесі балықшы болған деседі. Кім біледі, ол да бір кезде біз секілді кедей болған шығар, бізден жерімес еді.

– Ұлы Сайзлердің әкесі еш уақытта кедей болмаған. Ол кісі мендей кезінде ең мықты командаларда ойнаған.

– Ал мен сендей кезімде Африка жағалауына жүзіп барған желкенді кемеде юнга едім. Кешкілікте теңіз жағасына шұбырып келген арыстандарды талай көргенмін.

– Мұны маған айтқансың.

– Не жөнінде әңгімелессек екен: Африка жайында ма, әлде бейсбол хақында ма?

– Бейсбол жөнінде әңгімелесейік. Маған ұлы Джон Мак-Грау туралы айтшы.

– Ол да баяғыда біздің Террассаға келіп-кетіп жүретін-ді. Ішіп алса ешкімге ырық бермейтін. Тек бейсбол ғана емес, жүйрік аттар

жайындағы әңгімеге де қызу араласа кететін. Ат бөйгесінің бағдарламасын қалтасынан бір тастамайтын, жүйрік аттардың есімдерін телефонмен де айтып беретін.

– Ол – ұлы бапкер болған, – деді бала. – Оны дүние жүзіндегі ең ұлы жаттықтырушы болған дейді ылғи әкем.

– Өйткені өкең оны жиі көруші еді. Егер біздің жаққа Дюроше де жылма-жыл келіп-кетіп жүрген болса, сенің өкең оны да дүние жүзіндегі ең ұлы бапкер деп санаған болар еді.

– Сеніңше қалай, ең ұлы жаттықтырушы кім? Люк пе, әлде Майк Гонсалес пе?

– Меніңше, ол екеуі бір-біріне пара-пар.

– Ал дүние жүзіндегі ең жақсы балықшы – сенсің.

– Жоқ-ә. Менен де асқан балықшылар бар, көбімен жолдас болғанмын.

– Ой тәйір-ай! – деді бала. – Дүниеде жақсы кісілер, сондай тамаша балықшылар аз емес шығар. Бірақ сендей адам еш жерде жоқ.

– Рахмет. Бұлай деп ойлағаныңа қатты қуанамын. Қармағыма тым ірі балық іліге қоймас, ол іліксе, сыр білдіріп алармын да, сенің маған көңілің қап жүрер.

– Бұрынғы күш-қуатың болса суда ондай ірі балық қалмаған да шығар.

– Өлі мықтымын деп ойлағанмен бұрынғы күш-қуат қайдан болсын. Бірақ әдіс-айлап мен шыдамым жетерлік.

– Сен енді жатып ұйықта, таңға дейін тыңайып ал. Ыдыс-аяқты өзім апарып беремін.

– Мақұл. Сен де жақсы жатып, жайлы тұр. Таңертең өзім оятармын.

– Сен мені оятатын қоңыраулы сағатсың ғой, – деді бала.

– Қоңыраулы сағат болатыным – көріліктен ғой. Қарттардың соншама ерте оятатын себебі не дейсің? Тым болмаса со күнді ұзарту үшін естетін болар.



– Білмедім. Жастардың көп ұйықтайтыны, қатып ұйықтайтыны ғана мәлім маған.

– Бұл маған аян, – деді шал, – сені уақытыңда оятамын.

– Неге екенін қайдам, өзімді сенен басқа бөгде біреудің оятқанын жаратпаймын. Мен сол біреуден кемдей-ақ.

– Түсінемін.

– Жақсы ұйықта, ата.

Бала шығып кетті. Бұлар тамақты шырақ жақпай отырып-ақ ішкен, шал қараңғы лашықта шалбарын шешіп, төсегіне келіп жатты. Шалбарды жұмарлап бүктеп, жастық орнына басына жастанды, газетті де соның арасына тыға салды. Көрпешені жамылды да, кереуетке төсеніш ретінде жайылған газеттердің үстіне келіп жата кетті.

Ол тез ұйықтап қалды, өзінің жас кезінде көрген Африкасы, оның созылып жатқан сап-сары жағалауы, көзді ұялтар шаңқан қайыры, биік жартастары мен қызыл шақат таулары түсіне кірді. Ылғи түнде түсінде ол осы Африка жағалауына келетін-ді, биік қабаққа долдана ұрған толқын шуын еститін, жергілікті адамдардың қайықтарын сүйрелеп қырға шығарып жатқанын көретін. Кеменің палубасынан аңқыған қара май мен күйік иісі, жағадан таңғы самал желпіп әкелген Африка иісі мұрнына келетін еді.

Әдетте осы иіс мұрнына келген кезде оянып кететін еді де, төсегінен тұрып, киініп, баланы оятуға жөнелетін-ді. Африка жағалауының иісі бүгін мұрнына ерте келді, шал мұның түс екенін ұғып, биік жартастардың шошайып шығып тұрған аппақ ұшар басын, Канар аралдарының түбектері мен қойнауларын көргісі кеп, ұйқы құшағында қозғалмай жата берді.

Бұрын оның түсіне қым-қиғаш оқиға, дауыл, әйел, жайын балық, төбелес, сұрапыл сайыс жиі енетін еді, өзінің жұбайын да түсінде жиі көретұғын. Енді мұның бірі де түсіне кірмейтін болған. Ол түсінде тек алыстағы елдерді, теңіздің жағасына келген арыстанның күшіктерін ғана көріп жүрді. Қара көлеңкеленген кешкі шақта арыстанның күшіктері мысықтың балалары секілді бірін-бірі тістелеп, домалап-аунап ойнайды; шал бұларға қызығып, сүйсініп қарайды, өзінің қасындағы баланы қандай жақсы көрсе дәл сондай сезіммен қарайды, ал бірақ осы бала шалдың түсіне бір еніп көрген жоқ-ты.

Шал кенет оянып кетті, ашық тұрған есіктен аспандағы айға көз салды да, басына жастаған шалбарын алып киді. Лашықтан шығып дәрет сындырды да, баланы оятпақ болып, жолмен жоғары қарай қозғалды. Таңғы салқын ауадан денесі аздап тоңазиын деді. Бірақ бұл күйдің онша ұзаққа созылмасын біледі. Сәлден кейін қайыққа отырып, қолға ескек алғаннан соң денесінің дыз-дыз қайнап жүре беретіні өзіне аян.

Баланың үйінің есігі ашық тұр еді, шал жалаң аяғым ептеп басып, ішке кірді. Бала алдыңғы бөлмедегі кереуетте ұйықтап жатқан-ды.

Терезеден болар-болмас ай жарығы түсіп тұр. Шал баланың қасына кеп, сирағынан ақырын ғана қысып ұстады; бала ұйқысынан оянып, шалқасына аунап түсіп, бұған көзін ашып қараған кезде ғана қария қолын босатып, басын изеді, бала кереуеттің қасындағы орындық үстіне қойған шалбарын алып, төсегінде отырып киді.

Шал сыртқа беттегенде, бала оның соңынан ере шықты. Ол әлі ұйқысын аша алмай тұр еді.

– Кешірім ет, – деді шал баланы иығынан құшақтап.

– О не дегенің. Ерте тұру – біздің еркек затының пешенесіне жазылған ғой. Бұған лаж жоқ.

Олар жолмен төмендеп, шалдың лашығына қарай беттеп еді. Желкен оралған діңгектерін иықтарына сап көтеріп келе жатқан жалаң аяқ адамдар қараңғы жол бойында алдарынан көп ұшырасты.

Лашыққа келген соң қармақбаулар салынған себетті және гарпун мен багорды бала алды да, желкен оралған діңгекті көтеріп ап шал иығына салды.

– Кофе ішесің бе? – деп сұрады бала.

– Әуелі құрал-жабдықты қайыққа жеткізелік, кофені сосын ішерміз.

Балықшылар тамақтанатын шағын асхана өте ерте ашылатын еді, шал мен бала асханадан консервінің қалбырымен кофе ішті.

– Ата, түнде жақсы ұйықтадың ба? – деп сұрады бала. – Өзі ұйқысы шайдай ашылса да, есеңгіреп отырды.

– Өте жақсы ұйықтадым, Маналин. Бүгін олжалы қайтармын деп ойлаймын.

– Бұған сөз жоқ, – деді бала. – Ал енді мен уәде еткен балықтарымды алып келейін. Біздің қайықтың иесі құрал-жабдықтарын өзі алып келеді. Ол өзінің заттарын басқа біреудің көтеріскенін жақтырмайды.

– Ал, біз ондай емеспіз. Құрал-жабдықты мен саған бес жасыңнан бастап-ақ көтеруге бере бергем.

– Білемін, – деді бала. – Кішкене отыра тұршы, қазір келем. Тағы кофе іш. Бізге қарызға береді мұнда.

Ол су жағасының маржандай жылтыраған уақ майда тастарын жалаң аяғымен судырлатып, жем балық сақтайтын тоңазытқышқа қарай жүгіре жөнелді.

Шал кофені асықпай ішті. Кофеге қазір жақсылап тұрып қанып алмақ, өйткені, осыдан кейін бүгін нәр татпайтыны өзіне аян. Ас қамдау, тамақ пісіру дегеннен ол әбден жалыққан еді, балық аулауға шыққанда ешқашан да жолазық алмайтын-ды. Қайығының тұмсық жағына апарып бір құмыра су қояды, кешке дейінгі қорегі – сол су ғана.

Бала қағазға орап балық алып келді.

Екеуі тар соқпақпен төмен құлдилап, аяқтарымен басқан жерінің құмдақ топырағын сусыта, суға қарай бет алды. Қайықты тұрған орнынан сәл көтере итеріп суға түсірді.

– Ата, жолың болсын, олжалы қайт!

Сенің де жолың болсын.

Шал ескектің беліндегі тұзақша жіпті қайықтың ернеуіне қағылған тұтқаға ілді де, қараңғыда қайығын ақырын жылжытып қойнаудан шығара берді. Өзге тұстардағы қайықтар да жүзіп шықты; ай таудың ығына жасырынып, төңірек қараңғы тартып тұрғандықтан, бұл қайықтарды шал көре алмады, бірақ ескектердің сықырлап, суды ескені оған анық естілді.

Анда-санда, бірде ана, бірде мына қайықтан балықшылардың сөйлеген үндері құлаққа келеді. Дегенмен көп қайық жым-жырт, о жақтан тек ескектің шолшылы ғана естіліп тұр. Қойнаудан ұзаңқырап шыққан соң қайықтар жан-жаққа бытырай бастады, әр балықшы өзінің балық ұстармын деп дәмеленген жағына қарай бет түзеді.

Лұғат

Алакөбе – 1) таң атып келе жатқан кез, құлқын сәрі; 2) кеш батып бара жатқан алаң-елең кез, іңір; 3) алагеуім, алакөлеңке уақыт.

Шөңке – ас пісіретін шағындау ыдыс.

Сардина – майшабақтар тұқымдасына жататын теңіз балықтарының жалпы атауы.



1. Шал мен баланың арасындағы сүйіспеншілікті қалай түсіндіресіңдер?
2. Бала шалды не үшін жақсы көреді?
3. Сендер баланың орнында болсаңдар не істер едіңдер?
4. Үзіндіде кейіпкерлер бейнесі қалай жинақталған?
5. Баланың үнемі қартқа көмектескісі кеп тұратыны неліктен?
6. «Еш нәрсе де екі рет қайталанбайды» деген Шал сөзінің мәні неде? Кейіпкер сөзіне қатысты эпизодты хрестоматиядан тауып оқыңдар.



Балық аулау кәсібінің шалдың келбетіне қалдырған ізін автор қай эпизодтар арқылы жеткізген? Бірінші және екінші бөлімдегі Сантьягоның портретін салыстыра талдап, автор стилімен балықшы шал бейнесін сипаттап беріңдер.

Балықшы Сантьяго

«Балықшы шал» бөлімі	«Шал мен бала» бөлімі



Шал мен баланың бейсбол ойыны туралы өңгімелерінен американдықтардың типтік бейнесін анықтаңдар. Ди Маджио бейнесі шынайы өмірден алынған ба, әлде автор қиялынан туындаған бейне ме? Дәлелді жауап беріңдер.



Манолиннің шалға деген құрметі, қамқорлығы, сыйластығы сипатталған үзінділерді тауып оқыңдар. Бауырмалдық, үлкенге құрмет, адалдық секілді жалпыадамзаттық құндылықтарға талдау жасап, ұрпақтар сабақтастығы, үйлесімділік, ортақ көзқарас тұрғысынан қарастырыңдар.



Берілген повесті Жүмекең Нәжімеденовтың «Шал мен теңіз» өлеңімен салыстырып, пікірталас өткізіңдер.

Шал мен жайын

Автор кейіпкердің жан дүниесіндегі екіұдай күйініш, сүйініш, қорқу, үрку т.б. сезім күйлерін шынайы бейнелеген. Шығарма психологизмге құрылса, психикалық құбылысты «жалғыздық» сарынына сыйғызған. «Жалғыздық» концептісі – қазақ әдебиеті үшін жаңалық емес. Халық ауыз әдебиетінде батырлардың астындағы атымен, жүгірген аң, ұшқан құспен сырласатыны, Қыз Жібектің алты қаздан сәлем айтатыны сияқты мысалдар жеткілікті. Мұндай мысалдарды әр дәуір әдебиетінен де көптеп келтіруге болады.

Э.Хемингуэйдің шығармасындағы балықшы шал да теңіз ортасында жападан-жалғыз қалғанда құс, балық, жайын, акулалармен сырласады. Оған: «– Балығым, жақындай түс бермен қарай», «– Балығым, халиң қалай?», «– Әу, балық, жағдайың нашарлады ма?», «– Құдай куә, маған да оңай тиіп отырған жоқ», «– Сөзіме құлағың сал, балығым», – деп үн қатты шал оған. «– Сен ғой бәрібір өлесің. Ал мен де өлсем, бұдан саған не пайда?» – деп жайынмен, немесе «– Сенің жасың қаншада?» – деп сұрады шал одан. «– Бұл бірінші сапарың болар?», «– Қорықпа, жіп қатты тартылып керіліп тұр», – деді шал оған. «– Тымық түнде осынша қалжырағаның не? Осы күнгі құстардың өзі не боп кеткен?», «– Кішкентай құс, жақсылап тұрып тынығып ал. Содан кейін жағалауға қарай ұш, тіршілік үшін әр адам немесе құс яки балық қалай күрессе, сен де дәл солай күрес, деді шал», – деп қармақбауға қонған құспен сөйлесуі мысал бола алады.

Жазушы шал бейнесін ашуда диалог, ішкі монологтерді молынан қолданған. Шал мен баланың әңгімесінен оның болмыс-бітімі аңғарылса, монологтер балықшының өмір тарихын, өмірлік ұстанымын толықтыруға қызмет етіп тұр.



...Балық келесі айналған шақта судан арқасы көрінді, бірақ ол қайықтан өлі де алыстау жүзіп келе жатыр еді. Енді бір айналғанда денесі судан едәуір көтеріліп шықты, бірақ өзі қайыққа өлі жақындай қойған жоқ. Қармақтың бауын енді азырақ тартыңқыраса, балықты қайықтың дәл іргесіне жылжытып әкелуге болатынын шал біліп отыр. Гарпунды мана өзірлеп алған; оған тағылған жіңішке трос жұмыс себеттің ішінде жатыр, оның екінші ұшы қайықтың тұмсығындағы дңгекке байланған.

Балық үлкен айыр құйрығын болар-болмас қимылдатып, баяу айналып, қайыққа жақындай берді, түр-тұлғасы өте сұлу көрінді. Шал балықты қалайда қайыққа жақындата түскісі кеп, қармақбауды бар күшін сап тартып еді, балық бір бүйіріне қарай аударыла беріп, қайтадан түзеліп, тағы да айналып жүзе бастады.

– Орнынан қозғалттым. Бір аударылып түсуге мәжбүр еттім, әйтеуір, – деді шал.

Оның тағы да көзі бұлдырап, басы айнала бастады, сонда да алып жайын ілінген қармақбауды бар күшін сап тарта берді. «Бұл жайынды қырынан бір аударып түсірдім ғой, әйтеуір, – деп ойлады. – Енді оны

Тірек сөздер

көз алды
қуат
ерен үлкен
суға көму
өлсіреу
тұзақтау
жарты тонна

шалқасынан аударып жіберермін, бәлкі. Тарт, жіпті! – деп өмір етті. – Екі қол-аяғым, тіре мені! Басым, қызмет ете гөр! Қызмет ете гөр тағы да! Мені сорлатқан жерің жоқ еді. Бұл жолы балықты шалқасынан аударып түсіремін».

Шал балықтың қайыққа таман жақындай түсуін күтпестен-ақ, бар күшін сап, шірене тартты қармақбауды. Жайын бір қырына сөл ғана аударылды да, қайтадан түзеліп, өрі қарай жүзе берді.

– Сөзіме құлағың сал, балығым, – деп үн қатты шал оған. – Сен ғой бөрібір өлесің. Ал мен де өлсем, бұдан саған не пайда?

«Бүйтіп ештеңе өндіре алмасын», – деп ойға қалды шал. Енді сөйлеуге мұршасы келмей, таңдайы құрғақсыды, құмырадағы суына жетуге дәрмені болмады. «Тағы да бір қимылдап көрейін. Бұл жолы балықты қайықтың дәл іргесіне сүйреп әкелуім керек. Көп тіресіп отыруға енді шыдамасын», – деп ойлады. – «Жоқ, шыдайсың, – деді бұл ойына қарсылық білдіріп. – Сен әлі де талай теперішке шыдайсың, шалым».

Балық келесі айналғанда, шал оны гарпунмен түйреуге аз-ақ қалып еді, балық қайтадан түзеліп, өрмен жүзіп кетті.

«Сен балық, мені мерт қыласың-ау, сірә, – деп ойлады шал – Әрине, ықтияр өзіңде. Сен секілді орасан зор, өрі өсем, өрі шыдамды балықты ғұмыр бойы көрген емен. Мейлің, өлтіре бер мені. Қайсымызды қайсымыз өлтірсек те, енді маған бөрібір»...

«Ақылыңнан тағы да алжаса бастадың, шалым! Ес-ақылың бүтін болуы керек-ті. Есіңді жи да, басқа түскен азапты не адамша көтер... не балықша шыда», – деп ойын жалғастырды.

– Ал басым, мәңгірме, қане, көрсет қызметіңді. Көрсет деймін! – деді ақырын ғана, өз даусы өзіне зорға естіліп.

...Бірқалыппен жүзіп, балық тағы да екі айналды.

«Не істеуім керек? – деп ойлады шал. Балық жақындай беріп, қайтадан өрі қарай жүзе жөнелген сайын қария біртүрлі ақылынан алжасқан секілденеді. – Не істеуім керек? Ал тағы да бір байқап көрейін».

Ол тағы да қимылдап көріп еді, көзінің алды бұлдырап кетті, сонда да әйтеуір балықты шалқасынан аударып түсірген еді. Бірақ балық қайта аунап, үлкен айыр құйрығын жайқай қозғап, өрі қарай ақырын жүзе жөнелді.

Шалдың қолы салдырап, көз алды бұлдырап отырса да: «Тағы да бір байқап көрейін», – деді өзіне дем беріп.

Ол тағы да әрекет қып еді, балық бұл жолы да сырғып кетті.

«Ө, солай ма?» – деді қария, балықтың әлсірей бастағанын іші сезді. – Тағы да бір байқап көрейін сені».

Ол бойындағы қуатын жиып, бар қайратына мініп, айқасқа қайта кіріскенде, балықты бір қырына аударып түсірді. Жайын енді жантайып жүзді, ұзын қайқы тұмсығы қайыққа тие жаздап келеді; ол тіпті қайыққа қатарласып та қалды; бітімі жалпақ келген, түсі күмістей

жылтыраған, бүйірінде көгілдір жолағы бар бұл балық шалға ерен үлкен көрінді.

Қария қармақбауды тастай беріп, табанымен басты да, қолына гарпунды ала салып, шалқая беріп, бар пәрменімен балыққа сілтеп қалды; жайынның бауыр қанатының артқы жағынан дәл бүйіріне қадады гарпунды. Үшкір темір балықтың жұмсақ етіне кірші етіп қадалған соң, шал оны енді бар салмағын сала итеріп, бойлата берді.

Балық сонда ғана ышқынып қалды, бүйіріне ажал найзасы қадалып тұрсадағы өзінің зор тұлғасына, әсемдігі мен қуатына бейне масаттанғандай жоғары ырғыды. Қайық пен шалдың үстінде – ауада бір сәт асылып тұрғандай болды да, теңізге қайта күмп беріп құлағанда шалды да, қайықты да суға көміп кетті.

Шал әлсіреп, есеңгіреп қалды, көзіне түк көрінбеді. Гарпунның бауын босатып, жаралы қолымен абайлап қана ұстады; көзінің алдындағы тұман сейілген шақта ол, бауыры жалтырап, шалқасынан сұлап жатқан балықты көрді. Арқа жағынан гарпунның сабы шошайып көрініп тұр, балықтың жатқан жері қызыл ала қан. Қан әуелі қошқылданып, тереңде қаптай жүзген қалың балық шоғырындай қарауытып көрінді де, бірте-бірте ыдырай жайылып, аспандағы түйдек-түйдек бұлтқа ұқсады. Аппақ күмістей жайын балық толқында ақырын ғана тербетіліп жатты.

Шал қашан көзі бұлдырағанша, одан жанарын тайдырмады. Көзінің алды қайтадан тұмандана бастағанда, ол гарпунның бауын діңгекке екі қайыра орады да, басын қолына сүйеді...

Ол жіпті жайынның желбезегінен өткізіп, ұшын аузынан шығарып ап, балықтың басын қайықтың тұмсығына тақап байлау үшін оны өзіне қарай тартты.

«Жақсылап тұрып қарап алайыншы, өзі қандай балық екен? – деп ойлады. – Бұл балық – өз қазынам ғой. Бірақ бұған сондықтан ғана жалтақтап отырғам жоқ. Гарпунды бүйіріне бойлата сүңгіткенімде, темірдің өткір ұшын жүрегіне дарытсам керек. Жә, тарта түс бері қарай, байла бекітіп. Қайыққа жақсырақ жанастыру үшін құйрығына да тұзағынды іліп, беліне де жібіңді орап алып шандып таста».

– Ал, қартым, қимылда, – деді шал өзіне-өзі, сосын құмырадағы судан аздап қана бір жұтты. – Шайқас тынғанмен, ендігі қалған қара жұмысының өзі де бастан асып жатыр.

Шал аспанға қарады, сосын көзін балыққа аударды. Күннің көзіне де абайлап бір қарап



қойды. «Күн түстен ауып бара жатыр. Жел күшейіп келеді. Қармақбаудың үзіктерін дәл қазір жамап-жалғаудан пайда жоқ. Үйге барған соң серік балам екеуміз реттейміз мұны».

– Балығым, жақындай түс бермен қарай! Балық оның сөзіне құлақ аса қоймады. Толқынданған теңіз бетінде тыныш қана тербетіліп жата берді, шал қайығымен өзі жақындады оған.

Қасына тақау барып, қайығының тұмсығы балықтың басына қатарласа бергенде, жайынның ересен үлкендігіне шал тағы да қайран қалды. Ол гарпунның бауын дінгектен шешіп алып, балықтың желбезегінен өткізіп тұмсығына бір орады, сонсоң жіпті желбезектен қайта өткізіп әкеп тұмсығын тағы да бір шандып тас қып түйді де, дінгекке апарып байлады. Енді балықтың құйрығын қайыққа тақап байлау үшін жіптен кесіп алып, қайықтың арт жағына таман барды. Жайынның түсі дәл қазір таза күмістей жалтырап жатты, бүйіріндегі жолақтары құйрығы реуішті көгілдірленіп көрінді. Жолақтарының жалпақтығы – кере қарыс, көздері – шарадай.

– Мұны басқадай тәсілмен өлтіруге лаж болмады, – деді.

Ол құмырасын алып, су ішіп ес жинады. Ақылынан алжаспасын білді енді, ойы сергіп қалды. «Бұл балықтың салмағы жарты тоннадан кем соқпас, мүмкін одан асып та түсер», – деп ойлады. Балықтың салмағы сол жарты тоннаның үштен екі бөлігіндей шыққанның өзінде де, егер еттің қадағын отыз центтен сатса, бұл шал қанша ақша табар еді?

– Қолға қарындаш алмай есептеу мүмкін емес. Ауызша қағып тастауға тың ми керек, – деді шал.

Алайда, ұлы Ди Маджио көрсе, ол маған сүйсінер еді бүгін. Менің өкшемнің ауыратын мүйізі жоғы рас. Дегенмен де қолым мен арқам қатты сыздап ауырды.

Өкшедегі мүйіз дегеннің өзі не нәрсе екен? Мұндай мүйіз бізде де бар болар, тек оны біз байқамайтын шығармыз. Шал жайынды қайықтың алдыңғы, артқы дінгектеріне және кісі отыратын арқалығына берік бекітіп байлады. Балықтың ғаламат ірілігі соншалық, өз қайығы үлкен бір кемеге тіркелген іспетті көрінді шалға. Қария жіптің шетінен кесіп алды да, жайынның аузы ашылып кетпесін деп, һәм жүзуге жеңіл болсын деп, оның астыңғы иегін сүйір тұмсығына жабыстыра таңып тастады. Содан соң кіндік дінгекті тұрғызып, желкенді көтерді. Желкенді жел кернеп, қайық алға жылжыды, шал қайықтың артқы жағына жантая жатып, оңтүстік-батысқа қарай жүзе жөнелді.

Оңтүстік-батыстың қай жақта екенін айыру үшін қарияға компастың қажеті жоқ еді. Түстіктен ескен желдің бағытын байқап, желкеннің желге қалай керілгенін көрсе, – осының өзі де жеткілікті оған. «Кішкентай қармағымды, ұшына жылтыраған зат шаншып, суға салып көрсем қайтеді, мүмкін жылтыраққа ұмтылып, кішігірім бір балық

қауып қалар, – деп ойлады шал, – сондай бір балық ұстамасам, қорек қылар еш нәрсем жоқ. Бірақ қармақтың ұшына ілер жылтырақты таба алмады, ал, жәшіктегі шабақтар істеніп кеткен еді. Қалың сары балдырдың тұсынан өте бергенде шал багормен балдырдан іліп алып, қайықтың ішіне сілкіп қалып еді, ұсақ шаяндар домалап түсті. Бүргеше секіріп, жыбырлай қашты. Шал бұлардың бастарын жұлып тастап, аузына салып, асықпай шайнап жей бастады. Бұл шаяндар үп-ұсақ болса да аса дәмді, әрі өте сіңімді болатынын қария білетін.

Құмырада әлі де аздаған су қалып еді, шаяндарды жеп болғаннан кейін, шал сол судан бір жұтты.

Кейбір кедергілер кезіксе де, қайық жақсы жүзіп келе жатты, шал румпельді шынтағымен тіреп, қайықты бағытынан аудармай тұралап отырды. Соғып алған балығына көзі қайта-қайта түсе береді; осы түсім емес пе дегендей алақанына қарап, арқасын қайықтың бүйіріне тигізіп байқап, бәрі де өңі екенін сезінді. Алып балықты гарпунмен түйреп, жанын салып айқасқан шағында, әлі құрып, көзі қарауытып кетіп еді, сонда осының бәрі де оған көрген түс сияқтанған. Жайын балық судан ырғып шығып, жоғары көтеріле созылып, серейе құлап бара жатқан мезетте, шал бір ғаламат көргендей, өз көзіне өзі сенбей таңырқап қалған. Рас, онда көзі бұлдыраңқырап кеткен еді, ал қазір жақсы.

Жайынның қанжығаға байланғанына көңілі енді сенді, қолының, арқасының сыздап ауырып тұрғаны да түсі емес екенін анық білді. «Қолдың жарақаты тез жазылады, – деп ойлады қария. – Жарақат түскен жеріне кір қонбасын деп, қолымды суға салып қанын біраз ағыздым, теңіздің аққы суы жараға шипа. Бұдан артық ем жоқ. Тек ойым шатаспаса екен! Екі қолым өз қызметін атқарды, қайық та жақсы жүзіп келе жатыр. Балықтың аузы жұмулы, құйрығын бұлғаңдатпай тұзу ұстап келеді, екеуміз дәл бір ағайынды сияқтанып қатарласа жүзіп келе жатырмыз».

Шалдың ойы тағы да шатаса бастады. «Үйге қарай балықты мен әкеле жатырмын ба, әлде мені ол сүйреп келе жатыр ма? – деген ой келді басына. – Балықты қайықтың артына байлап алып, сүйретіп келе жатсам, өңгіме басқа. Немесе ол қайығымның ішінде серейіп жатса, бір сәрі. Ал қазір бұл екеуміз бірімізге біріміз мықтап тұрып қосақталып алып, қатарласа жүзіп келеміз. Ә мейлі, өзіне жақсы болса мені осы балық-ақ жетелеп тарта берсін. Мен құлықпен ғана айламды асырдым ғой, ал бұл маған еш қастандық ойлаған жоқ еді».

Қайық жүзе берді, жүзе берді, шал қолын ащы суға малып қойып, ойым енді шатаспаса екен деп тырысып бақты. Түйдек-түйдек ақ бұлт шырқау биікте жөңкіліп, одан әрі алашабыр шарбы бұлт қалқып бара жатты, желдің түні бойы басылмасын шал ішінен сезіп отыр. Осыны ұстағаным шын ба, түсім емес пе дегендей алып балыққа әлсін-әлсін қарап қояды.



1. Жаратылыстану, биология пәндерінен алған білімдеріңді пайдаланып, өздерің білетін балықтың түрлерін атаңдар.
2. Шалға балықты ұстаудың неліктен қиынға соққанын түсіндіріңдер.
3. Шалдың балықты өлтіруі дұрыс па?
4. Қармағына балық ілінбей жүрген шалдың жайын іліккендегі көңіл күйін сипаттаңдар.
5. Оның балықпен сөйлесуі қандай тәсілге жатады?



Сызбаны пайдаланып, шығарманың негізгі идеясына талдау жасаңдар.

Адамның өз-өзімен күресі



Адамның табиғатпен, оның құбылыстарымен күресі



1. Автор бала кезінен әкесімен бірге балық аулап, бұл кәсіптің қыр-сырын өбден меңгерген болатын. Ал кубалық балықшылардан акулалармен айқасқан балықшы туралы әңгіме осы шығармаға арқау болады. Автор бейнесі шығармада қалай көрініс табады? Автордың қандай философиялық ой түйеді?
2. Шалды батырлық жырлардың кейіпкері ретінде қарастырып көріңдер. Шалдың бойында батырға тән қандай қасиеттер бар? Шығармадағы түс көру мотивін қазақ әдебиетімен байланыстыра талдаңдар. Повесте аңыз элементтері кездесетін эпизодтар тауып, фольклорлық шығармалармен байланыстырыңдар.



«Адамзаттың аспандағы күнді, айды, жұлдызды құлатып түсіруге ниет қылмайтыны қандай жақсы. Біз қорегімізді теңізден зорлық қып тартып аламыз, өзіміз секілді тіршілік иелерін өлтіріп жатамыз. Адамға осы да жеткілікті ғой» деген Сантьягоның сөзін өз ойларыңмен жалғастырып жазыңдар. Жазғандарыңды салыстырыңдар.

Шал мен акула

Жазушының «Шал мен теңіз» повесі – философиялық шығарма. Негізгі оқиға өмір үшін күреске құрылған. Автор су асты, жер үсті, көктегі құстардың тіршілігін салыстыра келіп, жаны бардың барлығы да өмір үшін жан алысып, жан берісіп жатқанына көңіл аударған. Су астындағы ұсақ балық, жайын, акулалар бір-біріне әлімжеттік жасап не өлмеудің амалын асырып жатса, құстардың да тіршілік үшін күресі сондай. Мұхиттың ортасында қалған кішкентай жалғыз құста тіршілік нәрін тартқысы келеді. Ал адам баласы балықтар мен құстарға қарағанда саналы түрде, белгілі мақсатпен әрекет жасай алатындығымен ерекшеленеді. Шалдың жайын балықпен, акулалармен жекпе-жек шайқасы адамзат баласының тапқырлығына мысал. Балықшының ұзақ жылдар бойы жинаған өмірлік тәжірибесі оны өлім аузынан арашалап, аман алып қалуы адамзат баласының мүмкіндігі шексіз екендігіне көзімізді жеткізе түседі.



...Келесі акула жалғыз кезікті, бұл да жалпақ тұмсықты акула еді.

Өзі тура астауына еңкеңдей ұмтылған шошқа секілді, бірақ адамның басын бір қауып жұлып аларлық арандай ашылған аузы жоқ қой шошқаның.

Шал бағып тұрып, акула жақындап кеп балыққа тісін қадай берген мезетте, пышақ таңылған ескегімен дәл басына түйіп жіберіп еді. Акула шалқалап аударылып түскенде, пышақ омырылып сынып кетті.

Шал рульге кеп отырды. Бірте-бірте суға ақырын батып бара жатқан акулаға көзінің қырын салған да жоқ. Бұрын мұндайға қызыға қарайтын еді. Ал қазір қарағысы келмеді.

– Қолымда енді багор ғана қалды, – деді ол. – Бірақ одан не пайда? Бұдан басқа екі ескек, бір румпель¹ және тоқпағым бар.

«Иә, енді мені акулалар жеңуге айналды, – деген ой келді басына, – Акуланы тоқпақпен ұрып өлтіруге халім жоқ, тым кәрімін. Сонда да қайрат қылып, ескегімнің, румпель мен тоқпағымның қашан талқаны шыққанша шайқасармын».

Ол тұзды суға қолын тағы да малды.

Күн кешкіріп қалды, көзге тек аспанмен астасқан телегей теңіз ғана көрінеді. Жел қатай түсті, көп кешікпей жердің де қарасы көрінер деп дәмеленді қария.

– Шалым, сен қалжырадың. Жан дүниені де қажыды, – деді ол.

Күннің көзі ұясына батар алдында акулалар тағы да тиісті бұған.

Жайын балықтың жосылған қанының ізімен келе жатқан акуланың шоқтығындағы үшкіл қоңыр қанаты шалдың көзіне бірден шалынды. Акула екеу еді, қайыққа қатарласып кеп қалды.

Шал рульді румпельмен тіреп, желкенді бекітіп байлады да, қайықтың артқы жағында жатқан тоқпақты қолына алды. Бұл – сынған ескектен кесіп алынған, ұзындығы жарты құлаштай кеспелтек ағаш еді. Шал тоқпақты тұтқасынан оң қолына нығарлай ұстап, алақанының сыртынан жішпен орап таңды да, ағындап келе жатқан екі акуланың жақындай түсуін күтті. Екі акуланың екеуі де – галанос еді.

«Асықпайын, әуелі біреуі келіп балыққа тісін мықтап тұрып қадасын, нақ сол кезде қақ тұмсықтан, не дәл қарағұстан соғып жіберейін», – деп ойлады шал.

Екі акула қатар жүзіп келді де, бергі жағындағысы аузын арандай ашып, жайынның жарқылдаған бүйіріне тісті салып қалған мезетте, шал тоқпақпен акуланы желке тұстан құлаштай соғып жіберді. Қолына

Тірек сөздер

акула
тоқпақ
жем
күр сүйек
жеңілу
жел
кіндік темір
ұйқы

¹ Румпель – кішігірім қайықтардағы рөліді бұруға арналған иіктірек (рычак).

қатты дүмпу сезілсе де, сүйегі берік мығым қол талықсымады, шал тоқпақпен акуланы дәл тұмсықтан тағы да қойып қалды. Балыққа жабысқан акула сылқ түсті.

Екінші акула балықтың етінен жұлып алып, кейін кетті де, аузын арсита ашып, қайта бұрылды. Оның ақсиган тісіне қыстырылған апшақ талшық етті шал айқын көрді. Тоқпағын құлаштай сілтеп еді, бірақ акуланың қарағұсына деп тигізе алмай, тек төбесінен соқты. Акула қартқа көзін бір аударып қалды да, еттен аузын толтыра жұлып алды. Сол кесегін жұту үшін сәл шегіншектей бергенде, шал оны тағы да соғып жіберіп еді, бұл жолы да тоқпағы акуланың төбесіне дүңк етіп тиді.

– Қане, галанос, жақындашы бермен қарай. Тағы да бір жақындап көрші, – деді шал.

Акула қайыра ұмтылып, жайынға оқша атылып кеп, тісін сақ еткізіп сап қалғанда, шал оны тағы да періп жіберді. Тоқпақты құлаштай көтеріп, бар перменімен соғып еді. Бұл жолы қарағұсқа дәл тигізді де, тоқпағын шапшаң көтеріп ап, дәл сол тұстан тағы да бір соғып қалды. Балыққа жабысқан акула, тістеген жерінің етін собалаңдай жұлып, төмен суси берді.

Шал бұларды су бетіне тағы да шыға келер деп ойлап еді, бірақ, акуланың екеуі де қайтып көрінбеді. Біраздан соң біреуінің қайықтың қасында үйіріліп жүргенін карт байқап қалды. Ал екінші акула көзге түспеді, ол біржола ғайып болды.

«Мен бұларды шоқпармен ұрып өлтіремін ғой деп ойлаған да жоқпын. Бұрын өлтіре беретінмін, – деді қария ішінен, – өйткенмен екеуін де қансыратып жібердім, жағдайлары онша тәуір бола қоймас. Тоқпақ сәл ұзынырақ боп, қос қолдап соққанымда алдыңғы акуланы сеспей қатыратыным анық еді. Қартайсамдағы, осы қазіргі күйімде-ақ серейтіп салатын едім».

Жайынға қарауға енді мүлде дәті бармады шалдың. Оның жарты етінің ада болғанын іші сезіп отыр. Бұл екі акуламен айқасып жүргенде, күн батып кеткен.

– Қазір қараңғы түседі. Сол кезде Гавананың жылтылдаған оттарын көрермін, – деді ол. – Ал, шығысқа қарай тым ауытыңқырап кеткен болсам, онда со жақтағы жаңа курорттардың біреуінің жарығы көрінер.

«Жағалаудан тым жырақта қала алмаспын. Жұрт мені қайда жоғалып кетті деп алаңдап отырған шығар, – деген ой келді басына, – өсіресе, серік балам қатты алабұртып отырған болар. Бірақ ол менің аман-сау екендігіме күмәнданбаса керек! Егде балықшылардың тықыршуы мүмкін. Жастар жағы да алаңдар. Мен сол жақсы адамдар арасында күнелтіп жүрген қартпын ғой».

Акулалар жайынның дал-дұлын шығарып кеткендіктен, шал оған қарауға дәті де бармай, оған арнап тіл де қата алмай отыр еді. Кенет басына бір тың ой келді.

– Жарты балық! – деп үн қатты ол жайынға. – Бұрынғы бүтін балық! Қиырға сонша ұзап кеткенім бекер-ақ болды-ау. Сені де, өзімді де сорлаттым. Дегенмен екеуіміз бірталай акуланы өлтірдік, біразын қансыратып жібердік. Сен қарт балық, өзіңнің осы ғұмырыңда бұлардың талайының көзін құртқан шығарсың, ө? Тұмсығының найзадай сүп-сүйір боп бітуі тегін емес.

Шал толғанып, егер осы жайын теңізде емін-еркін жүзіп жүрген болса, акуланы қалай жайқар еді деген бір ойға кетті.

«Акулалармен шайқасу үшін мен мұның сүйір мүйіз тұмсығын кесіп алайын» – деп ұйғарды ол. Бірақ жанында балтасы жоқ еді, пышағы да сынып қалды.

«Жайынның мүйіз тұмсығын кесіп алсам, есектең сабына бекітіп байлар едім де, мұным тамаша қару болып шығар еді. Міне, нақ сонда бұл балық екеуіміз қол ұстаса қимылдаған болар ек! Акулалар түнде тап келсе қайтпексің, шалым? Қолыңнан келер не қайрат бар?»

– Айқасамын. Кеудемнен жаным шыққанша айқасамын, – деді ол.

Қараңғыда алыстан жылтыраған не от, не шапақ көрінбеді; үлдеген жел үні ғана, жел кернеген желкеннің тысырлағаны ғана естіліп тұр. Кенет шалға өлген екенмін ғой деген ой келді. Екі қолын кеудесіне қойып еді, қолдарының жаны кеткен жоқ екен, саусақтарын бір ашып, бір жұмғанда, сыздап ауырғаны сезілді, бұл – тіршіліктің белгісі. Шал қайықтың артқы жақтауына сүйеніп еді, тақтай иығына батты, өзінің тірі екендігіне қарттың сонда ғана көңілі сенді.

«Жайын балықты соғып алар болсам, оқырмын деп серт қылған дұғаның бәрін оқуым керек, – деп ойлады шал. – Бірақ қазір дәрменім жоқ, тым қалжырап қалдым. Қапшықты алып иығыма жамылайыншы».

Ол қисайып жатып, қайықты тұралап жүздіре берді; Гавана шамдарының аспанға түскен шапағы қашан көрінер екен деп, қадағалап отырды. «Қолымда жайынның әлі жарты еті қалды, – деп ойлады, – жолым оңғарылып, тым құрығанда осыны үйге аман-есен жеткізермін. Жолымның бір оңғарылар кезі болды ғой!.. Жоқ, – деді шал өзіне, – жазығың бар, қайығың тым алысқа ұзап кеткен кезде, осы балық қармағыма қайдан ілініп еді деп ренжіген болатынсың».

– Жоқтан өзгені көкіме, шалым! – деді ол өз ойын өзі бөліп. – Ұйықтап қалма, рульді бақ. Сенің де басыңа бақ қонар.



– Егер бір жерде сатылатын болса, өзіме аздап бақыт сатып алар едім, – деді шал...

Ол рульдің қасына жөнделіңкіреп отырғысы кеп қозғалып көріп еді, тұла бойы қақсап қоя берді, өзінің шынында да тірі екендігіне шалдың көзі енді ғана анық жетті.

Қала оттарының аспанға түскен шапағы оған түнгі сағат онның шамасында көрінді. Ай туып келе жатқан кездегідей, әуелі бозалаң сәуле білінді де, бірте-бірте айқындала берді. Шал осы көрінген жарықты бетке алып жүзіп келеді, енді Гольфстримге ілігуге аз-ақ қалдым деп ойлады.

«Әйтеуір жердің қарасы көрінді-ау, – деді ішінен. – Әрине, акулалар маған тағы да келіп соқтығар. Бірақ құрқол адам қараңғыда оларға не қайрат қыла алмақ».

Шалдың тұла бойы сырқырап шанышты, тілім-тілім қол-аяғының жарасына түнгі салқын жайсыз тиіп, ауырта түсті. «Мүмкін, енді акула кезіге де қоймас, айқасқа түспеспін, – деп те ойлады. – Тек айқасқа түспесем екен енді».

Бірақ түн ортасы шамасында акулалармен тағы да айқасты ол; бұл жолғы айқастан түк өнбесін білді де. Акулалар үйірімен кеп тиісіп еді, шал олардың қыр арқасындағы қанаттарының суды тілген ізін ғана, жыртқыштардың жайынға атылған кездегі қылаң еткен елесін ғана көрді. Акулалар қайықтың астыңғы жағынан кеп тістерін сақ еткізіп салып жіберіп жайынды жұлқылағанда, қайық қалт-құлт етті. Шал дыбыс білінген тұсты жобалап, тоқпақпен төпелей берді, бір кезде қолынан тоқпағы да ұшып кетті.

Ол енді румпельді шығырынан жұлып алып, қос қолдап ұстап, жыртқыштарды оңды-солды соққылады. Акулалар қайықтың тұмсық жағына үймелесіп қалған екен; жайынға бірінен соң бірі ұмтылып, оның етін дал-дүл ғып жұлып жеп жатыр. Кейін қарай шегіне беріп, жеміне қайыра атылады.

Ақыр соңында бір акула жайынның дәл басына ұмтылып жүзіп барды, балықтың қауқиған басынан өзге дымы қалмағанын шал сонда білді. Жайынның тастай бас сүйегіне акуланың тісі кірші етіп қадалған мезетте шал оны дәл тұмсықтан румпельмен періп қалды.

Құлашты кере сермеп, тағы да екі-үш қайыра соғып жіберіп еді. Румпель сатыр-сұтыр етіп жарылып, омырылып сынып кетті де, шалдың қолында оның тек шолтиған сабы ғана қалды. Қарт енді сол саппен түйіп қалып еді, ағаш акуланың денесіне кірші ете қалды. Сап ағаштың сынық жағы үшкір екенін сезіп, акуланы тағы бір түйіп жіберді шал. Акула балықты тастай беріп, әрі қарай жылысып кетті. Үйірімен келіп тиіскен акуланың бұл – ең соңғысы еді. Бұл да тайды, өйткені, балықтың енді құр сүйегінен басқа, жейтіндей ештеңесі қалған жоқ еді.

Шал демін өрең алып отырды, аузына өзгеше бір дәм білінді. Балға ұқсас төтті дәм. Шал бір сөт қорқып қалып еді, бірақ көңілі орнына тез түсті. Ол мұхитқа түкіріп тастады да:

– Галанос, асаңдар, жапырыла ұмтылыңдар! Адамды өлтірдік деп масайраңдар, – деді.

Қарт енді өзінің оңалмастай боп өбден жеңілгенін білді де, қайықтың арт жағындағы орнына жылжып барды; румпельдің қолындағы тұқылын рульдің кертесіне сұғып көріп еді, тұра келді, енді осыны ілділа ғып, рульді ештеп басқаруға болатын секілді.

Шал иығына қапшығын жамылды да, қайықтың бағытын түзеді. Қайық енді жеңіл жүзді, шал да енді ештеңені сезбеді де. Оған енді бәрі-бір еді, тек қайығын жағаға тезірек жеткізе, жақсы жеткізе болғаны.

Түнде акулалар бейне үстел үстінде қалған сарқытқа қомағайлана бас салған ашқарақша, балықтың қаңқасына таптап берді. Шал бұларға назар салған жоқ. Өзінің қайығынан басқа еш нәрседі жұмысы болмады оның.

Жайынның құр қаңқасы қалғаннан кейін қайықтың жеңілденіп, жүрісі шапшаңдай түскенін ғана сезіп келе жатты.

«Қайығым жап-жақсы, – деп ойлады, – тек румпельдің сынғаны болмаса, еш жеріне зақым түскен жоқ, бүтін. Ал румпельдің жаңасын орнатып алудың қиындығы жоқ».

Шал қайықтың жағаға таяп қалғанын сезді, теңіз жағалауындағы поселкелердің жылтыраған оттары көрінді. Қарт өзінің қай жерде келе жатқанын да білді, енді үйге жетудің еш қиындығы жоқ.

«Жел жарықтық дос қой бізге, – деді ішінен. – Дегенмен үнемі дос та емес-ау, – деп бір қойды. – Шалқар теңізде қастарымыз, достарымыз баршылық. Ал төсек бар ғой, соны айтамын. Төсекте жату деген – ғажап нәрсе! Жеңіліске ұшырасаң, көңілің жай табады екен. Бұлай болатынын білмейтін ем... – деп ойланып қалды қарт. – Шалым, сені жеңген кім осы? – деді өзіне сауал беріп. – Ешкім де емес, – деп жауап қайырды. – Шығандап тым ұзап кеткенімнің кесірі».

Ол қайығымен кішкентай қойнауға кеп кіргенде, Террасаның маңы қараңғы еді, шамдар сөнген; жұрттың бәрі ұйықтап қалған. Жел үлдеп, бұрынғысынан да күшейе түсті. Гавань төңірегі тып-тыныш; шал жартастың иығына таман таяла бергенде, қайығы қайырға тиіп, қайраңдап қалды. Оған жәрдемдесіп жіберетін ешкім жоқ, шал өзі тырбанып қайығын ілгері жылжытыңқырады да, сосын жерге түсіп, қайықтың бауын жартасқа іліктіріп байлады.

Кіндік діңгекті суырып алып, оған желкенді домалатып орады да, сыртынан жіппен буды. Содан соң діңгекті иығына салып, өрге қарай аяңдап еді, өзінің өбден қалжырап біткенін ол сонда ғана сезді. Бір сөт аялдап, жан-жағына қаранып еді, қайығының артқы жағында бұлғандаған жайынның алып құйрығына көзі түсті, жарқабақтанған

ірі толқын балықтың құйрығын жоғары серпіп, көтеріп-көтеріп тастайды; қайық жаққа көшедегі қолшам жарығы түсіп тұрғандықтан, балықтың тізілген омыртқасының ағараңдаған желісі де шалға көрінді, сүйір мүйіз тұмсығы қайқиған жайынның басы да қарауытып кезге шалынды.

Шал өрге қарай қайтадан қадам басты. Қырқаға шыға бере құлай кетіп, кіндік діңгекті иығына салған күйінде біраз жатты. Содан соң түрегелмек болып еді, қол-аяғынан әл кетіп, бойын жаза алмай қалды. Жолға көз жіберіп, осы қалпы едәуір отырды. Бір мысық жолды кесіп жүгіріп өтті, шал оның кеткен жағына біраз қарап отырды да, енді көзін сұлық жатқан жолға аударды.

Бір кезде ол иығындағы кіндік діңгекті жерге тастай беріп, орнынан түрегелді. Сонсоң діңгекті көтеріп иығына қайтадан салды да, жолмен жоғары өрлей берді. Өзінің лашығына жеткенше бес рет аялдап, дем алды.

Үйге кірген соң кіндік діңгекті қабырғаға сүйеп қойды. Су құйылған құмыраны қараңғыда қармалап тауып алып, қанып іштi де, кереуетіне келіп жатты. Көрпешемен иығын бүркеп, арқасын, аяғын қымтады да, төсеніш ретінде жайылған газетке бетін басып, алақанын жайған күйі екі қолын созып жіберіп ұйықтап кетті.

Лұғат

Ілдәла (ілдалда) – қажетіне әрең жарап тұрған, жоқтан бар, яғни ептеп-септеу, бірдеңе етіп амалдау.

Қойнау – бұл жерде: теңіз, көл қоймасының құрлыққа ілгерілей еніп жатқан, дауыл мен толқын болмайтын шағын бөлігі.



1. Шал акулалармен қалай шайқасты?
2. Жайынды үйіне жеткізе алды ма?
3. Шалдың қайығын акулалар не себепті қоршап алды?
4. Акулалардан жеңіліс тапқан шалға қандай ой келді?
5. Шал мен акуланың айқасынан қандай ой түйдіңдер?



1. Балық көлемінің үлкендігі, акулалардың көптігі, шалдың акулалар үйірімен жалғыз айқасуы, балықтың жемтікке айналуы секілді детальдарды беруде автор қандай тәсілді қолданған? Бұл тәсілдің шығарма көркемдігін арттырудағы рөлі қандай?
2. Шығарманың ерекшелігі ретінде басты кейіпкердің ішкі монологу мен өз-өзімен сөйлескен диалогтерін атай аламыз. Шығармадан мысал келтіріп, астарлы ойды анықтаңдар.

	Мысал	Айтқысы келген ойы
Шалдың монологу		
Шағаламен диалог		
Теңізбен диалог		
Балықпен диалог		



1. Повестегі адал еңбектің, адамгершілік қасиеттердің маңыздылығын, тұлғаның бірегейлігін, табиғат пен адамның тұтастығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазыңдар.
2. Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесін Ө.Нұрпейісовтің «Қан мен тер», «Соңғы парыз» романымен, Ш.Айтматовтың «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», Т.Жармағамбетовтің «Отамалы» шығармаларының бірімен салыстыра талдап, әдеби сын жазыңдар. Үлгі:

Талдау нысаны	«Шал мен теңіз» повесі	«Қан мен тер» романы
Идеялық жақындық Оқиға орны Заман келбеті Кейіпкерлер тағдыры Символдық қолданымстар Түйінді ой		

Аңызға айналған шындық



Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы киносүйер қауымды режиссер Ермек Тұрсыновтың «Шал» деп аталатын тағы бір салмақты туындысымен қуантты. Фильмнің кіріспе титрлерінде оның әйгілі Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» атты повесінің желісімен түсірілгені жазылған.

Тәуекел СЛАМБЕК

Ермек Тұрсыновтың «Шал» атты фильмі жазушы Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесінің негізінде түсірілді. Хикаяттағы шал, балық, жайын, акула, теңіз төңірегіне құрылса, фильмде шал, қой, қасқыр, қазақ даласына кез боламыз. Екі автордың да негізгі айтпағы – өмір үшін күрес. Ұқсастық – екі шығармадағы шалдың да спортқа құмарлығы, бетпе-бет келген өліммен күресе білетін шымырлығы, жандарында өмірдің жалғасын танытатын жас баланың жүруі. Хикаяттағы шалдың тағдыры балықшылық кәсіппен айналысатындардың тіршілігіне құрылса, екіншісіне малшаруашылығымен айналысатын қазақ халқының өмірі негіз болған. Авторлардың жетістігі – өмірден алынған оқиғаға жан бітіріп, жекелеген кейіпкерлерін типтік бейнеге көтеруі, солардың тіршілігі арқылы оқырманға ой салды. Жалпы аударма саласына байланысты академик Рымғали Нұрғали былай дейді: «Еш уақытта ешбір елдің әдебиет өнері томаға-тұйық қалыпта ұлттық шеңбердің ішінде ғана өсіп жетілген емес. Ана топырағында жаратылған өнер басқа жұрттардың озық асыл қазыналарынан нәр алып, байығанда ғана өркен жаймақ».¹



...Ертеңіне шалдың серік баласы лашыққа кеп кіргенде, қарт ұйықтап жатыр еді. Жел өте күшейіп кеткендіктен балықшылар бүгін теңізге шықпаған еді, ешкім оятпаған соң бала ұйықтап қалған-ды, ұйқысы қанған соң өзі оянып тұрып, күндегі дағды-

¹ Нұрғали Р. Талағыс. Алматы: Жазушы, 1986.

Тірек сөздер

бала
тілім-тілім қол
балықшы
кофе
сағыну
бақытсыз адам
қасында болу

сынша таңертең шалдың лашығына соққан. Бала қарттың ақырын ғана дем алып жатқанын көрген соң көңілі тыншып еді, бірақ шалдың тілім-тілім қолдарын көргенде жылап жіберді. Қарияға кофе алып келу үшін лашықтан ештеп қана шықты да, асханаға бет алды, жеткенше жылап барды.

Шалдың қайығының маңына балықшылар жиылып қалған еді, қайыққа қосақталған ғаламат нәрсеге бәрі таңдана қарасады; біреуі шалбарының балағын түріп алып, су ішінде жайынның қаңқасын жіппен өлшеп жатыр.

Бала бұлардың қасына барған жоқ, өзі өлгінде ғана көріп кеткен болатын, қайықты мен қарайлай тұрайын деп бір балықшы оған уәде еткен-ді.

– Қарттың халі қалай екен? – деп дауыстады балаға бір балықшы.

– Ұйықтап жатыр, мазалауға болмайды, – деп жауап қатты бала. Өзінің ағыл-тегіл жылап келе жатқанын балықшылар көрсе, көре берсін дегендей көзінің жасын сүрткен де жоқ.

– Мынаның тұмсығынан құйрығына дейінгі ұзындығы он сегіз фут¹ шықты, – деп дауыстады жайынды өлшеп жатқан балықшы. – Бірде кем емес, – деді бала.

Ол террасаға енді де, бір құты кофе сұрады.

– Ыстық кофе беріңізші маған, сүті мен қанты молырақ болсын, – деді.

– Тағы да бірдеме алсаңшы.

– Керегі жоқ. Өуелі кофені ішсін, сосын не керек боларын өзім байқармын.

– Ой-пой, бұ не деген нән балық! – деді қожайын. – Мұндай нән балықты көрген емен. Айтпақшы, сен де кеше екі ірі балық ұстадың ғой.

– Адыра қалсын ол балықтар! – деп, бала тағы да жылап жіберді.

– Бірдеңе жұтқың келе ме? – деп сұрады қожайын.

– Жоқ, – деді бала. – Ана балықшыларға айт, Сантьягоның мазасын алмасын. Мен қазір қайтып келем.

– Шалға қатты жаны ашып тұр дегейсің мені.

– Рақмет, – деді бала.

Ол бір құты ыстық кофені әкеліп, шалдың қасына барып отырды да, қария қашан оянғанша орнынан тапжылмады. Балаға қарт бір мезет ояна берген секілді көрініп еді, бірақ шал сәл ғана қозғалып, қалың ұйқыға қайта енді. Бала кофені ысыту үшін жолдың арғы бетіндегі көршілерге барып, қарызға біразырақ отын сұрап әкелді.

Бір кезде шал да оянды.

¹ Фут – ағылшын өлшем жүйесіндегі 12 дюймге (30,48 сантиметр) тең ұзындық.

– Тұрма, жата бер, – деді оған бала. – Мә, іш мынаны! – Ол стақанға кофе құйып, шалға ұсынды.

– Ақулалар маған бой бермеді, Маналин. Олар жеңді мені, – деді қарт.

– Дегенмен саған жайынның шамасы келген жоқ қой! Ол сені жеңе алмады ғой!

– Оны айтып қайтесің, болары болды.

– Сенің қайығыңды, кұрал-сайманыңды мен қарайлай тұрайын, – деді Педрико. Анау жайынның басын қайтесің?

– Оны Педрико алсын да, паршалалап бұзып ау құрғанда балыққа жем қылсын.

– Ал жайынның мүйіз тұмсығын не істейсің?

– Оны ескерткіш ретінде өзің ал, қаласаң.

– Мақұл, – деді бала. – Ал енді алдағы уақытта не істейтінімізді ақылдасалық.

– Мені іздеді ме?

– Әрине. Жағадағы күзетшілер де, ұшақтар да іздеді.

– Мұхит – ұлан-ғайыр да, қайық болса – құрттай ғана, көзге қайдан шалынсын, – деді шал.

Кешеден бергі сырласы теңіз ғана еді, енді қазір қасында ақылдасар адамы отырғаны жанын жадыратып жіберді. Сені сағынып қалыпшың, – деді қарт. – Өзің ештеңе ұстап алдың ба?

– Әуелгі күні бір балық, келесі күні және бір балық, үшінші күні екі балық ұстадым.

– Бәрекелді!

– Енді бұдан былай балықты екеуіміз қайтадан бірігіп аулаймыз.

– Жоқ. Мен – бақытсыз адаммын. Енді жолым болмайды.

– Жолым болмайды дегенді қой, – деді бала. – Мен сенің қолыңа бақыт құсын қондырамын.

– Менің қасыма ергеніңе ата-анаң не дер екен?

– Не десе, о десін. Кеше екі балық ұстадым. Мен өлі көп нәрсені үйренуім керек, сол үшін бұдан былай балықты сенімен бірігіп аулаймын, қасыңда боламын.

– Жақсы бір қарымды найза тауып алып қолымнан тастамай алып жүруім керек екен. Оның үшкір ұшын «фордтың» рессорынан жасауға болады. Қайрақшыға апарып, қырын қылпытып қайрап аламыз. Ұшы үшкір, қыры өткір болуға керек, суарып шыңдаудың қажеті жоқ, морт сынбауына жақсы болады. Пышағым екі бөлініп сынып қалды.

– Мен саған жақсы пышақ тауып берем, рессорды да қырлап, ұштау қолымнан келеді. Мына азынаған жел неше күн соғар екен?

– Үш күн соғады. Бұдан да көпке созылып кетуі мүмкін.

– Ендеше оған дейін бүкіл істі реттеймін. Ал сен қолыңды емдей бер өзірше, – деді бала.

Қолымды қалай емдеуді білемін ғой. Түнде аузыма бір түрлі бір жылымшы жаман дәм келген соң, түкіріп тастап ем, қолқам үзілгендей болды.

– Қолқанды да емде, – деді бала. – Төсегіңнен тұрма, жата бер, ата, саған қазір таза жейде әкеп берейін. Жейтін бірдеңе және ала келейін.

– Мен жоқ кезде шыққан газеттердің біреуін ала келші, – деп өтінді шал.

– Сенің тезірек сауығуың керек, өйткені мен сенен бір нәрсені үйренуге тиістімін. Сен маған талай нәрсені үйрете аласың да. Жарақатың жаныңа қатты батты ма?

– Қатты батты, – деді шал.

– Мен тамақ алып келейін, газетті де ала келейін. Сен дем ал, ата. Дәріханаға соғып, қолыңа жағатын бір дәрі де ала қайтайын.

– Педрикоға айт, жайынның басын өзі алсын, ұмытып кетпе.

– Ұмытпаймын.

Бала лашықтан шығып, ескі тастақ жолмен төмен ылдилап түсіп келе жатып, тағы да жылап алды...

– Сол күні Террассаға бір топ туристер келіп еді. Шығыстан соққан желдің екпінінен ақжалдана дөңбекшіген биік толқындарға қарап тұрған турист әйелдің бір нәрсеге көзі түсті; бұл – теңіздің қолтығына толқын айдап келген қоқыстың, босаған қалбырлар мен өлген медузалардың арасында бірге қалқып, су бетінде ағараңдап, тербетіліп жатқан алып жайынның қаңқасы еді.

– Бұл не нәрсе? – деп сұрады даяшыдан турист әйел, толқын ысырып бара жатқан қоқыстың арасында қалқыған алып балықтың шұбалған омыртқа сүйегін нұсқап.

– Tiburon, – акула, – деді даяшы. Ол болған жайды турист әйелге түгел айтып беруге оқталды.

– Акуланың сәнді иіле біткен мұндай сұлу құйрығы болатынын білмейтін ем, – деді турист әйел.

– Мен де білмейтін ем, – деді қасындағы серігі.

Жоғарыда, өзінің лашығында шал қайтадан ұйықтап кеткен еді. Тағы да етпетінен жатыр, серік баласы қасында қарауылдап отыр. Шал түсінде арыстандарды көріп жатты.



1. Егер сендер теңізде жалғыз қалсаңдар не істер едіңдер?
2. Балық аулауға шығып көрдіңдер ме?
3. Балықшылар жайынның қаңқасынан нені түсінді?
4. Шалдың жағдайынан кейін бала қандай шешім қабылдады?
5. Баланың өке-шешесі шалдың қасында балық аулауына неліктен қарсылық танытты?
6. Хикаят пен кинодағы шалды салыстырыңдар.



1. Шығармадағы балық пен мақсат ұғымын қатар алып талдаңдар. Шалдың балыққа, адамның мақсатқа жету жолындағы талпынысы мен арпалысын қатар алып көріңдер.

2. Шал өзінің жарлы екенін мойындағысы келмейді. Өзін жеңілдім деп есептемейді. Оның себебі неде? Осыған қатысты үзінділерді тауып оқыңдар.
3. Тұтас шығарманың концепциясын танытатын қай үзіндіні ерекшелеп алар едіңдер?
4. Төмендегі үш бөлімді негізге алып, шығарма бойынша оқиғалар тізбегін құрастырыңдар.




5. Шал өміріндегі баланың рөлі қандай? Баланың шалдың қасына қайтып келуі ненің белгісі?
6. «Теңіз – өмір. Балық – сөттілік. Акула – кедергі. Бала – үміт. Адам – қажыр-қайрат, табандылық иесі». Осы төрттіктің бүгінгі таңдағы байланысын қандай түсінікпен берер едіңдер? Неліктен? Адам өмірінің мәні, жан дүниесі, ішкі әлемі төңірегінде ой қорытыңдар.



1. Адамның арманын, жеңіске деген құштарлығын, мүмкіндігін, қажыр-қайратын сипаттаудағы, жеткізудегі автор қолданған көркемдегіш құралдарды анықтаңдар.
2. Шығарма желісін басшылыққа ала отырып, адам, оның жаратылысы, жер бетіндегі рөлі жөнінде аңыз құрастырыңдар.
3. Шығармадағы өмір шындығы қандай? Кейіпкерлердің шынайы бейнесін анықтаңдар (балықшы, бала, балық, акула).



1. Акулалар балықшының олжасын жемтік етті, бірақ бұл Сантьяго қарттың рухын сындыра алмады. Өмірде жетістікке жету үшін қандай қасиеттер қажет? Шалдың ерлігі мойындалды ма? Ол нені дәлелдегісі келді? Шалдың ерлік іс-әрекетіне сыни баға берің, табандылықты жетістікке бастар жол ретінде қарастырып көріңдер.
2. Сантьяго жеңіске жетті ме, әлде жеңіліс тапты ма? Шалдың жеңісі мен жеңілісін таразылап, тұжырым жасаңдар. Оның теңіз-дегі арпалысына қатысты пікір білдірің, сыни баға беріңдер.



Кері байланыс: «Білім пирамидасы»

- Есте сақтайтын ең қажет ақпарат
- Менің көбірек білгім келетін екі мәлімет
- Мені қызықтырған үш ақпарат
- Мен білген төрт мәлімет



IV БӨЛІМГЕ АРНАЛҒАН ТОҚСАНДЫҚ ЖИЫНТЫҚ
БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Тест сұрақтарына жауап беріңдер

1. Төмендегі өлең шумағында дыбыс үндестігінің қай түрі қолданылған?

*Менің көлім мына көл – сенің көлің,
Сенің арқаң көңілге семіргенім.
Жоғалмасын, ағайын, жоғалмасын,
Жетем деген сол көлге сенімдерің.*

- а) анафора; ә) ассонанс; б) эпифора; в) аллитерация.

2. Қай кейіпкердің сөзі екенін табыңдар.

«...Жүрексіз жүргеннен шаршамайды екен, жалықпайды екен. Құрдымның шетінде тұр. Ал көбі құрдымға баяғыда құлап кеткен».

- а) Қайырболды; ә) Сәрсен; б) Сағындық; в) Бекторы.

3. Сөйлемде кездесетін көркемдегіш құрал түрін анықтаңдар.

«Сен пері емессің – періштесің!»

- а) синекдоха; ә) метафора; б) метонимия; в) теңеу.

4. Төменде берілген сөйлемдерді оқиға реті бойынша орналастырыңдар.

Балық келесі айналғанда, шал оны гарпунмен түйреуге аз-ақ қалып еді, балық қайтадан түзеліп, өрмен жүзіп кетті.	1
Галанос, асаңдар, жапырыла ұмтылыңдар! Адамды өлтірдік деп масайраңдар.	2
Бұған жаңа көйлек те, қыстық күрте де керек, аяғына бір аяқкіім және үстіне жамылатын бір көрпе керек.	3
Бала лашықтан шығып, ескі тастақ жолмен төмен ылдилап түсіп келе жатып, тағы да жылап алды...	4
Күннің көзі ұясына батар алдында акулалар тағы да тиісті бұған.	5

- а) 2, 4, 1, 5, 3; ә) 1, 3, 5, 4, 2; б) 3, 1, 5, 2, 4; в) 5, 3, 1, 2, 4.

5. Күнде шалдың түсіне не кіреді?

- а) бейсбол ойыны; б) теңіздің толқыны;
ә) жайынмен арпалысы; в) Африка жағалауы.

Төмендегі сұрақтарға 7-8 сөйлеммен жазбаша жауап беріңдер

1. «Егер бір жерде сатылатын болса, өзіме аздап бақыт сатып алар едім» деген шал сөзінің мәнісі неде? Шалдың осы сөзі арқылы автор не жеткізгісі келді? Шалдың өмірінен дәлел келтіре отырып, астарлы мағынаның мәнін ашыңдар.

2. «Шал мен теңіз» шығармасындағы балықты – мақсат деп алсақ, *ау, теңіз, толқын, акула, жайынның* өмірдегі баламасы не болар еді? Неге мақсаты жоқ адамды желкенді кемеге теңейді? Өз көзқарастарыңды білдіріңдер.

3. Төменде берілген Бекторының сөзіне талдау жасаңдар. Оның сөзімен келісесіңдер ме? Бекторының пері екенін ескерсек, бұл сөздерді қандай мақсатта айтып отыр? Пері қыздың сөздеріне қандай баға бересіңдер?

«Байырқа мен байлықта болғың келсе, жүрегіңнен құтыл. Бүгінгі бостандық, бүгінгі азаттық пен еркіндік – ақшада. Азат болғың келсе, ерікті болғың келсе, жүрегіңнен құтыл. Ал қалған күніңді кіріптарлықта, құлдықта өткізгің келсе, осы жүрегіңмен қал».

4. Өлең жолдарында айтылған ойды жалғастырып, берілген реттілік бойынша (пікір, дәлел, мысал, қорытынды) тұжырым жасаңдар.

*Туған елсіз ешқашан көгермейсің,
Кім қашанғы бұғауға көнер дейсің.*

5. «Бауырлар» өлеңінде еліміздің табиғаты суреттелген үзінділерді жинақтап, ақынның шетте жүрген бауырларға деген сағынышын қалай жеткізгенін сипаттап жазыңдар.

Жазба жұмысын орындаңдар

1. «Шал мен теңіз» хикаясындағы ұрпақтар сабақтастығы» тақырыбында сыни мақала жазыңдар.

2. «Қазақ танымындағы пері, жын ұғымдары» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.

ГЛОССАРИЙ

Аллегория (көне грек. *allegoria* – пернелеп, түспалдап айту) – оқырманның санасына, қиялына ерекше әсер ететіндей образ жасаудың бейнелеуші құралы, көркемдік тәсіл. Әдебиетте, өнерде дерексіз ұғымды деректі образдар арқылы көрсету. Мысалы, *тұлкі* – қулық, *арыстан* – зорлық, *қасқыр* – қастық, *қоян* – сужүректік, *ақсу* – адалдық қасиеттерін білдіреді.

Аллитерация (лат. *Allittera* – дыбыстас) – дауыссыз дыбыстардың қайталануы арқылы тілді ажарлап, сөздің реңін келтіре түсетін көркемдік тәсіл. Мысалы:

Жағама қолдың тигенін, Жамаулы киім кигенім,
Жалғыздық, сенен көремін. Жарлылық, сенен көремін.

(*Ақтамберді жырау*)

Ассонанс (франц. *assonance*, лат. *assono* – үйлесім) – өлеңсөзде дауысты дыбыстардың үндесе қайталануы. Ассонанс сөздің интонация-музыка мөнін, экспрессивтік-эмоционалдық бояуын күшейтіп, ерекше елеулі тұстарды дыбыстандырып, ой-сөздің әсерлілігін арттырады. Мысалы:

Ассалаумағалайкүм, Алдына келді қарашаң,
Алдияр тақсыр ханымыз! Арызды қабыл алыңыз.

(*Жанкісі би*)

Әдеби жанрлар (франц. *genre* – түр, тек, жанр) – ауызша және жазбаша шығармалардың даму процесінде қалыптасады. Көркем әдебиет – көпсалалы өнер. Әдебиет туындылары мазмұнына, құрылысы мен түріне қарай жанрларға жіктеледі. Әдеби шығармалар үш топқа жіктеледі: эпостық, лирикалық, драмалық жанр. Бұл – әдебиеттің үш үлкен саласы.

Әдебиеттегі жанр – белгілі бір дәуірде қалыптасқан, ортақ белгілері бар көркем шығармалар түрлерінің жүйесі. Әдебиетте *айтыс, жыр, әңгіме, роман, эпопея* т.б. жанрлар бар.

Әдеби қаһарман – қатардағы кейіпкерлерге, персонаждарға қарағанда жан-жақты сомдалған, толыққанды образ болып саналады. Көркем шығармадағы әрбір қаһарман кейіпкер бола алады, алайда әрбір кейіпкер қаһарман бола алмайды. Қаһарман өзге кейіпкерлерден, ең алдымен, сюжет дамытудағы маңыздылығымен ерекшеленеді, оның қатысуынсыз ешқандай сюжеттік оқиғалардың болуы мүмкін емес.

Әдеби сын – өмір шындығының көркем шындыққа айналуын саралайтын, оны эстетикалық жағынан бағалайтын жанр. Онда әдеби процестің бағыт-бағдары қадағаланып отырады. Сондықтан әдеби сында бүгінгі күннің шығармалары талданып, оларға әдеби баға беріледі. Әдеби сынның міндеті – шығарманың жетістігі мен кемшілігін кәсіби тұрғыдан саралап, көркем шығарма туралы оқырманға толыққанды мағлұмат беріп, бағыт сілтеу.

Гипербола (грек. *hyperbola* – күшейту) – әдебиеттегі белгілі бір нәрсені шамадан тыс ұлғайтып, асыра суреттеу тәсілі. Шығарманың көркемдігін, әсерлілігін арттыру үшін қолданылады. Ауыз әдебиетінде, ақын-жазушылар шығармаларында жиі кездеседі. Мысалы, «Аққан жасы сел болған, Етегі толып кел болған...» (*Д.Бабатайұлы*).

Градация (дамыту) – алдыңғы сөзден соңғы сөздің, алдыңғы ой-пікірден кейінгі лебіздің, өдепкі құбылыстан екінші құбылыстың екпін қуатының күшейіп, өсіп отыруы. Бұл көркемдік тәсіл құрылыс, жүйесі ұқсас бірыңғай сөйлемдердің іріктеліп шығуына, ой-пікірдің өткір, әсерлі айтылуына өрі мағыналық өрістің кеңеюіне кен өріс ашады.

Абайдың «Келдік талай жерге енді» деген өлеңіндегі «Сергі, көңілім, сергі енді!», «Үш, көңілім, көкке, кергі енді!», «Өрбі, сезім, өрбі енді!» деген шумақаралық жолдар дамытуға құрылған. Сондай-ақ ақынның Отыз жетінші қарасөзінде «Биік мансап – биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады...»

немесе Бесінші қарасөзіндегі «Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпей, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады» деген жолдар да дамыту өдісіне жатады.

Гротеск (франц. *Gratesque* – таңғажайып, өзгеше келбетті) – шынайы, нақтылы өмір мен фантастиканың шарпысуынан, өдепкі және таңғажайып оқиғалардың, кейіпкерлердің тоғысуынан тұратын, жақсы мен жаманды, қайғы мен күлкіні т.б. шендестіруге құрылатын, ажуа, күлкіге ерекше мән берілетін көркемдік бейнелеу тәсілі. Түпкі мағынасы грот (үңгір) деген сөзден шыққан, себебі ескі заманнан қалған үңгірлерде кездесетін, адамның келбетін, жануарлар мен өсімдіктердің өлпетін батыстырып, бір-бірімен араластыра бейнелеген әшекейлі өрнек суреттер осылай аталған.

Диалог – екі немесе бірнеше адамның кезектесіп сөйлесуі арқылы пікір алмасатын ауызекі сөйлеу формасы. Диалогте сұрақ қою арқылы сұхбаттасушы өзі күткен мәліметті ала алады.

Драма (грек. *drama* – қимыл-өрекет) – сахнаға арналған өдеби шығарма. Оқиға кейіпкерлердің іс-әрекетін, көңіл күйін көрсетумен баяндалады. Драмаға шиеленіскен оқиғаны тартысқа құрып, шарықтау шегіне жеткізу тән. Кейіпкерлер айтатын сөзі, қимыл-өрекеті, жүріс-тұрысымен ерекшеленеді. Мұнда лирикалық және эпикалық тәсілдер қабысып, ұштасып жатады. Бұл жанрды Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, С.Сейфуллин, Б.Майлиндер қалыптастырды.

Драмалық жанр. Мұнда оқиғаны баяндау да, болған жағдайды адамның қабылдап сезінуі де бар. Шығармаға арқау болатын оқиға өмірлік тартысқа құрылады. Оқиға барысы қалай дамיתыны кейіпкерлердің сөйлеген сөзінен аңғарылады. Бұл жанрдың негізгі түрлері – трагедия, комедия, драма.

Жанр – (франц. *genre*, лат. *generis* – түр, тек) – өнердің барлық түрлерінде қалыптасқан іштей жіктелім жүйесі. Мысалы, музыкада *ән, күй, романс, симфония* сияқты жанрлар бар болса, бейнелеу өнерінде *натюрморт, пейзаж, портрет* сияқты жанрлар болады.

Жоқтау – дүниеден өткен кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау көбінесе белгілі адамдарға айтылады. Қайтыс болған кісінің әйелі, қызы немесе келіні жылай отырып, ол адамның ерекше мінезі мен көзі тірісінде жасаған жақсы істерін, ендігі өз бастарына түскен ауыр қайғыны жыр түрінде айтқан. Жоқтауды ақындар да шығарып беретін болған. Мысалы: Шоқанды, Абайдың ұлы Әбдірахманды, Жамбылдың баласы Алғатайды жоқтау және т.б.

Жыр – оқиғасы өлеңмен баяндалатын көлемді шығарма. Жырдың *батырлық, эпостық, лиро-эпостық, тарихи* және т.б. түрлері бар. Олар, негізінен, 7-8 буынды болып келеді.

Жыршы – батырлық, тарихи, ғашықтық жырларды айтып таратушы, ауыз әдебиетінің дәстүрін сақтаушы. Ірі өнерпаз жыршылар жырларды өзінше өңдеп немесе суырып салып, яғни өз жанынан шығарып та айтқан.

Идея (грек. *idea* – түсінік, елес, бейне) – көркем шығармадағы жазушының айтқысы келген ой-пікірі мен көзқарастары. Автор идея арқылы өзінің айтар негізгі ойын жеткізеді.

Кейіпкер – көркем шығармадағы оқиғаға қатысушы адам, өдеби образ.

Кейіптеу – өртүрлі табиғат құбылыстарын, жануарларды немесе жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл. «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде А.Байтұрсынұлы: «Жансыз нәрсені жанды нәрсенің күйіне түсіріп тұрпаттау кейіптеу деп аталады», – дейді.

Мысалы, Абайдың «Қыс» атты өлеңінде қыс мезгілі мейірімсіз, түсі суық, қатал шал кейпінде бейнеленген. М.Жұмабаевтың «Жел» деген өлеңінде желді мазасыз, дамыл алмай жүгіріп жүрген тентек бала кейпінде кескіндейді.

Комедия (грек. *comodia, comos* – көңілді топ, *oide* – өлең) – драмалық жанрдың бір түрі. Қоғам өміріндегі, адам бойындағы қайшылықтарды күлкімен, мысқылмен бейнелейтін сахналық шығарма. Комедияда адамның ерсі, оғаш мінезі, іс-әрекеті күлкілі жағдайда көрсетіледі. Комедияның басты міндеті – күлкі арқылы сынап-шенеу. Комедиялық шығармаларға сезімталдық, байқағыштық, тапқырлық, сын-шылдық, әзіл-оспаққа икемділік қажет. Халық поэзиясына, сөз өнеріне тән келе-междеу, әшкерелеу тәсілдері комедиялық шығармаларда жалғасын тапты. Б.Майлин «Талтаңбайдың төртібі», М.Әуезов «Айман-Шолпан», Қ.Мұхамеджанов «Белтірік бөрік астында» пьесаларымен комедия жанрын толықтырып, дамытты. Қалыптасқан бұл дәстүрді қазіргі таңда драматургтер жалғастыруда.

Композиция (лат. *құрастыру, қиыстыру*) – көркем шығарманың құрылысы. Ол оқиғаның басталуы, байланысуы, шиеленісуі, шарықтау шегі мен шешімінен тұрады.

Көркем бейне – адамның бой-тұлғасындағы, кескін-кейпіндегі, жүріс-тұрысындағы, қимыл-әрекетіндегі, ойлау-сөйлеу әдетіндегі өзгеше сипат белгілерді нақтылы суреттеу арқылы жазушының типтік қасиеттер, яғни қоғамдық жағдай туғызған, басқаларға ортақ, жалпылық мәні бар ерекшеліктер айқын танылуы. Жасалу тәсілдеріне қарай образ *юморлық, сатиралық, фантастикалық, трагедиялық, комедиялық, қаһармандық* т.б. бейнелер деп бөлінеді.

Қайталау – сөз өсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу.

Қайталаудың *жай қайталау, еспе қайталау, әдепкі қайталау* (анафора) және *кезекті қайталау* (эпифора) сияқты түрлері бар.

Ақын оқырманның назар аударғысы келіп бір сөзді арнайы бірнеше жерде қайталауы *жай қайталау* деп аталады. Айтылмақ ойдың түйдектеле, еселеніп келіп айтылуын *еспе қайталау* дейміз. Өлеңдегі әрбір жолдың, тармақтың бір сөз немесе бір сөз тіркесінен басталып, қайталанып келуін *анафора* дейміз. Өлеңнің соңында бір сөздің не сөз тіркесінің бірнеше рет қайталанып келуі *эпифора* деп аталады.

Қаһарман – өдеби шығармадағы жағымды қасиеттерге ие немесе мінезінен жағымды қасиеттер басым байқалатын, авторлық идеалға сай келетін әрекет етуші тұлға, көркем бейне.

Қаһармандық образ – ұнамды кейіпкер: адамға тән небір тамаша сипаттардың шоғыры секілді сом тұлға, өз дәуірінің ең аяулы, асыл мұраттарынан туған тарихи тип.

Лирика – көркем әдебиеттің негізгі саласының бірі. Лирика ауыз әдебиеті үлгілерінен бастау алады. Мұнда адамның көңіл күйі, сезім дүниесі бейнеленеді. Лириканың басты ерекшелігі – сезім күйлерінің нәзіктігі, сыршыл сезімнің басымдығы. Түріне қарай саяси-өлеуметтік лирика, философиялық лирика, көңіл күй лирикасы, махаббат лирикасы, табиғат лирикасы деп бөлінеді.

Лирикалық жанр. Мұндағы өмір шындығы адамның көңіл күй сезімдерімен бейнеленеді. Лириканың басты сипаты – өмір құбылыстары ақынның көңіл күйі, ой-сезімі тұрғысынан бейнеленуі. Лирикалық жанрдың элегия, эпиграмма, ода, толғанис секілді түрлері бар. Лирикалық шығармалар тақырыбына, құрылысына қарай бірнеше топқа жіктеледі.

Литота (грек. *Litotes* – қарапайым, қораш) – әдебиеттегі белгілі бір нәрсені шамадан тыс кішірейте, құлдырата суреттеу тәсілі. Батырлар жырларында, өтірік өлеңдерде литота жиі қолданылған. Литотаның мақсаты – тосын әсер туғызу. Мысалы: «От орнындай тұяқтан, оймақтайы қалыпты» («*Ер Тарғын*» жырынан).

Метафора (алмастыру) – бір нәрсенің, құбылыстың орнына оған ұқсас екінші нәрсені, құбылысты қолдану. Мысалы: «Мен – тауда ойнаған қарт марал» (*Махамбет*), «Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?» (*Мағжан*).

Метонимия (грек. *metonymia* – ауыстыру, қайтадан атау) – троптың (құбылтудың) бір түрі. Өзара байланысты балама ұғымдарды қолдану, құбылыс орнына оның ерекше

қасиетін көрсету. Мысалы, әйелді – *ақ жаулық*, өскерді – *қол*, бұркітті – *ақиық*, мұзбалақ, қылышты – *наркескен* деп айту метонимияға жатады. Метонимия сөз образдылығы мен ойды ықшамдау мақсатында қолданылады.

Миф (грек. *mythos* – баян, аңыз, мысал) – өлем мен дүниенің жаратылуы туралы ең алғашқы көне түсініктер жүйесі. Қоршаған орта мен өлем, аңдар мен құстар, рұтайпалар мен адамдар жаратылысы туралы алғашқы адамдардың наным-сенімдері.

Мифология – мифтік ұғымдардың заман өте келе қоғам дамуына қарай көркемделіп, жаңа қызмет атқаруы. Мифологиялық образдар көркем шығармада өсірелеу, мадақтау, дамыту, т.б. сияқты көркемдеу құралдарының қызметін атқарады.

Модернизм (фр. *moderne* – ең жаңа, қазіргі) – ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы әдебиет пен өнердегі идеялық бағыт. Бұл бағыттың басты ерекшелігі – болмысты классикалық қабылдаудан толықтай бас тарту, стильдің шарттылығы және көркем формалардың үздіксіз жаңаруы. Модернистер композицияға, тілге көптеген стильдік, көркемдік сынақтар жасады. Модернистік шығармаавторы абсолютті ақиқатты және дайын тұжырымдамаларды жеткізуші емес, шығарма мәтініндегі ақиқаттың салыстырмалылығын көрсетуші.

Монолог – кейіпкердің көпшілікке қарата немесе өзіне арнап айтқан сөзі, толғанысы, өсиет-уағызы. Сөз өнерінде жиі қолданылатын монологтер кейіпкердің ішкі жай-күйін, сырт ортаның өзіне әсер еткен жағдайына байланысты туған толғаныс-тебіренісін бейнелеу мақсатында қолданылады.

Мысал – айтылатын өнегелі ойды тұспалдап жеткізетін, көбіне өлең түрінде келетін сюжеті шағын көркем шығарма. Негізгі сюжетке қоса нақыл түрінде келетін түйіні болады. Мысалдың тақырыбы сан алуан. Кейіпкерлері аң, құс, балық, өсімдік, кейде оқиғаға адам да қатыстырылады. Кейіпкерлерді сөйлестіруде диалог тәсілі жиі қолданылады.

Неореализм – ХХ ғасырдың басында Ресейде пайда болған, әлеуметтік шындықты, күнделікті өмірді деректілікпен өте нақты бейнелеуге тырысқан антифашизмге негізделген бағыт. Басты ерекшелігі – көркем шығармада әлеуметтік мотивтер мен әлеуметтік талдауларды түрлі күрделі формалық өзгерістерден қашып, барынша қарапайым тілмен жеткізуге тырысуында. Неореализмнің кинематография саласымен тығыз байланыста болуы – оның негізгі ерекшелігі.

Неоромантизм – қоршаған ортаны, шынайы өмірді жоққа шығару басым болып келетін көркемдік әдіс. ХХ ғасыр шығармаларында өмірдің күнгейі мен жарқын жақтарын көтере суреттеу басым болса, ХХІ ғасыр әдебиетінде өмірдің көлеңкелі жақтары мен сүреңсіз тұстарын суреттеуге көбірек көңіл бөлінуде.

Өлең – ырғағы мен ұйқасы, шумағы мен бунағы белгілі бір тәртіпке бағынатын шағын көлемді поэзиялық шығарма. Өлең шумақтарға бөлінеді. Әр шумақ тармақтардан, тармақ бунақтардан, бунақ буындардан тұрады. Өлең бунақ пен буындарға өзіндік ырғағына байланысты бөлінеді.

Өлең – // сөздің патшасы, // сөз сарасы, (а)

Қиыннан // қиыстырар // ер данасы, (а)

Тілге жеңіл, // жүрекке // жылы тиіп, (б)

Теп-тегіс, // жұмыр келсін // айналасы. (а)

Бұл – бір шумақ өлең. Берілген бір шумақ төрт жолдан, яғни төрт тармақтан, әр тармақ 11 буыннан, айтылу ырғағына байланысты 3 бунақтан құралған.

Өлең өлшемі. Бір ауыз өлең дегеніміз – бір шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады.

Өлең ұйқасы – өлең тармақтарындағы сөз соңының үндестігі, өзара ұқсас, дыбыстас естілуі. Ұйқас өлең сөздің ырғағын күшейтуге себін тигізеді, өлеңнің өуезділігін арттырады. «Қазақ поэзиясында ұйқастардың түрі көп», – деп жазды академик Қ.Жұмалиев, – бірақ ең негізгісі және көп қолданылатындары мыналар:

- | | |
|-----------------------------|--|
| 1) қара өлең ұйқасы (ааба); | 5) шалыс ұйқас (абаб); |
| 2) шұбыртпалы ұйқас (аааа); | 6) егіз ұйқас (аабб); |
| 3) ерікті ұйқас (абәб); | 7) аралас ұйқас (аабәбәбәб); |
| 4) кезекті ұйқас (абәб); | 8) осы күнгі ерікті ұйқастар (абабәбәб). |

Қазақ тілінде өлеңдерде жиі кездесетіндері – қара өлең ұйқасы, кезекті ұйқас және шалыс ұйқастар. Мысалы, шалыс ұйқас:

Ана тілің – арың бұл, а
 Ұятың боп тұр бетте. б
 Өзге тілдің бәрін біл, а
 Өз тіліңді құрметте! б

Параллелизм (егіздеу) (грек. қатарлас, қапталдас) – екі затты не болмаса құбылысты жарыстыра отырып, қатарластыра бейнелеу. Көркем әдебиеттегі бұл әдіс жекелеген қаламгерлердің көңіл күй құбылыстарын табиғатпен ұштастыра бейнелеулерінен көрінеді. Абай бастаған қазақ ақындарының поэзиясынан психологиялық параллелизм анық байқалады. Лирикалық кейіпкердің көңіл күй сезімдерін табиғат, жаратылыс құбылыстарымен сабақтастыра суреттеудің жоғары сапасы – психологиялық егіздеу.

Тек қана поэзиялық туындылар емес, барлық жанрлардағы көркем шығармаларда кейіпкердің жан дүниесіндегі көңіл күй сезімдерін табиғат құбылыстарымен салыстыра сипаттау оның эстетикалық өсемдігі мен оқырманға берер әсерін арттыра түседі.

Пафос (грек. *pathos* – сезім, құмарлық) құлшыныс, құштарлық, асқақтық, қуатты сезім мен терең шабыт мағынасында қолданылған. Осыған байланысты пафос көбінесе азап шегумен тоғысып, ым, ишарада, жоғары эмоционалдық сөйлеуде және т.б. көрініс береді.

Пейзаж (франц. *сл-жер* деген мағына береді) – әдеби шығармаларда жаратылыстың, яғни табиғаттың өсем көрінісі, көркемдік бейнесі. Көркем шығармаларда суреттелетін табиғат көріністерін яки пейзажды адам образын толықтыра түсетін тәсіл деуге болады. Өйткені адамның сыры мен сезімінен, өмір тіршілігі мен көңіл күйінен тыс ешқандай пейзаж болуы мүмкін емес.

Повесть (орыс. *баяндау*) – оқиғаны баяндап айтуға негізделген шығарма. Қара-сөзбен жазылған эпикалық жанрдың орташа түрі. Повесте романдағыдай қат-қабат оқиғалар кездеспейді. Композициялық құрылысы жинақы, оқиға желісі біркелкі баяндалады. М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұратбеков, Ө.Кекілбаев, Ө.Тарази, Қ.Жұмаділов, М.Мағауин, Д.Досжанов, О.Бөкеев, Д.Исабековтер қазақ повесіне көп үлес қосты. Б.Момышұлының «Үшқан ұя» повесі – осы қатарды толықтыратын туынды.

Постмодернизм (фр. *postmodernisme – модернизмнен кейін*) – ХХ ғасырдың екінші жартысында модернизмнен кейін пайда болған бағыт. Модернизмнің кейбір әдіс-тәсілдерін мұра етіп алғанмен оған кереғар бағыт. Басты ерекшелігі – автордың беделін мансұқтау, шығарма тұтастығының болмауы және оның ойынға негізделуі.

Полифониялық роман (гр. *poliphonia – көп дауыстылық*) – полифония көп дауыстылықты білдіретін музыкалық термин болса, әдебиеттегі «көпдауыстылық» роман жанрының орасан мол мүмкіндіктері адам мен қоғам арасындағы қатынастарды кең көлемде қамтуынан көрінеді. Полифониялық романның негізгі ерекшеліктерінің бірі – жазушы дауысынан оның кейіпкерлері дауыстарының басым болуы, кейіпкерлерін үлкен диалогқа қосуы.

«Полифониялық роман – жанрлық мүмкіндіктері орасан мол, адам мен адам, адам мен қоғам арасындағы өте күрделі қарым-қатынастарды бейнелеуде жазушы үшін ең құдіретті форманың бірі» (*Нұрғали Р. Телағыс. Алматы: Жазушы, 1986*).

Портрет (франц. *Portrait* – бейнеленген) – өдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой тұлғасын суреттеу. Яғни, суреттеліп отырған тұлғаның сыртқы пішінін сөзбен суреттеп беруді *портрет* дейміз.

Поэма (грек. *poema* – туынды, шығарма) – оқиғаны өлеңмен баяндайтын көлемді шығарма. Мұнда оқиға өлеңмен, кейде жыр-толғау түрінде баяндалады.

А.Құнанбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров поэмалары қазақ поэзиясының көш басында тұр. Сонымен бірге М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы да бар.

Прототип (грек. *бірінші* немесе *саусақ таңбасы, із*) – автордың образ сомдауына негіз болған нақты тарихи тұлға немесе өмірде болған яки өмір сүріп жатқан адам. Яғни, прототип авторға өдеби кейіпкер жасауда үлгі ретінде қызмет атқарады.

Кейбір жазушылар қаһармандарын өмірде болған адамның бейнесіне лайықтап жасайды. Прототипті білу жақсы білдім деген кітаптың өзінің жаңа беттерін ашады.

Пролог (грек. *prologos* – алғы сөз) – көркем шығармаға кіріспенің бір түрі. Көркем шығарманың оқиға мазмұны мен мәнін оқырманға таныстыратын кіріспе бөлімі. Мұнда кейде негізгі сюжетке дейінгі бірнеше оқиға баяндалады, кейде бас кейіпкердің өткен өмірінен бірер көрініс беріледі, кейде автордың ой өзегінен аздаған сыр айтылады.

Перифраз (грек. *periphrasis* – айналым) – ауыстыра қолданудың бір түрі. Құбылыстар мен заттарды атымен емес, олардың айрықша қасиет-белгілерімен орын ауыстыра қолдану. Ауыстыру тәсілінің бұл түрі көркем туындының идеялық-эстетикалық көркемдігін арттырып, мағыналық өсерлілігін күшейтеді. Мысалы: тұз патшасы (арыстан), дала кемесі (комбайн), дала қоңырауы (Ыбырай Алтынсарин), қара алтын (көмір), ақ алтын (мақта), пөниден бақи кетті, аққу ұшып көлге кетті (әлді) және т.б.

Роман (франц. *roman*, нем. *Roman*, ағылш. *Novel*) – көпжелілі эпикалық шығарма. Романда ұзақ уақыт байтақ кеңістік қамтылады. Кейіпкерлер бейнесі ол өмір сүрген уақытпен суреттеледі. Қазақ өдебиетінде роман жанрын М.Дулатұлы, Т.Жомартбаев, С.Көбеев, Ж.Аймауытұлы, Б.Майлиндер қалыптастырды. М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романы – ХХ ғасыр басындағы ұлттық өдебиетке қосылған үлкен табыс.

Роман-эссе – роман мен эссе жанрларының негізгі ерекшеліктерін жинақтаған өдеби жанр. Мұнда бір дәуірдің көпжелілі оқиғасы кейіпкерлердің өмір сүрген уақытымен суреттеліп, оқырманды тың ойларға, соны болжамдарға жетелейді. С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу», С.Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ.Мұстафиннің «Өмір белестері» шығармаларында мемуарлық сипат басым. Ұлттық өдебиетте О.Бөкейдің «Ел мен жер», Қ.Салғараның «Алтын тамыр», «Көмбе», «Қазақтың қилы тарихы», «Қазақтар» атты төрт томдық роман-эссесі, З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім», М.Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» т.б. роман-эсселері бар. Бұл шығармаларды мазмұнына қарай өз ішінен бірнеше топқа бөлуге болады. Мәселен, М.Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесінен тарихи-биографиялық ерекшелік байқалады.

Сатира – әр дәуірдің өмір құбылыстарын немесе жекелеген кейіпкерлер бойындағы өрескел кемшіліктерді өткір сынап, мысқылмен бейнелеу. Ащы мысқылдан туатын уытты күлкімен суреттеу қазақ халық ауыз өдебиеті үлгілерінен бастау алады. Бай ауыз өдебиеті мұраларында халықтың арман-тілектері мен мұң-мұқтаждарын жеткізетін Алдаркөсе, Қожанасыр, Тазша бала тәрізді ұлттық кейіпкерлер бар. Алдаркөсе туралы аңыз-өңгімелерде ащы мысқыл мен уытты тіл басым болып отырады. Ал Қожанасыр туралы өңгімелерде юмор бірінші кезекке шықса, Тазша бала туралы өтірік өлеңдерде өсірелеу басым. Бұл кейіпкерлер қашанда бұқара халықтың мақсат-мүдделерін жүзеге асырумен ерекшеленеді. Ұлттық өдебиетте қалыптасқан бұл дәстүр әр дәуірде заңды жалғасып келеді. Шалкиіз, Тәтіқара, Бұқар жыраулар мен Шал

ақын шығармаларында үстем тап өкілдерін сынау басым болса, Махамбеттің өлең-жырларында шенеудің шарықтау шыңына жеткені мәлім.

Сарказм (грек. *sarkasmos* – ащы мысқыл, жанға батыру) – күлкі етудің бір түрі, зілді кекесінмен ажуалау. Құрылымы жағынан иронияның ұлғайған түрі. Иронияда зілсіз, көбіне іштарта ажуалау басым болса, сарказмда ол шарықтау шегіне жетіп, батыл, ашық өшкереуге көшеді.

Ақындар айтыс барысында қарсыласын ащы мысқылмен кекетіп, келемеждеу, жігерін жасыту мақсатында сарказмды қолданған.

Сентиментализм (*французша – сезім, сезімталдық деген сөзден алынған*) – көркем әдебиеттегі жекелеген адамның жан дүниесін, көңіл күй сезімдерін суреттеуге ерекше мән беретін ағым. Мұнда жекелеген кәсіп иелерінің отбасылық тұрмысы, күнделікті тіршілігі қаламгердің сезім күйлерімен бірлікте сипатталады.

Символ – балама бейне. Оған негізгі ойды, айтқалы отырған нәрсені, құбылысты сол балама бейне, сурет арқылы тұспалдап көрсету тән.

Әдебиеттану терминдерінің қысқаша сөздігінде символға мынадай анықтама беріледі: «Символ – қандай да бір құбылыстың мәнін шартты түрде білдіретін сөз немесе зат».

Символизм (*фр. Symbolisme*) – әдебиет пен өнердегі ең үлкен бағыттардың бірі (әдебиет, музыка және кескіндеме). Символизм Францияда 1870–1880 жылдары пайда болып, XIX аяғы мен XX ғасырдың басында Ресейде ерекше қарқынмен дамыды. Символистер өнердің мазмұны мен формасын ғана емес, астарлап, балама бейнелермен сипаттауда көркем шығарманың мағынасына деген көзқарасты түбегейлі өзгертті.

Тақырып – әдеби шығармада сөз болатын басты мәселе – шығарма мазмұнының негізгі арқауы, айтылатын жай-жағдайлардың бағыт-бағдары. Мәселен, батырлар жырының тақырыбы отаншылдық, ерлік, елдік болса, лиро-эпостық шығармалардың тақырыбы – махаббат, жастардың бас бостандығы. Қазақ әдебиетіндегі Отан, ана, өлім мен өмір – ешқашан маңызын жоймайтын мәңгілік тақырыптар.

Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады.

Бунақ дегеніміз – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады.

Буын дегеніміз – қазақ өлең өлшемі буын санын тұрақты мөлшерде сақтау арқылы жасалады. Мысалы, қазақ жыр үлгісінің тармақтары көбіне 7 не 8 буынды болып келеді, сондай-ақ 6 буынды өлең өлшемі қолданылады. Ең көп тараған өлшемнің бірі – 11 буынды.

Трагедия – сахнаға арналып жазылған драмалық жанрдың бір түрі. Драмалық шығармалардан басты айырмашылығы – трагедияның басым болуы. Басты кейіпкерлер қасіретке душар болып, күрес жолында апат болады. М.Әуезовтің «Қарагөз» және Л.Соболевпен бірігіп жазған «Абай», Ф.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ақан сері-Ақтоқты» пьесалары трагедияға құрылды.

Трагедиялық образ – ескі мен жаңа, адамдық пен жауыздық арасындағы ымырасыз күрес, бітіспес тартыс, қайшылықты, азапты жайларды терең және шебер жинақтаудан туған образ. Юмор мен сатирада күлкілі жайлар ажуа, мысқыл, кекесін түрінде көрінсе, трагедияда қатерлі нәрселер қайғы, қорқыныш, қаза түрінде көрінеді. Трагедиялық қаһарманның өмірі көбіне өліммен аяқталып отырады.

Фабула (лат. *fabula*) – көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу, мазмұндау.

Фантастикалық образ – қиялдан туған қаһарман, өмірде болмаған, тек адамның ақиқатқа ұқсас арманында ғана бедерленген бейне.

Футуризм (лат. *Futurum* – болашақ) – XX ғасыр басында алғашында Италияда, кейін Ресейде дамыған көркем бағыттардың бірі. Италиялықтарға қарағанда орыстың көптеген футурист ақындары бейнелеу өнерімен тәжірибе жасап, оны шабыт көзіне

айналдырды. В. Маяковский бастаған орыс футуристерімен бірге С. Сейфуллин де Қазан төңкерісін құптап, өнерді революциялық рухта дамытуға ұмтылды. Жаңа социалистік тұрмысқа құрылған екпін, ырғақ, үн, форма, идея – Сөкеннің поэзиясының жаңалығы.

Эпифора (кезекті қайталау) – өлең тармақтарының соңында бір сөз тіркесінің қайталанып келуі. Бұл қажетті бір ойға, құбылысқа ерекше назар аударып, сөз өсерін арттыру үшін қолданылады. Мысалы:

Оқ жаңбырдай жауған күн,
Оң қанатын теріс жайып,
Лашын қуға төнген күн.
Желпілдеген ала ту
Жиырылып ойға түскен күн... (Махамбет)

Эпитет (грек. *epitheton* – қосымша) – заттың яки құбылыстың ерекшелігін, сырт-сипатын бейнелі түрде танытатын айқындаушы сөз. Көбінесе сын есімдер арқылы жасалады. Мысалы, қазақ поэзиясында «алтын» сөзі эпитет ретінде көп қолданылады. Оның мағынасы да сан алуан: түсті (алтын күз), құтты мекенді (алтын бесік – туған жер, алтын аймақ), қазына-байлықты (алтын сандық), жаны таза, адамгершілігі мол кісіні (алтын адам) білдіреді.

Эпилог – шығармада суреттелген оқиғалар өбден аяқталып болғаннан кейін жазылатын автордың қорытынды сөзі. Пролог сияқты эпилогтің де шығарма құрылысымен тікелей байланысы жоқ.

Эллипсис (көне грек. *сөз тастау, қысқарту, кеміту*) – сөйлем ішінде немесе өлең шумағында атап айтпаса да түсінікті кейбір сөздерді әдейі жазбай тастап кету. Эллипсис сөйлемнің, ойдың ықшамдылығын, әсерлілігін, өткірлігін арттырады. Эллипсис адамдардың бір-бірімен сөйлесу барысында, диалог түрінде көбірек қолданылады.

Бір сөйлем мүшесін жазбай кету, сөздерді ықшамдау басқа жанрларға қарағанда поэзияда көбірек кездеседі.

Эпопея (грек. *epopoia* – тудыру, жазу) – эпостық шығарманың ең көлемді түрі. Басты ерекшелігі – бір немесе бірнеше дәуірдің тарихи оқиғаларының кең көлемде шынайы суреттелуі, бірнеше ұрпақ өкілдерінің дараланған типтік бейнесінің жасалуы, тіл байлығының көрінуі. Л. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік», М. Шолоховтың «Тынық Дон», М. Әуезовтің «Абай жолы» романдары эпопеяға жатады. Ғалымдардың зерттеуі бойынша А. С. Пушкин В. В. Маяковский шығармаларының жалпы сөздік қоры 15 000 сөз болса, М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының өзінде 16 983 сөз қолданылуы қазақ тілінің байлығын көрсетеді.

Эссе – француз тілінен «essai», ағылшын тілінен «essay», «assay» – талпыныс, жазушылық сынама, очерк; латын тілінен «exagium» – ойлау дегенді білдіреді.

Философиялық, эстетиканың, әдеби сыынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің қалыптасқан дәстүрінен соны болжамдар ұсынатын жанр. Мұнда қаламгердің шеберлігі, интеллектуалдық қабілеті, аңғарымпаздығы, тапқырлығы бір жерге тоғысады. Автор ұсынған соны болжамдар мен тың ұсыныстар оқырманның таным көкжиегін кеңейтуге қызмет етеді.

Эсседе философиялық, тарихи-биографиялық, публицистикалық, әдеби-сын, ғылыми-көпшілік, баллетристикалық сипаттар араласып жүре береді. Сондықтан ол мазмұнына қарай сипаттамалық, шығармашылық, анықтамалық, салыстырмалы немесе кереғар, дәлелдеме, аргументтік, пайымдық, көркем-әдеби деп бөлінеді. Бүгінде әдеби эссенің роман-эссе, повесть-эссе, эссе-сын, эссе-толғау, эссе-баллада, тарихи-эссе, толғау-эссе, естелік-эссе түрлері қалыптасты. Құрылымы жағынан кіріспе, негізгі бөлім, қорытындыдан тұрады.

Юмор – өмірдегі кісі күлерлік құбылыстардың өнердегі сәулесі болса, *юморлық образ* – сол юморлық шығармалардың кейіпкері, күлкілі бейне.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейфуллин С. Аққудың айырылуы. Алматы: Атамұра, 2013.
2. Есенберлин І. Қаһар. Алматы: Атамұра, 2003.
3. Сүлейменов А. Бесатар. Алматы: Жазушы, 1997.
4. Аманжолов Қ. Өзім туралы. Алматы: Ана тілі, 2011.
5. Елубай С. Ақ боз үй. Алматы: Атамұра, 2008.
6. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. «Абай жолы» романы. 22-т. Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2005.
7. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. «Абай жолы» романы. 23-т. Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2005.
8. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. «Абай жолы» романы. 24-т. Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2006.
9. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. «Абай жолы» романы. 25-т. Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2006.
10. Молдағалиев Т. Тынық мұхит дәптері. Алматы: Жазушы, 1985.
11. Әсемқұлов Т. Шығармалары. Т. 2: Проза. Киноромандар. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2016.
12. Хемингуэй Э. Қызығы мол сол жылдар. Хикаяттар / Эрнест Хемингуэй. Орыс тілінен аударғандар Н.Әбуталиев, Н.Ғабдуллин. Астана: Аударма, 2011.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шаріпов Ә. Көргенім көңілге түйгенім. Алматы: Дәуір, 2012.
2. Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов. Монографиялық очерк. Шығармалар жинағы. 1 т. Алматы, 2010.
3. Қабдолов З. Мұхтар Әуезов және өсемдік өлемі. Алматы: Жазушы, 1986.
4. Серікқалиев З., Серікқалиева Ә. Ақыл таразысы. Алматы: Жазушы, 1976.
5. Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. Алматы: Жалын, 1979.
6. Қабдолов З. Арна. Алматы: Жазушы, 1988.
7. Қирабаев С. Әуезов тағылымы // Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. Алматы: Ғылым, 2001.
8. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. Алматы: Ғылым, 1979.
9. Дүйсенов М. Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі. Алматы: Ғылым, 1962.
10. Елеуқенов Ш. От фольклора до романа-эпопеи. Алма-Ата: Жазушы, 1989.
11. Уахатов Б. «Абай жолы» – өнер жолы, өнеге жолы // Жанр және шеберлік. Алматы: Ғылым, 1968.
12. Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов творчествосы. Алматы: Жазушы, 1965.
13. Ахметов З. Роман-эпопея Мухтара Ауэзова. Алматы: Санат, 1997.
14. Мүсілім Базарбаев. Әдебиет және дәуір. Таңдамалы шығармалар. 4 томдық. I том. Астана: ТОО Нұра-Астана НС., 2009.
15. Елеуқенов Ш. Абайдың эпистолярлық романы. Кіт.: Қазақ романы: Өткені мен бүгінгі. Ұжымдық монография (Жалпы редакциясын басқарған: ҚР ҰҒА академигі, филол.ғ.д., проф., С.С.Қирабаев, жауапты шығарушы: филол.ғ.к. Г.Ж.Орда). Алматы: «Алматы баспа үйі», 2009.
16. Рахманова Н. Әуезовтану дерістері. Оқу құралы. Алматы: «Кітап» баспасы, 2010.
17. Белинский В.Г. Собрание сочинений в трех томах. М., 1948. Т. 2.
18. Қирабаев С. Тұманбай Молдағалиев. Кіт.: Қазақ әдебиетінің тарихы (10 томдық). Кеңестік дәуір әдебиеті (1956–1990). 9-том. Алматы: Қазақпарат, 2005.
19. Қирабаев С. Тұманбай Молдағалиев. Шығармалар жинағы. II том. Астана: Фолиант, 2014.

20. *Майтанов Б.* Қазіргі лирика: уақыт пен кеңістік. Кіт.: ХХІ ғасыр әдебиеті (2001–2011). Ұжымдық монография. Алматы, 2011.
21. Ай астындағы Кентавр. Пікірлер, әдеби сындар, өлеңдер. Алматы, 2010.
22. *Майтанов Б.* Қазіргі лирика: уақыт пен кеңістік. Кіт.: ХХ ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі. Алматы: Арда, 2011.
23. *Мағауин М.* Шығармалар жинағы: Он үш томдық. Алматы: Қағанат, 2002.
24. Қазіргі әдебиет және фольклор. Ұжымдық монография. Алматы: Арда, 2009.
25. *Айдарқызы А. Шал, теңіз және Хэмингуэй // Айқын. 15 қыркүйек, 2018.*
26. *Ермек Тұрсынов* «Шал» фильмі туралы не білеміз?

ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАРЫ

Т.Молдағалиев «Бауырлар» өлеңі

1. Тұманбай Молдағалиев // <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/1838>
2. Молдағалиев Т. Өйел – сенің ақылшың // www.zharar.com/kz/olen/8004-ayel.html
3. Молдағалиев Т. Өлеңдері // <https://kitap.kz/audiobooks/olengderi5165>
4. Молдағалиев Т. Өмір, қымбаттым менің // <https://massaget.kz/blogs/11335/>
5. Т.Молдағалиевтің балаларға арналған өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі және оны орта мектепте оқыту // <https://stud.kz/referat/show/32079>

Т.Әсемқұлов «Бекторының қазынасы» // <http://www.otuken.kz/>

1. Таласбек Әсемқұлов // Adebiportal@gmail.com 8 (7172) 79 82 06 (ішкі – 112) © adebiportal.kz
2. Таласбек Әсемқұлов. Біздегі әдеби өмір батыстың әдеби өміріне ұқсап кетті // <https://abai.kz/post/17483>
3. Таласбек Әсемқұловтың кітапханасы // <http://otuken.kz/talasebek-kitapkhana/>
4. Ордашева С. «Құдай Бекторыны кездестіргеннен сақтасын!» // <https://adebiportal.kz/kz/news/view/12675>
5. Әскербекқызы Ж. «Перінің қызы Бекторы» // <http://adebiportal.kz/upload/iblock/>
6. Сәулембек Г. Ж.Қорғасбектің «Өлмейтін құстар», «Жаконданың жанары», Т.Әсемқұлов «Бекторының қазынасы» өңгімелеріндегі симулякрдің көрінісі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №2(77), 2019.

Э.Хемингуэй «Шал мен теңіз»

1. Эрнест Хемингуэй // <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/741>
2. Хемингуэй Эрнест // <https://ru.wikipedia.org/wiki/82>
3. Эрнест Миллер Хемингуэй // <https://www.vokrug.tv/person/show/ernest-kheminguei/>
4. Цитаты Эрнест Хемингуэй // <https://ru.citaty.net/avtory/ernest-kheminguei/>
5. Эрнест Хемингуэй. «Шал мен теңіз» повесіне жаңаша көзқарас // <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/39436/>

Алғы сөз.....	3
I бөлім. ТАРИХТЫҢ ШЕРТІП ПЕРНЕСІН.....	4
Сәкен Сейфуллин	5
«Сыр сандық» өлеңі.....	9
«Сыр сандықты ашып қара».....	10
Илияс Есенберлин	14
«Қаһар» романы.....	16
Есенгелді мен Саржан.....	17
Кенесары.....	20
Наурызбай.....	25
Қоңырқұлжа.....	30
Өшірап.....	34
Бекіністі алу.....	37
Сыздық.....	42
Генс.....	49
Хандықты аңсау.....	53
Кенесарының түсі.....	58
Асқар Сүлейменов	63
«Бесатар» повесі.....	65
Перзент парызы.....	66
Крейгель.....	70
Төрехан.....	76
Арпалыс.....	81
Мұқағали, Иноземцев.....	85
Сәруар.....	91
I бөлімге арналған тоқсандық жиынтық бақылау жұмысы	95
II бөлім. ПАЙЫМ МЕН ПАРАСАТ	97
Қасым Аманжолов	98
«Өзім туралы» өлеңі.....	100
«Барым да, бақытым да осы өлеңім...».....	103
Смағұл Елубай.....	107
«Жалған дүние» романы.....	108
Хансұлу.....	109
Тоқтасынның жұмбақ өлімі.....	115
Маусымжан.....	118
Ждақай.....	124
«Отыз екінші жылдың» қолжазбасы.....	126
Қайғы.....	129
Едіге.....	133
II бөлімге арналған тоқсандық жиынтық бақылау жұмысы	137
III бөлім. ҒАСЫРЛЫҚ ТУЫНДЫ.....	140
Мұхтар Әуезов	141
Керкем шығармалары.....	142
«Абай жолы» роман-эпопеясы	
Бірінші кітап. Қайтқанда 1.....	146
Қайтқанда 2.....	151

Шытырманда 1	157
Шытырманда 2	163
Өрде 1	170
Өрде 2	173
Екінші кітап. Тайғақта 1	182
Эпилог	188
Үшінші кітап. Абай аға 1	195
Кек жолында 1	202
Қоршауда 1.....	211
Төртінші кітап. Қапада 4	214
Жұтта 3	221
Эпилог	228
III бөлімге арналған тоқсандық жиынтық бақылау жұмысы	233
IV бөлім. ӘДЕБИЕТТЕГІ СЫН-САРЫН	235
Тұманбай Молдағалиев	236
Шығармашылығы	237
«Бауырлар» өлеңі.....	238
«Келші, бауырым, кешікпей кір қатарға»	240
«Жастау болсаң жайқалып, жалындап ал»	241
Таласбек Әсемқұлов.....	243
«Бекторының қазынасы» өңгімесі. Сикырлы жүзік.....	245
Бекторы мен Қайырболды.....	250
Тасжүрек Қайырболды.....	256
Қайырболды мен бала	260
Сағындық пен Бекторы.....	264
Эрнест Миллер Хемингуэй	269
«Шал мен теңіз» повесі. Балықшы шал	271
Шал мен бала	278
Шал мен жайын	285
Шал мен акула.....	290
Аңызға айналған шындық.....	297
IV бөлімге арналған тоқсандық жиынтық бақылау жұмысы	302
Глоссарий.....	304
Пайдаланылған әдебиеттер	312
Қосымша әдебиеттер	—
Интернет ресурстары	313